

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП  
2022

# ШЕКАРАЛАРДЫ КЕҢЕЙТУ

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

12

- 14** КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
- 22** ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАФАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ
- 24** БАСҚАРМА ТӨРАФАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ
- 26** СТРАТЕГИЯ
  - 26 Нарыққа шолу
  - 42 ҚМГ даму стратегиясы
  - 52 Тиімділік көрсеткіштерінің жүйесі
  - 53 Инвестициялық жобалардың іске асырылуына шолу
  - 57 Трансформация және цифрландыру
- 60** ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ
  - 61 Қорлар
  - 61 Геологиялық барлау
  - 66 Өндіру
  - 82 Мұнай тасымалдау
  - 91 Мұнай өңдеу және маркетинг
  - 104 Мұнай химиясы
  - 111 Сервистік жобалар
  - 114 Инновациялық технологиялық даму
- 120** ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ
- 132** ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
  - 133 Тұрақты даму аспектілерін басқару жөніндегі ҚМГ қағидаттары
  - 145 Төмен көміртекті дамыту бағдарламасы
  - 149 Денсаулық сақтау, өнеркәсіптегі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ДС, ӨҚ және ҚОҚ)
  - 167 Персоналды дамыту
  - 178 Өнім берушілермен өзара іс-қимыл
  - 184 TCFD ұсыныстарына сәйкестік

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

186

- 188** КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
- 190** КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ
- 192** ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ
- 208** ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР
- 220** БАСҚАРМАНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
- 229** СЫЙЛЫҚАҚЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
- 230** ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ
- 230** КОРПОРАТИВТІК БАҚЫЛАУ
  - 231 Ішкі аудит
  - 232 Комплаенс қызметі
  - 234 Омбудсмен қызметі
  - 235 Сыртқы аудит
  - 236 Тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау
- 254** МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ
- 256** АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ ИНВЕСТОРЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

## ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ

262

## ҚОСЫМШАЛАР

372

- 372** 2022 ЖЫЛЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН ҰСТАНУ ТУРАЛЫ ЕСЕП
- 375** ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕР
- 376** ГЛОССАРИЙ
- 379** БАЙЛАНЫС



Есептің  
pdf-нұсқасын  
жүктеу

## Шекараларды кеңейту

# АЗАМАТТАР МҮДДЕСІ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

ҚМГ өз акцияларын KASE және AIX қазақстандық қор биржаларында алғаш рет жария орналастыруды жүзеге асырды.

Біздің азаматтардың өтініштері басым тәртіпте әрі толықтай қанағаттандырылды. «ҚазМұнайГаздың» IPO-сы Қазақстанның қор нарығы үшін ірі мәмілелердің бірі болып табылады. Бұл отандық қаржы нарығын дамытуға, еліміздің азаматтарына да оң әсер етеді. Бұл – Қазақстан халқының мүддесіне орай жасалған ашық әрі тиімді экономика құру бағытындағы қадам.

**Әлихан Смайылов**  
ҚР Премьер-Министрі

**«КАЗМҰНАЙГАЗ» IPO-СЫ ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕҢ ІРІ IPO**

**129,9** мың  
өтінім қабылданды  
Орналастыру көлемі

**153,9**  
млрд тг  
Орналастыру көлеміндегі жеке тұлғалардың үлесі

**52,1%**

Акция құны, тг

Сауда-саттық көлемі, млрд тг



### Стратегиялық мақсат:

➔ Компания құны тізбегінің тиімділігін арттыру

орналастырған сәттен бастап  
**+23,4%**

**ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАР АРАСЫНДА АЙТАРЛЫҚТАЙ КӨЛЕМДЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҮЛЕСІН СІЗ ӨТКЕН АЛҒАШҚЫ IPO**

Зейнетақы қорының үлесі  
**0,1%**

**ТҰҢҒЫШ «ЦИФРЛЫ IPO»**

Өтінімдердің

**~99%-ы**  
цифрлы платформалар арқылы берілді.

Қазақстанда алғаш рет тікелей жазылу құралы пайдаланды, ол Tabus мобильді қосымшасы және «Қазпоштаның» бөлімшелері арқылы жүргізілді. Осының арқасында, сондай-ақ жекелеген екінші деңгейлі банктердің және брокер-дилерлік ұйымдардың мобильді қосымшалары арқылы барлық өңір мен шалғайдағы елді мекендердің тұрғындары IPO-ға қатыса алды.

**Мағзұм Мырзағалиев**  
ҚМГ Басқарма төрағасы

Толығырақ  
**257-258 бетте**

IPO біз үшін бұл компания дамуындағы жаңа кезеңмен қатар үлкен жауапкершілік. Ондаған мың қазақстандық, отандық және шетел инвесторлары бізге сенім артып, «ҚазМұнайГазбен» бірге болуды шешті. Біз алдағы қызметімізде ашықтығымызды арттып, корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына ұмтыламыз. Компанияның ұзақмерзімді перспективада акционерлердің игілігі үшін өсіп-өркендеуі жолында бар күш-жігерімізді саламыз.

Толығырақ  
**24-25 бетте**

Шекараларды кеңейту

# ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Маңызды стратегиялық оқиға «Самұрық-Қазына»  
АҚ-дан Қашаған жобасы үлесін сатып алу болды

Бұл мәміле ҚМГ үшін соңғы жылдардағы ең ірі мәмілелердің бірі. Қашаған жобасындағы ҚМГ үлесінің артуы нәтижесінде компанияның шоғырландырылған өндіру көрсеткіші, EBITDA, таза табысы мен активтері жақсаруда.

Стратегиялық мақсат:

→ Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база

**ҚАШАҒАН – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЕЛЬФТИ СУПЕР АЛЫП МҰНАЙ-ГАЗ КЕН ОРНЫ**

Ол соңғы онжылдықта ашылған ірі мұнай кені. Мұнай мен конденсаттың 2P қор еселігі

**>97** жыл

**ҚАШАҒАН - ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ КҮРДЕЛІ САЛАЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП САНАЛАДЫ.**

Теңіздегі қатал экологиялық жағдай мен жобалау, логистика және қауіпсіздік салаларындағы мәселелер инновациялық техникалық шешімдерді қолдануды қажет етеді. ҚМГ шетелдік әріптестермен бірге жобаны табысты іске асырып, одан әрі өсу әлеуетімен өндірудің тұрақты деңгейіне қол жеткізді.

2022 жылы мұнай және конденсат өндірудегі ҚМГ үлесі

**1 402**  
мың тонна (тәулігіне 34 мың баррель)

**8,44%-дан**

ҚМГ Қашаған  
мегажобадағы үлесін  
**16,88%-ға**  
ұлғайтты



Толығырақ  
**72-75 бетте**

## Шекараларды кеңейту

# ӨЗ МҮМКІНДІКТЕРІ

ҚМГ отандық мұнай-газ химиясы саласын құру бағыттарында белсенді жұмыстар жүргізуде. Бұл аталған саланы дамытудың жаңа перспективалық кезеңі болып табылады.

2022

ҚМГ «KPI Inc.» ЖШС-ның **49,5%** қатысу үлесін сатып алды

Kazakhstan Petrochemical Industries (KPI) интеграцияланған мұнай-химия кешен жұмысының іске қосылуы

Желтоқсан

**32** мың тонна полипропилен өндірілді **>9** мың тонна полипропилен тиелді

Қараша

**ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ**

Зауыт құрылысына

**43**

қазақстандық компания қатысты (4 300 жұмыс орны)

Кәсіпорын іске қосылғаннан кейін

**628**

адам тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз етіледі

**ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ**

Жоба әлемнің ең озық деген технологияларын пайдалана отырып жабдықтың **77%** +

Еуропа, АҚШ, Оңтүстік Корея, Жапониядан жеткізілген

**Catofin және Limtus Technology Inc.** компаниясының технологиялары

**СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ**

Жылына **500** мың тонна полипропилен

полипропиленнің әлемдік көрсеткішінің **1%**

**Мағзұм Мырзағалиев**  
ҚМГ Басқарма төрағасы

Жоба Қазақстан экономикасын әртараптырақ және мұнай-газ химиясы есебінен экспорттағы шикізат үлесін азайтуға бағытталған. Мұнда қалыптасып жатқан газ-химия кластері және өндіріске жоспарланған базалық полимерлі шикізат желісі қазіргі импортқа тәуелділіктен арылуға ғана емес, сонымен қатар тізбектегі соңғы өнімге дейін өндіретін отандық бизнес үшін нағыз драйвер бола алады

Толығырақ **24-25 бетте**

Стратегиялық мақсат:

➔ **Бизнесті әртараптырақ және өнімдер портфелін кеңейту**

**ІШКІ НАРЫҚ ПЕН ЭКСПОРТТЫ ТОЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Жаңа өндірістік кешен ішкі нарықты полипропиленмен қамтамасыз етіп ғана қоймай, бұдан басқа шағын және орта кәсіпкерлік үшін құрылыс, медицина, автомобиль жасау, тамақ өнеркәсібі, тоқыма өнеркәсібі салаларда құны жоғары бұйымдар өндіру мүмкіндігі;

Толығырақ **104-107 бетте**

**ЖОҒАРЫ САПА ЖӘНЕ ӨНІМДЕР АССОРТИМЕНТІ**

Өнім сапасы зауыт аумағында жұмыс жасап жатқан швейцариялық SGS халықаралық компаниясының сынақ зертханасында тексеріледі.

Бастапқы кезеңде полипропиленнің **11** қажетті маркасы

Болашақта ассортиментті кеңейтіп, өнім түрлерін **65** -ке дейін жеткізу жоспарланған

Толығырақ **104-107 бетте**

# ҚОРЛАРДЫҢ АЙТАРЛЫҚТАЙ ӨСУІ

2022 жылы ҚМГ-нің дәлелденген және ықтимал 2P қорларының деңгейі айтарлықтай өсті

2020  
635  
млн тонна м.э.

2021  
645  
млн тонна м.э.

2022  
707  
млн тонна м.э. +9,8%

ДӘЛЕЛДЕНГЕН  
ЫҚТИМАЛ  
ҚОРЛАР (2P)

Стратегиялық мақсат:

→ Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база

ҚМГ осы стратегиялық мақсат аясында органикалық және бейорганикалық өсу арқылы дәстүрлі қызмет, сондай-ақ перспективалы бағыттар үшін де жеткілікті қорлардың өсімін қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

**+9,8%**

МЫНАЛАРДЫҢ ЕСЕБІНДЕ:

«Қашаған» мега жобасындағы үлесті сатып алу

Геологиялық-техникалық іс-шараларды және тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтарды қоса отырып әзірленген жобаларды іске асыру

Есептік кезеңде мұнай бағасын көтеру



Толығырақ **60-беттегі** «Операциялық шолу» бөлімінен оқыңыз

# ОҢ ҚАРЖЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

2022 жылы ҚМГ өзінің барлық қаржы көрсеткішінде айтарлықтай оң нәтижелерге қол жеткізді



толығырақ  
120-131 беттегі  
"Қаржылық шолу"  
бөлімінен оқыңыз

2022 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯ-  
НЫҢ ЕРКІН ҚАРАЖАТ  
АҒЫНЫ ҚМГ-НІҢ  
ҚАШАҒАН БВ САТЫП  
АЛҒАН ҮЛЕСІН  
ҚОСПАҒАНДА

# 2,4

млрд АҚШ  
долларын  
құрады.

2021  
**15,2**  
млрд АҚШ доллары

Түсім

2022  
**18,8**  
млрд АҚШ доллары

2021  
**4,7**  
млрд АҚШ доллары

ЕБИТДА

ЕБИТДА өсуіне бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірсіндегі үлесі негізінен «Теңіз-шевройл» ЖШС пайдасының 575 млн АҚШ долларына ұлғаюы нәтижесі өзінің әсерін тигізді

2022  
**5,5**  
млн АҚШ доллары

- 3 999 млн АҚШ доллары  
Кемірсутекті барлау және өндіру
- 517 млн АҚШ доллары  
Мұнай тасымалы
- 994 млн АҚШ доллары  
Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және сату



**+24,3%** →

Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының жылына 42,9%-ға өсуі және теңгенің АҚШ долларына қатысты орташа айырбас бағамының 8,2% әлсіреуі оң әсер етуі есебінде

**+16,4%** →

Мұнай және мұнай өнімдерінің әлемдік бағасының өсуі есебінде

2022 ЖЫЛЫ ҚМГ  
ҚАЖЕТТІ МЫҚТЫ ҚОР  
МЕН ОРНЫҚТЫЛЫҚТЫ  
САҚТАЙ ОТЫРЫП, ӨЗІНІҢ  
ӨРШІЛ СТРАТЕГИЯЛЫҚ  
МІНДЕТТЕРІН ЖҮЗЕГЕ  
АСЫРУДЫ ЖАЛФАСТЫРДЫ

1

2

3

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП



ШЕКАРАЛАРДЫ  
КЕҢЕЙТУ





# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## ҚЫЗМЕТ АЯСЫ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, ҚМГ, Компания) Қазақстанның вертикалды интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы.

ҚМГ көмірсутекті барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтер көрсетуге дейінгі бүкіл өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы құрылған Компания еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстан Республикасының мүддесін қорғайды.

Көмірсутек қоры (2P)  
**707**  
млн тонна м.э

Мұнай мен конденсатты өндіру  
**22,0**  
млн тонна

Газ өндіру  
**8,2**  
млрд м<sup>3</sup>


Мұнайды тасымалдау  
**74,7**  
млн тонна

Көмірсутек шикізатын өңдеу  
**19,9**  
млн тонна

## ГЕОГРАФИЯ



## КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ



### «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлері:

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл - ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі — Қор)  
**87,42 %**

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі  
**9,58 %**


%, KASE және AIX биржаларында еркін айналымдағы акциялар  
**3 %** құрайды

«Самұрық-Қазына» АҚ мен «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ арасында жасалған «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының акцияларын сенімгерлік басқаруға беру туралы 2015 жылғы 12 қазандағы № 505 НБ/529-и шартына сәйкес Қор ҚМГ-нің барлық дауыс беретін акцияларына иелік етеді.


«Самұрық-Қазына» АҚ – тәуелсіз қор, оның жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі. «Самұрық-Қазына» қорының миссиясы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру және болашақ ұрпақ үшін ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету. Қордың портфеліне мұнай-газ және көлік-логистика секторларының, химия және атом өнеркәсіптерінің, тау-кен кешендерінің, энергетика және жылжымайтын мүлік салаларының кәсіпорындары кіреді.

# АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

## ҚМГ-нің негізгі активтері



## Негізгі нарықтары



1 — НКОК, Қашаған  
 2 — 2022 жылғы 15 қыркүйекте Компания 2015 жылы жасалған колл-опцион туралы келісім аясындағы өз құқығын пайдаланып, «Самұрық-Қазына» АҚ-тан Солтүстік Каспий жобасы (Қашаған жобасы) бойынша өнімді бөлу туралы келісімде 16,88% бар «ҚМГ Қашаған Б.В.» компаниясындағы 50% үлесін 3,8 млрд АҚШ долларына сатып алды.

3 — ҚМГ арқылы 19% және Kazakhstan Pipeline Ventures (KPV) арқылы 1,75%.  
 4 — ҚМГ арқылы 19% және Kazakhstan Pipeline Ventures (KPV) арқылы 1,75%.

# БИЗНЕС ҮЛГІСІ

## БӘСЕКЕЛЕСТІК БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ

### БІРЕГЕЙ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНАЛАСУЫ

Қазақстан — елеулі ресурстық базасы бар, географиялық жағынан тиімді орналасқан мемлекет. Еуропаға және қарқынды дамып келе жатқан Азия нарықтарына өнім жеткізудің бірегей мүмкіндігі бар ел

### ҚҰНДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТІЗБЕГІНІҢ БАРЛЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ ТОЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ

ҚМГ құнды қалыптастыру тізбегінің барлық кезеңін толық интеграциялаған Қазақстанның мұнай-газ саласындағы ұлттық көшбасшы компания

### ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Компания өзінің қаржылық тұрақтылығын сақтап, ұзақ мерзімді перспективада дамуы үшін тиісті жағдайды қамтамасыз етеді

### ӨНДІРУШІ АКТИВТЕРДІҢ ӘРТАРАПТАНДЫРЫЛҒАН ПОРТФЕЛІ

ҚМГ-нің мұнай-газ өндіру бойынша өсу әлеуеті тартымды әртараптан-дырылған активтер портфелі бар

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ СЕКТОРЫНДАҒЫ ЖЕТЕКШІ ПОЗИЦИЯСЫ

ҚМГ нарықтағы 53% үлесімен Қазақстанның мұнай тасымалдау бойынша барлық жобаларға қатысады

### ЗАМАНАУИ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТТАРЫ

Компания Қазақстанда төрт ең ірі мұнай өңдеу зауытын және Румынияда екі мұнай өңдеу зауытын бақылайды

### КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚАФИДАТТАРЫН БЕРІК ҰСТАНУ

## ҚОСЫЛҒАН ҚҰННЫҢ

### РЕСУРСТАР

Дәлелденген және ықтимал қорлар (2P)  
**707** млн тонна м.э  
5 478 млн баррель м.э

Мұнай және конденсат өндіру  
**22** млн тонна  
тәулігіне 456 мың баррель

Газ өндіру  
**8,2** млрд м³

## БІРІКТІРІЛГЕН ТІЗБЕГІ

Мұнай тасымалдау  
**74,7** млн тонна

Құбыр арқылы тасымалдау  
65,3 млн тонна  
Теңіз арқылы тасымалдау  
9,3 млн тонна

Мұнай өңдеу  
**19,9** млн тонна

Қазақстандағы МӨЗ-де  
14,3 млн тонна  
Румыниядағы МӨЗ-де  
5,6 млн тонна

Магистралды мұнай құбырының жалпы ұзындығы  
**5 373** км

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТІЗБЕК

КӨМІРСУТЕКТІ БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

ШИКІ МҰНАЙ МЕН МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН ӨНДЕУ ЖӘНЕ САТУ

### ЕБИТДА

**3 999** млн АҚШ доллары

73 %

**517** млн АҚШ доллары

9 %

**994** млн АҚШ доллары

18 %

## 2031 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

Қорлардың өсуі (ABC1)  
**+299** млн тонна

2031 жылға қарай 10 жыл ішіндегі мұнай өндірудің жиынтығы  
**240** млн тонна

Іске қосылған қуаттардың жүктемесін арттыру

Теңізбен тасымалдау синергиясы

Қазақстандық МӨЗ-дегі мұнай өңдеу тереңдігін

**89 %** дейін ұлғайту

Полиэтилен, полипропилен және бутадиең өндірісі бойынша жоспарланған мұнай-химия жобаларын жүзеге асыру

## МҰДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

КОМПАНИЯНЫҢ ЕЛІМІЗДЕГІ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНЫҢ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУДАН БАСТАП МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН САТУҒА ДЕЙІНГІ ӘРБІР СЕГМЕНТІНЕ ҚАТЫСУЫ МЕН КӨШБАСШЫЛЫҒЫ МҰДДЕЛІ ТАРАПТАР ҮШІН ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА МҰМКІНДІК БЕРЕДІ.

ҚМГ акционерлерге уақытылы төлем жасайды, инвесторлар мен кредиторлар алдында өз міндеттерін лайықты орындайды, Қазақстанның ірі жұмыс беруші мен салық төлеушісі. Сонымен қатар серіктестермен өзара тиімді ынтымақтастық аясын кеңейте отырып, әлеуметтік жобаларға инвестиция салады және экологиялық қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын қамтамасыз етеді:

Акционерге төленген дивиденд  
**200** млрд теңге

Тұрақты жұмыс орындары  
**>47** мың

Сатып алу бойынша жеткізу көлемі  
**1 700** млрд теңге

Сатып алудағы жергілікті қамту үлесі  
**82 %**

Мемлекет бюджетіне төленген салық пен басқа да міндетті төлемдер  
**1 176** млрд теңге


Қызметкерлерге көрсетілген әлеуметтік көмек  
**24** млрд теңге

Жер қойнауын пайдалану келісімшарттары аясындағы әлеуметтік инвестиция  
**11,7** млрд теңге

# БАСТЫ КӨРСЕТКІШТЕР




## ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ<sup>1</sup>

млн АҚШ доллары





1 — 2022 мен 2021 жылдардың деректері 2022 жылғы 15 қыркүйекте «Самұрық-Қазына» АҚ-тан Солтүстік Каспий жобасы («Қашаған» жобасы) бойынша өнімді бөлу туралы келісімде 16,88 % бар «ҚМГ Қашаған Б.В.» компаниясындағы 50% үлесін сатып алу есепке алынып беріліп отыр.  
 2 — 2020 жылы Компания қызметкерлердің нақты санын есептеу тәсілін қайта қарады (есепке қатысу үлесі 51% және одан да көп қауымдастырылған компаниялардың қызметкерлері алынды). 2019 жылдың мәліметтері де қайта есептелді.  
 3 — Көмірсутек шикізаты.  
 4 — Берілген деректер «ҚазТрансГаз» АҚ-тың жұмыс істелген сағаттарын қамтымайды.




## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



## ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР



## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

## ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!

2022 жыл ҚМГ қызметі маңызды әрі түрлі оқиғаларға толы жыл болды деп айтуға болады. Оның үстіне жаһандық турбуленттілік күшейе түсті. 2021 жылдың өзінде біз өзгеру кезеңі пісіп-жетіліп кете келе жатқанын және компанияның жаңа жаһандық шынайы өзгерістерге тиімді бейімделу қажеттігін түсіндік.

Компанияның әлеуеті жаһандық қажеттіліктер мен мүмкіндіктерге дер кезінде бейімделе отырып, компания ретіндегі және Қазақстанның өңірдегі маңызды ойыншысы ретіндегі бәсекелестік артықшылықтарын тиімді пайдалану арқылы жүзеге асырылатын болады.

Компанияның өзін тиімді басқаруы басым рөл атқарады және ол табысқа апатын жолдардың бірі деп пайымдаймыз. ҚМГ өзінің эволюциялық дамуында 2022 жылы корпоративтік басқарудың жаңа деңгейіне шықты. Компания өз акцияларын қор нарығына жария орналастыруды жүзеге асырды және бұл KASE және AIX қазақстандық қор биржаларындағы ең ірі IPO болып саналды. 2022 жылдың 8 желтоқсанында биржаларда ҚМГ акцияларының қайталама сауда-саттығы басталды. Жариялы компанияның мәртебесі ашық бизнесті жүргізумен қатар барлық стейкхолдердің, соның ішінде миноритарлық акционерлердің мүдделері ескерілген кезде компанияның тұрақты дамуына серпін береді. Біз өткізілген ҚМГ IPO-сы қазіргі заманғы жаһандық компаниялардың жоғары стандарттарына сәйкес қызметін жүзеге асыратын мықты компанияның қалыптасуына қосқан үлесін едәуір ұлғайтатынына сенімдіміз.

ҚМГ даму стратегиясына сәйкес тігінен интеграцияланған мұнай-газ компаниясының қызметін сақтай отырып, құн тізбегінің өндірістік тиімділігін қамтамасыз етіп, мұнай өндірудегі өз үлесін ұлғайтуды күшейтуде. Осы стратегиялық міндетті іске асыру аясында «Самұрық-Қазына» АҚ-тан Қашаған мега жобасындағы 8,44% үлесті 3,8 млрд АҚШ долларына сатып алды. Бұл мәміле ҚМГ үшін соңғы жылдардағы ең ірі мәмілелердің бірі болды. Қашаған жобасындағы

ҚМГ үлесін 16,88% дейін арттыру нәтижесінде компанияның 2P қорларының қорытынды деңгейі 9,8%-ға артып, 707 млн тонна м.э. (5,5 млрд баррелль м.э.) жетті. Мәмілені инвестициялық қауымдастық пен барлық кредиттік рейтинг агенттіктері оң бағалады.

ҚМГ өнімдер портфелін кеңейту жөніндегі стратегиялық міндет аясындағы дамудың тағы бір бағыты ретінде мұнай-газ химия саласын кеңейтуді қолға алды. Бұл бағытта қазірдің өзінде айтарлықтай жетістіктер бар. 2022 жылдың қараша айында «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС аумағында ауқымды біріктірілген газ-химия кешені іске қосылды. Бұл жобадағы ҚМГ сатып алған үлесі есепті жылы 49,5% құрады. Қазіргі кезде ҚМГ жылдық қуаты 1,25 млн тонна полиэтилен өндіретін басқа ірі мұнай-газ-химия жобасын іске асыру мүмкіндігін қарастыруда.

Компанияның теңгерімді дамуының тағы бір маңызды аспектісі ҚМГ-нің тұрақты даму саласындағы жетістіктері деп айтар едім. 2022 жылғы желтоқсанда «Sustainalytics» рейтингтік агенттігі ҚМГ ESG тәуекелдерін басқаруды 28,4 балл деңгейінде бағалады. Бұл ESG факторлары тарапынан орташа тәуекелге ұшырады, бірақ бұл газ-мұнай саласындағы компаниялар үшін төмен деңгей болып саналады. Бұл ретте ҚМГ өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтармен өзара тиімді жұмыс жүргізгені, салық төлемдерінің ашықтығы, сондай-ақ қоршаған ортаны және биоәртүрлілікті сақтауға бейілділігі үшін жоғары бағаға ие болды. Сонымен қатар сарапшылар есепте ҚМГ компаниялар тобындағы корпоративтік басқаруды жоғары бағалады және оның бизнес-этика-ның жоғары стандарттарын ұстанатынын атап өтті.

### Крис Уолтон

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Директорлар кеңесінің  
Төрағасы



Жалпы біз ҚМГ-нің әлеуетін ашқан 2022 жылдың нәтижелерін мақтанышпен айтамыз. Басқарма Төрағасы Мағзұм Мырзағалиевке және Компания Басқармасына нәтижелі еңбектері үшін алғысымды білдіремін. Қол жеткізген нәтижелері болашақта одан да жоғары жетістіктердің іргетасы болады деп сенеміз.

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

## ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, ИНВЕТОРЛАР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

Есепті жыл ел аумағында және жаһандық деңгейдегі түрлі болжанбаған жағдайлардың болуына қарамастан ҚМГ-нің бірқатар оң жетістіктерімен ерекшеленді. Компания табысты өндірістік және коммерциялық қызмет, әлеуметтік жауапкершілік пен экологиялық қауіпсіздік арасындағы тепе-теңдікті салауатты сақтай отырып, негізгі қызмет салаларында айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді.

Көптен күткен тарихи оқиғалардың бірі – компания акцияларын алғаш рет жергілікті биржаларға орналастыру және оның жария мәртебеге ие болуы. Бұған дейін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мемлекеттік активтерді жекешелендіру және ұлттық компанияларды IPO-ға шығару туралы бірнеше мәрте айтқан болатын. Қазақстан қор нарығының тарихында ҚМГ акцияларының алғашқы жария ұсынысы ауқымы мен саны және басқа да көрсеткіштері бойынша ең ірі жергілікті IPO болды. Нарыққа ұсынылған бағалы қағаздар көлемі 154 млрд теңгені немесе Компанияның 3% акциясын құрады, соның ішінде жеке тұлғалардың үлесі 52% асты. Жалпы ҚМГ IPO-сын алғашқы «цифрлық» IPO деп айтуға болады, себебі өтінімдердің шамамен 99% екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшалары арқылы беріліп, қабылданды.

ҚМГ көмірсутекті барлау мен өндіруден бастап тасымалдау мен өңдеуге дейінгі барлық бизнес бағыттары бойынша өндірістік көрсеткіштердің оң динамикасына қол жеткізе алды. ҚМГ-нің қазақстандық МӨЭ-дердің өңдеу көлеміндегі үлесі 14,3 млн тоннаға жеткенін ерекше айта кету керек. Бұл тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы рекордтық көрсеткіш деп айтар едім.

Сонымен қатар мұнайға халықаралық бағаның көтерілуімен бірге өндірістік көрсеткіштердің жақсаруы біздің қаржылық нәтижелерде де көрініс тапты. 2022 жылдың қорытындысы бойынша кіріс 2021 жылмен салыстырғанда 24,3% артып, 18,8 млрд АҚШ долларына жетті. Ал EBITDA көрсеткіші 16,4% ұлғайып, 5,5 млрд АҚШ долларын құрады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша 2022 жылғы маусымында 200 млрд теңге дивиденд төленді. Бұл рекордтық көрсеткіш.

Компания 2022 жылы «Самұрық-Қазына» қорынан 3,8 млрд АҚШ долларына ҚМГ Қашаған Б.В. компаниясының 50% акциясын сатып алу жөніндегі стратегиялық мәміле жасау арқылы ірі мұнай өндіруші ретіндегі өз позициясын күшейтті. Нәтижесінде

Қашаған мега жобасына ҚМГ қатысу үлесі 8,44%-дан 16,88%-ға дейін ұлғайды, бұл өз кезегінде компанияның 2P қорларын 9,8%-ға 707 млн тонна м.э. (5,5 млрд баррель м.э.) дейін арттыруға ықпал етті. Сондай-ақ Standard&Poor's халықаралық рейтингтік агенттігі осы мәміле аяқталғаннан кейін компанияның рейтингін бірден «BB+» деңгейіне көтергенін атап өткім келеді.

Компанияның даму стратегиясын іске асырудың маңызды аспектісі «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc» ЖШС-на қарасты біріккен газ-химия кешенін іске қосу болды. Кәсіпорынның жобалық қуаты – жылына 500 мың тоннаға дейін дайын өнім шығару. Өндіріске шикізат ретінде Теңіз кен орнынан алынған, бірақ зиянды қоспалардан тазартылған пропан пайдаланылады. Бұл өз кезегінде экологияға тигізетін зиянды барынша азайтуды қамтамасыз етеді. Жобаның жалпы құны 2,6 млрд АҚШ долларын құрады. 2022 жылдың соңында өнімнің алғашқы партиясы экспортқа жөнелтіліп қойды.

ҚМГ – өңірлердегі ірі жұмыс беруші және салық төлеуші. Сондықтан да Компания өзінің әлеуметтік міндеттемелерін тиісінше орындауға айтарлықтай күш жұмсауды жалғастыруда. 2022 жылы ел бюджетіне төленген салық пен басқа да міндетті төлемдер көлемі рекордқа жетіп, 1176 млрд теңгені құрады. Сонымен қатар 2023 жылы еншілес ұйымдардағы жұмыскерлердің еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту мақсатында 40-тан астам әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылым объектілерін салу және 115 әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

ҚМГ экологиялық қауіпсіздікке және ауаға шығатын көміртегі ізін азайту бағыттарында жұмыстарға ерекше назар аударады. Осы бағытта Total Eren S.A. компаниясымен бірлесіп іске асырылатын Жамбыл облысындағы жалпы қуаты 1 ГВт болатын жел электр станция құрылыс жобасын айта кетуге болады. Қазіргі уақытта ҚМГ аталған жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуде. Болашақ станцияның қуаты елдегі барлық қолданыстағы ЖЭК нысандарының жалпы көлемінің жартысын құрайтын болады.

### Мағзұм Мырзағалиев

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Басқарма Төрағасы



Бүгінде ҚазМұнайГаз қажетті қауіпсіздік пен тұрақтылық қорын сақтай отырып, өзінің алға қойған стратегиялық міндеттерін табысты жүзеге асыруда. Мұны 2022 жылдың қорытындысы көрсетіп отыр. Біз компания менеджменті ретінде ҚМГ ұзақ мерзімді және тұрақты дамуын қамтамасыз ету, капиталдың акционерлік құнын ұлғайту, сондай-ақ барлық мүдделі тараптар алдындағы міндеттемелерімізді орындау үшін бар күш-жігерімізді жұмсайтын боламыз.

# СТРАТЕГИЯ НАРЫҚҚА ШОЛУ

Жаһандық үрдістер және олардың ҚМГ стратегиясын іске асыруға әсері

## Жаһандық трендтер



Ресей-Украин қақтығысының мұнай-газ саласына әсері



Қытай экономикасының белсенділігі төмендеуінің әлемдік энергия нарығына тигізетін әсері



Климаттың өзгеруімен күресті күшейту қажеттілігі



Жаһандық инфляция өсімінің жоғарылауы және әлем экономикасы өсімінің бәсеңдеуі



Экологиялық таза энергияға көшу үшін инвестицияларды ұлғайту



Мұнай-газ ұйымдарында технологиялық инновацияларды дамыту және киберқауіпсіздік тәуекелдерін басқару



Мұнай-газ саласындағы білікті мамандар тапшылығының ұзақ мерзімді тренді

# 1


## Ресей-Украин қақтығысының мұнай-газ саласына әсері

COVID-19 пандемиясының әсері және жетекші елдердің көбінде одан кейінгі сұраныстың қалпына келуі 2022 жылдың алғашқы жартысында бұрын тиімді болған тасымалдың жаһандық тізбегіне салмақ түсірді. Бірақ бұл іркілістерді былтыр ақпандағы Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстың әсері басып кетті, соның салдарынан энергия тасымалдаушылар бағыттарын қайта қарау қажеттігі туды.

Қақтығыс басталғаннан бері энергетика саласы белгісіздік жағдайында жұмыс істеп келеді. Еуропа Одағы теңіз тасымалындағы ресейлік шикі мұнай импортының үлкен бөлігіне тыйым салғаннан кейін Ресей мұнай өндірісі мен экспорты құрлықтық Қытайдың сұранысына, Үдістанның қажеттіліктеріне, батыстан тыс елдердің сақтандыру мүмкіндіктеріне, танкерлердің қолжетімділігіне тәуелді болып тұр. S&P

Global Commodity Insights компанияның мәліметіне сәйкес, 2022 жылдың төртінші тоқсанында ресейлік шикі теңіз мұнайының үштен екі бөлігінен астамы құрлықтық Қытай мен Үндістанға жөнелтілген. Еуропалық мұнай өңдеу зауыттары (МӨЗ) көлемді азайту үшін АҚШ, Таяу Шығыс, Батыс Африка мен Латын Америкасына жүгінді.


Ресей мұнайын теңіз арқылы тасымалдау бағыттар, тәулігіне мың баррель



Дереккөз: S&P Global Commodity Insights

Мұнай бағасы пандемиядан кейін әлем экономикасы қалпына келе бастауы әсерінен Шығыс Еуропадағы қақтығыс ушықпай тұрып өскен болатын. Алайда бір баррель шикі мұнай бағасы 2022 жылдың қаңтар айының басында 76 доллар болса, геосаяси шиеленіс туындағаннан кейін мұнай бағасы күрт өсіп, 2022 жылдың 4 наурызында 110 доллардан асты.


Шикі мұнай бағасының динамикасы, АҚШ доллар/барр.



Дереккөз: ай сайынғы ОПЕК есебі, 2023 жылғы қаңтар.

Еуропа мен Ресей арасында энергия тасымалдаушылар сауда-саттығының бұзылуы қуат көздері бағасының қарқынды өсуіне түрткі болды. Бағаның өсуі әлем экономикасына үлкен зиян келтіруде, егер Еуропадағы газ қоймалары босап қалса, ахуал тіптен ушыға түспек.


**Еуропадағы газ сақтау көлемі, млрд м³**    **Ресейдің газ экспортына келген шығын, млрд АҚШ доллары**



Дереккөз: The Economist

Еуропада газ тұтыну нормасы енгізілсе, ол әлемде газ бағасының одан әрі өсуіне алып келуі мүмкін. «Deloitte»-тің есебі бойынша, 2022 жылы газдың әлемдік бағасы бұрын болмаған жоғары көрсеткішке жетіп, АҚШ-тағы Henry Hub бағасынан алты-он есеге асып кетті.

**Сұйытылған табиғи газға сұраныс және Еуропада газдың рекордтық бағасы**



Дереккөз: Энергетикалық ақпарат агенттігі

«Kpler» компаниясының дерегі бойынша, сұйытылған табиғи газды (СТГ) экспорттайтын америкалық компаниялар 2022 жылдың 11 айында Еуропаға жеткізілген газдың көлемін 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 137%-ға арттырған. Бұл Еуропаға тасымалданатын сұйытылған табиғи газдың жартысынан көбі деген сөз. Осының нәтижесінде құбыр арқылы жеткізілетін газ көлемінің 55%-дан артық қысқаруының орнын толтыра алады.

2022 жылғы 11 айында америкалық экспортшылардың Еуропаға СТГ жеткізу көлемі

**137% өсті**

**ҚМГ дамуының басымдықтары**

ҚМГ қазақстандық мұнайдың экспорттық бағыттарын негізінен Транскаспий маршруты арқылы өткізудің қосымша жолдарын пысықтау арқылы әртараптандыру бойынша жұмыстар жүргізуде.

2022 жылғы шілдеден бастап қазақстандық мұнайдың экспорты

Brent маркасынан сәл арзан түсетін «KEVCO» төл маркасымен сатылып жатыр. Бұл ҚМГ-ге Brent маркалы мұнай мен санкция салынған Urals маркасының арасындағы айырмашылықтың шығынын бәсеңдетуге мүмкіндік береді. Өйткені ҚМГ мұнайының бір бөлігі Urals ресейлік маркамен сатылғандықтан,

2022 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қаржылық көрсеткіштерге кері әсерін тигізді.

Жалпы алғанда мұнайдың орташа бағасының өсуі экспорттан түсетін кірістің өсуіне алып келді.

**2 Қытай экономикасының белсенділігі төмендеуінің әлемдік энергия нарығына тигізетін әсері**

2022 жылы Қытайдың экономикалық өсімі COVID-19-бен байланысты қатаң бақылауға және жылжымайтын мүлік нарығының құлдырауына байланысты баяулады. Бұл сәйкесінше энергия қажеттілігінің айтарлықтай төмендеуіне әкелді. 2022 жылдың желтоқсанында COVID-19-ға қарсы күрестегі «нөлдік төзімділік» саясатының жойылуы ел ішінде COVID-19 ауырғандар санының күрт өсуіне және экономикалық белсенділіктің төмендеуіне алып келіп, сәйкесінше мұнайға деген сұранысты төмендетті.

2022 жылдың 11 айында Қытайдың газ бен мұнайға деген сұранысы сәйкесінше 1,0% және 3,0%


төмендеді. Қытайдағы мұнайға деген сұраныс 2023 жылдың бірінші тоқсанында 2022 жылдың ұқсас тоқсанымен салыстырғанда тәулігіне 440 000 баррельге қысқарады деп күтілуде. Оның орны экономика қайта ашылғаннан кейін сұраныстың қайта қалпына келуімен толтырылады.

Мұнайға әлемдік сұраныстың өсу болжамы құрлықтық Қытайдағы сұраныстың өсуіне байланысты. Мысалы, 2022 жылдың бірінші тоқсаны мен 2024 жылдың төртінші тоқсаны арасында мұнайға деген әлемдік сұраныс тәулігіне 5,9 млн баррельге дейін

өсетін болса, Қытайдың сұраныс үлесі тәулігіне 1,9 млн баррель немесе шамамен 30 % болмақ.

ОПЕК-тің 2023 жылғы қаңтардағы ай сайынғы есебі бойынша, COVID-19-ға қарсы нөлдік төзімділікке байланысты экономикалық белсенділіктің төмендігіне қарамастан, Қытай экономикасы 2023 жылы 4,8% өседі деп болжануда. Қытай жаңа қуатты мұнай-химия өндірістерін салуын жалғастырып отыр. Өйткені мұнай-химия шикізатына деген сұраныс салыстырмалы түрде тұрақты болып тұр. Яғни, мұнай-химия шикізатын тұтыну тұрақты болып қала береді.

**2022 жылдың бірінші тоқсанынан бергі мұнайға деген сұраныстың жиынтық өзгерісі, тәулігіне млн баррель**



2022 жылғы 15 желтоқсандағы жағдай бойынша дерек  
Дереккөз: S&P Global Commodity Insights

**ҚазМұнайГазға әсері**

2022 жылғы 8 қарашада Орта Азия бойынша ғана емес, сонымен қатар әлемдік деңгейдегі ең ірі «KPI Inc.» ЖШС-нің полипропилен өндіретін зауыт іске қосылды. ҚМГ-нің еншілес кәсіпорны жыл сайын 500 мың тоннаға дейін өнім шығаратын болады – бұл жалпы әлемдегі полипропилен өндірісінің шамамен

1%-на тең. Қазақстанның зауыты Түркменстан, Әзербайжан және Өзбекстан жиынтықты шығаратын көлемнен де көп полипропилен өндіретін болады. Экспорт нарығы – Еуропа, Түркия, ТМД елдері мен Азия елдері, соның ішінде Қытай.

Сонымен қатар экспортталатын мұнай бағасын Қытай тарапымен келіскен жағдайда, Қытай бағытына қарай мұнай экспортының көлемі ұлғаюы мүмкін.



# 3 Климаттың өзгеруімен күресті күшейту қажеттілігі

Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық топтың (Intergovernmental Panel on Climate Change, IPCC) есебі бойынша, алдағы жиырма жылда әлемде температураның орташа көтерілуі 1,5 °C болып, қайтпас нүктеге жақындайды. Климат өзгерісін тежеудің жалғыз жолы – көмірқышқыл газының шығарындыларын азайту.

Париж келісінде елдер жаһандық орташа температураның өсуін индустрияға дейінгі деңгейден 1,5-2°C асырмай ұстауға міндеттелді.


COP27 отырысында температураны 1,5 C-ден асырмай ұстап тұру мүмкіндігін сақтау үшін елдердің климат өзгерісін бәсеңдетуге бағытталған міндеттемелерін арттыру керектігі айқындалды.

Климаттың өзгеру мәселелері мұнай-газ саласына қатты әсер етеді. Мұнай секторына ғана шоғырлануға ниетті Ұлттық мұнай компанияларының (ҰМК) көпшілігі климаттың өзгеруіне байланысты жаңа ахуалға бейімделу қажеттігін түсінеді. Бұл компаниялар

мұнай және газ саласында жұмыс істеу мүмкіндігін сақтау үшін қазіргі қызметін декарбонизацияға қамдану шараларын қолға алды. Қызметін «жасылдандыруға» инвестиция салып, метанды пайдалану қарқындылығын төмендету үшін парник газдарының (ПГ) шығарындыларын азайтуға (бұрын ауада жағылып келген газды тұту арқылы) және теңіздегі операцияларды электрлендіруге күш сала бастады. Бұл жұмыстың тиімділігін арттырып, қоршаған ортаны қорғауға үлес қосуға мүмкіндік береді.

Бұл тренд келер жылы да жалғасса, ҰМК-да «көміртек негіздері» қызметтерін қолдауына мүмкіндік беретін декарбонизация жобалары үшін бетбұрыс кезең болуы мүмкін. Перспективалы бағыттардың бірі – көміртекті тұту және сақтау (CCS). Бұл бастапқы кезеңде декарбонизацияны қолдайтын технология. Жария етілген түпкілікті Инвестициялық шешімдер (FID) мен іске қосылған пилоттық жобалардың (PETRONAS, CNPC, SINOPEC) ауқымын ескерсек, көптеген Ұлттық мұнай компаниялары үшін бұл бәсекеде табысқа жету шынайы мақсат болып отыр. Ол мақсаттың орындалуы әсіресе сутегі электролизі немесе ультра заманауи «moonshot» технологиясы сияқты қымбат және капиталды қажет ететін шешімдерді енгізуге байланысты.

## Ұлттық мұнай компаниялары: декарбонизация деңгейі



2023 жылғы 12 қаңтардағы жағдай бойынша дерек


Дереккөз: S&P Global Commodity Insights

ҰМК декарбонизациясын бағалау үшін қолданылатын есептеу жүйесі мен әдістемесі туралы қосымша мәліметті S&P Global Commodity Insights-тен көруге болады, ҰМК-ге талдау: артараптандыру мен декарбонизация жарысы, ҰМК бұл қызметтің басында

## ҚазМұнайГазға әсері

ҚМГ-нің 2021 жылы қабылданған 2022–2031 жылдарға Төмен көміртекті дамыту бағдарламасы мен 2022–2031 жылдарға арналған Даму стратегиясының «Өндірістің көміртек сыйымдылығын тұрақты дамыту және үдемелі төмендету» стратегиялық мақсатын іске асыру шеңберінде 2031 жылға қарай CO2 тікелей және жанама шығарындыларын 2019 жылғы деңгейден 15% төмендету көзделген.

Сондай-ақ ҚМГ энергетика саласындағы ұзақ мерзімді үрдістерді ескере отырып, шығарындыларға шектеу қойылатын әлемде қаржылық табысты сақтау үшін жобалар портфелін көміртегі үлесін төмен етіп құру бағытында жұмыс істеп жатыр.



# 4 Жаһандық инфляция өсімінің жоғарылауы және әлем экономикасы өсімінің бәсеңдеуі

Жаһандық экономикалық белсенділік бұған дейінгі бірнеше онжылдықта жоғары деңгейдегі инфляцияның әсерінен ауқымды көлемде әрі күрт баяулап тұр. Өмір сүру қымбаттап, көптеген өңірде қаржылық ахуалдың қатаңдауы, Ресей мен Украина арасындағы

қақтығыс және ұзаққа созылған COVID-19 пандемиясы жалпы өсу перспективаларына айтарлықтай әсер етіп отыр. Жаһандық өсім 2021 жылғы 6,0 пайыздан 2022 жылы 3,2 пайызға бәсеңдесе, 2023 жылы 2,7 пайызға дейін баяулайтыны болжамданады. Бұл жаһандық

қаржылық дағдарыс пен COVID-19 пандемиясының ауыр кезеңін қоспағанда, 2001 жылдан бергі ең әлсіз өсім болмақ. Әлем экономикасы бұлай құлдыраған кезде, көп жағдайда жан басына шаққандағы жылдық жаһандық кіріс қысқарып, рецессияға жақындайды.

## Жаһандық өсім




**Ескерту:** Сұр түспен белгіленген аймақ болжамды мәндерді қамтиды. Кестеде экономикасы дамыған 37 ел мен EMDE 144 елі бойынша деректер көрсетілген. Инфляцияның жиынтық өсу қарқыны ЖІӨ-нің АҚШ долларына шаққандағы 2010-2019 жылдардағы бағалардың орташа деңгейі мен нарықтық бағамдарды ескере отырып нақты мәнде есептелген

Дереккөз: Дүниежүзілік банк

Дүниежүзілік банктің «Жаһандық экономикалық перспективалар» есебі бойынша, 2022 жылдың ішінде инфляция деңгейі барлық дерлік елдерде өскен. Медианалық жаһандық жалпы инфляция есепті жылдың екінші жартысында 9%-дан асқан. Бұл 1995 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш. Нарығы қалыптасып келе жатқан және дамушы елдердегі (EMDE) инфляция шамамен 10% жетке, бұл олар үшін 2008 жылдан бергі ең жоғары деңгей. Ал экономикасы дамыған елдерде 9% сәл асқан, бұл 982 жылдан бергі ең жоғары өсім. Инфляцияны таргеттеу стратегиясын қабылдаған елдердің барлығында дерлік нақты көрсеткіштер жоғары болды.

## Ықтимал инфляция көрсеткіштері<sup>1</sup>



Дереккөз: Дүниежүзілік банк

<sup>1</sup> — 2022 жылғы желтоқсанда жүргізілген сауалнама негізінде экономикасы дамыған 33 елдегі алдағы бір жылда (қысқа мерзімді) және 50 дамушы елдегі алдағы бес жылда (ұзақ мерзімді) күтілетін тұтыну бағасының инфляциясы. Сары ромбтар 2020 жылдың қаңтарында жүргізілген сауалнама негізінде пандемияға дейінгі деңгейлерді көрсетеді


2022 жылы инфляцияның қарқынды өсуі сұраныс пен ұсыныс факторларының жиынтығын көрсетті. Сұранысқа келетін болсақ, 2020 жылғы жаһандық рецессиядан кейінгі алғашқы қалпына келу кезіндегі өсудің жеделдеуі, сондай-ақ бұрынғы макроэкономикалық қолдаудың кешіктірілген әсерлері баға қысымына тұрақты негізде ықпал етті. Ұсынысқа келетін болсақ, Украинада қақтығыс күшейген сайын негізгі

тауарлардың тапшылығы энергия көздері мен азық-түлік бағасының өсуіне айтарлықтай ықпал етті.

Дүниежүзілік банктің «Жаһандық экономикалық перспективалар» есебінде доллардың нығаюы таза долларлық міндеттемелері бар қарыз алушылардың үлкен бөлігіне қысым көрсетіп, валютасы құнсызданған елдердегі инфляцияны ушықтырғаны айтылған. Капиталдың күрт сыртқа кетуіне

және валюта бағамының төмендеуіне жол бермеу үшін көптеген дамушы елдердің (EMDE) ақша-несиелік реттеу органдары қатандату циклдерін ұзартып, валюта қысымына қарсы тұру үшін валюта резервтерін пайдаланды. Нарықтағы жағдай барған сайын күрделеніп, 2022 жылы дамушы елдер (EMDE) облигациялар шығаруды соңғы 10 жылдағы ең төменгі деңгейге жеткізді.

## Өңірлер бөлінісінде нарықты қалыптастыратын елдер мен дамушы елдердегі (EMDE) облигациялар шығарылымы<sup>2</sup>



Дереккөз: Дүниежүзілік банк

<sup>2</sup> — Дербес және корпоративті облигациялардың шығарылымы, қаңтар-қараша. EMDE-ның 76 елге дейінгі теңгерімсіз іріктемесі 9 EAP (Шығыс Азия және Тынық мұхиты), 16 ECA (Еуропа және Орталық Азия), 17 LAC (Латын Америкасы және Кариб теңізі), 10 MNA (Таяу Шығыс және Солтүстік Африка), 4 SAR (Оңтүстік Азия) және 20 SSA (Сахараның оңтүстігіне қарай Африка).

# 5 Экологиялық таза энергияға көшу үшін инвестицияларды ұлғайту

Мұнай бағасының өсуі және энергетикалық қауіпсіздікке жіті назар аудару мұнай жеткізудің жаңа бағыттарына салынатын инвестицияларға серпін беруі мүмкін. Бірақ барлау мен өндіру шығындары энергетикалық тенденцияларға жұмсалатын шығын мен инвестициялардың бәсекелесімен байланысты кедергілерге тап болады.

2023 жылы барлау мен өндіруге жұмсалатын күрделі шығын 2015 жылғы деңгейден асып түседі деп

күтілуде. Жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК) шығыны 2020-2022 жылдары 95 млрд АҚШ долларына өсіп, 2023 жылы тағы 14 млрд АҚШ долларына өседі деген болжам бар. Жаңартылатын энергия өндірісі 2015 жылдан бері жаһандық энергетикалық инвестициялардың ең жылдам дамып келе жатқан сегментіне айналды. Жалпы алғанда, әлемдегі күрделі энергия шығындары 2022-2023 жылдары 50 млрд АҚШ долларына артады.


Сонымен қатар әр өңірде қабылданған саясаттар 2022 жылы мұнай-газ саласының жоғары ақша ағымдарымен бірге мұнай-газ компанияларына таза энергетикаға салынатын инвестицияларды арттыруға ықпал етті:

- АҚШ: инфрақұрылымды және жұмыс орындарын инвестициялау туралы заң, 2020 жылдан бастап 2022 жылға дейін инфляцияны төмендету туралы заң қабылданды. Соның әсерінен таза энергияға және онымен байланысты инвестицияларға шамамен 450 млрд АҚШ доллары тартылды. Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясына (Securities and Exchange Commission, SEC) есеп беретін компанияларға шығарындылар туралы ақпаратты міндетті түрде жария ету ережелерін ұсынды.
- Еуропа: Еуропалық комиссия Fit for 55 климаттық пакеті және RepowerEU Еуропалық жоспары бойынша шешімдер қабылдады. Оған сәйкес таза энергияға көшу және шығарындыларды азайту бағытындағы міндеттемелер шамамен 300 млрд еуроны құрайды.
- Басқалары: кейінгі екі жылда оннан астам ел сутегі стратегияларын жариялады.

### ҚазМұнайГазға әсері

ҚМГ-нің 2021 жылы қабылданған Даму стратегиясы мен Төмен көміртекті дамытудың 2022-2031 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде ҚМГ үлесіне жалпы қуаты кемінде 300 МВт жаңартылатын энергия көздері жобаларын іске асыру көзделген. Сондай-ақ декарбонизацияның қосымша жобаларын (CCUS, сутегі өндірісі және т.б.) жобаларын да іске асыру жоспарланып отыр.

Энергетикаға жұмсалатын жаһандық шығын, млрд. АҚШ доллары



2023 жылғы 4 қаңтардағы жағдай бойынша дерек

Барлау және өндіру шығындарына СТГ-ды өндіру және құбыр салу шығындары қамтылады. ЖЭК шығындарына күн, сутегі, атом, жел және гидроэнергетика, сондай-ақ батареялар мен энергияны сақтау жүйелері кіреді.

Дереккөз: S&P Global Commodity Insights

# 6 Мұнай-газ ұйымдарында технологиялық инновацияларды дамыту және киберқауіпсіздік тәуекелдерін басқару

Мұнай-газ және басқа да өнеркәсіптік ұйымдар тек ақпараттық технологиялар (АТ) жүйелері үшін ғана емес, сонымен қатар операциялық технологиялар (ОТ) үшін де киберқауіптерге жиі ұшырайды. ОТ барған сайын біртұтас, цифрланған және автоматтандырылған сипат алып жатқандықтан, кибершабуылушылардың жүйені бұзып, қауіпті ақаулар немесе іркілістер тудыру ықтималдығы артады.

Өткен жылы ОТ-мен байланысты оқиғалардың саны артты. 2022 жылғы қаңтар айының соңында екі германиялық отын және май дистрибьюторына кибершабуыл жасалды. Бұл жеткізу тізбегін басқаруды бұзды. Сонымен қатар 2021 жылы Олдсмарда (Флорида штаты) жүйені басқару станциясына қашықтан қол жеткізу және натрий гидроксиді

деңгейін жоғарылатуға тырысу арқылы сумен жабдықтау қондырғысын бұзуға әрекет жасалды.

Сондай-ақ өнеркәсіптік кәсіпорындардың желілеріндегі аппараттық құралдар барған сайын технологиялық сипатқа ие бола бастағандықтан процестерді басқару компоненттері өнеркәсіптік басқару жүйесі мен ОТ доменінде бір-бірімен өзара әрекеттесіп жатқандықтан киберқауіпсіздікті басқарудың жаңа деңгейлерін қажет ететін жаңа сын-қатерлер пайда болып отыр.

KPMG-дің «Drilling Down» атты есебі бойынша, төлем бағдарламаларының ОТ желілеріне шабуыл жасау жағдайлары 2018 жылдан 2020 жылға дейін бес есе өскен. Олардың ішінде өндірістік кәсіпорындар тіркелген бопсалаушы бағдарламалардың үштен бірінен астамын

өнеркәсіптік ұйымдарға тиесілі. Одан кейін коммуналдық қызметтер тұр, олардың үлесі 10% құрайды.

Бопсалаушы бағдарлама шабуылдарының саны күрт өсіп, 2015 жылы олардан келген шығын 0,325 млрд АҚШ доллары болса, 2021 жылы 20 млрд АҚШ долларына жетті. Бопсалаушы бағдарламалармен байланысты операциялық ақаулар ОТ-да 23 есе өсті. 2020 жылы энергетикалық және коммуналдық қызметтерге төлемдік бағдарлама шабуылдарының саны 32% өсті.

### ҚазМұнайГазға әсері

Кибер-қатерлерді және сезімтал деректердің сыртқа шығуын болдырмас үшін ҚМГ қолданыстағы халықаралық стандарттарға бойынша ақпараттық қауіпсіздіктің менеджмент жүйесі (АҚМЖ) сәйкестігін қолдау бағытында жұмыс атқарады және ақпараттық қауіпсіздік аудитін жүргізеді.



# 7

## Мұнай-газ саласындағы білікті мамандар тапшылығының ұзақ мерзімді тренді

Мұнай-газ саласы жылдар бойы жұмыс күшінің қартаюуына, салаға келетін жаңа/жас таланттардың шектеулі болуына және технологиялық саланың таланттары үшін бәсекелестіктің артуына байланысты кадр тапшылығына тап болып келеді.

Саланың болашағы үшін маңызды дарынды жастарды табу мен сақтап қалудағы бұл қиындықтар бірнеше факторларға байланысты болуы мүмкін:

### Жұмыс орнындағы жаңа динамика.

Мұнай-газ саласы салыстырмалы түрде тұрақты және консервативті сала болып саналады. Талантты қызметкерлер үшін таласқа компаниялар барған сайын икемді болып, заманауи жұмыс күшінің жаңа реалийлеріне бейімделуі керек. COVID-19 пандемиясына байланысты көптеген компаниялар мүмкіндігінше өз қызметкерлеріне қашықтан жұмыс істеуін жеделдетті және икемді жұмыс кестесіне

рұқсат берді. Бұл өзгеріс энергетикалық компанияларға болашақ буынның құндылықтарын жақсы түсінуге көмектесуі мүмкін.

Сонымен қатар жұмыс күші әртарапандырылған сайын, басшылар әртүрлі ортадағы адамдармен қалай жұмыс істеу керектігі туралы түсініктерін кеңейтуге тырысады. Бұның ішінде ESG-дің маңызы өсіп келе жатқанын, сондай-ақ демографияның нәсіл, жыныс, сексуалды бағдар сияқты деректер мен құндылықтарды мойындап, қабылдау да бар.

### Сала туралы теріс түсініктер:

бұқаралық ақпарат құралдары көбінесе саланы теріс жағынан көрсетеді. Салдарынан көптеген талантты адамдар бұл саладан аулақ болуға бейім. Бірақ бүкіл жерде олай емес. Көптеген мұнай-газ компаниялары зейнетке шыққаннан кейін де мердігер болып қайта оралатын тәжірибелі бригадаларға сенім артуды жалғастырып отыр. Сонымен қатар тапшы орындарды толтыру үшін Үндістаннан, Қытайдан және Ресейден кадр «импорттау» қажеттілігі туындамақ. Бірақ бұл көптеген саяси, иммиграциялық және қауіпсіздік тәуекелдеріне әкелуі мүмкін.

### ҚазМұнайГазға әсері

ҚМГ ғылыми-зерттеу қоғамдастығымен тығыз байланыс орнатып, ғылыми әзірлемелердің практикалық әсерін, оның ішінде отандық кадрлардың зерттеу жұмыстарын жүргізуін қолдауды арттырады.

Компания жоғары білікті кадрларды ұстап қалу және оларды өз қатарына тарту үшін ашық және икемді ынталандыру жүйесін құру бағытында жұмыс жүргізеді.

## Ішкі драйверлер және олардың стратегияның іске асырылуына әсері

### 1. 2022 жылы Қазақстанның мұнай-газ саласының дамуы

Energy Information Administration (EIA) деректері бойынша, Қазақстан 1911 жылдан бері мұнай өндіріп келеді, бұрынғы кеңестік республикалар арасында Ресей Федерациясынан кейін мұнай қорының көлемі бойынша екінші және мұнай өндіруден де екінші орында тұр.

Мұнай-газ индустриясы – көмірсутек шикізатының (КСШ) едәуір қорының есебінен Қазақстан экономикасының негізгі секторы болып отыр. 2021 жылғы қазанда жарияланған бесінші «KAZENERGY» қазақстандық мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдары қауымдастығының бағалауы бойынша басқа да іргелес (тасымалдау, өндіру нысандарының құрылысы және геология сияқты) секторлармен бірге бұл сала Қазақстанның жалпы ішкі жалпы өнімінің (ІЖӨ) шамамен 17%-ын құрайды.

Соңғы онжылдықтарда өндірістің кеңеюі еліміздің әлемдік көмірсутек нарығындағы орнын едәуір нығайтты. Әлемдік энергетиканың статистикалық шолуындағы BP деректеріне сәйкес Қазақстан дәлелденген қорлар бойынша әлемде 12-ші орын алады.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығының деректері мен талдауына сәйкес, Қазақстанда 2022 жылы 84,2 млн тонна шикі мұнай және газ конденсаты (тиісінше, 81,7 млн және 2,5 млн тонна) өндірілді, бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда 4,9%-ға төмендеді. Энергетика министрлігінің деректеріне сәйкес, мұнай экспорты 64,3 млн тоннаны құрады. Газ өндіру 2021 жылмен салыстырғанда 1,1%-ға азайып, 2022 жылы 53,2 млрд м3 құрады. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің деректеріне сәйкес, газ экспорты 4,6 млрд м3 құрады.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің 2023 жылғы ақпан айының басындағы жоспарына сәйкес, Қазақстанда 2023 жылы мұнай өндіру көрсеткіші 90,5 млн тонна деңгейінде күтіледі. 2023 жылы экспортқа жөнелтілетін болжамды мұнай көлемі 71 млн тонна.


### Мұнай мен газ тасымалдау

Қазақстанда мұнай мен газды тасымалдау, өңдеу бойынша заманауи және әртарапандырылған қажетті инфрақұрылым жасақталған. Дамыған мұнай және газ тасымалдау инфрақұрылымының болуы әлемдік нарықтарға шығуға мүмкіндік береді.

### Мұнай мен газ өңдеу


Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығының деректеріне сәйкес, 2022 жылдың қорытындысы бойынша МӨЗ-дерде мұнай өңдеу көлемі 17,92 млн тоннаны құрап, алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 5,3%-ға артты. Барлық маркалы бензин өндірісі 4,97 млн тоннаға жетіп, 2021 жылмен салыстырғанда 3,3%-ға ұлғайды. Авиаотын өндірісі 0,665 млн тоннаға дейін ұлғайды, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 13,4%-ға көп. Ал дизель отынын өндіру 5,23 млн тоннаны құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 7,4% өсімін көрсетті.

### 2022 жылы Қазақстандағы газ балансы, млрд м³



Дереккөз: ҚР Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы


### 2022 жылы Қазақстанның мұнай және газ конденсатын өндіру құрылымы, %



- ТШО — 35 %
- НКОК — 15 %
- ҚПО — 13 %
- ММГ — 7 %
- ӨМГ — 6 %
- «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ — 4 %
- ЭМГ — 3 %
- КБМ — 2 %
- ҚҒМ БК ЖШС — 2 %
- Өзгелер — 13 %

Дереккөз: ҚР Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы

### 2022 жылы Қазақстандағы газ балансы, млрд м³



Дереккөз: ҚР Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы

### Мұнай-газ саласындағы персоналдың болашақ буыны




43 %

энергетика саласындағы қызметкерлер таяу бес жылда аталған саладан жұмыстан кетуге ниетті



56 %

мұнай-газ секторының қызметкері ЖЭК саласында жұмысқа тұру мүмкіндіктерін қарастырғанын хабарлады



85 %

мұнай-газ секторындағы мансапты қарастыратын ЖОО студенттер болашақ жұмыс берушісінің климаттың өзгеруіне қарсы күрес және қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шараларды іске асыруы өздері үшін маңызды екенін атап өтеді

Дереккөз: 2021-2022 жылдардағы энергетиканың болашағы туралы есеп

### Қазақстанның мұнай-газ индустриясындағы ҚМГ мәртебесі

ҚМГ – қосылған құнды қалыптастыру тізбегінің барлық кезеңдерінде толық интеграцияланған Қазақстанның мұнай-газ саласының ұлттық көшбасшысы.

2022 жылдың өндіру деңгейі есепке алынып, дәлелденген мұнай және конденсат қорларының (1P) еселігі 16 жылды құрап отыр, бұл әлемдегі ең ірі халықаралық мұнай

компаниялары арасындағы орташа көрсеткіштен айтарлықтай жоғары – 11 жылға жуық (2021 жылдың нәтижесі бойынша). 2022 жылдың өндіру деңгейі есепке алынып, ҚМГ-нің дәлелденген және ықтимал мұнай мен конденсат қорларының еселігі (2P) 26 жылды құрады.


Компанияның ішкі бағалауына сәйкес ҚМГ 2022 жылдың операциялық нәтижелері бойынша Қазақстанда мұнай және конденсат өндіруде көшбасшы орынға ие. 2022 жылы Қазақстанда мұнай

және конденсат өндіру сегментінде ҚМГ үлесі 26%-ды, ал газ өндіру сегментінде - 15%-ды құрады.

Компания 2022 жылы мұнай өңдеу бойынша нарықтағы 84% деңгейіндегі үлесімен Қазақстандағы төрт ірі МӨЗ-ді басқарады. ҚМГ Қазақстандағы негізгі үш МӨЗ-ді жаңғырту бойынша ірі инвестициялық бағдарламаны жүзеге асырды, бұл мұнай өңдеу қуаттарын ұлғайтуға және мұнай өнімдерінің сапасын жақсартуға, ішкі нарықтың қажеттіліктерін өтеу үшін мұнай өнімдерімен толық қамтамасыз етуге, сондай-ақ өңір нарықтарына мұнай өнімдерінің экспортының көлемін кеңейтуге ықпал етті.

ҚМГ басқаратын мұнай-көлік инфрақұрылымы әртарапандырылған, жоғары транзиттік және экспорттық әлеуетке ие. Мұнайды магистральмен және теңізбен тасымалын қоса алғанда, ҚМГ-нің мұнай тасымалдау сегментіндегі нарық үлесі 2022 жылдың қорытындысы бойынша 53%- құрады.


### 2022 жылы Қазақстанда сегменттер бойынша ҚМГ-нің нарықтағы үлесі, %



Дереккөзі: Компанияның бағалаулары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы

### Бәсекелестікті талдау

#### Көмірсутекті барлау



Дереккөз: Bloomberg


### ҚМГ дамуының басымдықтары

ҚМГ бар күш-жігерін елдің мұнай-газ саласын одан әрі дамытуға жұмсайды және Үкіметке Қазақстан Республикасын әлеуметтік-экономикалық дамыту міндеттерін орындауға жәрдемдеседі. Компания мұнай-газ саласында мемлекет мүддесін қорғайды және жоғары әлеуметтік жауапкершілік көтереді. Бизнесің тиімді және тұрақты дамуы ұлттық

экономикалық бәсекеге қабілеттілігімен, әлеуметтік әл-ауқатпен, табиғи байлықтарды сақтаумен және тиімді пайдаланумен тығыз байланысты. ҚМГ энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Қазақстанның дамуы мен өркендеуі жолында болашақ ұрпаққа қамқорлық жасап, табиғи ресурстарды тиімді әрі ұтымды игеру жөніндегі өз миссиясын ұстанады. ҚМГ миссиясына сәйкес төрт стратегиялық мақсат айқындалды:

1. Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база;
2. Компания құны тізбегінің тиімділігін арттыру;
3. Бизнесің әртарапандыру және өнім портфелін кеңейту;
4. Тұрақты даму және өндірістің көміртек сыйымдылығын жүйелі төмендету.

### Қазақстанда 2022 жылы мұнай мен конденсат өндірісінің бағалануы, млн тонна



Дереккөзі: Компанияның бағалаулары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы

## 2. Қазақстанда мұнай-газ химиясы саласын дамыту

Қазақстанда мұнай-газ химиясы өнеркәсібі қарқынды дамып келеді. Соңғы он жылда жаңа кәсіпорындардың ашылуына байланысты мұнай-газ химиясы өнімдері өндірісінің өсуі байқалады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша мұнай-газ химиясы өнімдерін шығару көлемі 271,4 мың тоннаға жетті (жоспар бойынша 256 мың тонна) және де 2023 жылдың жоспарына сәйкес 515 мың тоннаға дейін өседі.

Отандық мұнай-газ химиясы саласында жүзеге асқан бірнеше жоба бар, соның ішінде негізгілері: хош иісті көмірсутек (бензол, параксиллол) өндіретін «Атырау мұнай

өңдеу зауыты» ЖШС, полипропилен шығаратын «Компания Нефтехим ЛТД» ЖШС, «Hill Corporation» ЖШС, «ЛУКОЙЛ Лубриканс Орталық Азия» майлау материалдарын өндіріп шығарады, бензин қоспаларын (метил-трет-бутил эфири) өндіретін «Шымкент химиялық компаниясы» ЖШС және басқалар. Бұл кәсіпорындардың жиынтық қуаты – жылына 850 мың тонна өнім.

Мұнай-газ химиясы өндірістерін кешенді дамыту үшін «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркi» арнайы экономикалық аймақ («ҰИМТ») АЭА) жұмыс істейді. Салық және кедендік жеңілдіктер қарастырылған, сонымен қатар олар дайын инфрақұрылыммен

Сонымен қатар мұнай-газ химиясы жобаларының инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі ҚМГ-мен бірлесіп, мұнай-газ химиясы өнімдерін өндіретін жобаларға арналған инвестициялар туралы арнайы келісімнің тетігін енгізуге қатысты заңнамалық түзетулер «бір құжат» қағидаты бойынша әзірледі. Оларды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік және Салық кодекстерінің деңгейінде бекіту жоспарланып отыр. Әзірленген түзетулер салық преференцияларын 25 жылға беруді қарастырады.

Мұнай-газ химиясы өнімдерін өндіретін жобаларға арналған инвестициялар туралы келісімнің

(кіреберіс автомобиль жолы, өтпелі жолдар, кіреберіс теміржолы, теміржол станциясы, су құбыры, электр беру желісі мен қосалқы электр станциясы, су дайындау қондырғысы) қамтамасыз етілген.

2022 жылы «ҰИМТ» базасында қуаты жылына 500 мың тонна полипропилен өндіретін біріккен газ-химия кешені пайдалануға берілді. Кәсіпорын 65-тен астам түрлі полипропилен маркасын шығаратын болады.

Полипропилен шығаратын жобаның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін инфрақұрылым толығымен дайын.

басты ерекшелігі – оны жасасу кезінде жобаның қаржы-экономикалық көрсеткіштерін бағалау нәтижесі бойынша Үкімет мемлекеттік қолдау көрсетудің дербес шараларын айқындай алады. Бұл ретте қажетті преференциялар жобаның өтімділігі мерзіміне беріледі.

### ҚМГ дамуының басымдықтары

ҚМГ Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен отандық мұнай-газ химиясы саласын дамыту процесіне жан-жақты тартылатын болады. Мұнай-газ химиясы ұлттық экономика өсуінің тағы бір қозғаушы күшіне айналады, себебі бұл саланың еліміз бойынша мультипликативтік әсері бар.

## 3. Қазақстан Республикасының Экология кодексі

2021 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасы Экология кодексінің жаңа нормалары қолданылады. Кодекс ластануды алдын алу және ірі өнеркәсіп кәсіпорындардың ең озық қолжетімді техникаларды енгізуі жөніндегі шараларды көздейтін «ластаушы төлейді және

түзетеді» қағидатына негізделеді. Экология кодексі қоршаған ортаға әсерді бағалаудың жаңа тәсілдерін, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақыны және өндіріспен тұтыну қалдықтарын басқаруды жетілдіруді, сондай-ақ айыппұл санкцияларын айтарлықтай

ұлғайтуды қарастырады. Бұл қоршаған ортаның жағдайын едәуір жақсартуға ықпал етеді. Алғашқы кезеңде мұнай-газ саласын қоса алғанда, ауаны ластаудың 80%-ы тиесілі 50 ірі кәсіпорын жоспарлы түрде озық қолжетімді техникаларға (ОҚТ) біртіндеп көше бастайды.

Қалған кәсіпорындар 2031 жылдан бастап ауыса бастайды. Қазіргі уақытта қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ОҚТ бойынша салалық анықтамалық жобаларын әзірлеп жатыр, олардың негізінде 2024 жылы топ-50 кәсіпорын анықтамалықтардың белгіленген нормативтеріне сай болатын Мерзім ішінде экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламаларын әзірлейтін болады.

Жаңа экологиялық кодекс аясында Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі экологиялық ақпараттың барлық мемлекеттік қорын біріктіретін Бірыңғай экологиялық порталды іске қосты. Ол елдегі операторлардың қызметін қолдау мен дамытудың маңызды платформасы болып саналады. Қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы процестерді цифрландыру үшін аталған порталдың қызметтерін пайдалану үлкен әлеуетке ие. Портал қалдықтар

мен шығарындылар бойынша есептілікті тапсыру, кәсіпорындардың санаттарын айқындау, әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтінім жолдау және басқа да бизнес-процестерді автоматтандырды.

#### ҚМГ дамуының басымдықтары

Қазақстан Республикасының жаңа Экология кодексінің талаптарына сәйкес ҚМГ-нің экология саясаты 2021 жылы жаңартылды. ҚМГ компаниялар тобы қоршаған ортаның ластануына байланысты шығын мен залалға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады. Бұған қоса «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану, биоалуантүрлілікті сақтау бойынша шараларды сақтау жөніндегі міндеттемелері қосымша күшейтілді.

ҚМГ компаниялар тобы өз қызметінің қоршаған ортаға әсерін барынша азайту бағытындағы шараларға жіті назар аударады. ҚМГ-нің барлық компания тобы мұнаймен ластанған

топырақты тазарту іс-шараларын жыл сайын жүргізеді. ҚМГ компаниялар тобы бойынша су ресурстарын пайдалану бағдарламаларын әзірлеу жоспарланған.

Қазақстан Республикасының жаңа Экология кодексінің нормалары енгізілгеннен кейін операторлардың жауапкершілігі күшейтілді және оларға мониторинг пен бақылау талаптары қойылды. Мердігер және сервис ұйымдардың жұмысын есепке ала отырып, рұқсат беру құжаттарын жаңарту бойынша жұмыстар атқарылады. Эмиссиялардың саны, сапасы және өндірістік объектілерде олардың өзгеруін бақылау мақсатында қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингі, операциялық, өндірістік мониторингілеу жүргізіледі. 2022 жылы елімізде алғашқылардың бірі болып ҚМГ-нің екі еншілес компаниясы («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС) эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін орнатты. Бұл жұмыс Компанияның МӨЗ-дерінде жалғасын табатын болады.

### 4. Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу доктринасы (стратегиясы)

2022 жылы Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптылығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы әзірленді. Аталған құжат 2023 жылдың 2 ақпанында бекітілді.

Стратегия болашақта экономика дамуының екі түрлі сценарийін қарастырады. Көміртегі бейтараптылығына көшу үшін қажетті инвестицияларды сценарийлық талдау және бағалау технологиялық шешімдерді, жүйелі қарқынды және макроэкономикалық әсерлерді кешенді модельдеу негізінде жүргізіледі.

Стратегия Қазақстанның ұзақ мерзімді дамуының маңызды құжаты болуға тиіс. Ол тізбектік үлгіден дамудың циклдік моделіне немесе тұйық экономикаға көшуге бағдарланған. Осы стратегияны қабылдағаннан кейін ағымдағы

экономикалық бағдарламаларды, салық және бюджет саясатын, сондай-ақ бизнес жоспарларды қайта қарау қажет. Мәселен, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар өндірістік ресурстарға, ал орман алқаптары сіңіргіш әсері бар экономикалық активтерге айналуы керек.

Төмен көміртекті экономикаға сәйкес бизнесті дамытуды ынталандыру мақсатында мемлекет тарапынан нақты қолдау және бизнесті ынталандыру шаралары белгіленетін болады. Сондай-ақ зиянды химия тыңайтқыштарын пайдаланбау үшін ауыл шаруашылығы секторында ESG факторларын (экологиялық, әлеуметтік және басқару стандарттары) ескеретін субсидиялар қарастырылады. Бұған қоса аталған стратегия экологиялық таза өндірістерді құруда жаңа мүмкіндіктер ұсынады.

#### ҚМГ дамуының басымдықтары

ҚМГ өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға әсерінің маңыздылығын сезінеді сондықтан да компания негізгі бизнес-процестердегі тұрақты даму қағидаттарын енгізуге ниетті. Мұндағы мақсат – экономикалық, экологиялық және әлеуметтік басымдықтарды басқару мақсаттарымен келістіру. Компания қызметкерлермен және кәсіподақтармен серіктестік қағидаттарына негізделген әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары стандарттарына ұмтылады. ҚМГ 2022 жылы Sustainability халықаралық рейтингтік агенттігінің бағалауынан сәтті өтті. Компанияның ESG-тәуекел-рейтингі 28,4 балл деңгейінде бағаланды, бұл тәуекелдің орташа деңгейін көрсетеді.

### 5. Геология саласының 2021- 2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы

Геологиялық-барлаудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Геология саласын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы болып қайта жасалды.

Соңғы онжылдықта Қазақстан Республикасында көптеген полиметалл рудаларының кеніштері игерілді. Кейбір облыстарда мұнай өндіру көлемі жыл сайын төмендеуде. Дегенмен елімізде көмірсутек пен қатты пайдалы қазбалардың жаңа кен орындарын ашу перспективалары бар.

#### 6. Қазақстан экономикасы

Қазақстан экономикасы 2022 жылы 3,4%-ға өсті. Бұл өңірдегі және әлемде болып жатқан дүрбелең оқиғаларды ескерген кезде елеулі жетістік болып саналады. Үкіметтің тиімді жүргізген салық-бюджет шаралары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің монетарлық саясатының арқасында Қазақстан экономикасы түрлі стрестік факторларға төзімділік көрсетті. Алайда қалыптасқан логистикалық тізбектердің бұзылуы, ішкі сұраныстың жоғарлауы және сыртқы көші-қон 2022 жылы елдегі инфляцияны 20,3% дейін арттырды. Азық-түлік тауарларының бағасы 25,3%, азық-түлік емес тауарлар-19,4%, ақылы қызметтер-14,1% өсті.

#### ҚМГ дамуының басымдықтары

- ҚМГ Украинадағы әскери қақтығыс салдарынан туындаған дағдарыстың компанияға кері әсерін азайтуға бағытталған шараларды әзірлеп, оны сәтті жүзеге асыра білді. Бұл шаралардың мақсаты – өсіп жатқан инфляциямен күресу, қайталама санкциялар қаупін

Сондықтан ұлттық жобада мейлінше аз зерттелген шөгінді алаптардың мұнай-газ әлеуетін анықтау және тау-кен аудандарындағы «терең горизонттарды» зерттеу көзделіп отыр.

Ұлттық жобаны іске асыру аумақтың зерттелу көлемін арттыруға, пайдалы қазбалардың болжамды ресурстарын бағалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жоба геологиялық-барлау жұмыстары кезінде халықты жұмыспен қамту үлесін арттыруға, инвестиция тартуға және тау-кен байыту комбинаттарын салу мен пайдалану кезінде жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Орта мерзімді кезеңде сыртқы факторлар, атап айтқанда тауарлар мен қызметтерге әлемдік сұраныстың төмендеуі және әлемнің орталық банктері монетарлық талаптарын қатаңдатуы инфляцияның төмендеуіне ықпал етеді деп күтілуде. Бірақ азық-түлік бағасы жалпы алғанда жоғары болып қалады деп болжануда. Тәуекелдердің бірі – Украинада жалғасып жатқан әскери қақтығыс.

Сарапшылардың болжамы бойынша, 2023 жылдың 1-тоқсанында инфляция шарықтау шегіне жетеді. Қазіргі уақытта әлемде дезинфляциялық үрдіс қалыптасуда, осыған байланысты Қазақстанда

#### ҚМГ дамуының басымдықтары

ҚМГ Қазақстан Республикасында жаңа қорларды барлау мен игеру жұмыстарын халықаралық мұнай-газ компанияларымен стратегиялық серіктестік негізінде іске асыратын болады. Қорлар есімінің тиімділігін арттыру үшін геологиялық барлау өңдеудің жаңа әдістерін, геологиялық-геофизикалық материалдарға қайта сапалы түсінік беруді және жаңа буын технологияларымен сейсмикалық барлау жұмыстарын қоса алғанда, заманауи технологиялар мен әдістерді қолдана отырып жүргізілетін болады.

2023 жылға арналған болжамды инфляция 11-13% шегінде бағалануда. Бұл үрдістің алғышарттары ретінде шикізат тауарлары бағасының жоғарлауы, елдің негізгі сауда әріптестері валюталарында теңге бағамының нығаюы және Қазақстан Республикасының ішкі сауда балансының жақсаруы алынып отыр. 2024 жылы ішкі сұраныстың өсуі және инфляцияның барынша төмен көрсеткіші күтілуде, яғни инфляция деңгейі 7-9%-ға дейін түседі деп болжануда.

- жою және компанияның ең жоғары өндірістік және адами әлеуетін сақтай отырып, өңірдегі жеткізу тізбегіндегі өзгерістерді тиімді пайдалану үшін шаралар қабылдау болды.
- Компания мемлекеттің мұнай-газ саласын дамытуға қатысты негізгі стратегиялық мүдделерін іске

асыруға бағдарланған. Ол елдің стратегиялық құжаттарын басылыққа алады және Қазақстан Республикасының экономикасы мен әлеуметтік бастамаларын қолдауға бағытталған даму шараларын жүзеге асырады.


# ҚМГ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

## ҚЫЗМЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

### ҚҰНДЫ ҚҰРУ

### ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КӨШУ

#### СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР



#### ҚЫЗМЕТТІҢ БАРЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ



## Контекст

Мұнай-газ саласы бағаның үнемі құбылмалығы және өнімді тасымалдауда үзілістердің салдарынан бұрын болмаған күрделі кезеңді бастан кешуде. Соңғы жеті жыл ішінде мұнай бағасы шарықтау мен құлдырау сатысынан өтті, мәселен 2014 жылы мұнайдың бір баррелі 100 доллардан асса, 2020 жылы ол көрсеткіш -37 долларға дейін түсіп кетті.

2022 жылдағы экономикалық, геосаяси, сауда, саяси және қаржы факторлардың бір-біріне әсері салаға жеткілікті деңгейде инвестиция тарту мәселесін төмендетті. Мұнай-газ саласы инвесторлардың инвестицияны таразылау мен қаржылық тәртіп бойынша талаптарын ұстанды, бұл күрделі шығын көлемін азайтуға алып келді.

Еуропа мен Ресей арасындағы энергия тасымалдау сауда-саттығының бұзылуы, жаңартылатын отынды дамыту үшін шикізат тапшылығы және төмен көміртексіз технологияларды жеткізу тізбегіндегі проблемалар энергия жеткізудің баяулауына әсер етті.

Әлемдік нарықтағы баланстың бұзылу салдары 2022 жылы энергия тасымалдау бағасы өсіп, рекордтық көрсеткішке жетті. Бұл өз кезегінде мұнай-газ компанияларының ақша ағындарының айтарлықтай өсуіне әкелді. Бірақ саланың инвестициялық саясаты әзірге белгісіз болып қалып отыр.

2022 жылы болған әлемдік трендтер мен оқиғаларды ескерсек, бүгінгі таңдағы мұнай-газ компанияларының теңгерімді дамуының негізгі факторлары мыналар болып отыр: энергетикалық қауіпсіздік, өнімді жеткізу

мен бизнесті әртараптандыру, төмен көміртексіз экономикаға өтуді одан ары жалғастыру.

Ал ҚМГ-нің қазіргі міндеті – инвестицияларды ұлғайту мен капитал тәртібін сақтау арасындағы теңгерімдік байланысты сақтау.

ҚМГ стратегиялық міндеттерді іске асыруға қажетті ақша ағынын жеткілікті мөлшерде қалыптастыратындай көмірсутекті өндіру, тасымалдау және өңдеу бойынша тұрақты өндірістік циклды жүзеге асыру бөлігінде бәсекеlestік артықшылыққа ие. Компания ресурстық базаны толықтыру үшін Каспий құрлығында және қайраңында жер қойнауын пайдалану активтерін алудың өзінің басым құқығын іске асырады.

Арзан шикізатқа қолжетімділік ҚМГ-нің мұнай-газ химия саласын барынша еркін дамытуға жол ашады, ол өз кезегінде компанияның қосылған құн тізбегі түрлері және сапасын кеңейтеді.

Табысты өсу тарихының негізгі факторлары – өндіріс көлемін ұлғайту есебінен тұрақты ақша қаражатын қалыптастыру және тұрақты даму стратегиясын іске асыру. ҚМГ болашақта қаржылық табысты сақтау мақсатында таза энергетикаға көшудің ұзақ мерзімді үрдістерін ескере отырып, шығарындылары нөлдік деңгейдегі төмен көміртексіз жобалар портфелін жасақтап жатыр.

Компанияның өсуі ағымдағы өндірістің тиімділігі, жаңа мүмкіндіктерді дамыту, үнемді әрі заманауи технологияларды енгізу және көміртек ізін азайту есебінен қамтамасыз етілетін болады.



## ПАЙЫМЫ

Қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына және тұрақты даму қағидаттарына жауап беретін, қаржылық нәтижені барынша арттыруға бағдарланған тігінен интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы.



## МИССИЯСЫ

Біз болашақ ұрпаққа қамқорлық таныта отырып, Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, елдің дамуы мен өркендеуі үшін табиғи ресурстарды тиімді және ұтымды игереміз.

ҚМГ сыртқы және ішкі сын-қатерлерді ескере отырып, мұнай, мұнай-химия және жасыл жобалар арасында үйлесімді стратегияны іске асырады.

№1 стратегиялық мақсат



Стратегиялық перспективаға жеткілікті ресурстық база

Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база

ҚМГ алдағы он жылда өндіріс деңгейінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін құрлықта да, Каспий қайраңында да геологиялық барлау жобаларын жүзеге асырады.

Осы стратегиялық мақсат аясында ҚМГ органикалық және бейорганикалық өсу арқылы дәстүрлі қызмет, сондай-ақ перспективалы бағыттар үшін де жеткілікті қорлардың өсімін қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

Қазақстан Республикасында жаңа қорларды барлау мен игеру жұмыстарын ҚМГ, соның ішінде халықаралық мұнай-газ компанияларымен стратегиялық серіктестік арқылы іске асырады.

2023 жылы Компания «Жеңіс», «Абай» теңіз жобалары, құрлықтағы «Торғай Палеозой», «Тайсойған» жобалары бойынша белсенді жұмыс жүргізе бастайды. «Қаламқас-теңіз – Хазар, Әуезов» учаскесін абаттандыру бойынша

FEED әзірлеуге кіріседі. 2023 жылдың 9 сәуірінде «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ пен Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы «Қаламқас-теңіз – Хазар, Әуезов» учаскесінің жер қойнағын игеру жобасы бойынша бірқатар келісімге қол қойылды.

ҚМГ қосымша жаңа активтерді іздеу мен сатып алуды M&A мәмілелері, олардың құны мен нарықтың жалпы конъюнктурасы бойынша ұсыныстар болған кезде жүзеге асыратын болады.



Есепті жыл ішінде мақсатқа жету жолында атқарылған іс-шаралар/оқиғалар

- Маңғыстау облысындағы Қаламқас кен орнындағы 2017 жылдан бастап барлауға дейінгі жоспарлы жұмыстардың (ЖКБ 3D сейсмосбарлау жұмыстары, жаңа ұңғымаларды бұрғылау, кернді іріктеу) нәтижесінде алынатын мұнай қоры 32,6 млн тоннаны құрады.
- **16 маусымда** «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ арасында «Қаламқас-теңіз және Хазар» жобасы бойынша Қағидаттар келісімінің №1 қосымша келісіміне қол қойылды, оған сәйкес «Қаламқас-теңіз, Хазар және Әуезов» кен орындарын аббаттандыру тұжырымдамасын таңдау бойынша жұмыс жүргізу көзделген, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану жобасын бірлесіп жүзеге асырудың басты коммерциялық талаптары келісілді.
- **17 маусымда** «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «Татнефть» ЖАҚ арасында Атырау облысындағы «Қаратон-Сарықамыс» геологиялық-барлау жобасын бірлесіп іске асыру бойынша ниет келісіміне қол қойылды.
- **15 қыркүйекте** ҚМГ 2015 жылы жасалған Опциондық келісім аясындағы өз құқығын пайдаланып, «Самұрық-Қазына» АҚ-тан Солтүстік Каспий жобасы бойынша Өнімді бөлу туралы келісімнің 16,88% тиесілі «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК компаниясындағы 50% үлесін 3,8 млрд АҚШ долларына сатып алды.

**32,6** млн тонна  
алынатын мұнай қорының өсуі



№2 стратегиялық мақсат



Бизнестің жоғары тиімділігі мен нәтижесі – инвесторлар үшін басымдық



Есепті жыл ішінде мақсатқа жету жолында атқарылған іс-шаралар/оқиғалар

Компания құны тізбегінің тиімділігін арттыру

ҚМГ мұнай өндіру, өңдеу, тасымалдау және маркетинг сияқты қызмет бағыттарынан түсетін пайданы барынша арттыру және барлық басты сегменттердегі операциялық жұмысты жақсарту мақсатында негізгі қызметіне ден қояды.

Операциялық активтердегі өндіру деңгейінің табиғи төмендеуінің орнын толтыру мақсатында Компания мұнайды алу коэффициентін жоғарылату және жөндеу жұмыстарының аралық кезеңі көрсеткіштерін ұлғайту, сондай-ақ ұңғымалардың ең жоғары өнімділігіне қол жеткізу үшін өндірістік

қызметтің тиімділігін арттыру жөніндегі басқа да шараларды іске асыру бойынша жұмысты жалғастырады.

Компания «Теңіз», «Қарашығанақ» және «Қашаған» ірі жобалары бойынша өндіру деңгейлерін кеңейту, ұзарту және сақтап тұру жобаларын табысты іске асыруға назар аударады.

Компания экспорттық және транзиттік бағыттарды ұлғайту үшін құрылған мұнай-көлік инфрақұрылымын тиімді пайдалануды мақсат етеді. ҚМГ геосаяси жағдайлар мен сыртқы факторларды ескере отырып,

қазақстандық мұнайды экспорттайтын қосымша маршруттарды ашу бағытында жұмыс жүргізуде. Компания оңтүстік дәлізді ашу және Қытай бағытында жөнелтілетін өнім көлемін ұлғайту бойынша серіктерімен келіссөз жүргізіп жатыр.

ҚМГ маңызды міндеті — МӨЗ-дердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қажеттілігін өтеу.

Компания операциялық шығындарды оңтайландыру және жеткізу тізбегінің тиімділігін арттыру бағытындағы жұмыстарды тұрақты негізде жүргізеді.

- **25 наурызда** Атырауда мұнай өнімдерінің өндірісінде қолданылатын катализаторларды тестілеуден өткізетін Қазақстандағы алғашқы арнайы зертхана ашылды. Жаңа зертхана заманауи жабдықпен қамтылған. Grace және ҚМГ Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу саласында қолданылатын катализатор өндіретін Қазақстанда толық циклді зауыт салу перспективасына бағалау жүргізуде.
- **1 шілдеде** Қаражанбас кен орнында ілеспе қабат суын тұщыту зауыты сынақ режимінде іске қосылды.

№3 стратегиялық мақсат



Мұнай-газ химиясы – дамудың жаңа кезеңі

Бизнесті әртараптандыру және өнімдер портфелін кеңейту

Компания полипропилен және полиэтилен өндіру бойынша мұнай-газ химиясы жобаларын дамытуда. Жобалар үшін ресурстық база - Теңіз кен орнынан басқа кен орындарынан алынған газ және оның туындылары (пропан, этан, бутан және т.б.).

Арзан шикізатқа қолжетімділіктің болуы ҚМГ үшін мұнай-газ химиясын компанияның қосылған құн

тізбегін мазмұнды және сапалы кеңейтуге мүмкіндік беретін табиғи даму нүктесі ретінде айқындайды.

2022 жылдың соңында қуаты жылына 500 мың тонна полипропилен шығаратын Kazakhstan Petrochemical Industries (KPI) біріккен газ-химия кешені іске қосылды. Екінші маңызды жоба – қуаты 1,25 млн тонна Полиэтилен зауытының құрылысы.

Мұнай-газ химиясы бизнесін дамыту аясында ҚМГ қызметтерін әртараптандыру үшін мұнай-газ химиясы жобаларын және ұзақ мерзімді перспективада мұнайға әлемдік сұранысты қайта бөлу жағдайында құны жоғары мұнай-химия өнімдерін шығаруды қамтамасыз ету үшін қосымша көмірсутек ресурстарын пайдаланатын және тартатын болады.



Есепті жыл ішінде мақсатқа жету жолында атқарылған іс-шаралар/оқиғалар

- **13 маусымда** ҚМГ «KPI Inc.» ЖШС-не 49,5% қатысу үлесін «Самұрық-Қазына» АҚ-тан сатып алу жөніндегі мәмілені аяқтады. 2022 жылдың 8 қарашасында Атырау облысында жобалық қуаты жылына 500 мың тонна полипропилен шығаратын KPI Inc. зауыты іске қосылды.
- **14 қыркүйекте** ҚМГ «Силлено» ЖШС-не 49,9% қатысу үлесін сатып алу жөніндегі мәмілені аяқтады.
- **9 желтоқсанда** ҚМГ «KLPE» ЖШС-нің 100% қатысу үлесін сатып алу жөніндегі мәмілені аяқтады.

№4 стратегиялық мақсат

Тұрақты даму және өндірістің көміртек сыйымдылығын жүйелі төмендету

Тұрақты даму және өндірістің көміртек сыйымдылығын жүйелі төмендету

ҚМГ өзінің экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсерінің маңыздылығын жете түсінеді және экономикалық, экологиялық, әлеуметтік басымдықтардың, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы міндеттердің үйлесімдігін қамтамасыз ету мақсатында Компанияның негізгі бизнес-процестерін тұрақты даму қағидаттарымен біріктіруді жалғастырады. ҚМГ ESG мақсаттарын Компания менеджментінің тиімділігін бағалау жүйесімен біріктіру жұмысын тұрақты жүргізіп келеді. 2022 жылы ҚМГ қызметін Sustainability халықаралық рейтинг агенттігі жақсы бағалады. Компанияның ESG тәуекел рейтингі 28,5 балл деңгейінде бағаланды. ҚМГ тәуекелдің орташа деңгейі диапазонына ауысты. ҚМГ үшін негізгі ESG сын-тегеріндер – операциялық қызметтегі көміртегі шығарындылары, Компания өнімін пайдаланудан шығарындылар, сондай-ақ қызметін жүргізетін өңірлеріндегі жергілікті қоғамдастықтармен өзара қарым-қатынас. ҚМГ мақсаты – 2031 жылға қарай ESG тәуекел-рейтингінің орташа деңгейі диапазонындағы позицияларды нығайту. ҚМГ-де қызметкердің денсаулығын қорғау және өмір сүру сапасын көтеру мақсатында Персоналдың денсаулығын басқару

жөніндегі бағдарлама жасақталатын болады, онда мына негізгі үш бағыт назарға алынады:

- пандемиямен және оның зардаптарымен күрес.
- кәсіби ауруларға қарсы профилактика.
- қызметкерлерді салауатты өмір салтын сақтауға үндеу мен ынталандыру.

Қызметкерлердің денсаулығын қорғаудың бірыңғай тәсілдері енгізу және денсаулық көрсеткіштерін жақсарту мақсатында ҚМГ компаниялар тобында Корпоративтік денсаулық бағдарламасы әзірленді.

Компания климаттық жай-күйінің стратегиялық маңыздылығын ескере отырып, Төмен көміртекті дамытудың 2022-2031 жылдарға арналған бағдарламасын әзірледі. Бұл құжат Компанияның климаттық амбицияларын, көміртек ізін төмендету бойынша негізгі тәсілдер мен шараларын айқындайды.

ҚМГ көміртегі ізін төмендетуге сараланған тәсілді таңдайды және 2031 жылы парник газ шығарындыларын 2019 жылғы деңгеймен салыстырғанда 15%-ға төмендетуді өзіне мақсат етіп қойды. Сондай-ақ Компанияда жалпы қуаты кемінде 300 МВт ЖЭК жобаларын іске асыруды жоспарлап отыр.

2022 жылы Компания парник газ шығарындыларын басқару процестерін жетілдіру аясында Ішкі көміртек бағасын белгілеу бағдарламасы мен Парник газ шығарындыларының мониторингісі мен есептілігі әдістемесін бекітті. Парник газ шығарындыларының мониторингісі мен есептілігі әдістемесі ҚМГ-нің ұқсас ЕТҰ арасындағы парник газ шығарындыларын мониторингілеу және оның есебін жүргізу тәсілдерін жасау мақсатында әзірленді.

Ішкі көміртек бағасын белгілеу бағдарламасы энергетикалық көшу аясында ҚМГ-нің тұрақтылығын талдау үшін парник газ шығарындыларын ақшалай негізде есептеудің негізгі тәсілдерін ашып көрсетеді. Сонымен бірге аталған бағдарлама ЕТҰ-дағы парник газ шығарындыларын төмендетуді қосымша ынталандыруға, сондай-ақ көміртек реттеумен байланысты жобалардың қаржы тәуекелдерін бағалауға мүмкіндік береді.

Парник газ шығарындыларының мониторингісі мен есептілігі әдістемесі ҚМГ-нің ұқсас ЕТҰ арасындағы парник газ шығарындыларын мониторингілеу және оның есебін жүргізу тәсілдерін жасау мақсатында әзірленді.

Стратегиялық мақсаттарды іске асыру активтерді басқарудың холдингтік моделін ескере отырып,

бизнес-процестерді оңтайландыру, жобалық басқару, технологиялық даму, цифрландыру, IT, HR және тәуекелдерді басқару саласындағы толассыз міндеттерді шешуге негізделеді.

Компания инвестициялық жобаларды мұқият іріктеп, басымдық береді және тек жоғары тиімді әрі стратегиялық маңызды жобаларға

инвестиция салады. ҚМГ акционерлер үшін барынша көп пайданы қамтамасыз етуге және мұнай-газ секторында мемлекеттің мүдделерін сақтауға назар аударатын саясатын жүргізеді. Компания қарыздың теңгерімді деңгейін ұстап тұру және өтімділіктің мықты позициясын қамтамасыз ету мақсатында консервативті қаржы саясатын ұстануға тырысады.

Белгіленген төрт стратегиялық мақсатты іске асыру нәтижесінде ҚМГ ұлттық экономиканы әртарапандыруға және Қазақстан Республикасының көміртегі ізін азайтуға үлес қосады, осылайша Компанияның өсіміне және қазақстандықтардың әлауқатын арттыруға, сондай-ақ болашақ ұрпақ үшін экологияның сақталуына ықпал етеді



Есепті жыл ішінде мақсатқа жету жолында атқарылған іс-шаралар/оқиғалар

- **16 наурызда** климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық есепті жария ету (TCFD) бойынша жүйе мен рәсімдерді енгізу саласында ЕҚҚДБ тарапынан техникалық көмек көрсету туралы келісімге қол жеткізілді.
- **8 маусымда** ҚМГ және өз филиалы «Шеврон Мұнайгаз Инк.» арқылы «Шеврон» корпорациясы Қазақстанда көміртегі шығарындыларын азайту саласында әлеуетті жобаларды зерттеу үшін Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойғанын мәлімдеді.
- **9 маусымда** Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, «Самұрық-Қазына» АҚ, ҚМГ және Total Eren S.A компаниясы Жамбыл облысында қуаты 1 ГВт жел электр стансасын (ЖЭС) салу жобасы бойынша қағидаттар туралы келісім жасасты. ЖЭС құрылысы кезең-кезеңімен жүргізіледі. Жоба 2024-2026 жылдары толық салынып бітеді деп жоспарлануда.
- **24 қарашада** ҚМГ ЖЭК дамытуды ынталандыру мақсатында I-REC (International Renewable Energy Certificate) халықаралық жаңартылатын энергия сертификаттарын сатып алып, 8,5 млн кВтсағ энергия құнын төледі. Бұл ҚМГ орталық аппараты 2022 жылы тұтынады деген электр энергиясына тең.
- **2022 жылы 30 қарашада** Париж қаласында (Франция) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Франция Республикасының Үкіметі арасында «Жаһандық жылынумен күрес саласындағы ынтымақтастықты іске асыру туралы» арнайы келісімге қол қойылды





## «ТЕҢІЗ», «ҚАШАҒАН», «ҚАРАШЫҒАНАҚ» МЕГА ЖОБАЛАРЫ

ҚМГ стратегиялық инвесторлармен бірге Теңіз (20%), Қашаған (16,88%) және Қарашығанақ (10%) алып кен орындарындағы жобаларға қатысуда.

- Теңіз кен орнында «Болашақ кеңейту жобасын (БКЖ)/Сағалық қысымды басқару жобасын» іске асырылып жатыр. 2023 жылы негізгі құрылыс аяқталып, іске қосу-реттеу жұмыстарын бастау жоспарланған. Сағалық қысымды басқару жобаларының нысандары 2023 жылдың желтоқсанында пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Жоба мұнай өндіру көлемін жылына 12 млн тоннаға ұлғайтуға мүмкіндік береді.
- Қарашығанақ кен орнында мұнай өндіру деңгейін сақтау жобалары белсенді іске асып жатыр. 2021 жылы «Қарашығанақ өңдеу кешеніндегі газ бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау жобасы (KGDVN) және Газды кері айдау 4-компрессорының қондырғысы жобасы (4IC) сәтті аяқталды. Газды кері айдау 5-компрессорының қондырғысы жобасы бойынша құрылыс қазір қарқынды жүріп жатыр. 2023 жылдың соңына қарай бұл бағыттағы жұмыстардың 85%-ын аяқтау жоспарланған.
- Сондай-ақ 2022 жылы Газды кері айдау 6-компрессорының қондырғысының жобасын жүзеге асыру туралы инвестициялық шешім (FID) қабылданды.
- Қашаған кен орнында 2022 жылдың 3-тоқсанында Шикі газ айдаудың жұмыс істеп тұрған компрессорларын жаңғырту жобасы пайдалануға берілді. 2041 жылға дейін шикі мұнай айдау компрессорларын жаңғыртудың арқасында мұнай өндіру көлемі шамамен 8,5 млн тоннаға толығады.
- Қазіргі таңда кен орнында мұнай өндіру кенішті игерудің 1-кезеңі аясында жүргізіледі. 2-кезең үш жеке-жеке жоба аясында қаралады, олардың ішінде ең көп зерттелгендері келесі 10 жыл ішінде мұнай мен конденсат өндіру деңгейін тәулігіне ~710 мың баррельге дейін (тәулігіне~89,5 мың тонна) ұлғайтуға бағытталған 2 «А» кезеңі және 2 «Б» кезеңі. Осы жобаларды іске асыру жөніндегі алдағы шешімдер 2023-2024 жылдарға межелеген.

Сондай-ақ ҚМГ құрлықта барлау жұмыстарын белсенді жүргізіп жатыр. 2022 жылы Торғай Палеозой учаскесінде барлау ұңғымасын бұрғылауға дайындық шаралары өтті. 2023 жылы осы учаскелерде тереңдігі 5,5 мың метр болатын ұңғымаларды бұрғылау жоспарлануда.

2022 жылғы желтоқсанда Атырау облысындағы Тайсойған-1 және Тайсойған-2 учаскелерінде барлау мен өндіруге келісімшарттар жасалды. Аталған учаскелерде 2019 жылы 328 млн тоннадан астам геологиялық қор үлестіруге мүмкіндік берген, Қазақстандағы бірегей 3D сейсмикалық барлау жүргізілді.

2022 жылы бес учаске (Мұғалжар, Березовский, Жарқын, Болашақ және Солтүстік Өзен) бойынша жер қойнауын геологиялық зерттеу (ЖГЗ) лицензиялары алынды. Негізгі шөгінді алаптарды модельдеу бойынша жүргізілген талдамалық жұмыс аясында қосымша зерттеуді талап ететін болашағы зор бес учаске айқындалды. Осылайша, 2023 жылы жер қойнауын геологиялық зерттеу бағдарламасы шеңберінде «жедел» сейсмикалық барлау жүргізу жоспарлануда.

Құрлықта жұмыс істеп тұрған кен орындарын қосымша барлау есебінен қорды ұлғайту бағытында жұмыс жалғасуда. Атап айтқанда, 2022 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ-ға қарасты С.Нұржанов, Солтүстік Уаз және Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орындарында барлау аяқталғаннан кейін олар өндіру кезеңіне ауыстырылды. Қарасор-Батыс кен орнында да жұмыстар жалғасуда, 2023 жылы өндіру кезеңіне ауыстыру көзделген. «Шығыс Өріктау» және «Рожковское кен орнын дамыту» жобалары бойынша тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану бағытында жұмыстар жалғасуда, онда 2023-2024 жылдары мұнай өндіру басталады деп жоспарланып отыр.

## Мұнай тасымалдау

2021 жылы жылына 6 млн тоннаға дейін кері режимде мұнай тасымалдауға мүмкіндік беретін «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбыры реверсіннің бірінші кезеңі» жобасы аяқталды. 2022 жылы кері бағытта 4,3 млн тонна мұнай тасымалданды.

Каспий құбыр желісі конкорциумының өнімді өткізу қабілетін жылына 83 млн тоннаға дейін арттыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Оның ішінде Қазақстанның аумағы арқылы өткізу қабілеті 72,5 млн тоннаға жетпек. Ақтау портынан Каспий теңізі арқылы өтетін балама бағыт бойынша экспорттық мүмкіндікті арттыру мәселесі қосымша пысықталып жатыр.

## Мұнай өңдеу және мұнай өнімдерінің маркетингі

ҚМГ-нің алдағы жылдарға арналған басты міндеттерінің бірі – тұтынудың болжамды өсуі салдарынан туындаған Қазақстанның ішкі нарығын отандық мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету мәселесін шешу болып отыр.

Қазақстан Республикасының солтүстік және шығыс өңірлерінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Павлодар мұнай-химия зауытында (ПМХЗ) сұйытылған мұнай газын тазарту және қысқы дизель отынын өндіру бағытындағы жобалар іске асырылып жатыр. Қондырғыларды іске қосу тиісінше 2024-2025 жылдарға жоспарланып отыр.

Сонымен қатар қазіргі таңда отандық МӨЗ – «ПҚОП» ЖШС мен «CASPI BITUM» БК» ЖШС қуаттарын күшейту мәселелері қаралуда. 2023 жылы алдын ала техникалық-экономикалық негіздеменің қорытындысын алу жоспарда бар. Осы құжаттың негізінде одан арғы шешімдер қабылданады.

Қазақстан-Румыния инвестициялық қоры аясында KMG International N. V. 2021 жылы Румынияда мұнай өнімдерін сатудың бөлшек сауда желісін кеңейтудің бірінші кезеңін іске асыру аяқтады. Бастама негізінде 25 жанармай құю станциясын салынды. 2023 жылы тағы 44 жанармай құю станциясын кезең-кезеңімен салу арқылы Румынияда жанармай құю станцияларының бөлшек сауда желісін кеңейту жоспарланған.



## Мұнай химиясы

2022 жылы ҚМГ Атырау қаласындағы мұнай-газ-химия кешенінің бірінші кезеңін аяқтау, стратегиялық серіктестерімен бірге мұнай-газ-химия жобаларын қаржыландыру мәселелерін шешу бағытында белсенді жұмыстар жүргізді.

2022 жылғы 8 қарашада жылына 500 мың тонна полипропилен шығаруға қауқарлы Kazakhstan Petrochemical Industries Inc (KPI) біріккен газ-химия кешені іске қосылды. 2022 жылғы 7 қарашада Полипропилен өндіру зауытына және «Полиэтилен» жобасына «СИБУР» ЖАҚ қатысуын қарастыратын «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «СИБУР» ЖАҚ арасындағы негізгі құжатқа қол қойылды. 2022 жылы 32,3 мың тонна полипропилен өндірілді. Қазіргі таңда «KPI Inc.» компаниясы «CNCEC» мердігерімен және «Lumtus Technology LLC» лицензиарымен бірлесіп, жобалық көрсеткіштерге қол жеткізуді растау үшін барлық Кешеннің технологиялық процесін тұрақты технологиялық режимге шығару, технологиялық қондырғылар жұмысындағы «олқы тұстарды» анықтау, кейіннен кепілдікті пайдалану сынақтарын жүргізе отырып, технологиялық жабдықтарды/блоктарды кешенді сынақтан өткізу бойынша іс-шаралар жүргізуде. Қазақстан Республикасында Теңіз кен орнының шикізатынан қосылған құны жоғары, экспортқа бағдарланған өнімдерді шығара отырып, мұнай-химия кластерін құру көзделген. 2023 жылдың 2-тоқсанында кәсіпорынды пайдалануға беру актісіне қол қойылады.

Сондай-ақ ҚМГ жылына 1 250 мың тонна полиэтилен өндіретін зауыт құрылысының жобасын іске асыруда. Бүгінгі таңда жобаның ТЭН әзірленді. Полиэтилен өндіру және мұнай-химия өнімдерін өткізу жөніндегі жобаны іске асыру үшін «СИБУР Холдинг» ЖАҚ

стратегиялық әріптес ретінде тартылды. Сонымен қатар полиэтилен өндірісі үшін инфрақұрылым жобалары пысықталуда. Газ бөлу кешенін салу жобасының ТЭН және ЖСҚ және Этан құбырын салу жобасы бойынша арнайы техникалық шарттар әзірленді. Полиэтилен өндірісі жобасының және ілеспе инфрақұрылымдық жобалардың аяқталу мерзімі 2028 жылға жоспарланған.

### Сумен қамту және қоршаған ортаны жақсарту мәселелерін шешуге бағытталған жобалар

ҚМГ ұлттық компания ретінде мынадай бағыттағы жобаларды іске асырады:

- «Астрахань-Маңғыстау су құбырын реконструкциялау» және «Кендерлі кентінде қуаты тәулігіне 50 000 м3 теңіз суын тұщыландыратын зауыт салу» сияқты жобаларын жүзеге асыру арқылы өңірлердегі ауызсу тапшылығы мәселесін шешу көзделген.
- «Астрахань-Маңғыстау су құбырын реконструкциялау» жобасы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды; екінші деңгейлі банкпен жобаны қаржыландыруға шарт жасалды. Қазақстан Республикасының Атырау мен Маңғыстау облыстарының өнеркәсіптік тұтынушылар мен тұрғындары үшін үлкен әлеуметтік маңызы бар жобаны 2024 жылы аяқтау жоспарланған.
- «Кендерлі кентінде қуаты тәулігіне 50 000 м3 теңіз суын тұщыландыратын зауыт салу» жобасы бойынша ТЭН-ге түзету енгізілді (PMS консультанттың ұсынысы бойынша). Қазір қорытынды шығарылып, EPC мердігерді таңдау бойынша әлеуетті мердігерлердің тізімін қалыптастыру жұмыстары аяқталуда. Жобаны 2024 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Газды үздіксіз өңдеу, оның ішінде өңір халқының қажеттілігін толық жабу. Жаңаөзен қаласында жаңа мұнай өңдеу зауытын (МӨЗ) салу жобасы бойынша Pre-FEED және ТЭН әзірленді. Жобаны қаржыландыруға ЕДБ-мен уағдаластық бар. Қазіргі таңда нысандардың құрылысына жеткізушілердің алдын ала біліктілікке іріктеу рәсімі жүргізілуде. Пайдалануға беру 2025 жылға жоспарланып отыр.

Қоршаған ортаны жақсарту: тазарту құрылыстары мен булану алқаптарының Атырау қаласының ауасына кері әсерін болдырмау үшін Атырау МӨЗ-і «Tazalyq» жобасын іске асыруда. 2022 жылы механикалық тазарту құрылыстарын (МТҚ) реконструкциялаудың бірінші кезеңі аяқталып, төрт булану алқабының екі секторы құрғатылды. МТҚ-ның екінші кезеңін толық аяқтау және булану алқаптарына қалпына келтіру 2023 жылдың соңына жоспарланған.

# ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ

2022 жылы ҚМГ корпоративтік орталығында цифрландыруды ілгерілету бағытындағы жұмысты күшейту үшін құрылымдық өзгерістер жүргізілді. Ақпараттық технологиялар, трансформация және цифрландыру екі департаменттің негізінде Цифрлық даму департаменті ашылды.

Есепті кезеңде Компания қызметінің негізгі бағыттары бойынша цифрлық бастамаларды іске асыруда белгілі бір прогреске қол жеткізілді. Атап айтқанда, мұнай өндіруді цифрландырудағы негізгі жоба – «АВАІ ақпараттық жүйесін әзірлеу» аясында нақты өндірістік проблемаларды шешетін екі жаңа модуль пайдалануға берілді. Мәселен, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-де енгізілген «Қабат флюидтері» модулі мұнай қорын сапалы есептеп, кен орындарын игеруді жобалау үшін мұнай қабаттарындағы флюидтердің қасиеттерін сараптау, зерттеу және негіздеу жұмыстарын автоматтандырады.

ҚМГ корпоративтік орталығында «Экономика» модулі іске қосылды. Оның көмегімен мұнай өндіруші компаниялар активтерінің жиынтық құнын немесе жұмыс істеп тұрған кен орындары бөлінісіндегі құнын бағалауға, түрлі сценарийлерді ескере отырып, операциялық қызметті болжауға болады.

Бұған дейін АВАІ АЖ-нің «АВАІ дерекқоры», «Бейнелеу орталығы», «Технологиялық режим», «Кедергілерді мониторингтеу», «Тереңдегі сорғы жабдықтарын іріктеу» деп аталатын бес пилоттық модуль енгізіліп, олар жоғары тиімділік көрсетті. Мәселен, «Қазгермұнай» БК» ЖШС-де іске қосылған «Техрежим» модулінің көмегімен ұңғымалардың жұмыс көрсеткіштерін талдау жүзеге асырылады және олардың әлеуеттері есептеледі. Бұл жоспарлы өндірісті ұңғымалар мен қабаттар арасында ай сайын тиімді бөлуге және кен



орындарын игерудің неғұрлым ұтымды режимін таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұрын аталған операцияларға мамандар бес күн жұмаса, модульдің арқасында бұл уақыт 6 сағатқа дейін қысқарды. Деректердің дұрыстығы 85%-дан 95%-ға дейін өсті.

Қазіргі таңда барлығы 7 жүйелік модуль жұмыс істейді. 2024 жылдың соңына дейін барлау, бұрғылау, кен орындарын пайдалану, экономикалық әсерді бағалау және т.б. процестерді жақсартатын тағы 10 модульді енгізу көзделген.

2022 жылы МӨЗ-дерде Компьютерлік тренажер кешендерін (КҚК) енгізу арқылы оқытудың автоматтандырылған жүйесін дамыту жалғасты. Тренажерлер авариялық және штаттық жағдайларда кәсіпорындардың технологиялық қондырғыларының жұмысына имитация жасайды. Осының арқасында операторлар адам факторына байланысты

ақауларды жою әрекеттерін және өндірісті виртуалды режимде басқаруды пысықтай алады.

Есепті кезеңде ПМХЗ-да тренажерлер ЛК-БУ кешенінің ЭЛОУ-АТ, нафтаны гидротазарту, каталитикалық риформинг және МФУ қондырғыларында енгізілді. Кейіннен жоба мұнайды вакуумда айдау, мұнайгазды вакуумда гидротазарту, каталитикалық крекинг, КТ-1 кешенінің абсорбация және газ фракциялау қондырғыларына таралады.

Атырау мұнай өңдеу зауытында (АМӨЗ) 2023 жылы ЭЛОУ-АТ-2 және ЭЛОУ-АВТ-3 қондырғыларында КҚК енгізу аяқталуы тиіс. Бензин мен дизель отынын гидротазарту қондырғылары бойынша тренажерлерді қолдану мүмкіндігі нақтылануда.

Жалпы, компьютерлік тренажерлер АМӨЗ-дің 13 технологиялық қондырғысында, ПМХЗ-нің тоғыз қондырғысында

және «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» (ПҚОП) зауытының бір қондырғысында орнату жоспарлануда.

2022 жылы ҚМГ жобаларын басқару жүйесін (PMS) енгізу бағытында бизнес тиімділігі тұрғысынан аса маңызды жоба операциялық қызметке ауыстырылып, цифрлық трансформация шеңберінде аяқталды. Бизнес процестің иесі болып компанияның Стратегия және инвестициялар портфельін басқару департаментінің құрамында жобалық басқаруды енгізу бойынша жаңадан құрылған сектор анықталды.

Бұл жүйенің негізгі айырмашылығы – әр жобаны кезең-кезеңмен жүзеге асыруға (бағалау – таңдау – анықтау-іске асыру-пайдалану) бағытталған. Аталған кезеңдердің әрқайсысында кешенді техникалық-экономикалық бағалау жүргізіледі. Оның оң нәтижесі болмаса, жобаның келесі кезеңге өтуі мүмкін

емес. Бүгінгі таңда компанияның барлық күрделі жобалары кезеңдік процеске сай іске асырылуда.

PMS жобаны басқару органдарын және олардың өзара байланысын анықтайды. Аталған органдар шешімдерінің түрлерін жіктейді. Жобаларға қатысушылардың құрылымы, негізгі рөлдері мен функциялары, жобалық құжаттардың құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ жобалық басқару құралдарын қолдану жөніндегі нұсқаулықтар тіркелген. Жобалау топтарына мамандарды іздеу, іріктеу және тарту принциптерін сипаттайтын әдістеме әзірленді. Осы әдістеме бойынша ҚМГ-да «Тазалық», Жаңаөзен қаласындағы жаңа ГӨЗ, «Торғай Палеозой», «Өріқтау», «Кендерлідегі су тұщыту зауыты» және тағы да басқа жобаларда жобалау топтар жасақталды.

PMS жобасы аясында жобаларды басқарудың ақпараттық жүйесі (ЖБАЖ) әзірленді. Ол басқарушылық жобалық шешімдерді бақылау және уақтылы қабылдау үшін жобалар бойынша өзекті ақпаратты (шығындар, мерзімдер, мәртебе және т.б.) алуды қамтамасыз етеді.

Компанияда жобалық басқаруды дамыту кезінде жобалық қызметке тартылған қызметкерлердің құзыреттері мен дағдыларын арттыруға көп көңіл бөлінеді. 2020 жылдан бастап жобаларды басқару бойынша орталықтандырылған оқыту енгізілді. Оған барлығы 2 мыңнан астам ҚМГ және ЕТҰ қызметкерлері, оның ішінде 70 басшы тартылды. 30-дан астам қызметкер халықаралық жобалық менеджмент қауымдастығының (International Project Management Association, IPMA) және жобалық менеджмент институтының (Project Management Institute, PMI) стандарттары бойынша сертификат алды.

Операциялық қызмет шеңберінде ҚМГ мен еншілес ұйымдарда жобалау қызметін дамыту, жұмыскерлерді әдіснамалық қамтамасыз ету, оқыту және жоба басшыларының пулын қалыптастыру, жобалау персоналын дамыту мен ынталандыру, сондай-ақ жобаларды басқару жүйесінің басқа да пәндік салалары бойынша жұмыстар жалғасады.

ҚМГ-нің қайтадан құрылған Цифрлық даму департаментінің басым бағыттарына компанияның кейінгі цифрлық дамуына негіз болатын АТ және деректерді басқару архитектурасын әзірлеу немесе жандандыру, өндіріс, тасымалдау мен өңдеу бағыттарында озық салалық шешімдерді іздеу жатады.



# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ



ҚМГ құнды қалыптастыру тізбегінің барлық кезеңдерін толық интеграциялаған Қазақстанның мұнай-газ саласының ұлттық көшбасшысы болып табылады

Дәлелденген қорлардың еселілігі (1P)

**16** жыл

► бұл әлемдегі ең ірі халықаралық мұнай компанияларының арасындағы орташа көрсеткіштен шамамен 11 жыл артық.

## ҚОРЛАР

PRMS халықаралық стандарты бойынша дайындалған DeGolyer & MacNaughton халықаралық тәуелсіз консалтингтік компаниясының аудитіне сүйенсек, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ көмірсутектерінің дәлелденген ықтимал қоры (2P) 707 млн. тонна мұнай эквивалентіне тең (5 478 млн баррель м.э.). 2021 жылмен салыстырғанда қорлардың 2P деңгейі 9%-ға өсті. Көрсеткіштердің ұлғаюы негізінен Қаламқас кен орынның көмірсутек шикізатының қорларын қайта есептеп, көмірсутек қорларын басқару бағытындағы кешенді іс-шаралармен, Қашаған кен орны үлесінің 8,44%-дан 16,88%-ға дейін ұлғаюына (Компания 2022 жылғы 15 қыркүйекте «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК-дағы (бұдан әрі – «Қашаған Б.В.») 50% үлесін «Самұрық-Қазына» АҚ-тан сатып алды), сондай-ақ макроэкономикалық тенденцияларға (мұнай бағасының өсуі) байланысты.

## ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ

ҚМГ геологиялық барлау бағытында 2021 жылы бекітілген 2031 жылға дейінгі даму стратегиясын басшылыққа алады.

Даму стратегиясында «Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база» стратегиялық мақсаты көзделген. Осы мақсат аясында теңізде жеті, құрлықта жеті жоба бойынша барлау жүргізіліп, негізгі жұмыс істеп тұрған кен орындары шегінде қосымша барлау көзделген. Жоспарланған геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесі бойынша алынатын қор 2031 жылға дейін 299 млн тонна көлемінде өседі деп күтілуде. Қорды толықтыру коэффициентін 105% деңгейінде жеткізу жоспарда бар.

Орта мерзімді перспективада ҚМГ геологиялық барлау жұмыстарына салатын инвестицияны ұлғайта береді. 2023 жылдан бастап 2030 жылға дейін геологиялық барлауға шамамен 900 млн АҚШ долларында инвестиция салу жоспарланған. Геологиялық барлау жұмыстарының жоспарланған көлемі сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізуді қамтиды (5 мың шақырымнан астам және 2,4 мың шаршы шақырымнан астам алаң).

Қазіргі кезде 56 барлау және бағалау ұңғымаларын бұрғылау жоспарланған, соның ішінде:

- жеңіс, Қаратон, Торғай Палеозой, Тайсойған, Абай, Әл-Фараби барлау учаскелеріндегі алғашқы іздеу ұңғымалары, кейіннен тәуелді бағалау ұңғымаларын бұрғылау көзделген.
- жұмыс істеп тұрған кен орындарының қорын қосымша барлап, толықтыру үшін 25-тен астам бағалау ұңғымасы бұрғылау жоспарлануда.

**299** млн тонна  
2031 жылға дейін алынатын қордың өсімі


**105** %  
қорды толықтыру коэффициенті

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша PRMS бойынша таза қорлар<sup>1</sup>


Көмірсутек

млн тонна м.э. ◀ ▶ млн баррель м.э.


Дәлелденген (1P)



Дәлелденген + ықтимал (2P)



Дәлелденген + ықтимал + болжамды (3P)



<sup>1</sup> — Нетто қорлар басқа тараптарға тиесілі барлық үлестерді шегергеннен кейін (1) ҚМГ қатысу үлесіне, (2) ҚМГ-ге тиесілі емес, бірақ ҚМГ бақылайтын үлестерге жататын барлық қорлардың бір бөлігі ретінде айқындалады.



## 2022 жылдағы басты геологиялық барлау жұмыстары

2022 жылы геологиялық барлауға шамамен 35,5 млрд теңге (алдын ала есеп бойынша) инвестиция салынды (ҚМГ үлесі 5,9 млрд теңге, қалғаны серіктестердің кәрі-қаржыландыруы есебінен):

- 5 мыңнан астам қума шақырым және 300 км<sup>2</sup> астам алаңдағы тарихи сейсмикалық деректер өңделді;
- 10 барлау және бағалау ұңғымасы бұрғыланып, сыналды;
- Бұрғылау табыстылығының 80% коэффициентіне қол жеткізілді (2021 жылы табыстылық 73% болды);
- - Қордың нақты өсімі 20 млн тонна мұнай, бұл қорды толтыру коэффициентінің 88%-на тең (алдын ала қорынтынды). Қордың өсімі жұмыс істеп тұрған кен орындары бойынша қосымша барлау жөніндегі іс-шаралар нәтижесінде алынды.

Теңізде де, құрлықта да барлау жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

- 2022 жылғы желтоқсанда Каспий теңізінің Қазақстанға тиесілі бөлігіндегі Жеңіс учаскесінде бұрғылау басталды.
- Атырау облысының Тайсойған-1 және Тайсойған-2 учаскелерінде барлау мен өндіруге екі келісімшарт жасалды. Аталған учаскелер бойынша 2019 жылы Қазақстанға бірегей 3Д сейсмикалық барлау жүргізілді. Ол жалпы әлеуетті геологиялық ресурстары 328 млн тонна (P50) болатын болашағы зор 26 нысанды белгілеп алуға мүмкіндік берді.

Негізгі шөгінді алаптарды модельдеу бағытында жүргізілген талдау жұмыстары жете зерттеуді талап ететін болашағы зор 5 учаске айқындалды. 2023 жылы жер қойнауын геологиялық

зерттеу бағдарламасы аясында «жедел» сейсмикалық барлау жүргізу жоспарланған. 2022 жылдың соңына дейін ҚМГ-нің жүз пайыз еншілес компаниясы «KMG Barlau» ЖШС-не лицензия алу және тендерлік рәсімдерді бастау жоспарда бар. Ұйымның бұл форматы болашақта шетелдік және жергілікті инвесторларға жобаға кіруге мүмкіндік береді.

2022 жылы геологиялық барлауға

**35,5** млрд теңге

инвестицияланды

## 2023 жылға жоспар

2023 жылы геологиялық барлау жұмыстарына шамамен 190 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция тарту жоспарлануда. Бұл ретте ҚМГ шығынның 40% ғана көтереді. Жер қойнауын геологиялық зерттеудің алғашқы жобалары Маңғыстау және Ақтөбе облыстарында Солтүстік Өзен және Жарқын учаскелерінде 2D сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізуден басталады.

ҚМГ серіктесі «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ-пен бірге Каспий теңізі акваториясының 500 шаршы шақырымнан астам аумағын қамтыған Әл-Фараби учаскесінде теңіз сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Бұл шешімнің алдында тарихи сейсмикалық деректерді қайта бағалау бағытында үлкен талдау жұмыстары жүргізілді. Жұмыс нәтижесі бойынша іздеу ұңғымаларының оңтайлы орындары нақтыланады.

Маңғыстау облысында жұмыс істеп тұрған кен орындарын қосымша барлау жұмыстары жалғасады. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-тың бес кен орнында қосымша перспективаларды іздеу мен игеру кезеңдерін ұзарту үшін 3D стандартты сейсмикалық барлау жүргізілмек.

2023 жылы барлығы 22 іздеу және бағалау ұңғымаларын бұрғылау жоспарланып отыр:

- Жеңіс теңіз учаскесінде бір іздеу ұңғымасын бұрғылауды аяқтау.
- Қаратон Сарықамыс және Торғай Палеозой учаскелерінде палеозой шөгінділері бойынша бір терең технологиялық күрделі ұңғыманы (5 км-ден астам) бұрғылауды бастау.
- Барлық ірі операциялық компаниялардың («Ембімұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС) бағаланған кен орындары мен бұрын ашылған кен орындарын қосымша барлау жұмыстары аясында 19 бағалау ұңғымасын бұрғылау жоспарланған.

Геологиялық барлау жұмыстарына

**\$190**

млн АҚШ доллар инвестицияланбақ

Әл-Фараби учаскесінің

**500** км<sup>2</sup>

аумағында сейсмикалық барлау жұмыстары жүргізіледі

**22** ұңғымаға

2023 жылы бұрғылау жұмыстары жүргізіледі

## Бес жыл ішіндегі жетістіктер

- 2018-2022 жылдар аралығында геологиялық барлау жұмыстарына шамамен 165 млрд теңге инвестицияланды, соның ішінде ҚМГ шығыны шамамен 111 млрд теңге болды. Осы кезеңде қол жеткізілген елеулі жетістіктер: Батыс Қарасор және Шығыс Бектұрлы жаңа кен орындары ашылды. 3D жоғары сейсмикалық барлау және іздеу ұңғымасын сынау жұмыстарының нәтижесінде Шығыс Бектұрлы учаскесінде құрылымдық емес тұзақтардың әлеуеті дәлелденді.
- 2019 жылы Тайсойған-1 және Тайсойған-2 учаскелерінде 3D сейсмикалық барлау жұмыстары бұрын-соңды болмаған ауқымды көлемде жүргізіліп, нәтижесінде жалпы әлеуетінің геологиялық ресурстары 328 млн тоннаға болатын 26 перспективалық нысанды бөліп шығарды. 2022 жылы аталмыш учаскелер

бойынша барлау мен өндіруге келісімшарттар алынды, олар геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру үшін «Ембімұнайгаз» АҚ-ға беріледі.

- Стратегиялық серіктестермен бірге Әл-Фараби, Абай, Жеңіс учаскелері бойынша жер қойнауын пайдалануға жаңа келісімшарттар жасалды. Геологиялық барлау жұмыстары стратегиялық әріптес тарапынан кәрі-қаржыландыру қағидаты бойынша жүргізіледі. Жеңіс учаскесінде 2022 жылғы желтоқсанда Каспий теңізінің қазақстандық секторы шегінде соңғы 5 жылдағы алғашқы іздеу ұңғымасын (тереңдігі 3,3 мың метр V-1) бұрғылау басталды. Әл-Фараби учаскесінде 2023 жылы 3D дала-лық сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу жоспарланған.
- Қызылорда облысындағы Торғай Палеозой учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалануға келісімшарт жасалды. 2023 жылы

тереңдігі 5,5 мың метр іздеу ұңғымасын бұрғылауды қолға алу жоспарда бар.

- Өзен (+39,9 млн т) және Қаламқас (+32,6 млн т) кен орындарының мұнай қоры едәуір ұлғайды. Кен орындарының қорын қайта бағалау 3D сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізуді, кен орнының геологиялық тұжырымдамасын түзетуді, жаңа ұңғымаларды бұрғылауды, негізгі үлгілерді алу, ЖГБ зертханалық талдауды және ұңғымалардың бүкіл қорын сараптаудан өткізді қоса алғанда кешенді жұмыс жүргізуді қажет етті;
- 2018 жылдан бастап 2022 жылға дейін алынатын мұнай қорының ҚМГ-ге тиесілі жиынтық өсімі 121,3 млн тоннаны құрады.

5 жылда геологиялық барлау жұмыстарына

**165** млрд теңге

инвестиция салынған



# ӨНДІРУ

Мұнай мен газ өндіруді ҚМГ-нің операциялық активтері, сондай-ақ ҚМГ-нің қатысу үлесі бар, бірақ өндірістік процеске тартылмаған мегажобалар жүзеге асырады.

ҚМГ-нің өндіру ісіндегі стратегиялық міндеттері мынадай мақсаттарға бағдарланған:


- қолданыстағы операциялық активтерде өндіру деңгейін тұрақтандыру
- жаңа кен орындарда мұнай өндіруді бастау
- газ өндіру көлемін ұлғайту
- ірі мұнай-газ кен орындарында кеңейту жобаларын сәтті жүзеге асыру және өндірудің жоғары деңгейін сақтау.

ҚМГ мұнай және конденсат өндіру бойынша Қазақстандағы ең ірі үш жобаға – «Теңіз», «Қашаған» және «Қарашығанақ» жобаларына, тиісінше, 20%, 16,88% және 10% үлестерімен қатысады.



ҚМГ әлемдегі ең ірі мұнай алыптарымен: Chevron Corp, Exxon Mobil Corp, Royal Dutch Shell PLC, Eni SpA, TOTAL SA, Inpex Corp, CNPC, «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ-пен бірге мегажобаларда мұнай өндіру бойынша серіктестік ынтымақтастық орнатқан.

## Өндіруші активтер

### ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕР



### МЕГАЖОБАЛАР



## Мұнай өндіру

Өндірудің жалпы деңгейі 22,0 млн тоннаны немесе тәулігіне 456 мың баррельді құрады. Бұл өткен жылғы көрсеткіштерден 1,7% жоғары. Мұнай және конденсат өндіру бойынша операциялық және мегажобалардың үлесі, тиісінше, 63% (13,8 млн тонна) және 37% (8,3 млн тонна) құрады.

Есепті 2022 жылы мұнай мен конденсат өндіру көлемінің 1,7% есуіне ОПЕК+ шектеулері алынғаннан кейін «Теңізшевройл» ЖШС өндіру көлемінің 9,9% ұлғаюы және өндіріс объектілерінің үздіксіз жұмысы әсер етті. Ал жалпы өндіру көлемінің есуі «Өзенмұнайгаз» АҚ өндірістік объектілеріне қызмет көрсететін коммуналдық кәсіпорын тарапынан электр энергиясының авариялық жағдайда ажырату салдарынан «Өзенмұнайгаз» АҚ операциялық активінде өндірудің айтарлықтай 4,4%-ға төмендеуі, сонымен қатар ескі кен орындарда өндіру деңгейінің табиғи төмендеуі арқылы өтелді.

**13,8** млн тонна


мұнай өндіру бойынша операциялық жобалардың үлесі

**8,3** млн тонна

мұнай өндіру бойынша мегажобалар үлесі



**22** **1,7%**  
млн тонна  
өндірілген өнімнің  
жалпы деңгейі




**63%**  
Операциялық  
активтер


**37%**  
Мегажобалар

### Мұнай және газ конденсатын өндіру

мың тонна




#### ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕР




	2020	2021	2022
«Өзенмұнайгаз» АҚ	5 347	5 332	5 096
«Ембімұнайгаз» АҚ	2 601	2 522	2 581
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	2 977	2 944	3 049
«Қазгермұнай» БК» ЖШС	778	727	651
«Қаражанбасмұнай» АҚ	1 001	1 048	1 071
«ПетроҚазақстан Инк.» АҚ	661	600	554
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС	295	298	281
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	432	434	436
«Амангелді Газ» ЖШС (ҚТГ)	15	11	—
«Өріктау Оперейтинг» ЖШС	6	47	43

#### МЕГАЖОБАЛАР (ҚМГ ҮЛЕСІ)




	2020	2021	2022
«Теңізшевройл» ЖШС	5 292	5 311	5 836
«ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК¹	1 253	1 344	1 402
«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС	1 094	1 034	1 013

тәулігіне мың баррель




#### ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕР



	2020	2021	2022
«Өзенмұнайгаз» АҚ	106	106	101
«Ембімұнайгаз» АҚ	52	50	52
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	59	58	60
«Қазгермұнай» БК» ЖШС	16	15	13
«Қаражанбасмұнай» АҚ	18	19	20
«ПетроҚазақстан Инк.» АҚ	14	16	12
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС	6	6	6
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	9	9	9
«Өріктау Оперейтинг» ЖШС	—	1	1

#### МЕГАЖОБАЛАР (ҚМГ ҮЛЕСІ)



	2020	2021	2022
«Теңізшевройл» ЖШС	115	116	128
«ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК¹	27	29	34
«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС²	23	22	22

¹ — ҚМГ үлесі— 2022 жылдың 15 қыркүйегінен кейін 16,88 %.

### ҚМГ-нің өндіру бағытындағы активтерінің өлшемшарттары

Активтер	ӨМГ	ЕМГ	ҚБМ	ҚГМ	ПҚИ	ММГ	ҚОА	ҚТМ	ӨӨ
Кеукетілігі	0,19	0,27	0,32	0,26	0,09–0,30	0,14	0 085	0,14	0,1
API градусы бойынша тығыздығы	36,51	32,03	19,81	39,95	51,25	30,77	38,89	36,12	41,7
Күкірттің мөлшері, %	0,14	0,62	2	0,1	0,03–0,08	0,2	1,12	3,17	0,7
Кен орын саны	2	33	1	5	19	15	2	6	3
Жаңа ұңғы-малардың орташа де-биті, тәулігіне тонна	8	10,5	2,8	25,5	11–18,2	9,3	26,8	4,3	46,5
Ауыспалы ұңғыма қорындағы ұңғы-малардың орташа дебиті, тәулігіне тонна	4,2	3,3	2,13	34	5,6	6,2	15,7	36,2	59,1
Мұнайды баррельдеу коэффициенті, тоннасына баррель	7,23	7,3	6,68	7,38	7,75	7,23	7 516	7,21	7,717

ҚМГ өндіретін мұнайдың техникалық сипаттамалары өңірлер бойынша бір-бірінен едәуір ерекшеленеді. Операциялық активтер арасында ең ауыр мұнай Қаражанбасмұнайда өндіріледі, оның баррельдеу коэффициенті бір тоннаға 6,68 баррельді құрайды. Ең жеңіл мұнайды «ПетроҚазақстан Инк.» АҚ өндіреді, оның баррельдеу коэффициенті бір тоннаға 7,75 баррель.

Шикі мұнайдың сапасын екі негізгі өлшемшарт бойынша анықтауға болады: API градусы бойынша тығыздығы және құрамындағы күкірттің мөлшері. CPC Blend маркасында (негізінен ҚМГ мегажобалары өндіреді) күкірттің мөлшері 0,56%, API градусы бойынша тығыздығы 45,3 тең, осылайша бұл мұнай сапасы бойынша әлемдегі ең жақсы мұнайдың біріне жатады.

Маркасы	API градусы бойынша тығыздығы	Күкірттің мөлшері, %
CPC Blend (Қазақстан, Но-воросийск)	45,3	0,56
West Texas Int. (АҚШ, Ку-шин)	40,0	0,42
Arab Extra Light (Сауд Ара-биясы)	39,4	1,09
Brent (Ұлыбритания)	37,5	0,40
Urals (Ресей, Новоросийск)	31,3	1,36

Деректер S&P Global Platts ашық ақпарат көздерінің алынды



Мегажобалар

# ТЕҢІЗ



Қазақстанның мұнай-газ саласының маржаны, әлемде теңдесі жоқ алпауыт мұнай кен орны.

ҚМГ әлемдік деңгейдегі жобаларды халықаралық мұнай-газ компанияларымен бірлесіп игереді.

Қазақстан Республикасы мен Chevron Corp компаниясы арасында 1993 жылдың 2 сәуірінде «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО, Теңіз) жобасы бойынша келісімге қол қойылды. Көмірсутекті барлауға және өндіруге арналған лицензияны ТШО-ға 1993 жылы 40 жыл мерзімге берілді. ТШО қызметінің негізгі түрі – Атырау облысындағы Теңіз және Королевское кен орындарында көмірсутекті барлау, өндіру және сату.

Мұнай өндіру

**29 178** мың тонна  
тәулігіне 638 мың барр.<sup>1</sup>

Леспе газ өндіру

**16,15** млрд м<sup>3</sup>  
Осы көлемге Компанияның жеке қажеттілігіне арналған газ және газды кері айдау кіреді

Иелік ету үлесі

50% Chevron  
25% Exxon Mobil  
20% ҚМГ  
5% «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ

ҚМГ үлесіне мұнай өндіру

**5,8** млн тонна  
тәулігіне 128 мың барр

2P мұнай қорларының еселігі

**> 22** жылдан астам

### Даму перспективалары

ЖБЖ/СҚБЖ іске асыру Теңіз кен орнында мұнай өндіру көлемін жылына 12 млн тоннаға арттыруға мүмкіндік береді

Операторы | «Теңізшевройл» ЖШС

<sup>1</sup> — 1 тонна = 7,98 барр.

ТШО операторы қоры бойынша бірегей алып Теңіз кен орны мен ірі Королевское кен орнын қамтитын лицензиялық учаскенің аумағында жұмыс істейді. Теңіз мұнай кен орны 1979 жылы ашылған және ол әлемдегі ең терең мұнай кен орны.

Қазіргі уақытта мұнай өндіру және дайындау сенімділік көрсеткіштері жоғары заманауи өндірістік объектілерде жүзеге асырылады, олар: кешенді технологиялық желілер (КТЛ), екінші буын зауыты (ЕБЗ) және шикі газды айдау кешені (ШГА).


2021 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда мұнай өндіру 9%-ға, яғни 29 178 мың тоннаға дейін (ҚМГ үлесін қоса алғанда — 5 836 мың тонна) өсті. Бұл ретте газ өндіру де 9%-ға - 16,15 млрд м<sup>3</sup> дейін (ҚМГ үлесін қоса алғанда - 3,23 млрд м<sup>3</sup>) өсті. Өндірудің артуы 2022 жылы ОПЕК+ шектеулерінің жойылуымен байланысты.

**29,2** <sup>9%</sup> мың тонна


2022 жылдағы кен орындардан мұнай өндіру көлемі

### «Теңізшевройл» ЖШС-нің өндірістік қызметі


Мұнай өндіру, мың тонна




Леспе газ өндіру, млн м<sup>3</sup>




Құрғақ газ өндіру, млн м<sup>3</sup>




Сұйытылған көмірсутек газын (СКГ) өндіру, мың тонна



Күкірт өндіру, мың тонна



Газ айдау, млн м<sup>3</sup>



### Болашақ кеңейту жобасы мен Сағалық қысымды басқару жобасын жүзеге асыру барысы

ТШО өндіріс қуатын кеңейту аясында Болашақ кеңейту жобасын (БКЖ)/Сағалық қысымды басқару жобасын (СҚБЖ) іске асырып келеді. Жоба Теңіз кен орнында мұнай өндіру көлемін жылына 12 млн тоннаға арттыруға мүмкіндік береді. Жобаны іске асыру Қазақстан экономикасына елеулі үлес қосып, жаңа жұмыс орындарын ашуға, білікті кадрлар дайындауға, өңірде жаңа өндіріс объектілерінің құрылысын жүргізуге, инфрақұрылымды жаңғыртуға жол ашып отыр.

2022 жылдың қорытындысы бойынша БКЖ/СҚБЖ жобасы бойынша

жиынтық шығын 42,1 млрд АҚШ долларын құрады. Жоба бойынша жұмыстардың жалпы ілгерілеуі - 96,6%. 2022 жылдың жаңартылған кестесіне сәйкес СҚБЖ объектілерін іске қосудың болжамды уақыты – 2023 жылғы желтоқсан, БКЖ – 2024 жылғы маусым.

ТШО БКЖ/СҚБЖ жобасы іске асырғаннан уақыттан бастап қазақстандық тауарлар, жұмыс пен қызметтерді сатып алуға 15 млрд АҚШ долларын жұмсады. Жоба аясында модульдерді жасау мен тасымалдау, оларды орнату жұмыстары толық аяқталды. Ұңғымаларды

бұрғылау аяқталды, барлық топтық өлшеу қондырғыларын пайдалануға берілді. 2022 жылы Өндірісті басқарудың біріккен орталығы сәтті іске қосылды. Бұл орталық ТШО-ның барлық зауытын бір басқару орталығында бірыңғай операциялық модульмен біріктіреді.

**16,1** <sup>9%</sup> млрд м<sup>3</sup>

2022 жылдағы кен орындардан газ өндіру көлемі



«ҚМГ Қашаған Б.В.» акцияларын кері сатып алу

ҚМГ 2022 жылы 15 қыркүйекте «Самұрық-Қазына» АҚ-тан (Қордан) «ҚМГ Қашаған Б.В.» компаниясындағы 50% үлесін 3,8 млрд АҚШ долларына кері сатып алу құқығын пайдаланды.

ҚМГ Қашаған Б.В. үлесін 100% жеткізу нәтижесінде ҚМГ-нің шоғырландырылған өндіру, EBITDA, таза пайда және активтер көрсеткіштері

жақсарды. Бұл ретте компанияның қарызы да артты, себебі үлесті сатып алу үшін ҚМГ облигацияларын шығару және Қордан қарызды кейін төлеуге рұқсат алу арқылы қарыз алынды. Ішінара сатып алу ҚМГ-ға 2022 жылы Қашаған Б.В. төлеген дивиденд есебінен қаржыландырылды. Сондай-ақ 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында ҚМГ Қашаған Б.В. дивиденді есебінен қарыздың бір бөлігін өтеу жоспарланып отыр.

Қашаған кен орнын дамыту перспективалары

Жаңа слагкетчер құрылыс жобасы қолданыстағы слагкетчерді уақытша алмастыру үшін қажет. Базалық жобалау алдындағы жұмыстар жүргізілуде. Жобаны қаржыландыру бойынша нақты шешім қабылдау 2023 жылдың мамыр айына жоспарланған, ал оны пайдалануға беру мерзімі – 2024 жылдың 4-тоқсаны.

Зерттеліп жатқан жобалар:

«2А кезеңі» жобасы

Жоба QG-дың жаңа ГӨЗ-не жылына ~ 2 млрд м<sup>3</sup> көлемінде шикі газды қосымша жеткізу есебінен мұнай өндіруді тәулігіне ~50 мың баррельге (тәулігіне ~6,3 мың тонна) арттыруға бағытталған.

- қазіргі уақытта жоба НКОК тарапынан базалық жоабалау сатысында тұр, оның жоспарлы аяқталу мерзімі — 2023 жылдың 1-тоқсаны.
- QG жаңа ГӨЗ базалық жобалауды бастаған жоқ, бірақ 2022 жылы шикі газдың қуаты жылына 2 млрд м3 болатын жоба орнына 4 млрд м3 жылдық қуаттымен алу туралы ГӨЗ жобасына қызығушылығы туралы хабарлады. QG мен ҚР Энергетика министрлігінің (ҚРЭМ) ағымдағы позициясы – шикі газды 4 млрд м<sup>3</sup> жылдық қуаттымен (немесе 2027 жылдан бастап кезең-кезеңімен 2+2 млрд м3) алуды қайта қарау.

«2Б кезеңі» жобасы

Жаңа ұңғымаларды бұрғылау және үшінші тарапқа жылына ~6 млрд м<sup>3</sup> көлемінде шикі газ жеткізе отырып, мұнай дайындайтын жаңа зауыттың құрылысы есебінен мұнай өндіру көлемін тәулігіне ~210 мың баррельге (тәулігіне ~26,5 мың тонна) ұлғайтуды көздейді. Алдын ала базалық жобалау жұмыстары аяқталды. Шикі газды алатындар бойынша белгісіздіктерге байланысты базалық жобалау жұмыстары кейінге шегерілген.

«2С кезеңі» жобасы

«2Б кезеңі» жобасына ұқсас. Тұжырымдамаларды қосымша зерттеу жүргізілуде. Жобаның ілгерілеуі «2Б кезеңі» жобасының әрі қарай іске асуымен байланысты.

Сұйытылған көмірсутек газын коммерциялау жобасы

Жоба зауытта сұйытылған көмірсутек газын (СКГ) үшінші тарапқа фракциялау үшін оның коммерциялануын ұсынады, кейіннен үшінші тарап пропан мен бутанды экспорттайды. Үшінші тараптардың СКГ фракциялау зауытының құрылысы бойынша тендерлік ұсыныстарына коммерциялық бағалау жүргізілуде. Жобаның экономикалық маңызы расталып, келісім алғаннан кейін ғана қаржыландыру бойынша нақты шешімдер қабылдануы мүмкін.

2022 жылы аяқталған жобалар:

1-пакет (Bundle 1)

ШГА компрессорларын жаңарту жұмыстары жүргізілді, пайдалануға енгізілген екі компрессор да газды кері айдау деңгейін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Жобаның нәтижесінде 2022 жылы желтоқсан айында мұнай өндірудің тәуліктік деңгейі рекордтық көрсеткіш – тәулігіне 451 мың баррельге жетті (қондырғыда барынша көп өнім алу бойынша жүргізілген сынақ жұмыстарының аясында).

Іске асырылып жатқан жобалар:

«QazaqGaz» ҰК АҚ-тың ГӨЗ-не жылына 1 млрд м<sup>3</sup> ілеспе шикі газдың қосымша көлемін жеткізу

ГӨЗ-ге ілеспе шикі газдың қосымша көлемін жеткізу есебінен мұнай өндіруді тәулігіне 20-25 мың баррельге (тәулігіне 2,5-3 мың тонна) дейін ұлғайтуды көздейді.

- North Caspian Operating Company N.V (бұдан әрі – НКОК) тарапынан газ құбырына қажетті материал жеткізу, жалпы құрылыс жұмыстары жүргізілуде. НКОК жобаны іске қосу дайындығын 2023 жылдың 4-тоқсанына жоспарлап отыр.
- Ал «QazaqGaz» ҰК АҚ (бұдан әрі – QG) тарапы жобаны іске қосу мерзімін 2025 жылдың 1-тоқсанына белгіледі.



Мегажобалар

# ҚАРАШЫҒАНАҚ



Әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсатты кен орындарының бірі.

Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орны бойынша өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім (ӨБТК) Қазақстан Республикасы мен Халықаралық консорциум арасында 1997 жылғы 18 қарашада жасалды. Royal Dutch Shell және Eni компаниялары Қарашығанақ жобасының бірлескен операторлары, жобаны іске асыру «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (ҚПО) арқылы жүргізіледі.

Сұйық көмірсутек өндіру (тұрақты<sup>1</sup>)

**10,1** млн тонна  
тәулігіне 219 мың барр<sup>2</sup>

ҚМГ үлесіне тиесілі сұйық көмірсутек өндіру

**1,0** млн тонна  
тәулігіне 22 мың барр.


Газ өндіру

**19,4** млрд м<sup>3</sup>

Мұнай және конденсат бойынша қорлардың 2P еселігі

**> 23** жылдан астам

Иелік ету үлестері



### Даму перспективалары

Қол жеткізілген деңгейде сұйық көмірсутектерді өндіру деңгейін ұстап тұру мақсатында инвестициялық жобаларды іске асыру

<sup>1</sup> — Сұйық көмірсутектерді тұрақты баламада бағалау үшін мұнай мен конденсаттың жалпы көлеміне 0,9 аудару коэффициенті пайдаланылады.  
<sup>2</sup> — 1 тонна = 7,86 барр.

Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орны - Батыс Қазақстан облысында орналасқан және 280 км<sup>2</sup> астам аумақты алып жатқан әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсатты кен орындарының бірі. Кен орны 1979 жылы ашылды, ал кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру 1984 жылы басталды.

Қарашығанақ кен орнында өндіру процесінде өзара байланысты және өзара тәуелді технологиялық қондырғылардың бірыңғай жүйесінен тұратын үш негізгі технологиялық объект бар:


- ҚӨК – Қарашығанақ өңдеу кешені, ол кен орынның солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан, ұңғымалардан түсетін сұйық көмірсутектерді, сондай-ақ ГҚДҚ 2 мен ГҚДҚ 3-тен тасымалданатын бастапқы шикізатты өңдейді, газды экспортқа жөнелтуге, қабатқа айдауға, сондай-ақ жеке өндірістік қажеттіктер үшін дайындайды.
- ГҚДҚ 2 – газды кешенді дайындау қондырғысы, кен орынның оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан, шикі газды жоғары қысыммен бөледі және қайта

айдайды, сондай-ақ экспортқа жіберер алдында тұрақтандыру үшін сұйық көмірсутектерді ҚКП-ға жібереді;  
■ ГҚДҚ 3 – газды кешенді дайындау қондырғысы, кен орынның солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан, экспортқа жіберер алдында сұйық көмірсутектер мен газды бөледі және ішінара тұрақтандырады.


2022 жыл ішінде ұңғымалардың пайдалану қоры 160 өндіруші және 20 айдау ұңғымасына жетті.

### ҚПО өндірістік қызметі


Газ өндіру, млн м<sup>3</sup>



Сұйытылған көмірсутек өндіру, мың тонна



Газ айдау, млн м<sup>3</sup>



2022 жылы Қарашығанақ кен орнында 10 135 мың тонна сұйық көмірсутек (ҚМГ үлесіне 1 013 мың тонна үлесін қоса алғанда) және 19 442 млн м<sup>3</sup> газ (ҚМГ үлесіне 1 944 млн м<sup>3</sup> үлесін қоса алғанда) өндірілді. Бұл бір жыл бұрынғы өндіру деңгейімен салыстырғанда тиісінше 2,0 %-ға және 2,4 %-ға аз. Қарашығанақ кен орны және соның ішінде ҚМГ бойынша операциялық қызметке теріс әсер еткен негізгі сыртқы факторлардың бірі – Орынбор газ өңдеу зауыты тарапынан оның технологиялық қондырғыларында жоспарлы-алдын ала жөндеу жұмыстарының созылуына байланысты шикі газды қабылдау көлемін қысқартуы болды. Ресей тарапы ОГӨЗ-дің технологиялық қондырғыларында, атап айтқанда күкірт алу және сульфурен 1У-350/355 әдісімен шығатын газдарды толық тазарту қондырғысында және 3У-70, 3У-370 газды тазарту және кептіру қондырғыларында және 1У-350/355, У-05/07 және и Клаус

У-04 қондырғыларында жөндеу жүргізу туралы жоспарлы-алдын алу жөндеу жұмыстары ұзаратыны туралы хабардар етті. Газ өндіру көлемі 2,4%-ға ұлғайып, 1 944 млн м<sup>3</sup> құрады, көрсеткішке негізінен №2 газды кешенді дайындау қондырғысында шикі газды кері айдаудың ұлғаюы, 4 компрессорды пайдалануға беру және Қарашығанақ өңдеу кешенінде газды өңдеу көлемінің ұлғаюы әсер етті.

ОГӨЗ, ҚПО және ҚРГ тарапынан шикі газды қабылдаудың төмендеу динамикасын назарға ала отырып, Қарашығанақ газын ОГӨЗ-де қабылдау тұрақсыздығы мен шектеулі талаптары суық көмірсутекті өндіру мен одан түсетін түсімге кері әсерін тигізуде, сондай-ақ ҚРГ-ның Қазақстан Республикасының ішкі нарығына газ жеткізу бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігіне кері жағдайда әсер етуде.

- Қарашығанақ кен орнында 12 қыркүйек пен 6 қазан аралығында жоспарлы-алдын ала жөндеу жұмыстары сәтті жүргізілді. Жоспарлы жұмыс көлемі бекітілген кесте мен бюджетке сай болды.
- 2022 жылдың мамырында «Газды кері айдаудың төртінші компрессорын орнату» жобасы пайдалануға берілді.
- 16 қарашада сұйық көмірсутекті өндірудің тәуліктік көрсеткіші рекордқа жетіп – тәулігіне 34,069 мың тоннаны құрады, ал 1 желтоқсанда жер қабатынан шикі мұнайды айдау көрсеткіші тәулігіне 40,839 млн м<sup>3</sup> жетіп, тағы да тәуліктік рекорд орнатылды.
- 2022 жылы қараша айында Газды кері айдаудың 6-шы компрессорын орнату жобасы бойынша қаржыландырудың түпкілікті шешімі (FID) қабылданды.



**Қарашығанақ кен орнын дамыту перспективалары**

Қарашығанақты кеңейту жобалары (ҚКЖ1) аясында газды кері айдаудың бесінші және алтыншы компрессорларын тиісінше, 2024 жылы және 2026 жылын құрылысын жүргізіп, пайдалануға беру жоспарлануда. Бұл өз кезегінде өндіру деңгейін жылына 10-11 млн тоннадан сақтап тұруға мүмкіндік береді.

Кен орынды өнеркәсіптік игерудің 2М кезеңі іске асырылғаннан кейін, мұнай өндіру деңгейін одан әрі ұзарту өндірістік объектілерді ауқымды кеңейту арқылы жүзеге асырылады деп күтіледі. Бұл кеңейту шаралары Қарашығанақты кеңейту жобасы (ҚКЖ1А+Б) аясында кезең-кезеңмен жүргізіледі. Қабат қысымын ұстап тұру және оның мұнай беру көлемін арттыру мақсатында ҚКЖ1(А+Б) жобасы арқылы газды кері айдаудың бесінші және алтыншы компрессорларын, шикі газды дайындау (кептіру) жүйесін салу мен пайдалануға беру, ұңғыма өнімдерін жинау жүйесін және айдау құбырлары, қосалқы құрылыстар мен басқа да ілеспе қондырғылардың желісін кеңейту көзделген. Бесінші және алтыншы компрессорлар пайдалануға берілген кезінде газ айдау көлемі жылына шамамен 21 млрд м3 жетеді, бұл ретте кен орындағы газ өндіру көлемі шамамен 31 млрд м3 құрап, өнімді бөлудің түпкілікті келісімі мерзімі аяқталғанға дейін мұнай өндірісінің жиынтық өсімінің 13 млн тоннасын қамтамасыз етеді.

Т. Қасымов атындағы МАС-да көпірше құрылысы (тәуліктік әлеуеті шамамен тәулігіне 4,5 мың тоннаны құрайды) КПО-ға мыналар:

- КҚК жұмысында ақаулар болған кезде «ҚазТрансОйл» АҚ резервуар паркі;
- баламалы экспорттық маршруттар (Баку-Тбилиси-Джейхан (БТД), Батуми және Кулеви порттары, Қытайға экспорт, Siberian Light сұрпы сияқты Новороссийск порты) қолжетімді болады.

Орта мерзімді перспектива аясында Қарашығанақ жобасы бойынша оператор өндірілетін шикі газды және одан өңделіп шығарылған өнімдерінің құндылығын арттыру (монетизациялау) мүмкіндіктерінің техникалық-экономикалық негіздемесін алдын ала жасау бойынша іс-шараларға бастамашылық жасады. Қазіргі уақытта жеткізу көлемі мен газды өңдеу тұжырымдамасы бойынша барлық нұсқаларды бағалау іс-шаралары жүргізілуде. Бұл ретте өндірілген тауар газы ішінара ішкі нарыққа жеткізіледі деп болжанады. Жоба тұжырымдамасын анықтау бойынша нәтижелер 2023 жылы белгілі болмақ.

**Операциялық активтерде мұнай өндіру**

ҚМГ-нің мұнай-газ саласында ғасырдан астам тарихы мен мұрасы бар, өндіруші активтер портфеліне негізінен жетілген кен орындары кіреді. Осыған байланысты ҚМГ-нің негізгі басымдығы – өндіру тиімділігін арттыру. ҚМГ өз қызметінде энергия үнемдеу саясатын ұстанады, өндірістік процестерді оңтайландыруға және жақсартуға, сондай-ақ мұнай өндіру коэффициентін арттыруға үнемі ұмтылады.

Бүгінгі таңда Компанияның операциялық активтерінде мұнай өндірудің 85%-ға жуығы жеті негізгі кен орындарына тиесілі: Өзен мен Қарамандыбас («Өзенмұнайгаз» АҚ), Қаламқас пен Жетібай («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ),

С.Нұржанов және Шығыс Молдабек («Ембімұнайгаз» АҚ), Қаражанбас («Қаражанбасмұнай» АҚ).

энергиясын авария жағдайында ажыратуына, сондай-ақ кейбір ескі кен орындарында өндіру деңгейінің табиғи төмендеуіне байланысты болды. Бұл ретте операциялық активтерде мұнай өндірудің төмендеуі «Ембімұнайгаз» өндірісін 2,3%-ға және «Маңғыстаумұнайгаз» өндірісін 3,6%-ға ұлғайту арқылы ішінара реттелді.


Айта кетсек, есепті жылда «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Ақтас, Тасболат, Қарамандыбас, Батыс

Теңге, Оңтүстік Жетібай, Оңтүстік Қаратөбе, Оймаш, Алатөбе кен орындарында көмірсутекті өндіру бойынша өздерінің келісімшарттары мен лицензияларының мерзімін ұзартты.

2022 жылы операциялық басқарудағы ұңғымалардың жалпы қоры 16 704 бірлікті құрады, оның 12 696 бірлігі ауыспалы ұңғымалар қорына тиесілі. Мұнай мен конденсатты өндіру көлемінің басым бөлігі ұңғымалардың ауыспалы қорынан өндіруге келеді.



**Ұңғыма саны, ҚМГ операциялық активтері, бірлік**



**Лифтинг шығындар (индикативті есептеу деректері), \$/барр.**

Өлшем бірлігі	ӨМГ	ЕМГ	ММГ	ҚГМ	ҚТМ	ҚОА	ҚБМ
	17,4	11,8	9,9	4,1	6,6	6,4	16,8

**Нетбэктер (индикативті есептеу деректері), \$/барр.**

Өлшем бірлігі	ӨМГ	ЕМГ	ММГ	ҚГМ	ҚТМ	ҚОА	ҚБМ
<b>Экспорт</b>	40	39	24	48	41	41	38
<b>Ішкі нарық</b>	25	19	22	23	9	24	—

**8,2** <sup>2%</sup> млн м<sup>3</sup>

2022 жылдағы табиғи және леспе газды өндіру көлемі

**2,2** млн м<sup>3</sup>

2022 жылдағы газ өндіру бойынша операциялық жобалардың үлесі

**6,1** млн м<sup>3</sup>

2022 жылғы газ өндіру бойынша мегажобалардың үлесі

# ӨзенмұнайГаз



## Газ өндіру және өндірісі

Табиғи және ілеспе газды өндіру көлемі 2022 жылы 2%-ға, яғни 8 633 млн м<sup>3</sup> дейін өсті. Бұл ретте 2 190 млн м<sup>3</sup> (27%) операциялық активтердің үлесіне, 6 051 млн м<sup>3</sup> (73%) мегажобалардың үлесіне тиесілі. Көлем құрамындағы негізгі үлес «Теңіз» мегажобасына тиесілі.


Газ өндіру көрсеткіштері өндірілген газдың нақты көлемін құрайды, оның ішінде резервуарға және өз қажеттіліктеріне қайта айдау бар. Газды кері айдау мұнай өндірудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін қабат қысымын ұстап тұру үшін қолданылады.

Тауар газы өндірісінің көлемі 2022 жылы 4 529 млн м<sup>3</sup>, оның ішінде операциялық активтер есебінен 1 516 млн м<sup>3</sup> және мегажобалар

есебінен 3 013 млн м<sup>3</sup> құрады. 2021 жылмен салыстырғанда ҚМГ тауар газының өндірісі кумулятивті түрде 96 млн м<sup>3</sup> немесе 2,1%-ға азайды.

Қазақ газ өңдеу зауыты (ҚазГӨЗ) өзі өндірген шикізатты өңдеумен қатар тауар газын здері өндіретін ҚМГ-нің басқа операциялық активтерінен алынған шикізат негізінде тауар газын өндіреді.

Табиғи және ілеспе газ өндіру, млн м<sup>3</sup>




ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕР




	2020	2021	2022
«Өзенмұнайгаз» АҚ	726	665	623
«Ембімұнайгаз» АҚ	217	202	213
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	334	376	431
«Қазгермұнай» БК» ЖШС	188	185	115
«Қаражанбасмұнай» АҚ	27	31	33
«ПетроҚазақстан Инк.» АҚ	142	125	127
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС	361	412	430
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	140	167	197
«Амангелді Газ» ЖШС	326	224	-
«Өріқтау Оперейтинг» ЖШС	2	24	21

МЕГАЖОБАЛАР (ҚМГ ҮЛЕСІ)



	2020	2021	2022
ТШО	2 950	2 953	3 229
«КМГ Кашаған Б.В.» <sup>1</sup>	758	818	877
ТОО «КМГ Карачаганак» <sup>2</sup>	2 021	1 898	1 944

Бойынша тауар газын өндіру, млн м<sup>3</sup>




ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕР



	2020	2021	2022
«Өзенмұнайгаз» АҚ + ҚазГӨЗ <sup>1</sup>	751	636	496
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ («Жетібай-мұнайгаз» ӨБ)	161	172	156
«Қазгермұнай» БК» ЖШС	150	303	182
«Амангелді Газ» ЖШС	326	-	-
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС	185	383	374
«Ембімұнайгаз» АҚ	152	145	164
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	103	121	144
«ПетроҚазақстан Инк.» АҚ	49,5	0	0

МЕГАЖОБАЛАР (ҚМГ ҮЛЕСІ)



	2020	2021	2022
Теңіз	1 735	1 743	1 907
Қарашығанақ <sup>2</sup>	899	818	745
Кашаған <sup>3</sup>	287	304	263

1 — Өзенмұнайгаз» АҚ-дан және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-ден алынатын шикізат газ ҚазГӨЗ-ге жеткізіледі.  
 2 — ОГӨЗ-ге шикізат газ жеткізу көлемі.  
 3 — 2022 жылдың 15 қыркүйегінен ҚМГ үлесі 8,44%-дан 16,88 %-ға артты.

# МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ



ҚМГ көмірсутекті экспорт нарығына жеткізу бойынша мұнай тасымалдау инфрақұрылымының құрылысын аяқтады. Орта мерзімді перспективада мыналар басымдықта болады:

- ҚМГ мұнай тасымалдау жүйелері бойынша мұнай тасымалдау маршруттарының тартымдылығы

мен бәсекеге қабілеттілігін артыру арқылы құрылған қуаттардың жүктемесін арттыру; экспорттық маршруттардың баламалы бағытын дамыту; операциялық шығындарды бақылау.

ҚМГ мұнай тасымалын екі жолмен магистральды құбырлар және теңіз флоты арқылы жүргізеді.



## Құбыр инфрақұрылымы

Қазақстанның құбыр инфрақұрылымы магистральды мұнай құбыры жөніндегі ұлттық оператор — «ҚазТрансОйл» АҚ-ға, оның екі бірлескен кәсіпорнына («Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС және «МұнайТас» СБТК ЖШС), сондай-ақ «Каспий құбыр желісі консорциумына» тиесілі. Қазақстанның жұмыс істеп тұрған құбыр инфрақұрылымы болашағы зор жобалардан мұнай тасымалдау көлемін ұлғайту үшін жеткілікті әлеуетке ие.

**«ҚазТрансОйл» АҚ (ҚТО)** — Қазақстан Республикасының магистральды мұнай құбыры жөніндегі ұлттық оператор. Компания жалпы ұзындығы 5 372 км магистральды мұнай құбырларының тармақталған желісіне ие, оған еліміздің барлық дерлік мұнай кен орындары қосылған. Компания мұнайды Қазақстанның төрт ірі МӨЗ-ге тасымалдауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ мұнайды «Атырау-Самара» мұнай құбыры арқылы экспортқа тасымалдайды, мұнайды ҚБК және «Атасу-Алашанькоу» экспорттық мұнай құбырларына ауыстырып тиеуді, мұнайды Ақтау портындағы танкерлерге және теміржол көлігіне тиеуді жүзеге асырады. Мұнай тасымалдау магистральды мұнай құбырлары арқылы 36 мұнай айдау станцияларымен, 67 мұнай жылыту пештерімен, жалпы көлемі 1,4 млн м3

мұнай сақтауға арналған резервуарлық паркпен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар ҚТО «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС, «МұнайТас» СБТК» ЖШС, «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.», «Каспий құбыр желісі консорциумы-Қ» АҚ, «Торғай Петролеум» АҚ және «Магистральды су құбыры» ЖШС магистральды мұнай құбырларын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету қызметтерін көрсетеді.

**«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС (ҚҚҚ)** Атасу-Алашанькоу (ұзындығы 965 км) және Кеңкияқ-Құмкөл (ұзындығы 794 км) мұнай құбырларына иелік етеді. ҚҚҚ қазақстандық және транзиттік ресейлік мұнайды Қытайға, сондай-ақ Қазақстанның ішкі нарығына тасымалдауды жүзеге асырады.

**«МұнайТас» СБТК» ЖШС** 449 шақырымға созылған Кеңкияқ-Атырау магистральды құбырын иеленеді. 2018 жылы Компания Кеңкияқ-Атырау мұнай құбырының реверсі жобасын іске асыруға кірісті. Мақсаты – Батыс Қазақстан мұнайын Қазақстан Республикасының МӨЗ-деріне жеткізуді қамтамасыз ету және Ақтөбе мен Қызылорда облыстарында мұнай өндіру көлемінің төмендеуін теңдестіру, сондай-ақ Қытайға экспорт көлемін жылына 6 млн тоннаға дейін қамтамасыз ету. Жоба құны - 30,9 млрд теңге. 2021 жылғы ортасынан бастап «Аман» МАС арқылы жылына 6 млн тоннаға

дейінгі көлемде кері бағытта мұнай айдау мүмкіндігі қамтамасыз етілді.

**«Каспий құбыр желісі консорциумы» (КҚК)** — Ресей, Қазақстан, сондай-ақ саланың жетекші компаниялардың қатысуымен ұзындығы 1 510 км магистральды құбыр (оның ішінде 452 км – қазақстандық аумақ) салу және пайдалану үшін құрылған халықаралық мұнай тасымалдау жобасы. КҚК мұнай құбыры қазақстандық мұнайды экспорттық жеткізудің басым бағыттарының бірі және Қазақстандық Теңіз мұнай кен орнын Қара теңіздегі (Новороссийск портына жақын) «Южная Озереевка» мұнай терминалымен байланыстырады. Мұнай тасымалдау КҚК мұнай құбыры бойынша 15 мұнай айдау станцияларымен, жалпы көлемі 1,3 млн м3 мұнай сақтауға арналған резервуарлық паркпен және шығарылатын үш айлақтық құрылғымен қамтамасыз етіледі.


2019 жылы Теңіз бен Қашаған кен орындарында мұнай өндірудің алдағы ұлғаюына байланысты КҚК акционерлері қазақстандық мұнайды тасымалдау көлемін жылына 72,5 млн тоннаға дейін ұлғайту үшін құбыр жүйесінің тар жерлерін жою жобасын іске асыру туралы шешім қабылдады. Жобаны іске асыру мерзімі — 2019-2023 жылдар. Айдау көлемін жылына 81,5 млн тоннаға дейін (соның ішінде қазақстандық аумақта жылына 72,5 млн тоннаға дейін) ұлғайтуға дайындық қамтамасыз етілді.

Көрсеткіш	Магистральды құбырлармен тасымалдау				Теңіз флотымен тасымалдау
	ҚТО	ҚҚҚ	МТ	КҚК	Қазақтеңізкөлікфлоты (ҚТКФ)
Басқарушы компания					
ҚМГ үлесі	ҚМГ: 90 % <sup>1</sup>	ҚТО: 50 %	ҚТО: 51 %	ҚМГ: 20,75 %	ҚМГ: 100 %
Негізгі бағыттар	Еуропа мен Қытайға экспорт, ішкі нарық	Қытайға экспорт, ішкі нарық	Қытайға экспорт, ішкі нарық	Еуропаға экспорт	Еуропаға экспорт
Негізгі маршруттар	Қазақстанның МӨЗ-дері; Өзен — Атырау — Самара; Ақтау порты; ҚҚК және Атасу-Алашанькоу жүйелеріне мұнайды ауыстырып тиеу	Атасу — Ала-шанькоу; Кеңкияқ — Құмкөл	Кеңкияқ — Атырау	Теңіз — Новороссийск	Қара теңіз; Жерорта теңізі; Каспий теңізі
Жалпы ұзындығы, км	5 373	1 759	449	1 510	қ/ж
Қуаты, жылына млн тонна	17,5 <sup>2</sup> 5,2 <sup>3</sup>	20	6	67	қ/ж

1 — Акциялардың 10%-ы «Халықтық IPO» бағдарламасы аясында сатып алған миноритарлық акционерлерге тиесілі.

2 — Атырау — Самара учаскесінің қуаты

3 — Ақтау портының қуаты (ҚТО айлақтары, құю терминалдары).



- «МұнайТас» СБҚК» ЖШС
- «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС
- Каспий Құбыр Консорциумы
- «ҚазТрансОйл» АҚ
- БТД құбыр желісі
- Баку — Супса құбыр желісі
- Теңіз жолы
- т/ж маршруттары
- МАС Мұнай айдау станциясы
- ● ● Өндіруші активтер
- 📍 БМАС Бас мұнай айдау станциясы

# ҚМГ-НІҢ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ ЖЕЛІСІ



## Мұнайды магистралды құбырлар арқылы тасымалдау





### Мұнай тасымалдау көлемі<sup>1</sup>, мың тонна

Компания	2020	2021	2022
<b>ҚТО (100 %)</b>	<b>42 298</b>	<b>41 224</b>	<b>40 656</b>
экспорт	16 699	14 296	12 762
транзит	9 989	9 989	9 989
ішкі нарық	15 610	16 939	17 905
<b>ҚҚК (100 %)</b>	<b>15 883</b>	<b>17 412</b>	<b>19 236</b>
экспорт	571	967	1 290
транзит	9 979	9 979	9 980
ішкі нарық	5 333	6 465	7 966
<b>МТ (100 %)</b>	<b>3 321</b>	<b>4 273</b>	<b>5 606</b>
экспорт	1 595	1 572	1 188
ішкі нарық	1 726	2 701	4 418
<b>ҚҚК (100 %), экспорт</b>	<b>59 027</b>	<b>60 728</b>	<b>58 711</b>

### ҚМГ үлесіне мұнай тасымалдау көлемі<sup>2</sup>, мың тонна

	2020	2021	2022
ҚТО (100 %) <sup>2</sup>	42 298	41 224	40 656
ҚҚК (50 %)	7 942	8 706	9 618
МТ (51 %)	1 694	2 179	2 859
ҚҚК (20,75 %)	12 248	12 601	12 183

### 2022 жылы бағыттар бойынша мұнай тасымалдау құрылымы, %



### 2022 жылы бағыттар бойынша мұнай сату құрылымы, млн тонна

	2020	2021	2022
<b>Барлығы, соның ішінде:</b>	<b>22 034</b>	<b>21 661</b>	<b>22 128</b>
<b>Экспорт бағыттары</b>	<b>15 176</b>	<b>13 744</b>	<b>13 713</b>
«Атырау-Самара» мұнай құбыры	6 508	5 074	3 842
ҚҚК мұнай құбыры	7 898	7 888	8 864
«Атасу – Алашанькоу» мұнай құбыры	101	166	223
Ақтау порты	669	616	723
Өзге де бағыттар (Батуми т/ж, Өзбекстан, Әзербайжан)	0	0	60
<b>Ортақ ішкі бағыттар</b>	<b>6 858</b>	<b>7 917</b>	<b>8 415</b>

1 — Мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі ҚМГ операциялық үлесін (ҚТО-ны қоспағанда) ескере отырып, әрбір жеке құбыр компаниясының тасымалдау көлемін ескереді. Мұнай көлемінің бір бөлігін екі немесе үш құбыр компаниясы тасымалдай алады және тиісінше бұл көлемдер мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде кем дегенде бір рет есепке алынады.  
2 — ҚМГ активтің операциялық қызметін толық бақылайтындықтан, ҚТО тасымалдауы 100% көлемінде ұсынылған.

### Мұнай жүк айналымының көлемі, млн тонна\*км

	2020	2021	2022
ҚТО (100 %)	35 899	35 162	34 261
ҚҚК (100 %)	14 368	15 592	17 314
МТ (100 %)	1 322	1 725	2 265
ҚҚК (100 %)	77 207	79 446	78 154

2022 жылы ҚМГ үлесіне магистралды құбырлар арқылы мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі 0,9%-ға шамалы ұлғайды және 65 316 мың тоннаны құрады. Өсім ішкі нарықта қажетті өңдеу көлемін қамтамасыз ету үшін қазақстандық МӨЗ бағытында ішкі тасымалдау көлемінің ұлғаюына байланысты. Бұл ретте жетілген кен орындарында өндіру деңгейінің табиғи төмендеуіне байланысты мұнайды экспорттық тасымалдау көлемі төмендеді.

Бұл ретте жетілген кен орындарында мұнай өндірудің табиғи азаюы салдарынан және жүк жөнелтушілердің ішкі нарыққа мұнайды қайта бөлуіне және жөндеу жұмыстары жүргізілгендіктен Қашағандағы өндіру көлемінің азаюына байланысты мұнай тасымалдаудың экспорттық көлемі төмендеді. Есепті жылдың қорытындысы бойынша Каспий Құбыр

консорциумының (ҚҚК) тасымалдау көлемі 3,3%-ға төмендегенін атап өткен жөн. Бұл төмендегенін негізінен Қашағанда және ҚҚК теңіз терминалынан шығатын айлақ құрылғыларындағы жөндеу жұмыстарына байланысты болды. Бүгінгі таңда ҚҚК штаттық режимде жұмыс істеп тұр.

«ҚазТрансОйл» АҚ магистралды мұнай құбырлары жүйесі бойынша бөлек мұнай тасымалдау көлемі 40 656 мың тонна мұнайды құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 568 мың тоннаға аз.

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральды мұнай құбырлары жүйесіне мұнайды қабылдаудың төмендеуінің негізгі себептері мұнайды өндіру және тапсыру көлемінің төмендеуімен байланысты («Өзенмұнайгаз» АҚ, «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, Құмкөл аймағындағы кен орындарынан

### ҚМГ үлесіне мұнай жүк айналымының көлемі, млн тонна \*км

	2020	2021	2022
ҚТО (100 %)	35 899	35 162	34 261
ҚҚК (50 %)	7 185	7 796	8 657
МТ (51 %)	674	879	1 155
ҚҚК (20,75 %)	16 020	16 485	16 217

мұнай өндірушілер). Сонымен қатар бірқатар жүк жөнелтушілер өз ресурстарын Қазақстан Республикасының ішкі нарығына «ҚазТрансОйл» АҚ МҚ жүйесінен тыс жеткізу жолдарын таңдады.

2021 жылмен салыстырғанда ҚҚК-мен тасымалдау көлемінің ұлғаюы Қытай бағытындағы экспортқа және ішкі нарықтағы МӨЗ-дерге тасымалдау көлемінің өсуімен байланысты.

2021 жылмен салыстырғанда МТ-мен ішкі нарыққа тасымалдау көлемінің өсуі МӨЗ-дерге (ПХМЗ, ПҚОП) тиеудің «реверстік» тасымалдау көлемінің өсуімен байланысты.

2021 жылмен салыстырғанда МТ-мен экспортқа тасымалдау көлемінің төмендеуі МӨЗ-ді жүктеу үшін тасымалдау көлемін ішкі нарыққа қайта бағыттауына байланысты болды.



**Ішкі нарыққа мұнай тасымалдау тарифтері, 1 мың км-ге шаққанда бір тоннаға теңгемен**

Компания	2020	2021	2022
ҚазТрансОйл	4 110	4 356 (с 01.12.2021 — 4 328)	4 356
Қазақстан-Қытай құбыры	6 456 (с 01.02.2020 — 7 158)	4 323,7	4 359
МұнайТас	5 457,3 (с 25.12.2020 — 5 912)	5 912	5 912

**Мұнайды экспортқа тасымалдау тарифтері**

Компания	2020	2021	2022
ҚазТрансОйл, 1 мың км-ге шаққанда бір тоннаға теңгемен	6 399 (с 01.03.2020 — 7 359)	7 359	8 831
Қазақстан-Қытай құбыры, 1 мың км-ге шаққанда бір тоннаға теңгемен	6 799	6 799	6 799
МұнайТас, 1 мың км-ге шаққанда бір тоннаға теңгемен	5 912	5 912	5 912
Каспий құбыр желісі консорциумы, бір тоннаға АҚШ долларымен.	38	38	38

**Қытайға мұнай транзитінің тарифтері, бір тоннаға АҚШ долларымен**

Компания	2020	2021	2022
ҚазТрансОйл	4,23	4,23	4,23
Қазақстан-Қытай құбыры	10,77	10,77	10,77

**Мұнайды магистралмен тасымалдау тарифтері**

Қазақстанның ішкі нарығына мұнай тасымалдау тарифтерін мемлекет реттейді.

Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит және Қазақстан Республикасынан тыс жерге экспорттау мақсатында мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтер табиғи монополиялар саласына кірмейді.

**2022 жылы энергетикалық тиімділікті жоғарылату үшін мынадай негізгі іс-шаралар атқарылды:**

1. «Павлодар» БМАС, «Екібастұз» МАС, «Степное» МАС-та және Б. Жұмағалиев атындағы БМАС-та 5 бірлікті сорғы агрегаттары пайдалы коэффициенті жоғары сорғы агрегаттарына ауыстырылды. Бұл жұмыстар «Павлодар – Атасу» технологиялық учаскесі бойынша мұнай айдауға электр энергиясының үлестік шығынын 11%-ға, «Жұмағалиев-Атасу» учаскесі бойынша 16%-ға төмендетуге мүмкіндік берді. Жалпы есептелген үнемдеу көлемі – жылына 2 465 000 кВт\*сағ құрады;

2. «Өзен» БМАС-те жиілікті реттейтін жетек құрылғысын қою «Өзен-Атырау» технологиялық участігін мұнай айдауға жұмсалатын электр энергиясының шығынын 11%-ға қысқартты. Жалпы есептелген үнемдеу көлемі – жылына 2 071 000 кВт\*сағ құрады;

3. Жаз мезгілінде мұнай қоспасының реологиясын жақсарту (Маңғыстау мұнайын қайта бөлу) арқылы «Атырау – Самара» мұнай құбырының ыстық температуралық жұмыс режимін оңтайландыру осы мұнай құбырын 2022 жылдың маусым-қыркүйек аралығында қыздыру пештерінен ажыратуға

мүмкіндік берді. Жалпы есептелген үнемдеу көлемі – жылына 4 896 585м3 құрады;

4. HAZOP әдісімен тәуекелдерге талдау жүргізу аясында «А.Құлтумиев атындағы» МАС пен «Опорная» СПН пештерін авариялық қызудан қорғайтын электр жетектерін ауыстыра отырып, мұнайды қыздыратын пункттерді электрмен жабдықтау жүйесін жаңғырту жүргізілді.

жүйесін ЭХҚ құралымен қайта жаңғырту, бақылаудың желілік пункттерін жаңғырту және басқару. Жаңартылатын энергия көздерін қолдану.

**2022 жылы Каспий құбыр желісі консорциумынада жылжымалы айлақ құрылғысының (ЖАҚ) істен шығуымен байланысты оқиғалар**

2022 жыл ішінде КҚК теңіз терминалында бірнеше рет жылжымалы айлақ құрылғыларын (ЖПҚ) пайдалану бойынша шектеулер енгізілді. КҚК үш жылдымады айлақ құрылғысында жөндеу жұмыстары жүргізілді.

2022 жылы КҚК мұнай тасымалдау құбырында туындаған штаттан тыс жағдайлар салдарынан мұнай құбыры арқылы экспортталатын мұнай көлемі 3% азайып, тұрақты деңгейде сақталып қалды.

КҚК үлескерлерінің Арал МАС құрылысын жүргізу арқылы Кеңкияқ-Құмкөл МҚ жылдық қуатын 15 млн тоннаға дейін ұлғайту жоспары бар. Осы мәселе бойынша КҚК үлескерлерінің шешімі қажет. Мәселе талқылау сатысында.

Транскаспий маршруты бойынша (Каспий теңіз әлеуетін пайдаланып Баку-Тбилиси-Джейхан жүйесі халықаралық нарықтарға экспорттық жол ашу) мұнай тасымалын қарастыру. 2023 жылдан бастап ТШО ресурстарынан жылына 1,5 млн тонна мұнай тасымалдау болжанып отыр.

**2023 жылы жоспар бойынша мынадай іс-шаралар қолға алынады:**

1. «Жетыбай» МАС-ның магистралды сорғысын жаңғырту. Жоспарлы шараны іске асыру нәтижесінде үнемделетін электр энергия көлемі жылына -2 032 000 кВт\*сағ құрайды;
2. «Павлодар-Шымкент» магистралды мұнай құбырының 1 499,9 - 1 572,1 км учаскесіндегі электрмен жабдықтау

**Мұнай тасымалдау бағыттарын әртараптандыру**

Мемлекет басшысының көмірсутек шикізатын экспорттау бағыттарын әртараптандыру мәселесі бойынша берген тапсырмаларын орындау аясында ҚМГ қазақстандық мұнай өнімдерін экспортқа шығарудың балама маршруттарын пысықтауды жалғастыруда.

**Мұнайды Ақтау порты арқылы Әзербайжан бағытына жеткізу**

2022 жылғы қарашада ҚМГ Әзербайжан Республикасының Мемлекеттік мұнай компаниясымен (SOCAR) Ақтау-Баку-Джейхан маршруты арқылы жылына 1,5 млн тонна көлемінде қазақстандық мұнайды тасымалдауға мұнай транзиті туралы 5 жылдық келісімге қол қойды.

«Ақтау-Баку-Джейхан» бағыты бойынша жылына 1,5 млн тонна көлемінде мұнай тасымалдау қазақстандық мұнай компанияларына маршрутты сынақтан өткізуге және оның тиімділігін, оның ішінде БТД мұнай сапасы банкін қолдануға, сондай-ақ БТД бағытының мұнай қоспасы құнының өзгеруіне әсерін бағалауға мүмкіндіктер береді.

Осыған байланысты Әзербайжан тарапымен «Баку-Джейхан» мұнай құбыры бойынша транзит көлемін ұлғайту жөнінде, сондай-ақ Бакуден басқа бағыттар бойынша (мәселен, Батуми бағытына теміржолмен жеткізу, «Баку-Супса» құбыры, Әзербайжан МӨЗ-деріне жеткізу) келіссөз жалғасуда.

**Мұнайды Теңіз-Батуми маршруты бойынша теміржолмен жеткізу**

2022 жылдан бері Теңіз кен орнынан Теңіз-Самур-Баку-Батуми (РФ арқылы транзитпен) бағыты бойынша Батуми мұнай терминалы арқылы 243 мың тонна мұнай жөнелтілді.

**ҚХР бағыты**


ҚМГ 2022 жылдың тамыз-қараша айларында CNPC компаниясының өкілдерімен кездесіп, Қытай бағытында жеткізілетін мұнай көлемін ұлғайту және мұнай құбырын кеңейту мәселелері бойынша бірқатар келіссөз жүргізді.

Атыраудан Қытайға бағытына қарай мұнай экспортын ұлғайту

үшін өткізу қабілетін кеңейту нұсқалары қарастырып жатыр:

Атасу-Кеңкияқ құбырын жылына 12 млн тоннаға (+2 МАС) және Кеңкияқ-Құмкөл құбырын жылына 15 млн тоннаға (+1МАС) кеңейту.

Тараптар жоғарыда аталған мәселелерді талқылауды жалғастыруда.



### Мұнайды теңіз арқылы тасымалдау

#### Тасымалдау активтері

Компанияның негізгі қызмет түрлері:

- Каспий және ашық теңіздер арқылы мұнай өнімдері жүктерін тасымалдау;
- контейнерлік және құрқак жүктерді тасымалдау;
- мұнай жобаларына қызмет көрсету бойынша қосымша сервистік флот қызметтерін ұсыну.

ҚТКФ активтерінің құрамы:

- сауда флоты: жеке мұнай құю танкерлері — «Астана», «Алматы» және «Ақтау» (әрқайсының дедвейті 12 мың тонна); сондай-ақ «Афрамекс» - «Алатау» және «Алтай» үлгісінде мұнай құю танкерлері (әрқайсының дедвейті 115 мың тонна);

- «Бекет Ата», «Түркістан» құрлық флоты (әрқайсының жүк көтергіштігі 5 мың тонна);
- теңіз операцияларын қолдау флоты — ҚМГ сериясының төрт баржа-алаңы (әрқайсының жүк көтергіштігі 3,6 мың тонна);
- контейнерлік флот: «Барыс» және «Сұңқар», (әрқайсының жүк көтергіштігі 5,2 мың тонна немесе 350 ЖФЭ).
- MCV класты – «Бүркіт» кемесі, жүк көтергіштігі 5,2 мың тонна, үш буксир — «Талас», «Ембі» және «Ырғыз» (гактағы тартым 40 тонна).

Мұнайды теңіз арқылы тасымалдаудың негізгі бағыттары:

- Каспий теңізі акваториясындағы бағыттар
- Қара және Жерорта теңіздеріндегі бағыттар

#### Тасымалдау көлемі


2022 жылы теңіз арқылы мұнай тасымалдаудың жалпы көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 512 мың тоннаға азайып, 9 343 мың тоннаны құрады. Мұнайды теңіз арқылы тасымалдау көлемінің төмендеуі мұнайды Петромидия зауынанан ҚМГ Трейдингтің тиеу көлемінің азаюымен байланысты.

2022 жылы қыркүйек айында «Сұңқар» көпфункционалды қосалқы кемесі контейнерлік кеме ретінде жаңғыртылып, қайта жабдықталды. Контейнерлік жүктерді тасымалдау «Ақтау-Баку-Ақтау» фидерлік желісінде жүзеге асырылады.

2022 жылы қараша айында «Бүркіт» кемесін контейнерлік кеме етіп қайта жабдықтау жұмыстары бастады.

2022 жылы желтоқсан айында ҚМГ-нің инвестициялық комитеті «Дедвейт көлемі 8 000 тонна екі мұнай құятын танкерлерді сатып алу» жобасын іске асыруды мақұлдады.

Тасымалдау көлемі, мың тонна



● Қара және Жерорта  
● Каспий

ҚТКФ – Қазақстан Республикасының ұлттық теңіз тасымалдаушысы.

## МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ

**22,1** млн тонна

мұнай мен конденсатты өткізу көлемі, оның ішінде мұнай экспорты 13,7 млн тонна, ішкі мұнай жеткізу көлемі 8,4 млн тонна

**19,9** млн тонна

сұйық көмірсутек шикізатын қайта өңдеу, оның ішінде Қазақстанда өндірілген 14,3 млн тонна рекордтық көрсеткіш, Румынияда 5,6 млн тонна

Бүгінгі таңда Компанияның Қазақстан Республикасы мен Румыниядағы мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту бойынша ірі жобалары аяқталды. Жаңғырту жұмысының нәтижесінде мұнай өңдеу тереңдігінің жаңа деңгейіне қол жеткізілді. 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегия аясында мынадай мақсаттар белгіленді:

- қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында өңдеу тереңдігінің көрсеткішін кемінде 89%-ға жеткізу;
- қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында маржиналдығы жоғары мұнай химия өнімдерін шығару көлемін өсіру;
- KMG-і тиімділігін жоғарылату үшін қызметін жүргізетін елдерде ЖМҚС санын ұлғайту есебінен компанияның вертикалды интеграциясын кеңейту.

### Мұнай мен конденсат маркетингі

2022 жылы ҚМГ өзі өндірген мұнай мен конденсатты өткізу көлемі 22 126 мың тоннаға жетті, оның ішінде мұнай экспорты — 13 712 мың тонна, ішкі мұнай жеткізу көлемі — 8 415 мың тонна. Ел ішінде жеткізу көлемі Қазақстандағы ҚМГ-нің МӨЗ-деріне жеткізуді толығымен қамтиды: 3 043 мың тонна — АМӨЗ-ге, 3 340 мың тонна — ПМХЗ, 1 568 мың тонна - ПҚОП.



ҚМГ мұнайы мен конденсатын сату, мың тонна

Активтер	2020			2021			2022		
	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы
Операциялық активтер <sup>1</sup>	7 524	6 849	14 373	6 126	7 916	14 042	5 472	8 412	13 884
Соның ішінде ЕТҰ <sup>2</sup>	4 911	3 514	8 428	3 805	4 458	8 262	3 173	4 907	8 080
Мегажобалар <sup>3</sup>	7 637	2	7 639	7 619	0	7 619	8 240	3	8 243
<b>Барлығы</b>	<b>15 161</b>	<b>6 851</b>	<b>22 012</b>	<b>13 745</b>	<b>7 916</b>	<b>21 661</b>	<b>13 712</b>	<b>8 415</b>	<b>22 126</b>

Өңдеуші активтер

ҚМГ активтерінің құрылымында сұйық СКШ-ны, негізінен мұнай өңдеуді Қазақстанда төрт МӨЗ және Румынияда екі МӨЗ жүзеге асырады.



Мұнай мен конденсат экспорты

2022 жылдың маусым айынан бастап барлық қазақстандық жүк жөнелтушілер мұнайды КЕВСО (Kazakhstan Export Blend Crude Oil) маркасымен ресімдей бастады, 2022 жылдың 1 қарашасында әлемдік Platts агенттігі КЕВСО мұнайының бағасын жеке белгілей бастады. Ресей мұнайына санкцияның салынуы және нарықта Urals мұнайына сұраныстың төмендегені кезінде КЕВСО мұнайына бағаның белгіленуі тұрақты оң динамиканы көрсетіп келеді.

Brent маркалы мұнайдың бағасымен есептеліп, мемлекеттік бюджетке төленуі тиіс төлемдерге келсек, экспортқа мұнай сатудың шығыны 2022 жылы мұнайға әлем бағасының өсуі есебінен ұлғайды.

Мұнай мен конденсатты ішкі нарыққа жеткізу

Мемлекет басшысының мұнай өңдеу зауыттарын аралас схемаға көшіру жөніндегі тапсырмасын және Үкіметтің осы бағыттағы бұдан кейінгі тапсырмаларын орындау үшін ҚМГ «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына Қазақстан мұнай өңдеу зауыттарына мұнай жеткізуге қатысты қазіргі кезде енгізіліп жатқан түзетулерді назарға ала отырып, мұнай өңдеу зауыттарын аралас схемаға көшіру бойынша жұмыс атқарып жатыр.

Аралас схема бойынша және Заңға түзетулерге сәйкес жер қойнауын пайдаланушымен (ЖҚП) байланысты тұлға төменде көрсетілген талаптардың кемінде біреуін сақтаған кезде ғана мұнай жеткізушісі болып танылады:

- жер қойнауын пайдаланушының акцияларының (қатысу үлесінің) елу және одан да көп пайызы мұнай жеткізушіге тиесілі;
- мұнай жеткізушінің акцияларының (қатысу үлесінің) 50 және одан да көп пайызы жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі;
- мұнай жеткізуші мен жер қойнауын пайдаланушыны оған/оларға мұнай жеткізушінің және жер қойнауын пайдаланушының акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы ікелей немесе жанама түрде жиынтықты тиесілі тұлға/тұлғалар басқарады.

ҚМГ-нің өз мұнайынан мұнай өнімдерін өндіруге шикізат ӨМГ, ЕМГ, ҚТМ мен ӨО кәсіпорындарынан АМӨЗ, ПМХЗ және ПҚОП-қа жеткізіледі. Өңделіп шығарылған мұнай өнімдері ішкі нарық пен экспортқа көтерме бағамен өткізіледі.

ҚМГ-нің мұнай өңдеу зауыттары

Көрсеткіш	Қазақстан				Румыния	
	АМӨЗ	ПМХЗ	Шымкент мұнай өңдеу зауыты (ПҚОП)	Caspri Bitum	Петромидия	Beга
Орналасқан жері	Атырау	Павлодар	Шымкент	Ақтау	Нэводарь	Плойешть
Пайдалануға берілген жылы	1945	1978	1985	2013	1979	1905
Өңдеудің жобалық қуаты, млн тонна	5,5	6,0	6,0	1,0	6,0 <sup>1</sup>	0,5
2022 жылы өңделген КСШ көлемі, млн тонна	5,2	5,5	6,2	0,9	5,3 <sup>2</sup>	0,4
2022 жылғы жүктемесі, %	95	92	103	90	88 <sup>3</sup>	75
ҚМГ-нің иелік ету үлесі, %	99,53	100	49,72	50	54,63	54,63
Нельсон индексі	13,9	10,5	8,2	—	10,5	—
2022 жылы өндірілген ашық түсті мұнай өнімдері, %	59	71	76	—	86	—
МӨЗ-дің тең иелері	—	—	CNPC	CITIC	Румыния Үкіметі	Румыния Үкіметі

1 — «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «ПетроҚазақстан Инк.» АҚ, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «ҚазақойлАқтөбе» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Амангелді Газ» ЖШС, «Өріктау Оперейтинг» ЖШС.

2 — «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Өріктау Оперейтинг» ЖШС

3 — «ҚМГ Қашаған Б.В.», «ҚМГ Қарашығанак», «Теңізшевройл» ЖШС

1 — Жобалық қуат жылына 5 млн тонна көлеміндегі мұнайды және жылына 1 млн тонна басқа да КСШ-ны қамтиды.

2 — 4,86 млн тонна — жалпы өңдеу көлемі, бұған шикі мұнайды (3,98 млн тонна), өзге де және баламалы шикізатты (0,88 млн тонна) өңдеу көлемі кіреді.

3 — Соломон әдісі бойынша (Solomon Associates) «Петромидия» МӨЗ-нің жүктемесі — 97,5%.



Өңделген КСШ-нің шоғырландырылған көлемі	2020	2021	2022
<b>Қазақстандағы МӨЗ-дер:</b>			
АМӨЗ	5 016	5 473	5 224
ПНХЗ	5 004	5 407	5 480
ПҚОП (50%)	2 397	2 582	3 103
Caspi Bitum (50%)	433	464	461
<b>Қазақстандағы МӨЗ-дер бойынша барлығы</b>	<b>12 849</b>	<b>13 927</b>	<b>14 269</b>
<b>Румыниядағы МӨЗ-дер</b>			
Петромидия	4 864	4 586	5 258
Вега	364	321	373
<b>Румыниядағы МӨЗ-дер бойынша барлығы</b>	<b>5 228</b>	<b>4 907</b>	<b>5 631</b>
<b>Жиыны</b>	<b>18 077</b>	<b>18 833</b>	<b>19 900</b>

Өндірілген мұнай өнімдерінің шоғырландырылған көлемі	2020	2021	2022
<b>Қазақстандағы МӨЗ-дер:</b>			
АМӨЗ	4 525	4 867	4 647
ПМХЗ	4 609	4 935	5 168
ПҚОП (50%)	2 145	2 352	2 857
Caspi Bitum (50%)	428	460	456
<b>Қазақстандағы МӨЗ-дер бойынша барлығы</b>	<b>11 707</b>	<b>12 614</b>	<b>13 128</b>
<b>Румыниядағы МӨЗ-дер</b>			
Петромидия	4 749	4 831	5 512
Вега	361	320	370
<b>Румыниядағы МӨЗ-дер бойынша барлығы</b>	<b>5 110</b>	<b>4 790</b>	<b>5 142</b>
<b>Жиыны</b>	<b>16 817</b>	<b>17 445</b>	<b>18 639</b>

### Қазақстанда мұнай өңдеу

2022 жылы барлық басты көрсеткіштер бойынша рекордтық нәтижеге қол жеткізілді. Бұл мұнай өңдеу көлемі де, бензин, солярка, авиакеросин өндірісі де. Шығын мен технологиялық жағудың ең төменгі көрсеткіштер анықталды.

2022 жылы Шымкент МӨЗ-і мұнайдың рекордтық көлемін өңдеді – 6 млн тоннадан астам. Зауыт жөндеу аралықтың үш жылдық кезеңіне шықты, жақын арада бұған Атырау МӨЗ-і де қол жеткізеді.

ПМХЗ маңызды жобаларды іске асыруда, соның ішінде елімізде тапшы болып отырған қысқы дизель отын өндіру жобасын қолға алды.



## МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТТАРЫН ДАМУ ТУРАЛЫ ЖОСПАРЛАРЫ

Қазақстандағы МӨЗ-дерде маржиналды өнім өндірісін кеңейту есебінен операциялық тиімділікті арттыруға бағытталған бірқатар бастама жоспарланып отыр.

- 3 жылдық жөндеу аралық кезеңіне көшу бойынша техникалық аудит;
- Энергия мен ресурстарды сақтау және 2031 жылға дейін ауаға зиянды заттардың шығарылуын азайту бойынша мақсатты көрсеткіштері қамтылған іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру.

### АМӨЗ

- Жобалық іздестіру жұмыстары (риформинг қондырғысының жұмыс қабілетін қалпына келтіру, газ-турбиналық электр стансасының құрылысы, Prime D гидротазарту мен депарафинизациялау қондырғысының өнімділігін кеңейту, АТҚҚ-да құюға толығымен ауысу үшін жаңа сорғы станциясын салу, тікелей айдалған нафта мен КГФ-ны ағызу эстакадасының құрылысы).
- Техникалық экономикалық негіздеме (баяу кокстеу қондырғысын реконструкциялау, деасфальттау қондырғысын салу).
- Теңіз кен орнының мұнайын өңдеуге қабылдау үшін резервуарларда мұнайды есепке алудың коммерциялық түйінін және понтондарды монтаждау.
- «Тазалық», «АМӨЗ-дің механикалық тазарту құрылыстарын реконструкциялау», «Булану алқаптарын реконструкциялау» жобасын аяқтау.

### ПМХЗ

- «Депарафиндеу блогымен біріктіре отырып, дизель отынын гидротазалау қондырғысын реконструкциялау» жобасының ЕРС мердігерін анықтау.
- «Сұйытылған көмірсутек газын тазарту қондырғысының құрылысы» жобасына құрал-жабдық сатып алу және құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталуы.

### ПҚОП

- «ПҚОП-тың өндіріс қуаттарын кеңейту» (зауыт қуатын жылына 9 немесе 12 млн тоннаға дейін ұлғайту) жобасы бойынша алдын ала техникалық экономикалық негіздеменің аяқталуы.

### CASPI BITUM

- Жылына 1,0 млн тонна мұнай өңдеу бойынша жобалық қуатқа шығу жоспарланған.
- «Caspi Bitum» ЖШС қуатын арттыру» жобасы бойынша алдын ала техникалық экономикалық негіздеменің қорытындысын алу.
- Caspi Bitum» ЖШС қуатын арттыру» жұмыс жобасын әзірлеуді бастау.





- Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде мұнай, газ, мұнай өнімдерін және жанар-жағармай материалдарын (бұдан әрі – ЖЖМ) сатып алу мен өңдеу, соның ішінде табиғи монополия саласын қоспағанда, мұнай мен мұнай өнімдерін, көмірсутек пен оларды өңдеу өнімдерін дайындау, сақтау, маркетинг пен сату, үлестіру, импорт пен экспорт, материалдық техникалық қамтамасыз ету;
- мұнай өнімдерін сатып алу, сақтау және ауыстырып тиеу.
- мұнай өнімдерін тасымалдау.

«PETROSUN» ЖШС мақсаттары – Қазақстан Республикасының мұнай өнімдері нарығында тиімді жұмыс істеу, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ЖЖМ-ды мұнай өнімдерінің ішкі нарығы мен экспортқа сатқан кезде барынша көп табыс табу.

«PETROSUN» ЖШС сатып алған шикі мұнайды мына мұнай өңдеу зауыттарында өңдейді:

1. «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (үлесі 72%);
2. «Павлодар мұнай-химия зауыты ЖШС (үлесі 41%);
3. «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (үлесі 29%).

«PETROSUN» ЖШС жоғарыда аталған МӨЗ-дерден алынған мұнай өнімдерін көктемгі және күзгі дала жұмыстары кезінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер-операторларға, локомотив бөлімшелердің қажетілігін өтеу үшін «ҚТЖ – жүк тасымалы» АҚ-ға, Қазақстан Республикасының ірі ЖМҚС желілеріне, биржадағы сауда-саттық арқылы сатып алушыларға, қала құраушы өнеркәсіптік кәсіпорындарға өткізеді.

Қазіргі уақытта ҚР МӨЗ-деріне мұнай жеткізу мен өңдеу аралас схема бойынша жүріп жатыр, яғни

мұнай өңдеу зауыттарына мұнайды жеткізу мен өңдеуді тікелей жер қойнауын пайдаланушылар, жер қойнауын пайдаланушылармен үлестес және өзара байланысты маркетинг құрылымдары және мұнай өнімдерін өндіруші – МӨЗ-дің өзі жүзеге асырады. МӨЗ мұнай өңдеу қызметтерін көрсетіп, ары қарай МӨЗ-ден тиіп әкету үшін мұнай иелеріне (ресурс ұстаушылар) мұнай өнімдерін қайтарады немесе әрі қарай зауыттан жөнелту үшін мұнай өнімдерін өзі сатады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «PETROSUN» ЖШС мұнай өнімдерін өткізудің ішкі көтерме нарығында басым орынға ие, жалпы сату көлемінен ортақ үлесі АИ-92 автобензині бойынша – 91,3%, АИ-95 автобензині – 71,4%, дизель отыны – 81% (2021 жылдың қазан айы мен 2022 жылдың қыркүйек айы аралығында).

### ҚМГ мұнайынан мұнай өнімдерінің өндірісі және маркетинг

ҚМГ мұнайынан мұнай өнімдерін өндіру үшін шикізат ӨМГ, ЕМГ, ҚТМ және ӨО компанияларынан АМӨЗ, ПМХЗ және ПҚОП-қа жеткізіледі. Өңдеуден кейін мұнай өнімдері көтерме нарық бағаларымен ішкі нарықта және экспортқа сатылады.

2022 жылы ӨМГ, ЕМГ, ҚТМ және ӨО өңдеуге 4 966 мың тонна мұнай, оның ішінде АМӨЗ-ге 2 363 мың тонна, ПМХЗ-ға 1 992 мың тонна және ПҚОП-қа 611 мың тонна жеткізді. МӨЗ-дер 4 893 мың тонна мұнай өнімін өндірді,

бұл ретте ашық түсті мұнай өнімдерінің өндірісі 60%, қара түсті мұнай өнімдері – 22%, мұнай-химия өнімдері - 0,8% және өзге де мұнай өнімдері 17%-ды құрады.

### 2022 жылы МӨЗ-дерде ҚМГ мұнайынан мұнай өнімдерінің өндірісі, мың тонна

Мұнай өнімдері	АМӨЗ	ПМХЗ	ПҚОП	Барлығы	2022 жылғы 12 айда мұнай өнімдерінің орташа көтерме бағасы, бір тоннаға теңгемен
Ашық түсті <sup>1</sup>	1 284	1 241	426	2 951	191 453,50
Қара түсті <sup>2</sup>	646	327	99	1 071	181 615,34
Мұнай химиясы <sup>3</sup>	38	0	0	38	405 172,46
Басқалары	362	392	80	834	37 837,07
<b>Барлығы</b>	<b>2 329</b>	<b>1 960</b>	<b>604</b>	<b>4 893</b>	<b>166 674,85</b>

1 — Автобензин, дизель отыны, авиаотын.  
2 — Мазут, вакуумды газойль, битум, ауыр мұнай шикізаты  
3 — Бензол, параксиллол.

ӨМГ, ЕМГ, ҚТМ және ӨО-дан алынған мұнайды өңдегеннен кейін өндірілген мұнай өнімдерін ҚМГ Қазақстанның МӨЗ-дерінен көтерме саудада өткізеді. 2022 жылдың қаңтар-желтоқсанында 4 908 мың тонна мұнай

өнімдері сатылды, олардың негізгі бөлігін ашық түсті мұнай өнімдері мен мазут (79%) құрады.

Мұнай өнімдерінің басым бөлігі ішкі нарықта сатылды (4 908 мың тоннаның 4 091 мың тоннасы немесе 80%-ы), ал қалған бөлігі

экспортқа жөнелтілді (816 мың тонна). 2021 жылмен салыстырсақ, 2022 жылдың 12 айында ашық түсті мұнай өнімдерін экспорттауға тыйым салуына байланысты сатылған жалпы көлемінен мұнай өнімдерін экспортқа жеткізу үлесі -3%-ға төмендеді.

### Қазақстан Республикасында өндірілген ҚМГ-нің мұнай өнімдерін көтерме бағамен өткізу көлемі, мың тонна

	2021			2022		
	Ішкі нарық	Экспорт	Барлығы	Ішкі нарық	Экспорт	Барлығы
Бензин	1 195	—	1 195	1 333	7	1 340
Дизель отыны	1 291	57	1 348	1 513	—	1 513
Авиациялық отын	120	—	120	161	—	161
Мазут	241	542	783	265	588	853
Вакуумды газойль	—	166	166	—	105	105
Битум	83	—	83	125	—	125
Кокс	79	66	144	56	65	121
Күкірт	3	17	20	5	14	19
Бензол	—	4	4	—	3	3
Параксиллол	—	25	25	—	34	34
Сұйытылған газ	162	1	163	204	—	204
Пеш отыны	4	—	4	—	—	—
Технологиялық отын	382	—	382	408	—	408
Басқалары	18	—	18	22	—	22
<b>Барлығы</b>	<b>3 577</b>	<b>877</b>	<b>4 454</b>	<b>4 091</b>	<b>816</b>	<b>4 908</b>

ҚМГ ауыл шаруашылық дала жұмыстарын жүргізуге дизель отынын жөнелтеді, сондай-ақ әлеуметтік өндірістік нысандар мен мекемелерді жылыту маусымы кезінде мазутпен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар ҚМГ 2022 жылы «ҚМГ-Аэро» ЖШС мен биржадағы сауда-саттық арқылы жергілікті әуежайлар мен авиакомпанияларға, сондай-ақ коммерциялық

компанияларға авиациялық отын сатуды жүзеге асырды. Мұнай өнімдерінің қалған бөлігі ішкі нарық пен экспортқа басқа сатып алушыларға өткізіледі. 2022 жылдың сәуірінде ҚМГ АИ-92 бензинін экспорттады (7 мың тонна). 2021 жылмен салыстырғанда ашық түсті мұнай өнімдері экспорты көлемінің 85%-ға төмендеуіне Қазақстан Республикасының ішкі нарығында

тұтыну көлемінің артқаны себеп болды. Мұнай өнімдерін экспортқа жеткізу құрылымында 2022 жылы қара түсті мұнай өнімдерін Еуропаға жөнелту басым болды. Дизель отыны, мұнай химиясы, кокс, күкірт пен бутан көлемі Еуропа, Қытай, Нигерия, Ресей, Өзбекстан пен Тәжікстанға жеткізілді.

Жеткізу үлесі мен бағыттарға бөле отырып, мұнай өнімдерінің экспортқа өткізілуі

Мұнай өнімдері	2021 жыл			2022 жыл		
	Көлемі, тн	Мемлекет	Үлесі, %	Көлемі, тн	Мемлекет	Үлесі, %
Мазут	541 967	Еуропа	100	585 152	Еуропа	100
ВГО	165 724	Еуропа	100	105 467	Еуропа	100
Тазалығы жоғары параксилол	25 172	Қытай	100	33 763	Қытай	100
Жазғы дизель отыны К4, К5, Е-К4	19 198	Еуропа	34	—	—	—
	28 461	Өзбекстан	50	—	—	—
	9 465	Тәжікстан	17	—	—	—
Бензол	3 523	Ресей	100	1 684	Ресей	53
	—	—	—	1 498	Африка	47
Құңгірт кокс	28 790	Қытай	59	18 066	Қытай	30
	20 121	Ресей	41	42 978	Ресей	70
Күйдірілген кокс	10 819	Қытай	65	780	Қытай	20
	5 918	Ресей	35	3 170	Ресей	80
Күкірт	12 069	Еуропа	71	8 041	Еуропа	59
	4 885	Африка, Ни-герия	29	5 577	Африка	41
Газ (бутан)	489	Тәжікстан	50	—	—	—
	482	Ресей	50	—	—	—
АИ-92 К4 бензині	—	—	—	7 454	Еуропа	100
Техникалық көміртек өндірісіне арналған ауыр мұнай шикізаты	—	—	—	2 630	Ресей	100
<b>Барлығы:</b>	<b>877 083</b>			<b>816 259</b>		

Румынияда мұнай өңдеу

KMG International негізгі қызметі – КСШ өңдеу мен мұнай өнімдерін көтерме және бөлшек саудада өткізу. Шикізатты бастапқы өңдеумен ҚМГИ-дің жеке МӨЗ-і «Петромидия» айналысады, ал қайталама өңдеуді «Вега» МӨЗ-і жүзеге асырады. «Петромидия» мен «Вега» зауыттары мынадай схема бойынша жұмыс істейді: зауыт өзінің балансына КСШ сатып алады, оны өңдейді, содан кейін өзінің ЖМҚС бөлшек желісі арқылы көтерме немесе бөлшек саудада өткізеді.

Сондай-ақ ҚМГИ тығыздығы жоғары және төмен полипропилен мен

полиэтилен (LDPE мен HDPE) өндіретін ірі мұнай-химия кешеніне иелік етеді. Жоғарыда аталғаннан бөлек, ҚМГИ-дің тағы бір еншілес ұйымы – «ҚМГ Трейдинг АГ» шикі мұнай мен ҚМГИ-дің МӨЗ-дерінде, сондай-ақ үшінші тарап өндірген мұнай өнімдерінің трейдингімен айналысады.

2022 жылы Румыниядағы МӨЗ-дерде көмірсутек және өзге де шикізатты өңдеу көлемі 5 631 мың тоннаны, ал мұнай өнімдерінің өндірісі 5 512 мың тоннаны құрады. Көрсеткіштер 2021 жылмен салыстырғанда орта есеппен, тиісінше,

14,8%-ға және 14,1%-ға артты. Алдыңғы жылмен салыстырғанда шикі мұнайды өңдеу мен мұнай өнімдерінің өндірісінің көлемі

Көрсеткіштер 2021 жылмен салыстырғанда орташа есеппен 14,8 және 14,1% - ға өсті, шикі мұнайды өңдеу көлемінің және мұнай өнімдері өндірісінің ұлғаюына өткен жылмен салыстырғанда 2021 жылғы сұраныстың төмендеуіне байланысты импорттық SRGO өңдеу көлемінің азаюына әкелген пандемия кезіндегі шектеу шаралары, сондай-ақ 2021 жылдың шілдесінде «Петромидия» МӨЗ-де болған оқиға (зауыттың тоқтауы) себеп болды.


«Петромидия» МӨЗ-нің өңдеу маржасы

Өлшем бірлігі	2020	2021	2022
Тоннасына АҚШ доллары	-5	7,2	135
Барреліне АҚШ долларымен <sup>3</sup>	-0,7	1	17,8

ҚМГ үлесіне мұнай өнімдері өндірісінің көлемі, мың тонна


Зауыт	2020	2021	2022
Петромидия	4 749	4 470	5 142
Ашық түсті <sup>1</sup>	4 009	3 590	4 075
Қара түсті <sup>2</sup>	575	530	889
Басқасы	165	152	178
Вега	361	320	370
Қара түсті	123	93	100
Басқасы	238	226	270
<b>Барлығы</b>	<b>5 110</b>	<b>4 790</b>	<b>5 512</b>

ҚМГ үлесіне КСШ өңдеу көлемі, мың тонна



	2020	2021	2022
Петромидия	4 864	4 586	5 258
Вега	364	321	373

2022 жылы Urals сортының шикі мұнайына белгіленген баға мен өндірілген мұнай өнімдеріне (бензин, дизель, нафта, сұйытылған газ, авиаотын, мазут, пропилен, күкірт және мұнай коксы) белгіленген баға арасындағы айырма ретінде есептелген «Петромидия» МӨЗ-нің өңдеу маржасы барреліне 135 долларды құрады. Бұған Украинадағы қақтығыстан және одан кейінгі оқиғалардан соң нарықтың теңгерімсіз құрылымы себеп болды.



- 1 — Бензин, дизель отыны, авиаотын және сұйытылған газ.
- 2 — Мұнай коксы коксы, мазут, газолин.
- 3 — Тоннаны баррельдеу үшін 7,6 коэффициенті қолданылды.



# МҰНАЙ ХИМИЯСЫ

ҚМГ Қазақстан Республикасы Үкіметінің мұнай-газ химиясы саласын дамыту жөніндегі қолдауын ескеріп, отандық мұнай-газ химиясы саласын дамыту процесіне белсенді тартылатын болады, ол ұлттық экономиканың өсуіне серпін әкеледі, өйткені мұнай-газ химиясы бүкіл ел үшін мультипликативтік әсер етеді.

## Полипропилен

### КРІ Инс. туралы

«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС («Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк.») – Атырау облысындағы алғашқы интеграцияланған газ-химия кешенін салу жобасының бірінші кезең операторы. Серіктестік өз қызметін 2008 жылы бастады. Серіктестік аумағында жоба іске асырылатын «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркi» арнайы экономикалық аймағының қатысушысы. Серіктестіктің қысқартылған атауы: «КРІ Инс.» (бұдан әрі — КРІ).

Жобаның үлескерлері: 49,5 % — «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ; 49,5 % — Samruk-Kazyna Ondeu (Samruk-Kazyna Ondeu компаниясының жалғыз үлескері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры) АҚ, Samruk-Kazyna Ondeu Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша химия саласындағы жобаларды іске асыру үшін құрылды); 1% — «Фирма Алмэкс Плюс» ЖШС — жеке меншік инвестор, бұл компания Қазақстанның ең ірі холдинг тобы – «АЛМЭКС» холдинг тобы» акционерлік қоғамына қарасты.

2018 жылдың шілдесінде ҚМГ «КРІ Инс.» ЖШС-ін полипропилен өндіретін кешенді салу бөлігінде сенімгерлік басқаруға қабылдады. Бұл шараның мақсаты – ҚМГ-нің ауқымды жобаларды салу саласындағы жинақталған тәжірибесі мен сараптамасын ескере отырып, аталмыш инвестициялық жобаны басқару.

2022 жылғы 13 маусымда ҚМГ бизнесті әртараптандыру және өнім портфелін кеңейту, атап айтқанда болашақта компанияның негізгі драйверлерінің бірі болатын мұнай-газ-химия жобаларын дамыту жөніндегі өзінің стратегиялық мақсаты аясында «КРІ Инс.» ЖШС-нің 49,5% үлесін сатып алды.

2022 жылғы қарашада «Самұрық-Қазына» АҚ мен «СИБУР Холдинг» ЖАҚ арасында «КРІ Инс.» ЖШС жарғылық капиталындағы 40% үлесті иелену туралы сатып алу шарты кейінге қалдыру талаптарымен жасалды. Кейінге қалдыру шарттарында инфрақұрылымдық қорытынды, маркетингтік талаптар және рұқсат актілері бар. 2023 жыл ішінде кейінге қалдыру шарттары орындалады деп күтілуде.

Атырау облысында біріккен газ-химия кешені құрылысының бірінші кезеңі шеңберінде 2022 жылғы қарашада КРІ полипропилен өндірісі ресми түрде іске қосылды. Кешеннің қуаты – жылына 500 мың тонна полипропилен, ол машина жасауда, медицинада және электротехникада негізгі шикізат ретінде пайдаланылады, орау материалдарын, ыдыстарды, талшықтарды, құбырлар мен ыстық сумен жабдықтауға арналған фитингтерді, ұйымдастыру техникасы мен тұрмыстық электрониканы, халық тұтынатын тауарларды, бақша және кеңсе жиһаздарын өндіру үшін қолданылады. Қазіргі кезде полипропилен жөнелтілуде.

КРІ жобасында заманауи технологиялар қолданылған – бұл кәсіпорынның толық цифрлы болуына мүмкіндік береді, мамандандырылған АТ-шешімдер мен корпоративтік есепке алу жүйелері операцияларды жоспарлаудан бастап дайын өнімді түпкілікті тұтынушыға сатуға дейінгі барлық деректердің есебін жоғары дәлдікпен жүргізуге мүмкіндік береді.

Кәсіпорындағы өндіріс барлық экологиялық талаптарға толық сай келеді. Шикізат – бұл зиянды қоспалардан тазартылған пропан, ол өндіріс тізбегі бойынша пропиленге, содан кейін полипропиленге айналады. Осы процестер барысында күкіртті сутегі, күкіртті ангидрид және хош иісті көмірсутектер сияқты қауіпті зиянды заттар түзілмейді.

Кешен суды тұтыну тұрғысынан да экологиялық таза - оның технологиялық процестер үшін айналмалы сумен жабдықтаудың тұйық циклі бар. «Karabatan Utility Solutions» ЖШС тазарту құрылыстары кешенімен бірігуі арқасында ағынды суларды толығымен утилизациялау және оларды қайта пайдалану есебінен су тұтынуды азайту мәселесі шешілуде.

### Мұнай химиясы саласындағы ҚМГ жобаларының негізгі мақсаттары:

- Қазақстан Республикасында алғашқы газ-химия кешенін салу және мұнай-химия кластерін құру;
- мұнай-химия өнімдерін өндіретін кешен үшін қолда бар үлкен көлемдегі газды пайдалану;
- қосылған құны жоғары экспортқа бағдарланған өнімдер шығару;
- өнеркәсіп салаларын әртараптандыру үшін полимерлер өндіру.



### Компанияны құру тарихы

2018 жылы EPC-мердігер анықталды — China National Chemical Engineering, Co (ҚХР), қарыз қаржыландыру тартылды (Қытай даму банкінен 20 жыл мерзімге жылдық 5,8 % мөлшерлеммен 2 млрд АҚШ доллары). Сол жылы 28 маусымда жоба «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға сенімгерлік басқаруға берілді. Шілде айында Бас жоспар бекітіліп, жобаның 3D моделін әзірлеудің 30% аяқталды. 28 тамызда пропан мен пропилен сплиттерін

— ең үлкен бағанды (биіктігі — 105 м, диаметрі — 8,4 м, салмағы — 1,1 мың тонна) дайындауға тапсырыс «Атырау Мұнайгаз» ЖШС-не берілді. 5 желтоқсанда уақытша қалашықтың бірінші кезені салынып бітті, Тапсырыс беруші мен мердігердің қызметкерлері Қарабатанға көшті. 25 желтоқсанда 45 нысанда 18 124 қадаларды орнату жұмыстары аяқталды

2019 жылдың қаңтарында зауыттың

3D моделін әзірлеу бойынша жұмыстың 60%-ы аяқталды. 2019 жылғы 26 сәуірде Бейжіңде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «КРІ Инс.» ЖШС басшылығының және China National Chemical Engineering, Co (CNCEC) басшылығының қатысуымен «Атырау облысында біріккен газ-химия кешенінің құрылысы (I кезең-полипропилен өндірісі)» жобасы бойынша есеп беру кеңесі өтті. ҚМГ мен CNCEC басшылығының екіжақты кездесуі




**ПРОПАН ЖЕТКІЗУШІСІ**




**ПРОПАНДЫ СУСЫЗДАНДЫРУ ҚОНДЫРҒЫСЫ**



**ПРОПИЛЕНДІ ПОЛИМЕРЛЕУ ҚОНДЫРҒЫСЫ**



**ДАЙЫН ӨНІМ ҚОЙМАСЫ**



ТЕХНИКАЛЫҚ ГАЗ ӨНДІРЕТІН ҚОНДЫРҒЫ

ГАЗ ТУРБИНАЛЫҚ СТАНЦИЯ

СУ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ СУ ТАЗАРТУ БЛОҒЫ

## ЗАУЫТ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

### Полиэтилен

Полиэтилен өндірісі бойынша интеграцияланған газ-химия кешені құрылысының екінші кезеңі шеңберінде 2022 жылғы 7 қарашада «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «СИБУР» ЖАҚ арасында «Полиэтилен» (ПЭ) жобасына кіру бойынша міндетті құжаттамаға қол қойылды. Осылайша, әлемдегі полимер өндірушілердің үздік бестігіне кіретін және осындай ауқымды жобаларды табысты іске асыруда айтарлықтай тәжірибесі бар стратегиялық серіктес анықталды. Жоба операторы «Силлено» ЖШС жобаны FEED кезеңіне өтуін жүзеге асырады. Жобаның жобалық қуаты жылына 1 250 мың базалық мұнай химия өнімін құрайды. Жобаны іске асырудың болжамды мерзімі – 2028 жыл.

Сонымен қатар, жобаны іске асырудың басты талабы – ПЭ жобасын шикізатпен (этанмен) қамтамасыз ету. Осыған байланысты «Теңізшевройл» ЖШС-мен бірлесіп, құрғақ газдан этан алу үшін қажетті инфрақұрылым – қуаты 9,7 млрд м3 газ бөлу кешенін (ГБК) салу мәселесі пысықталуда. Сонымен қатар ГБК үшін мемлекеттік жеңілдетілген қаржыландыруды тарту мәселесі де пысықталуда.

ПЭ жобасы «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған тұрақты экономикалық өсу» ұлттық жобасы шеңберінде іске асырылуда және ҚМГ-нің ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарына сай келеді. Олар, басқалармен қатар, қосылған құн тізбегінің тиімділігін арттыруды, бизнесті әртараптандыруды және көмірсутек шикізатынан өндірілетін өнімдер портфелін кеңейтуді қамтиды.

ҚМГ мен Қазақстанның барлық мұнай-газ саласының негізгі міндеттерінің бірі – әсіресе ірі мұнай-газ жобаларында (Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ) кері айдалатын ілеспе газды өңдеу және коммерцияландыру. Осы салада Қазақстанда бірқатар жобалар іске асырылуда, соның ішінде Теңіз кен орнынан алынатын газдан пропан (полипропилен өндірісі), этан (полиэтилен өндірісі) және бутан (бутадиен өндірісі) өңдеу, сондай-ақ Қашаған кен орнында газ өңдеу зауыттарын салу бойынша жобалар.

Шикізат өндірісіне жақын жерде тиімді орналасудан басқа, ПЭ жобасының негізгі бәсекелестік артықшылықтары:



1. шикізат құрамында этан фракцияларының жоғары деңгейде болуы (14%-ға дейін);
2. шикізат құны;
3. бірнеше жобаға бөлу есебінен инфрақұрылым шығының арзан болуы;
4. тиімді орналасуы және негізгі өткізу нарықтарына қолжетімділігі;
5. ҚМГ-нің өңдеу қуаттарын жаңғырту мен салу бойынша уақымды жобаларды іске асырудағы жинақталған мол тәжірибесі мен сараптамасы.

Полиэтилен және этилен сополимерлері халық шаруашылығында кеңінен қолданылатын бірқатар өнімдерді өндіруде негіз шикізат болады: газ құбырлары, ыстық және суық сұйықтық, фитингтер, барлық маркалы пленкалар (тамақ, орау, пакеттер және т. б.), талшықтар, тоқыма емес материалдар, монофиламенттер, пленка жіптері, орау материалдары, техникалық, тұрмыстық және тұрмыстық бұйымдар медициналық мақсаттағы бұйымдар, азық-түлікке арналған бұйымдар, ойыншықтар және т. б. үлкен және шағын мөлшердегі әртүрлі ыдыстарды, паллеттерді, жәшіктерді және т. б. жасауда қолданылады.

Түйіршікті полиэтилен қауіпті емес, улы емес өнімдерге жатады. Бөлме температурасында ол қоршаған ортаға улы заттарды шығармайды және тікелей байланыста болған кезде адам ағзасына зиянды емес. Онымен жұмыс істеу арнайы сақтық шараларын қажет етпейді. Алайда, ингаляция кезінде және өкпеге енген кезде полимердің ұсақ шаңы баяу талшықты өзгерістер тудыруы мүмкін. Полиэтиленнің электр өткізгіштігінің төмен болуына байланысты онда статикалық электр зарядтары пайда болуы мүмкін.

Тұрақты күйдегі полиэтилен қоршаған ортаға қауіп төндірмейді, өйткені ол қоршаған орта температурасында басқа заттар немесе факторлар болған кезде ауа ортасында және ағынды суларда улы қосылыстар түзе алмайды. Полиэтилен және оған кіретін қоспалар озонды бұзатын заттар емес.

Дайын өнімді ішкі нарықта да, экспортқа да сату жоспарлануда. Қазақстандық ішкі нарықтың сыйымдылығы жылына шамамен 180 мың тонна полиэтилен ретінде бағаланады, жыл сайын күтілетін өсім орташа есеппен 4%-ға артады. Мақсатты экспорттық нарықтарға ТМД елдері, Қытай, Түркия және Еуропа елдері кіреді, осы елдерде полиэтилен тұтыну, оның ішінде импорт есебінен де өседі деп күтілуде. Қазақстан Азия мен Еуропаның көлік дәліздерінің қиылысында орналасқан, тиімді сауда-экономикалық және стратегиялық позицияларға ие.

Қазіргі уақытта халықаралық стандарттар бойынша ПЭ жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі дайындалды, ал биыл жобалық-сметалық құжаттама әзірленеді деп күтілуде.

Осы саладағы әлемдік көшбасшылармен – Chevron Phillips Chemical және Univation Technologies компанияларымен MarTECH® ADL және UNIPOL™ PE Process технологияларын пайдалануға лицензиялық келісімдерге қол қойылды, бұл өнімдердің көптеген түрлерін, соның ішінде бүкіл әлемде тұрақты жоғары сұранысқа ие жоғары тығыздықты премиум полиэтиленін өндіруге мүмкіндік береді.

Техникалық күрделілігін, жоғары капитал сыйымдылығын және басқа да бірқатар факторларды ескере отырып, ПЭ жобасын саланың басқа ойыншыларымен бірлесіп жүзеге асыру жоспарланып отыр, бұл оның барлық үлескері үшін оң синергетикалық әсер етеді.

ПЭ жобасын қаржыландыру құрылымы пысықтау сатысында, қарыз және меншікті қаражаттың жиынтығын көздейді

ПЭ жобасы іске асырудың ең бастапқы сатысында және ол бойынша түпкілікті инвестициялық шешім барлық объективті факторларды, оның ішінде өтелімділігі мен экономикалық орындылығын ескере отырып қабылданатын болады. Экономикалық орындылығын бағалау үшін ҚМГ-да инвестициялық жобалардың ең төменгі кірістілігі мен өтімділігіне қойылатын талаптар бар.

ПЭ жобасын іске асыру ел үшін елеулі әлеуметтік-экономикалық пайда әкеледі. Зауыт өңірдегі әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға және жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал ететін болады. Атап айтқанда, құрылыс кезеңінде шамамен 8 мың жұмыс орны, ал пайдалану кезеңінде 875 тұрақты орын ашылады. Елдің ЖІӨ-ге қосатын үлесі 1,2% деңгейінде бағаланады.

Оң шешім қабылданған жағдайда ПЭ жобасын іске асыру технологиялық және маржасы жоғары өнім шығару есебінен компания бизнесінің тиімділігін арттыруға және әртараптандыруға, сондай-ақ тұтастай алғанда ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға мүмкіндік береді.

## СЕРВИСТІК ЖОБАЛАР

ҚМГ өндірістің ағымдағы деңгейін қолдау, жаңа жобаларды дамыту және бәсекеге қабілеттілікті арттыру арқылы сервистік бағыттарды үйлестіреді, сондай-ақ қызметін жүзеге асыратын өңірлерде әлеуметтік тұрақтылықты сақтаудағы өзінің жетекші рөлін ескереді. Мұнай сервисі әлеуметтік сезімтал бағыт екенін атап өткен жөн. Мұнай сервистік қызметтің жекелеген бағыттары тиімсіз, сондықтан олар ағымдағы өндірістік қажеттілікке қарамастан қызметкерлер санын сақтай отырып және ұжымдық шарт шеңберіндегі барлық міндеттемелерді: төлемдер, медициналық сақтандыру және біліктілікті арттыру шығындарын орындай отырып, қосымша шығындарға ұшырайды.



## Сервистік инфрақұрылым

ҚМГ сервистік қызметін 11 негізгі компания қамтамасыз етеді.


Сервистік қызметтің бағыттары:

- мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау және игеру;
- ұңғымаларды жерасты және күрделі жөндеу;
- жүк және жолаушыларды тасымалдау, кен орындарда көліктік-технологиялық қызмет көрсету;
- электр қондырғылары мен катодтық қорғаныс құралдарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу, баптау және сынау, электр жабдықтарын іске қосу-жөндеу жұмыстары және ағымдағы жөндеу;

- жерүсті және теңіз бұрғылау қондырғыларын пайдалану, мұнай және газ өндіруді жоба-лау, бұрғылау қызметтері;
- өлшеу құралдарына, автоматика және телемеханика жүйелеріне техникалық қызмет көрсету, мұнай кәсіпшіліктерінде телекоммуникация, радиобайланыс, кабельдік, спутниктік теледидар қызметтерін ұсыну; өлшеу құралдарын тексеру және жөндеу; күзет сигнализациясына техникалық қызмет көрсету;
- көліктің GPS мониторингі бойынша қызмет көрсету;
- мұнай тасымалдау үшін болат және шыны-пластикалық құбыр салу, газ құбырларын

- салу және мұнай және айдау ұңғымаларын жайластыру;
- мұнай құбырларын, су ағызғысы мен автожолдарды қайта реконструкциялау;
- ауыз су өндіру және тасымалдау, теңіз суын тасымалдауды қамтамасыз ету;
- тамақтандыру ұйымдастыру, әлеуметтік объектілерге қызметтерін көрсету және басқалар.

Өндірістің ағымдағы деңгейін қолдау мақсатында ҚМГ тиімді өндірістік процесті қамтамасыз ету, қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту, негізгі құралдарды жаңарту бойынша іс-шараларды жыл сайын өткізеді.



Өндірістік қатынастарды (Industrial relations — IR) дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау аясында «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобында барлық мұнай сервистік ЕТУ-да 2022 жылдың басынан бері IR топтары/бөлімдері ашылды және тиісінше өз компаниялары мен мердігерлік ұйымдарында өндірістік қатынастарды дамытуға жауапты қызметкерлер тағайындалды. Өндірістік қатынастарды дамытудың мақсаты – қолайсыз әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларға және жұмыс орнындағы зорлық-зомбылықтың барлық түрлеріне нөлдік төзімділікпен қолайлы еңбек жағдайларын жасау, ішкі коммуникацияларды және мердігер ұйымдармен тиімді өзара іс-қимылды дамыту.

көшбасшыларының қатарына кіруге жол ашады және әлемдік критерийлерге сәйкес өндірістік персоналдың кәсіби дайындық деңгейін арттырады.

Алдағы уақытта ҚМГ 2022 жылы және одан кейінгі жылдарға арналған мұнай-сервистік бағытты қолдау және дамыту үшін мұнай өндіруді ұлғайтуға ықпал ететін мұнай-сервистік қызметтердің сапасын арттыру мақсатында мынадай стратегиялық бастамаларды белгіледі:

- мұнай сервистік қызметтердің тиімді мақсатты портфелін қалыптастыру;
- мұнай-сервис компанияларын шығынсыз деңгейіне шығару.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін әртүрлі іс-шараларды жүргізу, соның ішінде бизнес-процестерді автоматтандыру, бөлек есепке алуды енгізу, персонал құзыреттілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі бастамалар, өндірістік қатынастардың тиімді жүйесін құру, өндірістік процестердің тиімділігін арттыру, API Q1 және Q2 сертификаттау қажет.

## Даму жобалары

«Сәтті» өздігінен көтерілетін қалқы-малы бұрғылау қондырғысы (ӨҚБҚ) - әлемдік стандарттарға сәйкес тұтастай Қазақстанда салынған алғашқы бұрғылау қондырғысы. Бұған дейін 2019 жылғы 25 қаңтарда ҚМГ мен SOCAR компаниялар арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға, сондай-ақ операторы BP компаниясы болып табылатын Каспий теңізінің Әзербайжан секторындағы Абшерон құрылымында бұрғылау жөніндегі ӨҚБҚ-ны бірлесіп пайдалануды көздейтін бірлескен қызмет туралы келісімге қол қойды. ӨҚБҚ модификациясы оның жүк көтергіштігін 453 тоннадан 680 тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік берді.

2021 жылдың 15 тамызынан 2022 жылдың 5 маусымына дейін ӨҚБҚ BP компаниясының SWAP құрылымында үш ұңғыманы (N-1, 01-ден тыс, QBDS-01) сәтті бұрғылады. 2022 жылдың 6 маусымында ӨҚБҚ CDC компаниясының айлағына орнатылып, ішінара консервациялау режиміне ауыстырылды (hot stack).

Жобаны іске асыру ҚМГ бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді, теңіз бұрғылау

Жыл бойы бекітілген кестелерге сәйкес мердігерлік ұйымдарда жұмыс орындарына, тұру және тамақтану орындарына аудит жүргізілді, IR-скринингтер жасалды. Сәйкессіздіктерді жою бойынша іс-шаралар жоспарлары жасақталды және орындалды. Жыл бойы IR мамандары бірінші басшылармен бірлесіп мердігер ұйымдардың қызметкерлерімен әлеуметтік жағдайды тұрақтандыру және мердігер ұйымдардың қызметкерлерінің

наразылық көңіл күйін төмендету мақсатында олардың мәселелерін шешу үшін кездесті.

Американдық мұнай институтының сапа менеджменті жүйесінің API Specification Q2 талаптарына сәйкес мұнай сервисі активтерін сертификаттау мұнай сервисі активтері қызметтерінің сапасын API мұнай-газ саласындағы халықаралық стандарттардың озық және танылған практикасына сәйкестік деңгейіне дейін арттыру мақсатында басталды.

SPEC Q2 API стандартының талаптарын енгізу және бейімдеу бойынша жұмыс жүргізілді және сертификаттауға өтінім берілді.

Сертификаттауға дайындалып жатқан мұнай сервистік еншілес мекемелер:

- «Oil Services Company» ЖШС.
- «Oil Construction Company» ЖШС.
- «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС.
- «ӨзенМұнайСервис» ЖШС.

Іске асыру кезеңі:

- 2022–2026 жылдар.



төмендету және жаңа ҚазГӨЗ-ді электрмен жабдықтау бойынша синергияны қамтамасыз ету

Іске асыру кезеңі:

- 2021–2022 жылдар — ТЭН әзірлеу;
- 2023–2023 жылдар — ЖСҚ әзірлеу;
- 2023–2025 жылдар — АЭГС құрылысы.

## Жаңа жобалар

### «Өзенмұнайгаз» АҚ-тың автономды электр генерациялау станциясын (АЭГС) салу

Жоба электр энергиясын сатып алу шығынын азайту, мұнай өндірудің өзіндік құнын төмендету, тасымалдау кезінде электр энергиясының шығынын азайту мақсатында және Маңғыстау облысының энергия жүйесінде авариялық ажыратулар мен қуаттың жетіспеушілігі себебінен мұнай өндіру жоспарлы көлемнен төмен болғандықтан басталды. «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» ЖШС, «МӨЭК» АҚ энергетикалық жүйелерінің тозуы 70%-дан асады, олар 30 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылып келеді, өңірде генерациялайтын қуаттардың тұрақты тапшылығы

байқалады. «Өзенмұнайгаз» АҚ-та энергиямен жабдықтаудың резерв көздері жоқ. Осы факторлардың жиынтығы электр энергиясының авариялық ажыратылуына және мұнай кәсіпшіліктерінің жаппай тоқтап қалуына әкеледі, мұнай кәсіпшілігі объектілерінің технологиялық жұмыс режимі бұзылады және мұнай тапшылығы жүйелі түрде қалыптасады. Жобаның мақсаты – «Өзенмұнайгаз» АҚ мұнай өндіру объектілерін үздіксіз және тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету, электр энергиясының құнын төмендету есебінен мұнай өндірудің өзіндік құнын

### Теңіз суын тұщыту зауытын салу (ТСТЗ)

Теңіз суын тұщыландыру зауытын салу жобасы жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына және Маңғыстау облысын 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамытудың кешенді жоспарына сәйкес іске асырылуда. Жобаның мақсаты – Жаңаөзен қаласының халқы мен кәсіпорындарын ауыз сумен қамтамасыз ету, сондай-ақ «Астрахан-Маңғыстау» магистралды су құбырына технологиялық жүктемені азайту. Зауыттың жоспарланған жобалық қуаты – тәулігіне 50 мың м3. ТСТЗ құрылысы

Қазақстанның батыс өңірлерін сумен қамтамасыз ету жөніндегі жалпы жобаның ажырамас бөлігі. Оны іске асыру туралы шешім 2025 жылға қарай су тапшылығын жабу үшін магистралды су құбырын реконструкциялау және кеңейту тұжырымдамасы қарастырылғаннан кейін қабылданды.

Халық санының болжамды өсуіне және қолданылатын нормативтерге сай 2030 жылы Жаңаөзен қаласы халқының су тұтыну нормасы тәулігіне шамамен 49,8 мың м3 құрайтын болады.

Іске асыру кезеңі:

- 2021–2022 жылдар — ТЭН әзірлеу;
- 2023–2023 жылдар — ЖСҚ әзірлеу;
- 2023–2024 жылдар — ТСТЗ құрылысы.

# ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ

## ҚМГ Инжиниринг

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС (бұған дейін «ҚазМұнайГаз» өндіру және барлау технологияларының ғылыми зерттеу институты» ЖШС) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға қарасты ғылыми-зерттеу орталығы. «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС 2014 жылы

ҚМГ көмірсутек ресурстарын барлауды, игеруді, өндіруді және бұрғылауды кешенді ғылыми-инжинирингтік қолдау көрсету үшін құрылған. Ұйымның бас кеңсесі Астана қаласында орналасқан, екі филиалы бар: Атырау қаласында

«Атырау филиалы» ЖШС және Ақтау қаласында «ҚазмұнайгазФЗЖИ» ЖШС. Филиалдар ҚМГ активтеріне нақты уақыт режимінде тікелей қолдау көрсетеді.

## «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС мен оның филиалдарының мақсаттары:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2022-2031 жылдарға арналған стратегиясының мақсаттары мен бастамаларын және белгіленген сын-қатерлерді іске асыру үшін «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС каскадтау жүйесін ескере отырып, өзінің даму бағдарламасының стратегиялық мақсаттарын айқындады:

- ресурстық базаны дамыту үшін ғылыми техникалық жетілдіру және жаңа технологияларды енгізу;
- кен орындарды сенімді әрі тиімді пайдалануды ғылыми техникалық қамтамасыз ету;

- цифрлық трансформация аясында озық технологияларды енгізу;
- су энергетикасы бойынша жобалар мен құзыреттерді дамыту;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың еншілес ұйымдарында шығынды қысқарту мен тиімділікті арттыруға бағытталған ұқыпты өндіріс пен жобалық басқару әдістемесі негізінде үздіксіз жақсарту жүйесін құру;
- бірыңғай нормалар мен нормативтерді қолдануға негізделген басқару жүйелерін сақтау және дамыту.

Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу технологиялық даму, цифрландыру, бизнес-процестерді оңтайландыру, ОТ, HR және тәуекелдерді басқару саласындағы аралас міндеттерді шешуге негізделеді.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС жаһандық индустрия үшін бәсекеге қабілетті, стандартты технологиялар мен рәсімдерді айқындайды және енгізеді, сондай-ақ осы технологиялар мен рәсімдерді ҚМГ кен орындарының барлық портфелінде пайдалану үшін сараптамалық құзыреттер мен қолдауды қамтамасыз етеді.

## 2022 жылдың нәтижелері

### Геологиялық барлау

Өңірлік зерттеу нәтижесіне сай Мұғалжар, Березовский, Жарқын, Болашақ және Солтүстік Өзен учаскелері бойынша жер қойнауын геологиялық зерттеу (ЖГЗ) аясында сейсmobарлау жұмыстарын жүргізу үшін бес перспективті жоба дайындалды. Қаражар учаскесі бойынша геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін перспективті жоба қосымша дайындалды. Аз зерттелген шөгінді алаптар — Шу-Сарысу, Арал, Сырдария, Балқаш және Іле бойынша геологиялық барлау үшін перспективаларды айқындау мақсатында мұнай-газ кешендерінің сипаттамалары дайындалды.

Ресурстық базаның өсім перспективаларын іздеу жалғасуда.

Өндіру және барлау жобалары бойынша геологиялық қорытындыларды дайындау жұмыстары шеңберінде геологиялық-геофизикалық деректерге кешенді талдау жасалды және сатып алудың төрт әлеуетті жобасы (M&A) бойынша қорытынды дайындалды, сондай-ақ 13 жедел міндет бойынша экспресс қорытынды мен ұсынымдар әзірленді.

«Шығыс Бектұрлы», «Асар» және «Ақшабұлақ» жобалары бойынша 3D сейсмикалық деректерді динамикалық талдау бойынша

егжей-тегжейлі ұңғымалық байланыстыру, AVO-талдау және сейсмикалық инверсиясы бар жұмыстар аяқталды, бұл коллекторлардың кеңістіктік анизотропиясының белгісіздігін және перспективті нысандарды бөлу кезіндегі қауіп-қатерлерді азайтуға мүмкіндік берді. Сейсмогеологиялық модельді жаңарту үшін жұмыс нәтижелерін одан әрі қолдану мақсатында Өзен-Қарамандыбас учаскесі бойынша 3D сейсмикалық барлауды динамикалық талдау бойынша жұмыстар жалғасуда.

«Лақтыбай» және «Айрантақыр» жобалары бойынша сейсмикалық деректерді қайта өңдеуді және

қайта түсіндіру бойынша геологиялық-геофизикалық жұмыстар аяқталды. «Әл-Фараби» жобасы бойынша осындай жұмыстарға қолдау көрсету жалғасуда.


Өндіру активтерін қосымша барлау шеңберінде ресурстық базаны өсіру мүмкіндіктерін іздеу мақсатында геологиялық-геофизикалық деректерді талдау, түсіндіру және біріктіру бойынша жұмыстар орындалуда. Бірқатар ықтимал құрылымдық емес тұзақтар анықталды, геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу үшін ұсыныстар әзірленді. «Өзенмұнайгаз» АҚ және «Қазгермұнай БК» ЖШС жер қойнауын пайдаланушылары бойынша 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңге қосымша барлау бағдарламалары әзірленді және жаңартылды. Өзен және Қарамандыбас кен орындарының сейсмогеологиялық моделін нақтылау үшін тағы да зерттеу жүргізілуде.

Он бес бағалау, екі барлау ұңғымасын және қосымша барлау функциясы бар сегіз пайдалану ұңғыманы (2021 жылдан бастап ауыспалы ұңғымаларды қоса алғанда) бұрғылауға, іріктеуге және сынауға сүйемелдеу жүргізілді, оның ішінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ — тоғыз бағалау ұңғымасы, біреуі алдын ала барлау функциясы бар пайдалану ұңғымасы, «Ембімұнайгаз» АҚ — бір барлау ұңғымасы, екі бағалау ұңғымасы, «Becturly Energy Operating» – бір іздестіру-барлау ұңғымасы, «Өзенмұнайгаз» АҚ – барлау функциясы бар үш пайдалану ұңғымасы, «Қазгермұнай» БК ЖШС - үш бағалау ұңғымасы, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС — бір бағалау ұңғымасы, «Қаражанбасмұнай» АҚ – қосымша барлау функциясы бар төрт пайдалану ұңғымасы.

Қорларды қайта есептеу, олардың өсімі және аударымы бойынша жалпы 17 есеп әзірленді, оның 12 есебі Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясында сәтті қорғалды. Қалған бес есеп комиссия алдында 2023 жылы қорғалады деп күтіледі. Кен орындар бойынша өнеркәсіптік

алынатын мұнай қорларының бекітілген өсімі жалпы 40,3 млн тоннаны құрады (ҚМГ үлесін есептемегенде). Қосымша 2023 жылға ауысатын 13 бірлік мөлшерінде қорлар бойынша есептерді дайындау жұмысы жалғасуда.

Торғай Палеозой учаскесінде барлау жұмыстарының жобасы әзірленіп, Қазақстан Республикасының көмірсутектер кен орындарын барлау және игеру жөніндегі орталық комиссиясында қорғалды. Жеңіс учаскесінде барлау жұмыстары жобасының іске асырылуын авторлық қадағалау бойынша есеп жасақталып, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне жолданды. Өлі күл (Үстірт) учаскесінде жер қойнауын пайдалану салдарын жою жобасы әзірленіп, Қазақстан Республикасының бақылаушы мемлекеттік органдарымен келісілді.



## Өндіру

ҚМГ жетекшілік ететін активтері бойынша өндірудің тұрақты деңгейін қамтамасыз ету негізінен базалық өндірістің құлдырауын ұстап тұру және көмірсутектің қалдық қорларын ұтымды өндіруін күшейту есебінен қол жеткізіледі. Осы міндеттерді орындау үшін институт бұрғылау, өндіру және өндірілетін өнімді дайындау процестерін ғылыми-техникалық сүйемелдеуді тұрақты негізде жүзеге асырады.

Базалық өндіру деңгейін ұстап қалудың негізгі бағыты – өткізілетін іс-шаралардың және рентабельді емес ұңғымалар қорының тиімділігін арттыру. Жұмыстар шеңберінде мыналар орындалады: геологиялық-техникалық шаралардың тиімділігін талдау, іс-шаралардың сәтсіздігіне әсер ететін факторларды анықтау, сәтсіз болған геологиялық-техникалық шаралар бойынша түзету жұмыстарын жүргізу, рентабельді емес қордың ұңғымалары тиімділігін арттыру үшін іс-шараларды талдау және әзірлеу.

Өндірілуі қиын қорларды ұтымды өндіру жөніндегі шараларды күшейту мақсатында кен орындарының күрделі учаскелерінде мұнай өндіруді қарқындалту мен жер қабатының мұнай беруін арттыру тәсілдерін ғылыми-зерттеу сүйемелдеу бойынша жұмыстар жүргізілді, атап айтқанда Әлібекмола кен орнының жарылған карбонатты шоғырлары, Өзен кен орнының өткізгіштігі төмен коллекторларындағы ағызылмайтын қорлар және Кенбай кен орнының тұтқырлығы жоғары мұнай кеніштері. Жұмыс аясында химиялық мұнай беруді ұлғайту тәсілдері үшін зертханалық зерттеулер, сондай-ақ секторлық геологиялық-гидродинамикалық модельдеуде жер қабатының мұнай беруін арттыруға қатысты түрлі нұсқаларын модельдеу жүргізілді және техникалық-экономикалық көрсеткіштер бойынша озық нұсқалар анықталды.

Мұнай беруді ұлғайту тәсілдерін қолдану бойынша амалдарын құрылымдау және бірыңғай

әдістемені әзірлеу мақсатында ҚМГ-нің еншілес және тәуелді ұйымдарының кен орындары бойынша Мұнай беруді ұлғайту тәсілдерін іріктеу және енгізу стратегиясы әзірленді.

Өндірістік проблемаларды анықтау және күрделі факторларды белгілеу үшін еншілес және тәуелді ұйымдарының өндірістік

### Ұңғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеу

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-де онлайн бұрғылау құзыреттілігі орталығы жұмыс істейді, оның міндеттері – нақты уақыт режимінде бұрғылау процесін бақылау және оған геологиялық-технологиялық қолдау көрсету. Сонымен бірге бұрғылау бойынша есептіліктің бірыңғай жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Жаңа ұңғымаларды бұрғылау ҚМГ-нің еншілес және тәуелді ұйымдарының жетілген кен орындарында мұнай өндіру деңгейін ұстап тұрудың негізгі тәсілдерінің бірі. Тік ұңғымаларды бұрғылаумен қатар жыл сайын көлденең ұңғымаларды (КҰ) бұрғылау көлемі артып келеді. КҰ-ның негізгі артықшылықтары: кен орындарындағы ұңғымалардың

проблемаларының толық көрінісін ұсынатын «ҚМГ-нің барлық еншілес және тәуелді ұйымдары бойынша өндірістік проблемалар атласы» жобасына бастама жасалды және сәтті іске асырылды. Жобада әсер етуші факторлар бойынша барлық өндірістік проблемалар егжей-тегжейлі баяндалған. Олар өз кезегінде технологиялық және әдіснамалық болып жіктеледі, содан

жалпы санын азайту, мұнай алу деңгейінің өсуі, мұнай қабаттарының жаңа кен орындарын және тұтқырлығы жоғары мұнайды игеру.

2022 жылы «ЕМГ» АҚ мен «ММГ» АҚ кен орындарында 24 көлденең ұңғыма бұрғыланды, онда коллекторды ашудың орташа үлесі 90% болды. Бұрғылау жұмыстарын оңтайландыру мақсатында жекелеген ұңғымалар үшін 1D геомеханикалық үлгілер салынды және жаңартылды.

Жүргізілген жұмыстардың қорытындысына сай ҚМГ ЕТҰ бойынша құрылысы аяқталған ұңғымалардың пайдалану бағаналарын цементтеу сапасы «жақсы» тіркесу үлесінің бөлігінде 2019–2021 жылдардағы 72%-пен салыстырғанда 2022 жылы 76 %-ды құрады.

кейін барлық ықтимал ғылыми құралдарды өндіріс процесіне біртіндеп енгізе отырып, оларды шешу жолдары қарастырылады. Өндірістің анықталған өзекті мәселелерінің негізінде ҚМГ-нің еншілес және тәуелді ұйымдарының негізгі кен орындары бойынша технологиялық сын-қатерлер мен ұсынылатын шешімдерге шолу жасалды.

Ұңғымаларды күрделі жөндеу ұңғымаларды пайдалану қорының жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Жөндеу түрлері бойынша ұңғымаларды күрделі жөндеудің (ҰКЖ) тиімділігін талдау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бірыңғай тәртіп орнату пен технологиялық талаптарды белгілеу мақсатында ұңғыма ішіндегі жұмыстар тұрғысында реттеуші құжаттар әзірленуде.

Бағана аралық қысымды жою және жөндеу-оқшаулау жұмыстары бойынша озық технологияларды іздеу мен енгізу бойынша жұмыстар жалғасуда.

ӨМГ мен ММГ кен орындарында қызмет көрсететін ҰКЖ бригадаларының технологиялық жабдықтауына аудит жүргізіліп жатыр.

### Ірі жобалар

БКЖ/СҚБЖ жобасы бойынша жүзеге асыру кестелерін және жұмыстардың құнын талдау бөлігінде қысымды жоғарылату жүйесі нысандарын кезең-кезеңмен іске қосудың және БКЖ нысандарын толық іске қосудың орындылығын бағалау бойынша ұсыным беріліп, сараптамалық қолдау көрсетілуде.

«KLPE газды бөлу қондырғысы» жобасының FEED базалық жобалау материалдарын талдау жасау, оған жобалау сапасын жақсарту мен технологиялық процесті оңтайландыру үшін ұсынымдар, сондай-ақ ТШО-ның базалық өндірісінің қуатын интеграциялау нұсқалары қоса беріледі.

Қашаған кен орнының «2-кезең» жобасына сараптамалық қолдау көрсету аясында жаңа зауыттың қолжетімді инфрақұрылымы орналасқан жеріне, игерудің келесі кезеңдері үшін қоршаған ортаға кері әсерді және шығындарды бағалай отырып, кәсіпшілік және экспорттық құбырлардың ұзындығына салыстырмалы талдау жүргізілді.

Ақтоты және Қайран кен орындарын қайтару мәселесін қарау аясында ҚМГ-нің Инвестициялық комитетінде Ақтоты және Қайран кен орындарының шикі газын Теңіз кен орнының қабатына айдау мүмкіндігіне есеп-қисап жасалды және ықтимал тәуекелдерді бағалай отырып көрсетілген кен орындарын игеру жоспарлары бойынша қорытынды берілді.

Қарашығынақ өңдеу кешенінде Қарашығынақтың техникалық қажеттіліктері үшін металл, баламалы су көздерін регенерациялау, Газ турбиналық электр станциясында Газ турбиналық қондырғысының ауаны сіңіру кезінде оны салқындату мүмкіндігі бойынша ұсыныстар зерделенді және берілді.

Қарашығынақ кен орнында жекелеген технологиялардың қолданылуын бағалай отырып, суды оқшаулаудың заманауи технологиялары қаралды.

ҚМГ тапсырмасына сай геологиялық-гидродинамикалық модельдеу операторларын сүйемелдеу және баламалы нұсқалар бойынша есеп-қисап жасау, жобалау ұңғымаларының траекториясы мен орналасу орындары

бойынша ұсынымдармен бірге ірі мұнай жобаларының кен орындарын бұрғылау мен игеру бағдарламасын талдау және бағалау.

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС филиалдарын оңтайландыру және жұмысқа барынша тарту бойынша ұсыныстар бере отырып, Қарашығынақ өңдеу кешені операторларының Техникалық қызмет көрсету туралы келісімінің 2023 жылға өндірістік, келісімшарттық жоспарлары мен бюджетіне талдау жасалды.

Қарашығынақ кен орнының серіктестері және операторларымен бірге өтетін консультативтік комитеттерге, жұмыс семинарлары мен кеңестерге қатысу, олардың қорытындысы бойынша жалпылама есептер дайындалды.

Ірі мұнай жобалары бойынша Техникалық қызмет көрсету туралы келісімі аясында жұмыстар орындалып, техникалық қызметтер көрсетілді.



### Сутегі энергетикасын дамыту

Сутегі энергетикасы дамуының әлемдік үрдістеріне кешенді талдау жасалды. Қашаған кен орны мысал ретінде алынып, сутегін өндіру үшін кері айдалатын газ көлемін пайдалану тәсілі қаралды. Сутегі энергетикасы бойынша инфографиялық бюллетень жасақталды.

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС мен «Green Spark Limited» ЖШС қол қойған өзара түсіністік туралы меморандум аясында жасыл сутекті өндіру жүйесінің технологиялық мүмкіндіктері зерделенді.

Сутекті тасымалдау саласында жұмыс істеу үшін «ERG ғылыми-зерттеу инжиниринг орталығы» ЖШС-мен құпиялылық туралы келісімге қол қойылды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың сутегі энергетикасы бойынша пилоттық жобаларына консультация беру мақсатында төмен көміртекті дамыту кеңсесімен бірлесіп сутегі жобаларын іске асыру үшін серіктес іздеу жұмыстары жүргізілді.

Сутегі энергетикасы жобалары бойынша ғылыми-зерттеу ынтымақтастықты дамыту жолында сутегі жобаларына

қаржыландыруды тарту үшін жергілікті және халықаралық ұйымдармен бірқатар кездесу өтті.

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Қазақстандағы сутегі энергетикасының жол картасын талқылау бойынша №117 «Жаңартылатын энергия көздері және баламалы энергетика» техникалық комитетінің кеңестеріне қатысты.

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС қызметкерлері JCCP ұйымдастырған халықаралық тағылымдама бағдарламасы аясында оқудан өтті, екі жергілікті және бір халықаралық экспедицияға қатысты.

### Ұйымдық даму және нормалау

«Өзенмұнайгаз АҚ-та 4-ші МГӨБ-қа қарасты 4-ші МГӨЦ операторларының еңбегін бөлу бойынша пилоттық жоба іске асырылды, мұнай және газ өндіру операторларының цехтағы еңбекті ұйымдастыруға қатысты қанағаттанушылығы 18%-дан 95%-ға жетті. Жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарына жеке бригаданы бөлу және қызмет көрсету мен алдын алу жөндеу жұмыстарын стандарттау нәтижесінде жұмыс сапасы артты, бұл жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына берілетін өтінім санының 40%-ға азаюына әкелді.

ӨМГ-нің барлық дирекциялары өкілдеріне (барлығы 42 адам) «АЛЫП» төрт күндік бағдарламасы бойынша (үнемді өндіріс негіздері, жобаларды басқару) жеке трансформация жобаларын іске қосу және компанияның процестерін үздіксіз жақсарту бағытында оқыту жүргізілді.

ӨМГ-нің өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне (барлығы 190 адам) 5С жүйесі бойынша жұмыс орындарын ұйымдастыру тақырыбымен оқыту тренингтері өткізілді, бұл 18 жұмыс аймағында жұмыс орындарын ретке келтіруге ықпал етті.

Бұрын әзірленген нормативтік база негізінде бұрғылау мен игеруге арналған жоспарлы нормативтік нарядтар, 2022 жылы Жетібай, Асар және Қаламқас кен орындарында құрылысы жүрген 101-ші ұңғыма бойынша ресурстық сметалар жасақталды.

ЕТҰ персоналының қазіргі санына жедел талдау жасалды, талдауға қатысқан компаниялар: «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, Ұйымдық құрылымды және штаттық кестені жетілдіру бойынша тиісті ұсыныстар дайындалды.

## ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін дамыту



### Модульдік оқыту бағдарламалары

Кәсіби біліктілігін, креативті ойлау қабілетін және нақты бизнес-міндеттерін шешу бойынша топпен жұмыс істеу тәжірибесін дамыту мақсатында «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС «Бас геолог», «Игеру жөніндегі инженер», «Кәсіби шебер» және «Механик» модульдік оқыту

бағдарламаларын әзірленіп, іске асыруда. Оқу барысында қатысушылар командаға бөлінеді және ҚМГ ЕТҰ үшін практикалық маңызы бар жобалау жұмыстарын дайындайды. Модульдік оқытуды ұйымдастыруға ТМД, Қазақстан Республикасының сертификатталған

бизнес-тренерлері, «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС сарапшылары тартылды. 2022 жылы оқудан ҚМГ, ЕМГ, ӨМГ, ҚОА, ҚТМ, ММГ, «ҚМГ Инжиниринг» компанияларының қызметкерлері өтті.



### Қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті оқу

2021 жылдан бастап техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптегі қауіпсіздік және өрт-техникалық минимум бойынша міндетті оқу курстары «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС платформасында өтеді. Қашықтан оқыту жүйесінің (ҚОЖ) платформасы «Өрт-техникалық минимум», «Өнеркәсіптегі қауіпсіздік» және «Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті

қорғау» үш курстар тұрады. «Өнеркәсіптегі қауіпсіздік» курсы аясында күкіртсутегі қауіпсіздігі бойынша талаптар ескеріледі. «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау» курсы аясында «Электр қауіпсіздігі» мен «Жедел жәрдем көрсету» тақырыптары қарастырылады. 2022 жылы «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС үш курстың контентіне авторлық куәлік алды.

ҚОЖ платформасында оқыту 2020 жылы басталып, алғашқы болып ӨМГ қызметкерлері өтті. 2021 жылдан бастап осы платформада «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың, «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС бас кеңсесі мен филиалдарының техникалық сала басшылары, мамандары және инженерлік-техникалық қызметкерлері оқудан өтті.



### Студенттермен және жас мамандармен жұмыс

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-де KMGE School бағдарламасы әзірленіп, табысты іске асырылып келеді. Бағдарлама мақсаты – сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрлар даярлау, білім беру нарығын және талантты жастарды қолдау. Бағдарлама шеңберінде бакалавриаттың 3-4 курс

студенттерінен іріктеу жүргізіледі, оларға кемінде үш пәнді қамтитын оқыту бағдарламасы әзірленеді және олар «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-де өндірістік практикадан өтеді. Бағдарлама аяқталғаннан кейін бағдарламаға қатысушылар «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-не жұмысқа орналасады. Айталық, 2021

жылы бағдарламаның 21 түлегі «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-не жұмысқа қабылданды. 2022 жылы Satbayev University және Yessenov University 18 студентіне «материалтану маманы», «сейсмик», «геофизик-петрофизик», «гидрогеолог» мамандықтары бойынша оқыту басталды.

# ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

## БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, ИНВЕСТОРЛАР, ӘРІПТЕСТЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

Қаржы нарығының құбылмалығына, инфляцияның өсу қарқынына, елдердің орталық банктердің базалық мөлшерлемелерді көтеруіне, сондай-ақ әлемдегі күрделі геосаяси жағдайға қарамастан, Компания есептік 2022 жылы елеулі нәтижелерге қол жеткізді.

Бұл өндірістік және қаржы көрсеткіштеріне де, стратегиялық міндеттерді іске асырудағы нәтижелерге де, ҚМГ-нің тұрақты дамуын қамтамасыз етуіне де қатысты. Бұл ретте компания жан-жақты әсер еткен көптеген факторларға бейімделе отырып, жұмыс істеуге мәжбүр болды.

Мұнайдың әлемдік бағасының өсуі және өндірістік нәтижелердің оң динамикасы 2022 жылдың қорытындысы бойынша компанияның барлық қаржы көрсеткіштерінің өсуіне ықпал етті. Компанияның түсімі доллармен 24,3%-ға өсіп, 18,8 млрд АҚШ долларына жетті. EBITDA көрсеткіші бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар пайдасындағы 1,0 млрд АҚШ доллары үлесін қоса алғанда 16,4%-ға артып, 5,5 млрд АҚШ долларын құрады. «ҚМГ Қашаған Б. В.» үлесін сатып алуды есептемегенде бос ақша ағымы 2,4 млрд АҚШ долларына жетті. Осы жерде 2022 жылдың маусымында 2021 жыл қорытындысы бойынша акционерлерге рекордтық көлемде 200 млрд теңге дивиденд төленгенін айта кету керек.

Компанияның дамуындағы маңызды стратегиялық қадам KASE және AIX жергілікті қор биржаларында IPO-ға шығу болды. Нарыққа шығу көлемі қазақстандық қор нарығы үшін рекордтық 154 млрд теңгені немесе ҚМГ акцияларының 3% құрады. Бұл ретте орналастыру көлеміндегі жеке инвесторлардың үлесі 52%-ға жетті. Бір акцияның ұсыныс бағасы 8 406 теңге болды, яғни ҚМГ-ні капиталдандыру 11 млрд АҚШ доллары шамасында болды. 2023 жылғы сәуірде ҚМГ акциясының құны 10 мың теңгеден асып, ұсыныс сәтінен 20%-дан астам өсім көрсетті.

2022 жылдың қыркүйегінде ұлттық компания «Самұрық-Қазына» АҚ-тан «ҚМГ Қашаған Б.В.» компаниясындағы акциялардың 50%-ын 3,8 млрд АҚШ долларына сатып алу нәтижесінде «Қашаған» ірі жобасындағы өз үлесін 8,44%-дан 16,88%-ға дейін ұлғайтты. Бұл ҚМГ-нің соңғы жылдардағы ең ірі мәмілесі болды. Осы мәміленің бастапқы тарихына оралатын болсақ, 2015 жылдың қазан айында ҚМГ еурооблигациялар бойынша ковенанттардың бұзылуына жол бермеу мақсатында «ҚМГ Қашаған Б.В.» компаниясындағы 50% үлесті «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына кейін кері сатып алудың опционын құқығын сақтай отырып, сатқан еді. 2017 жылы Амстердам соты «Самұрық-Қазына» АҚ тиесілі Қашаған акцияларына шектеу енгізіп, оны сатуға тыйым салды. 2022 жылғы маусымда «Самұрық-Қазына» қоры мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірлескен күш-жігерінің нәтижесінде Амстердам соты аталған шектеулердің күшін жойды. Бұл шешім ҚМГ-ға Қашағандағы үлесті кері сатып алуға мүмкіндік берді. Мәміле ҚМГ-нің еурооблигацияларындағы бірқатар ауыртпалық келісімдерді алып тастау, жалпы қарызды қысқарту және оның мерзімдерін ұзарту, компанияның кредиттік рейтингтерін жақсарту бағыттарында бұған дейін жүргізіліп келген жұмыстардың арқасында мүмкін болды.

Мәмілені қаржыландыру жұмыстары облигациялар шығару және төлемдерді бөліп төлеудің өзара тиімді талаптарының арқасында жүзеге асты. Бұл мәмілені инвестициялық қоғамдастық және барлық рейтинг агенттіктері бірден жақсы қабылдады, осының нәтижесінде Standard&Poor's агенттігі мәмілені аяқтау қорытындысы бойынша компанияның рейтингін «BB+» деңгейіне көтерді.

### Дәурен Қарабаев

«ҚазМұнайГаз»  
ҰК АҚ Басқарма  
төрағасының  
экономика және  
қаржы жөніндегі  
орынбасары



2022 жылдың нәтижелері ҚМГ-нің қазіргі берік позицияларын және болашақта елдің мұнай-газ кәшбасшысы ретіндегі елеулі перспективасын көрсетеді. Бұл ретте есепті жылдың жетістіктері компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз еткен алдыңғы жылдардың жүйелі жұмысының жалғасы іспетті. Компания тұрақтылықты қамтамасыз етіп және өзінің артықшылықтарын дамыта отырып, дамудың жаңа деңгейіне көтеріледі және өз қызметінің көкжиегін кеңейтіп барлық мүдделі тараптар үшін құндылықтар қалыптастыруды жалғастырады.

# КРЕДИТ РЕЙТИНГТЕРІ

ҚМГ кредиттік рейтингтерді инвестициялық деңгейде ұстап тұруға, жоғары кредиттік бейінді сақтауға және адал қарыз алушы ретінде компанияның іскерлік имиджін қолдауды қамтамасыз етуге ниетті. 2022 жылы қаржылық тұрақтылық бойынша өткізілетін іс-шаралардың, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ-тан ҚМГ Қашаған Б. В.-дағы үлесін кері сатып алудың нәтижесінде ҚМГ кредиттік рейтингтердің сақталуын қамтамасыз ете алды.

## ҚМГ рейтингтерінің динамикасы

- 2021 жылғы 28 қаңтарда мұнай мен газды барлау, өндіру және өңдеу секторының тәуекелдерін бағалауды қайта қараудан кейін S&P рейтингтік агенттігі ҚМГ-нің кредиттік рейтингтерін «теріс» болжаммен «ВВ» деңгейінде растады
- 2021 жылғы 30 сәуірде S&P халықаралық рейтингтік агенттігі ҚМГ кредиттік рейтингін «ВВ» деңгейінде «теріс» болжаммен растады.
- 2021 жылғы 12 тамызда Moody's халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстанның егеменді рейтингінің жоғарылауына байланысты ҚМГ кредиттік рейтингін «Ваа3»-тен «Ваа2»-ге дейін көтерді. Рейтинг бойынша болжам «позитивтен» «тұрақты» болып өзгерді.
- 2021 жылғы 20 қыркүйекте Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі ҚМГ дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін «ВВВ –» деңгейінде (тәуелсіз рейтингтен бір тармақ төмен) растады, болжам «тұрақты».
- 2022 жылғы 27 қыркүйекте S&P халықаралық рейтингтік агенттігі «Самұрық-Қазына» АҚ-тан ҚМГ рейтингінің жоғарылауына байланысты ҚМГ кредиттік рейтингін «ВВВ –» деңгейінде «теріс» болжаммен «ВВ» деңгейінде растады.
- 2023 жылғы 9 наурызда Standard&Poor's халықаралық рейтингтік агенттігі компанияның рейтингін «ВВ+» деңгейінде растады, болжамды «негативтен» «тұрақтыға» қайта қарады, бұл агенттіктің Қазақстанға қатысты рейтингтік әсерін көрсетеді (рейтинг «ВВВ –» деңгейінде расталды, болжам «негативтен» «тұрақтыға» қайта қаралды).

### ҚМГ-нің кредит рейтингтері


Moody's	S&P	Fitch
Baa1	BBB+	BBB+
<b>Ваа2 (тұрақты)</b>	BBB	BBB
Baa3	BBB-	<b>ВВВ- (тұрақты)</b>
Ba1	<b>ВВ+ (тұрақты)</b>	BB+
Ba2	BB	BB
Ba3	BB-	BB-

### Қазақстанның дербес рейтингтері


Moody's	S&P	Fitch
<b>Ваа2 (тұрақты)</b>	<b>ВВВ- (тұрақты)</b>	<b>ВВВ (тұрақты)</b>

# 2022 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ<sup>1</sup>

## Түсім, млн АҚШ долл. (млрд теңге)



## EBIDA көрсеткіші, млн АҚШ долл. (млрд теңге)




## Түзетілген EBITDA көрсеткіші, млн АҚШ долл. (млрд теңге)




## Компанияның таза пайдасы, млн АҚШ долл. (млрд теңге)




## «ҚМГ Қашаған Б.В» үлесін есептемегендегі еркін ақша айналымы, млн АҚШ долл. (млрд теңге)



## «ҚМГ Қашаған Б.В» үлесін есептегендегі еркін ақша айналымы, млн АҚШ долл. (млрд теңге)



## Жалпы қарыз, млн АҚШ долл. (млрд теңге)



## Таза қарыз, млн АҚШ долл. (млрд теңге)



2022 жылғы кіріс **34,5%** өсті  
6,4 млрд теңгеден 8,6 млрд теңгеге өсті

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың 2022 жылдағы кіріс үлесі **45,7%** өсті




Толық ақпарат «Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл» бөлімінде мазмұндалған

<sup>1</sup> — Сомалар ыңғайлы болу үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбастау бағамы бойынша АҚШ долларымен көрсетілген (2022 және 2021 жылдардағы орташа бағамдар 1 доллар үшін тиісінше 460,93 теңге және 426,06 теңге болды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы кезең соңындағы курстар 1 доллар үшін 462,65 теңге және 431,80 теңгені құрады).

**ХҚЕС бойынша шоғырландырылған қаржы нәтижелері**

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2022	2021
Мұнай, Dated Brent	\$/барр.	101,32	70,91
Орташа айырбастау бағамы	теңге / АҚШ долл.	460,93	426,06
Кезең соңындағы бағам	теңге / АҚШ долл.	462,65	431,80
Түсім	млрд теңге	8 686	6 459
	млн АҚШ долл.	18 845	15 161
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар кірісіндегі үлесі	млрд теңге	991	680
	млн АҚШ долл.	2 151	1 597
Таза пайда	млрд теңге	1 317	1 287
	млн АҚШ долл.	2 858	3 020
Кезең ішінде бас компанияның акцио-нерлеріне тиесілі таза пайда	млрд теңге	1 289	1 305
	млн АҚШ долл.	2 797	3 062
ЕБИТDA <sup>1</sup>	млрд теңге	2 538	2 015
	млн АҚШ долл.	5 505	4 730
Түзетілген ЕБИТDA көрсеткіші <sup>2</sup>	млрд теңге	2 009	1 750
	млн АҚШ долл.	4 358	4 108
Бос ақша ағымы <sup>3</sup>	млрд теңге	1 116	756
	млн АҚШ долл.	2 421	1 774
Бос ақша ағымы (дивиденд саясаты бойынша) <sup>4</sup>	млрд теңге	-82	756
	млн АҚШ долл.	-179	1 774
Жалпы қарыз <sup>5</sup>	млрд теңге	4 413	3 746
	млн АҚШ долл.	8 956	8 676
Таза қарыз <sup>6</sup>	млрд теңге	2 143	1 984
	млн АҚШ долл.	4 632	4 594

 **Толық ақпарат «Қаржы есептілігі» бөлімінде мазмұндалған**

- 1 — **ЕБИТDA:** кірістер плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірісіндегі үлесі, нетто, минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыс минус жалпы және әкімшілік шығыстар минус тасымалдау және сату бойынша шығыстар минус табыс салығынан басқа салықтар.
- 2 — **ЕБИТDA түзетілген көрсеткіші:** кірістер плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығыстар минус тасымалдау және сату бойынша шығыстар минус табыс салығынан басқа салықтар.
- 3 — **Бос ақша ағымы:** операциялық қызметтен түскен ақша ағымы минус негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау мен бағалау активтерін сатып алу. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд операциялық қызметтен түскен ақша ағымына кіреді.
- 4 — **Еркін ақша ағымы (дивиденд саясаты бойынша):** есепті кезеңдегі қызмет қорытындысы бойынша компанияның операциялық қызметтен түскен ақша ағымы (бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтерді қоса алғанда, бірақ мұнай жеткізу үшін алынған аванс бөлігінде айналым капиталындағы таза өзгеріс қосылмайды) минус негізгі құралдарды сатып алу (соның ішінде, негізгі құралдарға берілген аванс) минус материалдық емес активтерді сатып алу минус кен орнын игеру бойынша активтерді сатып алу минус бағалау мен барлау активтерін сатып алу минус еншілес ұйымның/бірлескен кәсіпорынның үлесін сатып алу плюс еншілес ұйымға/бірлескен/қауымдасқан кәсіпорынға қатысу үлестерін сатудан түскен қаражат (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 және 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулыларымен бекітілген тізімдер бойынша компанияның активтерін бәсекелес ортаға беруден түскен қаражатты қоспағанда).
- 5 — **Жалпы қарыз** Облигациялар мен қарыздарды (ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді) қамтиды. Берілген кепілдіктер есепке алынбайды.
- 6 — **Таза қарыз:** облигациялар плюс қарыздар минус ақша қаражаттары және олардың баламалары, минус банктік салымдар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке алынбайды.

**Кіріс пен шығын туралы шоғырландырылған есеп**

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2022	2021	Өзгерісі	%
<b>Түсім және өзге де кіріс</b>					
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	млн теңге	8 686 384	6 459 335	2 227 049	34,5
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар кірісіндегі үлесі, нетто	млн теңге	991 310	680 292	311 018	45,7
Қаржы кірісі	млн теңге	120 587	85 226	35 361	41,5
Бірлескен кәсіпорындар шыққан түсетін кіріс	млн теңге	0	19 835	(19 835)	(100,0)
Өзге операциялық кірісі	млн теңге	22 283	30 779	(8 496)	(27,6)
<b>Түсім және өзге де кіріс бойынша барлығы</b>	<b>млн теңге</b>	<b>9 820 564</b>	<b>7 275 467</b>	<b>2 545 097</b>	<b>35,0</b>
<b>Шығындар</b>					
Сатып алынатын мұнайдың, газ-дың, мұнай өнімдерінің және басқа да материалдардың өзіндік құны	млн теңге	(4 954 384)	(3 607 202)	(1 347 182)	37,3
Өндірістік шығындар	млн теңге	(1 142 388)	(721 057)	(421 331)	58,4
Табыс салығынан басқа са-лықтар	млн теңге	(677 805)	(461 244)	(216 561)	47,0
Тозу, сарқылу және амортизация	млн теңге	(506 585)	(523 044)	16 459	(3,1)
Тасымалдау мен сату бойынша шығын	млн теңге	(205 340)	(183 439)	(21 901)	11,9
Жалпы және әкімшілік шығындар	млн теңге	(160 168)	(151 392)	(8 776)	5,8
Негізгі құралдардың, материал-дық емес активтердің және сату арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы	млн теңге	(708)	(20 724)	20 016	(96,6)
Барлау шығындары	млн теңге	(12 113)	(79 083)	66 970	(84,7)
Қаржы шығыстары	млн теңге	(306 846)	(262 823)	(44 023)	16,8
Жағымды бағамдық айырма, нетто	млн теңге	40 925	17 565	23 360	133,0
Өзге де шығын	млн теңге	(84 586)	(27 714)	(56 872)	205,2
<b>Шығын бойынша барлығы</b>	<b>млн теңге</b>	<b>(8 009 998)</b>	<b>(6 020 157)</b>	<b>(1 989 841)</b>	<b>33,1</b>
<b>Табыс салығын есептегенге дейінгі пайда</b>	<b>млн теңге</b>	<b>1 810 566</b>	<b>1 255 310</b>	<b>555 256</b>	<b>44,2</b>
Табыс салығы бойынша шығын	млн теңге	(493 247)	(321 248)	(171 999)	53,5
<b>Жалғасып жатқан қызметтен бір жылда түскен пайда</b>	<b>млн теңге</b>	<b>1 317 319</b>	<b>934 062</b>	<b>383 257</b>	<b>41,0</b>
<b>Тоқтатылған қызмет</b>					
Тоқтатылған қызметтен салық салынғаннан кейінгі пайда	млн теңге	0	352 478	(352 478)	(100)
Бір жыл ішіндегі таза пайда	млн теңге	1 317 319	1 286 540	30 779	2,4
<b>Бір жылда төмендегілерге тиесілі таза пайда (залал): приходящаяся:</b>					
Бас компанияның акционерлері	млн теңге	1 289 118	1 304 761	(15 643)	(1,2)
Бақыланбайтын қатысу үлесі	млн теңге	28 201	(18 221)	46 422	(254,8)
	<b>млн теңге</b>	<b>1 317 319</b>	<b>1 286 540</b>	<b>30 779</b>	<b>2,4</b>






## Ақша қаражатының қозғалысы

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2022	2021	Өзгеріс
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағымдары	млн теңге	1 567 307	1 209 475	357 832
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағымдары	млн теңге	(2 302 309)	(1 084 028)	(1 218 281)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағымдары	млн теңге	287 753	(273 989)	(561 742)
Айырбастау бағамдары өзгерісінің ақша қаражаты мен олардың баламаларына ықпалы	млн теңге	65 759	26 482	39 277
Болжамды кредиттік шығындарға арналған резервтегі өзгеріс	млн теңге	114	(136)	250
<b>Ақша қаражаты мен олардың бала-маларындағы таза өзгеріс</b>	<b>млн теңге</b>	<b>(381 376)</b>	<b>(122 196)</b>	<b>(259 180)</b>
<b>Ақша қаражаты мен олардың бала-маларындағы таза өзгеріс</b>	<b>млн АҚШ долл.</b>	<b>(827)</b>	<b>(287)</b>	<b>(541)</b>

## Ақша қаражатының қозғалысы, млн АҚШ доллары



## Ақша қаражаты мен олардың баламалары

2022 жылғы 31 желтоқсанда шоғырландырылған ақша қаражаты, ақша қаражатының баламалары, оның ішінде депозит түріндегі ақша қаражаты 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдаймен салыстырғанда 13,5%-ға өсіп, 2 000 млрд теңгеге (4 323 млн АҚШ доллары) жетті. Доллар түрінде осы көрсеткіш те 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы 4 082 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі сомамен салыстырғанда 5,9%-ға артып, 4 323 млн АҚШ долларына жетті. Ақша қаражаты мен олардың баламаларының ұлғаюына 1 567 млрд теңге (3 400 млн АҚШ доллары) сомасына операциялық қызметтен түскен оң таза ақша ағымы әсер етті, бұл ҚМГ

Қашаған Б.В. акцияларын сатып алуға және акционерлерге дивиденд төлеу үшін ақша қаражатының жұмсалыуымен ішінара реттелді. Шоғырландырылған ақша қаражаты мен олардың баламалары доллармен есептегенде 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы 4 082 млн АҚШ доллары деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 5,9%-ға, яғни 4 323 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды.

## Алынған дивиденд

ҚМГ өзіне қарасты компаниялар тобы үшін бас компания және өзінің еншілес және тәуелді ұйымдарынан, БК және қауымдасқан компаниялардан дивиденд. 2022 және 2021 жылдары Компания тиісінше 462 млрд теңге (1 003 млн. АҚШ долл.) және 415 млрд теңге (975 млн. АҚШ) дивиденд алды. 2022 жылы «Теңізшевройл» ЖШС-нен 208 млрд теңге (451 млн АҚШ доллары), Каспий Құбыр Консорциумынан-99 млрд теңге (214 млн АҚШ долл.), Mangistau Investments B. V.-дан 92 млрд теңге (200 млн АҚШ доллары) дивиденд алды.

## Алынған дивиденд, млн АҚШ долл.



	2022	2021
Mangistau Investment B.V.	200	36
Каспий Құбыр желісі Консорциумы	214	226
Теңізшевройл	451	416
Қазгермұнай	50	17
Қазакройл Ақтөбе	30	14
ҚазРосГаз	0	107
Өзгесі	58	21
ҚазТрансГаздың БК мен ҚК	0	137

## Төленген дивиденд

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2022 жылғы 20 маусымдағы шешіміне сәйкес ҚМГ 202 млрд теңге (438 млн. АҚШ долл.), оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ мен ҚР Ұлттық Банкіне 200 млрд теңге (448 млн АҚШ доллары) сомасында дивиденд төледі.

## Қаржы жағдайы туралы есеп

Баптың атауы	Өлшем бірлігі	2022	2021	Өзгерісі
<b>Активтер</b>				
Негізгі құралдар	млн теңге	6 989 837	6 725 910	263 927
Ұзақ мерзімді банк салымдары	млн теңге	59 229	56 058	3 171
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларға салынған инвестиция	млн теңге	4 947 403	4 145 646	801 757
Өзге ұзақ мерзімді активтер	млн теңге	1 518 986	1 462 758	56 228
Қысқа мерзімді банк салымдары	млн теңге	1 178 138	562 352	615 786
Ақша қаражаты мен олардың баламалары	млн теңге	762 817	1 144 193	(381 376)
Өзге қысқа мерзімді активтер	млн теңге	1 193 894	1 759 740	(565 846)
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	млн теңге	459	795	(336)
<b>Активтер, барлығы</b>	<b>млн теңге</b>	<b>16 650 763</b>	<b>15 857 452</b>	<b>793 311</b>
<b>Активтер, барлығы</b>	<b>млн АҚШ долл.</b>	<b>35 990</b>	<b>36 724</b>	<b>(734)</b>
<b>Капитал және міндеттемелер</b>				
<b>Капитал, барлығы</b>	<b>млн теңге</b>	<b>9 873 450</b>	<b>10 016 906</b>	<b>(143 456)</b>
<b>Капитал, барлығы</b>	<b>млн АҚШ долл.</b>	<b>21 341</b>	<b>23 198</b>	<b>(1 857)</b>
<b>Міндеттемелер</b>				
Ұзақ мерзімді қарыздар	млн теңге	3 775 891	3 261 347	514 544
Өзге ұзақ мерзімді қарыздар	млн теңге	1 398 328	1 145 634	252 694
Қысқа мерзімді қарыздар	млн теңге	367 443	484 980	(117 537)
Өзге қысқа мерзімді қарыздар	млн теңге	1 235 651	948 585	287 066
<b>Міндеттемелер, барлығы</b>	<b>млн теңге</b>	<b>6 777 313</b>	<b>5 840 546</b>	<b>936 767</b>
<b>Міндеттемелер, барлығы</b>	<b>млн АҚШ долл.</b>	<b>14 649</b>	<b>13 526</b>	<b>1 123</b>
<b>Капитал мен міндеттемелер, барлығы</b>	<b>млн теңге</b>	<b>16 650 763</b>	<b>15 857 452</b>	<b>793 311</b>
<b>Капитал мен міндеттемелер, барлығы</b>	<b>млн АҚШ долл.</b>	<b>35 990</b>	<b>36 724</b>	<b>(734)</b>

## Қарызды басқару

Компанияның қаржылық міндеттемелері облигациялар мен қарыздардан тұрады. Борыштық портфель негізінен негізгі кіріс валютасы – АҚШ долларымен жасақталған. Тиісінше, туынды қаржы құралдарын пайдаланбай валюталық тәуекелді органикалық хеджирлеу әсеріне қол жеткізіледі.

## Жалпы қарыз

2022 жылдың 31 желтоқсанында жалпы қарыз<sup>1</sup> 4 143 млрд теңгені (8 956 млн АҚШ доллары) құрап, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы көрсеткішпен салыстырғанда теңгемен 10,6% өсім көрсетті (доллармен 3,2%-ға өсті). Бұл көрсеткішке ҚМГ Қашаған Б.В. компаниясындағы үлесті кері сатып алуді қаржыландыру үшін 751,6 млрд теңге мөлшеріндегі жаңа облигацияларды орналастыру әсер етті.



Компанияның борыштық жүктемесіндегі валюталық тәуекелді азайту мақсатында қарызды қайта қаржыландыру бойынша мәміле жүзеге асырылды.

2022 жылғы қаңтарда «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (АМӨЗ) сыйақыны қосқанда Эксимбанктен алынған 604 млн АҚШ доллары (259 млрд теңге) мөлшеріндегі қарызды мерзімінен бұрын толық өтеді. Қарызды өтеу үшін 2021 жылдың қарашасында резервке қойылған қаражат пайдаланылды.


2022 жылғы қыркүйекте Компания жылдық 3,0% купон мөлшерлемесімен және 2035 жылы өтеу мерзімімен 752 млрд теңге сомасына облигация орналастырды. Бұл облигацияларды КМГ

Kashagan B.V. акцияларын сатып алу мәмілесі аясында «Самұрық-Қазына» АҚ толық сатып алды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ алдындағы берешек негізінен 165 млрд теңге сомасына опционды жүзеге асырғаны үшін берешекпен ұсынылған. Бұл ретте «Самұрық-Қазына» АҚ алдындағы Қашағандағы үлесін кері сатып алу бойынша опционды жүзеге асырғаны үшін берілген берешекті ескере отырып, компанияның жалпы қарызы 4 308 млрд теңгені (9 312 млн АҚШ долларын) құрады.




## Таза қарыз



2022 жылғы 31 желтоқсандағы таза қарыз 2 143 млрд теңгеге (4 632 млн АҚШ доллары) жетіп, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдаймен салыстырғанда теңгемен 8,0%-ға жоғары болды.

Номинал бойынша қарызды өтеу кестесі, млн АҚШ доллары



<sup>1</sup> — Кепілдік міндеттемелерді есепке алмағанда.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



## ҚМГ-НІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ АСПЕКТІЛЕРІН БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

ҚМГ өзінің 2022-2031 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясында тұрақты дамуды стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде белгіледі. Оның негізінде барлық бизнес-процесс пен шешім қабылдау процестері тұрақты даму қағидаттарын біріктіруі тиіс.

ҚМГ тұрақты даму аспектілерін басқару қағидаттары тұрақты дамудың мынадай қағидаттарын енгізуге негізделеді:




# ҚМГ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ КЕШЕНДІ ТӘСІЛІ

**ҚМГ Директорлар кеңесі** тұрақты даму қағидаттарын енгізуге стратегиялық жетекшілік жасап және бақылауды жүзеге асырады. Компанияның Тұрақты дамуы туралы жыл сайынғы шоғырландырылған есебін бекітеді.

**ҚМГ Директорлар кеңесі Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті** тұрақты даму мәселелерін қарауды және ұйымдастыруды, тұрақты даму саласындағы саясатты бекіту жөніндегі ұсынымдарды, ҚМГ-нің тұрақты дамуы туралы жыл сайынғы есебін, бекітілуі Директорлар кеңесі құзыретіне жататын тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарларын және өзге де ішкі құжаттарды дайындауды, оларды енгізуді, тұрақты дамудың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық компоненттерін қалыптастыруды, тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін жасауды, тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен ҚТК айқындауды, ҚМГ-де тұрақты дамудың енгізілуін бақылауды жүзеге асыруды және оны ҚМГ-нің негізгі процестеріне интеграциялауды жүзеге асырады.

**ҚМГ Басқармасы** Компанияда тұрақты даму саласындағы қағидаттарды, саясаттарды, стандарттарды және іс-шаралар жоспарын лайықты түрде іске асыруды және енгізуді жүзеге асырады. Тұрақты даму саласындағы қызметтің мониторингін, орнықты даму саласындағы мақсаттар мен ҚТК орындалуын бағалауды жүзеге асырады.

**ҚМГ Басқармасы төрағасының тұрақты даму мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары** тұрақты даму саласындағы бастамалар бойынша мақсаттар мен ҚТК-ға қол жеткізу жөніндегі



тәсілдерді үйлестіруді және тұрақты даму саласындағы корпоративтік стандарттардың іске асырылуын бақылауды, тұрақты даму саласындағы есептің дайындалуын бақылауды жүзеге асырады.

**ҚМГ инвестициялар портфелін басқару және стратегия департаментінің тұрақты даму секторы** тұрақты дамуды басқару жүйесіне бастама жасау, үйлестірілуі және енгізілуі, оның Компанияның бизнес-қызметіне интеграциялануына жәрдем көрсету, тұрақты даму мәселелері бойынша әдістемелік қолдау, тұрақты даму саласындағы есепті жыл сайын дайындау және бекіту үшін жауап береді және тәуекелдерді сәйкестендіру және басқаруда жауапты құрылымдық бөлімшелерге жәрдемдеседі. Сонымен қатар тұрақты даму саласында, мүдделі

тараптардың картасын және өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлеу, тұрақты даму саласындағы оқыту мәселелерімен айналысады.

**ҚМГ құрылымдық бөлімшелері** тұрақты даму саласындағы жүйені енгізуді, ішкі және сыртқы ахуалды талдауды, орнықты даму саласындағы тәуекелдерді айқындауды, мүдделі тараптардың/стейкхолдерлердің картасын және өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлеуді, орнықты даму саласындағы бастамаларды іске асыруды, халықаралық стандарттарға сәйкес тұрақты даму саласындағы есеп үшін ақпарат дайындауды жүзеге асырады.

**ҚМГ барлық қызметкерлері** әрқайсысы өз деңгейінде жеке мінез-құлық және тиісті саясаттар мен стандарттарды сақтау жолымен тұрақты даму саласындағы қағидаттар мен іс-шараларды енгізеді.

## ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІН РЕГЛАМЕНТТЕЙТІН НЕГІЗГІ ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

### Е Экологиялық мәселелер

- Экологиялық саясат
- Зиянды шығарындыларды басқару саясаты
- ҚМГ-нің 2022-2031 жылдарға арналған төмен көміртекті дамыту бағдарламасы
- Су ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандарт
- Белгіленген қызметтің қоршаған ортаға тигізетін әсеріне бағалауды жүргізу жөніндегі корпоративтік стандарт
- Денсаулықты, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі жөніндегі нұсқаулық
- ҚМГ дағдарыстық жағдайларды басқару регламенті
- Сапа жөніндегі нұсқаулық

### S Әлеуметтік мәселелер

- 2018-2028 жылдарға арналған кадр саясаты
- Ішкі коммуникациялардың бірыңғай жүйесінің үлгі регламенті
- Әлеуметтік қолдаудың үлгілік қағидалары
- ЕТҰ-ның «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ объектілерінде жұмысын жүргізетін мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимылы кезіндегі қызмет жөніндегі үлгілік регламент
- Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Алтын қағидалар» кодексі
- Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясат
- Жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясат
- Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы бойынша корпоративтік стандарт
- Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару бойынша корпоративтік стандарт
- Еңбекті, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреттерді қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт
- Еңбекті, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі корпоративтік стандарт
- Арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт
- Еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі
- «Қорғау» картасын қолдану регламенті
- Компаниялар тобында жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламенті

### G Басқару мәселелері

- Корпоративтік басқару кодексі
- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексі
- Тұрақты даму саласындағы тұжырымдама
- Тұрақты даму саласындағы басқару жүйесінің нұсқаулығы
- Орнықты даму туралы есепті дайындау қағидалары
- Іскерлік этика кодексі
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясат
- Ақпараттық қауіпсіздік саясаты
- Құпия ақпарат саясаты
- Қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу саясаты
- Ішкі бақылау жүйесінің саясаты
- Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі жөніндегі саясат
- ҚМГ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу қағидалары
- ҚМГ физикалық қауіпсіздігі мен терроризмге қарсы қорғаудың корпоративтік регламенті
- Ішкі бақылау жүйесінің регламенті
- ҚМГ экономикалық қауіпсіздік регламенті
- Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі жөніндегі нұсқаулық

## ESG ТӘУЕКЕЛ-РЕЙТИНГТЕРІ

ҚМГ Директорлар кеңесі 2022 жылға арналған корпоративтік ҚТК-ның бірі ретінде ESG-рейтингін, бұл ҚМГ-нің ESG елеулі тәуекелдерін басқаруға тікелей қызығушылығын және халықаралық мұнай-газ нарығында тұрақты даму қағидаттарын ұстанатындығын көрсетеді. Корпоративтік ҚТК орындау ҚМГ компаниялар тобы үшін ESG негізгі мәселелерін іске асыруды қамтиды.

KPMG ESG тәуекелдерін басқаруды Sustainalytics рейтингтік агенттігі 28,4 балл деңгейінде бағалады. Компания ESG факторларының айтарлықтай әсер етуінің орташа қаупіне ұшырайды. ҚМГ еңбекті қорғау саласында іске асырылған тәуекелдерге қарамастан рейтинг деңгейін сақтап қалды. ҚМГ өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтармен жұмыс істегені, салық төлемдерінің ашықтығы, сондай-ақ қоршаған ортаны және биоәртүрлілікті сақтауға бейілділігі үшін жоғары сараптамалық баға алды. Сонымен қатар, есепте сарапшылар ҚМГ компаниялар тобындағы корпоративтік басқаруды жоғары бағалады және оның бизнес-этиканың жоғары стандарттарына бейілділігін атап өтті.

ҚМГ орнықты даму саласындағы ең жоғары стандарттарға сай болу үшін өз қызметін жақсарту жөніндегі жұмысты жалғастырады. Компания өз күш-жігерін өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алуға және алдын алуға, парник газдары шығарындыларын жоспарлы түрде төмендетуге, әлеуметтік және экологиялық көрсеткіштер бойынша қатысу өңірлеріндегі жұмысты жақсартуға бағыттайды. ESG-рейтингін арттыру мақсатында ESG-рейтингін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді. Жоспар бизнестің экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерін, сондай-ақ компаниядағы корпоративтік басқару тәуекелдерін қамтитын және ескеретін 65 іс-шараны қамтиды. 2023

жылы ҚМГ орындалған іс-шараларды ескере отырып, жоспарды жаңартуды жоспарлап отыр.

Компания тұрақты даму мәдениетін арттыруға көп көңіл бөледі. Корпоративтік орталық пен ЕТҰ қызметкерлері үшін тұрақты даму бойынша оқыту курстары тұрақты негізде өткізіледі.

2022 жылы ESG-рейтингін жақсарту бағытында атқарылған іс-шаралар:

- Төмен көміртекті дамытудың 2022-2031 жылдарға арналған бағдарламаны жүзеге асыру бойынша Іс-шаралар жоспары бекітілді;
- ҚМГ-нің тұрақты даму саласындағы саясаты бекітілді;
- ҚМГ-нің адам құқықтары және жұртшылықпен қарым-қатынас саласындағы саясаты бекітілді;
- Компанияда өтініштерді қараудың қолжетімді механизмі іске асырылып, кеңінен қолданылады;
- GRI207 және Country by country OECD Action 13 стандарты бойынша салық ақпараты жария етілді;
- ҚМГ корпоративтік сайтында жалпыға бірдей қолжетімді болу үшін мемлекет пайдасына төлемдер бойынша есеп орналастырылды;
- гендер құрамы кеңейтілді — ҚМГ Директорлар кеңесіне Ә.Ә.Хаирова тәуелсіз директор болып кірді;
- 2021 жылдың тұрақты даму туралы есебінде мердігер компанияларда болған өлім жағдайлары туралы ақпарат жария етілді.

ҚМГ-нің ESG-рейтингін жақсарту бойынша 2023 арналған іс-шаралар жоспары:

- тұрақты даму саласындағы стратегиялық құжатты әзірлеу және бекіту;
- Су ресурстарын басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және бекіту;
- TAZALYQ жобасын аяқтау;



ҚМГ-нің тәуекел рейтингін Sustainalytics

# 28,4

деңгейде бағалады

- «Астрахань — Маңғыстау» су құбырының реконструкциясы мен кеңейту жұмыстарын аяқтау;
- бұрыннан жинақталған мұнай қалдықтарын жою және мұнаймен ластанған аумақтарды тазарту бойынша іс-шаралар;
- GRI207 және Country by country OECD Action 13 стандарты бойынша салық ақпараты жария ету;
- ҚМГ корпоративтік сайтында жалпыға бірдей қолжетімді болу үшін мемлекет пайдасына төлемдер бойынша есеп орналастыру;
- Маңғыстау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған іс-шаралар нәтижелерін Тұрақты даму туралы есебінде жария ету;
- жерлерді жабу және рекультивациялау жөніндегі ішкі құжатты әзірлеу және бекіту;
- TCFD ұсынымдарына сәйкес ақпаратты бастапқы жария етуге дайындық;
- ҚМГ және оның еншілес ұйымдарын көрсететін қайырымдылық көмек жөніндегі саясатты әзірлеу және бекіту;
- Тұрақты даму туралы есебінде GRI 2021 сәйкес ақпаратты жария етуді жалғастыру.

## БҰҰ ЖАҒАНДЫҚ ШАРТЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫН ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ 17 БАСТЫ МАҚСАТЫН ҰСТАНУ

WE SUPPORT



ҚМГ-нің Тұрақты даму мәселелеріне деген көзқарасы Компанияның мүдделері мен жоспарларының БҰҰ-ның негізгі қағидаттарымен, жалпы адамзаттық құндылықтармен, жаһандық үрдістермен және Қазақстанның даму басымдықтарымен сәйкестігіне негізделген.

### ҚМГ БҰҰ Жаһандық шартының барлық 10 қағидатын ұстанады.

- **№1-қағидат.** Іскерлік орта Халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қолдап, құрметтеуі тиіс.
- **№2-қағидат** Іскерлік орта адам құқықтарының бұзылуына қатыспауы тиіс.
- **№3-қағидат** Іскерлік орта бірлестік бостандығын және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты мойындауды қолдауға міндетті.

- **№4-қағидат** Іскерлік орта мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысанда-рын жоюды қолдауы тиіс.
- **№5-қағидат** Іскерлік орта балалар еңбегін толығымен жоюды қолдауға міндетті.
- **№6-қағидат** Іскерлік орта еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдауы тиіс.
- **№7-қағидат** Іскерлік орта сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты сақтауы тиіс.

- **№8-қағидат** Іскерлік орта қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс.
- **№9-қағидат** Іскерлік орта экологиялық қауіпсіз технологиялардың дамуы мен таралуына жәрдемдесуі қажет.
- **№10-қағидат** Іскерлік орта сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұруы тиіс.

Компания **БҰҰ-ның барлық 17 тұрақты даму мақсатын (ТДМ)** ұстанады.

Компания үшін стратегиялық мақсаттар мен басым міндеттерді назарға ала отырып, ҚМГ БҰҰ-ның алты басымдықты ТДМ мен 14 міндетіне қол жеткізудегі өзінің үлесі туралы ақпаратты жария етеді.

Мақсаттар мен міндеттер ҚМГ-да жүзеге асырылатын стратегиялық және бизнес бастамаларына сәйкес келеді.



## Компанияда тұрақты даму мақсаттарының іске асырылуы

### Тұрақты даму мақсаттары

**Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жастағы барлық адамдардың әл-ауқатына ықпал ету**



**3.6.** 2020 жылға қарай дүниежүзі бойынша жол-көлік оқиғалары салдарынан болатын адам өлімі мен жарақат алу санын екі есе азайту

**Сапарларды басқару» жобасы** Көлік қауіпсіздігінің деңгейін арттыру, қауіпсіз жүргізу мәдениетін және бірыңғай орталықтандырылған цифрлық платформаны құру мақсатында «Сапарларды басқару» пилоттық жобаны ҚМГ-нің басқа еншілес және тәуелді ұйымдарына тарату жоспарланып отыр.

#### Алдағы уақытта жасалатын қадамдар:

- ЕТҰ-да автоматтандыру деңгейі, GPS-трекерлермен қамтылуы ескеріліп, процестердің жетілуін диагностикалау;
- әрбір ЕТҰ үшін көлікті басқару процестерін дамытудың жеке бағдарлама әзірлеуі;
- қозғалыс қауіпсіздігіне ден қоя отырып, көлікті басқару жүйесін кезең-кезеңімен енгізу.

#### Нәтижесі

- «Ембімұнайгаз» АҚ-та «Сапарларды басқару» көлік құралдарын автоматты түрде мониторингілеу жүйесін енгізу бойынша пилоттық жоба жүзеге асыру аяқталды;
- жылдамдық режимі бойынша бұзушылық саны 62 %-ға қысқарды;
- ЕМГ өндірістік құрылымдық бөлімшелердің жолдарында жылдамдық режимін шектейтін 591 жол белгісі қойылды/жаңартылды;
- жүргізу мәнері және тіркелген бұзушылықтарды балл бойынша бағалау негізінде жүргізушілердің рейтингі енгізілді;
- кәсіптік және қара жолдардың өзекті электрондық картасы және ЕМГ кен орындары объектілерінің координаттары жасақталды;
- жаңа функционал енгізілді (жол парақтары, маршруттан ауытқу, онлайн хабарламалар)

**3.8.** Денсаулық сақтау қызметтерімен жаппай қамту, соның ішінде сапалы негізгі медициналық-санитариялық қызметтерге қолжетімділік және қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қолжетімділік

**Персонал денсаулығын басқару** Компанияда персоналдың денсаулығын басқару бағдарламасы әзірленеді. Бағдарламаның негізгі бағыттары:

- кәсіби аурулардың алдын алу;
- өндірістік объектілерде жұмыс істейтін қызметкерлерге медициналық қызмет көрсетудің және медициналық көмек көрсетудің минималды стандарттарын әзірлеу;
- ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің денсаулығын жүйелі мониторингтеу;
- медициналық қызмет көрсетудің сапасын және қызметкерлердің салауатты өмір салтына ынтасын арттыру.

#### Денсаулықты медициналық сақтандыру

Қызметкерлерді медициналық тексеру мен вакциналау тұрақты негізде жүргізіледі.

#### «Сауықтыруға 10 қадам» бастамасы

ҚМГ қызметкерлерінің денсаулығы мен әл-ауқаты еңбек өнімділігі, кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығы туралы сөз болғанда маңызды бар басымдыққа ие. Бағдарлама ең алдымен физикалық белсенділікті арттыруға және зиянды тамақтану әдеттерін жоюға бағытталған және жұмысшылардың денсаулығына байланысты нәтижелерді жақсартуда тиімді

#### Нәтижесі

ҚМГ қызметкерлерінің 100%-ы денсаулықты сақтандыру бағдарламасымен қамтамасыз етілген

**3.9.** 2030 жылға қарай қауіпті химиялық заттардың, ауаның, судың және топырақтың ластануы мен улануының салдарынан өлім мен аурудың санын едәуір қысқарту

**«Қорғау» картасы** Қауіпті жағдайды/ қауіпті мінез-құлқты/ қауіпті әрекетті/ қауіпті факторды анықтауға және хабардар етуге бағытталған бағдарлама іске асырылады.

### Тұрақты даму мақсаттары

**Қымбат емес, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, өндірістегі энергия тиімділігін арттыру және қолжетімді таза энергия үлесін ұлғайту**



#### Басым міндеттер

**7.1.** Қымбат емес, сенімді және заманауи энергиямен жабдықтауға жалпыға бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету

#### ҚМГ үлесі

ҚМГ компаниялар тобының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары - технологиялық жабдықты жаңғырту, энергия үнемдеу технологияларын енгізу, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ жеке генерациялау көздерін, оның ішінде ЖЭК пайдалана отырып дамыту 2031 жылға дейінгі Төмен көміртекті дамыту бағдарламасы бекітілді, қызметтің басым бағыттары айқындалды:

#### Энергия тиімділігін арттыру бойынша:

- озық қолжетімді технологияларды енгізу;
- қазан және пеш жабдығын жаңғырту;
- жылу энергиясын тұтынатын технологиялық қондырғыларды жаңғырту;
- механикалық қорды жаңғырту;
- ЖРЖ енгізе отырып, механикалық қор мен сорғы жабдықтарын оңтайландыруға бағытталған басқару бағдарламаларын іске асыру;
- негізгі және қосалқы жабдықты жылумен оқшаулау;
- көлік техникасын оңтайландыру;
- отын-энергетикалық ресурстарды есептеу мен басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу;
- энергия менеджменті қызметтерін құру.

**7.b.** Заманауи және тұрақты энергиямен жабдықтау үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғырту

#### ЖЭК жобаларын дамыту бойынша:

- Total Eren бірлесіп 1ГВт ЖЭС;
- Eni компаниясымен бірге 120 МВт гибриді электр станциясы;
- Eni-мен бірге Астана қаласында 50 МВт ЖЭС;
- ЕТҰ-да жиынтықты қуаты 6,9 МВт шағын қуатты КЭС;
- ЖЭК генерациясы көздерінен алынатын электр энергиясын тұтынуды растау үшін I-REC халықаралық стандарты бойынша жасыл сертификаттарды сатып алу.

#### Нәтижесі

2022 жылдың 31 мамырында Төмен көміртекті дамытудың 2031 жылға дейін бағдарламасын іске асыру бойынша Іс-шаралар жоспары бекітілді.

**541 029 ш.о. тоннасы мөлшерінде энергия тиімділігін арттыру әлеуетін іске асыру, ол төмендегілердің есебінен болады:**

- электр энергиясының 426 421 мың кВт-сағ, 292 541 Гкал жылу энергиясын, отын ресурстарының 439 246 ш.о. тоннасын үнемдеу;
- ЕТҰ-дағы шағын қуатты жеке ЖЭК-тен жасыл электр энергиясын кемінде 60 978 мың кВт-сағ шығаруды қамтамасыз ету.
  - 15 % — ҚМГ-нің электр энергиясын тұтыну балансындағы ЖЭК үлесі.
  - кемінде 300 МВт ЖЭК жобаларын іске асыру.
  - Барлық ЕТҰ-ны энергия менеджменті қызметтерімен толық қамту.



Толық ақпарат «Төмен көміртекті дамыту бағдарламасы» бөлімінде мазмұндалған.

Тұрақты даму мақсаттары

**Тұрақты, жан-жақты және тұрақты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмыспен қамтуға және барлығына лайықты жұмыс істеуге жәрдемдесу**



Басым міндеттер

ҚМГ үлесі

**8.5.** Барлық әйелдер мен ерлер, оның ішінде жастар мен мүгедектер үшін толық және өнімді жұмыспен қамтуды және лайықты жұмысты және құндылығы бірдей еңбек еткені үшін тең ақы төлеуді қамтамасыз ету

**Нәтижесі**

ҚМГ 44 мың адамды жұмыспен қамтып отыр, соның ішінде ерлер 82 % және әйелдер үлесі 18 %

**8.6.** Жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіби дағдыларды үйренбейтін жастардың үлесін едәуір қысқарту

«Жас маман» бағдарламасы — АМӨЗ бен ПМХЗ-да жас мамандарды тарту және дамыту бағдарламасы. Дуалды оқыту — оқуды, тағылымдаманы, әрі қарай ҚМГ компаниялар тобына жұмысқа орналасуды қамтитын бағдарлама.

**Нәтижесі**

Өндірісте жас мамандарды дамыту және тарту бағдарламасы бойынша 2019 жылдан 2021 жылға дейін АМӨЗ-де 23 адам оқиды және жұмыс істейді, оның 9-ы жұмысқа орналастырылды, ПМХЗ-да-14 адам, оның 10-ы жұмысқа орналастырылды.

Дуалды оқыту бағдарламасы бойынша 2019-2021 жылдар аралығында ЕМГ-де осы бағдарлама бойынша оқитын 114 адамнан 2 адам жұмысқа орналастырылды; АМӨЗ-де 56 адамнан 7 адам жұмысқа орналастырылды, ПМХЗ-да 57 адамнан 41 адам жұмысқа орналастырылды.

**8.8.** Еңбек құқықтарын қорғау және барлық еңбекшілер үшін сенімді және қауіпсіз жұмыс жағдайларын жасау

**Әлеуметтік қолдау көрсетудің үлгілік қағидалары**

ҚМГ ЕТҰ-ның қызметкерлерін әлеуметтік қолдау олардың ұжымдық шарттарында және әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларында белгіленеді. ҚМГ компаниялар тобының барлық кәсіпорындары бойынша әлеуметтік қолдаудың түрлері мен нормаларын біріздендіру мақсатында, ҚМГ ЕТҰ-ның қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің үлгілік қағидалары қабылданды

Толық ақпарат «Персоналды дамыту» бөлімде мазмұндалған.

Тұрақты даму мақсаттары

**Тұрақты инфрақұрылым құру, тұрақты индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу**



Басым міндеттер

ҚМГ үлесі

**9.1.** Экономикалық даму мен адамдардың әл-ауқатын қолдау мақсатында өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылымды қоса алғанда, сапалы, сенімді, тұрақты және орнықты инфрақұрылымды дамыту

ҚМГ цифрлық трансформациялау бағдарламасы ғылыми зерттеулерді кеңейтуге, өнеркәсіптік секторлардың технологиялық мүмкіндіктерін жетілдіруге ықпал етеді. ҚМГ ғылыми зерттеулерге және осы саладағы жергілікті әлеуетті арттыруға қомақты қаражат инвестициялайды. Өнеркәсіптік әртарапандыруды қамтамасыз ету үшін отандық технологиялық қуаттарды дамыту елдегі климаттық жағдайға да оң әсер етеді

**«АВАІ ақпараттық жүйесін әзірлеу» жобасы**

ҚМГ тобының барлық өндірістік ақпаратын Big Data платформасындағы бірыңғай дерекқорда орталықтандыруды, сондай-ақ жасанды интеллект пен машиналық оқытуды қолдана отырып, оны өңдеуді және талдауды көздейді. АВАІ ақпараттық жүйесі - 17 автономды модульден тұрады, олардың әрқайсысы нақты өндірістік мәселелерді шешуге бағытталған.

**Нәтижесі**

**АВАІ 5 пилоттық модулі әзірленді**

- «Деректер базасы»;
- «Визуализация орталығы»;
- «Қиындықтарды мониторингілеу»;
- «Технологиялық режим»;
- «Терең сорғы жабдықтарын таңдау».

**Қол жеткен жетістіктер:**

- «Қазгермұнай» БК» ЖШС-де барынша тиімді технологиялық режим есебінен қосымша өндіру көлемі алынды;
- «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-та терең сорғы жабдықтардан бас тартуының төмендеуі есебінен ұңғымаларды жерасты жөндеу саны азайды;
- «Өзенмұнайгаз» АҚ-та тотығудың нақты жылдамдығы ескеріліп, химиялық реагенттердің нақты мөлшері жоғарылады;
- есеп берудің 12 түрін автоматтандырылды (мұнай өндіруді өлшеу, ұңғымалар бойынша өндіру көрсеткіштерінің динамикасы және т.б.).



Толық ақпарат «Цифрландыру және трансформация» бөлімінде мазмұндалған.

**9.4.** Инфрақұрылымды жаңғырту және ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру мен таза және экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өнеркәсіптік процестерді анағұрлым кеңінен қолдану есебінен өнеркәсіптік кәсіпорындарды қайта жабдықтау

2022 жылдың 31 мамырында Төмен көміртекті дамытудың 2031 жылға дейін бағдарламасы бекітілді, энергия тиімділікті арттыру бойынша қызметтің басым бағыттары айқындалды:

- энергия менеджментін оңтайландыру және энергия менеджменті қызметтерін құру;
- отын-энергетикалық ресурстарды есепке алу және басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу;
- нақты ЕТҰ-ның активтерінде серпінді жобалардың қолданылуын анықтау;
- озық қолжетімді технологияларды енгізу;
- механикалық қорды жаңғырту, көлік техникасының құрамын оңтайландыру және жаңғырту.

**Нәтижесі**

- 2031 жыл:
- барлық ЕТҰ-ны энергия менеджментінің қызметтерімен толығымен қамту;
  - энергия сыйымдылығын 2019 жылдың деңгейінен 10%-ға төмендету.

Толық ақпарат «Төмен көміртекті дамыту бағдарламасы» бөлімінде мазмұндалған





**Тұрақты даму мақсаттары**

**Климаттың өзгеруіне және оның салдарына қарсы күрес бойынша шұғыл шаралар қабылдау**



**Басым міндеттер**

**ҚМГ үлесі**

**13.2.** Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын саясатқа, стратегияларға және жоспарлауға енгізу

**Парник газдары шығарындыларын саны бойынша бағалаудың корпоративтік әдістемесі**

Парник газдары шығарындылары бойынша түгендеу, мониторинг жүргізу және есептілікті тапсыру кезіндегі тәсілдерді стандарттау және парник газдары шығарындыларын есептеу үшін бірыңғай әдіснамалық негізді қамтамасыз ету үшін парник газдары шығарындыларын мониторингілеу мен түгендеудің корпоративтік әдістемесі әзірленді және бекітілді.

**Төмен көміртекті дамыту**

Төмен көміртекті дамыту жөніндегі департамент құрылды.

**Жасыл кеңсе**

Корпоративтік жасыл бағыт белсенді дамып келеді және қалдықтарды бөлек жинауды енгізу, кеңсе үй-жайларында су мен энергияны үнемдеу және т. б. сияқты жасыл кеңсе принциптері кезең-кезеңімен енгізілуде.

**Нәтижесі**

2022 жылдан 2031 жылға дейінгі кезеңге арналған Төмен көміртекті дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспары әзірленді және бекітілді.

ҚМГ парник газдарын қысқарту әлеуеті – 2 893 460 тонна CO<sub>2</sub>, оның ішінде 2 189 483 тонна CO<sub>2</sub> тікелей шығарындылары және 703 977 тонна CO<sub>2</sub>-экв жанама шығарындылары, бұл 2019 жылғы шығарындылар деңгейінің 27 % құрайды.

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС базасында сутегі энергетикасы бойынша құзыреттілік орталығы құрылды.

Көмірқышқыл газын (CCUS) тұту және сақтау жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру және өндірілген мұнай қабаттарын мұнай беруді ұлғайту үшін CO<sub>2</sub> айдау әлеуетін айқындау шеңберінде CO<sub>2</sub> шығарындыларының көздеріне скрининг жүргізілді, қазіргі уақытта CO<sub>2</sub> айдау үшін қолайлы резервуарды таңдау мақсатында кен орындарына скрининг жүргізіледі.

**13.3.** Оқу-ағарту, ақпаратты таратуды және адамдар мен мекемелердің климаттың өзгеру күшін жұмсарту және салдарын әлсірету, оларға бейімделу және ерте алдын алу бойынша мүмкіндіктерін жақсарту

**Ішкі көміртегі бағасын белгілеу тұжырымдамасы**

ЕТҰ парник газдары шығарындыларын азайту үшін қосымша ынталандыру жасау, сондай-ақ көміртекті реттеудің қаржы-экономикалық көрсеткіштерге әсерін жан-жақты есепке алу мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі көміртегі бағасын белгілеу бағдарламасы әзірленіп, бекітілді.

**CDP**

Компания көміртегі ізін есептейді және климаттық сауалнаманы CDP алаңына орналастырады (бұрын— Carbon Disclosure Project).

**Task Force on Climate-related Financial Disclosures (TCFD)**

ҚМГ ЕҚДБ-мен компанияның климаттық тәуекелдерге тұрақтылығына талдау жүргізуге және TCFD ұсынымдарына сәйкес ақпаратты жария ету бойынша есеп дайындауға қатысты келісімге қол қойды.

**Тұрақты даму мақсаттары**

**Құрлықтың экожүйелерін қорғау, қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, ормандарды ұтымды басқару, шөлейттенуе қарсы күрес, жердің тозу процесін тоқтату және кері қайтару және биологиялық әртүрлілікті жоғалту процесін тоқтату.**



**Басым міндеттер**

**ҚМГ үлесі**

**15.3.** Шөлейттенуге қарсы күрес жүргізу, шөлейттену, құрғақшылық және су тасқыны әсер еткен жерлерді қоса алғанда, тозған жерлер мен топырақты қалпына келтіру және бүкіл әлемде жердің жағдайын нашарлатпауға ұмтылу

ҚМГ ластаушы заттардың төгінділерін азайтуға және табиғи көздерден су алуды азайтуға бағытталған мынадай жобалар мен іс-шараларды іске асыруда

**CDP**

Компания су ізін есептейді және CDP алаңында су қауіпсіздігі сауалнамасын орналастырады.

**TAZALYQ**

АМӨЗ Атыраудың қоршаған ортасы жағдайын жақсартуға бағытталған TAZALYQ ауқымды экологиялық жобасын белсенді түрде жүзеге асыруда.

**Тұщыландыру зауыттарын салу**

**Қабаттық суды тұщыландыру зауыты** Маңғыстау облысын сумен қамтамасыз ету мәселесін шешудегі бірегей жоба. Зауыт өңірді дамыту үшін жылына кем дегенде 6,2 млн. м<sup>3</sup> көлемінде Еділ суының көлемін босатады.

**Маңғыстау облысының «Кендірлі» демалыс аймағы ауданындағы тұщыландыру зауыты** Болжамды қуаты тәулігіне 50 мың м<sup>3</sup> суды құрайды.

**Жерді қалпына келтіру**

Компанияда бұрыннан жиналған мұнай қалдықтарын жою және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту жұмыстары жүргізілуде.

**Нәтижесі**

**TAZALYQ:** Жайық өзенінен су алуды 10%-ға төмендету, зауытта тазартылған зауыт ағындарын қайта пайдалану – 15%. 2022 жылы 1-ші және 2-ші секцияларда ағын сулары болған булану алқаптары кептірілді.

**2024 жыл:** Компанияның бұрыннан жиналған мұнай қалдықтарын толық жою, 2019-2022 жылдары 2,1 млн тонна мұнай қалдықтары тазартылды.

**Орман-климаттық жобалар**

ҚМГ-нің 2031 жылға дейінгі төмен көміртекті дамыту бағдарламасының шеңберінде құрлық экожүйелерін сақтауға қолайлы әсер ететін орман-климаттық жобаларды іске асыру жоспарлануда.

**Биоәртүрлілікке әсер ету салдарын жұмсарту жөніндегі шаралар иерархиясы**

Компанияда өндірістік қызметті жоспарлау және жүзеге асыру кезінде негізгі төрт іс-әрекетті ескере отырып, биоәртүрлілікке әсер ету салдарын жұмсарту жөніндегі шаралар иерархиясы қолданылады: әлеуетті елеулі тікелей әсер етудің алдын алу, азайту, қалпына келтіру және орнын толтыру.

**Нәтижесі**

2031 жыл: 2 мың га алаңда орман-климаттық жобаларды іске асыру.



ҚМГ жыл сайын GRI халықаралық стандарттарына сәйкес тұрақты даму туралы есеп шығарады. 2022 жылға арналған есепті Компанияның веб-сайтынан оқи аласыз.



Сондай-ақ Компанияның тұрақты дамуы туралы жыл сайынғы есебі БҰҰ Жаһандық шартының шеңберіндегі прогресс туралы хабарламасы ретінде ұсынылған

## ҚМГ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚТК

## ТӨМЕН КӨМІРТЕКТИ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ



Көміртегі ізін азайту – болашақта компанияның тұрақтылығына кепілдік береді

Атқарушылық деңгейде орнықты даму жөніндегі стратегиялық міндеттердің іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында, Басқарма төрағасының орнықты даму жүйесін енгізуге байланысты 2022 жылға арналған мынадай мотивациялық ҚТК (корпоративтік ҚТК) бекітілді:

Инвестициялық жобаларды іске асыру, оның ішінде «TAZALYQ», «Кендірлі кентінде теңіз суын тұщыландыру зауытын салу», «Жаңаөзен қаласында жаңа МӨЗ салу», «Астрахань-Маңғыстау» су құбырын реконструкциялау және жаңғырту» жобалары.

- Еңбек етумен байланысты жазатайым оқиғалар коэффициенті (LTIR)
- ESG рейтингі бойынша көрсеткіш.

Бұл ретте, ҚМГ-нің 2023 жылға арналған корпоративтік ҚТК-сына 2021 жылмен салыстырғанда тұрақты даму саласында аса амбициялық міндеттер белгіленді:

- Жазатайым оқиғалар коэффициентін төмендетуге, сондай-ақ ҚМГ бүкіл тобы бойынша қауіпті жағдайларды, қауіпті факторларды және т. б. анықтауға

және хабарлауға бағытталған өндірістік қауіпсіздік бойынша кешенді көрсеткіш;

- Есепті жылы базалық 2021 жылға қатысты ҚМГ парник газдары шығарындылары көлемінің өзгеруін көрсететін көміртегі ізі.

Басқарма төрағасының орынбасарлары деңгейіндегі функционалдық ҚТК ішінде 2023 жылға төмендегі ҚТК жоспарланған:

- Тұрақты даму бойынша бірқатар жобаны қоса алғанда инвестициялық жобаларды іске асыру;
- ҚМГ-нің Төмен көміртекті дамытудың 2022-2031 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын жетекшілік ететін бағыттары бойынша орындау
- ESG рейтингін 29 балл деңгейіне жеткізу.



Бүгінгі таңда климаттың өзгеруіне қарсы күрес аясында өнеркәсіпті декарбонизациялау әлемдік саяси, инвестициялық және сауда саласының өзекте мәселесіне айналды.

Көміртек ізін азайту жаһандық жылынуға қарсы күресте маңызды фактор болып отыр.

Декарбонизацияның тұрақтылығы мен ұзақ мерзімділігі Париж климаттық келісімінде бекітілген, оның жаһандық мақсаты - климаттың өзгеруінің тежелуін 2100 жылға дейін 1,5 С-тан асырмай ұстап тұру және CO2 өнеркәсіптік шығарындыларын 2030 жылға қарай 25%-ға, 2050 жылға қарай 70%-ға, ал 2070 жылға қарай 100%-ға қысқарту (толық декарбонизация).

Өз кезегінде, Қазақстан Париж келісімінің мақсаттарына қол жеткізу жолында күш-жігерді жандандыру және амбицияларды есіру жөніндегі халықаралық бастамаларды қолдайды және 2030 жылға қарай парник газдары шығарындыларын 1990 жылғы деңгейден 15%-ға қысқарту бойынша ерікті үлес қосты.

2020 жылдың қарашасында Қазақстанның Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Климаттық амбициялар жөніндегі саммитте сөз сөйлеп, еліміздің 2060 жылға қарай климаттың өзгеруімен күресуге және көміртек бейтараптығына қол жеткізуге дайын екенін мәлімдеді. Осы мақсатты іске асыру үшін 2060 жылға қарай Қазақстан Республикасының көміртек бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі стратегия әзірленді.

ҚМГ 2022-2031 жылдарға арналған төмен көміртекті дамыту бағдарламасын әзірледі. Бағдарлама ҚМГ-нің төмен көміртекті дамытудың бірыңғай негізін айқындайды және Компанияның көміртек ізін азайту саласындағы қызметін жүйелейді.

2021 жылғы қарашада бекітілген бағдарламаны іске асыру шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ-тың 2022 жылдан 2031 жылға дейінгі кезеңге арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) әзірленіп, бекітілді

Жоспар төрт бағыт бойынша парник газдары шығарындыларын азайтуға бағытталған бірқатар іс-шараларды қамтиды: энергия тиімділігі, ЖЭК, метан мониторингі, ұйымдастырушылық іс-шаралар. Осы шараларды іске асыру ҚМГ-нің Төмен көміртекті дамыту бағдарламасында қойылған парник газдары шығарындыларын 2031 жылға қарай 15%-ға төмендету жөніндегі мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жоспардың іс-шараларын іске асыру шеңберінде парник газдары шығарындылары бойынша мониторинг және есептілік бойынша корпоративтік әдістеме (бұдан әрі – Әдістеме) және ішкі көміртек бағасын белгілеу бағдарламасы (бұдан әрі – ІКБ бағдарламасы) әзірленді.

Әдістеме ҚМГ еншілес тәуелді ұйымдарының парник газдарының шығарындыларын түгендеу мен мониторингілеудің негізгі тәсілдерін айқындайды және ҚМГ ЕТҰ парник газдары шығарындыларын есептеу үшін бірыңғай әдіснамалық негізді қамтамасыз етеді. Әдістеме Қазақстан

Республикасының Экологиялық кодексіне, сондай-ақ ESG есептілігі шеңберінде қолданылатын парник газдарының шығарындыларын есепке алу жөніндегі халықаралық стандарттарға сәйкес әзірленді.

ІКБ бағдарламасын әзірлеудің негізгі мақсаты – көміртекті реттеуді қатаңдату компанияның қаржылық тәуекелдерін бағалау және азайту, сондай-ақ көміртекті көп қажет ететін жобалардан төмен көміртекті жобаларға инвестициялардың бір бөлігін қайта бөлу. Көміртекке ішкі баға белгілеуді енгізу Климаттық реттеудің компания қызметіне әсері бойынша тәуекелдерді басқарудың стратегиялық құралы ретінде және өндірісті жаңғырту және ҚМГ-нің парник газдары шығарындыларын азайту жөніндегі мәлімделген мақсаттарына қол жеткізу үшін қосымша мүмкіндіктер жасау үшін қаралады.

ІКБ бағдарламасы ІКБ тетіктерін енгізу бойынша негізгі тәсілдер мен бағыттарды, оларды қолдандық әлемдік тәжірибесін, сондай-ақ парник газдарының шығарындыларын басқару жүйесін одан әрі дамыту бағытын қалыптастыру

мақсатында ҚМГ-да ІКБ жұмыс істеуі бойынша жалпы ұсыныстарды сипаттайды. Механизмдерді егжей-тегжейлі әзірлеуді және оларды ҚМГ ішкі нормативтік құжаттарына енгізуді 2023 жылы жүзеге асыру болжанып отыр.

2022 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Шеврон» корпорациясы (NYSE: CVX) өзінің «Шеврон Мұнайгаз Инк.» (бұдан әрі — «Шеврон») Қазақстанда көміртегі шығарындыларын азайту саласындағы әлеуетті жобаларды зерделеу үшін өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылғанын жариялады.

ҚМГ және «Шеврон» көміртекті тұту, кәдеге жарату және сақтау (CCUS), метанның ағып кетуін басқару, энергия тиімділігін арттыру саласындағы бірлескен жобаларды іске асыру үшін әлеуетті мүмкіндіктерді зерделеуді жоспарлап отыр

ҚМГ мен «Шеврон» арасында орнаған ынтымақтастық – 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу үшін

Қазақстанның мақсаттарын қолдау жөніндегі екі компанияның күш-жігерінің бір бөлігі.

2022 жылғы маусымда ҚМГ және Еуропалық қайта құру және даму банкі (бұдан әрі — ЕҚДБ) декарбонизация саласындағы стратегиялық ынтымақтастыққа қатысты өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойды

Ынтымақтастықтың мақсаты – бекітілген ҚМГ төмен көміртекті дамыту бағдарламасын іске асыру және оның тиімділігін арттыру шеңберінде көміртегі ізін азайту бойынша ҚМГ-ға қолдау көрсету.


Тараптардың күш-жігері TCFD ұсынымдарына сәйкес есептілікті қалыптастыру саласындағы ҚМГ әлеуетін арттыруға, сондай-ақ энергия тиімділігін арттыру, жаңартылатын энергетиканы дамыту, төмен көміртекті сутегі бойынша пилоттық жобаларды іске асыру және көмірқышқыл газын тұту және сақтау технологияларын қолдану саласындағы төмен көміртекті жобаларды қаржыландыру әлеуеті мен мүмкіндіктерін талдауға бағытталатын болады.

## Мақсатты көрсеткіштер

### ҚМГ-нің көміртегі ізін азайту бойынша стратегиялық бағыттары

№	Көрсеткіш атауы	Базалық жылдық көрсеткіші (2019 жыл)	Мақсатты көрсеткіш (2031 жыл)
Басты индикатор			
1	Тікелей және жанама CO <sub>2</sub> шығарындыларын азайту	10,7 млн тонна CO <sub>2</sub> -экв. <sup>1</sup>	-15 % (1,6 млн тонна CO <sub>2</sub> -экв. <sup>2</sup> )
Мақсатты бағыттар			
2	Көміртек сыйымдылығын азайту:		-10 %
	КСШ өндіру	147,6 тонна CO <sub>2</sub> -экв./мың тонна КСШ м.э.	132,9 тонна CO <sub>2</sub> -экв./мың тонна КСШ м.э.
	ірі МӨЗ	330,3 тонна CO <sub>2</sub> -экв./мың тонна мұнай	297,3 тонна CO <sub>2</sub> -экв./мың тонна мұнай
	битум өндірісі	54,4 тонна CO <sub>2</sub> -экв./мың тонна мұнай	49 тонна CO <sub>2</sub> -экв./мың тонна мұнай
	газ өңдеу	1,1 тонна CO <sub>2</sub> -экв./мың текше метр газ	1 тонна CO <sub>2</sub> -экв./мың текше метр газ
	тасымалдау	9,3 тонна CO <sub>2</sub> -экв./мың тонна мұнай	8,3 тонна CO <sub>2</sub> -экв./мың тонна мұнай
3	Көміртек сыйымдылығын азайту:		-10 %
	КСШ өндіру	2 281,3 МДж / тонна КСШ м.э.	2 053,2 МДж / тонна КСШ м.э.
	ірі МӨЗ	3 732,4 МДж / тонна мұнай	3 359,2 МДж / тонна мұнай
	битум өндірісі	650,1 МДж / тонна мұнай	585,1 МДж / тонна мұнай
	газ өңдеу	3 296,5 МДж / мың текше метр газ	2 966,7 МДж / мың текше метр газ
	тасымалдау	120,9 МДж / тонна мұнай	108,9 МДж / тонна мұнай
4	ҚМГ-нің электрды тұтыну балансындағы базалық деңгейден ЖЭК үлесі	0,005 % (211 МВт-сағ)	15 % (600 мың МВт-сағ)
5	Факелдерде бірқалыпты жағу	0,43 %	0 % (29,8 мың тонна CO <sub>2</sub> -экв.)
6	Метанның ағын қысқарту жөніндегі өлшеу, бақылау және өңдеу іс-шаралары бағдарламасын енгізу (LDAR)	0 %	Өндіруші ЕТҰ-ны 100% қамту
7	Орман-климаттық жобаларды іске асыру	0	2 мың га (жылына 10-16 мың тонна CO <sub>2</sub> экв)
8	Энергия менеджменті қызметін енгізу	ЕТҰ-ны ішінара қамту	ЕТҰ-ны 100% қамту
9	Carbon Disclosure Project климат рейтингі	С (климаттың әсері мен проблемалары туралы білім)	А/А- (заманауи озық тәжірибелерді қолдану)
10	Төмен көміртекті жобаларды жүзеге асыруға жыл сайын қаражат бөлу	0	Күрделі салымдардың кемінде 10% 130-150 млн АҚШ доллары

## Қмг төмен көміртекті дамытудың 2022-2031 жылдарға арналған бағдарламасы



2022 жылдың қорытындысы бойынша төмен көміртекті даму жоспарының 49 іс-шарасы орындалды, отын-энергетикалық ресурстардың есептік жылдық үнемделуі 1,504 млн ГДж құрады, оның ішінде: 33 448 мың кВт электр энергиясы, 1 531 Гкал жылу энергиясы, 25 292 тн қазандық-пеш отыны және 7 570 мың м<sup>3</sup> табиғи газ, бұл шығарындыларды 106 965 тонна CO<sub>2</sub> азайтумен тең.

### TCFD есептілігін енгізу туралы ниет білдіру

- ҚМГ климаттық тәуекелдерді бағалауға және олардың компания қызметіне қаржылық ықпалына назар аударатын TCFD қағидаттарына сәйкес климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ашу бойынша есептілікті енгізу ниеті туралы ресми түрде мәлімдеді.
- ҚМГ ақпаратты алғашқы жарияланым дайындау үшін ЕҚДБ-мен бірлесіп декарбонизация саласындағы стратегиялық ынтымақтастыққа қатысты өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды, оның шеңберінде ЕҚДБ ҚМГ-ға TCFD бойынша өзінің алғашқы есебін әзірлеуге жәрдем көрсетеді.



# ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ӨНЕРКӘСІПТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

## Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

«Самұрық-Қазына» АҚ тобының барлық компаниялары үшін 2022 жыл Қауіпсіздік пен еңбекті қорғау жылы болып жарияланды. ҚМГ тұрақты даму қағидаттарына берік және қоршаған орта мен әлеуметтік тұрақтылық мәселелері бойынша жауапкершілігін мойындайды. Компания қызметкерлердің қауіпсіздігін бірінші кезекке қояды.

Тұрақты даму принциптері компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік дамуына әсер етеді. ҚМГ үшін негізгі

ESG-сын-қатерлердің бірі – операциялық қызметте бөлінетін көміртегі шығарындылары мен компания өнімдерін пайдаланудан бөлінетін шығарындылары.

Біз өз қызметіміздің сипаты мен әсер ету ауқымын түсінеміз, оларды табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың маңыздылығымен, Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етумен, Компания қызметінің барлық бизнес-бағыттарында жұмыс істейтін персоналдың және қызметімізді жүргізетін

аймақтарда тұратын халықтың денсаулығын қорғаумен, сондай-ақ қолайлы қоршаған ортаны сақтаумен байланыстырамыз.

Компания өз қызметінің экологиялық қауіпсіздігін арттыруда айтарлықтай жетіле түсті. Бұл тиімді ішкі стандарттарды, экологиялық мәдениетті енгізуге және менеджмент жүйесін үнемі жетілдіруге байланысты. Компания теріс экологиялық әсерді болдырмауға бағытталған «нөлдік нәтиже» мақсатын қояды.



### Бастамалар мен бағдарламаларға қатысу



CDP климат бойынша бағдарлама



WORLD BANK GROUP  
Дүниежүзілік Банктің 2030 жылға қарай ілеспе газды жағу тәжірибесін толығымен тоқтату бастамасы



Global Methane Initiative  
Метан деңгейін төмендету жөніндегі жаһандық бастама



SUSTAINABLE DEVELOPMENT GOALS  
БҰҰ-ның Тұрақты даму саласындағы 17 мақсаты бастамасы



Caspian Environmental Protection Initiative — CEPI

## Негізгі көрсеткіштер

### Әлеуметтік көрсеткіштер

Көрсеткіш	2020	2021	2022
Жұмыс уақытын жоғалтқан жазатайым оқиғалардың коэффициенті (LTIR)	0,29 <sup>1</sup>	0,31	0,36
Өлім-жітім коэффициенті (FAR)	0,00	2,93	1,00
Өлім-жітім саны	0	1	1

### Экологиялық көрсеткіштер

Көрсеткіш	2020	2021	2022
NO <sub>x</sub> шығарындылары, көмірсутек шикізатын өндірудің 1 мың тоннасына, тонна	0,22	0,24	0,31
SO <sub>x</sub> шығарындылары, көмірсутек шикізатын өндірудің 1 мың тоннасына, тонна	0,23	0,22	0,21
Мұнай құрамындағы ілеспе газды жағу қарқындылығы, көмірсутек шикізатын өндірудің 1 мың тоннасына, тонна	2,2	2,1	1,5

<sup>1</sup> — Деректер «ҚазТрансГаз» АҚ жұмыс сағаттарын есепке алмай көрсетілген

## Денсаулық сақтау, өнеркәсіптегі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі менеджмент жүйесі


Денсаулық сақтау, өнеркәсіптегі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі менеджмент жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының, ISO 14001 және ISO 45001 салалық және халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленген, үздік әлемдік тәжірибелер мен тәсілдерді, Халықаралық Мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (әрі қарай – IOGP) ұсынымдарын пайдалана отырып, көшбасшылық, мақсатқа жету, тәуекелдерді басқару

және үздіксіз жетілдіру сияқты іргелі принциптерге негізделетін 10 негізгі элементтен тұрады.

2006 жылдан бастап ҚМГ-де ISO 9001, ISO 14001 және ISO 45001 талаптарына сәйкес сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында басқарудың интеграцияланған жүйесі енгізілді. Едәуір деңгейде энергия тұтынатын еншілес және тәуелді ұйымдар ISO 50001

стандартына сәйкес сертификатталған. Интеграцияланған басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз аудиторлар бағалап отырады.

Менеджмент жүйесін жетілдіру мақсатында ҚМГ Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі бойынша ISO 45001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне сертифициқталады.



## Экологиялық жауапкершілік және қауіпсіздік

ӨҚ, ЕЖҚОҚ мәселелерін басқару жөніндегі мақсаттар ҚМГ компаниялар тобының даму стратегиясымен тікелей байланысты. ҚМГ-нің 2031 жылға дейінгі Даму стратегиясы экологиялық жауапкершілікті арттыру жөніндегі стратегиялық бастамаларды көздейді. ҚМГ компанияларының тобы үшін қоршаған ортаны қорғау бөлігіндегі басым бағыттар атмосфералық ауаға бөлінетін шығарындыларды басқаруды және газды алау етіп жағуды қысқартуды, су ресурстарын, өндіріс қалдықтарын басқаруды және жерді қалпына келтіруді қамтиды.

жылға қарай ілеспе мұнай газын толық кәдеге жарату» бастамасын қолдады. Атмосфералық ауаға бөлінетін шығарындыларын азайту жөніндегі біздің маңызды міндеттеріміздің бірі – ілеспе мұнай газын пайдалы пайдалануды және утилизациялауды арттыру, алауда жағуды барынша азайту. Осы бастама шеңберінде шикі газды жағу көлемдері бойынша есептілік жыл сайын Дүниежүзілік банктің Қазақстан Республикасындағы өкілдігіне тапсырылады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен ЕТҰ-ның басшылығы қоршаған ортаның ластануына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады. Жаңа экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес экологиялық ақпаратты жинауды, жинақтауды, сақтауды, талдауды және таратуды қамтамасыз ету мақсатында, 2021 жылы ҚМГ-нің экологиялық саясаты жаңартылды. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, биоалуантүрлілікті сақтау бойынша шараларды сақтау жөніндегі міндеттемелері қосымша күшейтілді.

Экологиялық көрсеткіштерді жақсарту және осы саладағы ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ҚМГ Дүниежүзілік жабайы табиғат қорының (WWF), Greon Group және Сараптамалық кредиттік рейтинг агенттігінің тәуелсіз сарапшыларының бағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының мұнай-газ компанияларының экологиялық ақпараттарының ашықтығы рейтингінде алтыншы жыл қатарынан бірінші орын алып келді.

Шикі газды жағу көлемін барынша азайту мақсатында, Компания 2015 жылы Дүниежүзілік Банктің «2030

Компания экологиялық жауапты бизнес жолымен жүруді жалғастырады, қоршаған ортаның қорғалуын басқару жүйесін дамытады, осы мәселе бойынша барлық мүдделі тараптармен диалог жүргізеді,

## Экологиялық көрсеткіштер, КСШ өндірудің м. э. 1 мың тоннасына шаққанда, тонна

Жыл	2020	2021	2022
SO <sub>x</sub> шығарындыларының қарқындылығы	0,23	0,22	0,21
NO <sub>x</sub> шығарындыларының қарқындылығы	0,22	0,24	0,31
Шикі газды жағу қарқындылығы	2,2	2,1	1,5
Шикі газды кәдеге жарату деңгейі, %	98	98	98,8

## 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

SO<sub>x</sub> шығарындыларының қарқындылығы

**0,21**  
(IOGP — 0,20)

NO<sub>x</sub> шығарындыларының қарқындылығы

**0,31**

Ілеспе мұнай газының жану қарқындылығы

**1,5**  
(IOGP — 9,4)

ІМГ пайдалану коэффициенті

**98,8 %**

Жиналған қалдықтар мен мұнаймен ластанған жерлерді қалпына келтіру

**693,7** мың тонна  
(2021 жыл — 540,5 мың тонна)

Энергия тұтынудың артуы (2021 жылмен салыстырғанда)

**4 %**

CDP Климат рейтингі

**C**

CDP су қауіпсіздігі рейтингі

**C**





## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСЫМ ЖОБАЛАР

### Бұрыннан жиналған ластануларды жою

Бұрыннан жиналған ластануларды жою, сондай-ақ қоршаған ортаға теріс әсер ету көздерін жою (жұмыс істемейтін ұңғымалар, сарқынды су жинағыштар, полигондар және өзге де өндірістік объектілер)

### Қоршаған ортаға бөлінетін шығарындыларды азайту

Технологиялық шешімдерді жетілдіру жолымен қоршаған ортаға бөлінетін шығарындыларды азайту, мысалы, технологиялық пештерде отын ретінде пайдаланылатын отын мазутын отын/табиғи газға ауыстыру, жаңа буын қоспаларын пайдалану, өндірістік объектілердің аумағын көгалдандыру және абаттандыру, жабдықтарды ауыстыру жөніндегі іс-шаралар, газды өңдеу жөніндегі өндірістік қуаттарды кеңейту, газды өңдеу жөніндегі қондырғыларды салу және т. б.

### TAZALYQ жобасы

TAZALYQ жобасы «АМӨЗ» ЖШС ағынды суларды тазарту құрылыстарын жаңғыртуды, сондай-ақ «Тухлая балка» алаңын рекультивациялауды көздейді.

### Қаражанбас кен орнындағы қабат суын тұщыту зауыты

Қабат суын тұщыту зауыты осы өңірде стратегиялық маңызды рөл атқарады, оның іске қосылуы кен орнын өзін-өзі сумен қамтамасыз етуге және өңір халқының мұқтаждықтары үшін судың едәуір көлемін бағыттауға мүмкіндік береді.

### «Автоматтандырылған экологиялық мониторинг ақпараттық жүйесі» жобасы (АЭМАЖ)

Қоршаған ортаны қорғау саласында бірыңғай ақпараттық кеңістік құруға арналған. Жобаның мақсаты: қоршаған ортаны қорғау саласында бірыңғай ақпараттық кеңістік құру; әлеуетті экологиялық айыппұлдарды болдырмау үшін ашықтықты, жеделдікті және адами қателіктерді барынша азайту.

АЭМАЖ негізгі міндеттері:

- Мемлекеттік органдарға қоршаған ортаны қорғау саласындағы есептілікті қалыптастыру процестерін автоматтандыру;
- Нормативтік рұқсат беру құжаттарының дерекқорын жүргізу және қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдерді есептеу;
- Технологиялық процестерде туындаған ақауларды өндірістік құрылымдармен уақтылы түзету жолымен әлеуетті нормативтен тыс эмиссияларға жедел әрекет ету;
- Өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша қоршаған ортаның жай-күйіне жедел мониторинг жүргізу;
- KMC HSE жүйесімен синхрондау арқылы корпоративтік есептілікті қалыптастыру.

### «Бұрыннан жиналған» мұнай қалдықтарын қалпына келтіру және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту

2024 жылға дейін «бұрыннан жиналған» мұнай қалдықтарын толық утилизациялау және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту.

сол арқылы Компанияның экологиялық саясатында көрсетілген өз міндеттемелерін орындайды.

ҚМГ өзінің экологияға әсерінің маңызын түсінеді және қоршаған ортаға әсерді барынша азайтуға ұмтылады.

2022 жылы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар іс-шара іске асырылды, мысалы, бұрыннан жиналған мұнай қалдықтарын утилизациялау және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту жөніндегі жұмыстар, қызметкерлер арасында қоршаған ортаны қорғау мәселелерін насихаттау жөніндегі жұмыстарды күшейту, ағаш отырғызу акцияларына қатысу, атмосфера ауаға бөлінетін шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу, табиғатты қорғау бағдарламаларын іске асыру және т. б іс-шаралар.

2022 жылы маусымда ҚМГ еліміздің 180-ден астам өнеркәсіп кәсіпорындары мен халықаралық ұйымдарының экологтарының қатысуымен «Орнықты даму үшін жауапты бизнес» тақырыбындағы конференцияға қатысты. Аталған іс-шара қоршаған ортаны қорғау, климаттың өзгеруі және заңнамалық реттеудің өзекті мәселелері бойынша кәсіпорындардың, халықаралық ұйымдардың ынтымақтастығын нығайтуға және тәжірибе алмасуға бағытталған. Конференция 5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күнін мерекелеуге орайластырылды.

Компанияның бірқатар еншілес және тәуелді ұйымында санитарлық-қорғау аймағында, сондай-ақ қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпаратты көрсететін шығарындылар көздерінде атмосфералық ауаның сапасын автоматты бақылау жүйелері орнатылған.

## Персоналды экологиялық менеджмент мәселелері бойынша оқыту

Персонал – маңызды актив, сондықтан ҚМГ компаниялар тобында ӨК, ЕжҚОҚ мәселелерін оқытудағы қажеттілік сұранысқа ие болып қала береді. Осыған байланысты персоналды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау бағыты бойынша міндетті оқыту, даярлау және біліктілігін арттыру – басым бағыттардың бірі.

2021 жылдан бастап ҚМГ Корпоративтік орталығының қызметкерлерін қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өрт-техникалық минимум бойынша міндетті оқыту «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС платформасында жүргізілуде.

2022 жылы ҚМГ компаниялар тобының 79 071 қызметкерін оқытуға 504 548,6 мың теңге жұмсалды.

ҚМГ КТ қызметкерлерін оқыту үшін **504 млн теңге** жұмсады



## Энергия үнемдеу және тиімділікті арттыру бағдарламалары

### Энергетика ресурстарын пайдалану және энергия тиімділігін арттыру

Компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметі ISO 50001 «Энергетикалық менеджмент жүйесі» халықаралық стандартының әдіснамасына негізделеді, бұл – осы қызметтегі жүйелік басқару бойынша жалпыға бірдей танылған үздік халықаралық практика.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ҚМГ-нің 2022-2031 жылдарға арналған ҚМГ Төмен көміртекті даму бағдарламасын орындау шеңберінде 2022 жылғы желтоқсанда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік энергетикалық

Оның ішінде ӨК, ЕжҚОҚ саласында мынадай негізгі бизнес-бағыттар: «Өндіру» — 243 410,7 мың теңге, «Тасымалдау» — 40 642,6 мың теңге, «Өңдеу» — 100 115, 4 мың теңге, «Сервис» — 116 316,4 мың теңге, ҚМГ корпоративтік орталығы — 4 063,5 мың теңге.

«Өзенмұнайгаз» АҚ (Жаңаөзен қ.), «ҚазТрансОйл» АҚ (Ақтау қ.), «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (Павлодар қ.) және Oil Services Company ЖШС (Ақтау қ.) меншікті оқу-курстық комбинаттары/орталықтарына ие.

### Қызметкерлерді оқытуға жұмсалған шығыстар

Көрсеткіш	2020	2021	2022
Оқыған қызметкерлер саны	89 715	61 678	79 071
Сомасы, мың теңге	578 891	498 714	504 548,6

### Негізгі бизнес-бағыттарға бөле отырып, ӨК, ЕжҚОҚ бойынша оқыту

Бизнес-бағыт	Қызметкерлер саны	Сомасы, мың теңге
Өндіру	35 370	243 410,7
Тасымалдау	7 488	40 642,6
Өңдеу	16 075	100 115,4
Сервис	19 919	116 316,4
ҚМГ корпоративтік орталығы	219	4 063,5

саясаты әзірленді және бекітілді, ол ҚМГ-нің барлық еншілес тәуелді ұйымдарына, сондай-ақ мердігер ұйымдарға қолданылады.

Саясат энергияны тұтыну тұрғысынан тиімді сатып алулар мен жобалық қызметке қолдау көрсетеді, энергетикалық менеджмент бөлігіндегі жауапкершілікті айқындайды және экономикалық орындылыққа назар аударатырып, ең жақсы қол жетімді әдістерді, халықаралық тәжірибелерді, стандарттар мен әкімшілік шешімдерді енгізуді қолданады, энергия үнемдеуге

және энергетикалық тиімділікті арттыруға бағытталған және 2022-2031 жылдарға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Төмен көміртекті даму бағдарламасының ажырамас құрамдас бөлігі және мақсаттар мен энергетикалық міндеттерді белгілеу және талдауға негіз береді.

2022 жылғы желтоқсанда компанияның барлық ЕТҰ-да ұқсас саясаттар бекітілді және ішкі құжаттарды «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік энергетикалық саясатына сәйкес келтіру бойынша жұмыс жүргізілді.

### Энергия ресурстарын тұтыну

ҚМГ компаниялар тобында энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасын жалғастырып келеді. Компанияның корпоративтік орталығы энергия тұтыну және энергия тиімділігі көрсеткіштері бойынша деректерді жинап, талдайды, прогресті бақылайды және оны жақсарту мүмкіндіктерін анықтайды, өткен кезеңмен және саладағы ұқсас компаниялардың (International Association of Oil & Gas Producers – IOGP) көрсеткіштерімен салыстырады.

2022 жылы барлығы 132,11 млн ГДж (4 341,5 мың ш.от.) отын-энергетикалық ресурстар (2021 жылмен салыстырғанда 4%-ға артық),

оның ішінде электр энергиясы — 13,23млн ГДж, жылу энергиясы — 3,54 млн ГДж, мотор отыны — 1,56 млн ГДж тұтынылды, қазандық-пеш отыны - 113,78 млн ГДж (бұл ретте энергия ресурстарын жалпы тұтынудың мұнай зауыты газы – 34%, табиғи газ – 22%, бензин газы – 14% және ілеспе мұнай газы – 11%-ын құрайды). Энергия тұтыну көлемі мынадай үш бизнес-бағыт арасында бөлінген: «Мұнай және газ өндіру», «Мұнай және газ тасымалдау» және «Мұнай және газ өңдеу».

Энергия ресурстарын тұтынудың өсуі күрделі жөндеуден кейін «Қаламқас» ГТЭС номиналды режиміне шығумен, сондай-ақ ПҚОП бойынша мұнай өңдеу көлемінің 20%-ға ұлғаюымен байланысты.

2022 жылы ҚМГ компаниялар тобы өндірген энергия көлемі электр энергиясы 702 646 мың кВт және жылу энергиясы 4 841 мың Гкал көлемінде болды.

2022 жылы ЖЭК-ті қолдауға бағытталған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес, АМӨЗ бен ММГ «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-нан жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген өз қажеттіліктері үшін 11 929 мың кВт көлемінде электр энергиясын сатып алды. 2022 жылы ПҚОП аумағында көше жарығы үшін күн панельдері сағатына 75 мың кВт электр энергиясын өндірді.

### Энергия тұтынуды азайту


«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде 2017-2021 жылдар аралығында отын-энергетикалық ресурстарды үнемдеу бойынша жиынтық әсері 101 478 ш.от. (шамамен 3 млн ГДж) құрайтын 265 іс-шара іске асырылды, бұл шығарындылардың 229 490 тонна CO2 көлемінде төмендеуіне тең. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асырудың жалпы шығындары 2017-2021 жылдар аралығында 10 801 млн теңге болды.

ҚМГ компаниялар тобының энергия үнемдеуі мен энергия тиімділігін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары – технологиялық жабдықты жаңғырту, энергия үнемдейтін технологияларды енгізу, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ меншікті генерациялау көздерін, оның ішінде ілеспе мұнай газын пайдалана отырып дамыту.

2022 жылы төмен көміртекті даму жоспарында 49 іс-шара орындалды, отын-энергетикалық ресурстардың есептік, жоспарлы жылдық үнемделуі 2,057 млн ГДж құрады, заттай мәнде – 33 448 мың кВт электр энергиясы, 1 531 Гкал жылу энергиясы, 25 292 тонна қазандық-пеш отыны және 21 732 мың м³ табиғи газ, бұл шығарындыларды 136 703 тонна CO2 деңгейінде азайтумен тең. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі жөніндегі іс-шараларды іске асыруға жұмсалған жалпы шығындар 10 355 млн теңгені құрады.


2022 жылы желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ 2027 жылға дейін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасы әзірленіп, бекітілді, оның энергия үнемдеу жоспарының 55%-дан астамы ҚМГ Басқармасының шешімімен 2022 жылғы мамырда бекітілген Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жоспарында (бұдан әрі – ТКДБ іске асыру жоспары) көзделген ҚМГ энергия үнемдеу жоспарын құрайды.

### «Самұрық – Қазына» АҚ-тың 2027 жылға дейін Энергия және ресурс үнемдеу бағдарламасының энергия үнемдеу әлеуетінің құрылымы, ш.о.т.




- 400 «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
- 230,7 «Самұрық-Энерго» АҚ
- 85,3 «QazaqGaz» ҰК» АҚ
- 7 «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ
- 0,9 «Қазатомпром» ҰАК» АҚ


### Отын түрлері бойынша энергия ресурстарын тұтыну, %




### Бизнес бағыттар бойынша энергияны тұтыну құрылымы



Атап айтқанда, ҚМГ-нің 2027 жылға көздеген ТҚДБ жоспарында энергия үнемдеу көлемі – 400 мың тонна ш.о. (шамамен 11,7 млрд ГДж) немесе 2021 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ-нің жалпы энергия тұтынуының 10,2%-ы. Бұл ретте жоспардың 83,5%-ын Д ЕТҮ-да тікелей іске асырылатын энергия үнемдеу іс-шаралары құрайды, ал энергия үнемдеу жоспарының 16,4%-ы цифрлы жобаларды іске асырумен байланысты.



Сонымен қатар, 2031 жылға дейінгі кезеңге арналған ҚМГ ТҚДБ іске асыру жоспарында ЕТҮ-да тікелей іске асыруға 300-ге жуық іс-шара жоспарланған, оның нәтижесінде үнемделген энергияның жиынтық мүмкіндігі 2031 жылға қарай 541 мың тонна ш.о. (15,85 млрд ГДж) немесе 2021 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ-нің жалпы энергия тұтынуының 13,7%-ын құрайды.



### Энергия сыйымдылығы

2022 жылы көмірсутектерді өндіру бағыты бойынша меншікті энергия тұтыну ҚМГ компаниялар тобы бойынша орташа алғанда өндірілген көмірсутек шикізатының тоннасына 2,78 ГДж құрады, бұл 2021 жылы өндірілген көмірсутектердің тоннасына 1,5 ГДж құраған Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) көрсеткішінен 85%-ға жоғары.

ҚМГ компаниялар тобы бойынша орташа көрсеткіш ӨМГ мен ҚБМ-дегі жоғары үлестік тұтыну есебінен бұрмалауға ұшырағандықтан, нақты көрінісі бола алмайды. Қаражанбас кен орнында мұнайды жерасты қабаттарынан бұмен және ыстық сумен ығыстыру арқылы ғана өндіруге болатындығына байланысты IOGP деректері бойынша бір тонна ҚБМ көмірсутектерін

өндіруге жұмсалатын энергия ресурстарының үлестік шығындары әлемдік орташа көрсеткіштен 4,5 есе көп. Бір тонна ӨМГ көмірсутегін өндіруге жұмсалатын энергия шығынының көрсеткіші IOGP мәліметтері бойынша әлемдік орташа көрсеткіштен екі есе артық. Бұл өндірілетін мұнайда еріген парафиндердің көп болуына және реологиялық қасиеттеріне байланысты, нәтижесінде мұнай өндіру және тасымалдау процесінде оны тек қыста ғана емес, жазда да жылыту қажет.

### ЖЭК

Бұдан басқа, ТҚДБ-ны іске асыру жоспарында энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуден басқа, жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларға және офсеттік


саясатты іске асыруға айтарлықтай назар аударылады, бұл көміртегі ізін 550 мың тонна CO2-ге қысқартуға мүмкіндік беруге тиіс.

Қазіргі уақытта ҚМГ Жамбыл облысында техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуге және жел әлетін зерттеуге кірісті, онда Total Open S.A. және «Самұрық-Қазына» АҚ-пен бірлесіп қуатты жинақтау жүйесі бар қуаты 1 ГВт жел станциясын салу жоспарлануда.

Болашақ ЖЭС станциясының бірлік қуаты елдегі барлық қолданыстағы ЖЭК объектілерінің жалпы көлемінің жартысын құрайды.

ҚМГ Маңғыстау облысында Енімен бірлесіп 120 МВт гибридіт станция (күн+жел) салу бойынша осындай жұмыс жүргізуде.

### Энергия сыйымдылығы







## Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары

### Басқару

ҚМГ-нің ұзақ мерзімді даму стратегиясында климаттық аспектілер бойынша мынадай басым бағыттар белгіленді:

1. Парник газдарының атмосфераға шығарындыларын басқару;
2. Шикі газды тұрақты алау етіп жағуды қысқарту;
3. Өндірілген өнім көлеміне шаққанда, шығарындылардың қарқындылығы бойынша көрсеткіштерді жақсарту және энергия тиімділігін арттыру;
4. Метанның ағуын азайту,
5. Жасыл жобаларды қаржыландыруды ұлғайту.

Климаттың өзгеруіне қарсы күрестің жаһандық тренді бүкіл әлемдегі компаниялардың қызметіне әсер етіп жатыр. ҚМГ елдің төмен көміртекті дамыту

жөніндегі мемлекеттік саясатын қолдау мақсатында, қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына және орнықты даму қағидаттарына жауап беретін 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын бекітті. ҚМГ-нің даму стратегиясына сәйкес, көміртек ізін азайту мақсатында, төмен көміртекті дамыту Компания дамуының негізгі бағыттарының біріне айналды.

Бағдарламаның операциялық процестердің энергия тиімділігін арттыру және ЖЭК жобаларын іске асыруға арналған негізгі бағытынан басқа, Компания сондай-ақ декарбонизация бойынша қосымша шараларды қолға алуды жоспарлап отыр. Атап айтқанда, көміртекті тұту, сақтау және утилизациялау (CCUS), сутегі энергетикасын дамыту, орман-климат салаларындағы жобалар.

### Тәуекелдер мен мүмкіндіктер

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі – Корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі. Ол стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге кері әсер етуі мүмкін жағдайларды дер кезінде анықтауға, бағалауға, мониторинг жүргізуге және азайтуға бағытталған. Осы тәуекелдерді барынша азайту мақсатында, Компания іс-шаралар кешенін жүзеге асырады. Тәуекелдер бойынша есеп Директорлар кеңесіне тоқсан сайын ұсынылады.

Көрсеткіші	2019	2020	2021
Тікелей шығарындылар, Scope 1, тонна CO <sub>2</sub>	7 360 760	6 736 684	6 902 065 <sup>1</sup>
Жанама, Scope 2, географиялық әдіс, тонна CO <sub>2</sub> экв	3 304 832	3 448 136	3 340 709
Жанама, Scope 2, нарықтық әдіс, тонна CO <sub>2</sub> экв	3 359 945	3 508 371	3 314 720

### Ақпаратты жария ету

ҚМГ CDP климат бойынша сауалнамасына сай 2019 жылдан бастап парник газдарының тікелей және жанама шығарындыларының көлемі туралы деректерді, парник газдарының шығарындыларын басқару мәселелерін, Румыния мен Грузиядағы халықаралық активтерді қоса алғанда, ҚМГ-нің барлық активтері бойынша негізгі тәуекелдер мен мүмкіндіктерді жария етеді.

2022 жылы шілдеде 2021 жылдың қорытындылары бойынша ҚМГ-нің Климат бойынша сауалнамасы жарияланды. Есепке сәйкес, 2021 жылдың нәтижелері бойынша ҚМГ компанияларының тобында көмірқышқыл газының тікелей шығарындыларының көлемі 6,9 млн тонна CO<sub>2</sub> болды.

Парник газдарының тікелей шығарындылары жөніндегі деректер әрбір ЕТҰ бойынша тіркелген тәуелсіз ұйымдардың қорытындыларымен расталған. 2022 жылғы ақпарат CDP есебінде 2023 жылдың 3-ші тоқсанында жарияланады. Ақпаратты жариялау кезінде ҚМГ дәйектілік және салыстырмалылық қағидаттарын ұстанады, ақпараттың жариялығын арттыру бойынша үздіксіз жұмыс жүргізеді.



Атмосфералық ауаны қорғау туралы толығырақ ақпарат Тұрақты даму туралы есепте берілген



## Шикі газды тиімді пайдалану

Атмосфералық ауаға ластаушы заттар мен парник газдарының шығарындыларын басқару және газды алау етіп жағуды қысқарту – ҚМГ компаниялар тобы үшін басым міндеттердің бірі. Бекітілген экологиялық саясатқа сәйкес, Компания газды тұрақты алау етіп жағудың нөлдік деңгейіне жетуге және алаудан атмосфералық ауаға бөлінетін шығарындыларды қысқартуға ұмтылады. Парник газдарының шығарындыларын азайту жөніндегі маңызды міндеттеріміздің бірі – шикі газды көдеге жарату мен утилизауиялануын арттыру, алау етіп жағуды барынша азайту. Шикі газды дамыту және өңдеу бағдарламалары бойынша орындалған іс-шаралардың арқасында жылу және электр энергиясын өндіру үшін газды өз қажетіне пайдалану ұлғайды. Бұл шикі газды жағу және тарату кезінде пайда болатын ластаушы заттар мен парник газдарының шығарындыларының азаюына ықпал етті.

2022 жылы шикі газды утилизациялау 98,8%-ға жетті. Шикі газды алау етіп жағу көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 89%-ға қысқарды. Газды жағу көрсеткіші өндірілген 1 мың тонна КСШ деңгейіне шаққанда 1,5 тонна деңгейінде (2021 жылы – 2,1; 2020 жылы – 2,2), бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 29%-ға және салалық орташа IOGP көрсеткішінен 84%-ға төмен.

ҚМГ 2015 жылы Дүниежүзілік банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын тұрақты жағуды толық утилизациялау» бастамасын қолдады. Компания шикі газды жағу көлемін барынша азайтуға тырысады. Осы бастама шеңберінде шикі газды жағу көлемі жөніндегі есептілік жыл сайын Дүниежүзілік банктің Қазақстан Республикасындағы өкілдігіне тапсырылады.

### Шикі газды алау етіп жағу көлемі

Көрсеткіші	2020	2021	2022
Шикі газды алау етіп жағудың жалпы көлемі, млн м <sup>3</sup>	57,6	52,5	35,7
Шикі газды көдеге жарату деңгейі, %	98	98	98,8
Шикі газды жағу қарқындылығы, өндірілген 1 мың тонна КСШ	2,2	2,1	1,5



Толығырақ ақпарат Тұрақты даму туралы есепте берілген



<sup>1</sup> — Бұл ретте оның ішінде 6 734 279 т CO<sub>2</sub> верификацияланды, қалған 167,8 мың т CO<sub>2</sub> квотаға енбейтін көлемді компания жеке есептейді.



## Қалдықтарды утилизациялау

ҚМГ-нің өндірістік қызметі барысында өндіріс және тұтыну қалдықтары пайда болады. ҚМГ компанияларының тобында қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар кешені әзірленуде және іске асырылуда, түзілген және жинақталған қалдықтардың, оның ішінде мердігер компаниялардың қалдықтарының есебі жүргізіледі, қалдықтарды қалпына келтіруге дейін немесе жойғанға дейін оларды қауіпсіз жинақталады. 2022 жылы түзілген және жинақталған қалдықтарды қалпына келтіруге арналған ҚМГ шығыстары 14,37 млрд теңгеге жетті.

Қалдықтарды қалпына келтіру әдістерін таңдау кезінде басымдық заманауи технологияларға, оның ішінде қоршаған ортаны қайта ластамайтындарына берілетінін атап өткен маңызды.

2019 жылы 6 тамызда Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар

министрлігі мен ҚМГ арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды, ол бойынша 2024 жылға дейін бұрыннан жиналған қалдықтарды утилизациялау және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту бойынша жұмыстарды орындау міндеттемесі қарастырылған. Меморандумға ММГ, ӨМГ және ҚБМ кірді.

2019 жылдың қыркүйегінен бастап келісімшарттық аумақтар түгенделді, ол бойынша қалдықтардың сипаттамалары, қалдықтардағы мұнай өнімдерінің құрамы және жалпы көлемі айқындалды. Осы түгендеу негізінде мұнаймен ластанған жерлерді қалпына келтірудің тиісті жобалары әзірленіп, мемлекеттік органдармен келісілді, жобалардың шеңберінде мұнаймен ластанған қалдықтарды утилизациялаудың қауіпсіз және тиімді технологиялары таңдап

алынды және ұсынылды, 2024 жылды қоса алғанда, мұнаймен ластанған жерлерді қалпына келтіруді жүргізу кестесі жасалды.

Сонымен бірге, ЕМГ мен ҚТМ меморандумдағы міндеттемеге кірмегеніне қарамастан, мұнда да бұрыннан ластанған жерлерді жинау бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Аталған компаниялар құрамында мұнайы бар бұрыннан жиналған қалдықтарды утилизациялау және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту жөніндегі жұмыстарды орындауға мамандандырылған ұйымдармен ұзақ мерзімді шарттар жасасты.

2022 жылы ҚМГ ЕТҰ объектілерінде 693,7 мың тонна бұрыннан жиналған қалдық утилизацияланды, олардың орны қалпына келтірілді.

Қалдықтарды басқару туралы қосымша ақпарат Тұрақты даму туралы есепте берілген



## Активтердің шығарылуы бойынша міндеттемелер

### Мұнай-газ активтері

Заңнамаға және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, белгілі бір келісімшарттардың талаптары бойынша ҚМГ-нің негізгі құралдарды демонтаждау, жою және әрбір кен орнындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері бар. Атап айтқанда, ҚМГ міндеттемелеріне барлық өнім бермейтін ұңғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды демонтаждау мен келісімшарттық аумақты қалпына келтіру, сондай-ақ пайдаланудан шығару сияқты қызметті түпкілікті тоқтату және өндіріс учаскесіндегі қоршаған ортаны

ластауға жол бермеу жөніндегі міндеттемелер бойынша шаралар қабылдау жатады.

Компания активтердің шығарылуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісімшарт бойынша жеке есептейді. Міндеттеме сомасы инфляцияның болжамды деңгейіне түзетілген және өтпелі экономикасы бар елдердің мемлекеттік борышы бойынша қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз проценттік мөлшерлемелерді пайдалана отырып, дисконтталған

міндеттемелерді өтеу үшін талап етілетін бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша компанияның мұнай-газ активтерін жою жөніндегі міндеттемелерге арналған резервінің баланс құны 88 млрд теңгені (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша – 175 млрд теңге) құрады (толығырақ Шоғырландырылған қаржылық есебінің 4-ескертпесінде).

## Магистральды мұнай құбырлары және газ құбырлары

2012 жылдың 4 шілдесінде күшіне енген «Магистральдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, ҚМГ-нің еншілес ұйымы – «ҚазТрансОйл» АҚ-тың пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін магистральды құбырды жою және кейіннен қоршаған ортаны, оның ішінде жерді қалпына келтіру бойынша іс-шараларды жүргізу жөніндегі заңды міндеттемесі бар. Құбырларды жою және жерді қалпына келтіру бойынша міндеттемеге арналған резерв ҚМГ есептеген демонтаждау және қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу құнының негізінде бағаланады. 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы



## Су ресурстарын қорғау

Су – ҚМГ-нің барлық өндірістік процестерінің ажырамас бөлігі. Компания өз қызметінде су тұтыну көлемін қысқартуға, су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға, суды қайталап және айналымда пайдалануды ұлғайтуға, ағын сулардың сапасын арттыруға және табиғи су объектілеріне әсерін барынша азайтуға ұмтылады.

ҚМГ – көмірсутектерді өндірумен, тасымалдаумен және өңдеумен айналысатын вертикалды интеграцияланған компания. Барлық процестер судың едәуір мөлшерін талап етеді. ҚМГ суды жерүсті, жерасты көздерінен, муниципалдық сумен жабдықтау жүйелерінен және Каспий теңізінен алады. ҚМГ кәсіпорындарының сарқынды суларының негізгі қабылдағышы (және соңғы пункт) келесідей түрлі мамандандырылған қабылдағыштар: жинағыш тоғандар, булану алаңдары және сүзу алаңдары. Бұл объектілер – сарқынды суларды табиғи тазартуға және қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге арналған

жағдай бойынша ҚМГ компаниялар тобы резервінің баланс құны Компанияның құбырларын жою және жерлерді қалпына келтіру бойынша міндеттемесі бойынша 41 млрд теңгені құрады (2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 36 млрд теңге) (толығырақ Шоғырландырылған қаржы есебінің 4-ескертпесінде).

## Экологиялық оңалту

ҚМГ сондай-ақ экологиялық тазарту жұмыстары мен оңалтуға арналған міндеттемелер бойынша резервтерді қалыптастыру бойынша бағалау жүргізеді және пайымдау шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығын болашақ

техникалық құрылғылар. Өздерінің жинақтағыштары жоқ кәсіпорындар суды тазарту мен утилизациялау үшін су ағындарын мамандандырылған компанияларға береді. Экологиялық заңнамада белгіленген ағызылатын су сапасының нормативтеріне сарқынды суларды тазартудың механикалық және биологиялық әдістерін пайдалану арқылы қол жеткізіледі. Алайда жерүсті табиғи су қоймаларына ағынды су ағызылмайды.

2023 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша су ресурстарын басқару бағдарламасын әзірлеп, бекіту жоспарлануда.

«Тазалық» жобасы – қазіргі уақытта «АМӨЗ» ЖШС жүзеге асыратын табиғатты қорғау бағытындағы негізгі іс-шаралардың бірі. Жоба зауытты механикалық тазарту құрылғыларын салу бойынша екі кезеңнен тұрады, олар – нормативтік-тазартылған ағын су каналы (құбыр желісін салу) және булану өрістерін қалпына келтіру (860 га.).

экономикалық пайдаға қарай және оған қатысты себептерге байланысты капиталдандырылады.

Компанияның экологиялық оңалтуға арналған резерві ҚМГ компаниялар тобының қолданыстағы қазақстандық және еуропалық нормативтік базалардың талаптарын орындау үшін қажет шығындардың тәуелсіз бағасына негізделген басшылықтың тиімді бағасын білдіреді. 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша экологиялық міндеттемелер бойынша резервтің баланс құны 63 млрд теңгені құрады (2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша – 65 млрд теңге) (толығырақ Шоғырландырылған қаржы есебінің 26-ескертпесінде).

Булану алқаптарын қалпына келтіру 860 га аумақты төрт секторға бөле отырып, кезең-кезеңімен жүргізіледі.

- Бірінші кезеңде (2021 жыл маусым – 2022 жыл тамыз) бірінші және екінші секторларды құрғату және рекультивациялау, сондай-ақ канал орнында құбыр салу.
- - Екінші кезеңде (2022 жыл қыркүйек – 2023 жыл желтоқсан) «Тухлая балка» булану өрістерін рекультивациялау процесін толық аяқтай отырып, үшінші және төртінші секторды құрғату мен рекультивациялау жұмыстары жүргізіледі.

Қазіргі уақытта Атырау қаласының көріз тазарту құрылыстарына дейін құбыр тарту аяқталды. Булану өрістері бойынша - бірінші және екінші сектор толығымен құрғатылды, бірінші және екінші секторларда биопрепарат егіліп жатыр. Булану өрістерін қалпына келтіру жұмыстарын 2023 жылдың соңында аяқтау жоспарлануда.



9 ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИОНДЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ

### Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

- «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ және оның ЕТҰ өндірістік қызмет нәтижелеріне, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қауіпті өндірістік факторлардың алдын алуға қатысты қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына басымдық береді.
- ҚМГ компаниялары тобының еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты жоғары басшылықтың

еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне қатысты бейілділігіне негізделген және әрбір қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін дамытуға тартуға бағытталған. Компания мен оның ЕТҰ басшылығы жазатайым оқиғалар мен апаттарға, алкоголь, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын пайдалануға және жол-көлік оқиғаларына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты мүлдем төзбеушілік қағидатын ұстанады. Компания ұлттық заңнамалардан басқа, халықаралық және ұлттық стандарттардың талаптарын сақтауға міндеттенеді. Компания әлемдік стандарттар мен озық тәжірибелерге сәйкес өндірістегі қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

#### Жазатайым оқиғалар мен өлімге әкелген жағдайлардың коэффициенті

Көрсеткіш	2022	2021	2020	IOGP <sup>1</sup>
Жұмыс уақытын жоғалтуды қосқанда болған жазатайым оқиғалар коэффициенті, 1 млн адам-сағатқа шаққанда	0,36	0,31	0,29 <sup>2</sup>	0,19
Өлім-жітім коэффициенті, 100 млн адам-сағатқа шаққанда	1,00	2,93	0,0	0,29

#### 2022 жылдың негізгі көрсеткіштері

ҚМГ республиканың ең ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың бірі ретінде қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге және Компанияның өндірістік объектілері жұмыс істейтін аудандарда тұратын персонал мен халықтың денсаулығын сақтауға көп көңіл бөледі. Біздің қызметкерлер Компанияның еңбек қызметі үшін қауіпсіз жағдай жасайтынын және жұмыс орнында ету үшін ең жоғары стандарттарды енгізетінін атап айтады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардың саны өткен жылмен салыстырғанда 67%-ға төмендеді (2021 жылғы үш жағдайдан 2022 жылы бірге дейін). 2022 жылы еңбек қызметіне байланысты адам өліммен аяқталған бір жазатайым оқиға болды, бір қызметкер қайтыс болды («Ақтау-Жетібай» су құбырының жарылуы салдарынан «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС, Маңғыстау облысы).

Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің саны өткен жылмен салыстырғанда 12,5%-ға өсті (2021 жылғы 32 жағдайдан 2022 жылы 36 жағдайға дейін).

Жол-көлік оқиғаларының саны 4,5%-ға төмендеді (2021 жылғы 22 жағдайдан 2022 жылы 21 жағдайға дейін), өрт саны 83%-ға төмендеді (2021 жылы алты жағдайдан 2022 жылы бір жағдайға дейін).

ЕҚ және ӨҚ негізгі көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	2020	2021	2022	2022/2021 Ауытқу	%
Жазатайым жағдайлар	Жағдай	30	28	35	7	25
Жазатайым жағдай кезінде зардап шеккендер	Адам	32	32	36	4	12,5
Өлім-жітімді қоса алғанда	Адам	0	3	1	-2	-67
Жол-көлік оқиғалары	Оқиға	14	22	24	2	9
Өрт	Оқиға	6	6	1	-5	-83

1 — 2021 жылға арналған IOGP көрсеткіштері (<https://www.iogp.org/>).

2 — Деректер «ҚазТрансГаз» АҚ жұмыс сағаттарын есепке алмастан көрсетілген.

#### Маңғыстау облысы Кендірлі демалыс аймағы ауданында су тұщыту қондырғыларын салу

ҚМГ «Кендірлі» демалыс аймағында магистральды құбыры бар, қуаты тәулігіне 50 мың м³ теңіз суын тұщытуға мүмкіндік беретін зауыт салу жобасын іске асырады. Жобаның мақсаты – су тапшылығын жою үшін Жаңаөзен қаласының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету және «Астрахань-Маңғыстау» магистральды су құбырына жүктемені азайту. Қазіргі уақытта жобаны іске асыру 2021-2024 жылдарға жоспарланып отыр.

#### «Қаражанбасмұнай» АҚ

2022 жылы 1 шілдеде Қаражанбас кен орнында қабат суын тұщыту зауыты (бұдан әрі – ҚСТЗ) сынақ режимінде іске қосылды. Стратегиялық маңызды өндіріс

штаттық режимге сәтті ауыстырылды және технологиялық стандарттарға сәйкес жұмыс істейді.

«Қаражанбасмұнай» АҚ «Астрахань-Маңғыстау» су құбырынан су алады. Зауытты іске қосу сумен қамтамасыз ету мәселелерінде кен орнын өзін-өзі қамтамасыз етуге және өңір халқының қажеттіліктері үшін судың едәуір көлемін бағыттауына мүмкіндік береді. Толық қуатқа шыққан кезде қабат суын өңдеу тәулігіне 42,5 мың м³ болады, бұл ретте тазартылған су өндіру тәулігіне 17 мың м³ жетеді.

Өндірісті іске қосу көптеген бағыт бойынша мультипликативті әсер береді. Сумен жабдықтау мәселесінен басқа, зауыт өндіру көлемін ұлғайту, ұңғымаларды күрделі және жерасты жөндеу санын қысқарту, сондай-ақ грифин түзілу көлемін азайту сияқты КБМ-нің бірқатар технологиялық мәселесін шешуге ықпал етеді.



ҚМГ компаниялар тобының суды және су ресурстарын басқару жөніндегі деректері 2021 жылдың қорытындылары бойынша Су қауіпсіздігі жөніндегі сауалнама шеңберінде CDP алаңында жарияланды. 2022 жылғы ақпарат 2023 жылғы 3-тоқсанда жарияланатын болады.

Толық ақпаратты ҚМГ-нің ашық көздерде жарияланған есептерінен мына сілтеме бойынша алуға болады:

2021 жылға арналған су қауіпсіздігі бойынша CDP сауалнамасы



ҚМГ-де су пайдалану және іске асырылатын жобалар туралы толығырақ ақпарат Тұрақты даму туралы есепте берілген.

**Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару**

ҚМГ компаниялар тобында өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандартты енгізу және ҚМГ ЕТҰ, ҚМГ өндірістік қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру шеңберінде ЕТҰ басшылары мен өнеркәсіптегі қауіпсіздік мәселелеріне жауапты инженерлік-техникалық қызметкерлер үшін (барлығы 128 қызметкер қатысты) Корпоративтік орталықта және ҚМГ-нің ірі ЕТҰ («Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ) база-сында семинарлар өткізілді.

Осы семинарлар шеңберінде мұнай-газ саласындағы (ТШО) озық халықаралық тәжірибені және IOGP ұсынымдарын ескере отырып, өндірістік процестердің қауіпсіздігін ұйымдастыру және қамтамасыз ету/кедергілерді басқару бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Бұдан басқа, ҚМГ-нің әрбір бизнес бағыты үшін өндірістік қауіпсіздіктің алдын алу кедергілерінің практикалық мысалдары (олардың қызметінің ерекшелігін ескере отырып) қаралды.

Семинардың қорытынды бөлімінде ҚМГ ЕТҰ-дағы кедергілерді тексеру және бағалау жөніндегі негізгі құралдар (тәсілдер) талқыланды (қолданыстағы әдістерді, бағдарламалар мен тәжірибелерді негізге ала отырып), сондай-ақ ҚМГ және ЕТҰ персоналының өндірістік процестердің / кедергілердің қауіпсіздігін басқарудағы рөлі мен міндеттері айқындалды.

2023 жылы осы бағыттағы жұмысты жалғастырып, ҚМГ ЕТҰ-ға IOGP «Өндірістік қауіпсіздік негіздері» (Process Safety Fundamentals) ұсынымдарын енгізуді бастау жоспарлануда.

**Көлік қауіпсіздігі**

ЖКО статистикасы бойынша Компанияға тәуелді емес оқиғалардың туындау қаупінің факторлары бар екенін атап өту қажет. Осындай факторлардың бірі – көлік құралдарының үлкен саны, ол бүкіл Компания бойынша 11 мыңнан астам бірлікті құрайды. Екінші фактор – Қазақстан Республикасының барлық аумағында шашыраңқы орналасқан Компанияның еншілес ұйымдарының географиялық орны, сондай-ақ олардың үшінші тараптың кінәсінен ЖКО-ның туындау қаупі жоғары болатын ірі қалалар мен елді мекендерде орналасуы. Мысалы: 2022 жылы болған

24 ЖКО-ның 58%-ы (14 ЖКО) үшінші тараптың кінәсінен жолкөлік оқиғасына жатқызылды.

Компанияда ЖКО туындау қаупін азайту мақсатында көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша келесі шаралар кешені орындалды.

- 2022 жылы ҚМГ ЕТҰ-ның 368 қызметкері («Қаражанбасмұнай» АҚ, «Oil Transport Corporation» ЖШС, «KMG-Security» ЖШС) қауіпсіз жүргізу бойынша оқудан өтті.
- «ҚазМұнайГаз» ҰК»АҚ компаниялар тобы бойынша көлік қауіпсіздігі/жол қозғалысы қауіпсіздігін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, жолданды.

- «Ембімұнайгаз» АҚ-та «Сапарларды басқару» пилоттық жобасы іске асырылды. «Сапарларды басқару» көлік құралдарының мониторингінің автоматтандырылған жүйесін ЕМГ-ге енгізу нәтижесінде көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі оң әсерді ескере отырып, 2023 жылдан 2025 жылға дейін «Сапарларды басқару» жобасын ӨМГ, ММГ, ҚБМ, ҚТО, ОСК, ОТК, ҚМГ-Сервис ұйымдарында кезең-кезеңімен жүзеге асыру туралы шешім қабылданды.

**Өрт қауіпсіздігі**

2022 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша бір өрт тіркелді (2021 жылы өрт саны – 6, оның ішінде 3 оқиға зардап шеккендермен, қаза тапқандармен және елеулі материалдық залалмен), 8 м² алаңда «Бұрғылау жұмыстары басқармасы» ЖШС аумағындағы техникалық вагонда зардап шеккендер жоқ, залал 195 мың теңгені құрады. Өрттің себебі – электр жабдықтарын дұрыс пайдаланбау.

Өртке қарсы қауіпсіздік шараларын арттыру мақсатында 2021 жылғы қазанда ҚМГ қысқа

мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді, сондай-ақ профилактикалық іс-шаралармен бірге 2022-2024 жылдарға арналған өрт қауіпсіздігі саласындағы кешенді жоспар әзірленіп, бекітілді.

Кешенді жоспарға сәйкес және өрт қаупі жоғары кезеңге дайындық шеңберінде 2022 жылы 1 сәуірде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кен орнында кешенді өрт-тактикалық оқу-жаттығуы өткізілді. Оқу-жаттығуға Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі, төрт облыстың

ТЖД басшылығы және Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті (ЕҚОҚД) қатысты.

2022 жылы 7 қазанда «ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау мұнай құбыры басқармасында «Самұрық-Қазына» АҚ, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар және Энергетика министрліктері өкілдерінің қатысуымен осындай оқу-жаттығулар өткізілді.

Барлық ЕТҰ-да жыл бойы жоспарлы өрт-тактикалық оқу-жаттығулары өткізілді.

ҚМГ корпоративтік орталығында 2022 жылдың мамыр және қыркүйек айларында адамдарды эвакуациялау және ғимараттағы шартты өртті сөндірумен өртке қарсы жаттығу өткізілді.

Әдістемелік көмек көрсету және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру үшін жыл ішінде ҚМГ ЕТҰ-да өртке қарсы қорғанысты күшейту (өрт қауіпті, жылыту және мереке кезеңдерінде), өрт

қауіпсіздігі нормаларын түсіндіру жөнінде хаттар дайындалып, жолданды. Сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында өрт қауіпсіздігін нығайту шаралары» тақырыбында өңірлік семинарлар (Астана, Жаңаөзен, Ақтау, Атырау қ.) өткізілді.

2023 жылға компанияда өрт қауіпсіздігін арттыруға бағытталған келесі бастамалар жоспарланған:

- 2022-2024 жылдарға арналған өрт қауіпсіздігі саласындағы кешенді жоспардың орта мерзімді іс-шараларын іске асыру;
- ЕТҰ мен мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің компания объектілерінде өрттің алдын алуға және сөндіруге дайындығын тексеру және бағалау жүргізу.

**ӨҚ, ЕЖҚОҚ бағыттарын цифрландыру**

**«Сапарларды басқару» жобасы**

Көлік қауіпсіздігі деңгейін арттыру, қауіпсіз жүргізу мәдениетін және бірыңғай орталықтандырылған цифрлы платформаны құру мақсатында 2022 жылы «Сапарларды басқару» көлік құралдары мониторингінің автоматтандырылған жүйесін енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асыру аяқталды:

- количество нарушений скоростного режима сокращено на 62 %;
- жылдамдық режимі бойынша бұзушылықтар саны 62%-ға қысқарды;

- ЕМГ өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің жолдарында жылдамдық режимін шектеу бойынша 591 жол белгісі орнатылды/ жаңартылды;
- жүргізуші стилі мен тіркелген бұзушылықтар бойынша балдық бағалау негізінде жүргізушілердің рейтингі енгізілді;
- кәсіптік және тас жолдардың, ЕМГ кен орындары объектілерінің координаттары көрсетілген электронды карта жасалды;
- жаңа функционал енгізілді (жол парақтары, маршруттан ауытқулар, онлайн-хабарламалар);

- «Сапарларды басқару» жобасын ҚМГ-нің басқа еншілес тәуелді ұйымдарына кезең-кезеңімен тарату жоспарлануда. Келесі қадамдар:
- ЕТҰ-дағы процестердің автоматтандыру деңгейі, GPS-трекерлермен жабдықталуын ескере отырып бағалау;
- әрбір ЕТҰ үшін көлікті басқару процестерін дамытудың жеке бағдарламаларын дайындау;
- қозғалыс қауіпсіздігіне назар аударатын отырып, көлікті басқару жүйесін кезең-кезеңімен енгізу.

**ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы менеджмент жүйесін жетілдіру**

Жерүсті көлік құралдарын пайдалану және қызмет көрсету кезінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және олардың зардаптарының ауырлығын азайту үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясат жаңартылды және бекітілді, сондай-ақ ҚМГ компаниялары

тобында жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламенті жаңартылды және бекітілді. Барлық ЕТҰ-да жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдаланудың осыған ұқсас саясаты мен регламентіне бастамашылық етілді және бекітілді. Сондай-ақ, осы саясат пен регламенттің талаптары электронды

пошта және (немесе) нұсқаулық арқылы түсіндіріліп, барлық қызметкерлердің назарына жеткізілді.

2022 жылы 1 наурызда ҚМГ «Жарақаттың нөлдік деңгейі» – Vision Zero тұжырымдамасын ілгерілету жөніндегі жаһандық бастамаға ресми түрде қосылды;

«Vision Zero» немесе «Жарақаттың нөлдік деңгейі» – бұл өндірістің барлық деңгейлеріндегі қауіпсіздік, еңбек гигиенасы және жұмысшылардың әл-ауқаты сияқты үш бағытты біріктіретін профилактиканы ұйымдастырудың сапалы жаңа тәсілі. MASO әзірлеген «Vision Zero» тұжырымдамасы икемді әрі жұмысшылардың қауіпсіздігін, еңбек гигиенасын және әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін басым маңызы бар нақты алдын алу шараларына бейімделуі мүмкін.

Бұл тұжырымдама жұмысшыларды барынша қорғау, оларға оңтайлы еңбек жағдайларын жасау үшін жұмыс берушінің іс-қимылдарының реттілігін болжайды. Ал қызметкер тарапынан бұл – қауіпсіз еңбек ортасы, тек өзі үшін ғана емес, әріптестері үшін де жауапкершілікті арттыру.

2018 жылдан бастап ҚМГ IOGP ұйымның толық құқылы мүшесі ретінде кіру туралы шешім қабылдады.

IOGP-ге мүше болған жылдары ҚМГ IOGP халықаралық озық ұсынымдары мен тәжірибелерін зерделеп, пайдаланды, бұл ҚМГ-нің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, жалпы қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштерін, сондай-ақ жалпы менеджмент жүйесін жақсартуға көмектесті, ҚМГ-нің халықаралық деңгейдегі мүмкіндіктері мен рейтингін көтерді. 2022 жылдан бастап ҚМГ барлық IOGP мүшелері үшін бірыңғай «Өмірлік маңызды ережелерге» (Life-Saving Rules) көшті, олар бұрын компаниялар тобы бойынша қолданыста болған «Алтын ережелерді» алмастырды.

IOGP 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін IOGP-ге мүше 100-ге жуық кәсіпорында 2 мың өлімге әкелген жазатайым оқиғаларға талдау жүргізді. Талдау нәтижесінде қауымдастық қауіпсіздіктің жиі қайталанатын ерескел қателіктерін анықтады.

Осы қателіктердің алдын алу үшін өмірді сақтаудың тоғыз маңызды ережесі әзірленді. Бұл ережелер жұмысшыларға өздерін және әріптестерін өлімнен қорғау үшін жасалынатын әрекеттерден хабардар етеді.



**ЕҚ және ӨҚ жөнінде толық ақпарат Тұрақты даму туралы есепте берілген.**

## ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУ

### Әлеуметтік жауапкершілік

ҚМГ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексі Компанияның Даму стратегиясына сәйкес әзірленді, оның мақсаты – еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету, қызметкерлерге әлеуметтік қолдау шаралары, көрсету, қызметін жүргізетін өңірлерді дамытуға үлес қосу, әлеуметтік серіктестікті және адами капиталды дамыту.

Жұмыс берушілер мен еңбек ұжымдары арасындағы жұмыс істеп тұрған ішкі коммуникациялар жүйелері, жергілікті атқарушы органдармен, кәсіподақтармен өзара іс-қимыл жасау және еңбек ұжымдарымен тең құқықты ұжымдық келіссөздер

Компанияның әлеуметтік жауапкершілігінің негізгі міндеттерін орындауды қамтамасыз етеді.

Компания Қазақстан Республикасында қолданылатын заңнамалық және нормативтік құқықтық талаптарды, сондай-ақ мұнай компанияларының қызметін реттейтін халықаралық заңдар мен шарттарды сақтайды, экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға тигізетін әсері үшін, ұзақ мерзімді кезеңде ұзақ мерзімді құнның өсуі және орнықты дамуы үшін акционерлер, жұртшылық пен инвесторлар алдындағы өзінің жауапкершілігін сезінеді. Компанияның барлық қызметкерлері қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларына, Компанияға қосқан үлесін мойындауға және тиісті бағалауға,

кәсіби дағдыларын дамытуға жәрдемдесуге, олардың жұмысының сапасы мен тиімділігін ашық және конструктивті талқылауға құқылы. Компания ұлттық, нәсілдік, діни белгілері, жасы, жынысы, саяси нанымдары немесе басқа белгілері бойынша кемсітуге жол бермейді.

ҚМГ меритократия, әділдік және объективтілік қағидаттарын ұстанады, әрбір қызметкерге жаңа жетістіктер үшін оңтайлы жағдай жасайды және әркімнің Компанияның қызметіне қосқан үлесін әділ бағалайды, қызметкерлердің барлық деңгейлерде түсіністік, қызығушылық және қолдау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.



### Өндірістік санитария және еңбек гигиенасы

Қазақстан Республикасы заңнамасының және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, өндірістік санитария және еңбек гигиенасы саласындағы халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес, Компанияда денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы мәселелерін басқару жүзеге асырылады. Өндірістік процеске қарамастан, ҚМГ өз қызметкерлерінің денсаулығын сақтау және оларды сауықтыру бойынша белсенді саясат жүргізеді.

2021 жылмен салыстырғанда, ЕТҰ қызметкерлерінің арасында жарақаттанумен байланысты емес өлім-жітім саны жетіге немесе 46%-ға төмендеді. Негізінен, бұл көрсеткіш қызметкерлердің жүрек-қан тамырлары ауруларының салдарынан тіркелді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясының «Персоналдың денсаулығын басқару» 24-стратегиялық

бастамасын орындау шеңберінде денсаулық сақтау және өндірістік санитария жөніндегі ішкі құжаттар әзірленіп, келісілді:


- ҚМГ компаниялар тобы персоналдарының денсаулығын басқару жөніндегі бағдарлама;
- ҚМГ компаниялар тобында міндетті медициналық тексерулерді ұйымдастыру жөніндегі корпоративтік стандарт;
- ҚМГ компаниялар тобында өндірістік санитарлық бақылаудың бірыңғай үлгілік бағдарламасын жасау жөніндегі Регламент.

Сонымен қатар, қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында ҚМГ компаниялар тобында персоналдың денсаулығын басқару жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілетін болады.



**Персоналдың денсаулығын басқару жөнінде толық ақпарат Тұрақты даму туралы есепте берілген.**

#### Жарақатқа байланысты емес өлім-жітім саны



## Әлеуметтік тұрақтылық

ҚМГ қызметкерлердің өкілдерімен конструктивті диалог жүргізу арқылы кәсіпорындарда әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге ұмтылады және түрлі наразылық акцияларының болмауына ұмтылады. Бірыңғай әлеуметтік саясатқа сәйкес іске асырылатын іс-шараларды қоса алғанда, әлеуметтік тұрақтылықты қолдау мақсатында тұрақты негізде кешенді жұмыс жүргізіледі. Оның ішінде ЕТҰ-дағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін арттыру жөніндегі жоспарлы іс-шаралар, әлеуметтік тұрақтылық индексіні зерттеу, ішкі коммуникацияларды белсенді түрде пайдалану, мердігерлік ұйымдармен жұмыс және т. б.

Кәсіпорындарда әлеуметтік тұрақтылықты қолдау мақсатында 2022 жылға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарында әлеуметтік тұрақтылық деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары іске асырылуда.

Аталған жоспарды әзірлеу кезінде «Самұрық-Қазына» АҚ әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы ҚМГ-нің барлық ірі ЕТҰ-ларында жүргізетін Samruk Research Services<sup>1</sup> зерттеулерінің нәтижелері қолданылады.

Компаниядағы Samruk Research Services интегралдық көрсеткіші 2022 жылы 74%-ды құрады.

Жалпы, ҚМГ кәсіпорындарындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейі – қанағаттанарлық. Әлеуметтік әл-ауқат бойынша қызметкерлердің жалақы деңгейіне қанағаттануының төмендеуі байқалады. Бұл өткен жылы қажетті азық-түлік пен тауарлар бағасының өсуіне тікелей байланысты.

2022 жылы ҚМГ ЕТҰ қызметкерлері тарапынан есепті жылдың басында бүкіл елдегі қаңтар оқиғасына байланысты 11 наразылық фактісі тіркелді. Қаңтар айындағы наразылықтарға баға белгілеуде нарықтық механизмге көшуге байланысты сұйытылған газ бағасының өсуі себеп болды, бұл өз кезегінде ҚМГ ЕТҰ қызметкерлері арасында наразылық көңіл-күйін күшейтті. 2022 жылдың ақпан айында Жаңаөзенде «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің бір бөлігі жұмысын тоқтатты. Олардың негізгі талабы – жалақыны кем дегенде 40% көтеру. Жағдайды тұрақтандыру үшін кәсіподақ комитеттерінің жетекшілерімен келіссөздер және еңбек ұжымдарымен кездесулер өткізілді. Келіссөздер қорытындысы бойынша жағдайды тұрақтандыру, кәсіпорындардың үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету, сондай-ақ еңбек жанжалының одан әрі өршуіне жол бермеу мақсатында жалақыны 30 пайызға арттыру туралы шешім қабылданды, 2021 жылға қатысты жағдай тұрақталды.

Сонымен қатар, ҚМГ ЕТҰ-ның барлығында жұмыскерлердің еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту бойынша бес жылға (2023-2027 жж.) жеке жол карталары әзірленді. ЕТҰ жоспарларына сәйкес, 2023 жылы 40-тан астам әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылым объектілерін (асханалар, әкімшілік-өндірістік корпусстар, тұрғын қалашықтар және т.б.) салу және әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне 115 күрделі жөндеу жүргізу жоспарлануда.

Жыл басынан бері үшінші тарап мердігерлік ұйымдарында жұмысшылардың жалақысын көтеру талабына байланысты жаппай наразылықтар болды. Осыған байланысты, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Маңғыстау, Атырау, Павлодар облыстарында 2022 жылдың басынан бастап ҚМГ ЕТҰ мен олардың мердігерлік ұйымдары арасында жалақы айырмашылығын азайту бойынша жұмыс жүргізілді. Осы мақсатта Маңғыстау, Атырау және Павлодар облыстары бойынша 199 қосымша келісімге қол қойылды. «ЕТҰ-ның мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимылы» бөлімінде толығырақ сипатталған.

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2020	2021	2022
ҚМГ компаниялары тобында еңбек ететіндердің нақты саны (шоғырландыру)	Адам	60 173	47 437	47 526

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2020	2021	2022
• Ерлер	%	81	82	82
• Әйелдер	%	19	18	18
Өндірістік персонал	%	92	92	92
Әкімшілік-басқару персоналы	%	8	8	8
31 жастан 50 жасқа дейінгі қызметкерлер, оның ішінде:	%	60	59	59
• Ерлер	%	80	81	81
• Әйелдер	%	20	19	19
50 жастан асқан қызметкерлер, оның ішінде:	%	28	29	30
• Ерлер	%	82	81	81
• Әйелдер	%	18	19	19
30 жасқа дейінгі қызметкерлер, оның ішінде:	%	12	12	11
• Ерлер	%	83	86	86
• Әйелдер	%	17	14	14
Ашылған жұмыс орындары	Бірлік	961	945	88
Орташа тізімдік санынан	%	1,6	2,1	0,2
Еңбек қатынастары тоқтатылғандар <sup>2</sup>	Адам	3 513	2 757	3 123
Барлық деңгейдегі басшылық құрам, оның ішінде:	%	11	11	10
• Ерлер	%	82	82	82
• Әйелдер	%	18	18	18
ҚМГ компаниялары тобы бойынша тұрақтамау коэффициенті	%	6	6	7 <sup>2</sup>

Компания қызметінің бағыты ауыр, қауіпті және зиянды еңбек жағдайларымен байланысты екенін ескере отырып, ерлердің үлесі 82%, әйелдердің үлесі 19%-ды құрайды. Персоналдың жалпы санындағы өндірістік персоналдың үлесі 92%, әкімшілік-басқару персоналының үлесі 8%-ды құрайды.

Жас санаты бойынша қызметкерлердің негізгі үлесі 31-ден 50 жасқа дейінгі топта ұсынылған – 59%, бұл ретте ерлердің үлесі 81%, әйелдердің үлесі 19%-ды құрайды.

50 жастан асқан қызметкерлер саны персоналдың жалпы санының 30%-ын құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі – 81%, әйелдердің үлесі – 19%.

30 жасқа дейінгі жастардың үлесі персоналдың жалпы санының 11%-ын құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі — 86%, әйелдердің үлесі – 14%.

2022 жылы ашылған жұмыс орындарының саны – 88 бірлік немесе орташа тізімдік санның 0,2%-ын

құрайды. Есепті кезеңде еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлер саны – 3 123 адам.

Барлық деңгейдегі басшылық құрамына кіретін қызметкерлердің үлесі – қызметкерлердің жалпы санының 10%, оның ішінде әйелдер — 18% (2021 жылы — 18%), ерлер — 82% (2021 жылы — 82%).

ҚМГ компанияларының тобы бойынша 2022 жылы тұрақтамау коэффициенті – 7% (2021 жылы – 6%).

<sup>1</sup> — Samruk Research Services — қызметкерлердің көңіл-күйін, олардың әлеуметтік тыныштығын және наразылық көңіл-күйінің деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін әлеуметтік зерттеу. Сонымен қатар, нақты кәсіпорындар бойынша индекс қызметкерлерді толғандыратын проблемалық мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.

<sup>2</sup> — Есепке қатысу үлесі 51% және одан көп шоғырландырылатын компаниялардың қызметкерлері енгізілді.

# ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

ҚМГ қызметін жүзеге асыратын өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуда. Компания жергілікті басқару органдарымен белсенді өзара іс-қимыл жасайды және негізгі мүдделі тараптармен тұрақты диалогты қолдайды, жас білікті мамандарды дамытуда және даярлауда белсенді жұмыс жүргізеді, ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетеді, оффтейк-шарттарға қол қою арқылы отандық өндірушілерді қолдауға ұмтылады. ҚМГ кәсіпорындары жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және кешенді даму жоспары шеңберінде әлеуметтік маңызы бар объектілерді, спорт кешендерінің құрылысын, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және т. б. қаржыландыруды жүзеге асырады.

ҚМГ еншілес ұйымдарының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарында өндірістік қатысу өңірлерін дамытуға және халықтың мұқтаж топтарына әлеуметтік көмек көрсетуге айтарлықтай ақша қаражатын бөлу көзделген, сондай-ақ облыстардың әкімдіктерімен жасалған келісімдер мен меморандумдар негізінде ҚМГ ЕТҰ қаражатты жергілікті қоғамдастықтардың қажеттіліктерін негізге ала отырып, қаражатты бөлетін жергілікті атқарушы органдарға аударылады. Сонымен қатар, ҚМГ Жаңаөзен қаласын дамытудың кешенді жоспарына сәйкес, өз міндеттемелерін уақытылы орындайды. 2022 жылы ҚМГ тобы бойынша осы мақсаттарға 12 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді, оның ішінде, Атырау және Маңғыстау облыстарын дамытуға салымның негізгі үлесі «Қашаған Б.В.» ЖШЖК компаниясына тиесілі, ол 2022 жылдан бастап ҚМГ-нің 100% еншілес кәсіпорны. Атап айтқанда:

- «Өзенмұнайгаз» АҚ Жаңаөзен қаласы мен Қарақия ауданының әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға 1 700 млн теңге бөлді.
- «Ембімұнайгаз» АҚ Жылыой ауданы Құлсары қаласында және Атырау қаласында мектеп салуға 831 млн теңге бөлді.

- «Қазгермұнай» БК ЖШС Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына 149 млн теңге көлемінде қаражат бөлді.
- «Қаражанбасмұнай» АҚ Маңғыстау облысының әкімдігімен жасалған келісім негізінде облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына 480 млн теңге аударды.
- Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС – 169 млн теңге, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС 46 млн теңге бөлді, бұдан басқа, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС келісім-шартты орындау үшін Маңғыстау облысының әкімдігіне 44 млн теңге аударды.

«Қашаған Б.В.» ЖШЖК компаниясының қаражатына есепті кезеңде 8 млрд теңгеден астам сомаға әлеуметтік жобалар аяқталды – шағын аудандарды абаттандыру, Ақтау қаласында 500 орындық студенттік жатақхана салу, Атырау облысының Құлсары қаласында үш қабатты 60 пәтерлі тұрғын үй салу. Сондай-ақ, 2022 жылы Береке шағын ауданында 50 адам қабылдайтын отбасылық-дәрігерлік амбулатория салу, Атырау қаласының Өрлеу тұрғын алабында (Тасқала-2 ауылы) 160 орындық балабақша салу, Қызылқоға ауданы Миялы ауылында үш қабатты 60 пәтерлі тұрғын үй салу, Махамбет ауданы Махамбет ауылында үш қабатты 60 пәтерлі тұрғын үй құрылысы, Атырау облысы Аққыстау ауылында 3 қабатты 60 пәтерлі тұрғын үй құрылысы сияқты жобалар басталды, Ақтау қаласында 2021 жылы басталған «Оқушылар сарайы» мекемесінің құрылысы жалғасуда.

Көрсеткіш	2020	2021	2022
Жергілікті атқарушы органдарға аударылған қаражат (жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттар)	4,5	8 <sup>1</sup>	11,7 <sup>2</sup>

1 — Бұл жергілікті атқарушы органдарға 5 млрд теңге көлемінде аударылған қаражатты және Жаңаөзен қаласының кешенді даму жоспары бойынша 3 млрд теңге мөлшерінде бөлінген қаражатты қосқандағы сома  
2 — Атырау және Маңғыстау облыстарын дамытуға салымның негізгі үлесі 2022 жылдың 15 қыркүйегінен бастап ҚМГ-нің 100% еншілес кәсіпорнына айналған Қашаған Б.В. компаниясына тиесілі

## Демеушілік және қайырымдылық

Компанияның қайырымдылық және демеушілік қызметін «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қайырымдылық қызметінің бірыңғай операторы болып табылатын «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры жүзеге асырады.

Samruk-Kazyna Trust қайырымдылық қызметі адамдарға, әлеуметтік және медициналық сектордағы қоғамдастықтарға көмек көрсетуге, медиа және мәдени қоғамдастықты дамытуға, адам әлеуетін дамытуға, еңбек қатынастарын, ұлтаралық қатынастарды нығайтуға, қоғамның орнықты дамуына инвестиция салуға, өңірлік бизнес-бастамаларды қолдауға бағытталған.

2022 жылғы бюджеттен жасақталған жобалар портфелінде жалпы сомасы 10,4 млрд теңге болатын 43 жоба бар, оның ішінде төрт жоба ҚМГ қажеттіліктерін ескере отырып іске асырылды/іске асырылуда:

- «Жарылқау» ҚҚ – «Жаңаөзен қаласының жалпы білім беретін мектептерінің материалдық-техникалық базасын күшейту» жобасы, сомасы 168,9 млн теңге;
- «IQanat білім беру қоры» ҚҚ – 253 млн теңгеге «IQanat-Жарқын болашақ» жобасы;
- «Bilim Foundation» ҚҚ – 292,5 млн теңге сомасына «Жарқын болашақ» жобасы;
- «Объектілерді салу жөніндегі компания» ҚҚ – «Жаңаөзен қаласы мен Жетібай кентінде спорт алаңдарын салу» жобасы 1,01 млрд теңге сомасы.

2022 жылы Қор басқармасы «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобына кіретін ұйымдардың қайырымдылық көмекті (қайырымдылық жобасын) жоспарлау, қарау және алдын ала мақұлдау қағидаларын бекітті, олардың негізінде ҚМГ және оның еншілес кәсіпорындары үшін қайырымдылыққа белгілі бір шектеу белгіленеді. ҚМГ соның негізінде 2023 жылы ҚМГ қайырымдылық саясатын қабылдауды жоспарлап отыр.

2022 жылы Қордың директорлар кеңесінің шешімімен «Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық бағдарламасына келесі компаниялардың қаржы есебінен әлеуметтік жобалар енгізілді:

- «Өзенмұнайгаз» АҚ – Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында 8 224 545 мың теңгеге болжам бойынша сыйымдылығы бір ауысымда 500 орындық Оқушылар сарайын салу;
- «Ембімұнайгаз» АҚ - 1) Атырау облысының Жылыой ауданында 591 832 863 теңгеге 150 мүмкіндігі шектеулі балаға арналған түзету кабинеті ғимаратының құрылысы; 2) Атырау облысы Исатай ауданының Доссор және Мақат, Қызылқоға ауданы Мұқыр, Аққыстау кенттерінде жалпы сомасы 706 228 840 теңгеден аспайтын төрт көпфункционалды спорт алаңының құрылысы.

Сондай-ақ, ҚМГ еншілес кәсіпорындары Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда, Түркістан, Павлодар, Батыс Қазақстан облыстары және Астана қаласы өңірлерінің жергілікті қоғамдастықтарына 2,5 млрд теңгеден астам сомаға қайырымдылық көмек көрсетті.

## Студенттермен және жас мамандармен жұмыс

ҚМГ компаниялар тобы студенттермен және жас мамандармен жұмыс істеуге көңіл бөледі. Саланың даму үрдісі мен заманауи технологиялық талаптарды ескере отырып, өндірістік объектілер бар өңірлерде оқу орындарымен жұмыс белсенді жүргізілуде.

Осылайша, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС және «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС компаниялары базасында, сондай-ақ Ақтау қаласындағы «Қаражанбасмұнай» АҚ кәсіпорнында дуальды оқыту бағдарламасы тұрақты негізде іске асырылуда. 2022 жылы осы бағдарламаның 26 түлегі ҚМГ өндірістік нысандарына жұмысқа орналастырылды.

Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу қызметімен айналысатын «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Сафи Өтебаев атындағы Атырау Мұнай және газ университетімен бірлесіп, одан әрі жұмысқа орналасу үшін кіші мамандықтар бойынша жас мамандарды даярлау бағдарламасын белсенді іске асыруда. Бағдарлама шеңберінде қазіргі уақытта «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС базасында осы ЖОО-ның 10 студенті тереңдетілген оқу бағдарламасын өтіп, білім алып жатыр, сондай-ақ тәжірибеден өтіп жатыр.

Бұдан басқа, 2022 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-пен бірлесіп

әлеуметтік, еңбек және экономикалық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ орнықты даму саласындағы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу, атап айтқанда Маңғыстау облысындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету жөнінде шаралар қабылдау қажеттілігіне байланысты Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университетінің базасында Маңғыстау облысының жұмыссыз азаматтары қатарынан жас мамандарды даярлау жөніндегі бірегей жобаны іске асырды. Жұмыссыз азаматтарды одан әрі жұмысқа орналастыруға дайындау үшін «Маңғыстаумұнайгаз»

## Ішкі коммуникацияның бірыңғай жүйесі

ҚМГ компанияларының тобында қолданылатын ішкі коммуникацияның бірыңғай жүйесінің регламенті жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасында кері байланысты құру мен қолдау және ҚМГ компаниялар тобының еңбек ұжымдарында әлеуметтік-психологиялық ахуалды жақсарту мақсатында құрылды. Жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасында кері байланыс құру, қолдау және ҚМГ компаниялар тобының еңбек ұжымдарында әлеуметтік-психологиялық ахуалды жақсарту және қызметкерлермен тұрақты байланыста болу, ҚМГ кәсіпорындары бойынша «кері байланыс тетігін» ұйымдастыру мақсатында жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасында ішкі коммуникациялардың бірыңғай жүйесі енгізіліп, жұмыс істеп келеді, оның маңызды элементі – еншілес ұйымдардың бірінші басшыларының еңбек ұжымдарымен жылына кемінде екі рет есептік кездесулері. Бірінші басшылар өз есептерінде ұжымға қазіргі жағдайды баяндайды: экономика, жұмыс көлемі, өндірістік жоспарлар, еңбекті қорғау, кадрлық және әлеуметтік мәселелер. Кездесулерде қызметкерлер өз сұрақтарын қоюға және оларға жауап алуға мүмкіндік алады.

## Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау

ҚМГ компанияларының тобында ҚМГ ЕТҰ-ның қызметкерлеріне көрсетілетін әлеуметтік қолдау түрлері мен нормаларын біріктіретін ҚМГ-нің кәсіпорындары үшін Ұжымдық шарттың үлгілік нысаны қабылданды.

ҚМГ компанияларының тобы бойынша барлық ұжымдық шарттарға сәйкес, әлеуметтік қолдау 35 түр бойынша көрсетіледі. Есепті кезеңде ұжымдық шарттар нормаларының барлық талаптары, кәсіпорындардың қаржы-экономикалық жағдайына қарамастан, ҚМГ-нің барлық кәсіпорындарында толық көлемде сақталды және қолданылады. 2022 жылы «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС, «Кеңқұрылыссервис» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «Петроқаззақстанойл Продактс» ЖШС,

АҚ базасында «Интенсивті білім беру» бағдарламасы дайындалды, бұл оларға жұмысқа орналасу және жұмыс орнында бейімделу үшін қажетті білім мен дағдыларды игеруге көмектесті. Бағдарламаның нәтижесі бойынша 223 азамат «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-қа жұмысқа орналастырылды, көпшілігі үшін бұл – алғашқы жұмыс орны.

Бұдан басқа, ҚМГ компаниялар тобы бойынша тұрақты негізде Қазақстанның жоғары оқу орындарымен және ТжКБ-мен студенттердің өндірістік және диплом алдындағы практикасын ұйымдастыру және өткізу бойынша өзара іс-қимыл бойынша жұмыс жүргізіледі.

- Ішкі коммуникацияның өзге де түрлері бар:
- кәсіпорындар басшылығының кәсіподақтармен, еңбек ұжымымен жедел шешім қабылдауды талап ететін мәселелерді талқылау мақсатында жоспардан тыс кездесулері;
  - корпоративтік ақпараттық сайт, газет;
  - бейне жарнамаларға арналған монитор; жұмысшылардың ұсыныстарына арналған қорап;
  - ұжымдағы ынтымақтастықты арттыру: кәсіби конкурстар, спорттық іс-шаралар, корпоративтік мерекелер және т. б.

Регламентте әрбір қызметкердің сұрақ қою және уақытылы жауап алу мүмкіндігі қарастырылған.

2022 жылы өндірістік персоналы бар 20 ЕТҰ-да бірінші басшылардың еңбек ұжымдарымен 80-ге жуық есептік кездесуі өткізілді. Кездесулерде қызметкерлер көтерген негізгі мәселелер жалақыны көтеру, қызметкерлердің балаларын жұмысқа орналастыру, медициналық қызмет көрсету бойынша нақты мәселелер, еңбек жағдайларын жақсарту, оның ішінде ғимарат пен үй-жайларды жөндеу немесе салу қажеттілігі болды. Барлық мәселелер бойынша қызметкерлерге тиісті түсініктемелер беріліп, шешімдер қабылданды.

«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС, «Мұнайтелеком» ЖШС ұжымдық шарттарының мерзімі аяқталуына байланысты жаңа редакцияда қол қойылды, көптеген әлеуметтік төлемдер бойынша мөлшерлер ұлғайтылды, бұл ретте ҚМГ тобы бойынша қолданыстағы нормалар ескерілді. Әлеуметтік төлемдер көлемі алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда айтарлықтай өскенін айта кету керек.

2022 жылы ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға жұмсалған шығыстар көлемі, кәсіпорындардың жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне берілген әлеуметтік көмекті қоса алғанда, шамамен 24 млрд теңге болды.

Параметр	2020	2021	2022
Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау шығындары, млрд теңге	21	22	24

### ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлеріне көрсетілетін әлеуметтік қолдаудың бөлінісі

Көрсеткіш	%
Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру	33
Жұмыс істемейтін зейнеткерлерге материалдық көмек	17
Қызметкерлердің демалуы/ тұрғын үй жағдайларын жақсарту/ спорт мекемелеріне бару	15
Бала тууға/ жүктілікке және босануға/ бала күтімі бойынша демалысқа/ мектепке дейінгі балалар мекемелеріне ақы төлеуге/ 1 қыркүйекке қарай мектеп керек-жарақтарын сатып алуға байланысты материалдық көмек	13
Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға / аса мұқтаж қызметкерлерге / мүгедектерге, жұбайы (зайыбы), бала кезінен мүгедек балалары (1-ші, 2-ші және 3-ші топ) бар қызметкерлерге / қызметкердің / отбасы мүшелерінің қайтыс болуына байланысты / жерлеуді ұйымдастыруға / жалпы еңбекке қабілеттілігінен айрылуына, мүгедектік алуына / медициналық емделуге/ интернационалист-жауынгерлерге (ауғандықтарға) / Семей полигонында Чернобыль апатын жоюға қатысушыларға/ жеңілдікті шарттар негізінде еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақы төлеуге байланысты материалдық көмек	8
Белгілі бір жасқа жетуіне байланысты (мерейтой/ зейнет)	6
Әлеуметтік қолдаудың өзге де түрлері	8

2022 жылы ҚМГ компаниялар тобы мердігер ұйымдарға еңбек заңнамасының сақталуына 177 тексеру жүргізді. Оның 156-сы жоспарлы, ал қалған 21-і жоспардан тыс тексерулер болды. Мониторинг барысында қызметкерлердің негізгі талаптары еңбекақыға және ҚМГ ЕТҰ штабына қабылдауға қатысты екені анықталды.

2022 жылы ҚМГ

**177** **тексеру**

жүргізген

## ЕТҰ-ның мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимылы

ҚМГ-де мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің еңбек кепілдіктерін қамтамасыз ету үшін олармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі Регламент бекітілген.

Мердігерлік ұйымдардың еңбек қатынастары саласындағы міндеттемелерді сақтауы мақсатында ҚМГ ЕТҰ-ның 21-і шарттық міндеттемелерге үлгілік регламент талаптарын енгізді.

Аталған жұмысты орталықтандыру шеңберінде корпоративтік орталықта мердігерлік ұйымдармен жұмыс жөніндегі сектор (IR) құрылды. ҚМГ ЕТҰ-да тиісті құрылымдық бөлімшелер ашылды. Осы бөлімшелердің қызметі еңбек заңнамасын сақтау, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз ету саласында мониторинг пен бақылауды жүзеге асыруға бағытталған.

Маңғыстау облысы бойынша ҚМГ ЕТҰ-ның 12-сінде жеке IR бөлімшелері құрылды, 1 ЕТҰ-да дербес IR бөлімі құрылмады және IR жұмысы басқа бағыттармен біріктіріледі.

Атырау облысы бойынша ҚМГ ЕТҰ-ның 3-еуінде жеке IR бөлімшесі ашылды.

Ақтөбе облысы бойынша 1 ЕТҰ-да IR бөлімшесі ашылды, қалған 2 ЕТҰ-да IR жұмысы басқа бағыттармен біріктіріледі.

Павлодар, Қызылорда облыстары мен Шымкент қаласында жеке IR құрылымдары ашылмады, мердігерлермен жұмыс басқа бағыттармен ұштастырылуда.

Жергілікті жерлерде ЕТҰ-да мердігерлік ұйымдарда жұмысшылар үшін қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын тексеретін жауаптылар анықталды.

Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Маңғыстау, Атырау, Павлодар облыстарында 2022 жылдың басынан бастап ҚМГ ЕТҰ мен олардың мердігерлік ұйымдары арасындағы жалақы мөлшеріндегі алшақтықты қысқарту бойынша жұмыс жүргізілді. Ол үшін келесі шаралар қабылданды:

- мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің жалақысы артты;
- мердігерлердің жалақысын Тапсырыс берушінің жалақысына ұқсас инфляция деңгейіне жыл сайын индекстеу туралы шешім қабылданды;
- мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері үшін кепілдендірілген әлеуметтік пакет енгізілді.



Жүргізіліп жатқан жұмыстар Жаңаөзен қаласының, Атырау және Павлодар облыстарының проблемалық мәселелерін шешу бойынша ведомствоаралық штабпен келісілді.

Маңғыстау облысы ҚМГ ЕТҰ мердігерлік ұйымдармен осы өзгерістерді және тиісінше қызметтерге тарифтерді ұлғайтуды көздейтін 158 қосымша келісім жасалды. Жалақыны арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар 19 мыңнан астам қызметкерді қамтиды. Орташа алғанда, жалақының өсуі шамамен 35-40%-ды құрайды. Ақшалай баламада қол қойылған қосымша келісімдердің сомасы 37,2 млрд теңгеге жетті.

Атырау облысы бойынша (АМӨЗ) 12 қосымша келісімге қол қойылды. Жалақыны арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар 1,3 мыңнан астам қызметкерді қамтиды. Орташа алғанда, жалақының өсуі 13-тен 76%-ға дейін болады. Ақшалай баламада қол қойылған қосымша келісімдердің сомасы 3,5 млрд теңгені құрады.

Павлодар облысы бойынша (ПМХЗ) 29 қосымша келісімге қол қойылды. Жалақыны арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар 2,4 мыңнан астам қызметкерді қамтиды. Орташа алғанда, жалақының өсуі 14-тен 56%-ға дейін жетеді. Ақшалай баламада қол қойылған қосымша келісімдердің сомасы – 5,9 млрд теңге.

## Жалпы корпоративтік іс-шаралар

ҚМГ компаниялары тобында жыл сайын түрлі іс-шаралар өткізіледі. Салауатты өмір салтын насихаттау және кәсіби шеберлікті арттыру мақсатында Спартакиада және «Үздік маман» сияқты іс-шаралар өткізіледі.

### «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауы

2022 жылы 3-7 қазан аралығында «Қазгермұнай» БК» ЖШС «Ақшабұлақ» және «Нұралы» кен орындарында 13 мамандық бойынша ҚМГ-нің 17 ЕТҰ өкілдерінің қатысуымен байқау өткізілді: мұнай және газ өндіру операторы, ұңғымаларды зерттеу операторы, мұнайды, технологиялық қондырғыларды дайындау операторы, ұңғымаларды күрделі жөндеу бригадалары мен ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадалары, слесарлар, электр газбен дәнекерлеушілер, химиялық талдау зертханашылары, компрессорлық қондырғылардың машинистері және токарьлар.

Бірінші жүлделі орынға ие болған ҚМГ еншілес кәсіпорындарының ішкі конкурстарының жеңімпаздары ҚМГ корпоративтік конкурсына қатысты.

Конкурстың теориялық бөлігі онлайн-режимде электронды тестілеу форматында өткізілді. Практикалық тапсырмалар үшін регламенттер жасалды, пайдаланылатын жабдықтар, құралдар, жұмыс орындары ҚМГ байқау комиссиясымен қаралды және келісілді. Тәжірибені қазылар алқасының мүшелері бағалады, олар ҚМГ кәсіпорындары қызметкерлерінің өндірістік персоналынан анықталды.

Жеңімпаздарды салтанатты марапаттау Бекежанов атындағы Қызылорда облысының драма театрында Қызылорда облысының өнерпаздарының қатысуымен өтті.

Бірінші орын алған байқау жеңімпаздары «Үздік маман» медальдарымен және дипломдармен марапатталды. Бірінші орын жүлдегерлері Қазақстан Республикасы күніне арналған ҚМГ Басқарма Төрағасының қатысуымен ҚМГ салтанатты жиналысына шақырылды. Жалпы іс-шараға қатысушылардың саны 230-дан астам адам, оның ішінде байқауға қатысқандары – 120 адам.

### ҚМГ спартакиадасы

Еңбек ұжымдарын біріктіру мақсатында 2022 жылы ҚМГ спартакиадасы өткізілді.

Спартакиадаға сегіз топқа бөлінген 33 кәсіпорынның 1,6 мыңнан астам адам қатысты. Спартакиада екі кезеңде өтті: ЕТҰ орналасуы бойынша бөлінген сегіз топтағы бірінші іріктеу кезеңі сол жылдың жылдың 18 шілдесіне дейін өтті. Ақтық кезеңі Атырау қ. 2022 жылдың 8-12 тамыз аралығында өтті.

Соңғы бөлімге еншілес және тәуелді ұйымдардың 400-ге жуық өкілі қатысты.

Жарыс келесі спорт түрлері бойынша өткізілді: шағын футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі, теннис, шахмат, жүзу, тоғызқұмалақ, арқан тарту, жеңіл атлетика.

«Самұрық-Қазына» АҚ спартакиадасының финалында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ суперкубок жеңіп алды.

# ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ БАСЫМДЫҚТАРЫ

## Оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламалары

Компаниядағы персоналды дамытудың басты мақсаты – компанияның қажеттіліктеріне жауап беретін және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін қызметкерлердің білімін, дағдылары мен біліктілігін арттыру және дамыта отырып, қызметкерлер еңбегінің тиімділігін нығайту арқылы ҚМГ-нің табысты болуын қамтамасыз ету.

### «Көшбасшылық білім беру бағдарламасы» тақырыбында оқыту

ҚМГ компаниясы тобының маңызды позицияларына сабақтастық жоспарын қалыптастыру және дамыту бойынша «МАНСАП» жобасы жалғасып жатыр.

«СКОЛКОВО» БММ-мен бірлесіп «А» пулының ізбасарларын дамыту бағдарламасы – «Көшбасшылық білім беру бағдарламасы» іске асырылды. «А» пулының мүшелері стратегияны іске асыру және өзгерістерді басқару дағдыларын пысықтауға жауапты бағдарлама модульдерінен сәтті өтті.

«Б» пулының ізбасарларын дамыту бойынша «Кемелдік жолында» бағдарламасы әзірленіп іске қосылды. Бағдарлама компанияның стратегиялық мақсаттарына, құзыреттер мен құндылықтар модельдеріне негізделген, олар бойынша дағдыларды зерделеу және пысықтау орта буын көшбасшыларына компания стратегиясын табысты іске асыруға ықпал етеді.

Бағдарламаға келесі негізгі бағыттар кірді:

- «Көшбасшылық және коммуникация»;
- «Тұрақтылық мәдениетін басқару»;
- «Қауіпсіздік мәдениетін басқару»;
- «Стратегиядағы көшбасшылық»;
- «Жобаларды басқару».

Көшбасшылық бағдарламалар жоғары басшылық үшін де, біздің Компанияның инженерлік-техникалық құрамы үшін де өзекті, сондай-ақ өндірістік қатынастарды дамытудың негізгі сын-тегеуріндерімен танысу, өндірістік көшбасшылық дағдыларын және жергілікті жерлерде көшбасшының рөлдік моделін қалыптастыру мақсатында «Өзенмұнайгаз» АҚ-та «Өзенмұнайгаз» АҚ-тың жоғары және орта буын басшылары үшін кешенді оқыту бағдарламасы іске асырылып жатыр.

Бұл бағдарлама 2022 жылдың күзінде «Өндірістік қатынастар мектебі» деп аталатын бірінші модульден басталды және бүгінгі күні ЕТҰ мен ҚМГ басшылары үшін корпоративтік мәдениетті, коммуникацияларды жақсарту мақсатында коммуникациялық және пікірталас алаңы ретінде қалыптасты. «Өзенмұнайгаз» АҚ-тың 400-ден астам қызметкері оқудан өтті.

Сонымен қатар, өндірістік компаниялар мен кәсіби бірлестіктердің желілік басшыларын дамыту мақсатында коммуникацияларды дамыту, тайм-менеджмент, қаржылық сауаттылық бойынша бағдарламалар жүргізілуде. ҚМГ компаниялар тобында коммуникацияларды құруға және ішкі мәдениетті дамытуға, басшылық пен персонал арасында диалог құруға маңызды көңіл бөлінеді.

Осылайша, басшылық пен қызметкерлер өкілдері арасында сындарлы диалог құру мақсатында ҚМГ Басқарма Төрағасы М.М. Мырзағалиев пен компания басшыларының еншілес компаниялар «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Қаражанбасмұнай» АҚ Кәсіподақтарының басшыларымен және көшбасшыларымен кездесулері өткізілді. Кездесуге еншілес компаниялардың басшылары мен кәсіподақ бірлестіктерінің өкілдері қатысты. Кездесулер фасилитация және командалық коучинг құралдарын қолдана отырып, командалық білім беру элементтерімен тренингтік сессия форматында өтті.



**Қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті оқыту**

2021 жылдан бастап қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өрт-техникалық минимум бойынша міндетті оқытуды ҚМГ Корпоративтік орталығының қызметкерлері «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-ның платформасында өткізеді. «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС құзыреттілікті дамыту орталығының осы оқытуды жүргізуге және белгіленген үлгідегі сертификаттар беруге лицензиялық рұқсаты бар. Біздің компанияның қызметкерлерін ішкі ресурста оқыту бағдарламаларды компанияның ішкі сұраныстарына сәйкес бейімдеуге және оқыту ресурстарына үздіксіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, өндірістегі жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында ROSPA (Ұлыбритания) халықаралық стандартына сәйкес «Қауіпсіз жүргізу» бағдарламасы бойынша ҚМГ компаниялар тобының жүргізушілерін оқыту іске қосылды. 2022 жылы оқыту «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ОйлТранспортКорпорейшн» ЖШС, «KMG-Security» ЖШС қызметкерлерін тасымалдауды/тасымалдауды және қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын 350-ден астам жүргізуші үшін

іске асырылды. Алдағы жылдары ҚМГ компаниялар тобының барлық санаттарының жүргізушілері үшін «Қауіпсіз жүргізу» бағдарламасын іске асыру жоспарлануда.

**Тұрақты даму мәселелері бойынша оқыту**

Тұрақты даму мәселелері, соның ішінде энергияға ауысу, парник газдарының шығарындылары, декорбонизация, жобаларды тұрақты басқару және басқа аспектілер де компания үшін және оның стратегиялық мақсаттарын іске асыру үшін маңызды және өзекті. Қызметкерлер жыл сайын әлемдік стандарттар мен трендтерге сәйкес осы бағытта өз білімдері мен дағдыларын жетілдіреді.

2022 жылы «Тұрақты жобаларды басқару» (Green Project Management) бағдарламасы бойынша қызметкерлер оқудан өтті, оның шеңберінде корпоративтік орталық пен еншілес компаниялардың мамандары мен басшыларын тарта отырып, жобаларда тұрақты даму тұжырымдамасын қолданудың үздік тәжірибелері зерделенді.

Жыл сайын IPMA және GPM жобаларын басқарудың халықаралық стандарттары бойынша стратегиялық

маңызды жобаларды іске асырумен айналысатын негізгі қызметкерлерді сертификаттау жүргізіледі.

ҚМГ тобы қызметкерлерінің әлеуетін арттыру мақсатында мамандар үшін төмен көміртекті дамудың әртүрлі аспектілері бойынша тренингтер мен семинарлар өткізіледі.

Осылайша, «Chevron New Energies» компаниясының қызметкерлерінің сараптамалық қолдауымен 2022 жылдың қазан айында ҚМГ еншілес компанияларының қызметкерлері үшін «Көміртекті тұту және сақтау технологиясы» тақырыбы бойынша 3 күндік уоркшоп өткізілді.

«Көміртекті тұту және сақтау технологиясы» тақырыбындағы уоркшоп

2022 жылы қарашада энергия тиімділігін басқару және парник газдарының шығарындыларын бақылау процестеріне қатысатын еншілес ұйымдар мен корпоративтік орталықтың 45 қызметкері үшін «Кәсіпорындағы энергоөткізу және парник газдарының шығарындыларын басқару» атты 2 күндік семинар ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, ҚМГ тобының қызметкерлері халықаралық ұйымдардың тренингтеріне қатысу арқылы біліктілігін арттырып отырады.

**«Самұрық-Қазына» АҚ сатып алуды жүзеге асырудың және сатып алу қызметін басқарудың жаңа тәртібі және ЭСАЖ «2.0»**

Ашықтық саясатын дамыту шеңберінде сатып алу қызметі мәселелеріне ерекше назар аударылады, осылайша сатып алу қызметі саласындағы мамандардың құзыреттілік деңгейін арттыру мақсатында ҚМГ тобының корпоративтік орталығы мен еншілес компанияларын сатып алу саласындағы мамандарға арналған «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алуды жүзеге асырудың және сатып алу қызметін басқарудың жаңа тәртібі және ЭСАЖ «2.0» бағдарламасы іске қосылды.

Бағдарламаға ҚМГ тобының 37 компаниясының 450-ден астам қызметкері қатысады.



Қызметкерлерді оқыту туралы толығырақ Тұрақты даму туралы есепте берілген.



# ӨНІМ БЕРУШІЛЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ



## Сатып алу жүйесінің тиімділігі

Орнықты даму қағидаттарына сәйкес келуге ұмтыла отырып, тиімді сатып алу қызметін қамтамасыз ету стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін ҚМГ қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚМГ компаниялары тобының сатып алу қызметінің негізгі қағидаттары заңнамалық және ішкі талаптарды сақтау, сатып алудың ашықтығы, адал бәсекелестікті дамыту және контрагенттер үшін тең мүмкіндіктер ұсыну болып табылады. Сонымен қатар ҚМГ қолданыстағы өндірістерді жаңғыртуға және жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесу бағдарламасын іске асыру шеңберінде отандық өндірушілерді қолдау үшін сатып алу қызметінде бірқатар бастамаларды жүзеге асырады.

ҚМГ компанияларында сатып алу қызметін басқару екі құжат негізінде жүзеге асырылады:

- 2022 жылы 1 қаңтардан бастап күшіне енген «Квзимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылы 8 маусымдағы № 47-VII Заңы (бұдан әрі – Заң). Заң квазимемлекеттік сектор компанияларының, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін компаниялардың жұмыс істеуін және жарғылық қызметін орындауды қамтамасыз ету үшін қажетті ТЖҚ сатып алудың базалық қағидаттары мен негізгі ережелерін реттейді;
- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу

үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-қа меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен (бұдан әрі - Тәртіп) тиесілі заңды тұлғалардың Қордың директорлар кеңесінің 2022 жылы 3 наурызда №193 шешімімен бекітілген сатып алуларын жүзеге асыру тәртібі. Тәртіп Заңның 14-бабына сәйкес әзірленді және сатып алудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін, сатып алу қызметін басқарудың жалпы тәртібін, сатып алу қызметін саласындағы Қордың және сатып алу жөніндегі қор операторының құзыретін, сатып алу қызметінің процестеріне қойылатын негізгі талаптарды, сатып алудың қолданылатын тәсілдерін, сатып алуды бір көзден

қолдану үшін негіздерін, сондай-ақ сатып алу санаттарын басқару бойынша сатып алу қызметінің процестерін<sup>1</sup> толығырақ ашады, жеткізушілерді басқару және таңдау, жеткізу шарттарын басқару жөніндегі қызметтерді анықтайды.

Ең озық халықаралық стандарттар мен технологиялар негізінде ашықтық пен тиімділік деңгейін қамтамасыз ету және арттыру үшін ҚМГ компаниялар тобының сатып алу рәсімдерінде барлық мүдделі тұлғаларға сатып алу туралы ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуді (бірінші кезекте мемлекеттік құпияға байланысты жекелеген ерекшеліктерді қоспағанда), сатып алудың барлық қатысушылары үшін мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз

ететін «Электронды сатып алу» ақпараттық жүйесі» порталы (бұдан әрі — ЭСАЖ) қолданылады. ЭСАЖ сатып алу циклінің барлық процедураларын автоматтандыруға және стандарттауға мүмкіндік береді (жоспарлау процесінен келісімшартты басқаруға дейін), тапсырмаларды орындау уақытын қысқартады және адам факторының әсер ету дәрежесін төмендетеді. Электронды сатып алу нарыққа қол жеткізуді жеңілдетеді және осылайша тиімділікті арттыруға, бәсекелестіктің өсуіне және әкімшілік жүктеме мен операциялық шығындардың төмендеуіне ықпал етеді.

Сатып алу рәсімдері мен сатып алу келісімшарттарына қатысты сатып алу туралы ақпаратты, соның ішінде сауда-саттыққа қатысуға

шақыру және шарт жасасу шарттары туралы ақпаратты көпшілікке таратудан басқа, ЭСАЖ іріктеу критерийлері мен Сауда-саттықты өткізу қағидаларын және оларды жариялауды қоса алғанда, бәсекелестік сатып алуға қатысу үшін талаптарды алдын ала белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл ретте ЭСАЖ нормативтік құжаттарда белгіленген ережелер немесе рәсімдер сақталмаған жағдайда сатып алу нәтижелеріне шағымдануды қоса алғанда, ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қамтамасыз етеді.

<sup>1</sup> — Толығырақ ақпаратқа мерзімдер, құжаттаманың мазмұнына қойылатын талаптар және жүргізілетін рәсімдер сияқты мәселелер кіреді.

## Сатып алудың жалпы көлемі

2022 жылы сатып алудың жалпы көлемі, ҚҚС-ты есептемегенде, 1 085 234 млн теңгеге жетті.

ҚМГ сатып алу қызметінің маңызды аспектілерінің бірі – бір көзден сатып алуды қысқарту және бәсекелі сатып алу үлесін арттыру. Бәсекелес сатып алу ашық тендер, баға ұсыныстарын сұрау, электронды дүкен және бәсекелестік келіссөздер арқылы жүзеге асырылады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ компаниялар тобы бойынша жасалған жылдық сатып алу жоспарының шарттары бойынша бәсекелестік сатып алу сомасы 512 млрд теңге болды. Сонымен қатар, соңғы үш жылда бәсекелестік

2022 жылы сатып алудың жалпы көлемі ҚҚС есептемегенде

# 1 085 млрд теңге

болды

сатып алулардың үлесі 49%-ды құрады, бұл ҚМГ-нің адал бәсекелестікті және орнықты даму мақсаттарын қамтамасыз етуге ұмтылысын көрсетеді.

Бәсекелестік нарықты дамыту ұмтылысына қарамастан, холдингішілік кооперация шеңберінде және (немесе) бір көзден сатып алу жүзеге асырылатын бәсекелес емес сатып алу үлесі айтарлықтай басым.

### Бәсекелес сатып алулар, ҚҚС-ті қоспағанда млрд теңге<sup>1</sup>

Жыл	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер		Барлығы	
	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %
2018	137	7	375	19	511	26
2019	169	12	326	23	495	36
2020	168	15	252	23	420	38
2021	162	15	285	27	447	42
2022	237	23	275	26	512	49

### Ұзақ мерзімді сатып алу шарттарын және бір жылдағы жергілікті қамту үлесін қоса алғанда жеткізілген ТЖҚ жалпы көлемі

Жыл	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер		Барлығы	
	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %
2020	472	71	1 354	86	1 826	82
2021	273	57	943	85	1 216	78
2022	410	58	1 290	90	1 700	82


## Әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік бойынша іріктеу

Қазақстандық және халықаралық практиканың талаптары мен стандарттарын ескере отырып, сатып алу қызметін жетілдіру – ҚМГ-нің басым міндеттердің бірі. Осы міндетті шешудің пәрменді құралы – әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік бойынша іріктеуді жүргізу тетігін іске асыру.

Алдын ала біліктілік бойынша іріктеу<sup>2</sup> (АБИ) – сауалнама және аудит арқылы жүзеге асырылатын, сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне сәйкес айқындалған біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан әлеуетті өнім берушілерді бағалау процесі.

АБИ-нің негізгі мақсаттары – білікті, тиісті түрде іріктелген жеткізушілерді анықтау, Қордың портфельдік компанияларының қажеттіліктері үшін ТЖҚ сатып алу тиімділігін арттыру.

Бүгінгі күні Қордың алдын ала біліктілік іріктеу мәселелері жөніндегі комиссиясы ҚМГ-нің еншілес және тәуелді ұйымдары, АБИ рәсімінен өткен әлеуетті өнім берушілер арасында ашық тендер тәсілімен сатып алуды жүргізу үшін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің 24 санатын бекітті.



<sup>1</sup> — Бәсекелес сатып алуларға ашық тендер, баға ұсыныстарын сұрау, электронды дүкен және бәсекелестік келіссөздер арқылы сатып алу жатады

<sup>2</sup> — АБИ рәсімінен өткен әлеуетті өнім берушілер Біліктілік органы комиссиясының шешімімен «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу порталында ашық қорда жарияланған білікті әлеуетті өнім берушілердің тізіліміне енгізіледі.

## Санат бойынша сатып алу

Сатып алу санаттарын басқару – басым санаттарға енгізілген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қызметіне және пайдалануға байланысты шығындарды азайтудың кешенді тәсілін әзірлеу процесі.

Санаттау сатып алу нысанасының және (немесе) әлеуетті өнім берушілердің бірыңғай нарығының жалпы белгілері бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу санатына біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Санаттар тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бір және бірнеше атауын қамтуы мүмкін. Басымдықтар ретінде шығындар деңгейі жоғары, сыни, үнемдеу және басқару әлеуеті бар санаттар анықталады.

Санаттарды басқару санат бойынша сатып алу стратегиясын әзірлеу және бекіту арқылы егжей-тегжейлі талдау арқылы үнемдеу әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл стратегия ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді перспективада пайданы барынша көбейтуге негізделген тауарларды, жұмыстарды және

### 2018-2022 жылдардағы санат бойынша сатып алу көлемі мен пайдасы, млн теңге

Көрсеткіш	2018	2019	2020	2021	2022
Санат бойынша сатып алу көлемі, млн теңге	13 948,38	41 531,68	49 716,04	109 447,54	93 618,92
Сатып алуды санат бойынша басқарудың пайдасы, млн теңге	1 565,01	4 101,81	7 011,23	13 109,53	8 435,32

қызметтерді сатып алудың оңтайлы тәсілін анықтайды. Санат бойынша сатып алу стратегияларында мақсаттар мен міндеттер, ішкі және сыртқы ортаны талдау, сатып алу санаттарын басқару тәсілдері, жеткізушілерді дамытуға қойылатын талаптар, пайданы есептеу және іске асыру жоспары болуға тиіс.

Санаттарды басқару стратегиялық жоспарлауды қолдану, сатып алынатын тауарлар мен қызметтерді егжей-тегжейлі талдау және меншіктің жалпы құнын есептеу арқылы, сондай-ақ бизнестің әртүрлі құрылымдық бөлімшелерімен кросс-функционалды өзара іс-әрекет жасау арқылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу және пайдалану шығындарын едәуір төмендетеді. Жеткізудің

бұл әдісі тиімді, өйткені ол сенімді өндірушілермен және жеткізушілермен жұмыс жасай отырып, сапаны, сондай-ақ анық бағаны қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сатып алу санаттарын басқару келесілерді қамтиды:

- сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді санаттау және сатып алудың басым санаттарын айқындау;
- басым санаттар бойынша сатып алу категориялық стратегияларын әзірлеу (жаңарту) және бекіту;
- санат бойынша сатып алу стратегияларын іске асыру мониторингі;
- жеткізушілерді дамыту.

## Тұрақты сатып алуды ұстану

ҚМГ-нің орнықты даму саласындағы қағидаттары заңдылық пен ашықтық, шарттардың талаптарын сақтау, сатылмау пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік негізінде контрагенттермен өзара іс-қимылды жүзеге асыруда, сондай-ақ үздік баға, сапа және шарттар, контрагенттің іскерлік беделі сияқты факторлардың негізінде контрагенттерді іріктеуде көрініс тапты.

Бұл ретте, ҚМГ өз кезегінде контрагенттерге қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтау,

қызметкерлерге әділ қарым-қатынас жасау, балалар еңбегін пайдаланбау, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және этикалық мінез-құлықтың өзге де қағидаттарын ұстану бойынша қарсы міндеттемелер белгілейді.

Бұл талаптар ҚМГ-нің контрагенттермен Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек құқықтарын сақтау және қолайлы еңбек жағдайларын жасау, балалардың құқықтарын қорғау және экологиялық қауіпсіздікті сақтау мақсатында

жасалатын шарттарының талаптарына енгізілген. Компанияның пікірі бойынша, бұл шаралар ҚМГ-мен ынтымақтасатын компаниялардың заңсыз қызмет ету жағдайларының санын азайтуға көмектеседі.

ҚМГ тауарларды сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушілерге сапа менеджменті жүйесіне сәйкестік сертификаттарын беру туралы талаптарды да белгілейді.



## Импортты алмастыру

Мұнай-газ саласында мемлекет мүддесін таныстыратын Компания ретінде ҚМГ оффтейк-шарттар жасасу арқылы жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде импортты алмастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізеді. Бағдарламаның негізгі мақсаты

– жаңа өндірістерге бастамашы болған жеке кәсіпкерлерді қолдау, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларында сұранысқа ие өнімдерді шығару мақсатында технологиялық қайта жарақтандыру.

Оффтейк-шарттардың тетігі жобаны іске асыру нәтижесінде өндірісі жолға қойылатын тауарларды сатып алу мен жеткізуді

кейінге қалдыру шартымен импортты алмастыру жобаларының іске асырылуын көздейді.

2022 жылдың қорытындылары бойынша ҚМГ-нің еншілес ұйымдары отандық өндірушілермен жалпы сомасы 791 млн теңгеге 55 оффтейк-шарт жасасты.

### Сатып алудағы импорттық тауарлар

Жыл	Сомасы, млрд теңге	Қазақстанда шығарылған СТ-KZ <sup>1</sup> сертификатынсыз жеткізілген тауарлардың үлесі,%
2018	173	21
2019	104	22
2020	94	20
2021	73	27
2022	90	23

<sup>1</sup> — Қазақстанда шығарылған сертификатсыз жеткізілген тауарлардың үлесі есепті кезеңде жеткізілген импорттық тауарлардың үлесі

# TCFD ҰСЫНЫСТАРЫНА СӘЙКЕСТІК


Ашықтыққа қатысты ұсыныстар	Жылдық есеп бөлімдері	
<p><b>Корпоративтік басқару</b></p> <p>Климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерге қатысты Компанияның корпоративтік басқару принциптерін жариялаңыз</p>	<p><b>а)</b> Басқарма климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді қалай қадағалайтынын сипаттаңыз</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тұрақты дамуды қамтамасыз ету (132 бетте)</li> <li>Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары (158 бетте)</li> <li>КТБЖ қатысушылары (238 бетте)</li> </ul>
	<p><b>б)</b> Климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау мен басқарудағы менеджменттің рөлін сипаттаңыз</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>ҚМГ Даму стратегиясы (№4 стратегиялық мақсат) (50 бетте)</li> <li>Тұрақты дамуды қамтамасыз ету (132 бетте)</li> <li>Тұрақты даму саласындағы ҚМГ басшылығының ҚНҚ жарлығы (144 бетте)</li> <li>КТБЖ қатысушылары (238 бетте)</li> </ul>
<p><b>Стратегия</b></p> <p>Бұл ақпарат маңызды болған жағдайда компанияның қызметіне, стратегиясына және қаржылық жоспарлауына климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктердің нақты және ықтимал әсерін ашыңыз</p>	<p><b>а)</b> Компания қысқа, орта және ұзақ мерзімді перспективада анықтаған климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді сипаттаңыз</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жаһандық үрдістер және олардың ҚМГ стратегиясын іске асыруға әсері (26 бетте)</li> <li>Негізгі тәуекелдер (243 бетте)</li> </ul>
	<p><b>б)</b> Компанияның қызметіне, стратегиясына және қаржылық жоспарлауына климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктердің әсерін сипаттаңыз</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жаһандық үрдістер және олардың ҚМГ стратегиясын іске асыруға әсері (26 бетте)</li> <li>ҚМГ Даму стратегиясы (№4 стратегиялық мақсат) (50 бетте)</li> <li>БҰҰ Жаһандық келісім қағидаттарына және 17 жаһандық мақсаттарға міндеттеме (№13 мақсат) (137 бетте)</li> <li>Төмен көміртекті даму бағдарламасы (145 бетте)</li> <li>Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары (158 бетте)</li> <li>Негізгі тәуекелдер (243 бетте)</li> </ul>
	<p><b>с)</b> Климатқа байланысты әртүрлі сценарийлерді, соның ішінде 2°C және одан төмен сценарийлерді ескере отырып, компания стратегиясының тұрақтылығын сипаттаңыз</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қазіргі уақытта сценарийлер өзін-өзі бағалау. 2022 жылы Компания ЕҚДБ-мен меморандумға қол қойды, оған сәйкес ЕҚДБ әртүрлі климат сценарийлерінде (RCP2.6, RCP4.5 және RCP8.5) ҚМГ үшін стресс-тестілеу моделін</li> </ul>
<p><b>Тәуекелдерді басқару</b></p> <p>Компанияның климатқа байланысты тәуекелдерді қалай анықтайтыны және бағалайтыны, сондай-ақ оларды қалай басқаратыны туралы мәліметтерді ашыңыз</p>	<p><b>а)</b> Компанияда қабылданған климатқа байланысты тәуекелдерді анықтау және бағалау процестерін сипаттаңыз</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>БҰҰ Жаһандық келісім қағидаттарына және 17 жаһандық мақсаттарға міндеттеме (№13 мақсат) (137 бетте)</li> <li>Төмен көміртекті даму бағдарламасы (145 бетте)</li> <li>Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары (158 бетте)</li> <li>Негізгі тәуекелдер (243 бетте)</li> <li>Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары (158 бетте)</li> <li>Негізгі тәуекелдер (243 бетте)</li> <li>Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары (158 бетте)</li> </ul>
	<p><b>б)</b> Компанияда қабылданған климатқа байланысты тәуекелдерді басқару процестерін сипаттаңыз</p>	
	<p><b>с)</b> Климатқа байланысты тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару процестері компанияның жалпы тәуекелдерді басқару процесіне қалай біріктірілгенін сипаттаңыз</p>	

<p><b>Көрсеткіштер мен мақсаттар</b></p> <p>Бұл ақпарат маңызды болған жағдайда климатқа байланысты тиісті тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау және басқару үшін қолданылатын көрсеткіштер мен мақсаттарды ашыңыз</p>	<p><b>а)</b> Компания өзінің стратегиясы мен тәуекелдерді басқару процесіне сәйкес климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау үшін пайдаланатын көрсеткіштер туралы мәліметтерді ашыңыз</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>ҚМГ Даму стратегиясы (№4 стратегиялық мақсат) (50 бетте)</li> <li>БҰҰ Жаһандық келісім қағидаттарына және 17 жаһандық мақсаттарға міндеттеме (№13 мақсат) (137 бетте)</li> <li>Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары (158 бетте)</li> <li>Төмен көміртекті даму бағдарламасы (145 бетте)</li> <li>Энергия үнемдеу және тиімділікті арттыру бағдарламасы (153 бетте)</li> <li>Тұрақты даму саласындағы ҚМГ басшылығының ҚНҚ жарлығы (144 бетте)</li> </ul>
	<p><b>б)</b> Парник газдарының шығарындылары туралы мәліметтерді 1-қамту, 2-қамту және, егер қажет болса, 3-қамту және онымен байланысты тәуекелдерді ашыңыз</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары (158 бетте)</li> </ul>
	<p><b>с)</b> Компания климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару үшін пайдаланатын мақсаттарды және мақсатты нәтижелермен салыстырғанда нақты нәтижелерді сипаттаңыз</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>ҚМГ Даму стратегиясы (№4 стратегиялық мақсат) (50 бетте)</li> <li>БҰҰ Жаһандық келісім қағидаттарын және 17 жаһандық тұрақты даму мақсаттарын ұстану (№13 мақсат) (137 бетте)</li> <li>Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары (158 бетте)</li> <li>Төмен көміртекті даму бағдарламасы (145 бетте)</li> </ul>

2022 ЖЫЛЫ ҚМГ  
ҚОҒАМДЫҚ КОМПАНИЯ  
МӘРТЕБЕСІН АЛЫП,  
КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА  
ДЕҢГЕЙІНЕ ШЫҚТЫ




# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

 ШЕКАРАЛАРДЫ  
КЕҢЕЙТУ

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ҚМГ корпоративтік басқару жүйесі ҚМГ қызметін басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін процестердің жиынтығын, сондай-ақ акционерлер («Самұрық-Қазына» АҚ және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ), Директорлар кеңесі, Басқарма және мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін білдіреді. ҚМГ органдарының құзыреттерінің аражігі нақты ажыратылған және ҚМГ Жарғысында бекітілген.

## ҚМГ корпоративтік басқару құрылымы



### Компанияның корпоративтік басқару органдарының жүйесі төмендегілерді қамтиды:

- **Жоғары орган** — Акционерлердің жалпы жиналысы
  - **Басқару органы** — Акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін Директорлар кеңесі
  - **Атқарушы орган** — Директорлар кеңесіне есеп беретін Басқарма
  - **Ішкі аудит қызметі** — Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың тобына кіретін ҚМГ компаниялар тобының компаниялары мен өзге де ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды жүзеге асыратын орталықтан-дырылған орган корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындау және ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының қызметін жетілдіру мақсатында консультация беру өз функцияларын тұрақты және тәуелсіз негізде орындайтын, **Компанияның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының мүшесі болып табылмайтын, ҚМГ Директорлар кеңесі тағайындайтын және ҚМГ Директорлар кеңесіне есеп беретін, өз құзыретінің шегінде ҚМГ корпоративтік басқару жүйесінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын Корпоративтік хатшы;**
  - Директорлар кеңесіне есеп беретін **комплаенс қызметі**, оның қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және ҚМГ компаниялары тобының ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша міндетті реттеушілік талаптар мен үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз етуге, қызметкерлер арасында ашықтықты, адалдықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ үздік халықаралық стандарттарға, ішкі саясаттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бизнес жүргізу үшін жағдайлар жасауға бағытталған
  - **Омбудсмен** — ҚМГ Директорлар кеңесі тағайындайтын тұлға, оның рөлі оған жүгінген ҚМГ қызметкерлеріне консультация беру және еңбек дауларын, қақтығыстарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуде, сондай-ақ ҚМГ қызметкерлерінің іскерлік этика қағидаттарын сақтауда жәрдем көрсету болып табылады.
- ҚМГ корпоративтік басқару жүйесі акционерлердің және негізгі мүдделі тараптардың: мемлекеттің, стратегиялық серіктестер мен контрагенттердің (жеткізушілер мен сатып алушылар), инвесторлардың, ҚМГ қызметкерлерінің, муниципалитеттердің, жергілікті қоғамдастықтардың және Компания қызметін жүзеге асыратын өңірлер тұрғындарының құқықтары мен заңдық мүдделерін құрметтеуге негізделеді.
- Компанияның корпоративтік басқару жүйесі корпоративтік басқарудың қазақстандық және халықаралық практикасының талаптары мен стандарттарын ескере отырып, үнемі жетілдіріліп отырады.



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ

Даму стратегиясын қалыптастыратын және іске асыратын, оның ішінде өндірістік процестерді басқарудың дивизиондық құрылымы арқылы ЕТҰ-ның операциялық қызметіне тарту арқылы корпоративтік орталық бола отырып, Компания корпоративтік басқару саласындағы үздік практикаларға сай болуға ұмтылады және корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына жауап беру мен ашықтық — бұл болашақ инвесторлардың, контрагенттердің және өзге де стейкхолдерлердің сенімін нығайтуға, компания ресурстарын тиімсіз пайдалану тәуекелдерін төмендетуге, құнының өсуіне және әл-ауқатының ұлғаюына ықпал ететін инвестициялық тартымдылық пен қызметтің экономикалық тиімділігін арттырудың аса маңызды факторлары екенін түсінеді.

Компанияның Директорлар кеңесі ҚМГ-дегі корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылайды, ал корпоративтік хатшы оны үздіксіз жетілдіруді ұйымдастырады.

ҚМГ-нің корпоративтік басқару тәжірибесін қалыптастыру мен жақсарту басты құжат – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен бекітілген ҚМГ корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – Корпоративтік басқару кодексі, Кодекс) 28 негізделеді. Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстанда және әлемде дамып келе жатқан корпоративтік басқару тәжірибесін, «Самұрық-Қазына» АҚ трансформациялау

бағдарламасын ескере отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-тың ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

Кодекс компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі негізделетін қағидаттарды бекітеді, бұл «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының корпоративтік басқару қағидаттарымен бірдей. Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитет Кодекстің ережелерін ҚМГ-ге енгізуді бақылауды жүзеге асырады.

Кодекстің талаптарына сәйкес, Корпоративтік хатшы жыл сайын компанияның comply or explain («ұстан немесе түсіндіре») тәсілін қолдана отырып, оның қағидаттары мен ережелерінің сақтауын талдайды. Қазіргі уақытта Кодекс талаптарының басым бөлігі сақталған. Оның жекелеген ережелерін ішінара ұстанбау жағдайлары себептерімен бірге Кодексті ұстану туралы есепте көрсетілген. ҚМГ-нің 2022 жылы Кодекстің қағидаттары мен ережелерін ұстану туралы есебімен жылдық Есепке берілген қосымшада танысуға болады.

Бірнеше жыл бойы ҚМГ Корпоративтік хатшысының қызметіне сәйкес корпоративтік басқару тәжірибесін жетілдіру бойынша ҚМГ қызметін дәйекті және жүйелі негізде ұйымдастырып келеді. Корпоративтік басқару саласын жақсарту мақсаттарын белгілеу мен процесті қадағалау үшін компания 2016 жылдан бастап дауыс беретін акцияларының 50%-дан астамы тікелей немесе

жанама түрде «Самұрық – Қазына» АҚ-қа тиесілі заңды тұлғаларда корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесін (бұдан әрі – Әдістеме) пайдаланады.

Әдістеме тәуелсіз тараптың компанияны корпоративтік басқару бойынша сараптамасының (аудитінің) нәтижелері бойынша рейтинг беруді көздейді. Мұндай сараптама тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Сараптама нәтижелері бойынша әдістеме негізінде ҚМГ Корпоративтік хатшысының қызметі корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша жоспар жасайды, оны орындау нәтижелері тұрақты негізде Директорлар кеңесінің және Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің назарына жеткізіледі.

2021 жылы тәуелсіз консультант PricewaterhouseCoopers компаниясы жүргізген корпоративтік басқарудың кезекті тәуелсіз сараптамасының нәтижелері бойынша Әдістеме негізінде ҚМГ-ге «BBB» деңгейінде корпоративтік басқару рейтингі берілді, бұл компания қол жеткізген прогресті көрсетті (2018 жылы жүргізілген алдыңғы сараптаманың нәтижелері бойынша компанияға «BB» рейтингі берілген) және Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің барлық маңызды аспектілерде белгіленген критерийлердің көпшілігіне жауап беретінін және бұл ретте компанияда жүйенің тиімді жұмыс істейтінін растады.


Компания 2021 жылы корпоративтік басқару бойынша жүргізілген тәуелсіз сараптаманың нәтижелері бойынша берілген ұсыныстар мен кеңесті есепке ала отырып, оларды корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарға енгізді және 2022 жылы ҚМГ корпоративтік басқару жүйесін: ашықтық; акционерлердің құқықтары; тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау аудит; Директорлар кеңесі мен атқарушы орган қызметінің тиімділігі; тұрақты даму және т.б. салалар бойынша одан әрі жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жоспарлы

іске асыруға арнады. Қалыптасқан тәжірибеге сәйкес, ҚМГ корпоративтік хатшысы корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізеді және осы жоспардың орындалуы туралы есептерді, Аудит жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесі қарап, ҚМГ менеджментіне кері байланыс беріп отыратын болады.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ және ҚМГ-нің 2031 жылға дейінгі даму стратегияларында

«Корпоративтік басқару рейтингі» ПЭК бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша негізгі кезеңдер айқындалды. Бұл ҚМГ-нің негізгі акционері, Директорлар кеңесі, Компанияның аудит және менеджмент жөніндегі комитеті тарапынан корпоративтік басқаруға жоғары көңіл бөлінгенін айғақтайды.

## Корпоративтік басқару жүйесін дамыту



# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі ҚМГ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері заңнамада және ҚМГ Жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданады. Заңнамада және ҚМГ Жарғысында белгіленген шешімдерді қабылдау үшін қажетті қворумға және Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысына қарамастан, Компания айтарлықтай маңызды мәселелер бойынша шешімдердің іштей отырыстарда қабылдануына, шешімдерді қабылдауға Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің қатысуына күш жұмсайды және шешімдерді дайындау мен келісу кезінде Директорлар кеңесінің барлық мүшесінің пікірін ескере отырып қабылдауға барынша әрекет жасауға тырысады.

Директорлар кеңесі, өзгелерден басқа, ҚМГ қызметінің басым бағыттарын белгілейді және ҚМГ даму стратегиясын бекітеді, әлеуетті сатып алу мәселелері және қаржылық сипаттағы басқа да елеулі мәселелер (оның ішінде ҚМГ облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттары туралы), сомасы бойынша елеулі мәмілелер және компания мүддесі бар мәмілелер жасасу, жер қойнауын пайдалану құқығын алу, беру (қайта табыстау) мәселелері бойынша шешімдерді қарайды және қабылдайды, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жобаларды бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық әріптестермен бірлескен қызмет туралы, ҚМГ мен ҚМГ еншілес ұйымдарының қатысуымен инвестициялық жобаларды келісу туралы шарттар (келісімдер) жасасуды жүзеге асырады, Компанияның корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі акционерлерге Ұйым қызметінің нәтижелері үшін есеп береді. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында (тыңдауда) Директорлар кеңесінің төрағасы акционерлерге (үлескерлерге) Директорлар кеңесінің есепті кезеңдегі қызметінің қорытындылары, Директорлар кеңесінің ұйымның ұзақ мерзімді құны мен орнықты дамуы бойынша қабылдаған шаралары, тәуекелдің негізгі факторлары, елеулі оқиғалар, қаралған мәселелер, отырыстардың саны көрсетілетін есеп, отырыстардың нысаны, қатысу деңгейі, сондай-ақ басқа да маңызды ақпаратты ұсынады – Директорлар Кеңесінің есебі ұйымның жылдық есебіне енгізіледі.

Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі Компанияның Жарғысымен, корпоративтік басқару кодексімен және Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі және ұтымдылықпен тиімділік қағидаттарына сүйене отырып, жыл сайын әзірленетін жұмыс жоспарына және отырыстар өткізу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда, Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді де қарайды.

## Директорлар кеңесінің төрағасы және оның рөлі

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық жасауға жауап береді, Директорлар кеңесінің негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруды және Директорлар кеңесінің мүшелері, ірі акционерлер мен Басқарма арасында конструктивті диалог құруды қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің төрағасы тәуелсіз директор болады.

## Тәуелсіз директорлар және олардың рөлі

Директорлар кеңесінің жұмысында тәуелсіз директорларға маңызды орын беріледі. Олар саны бойынша Директорлар кеңесінің комитеттерінде басым және сол комитеттердің төрағалары болады. Тәуелсіз директорлар тәуелсіздіктің барлық заңнамалық шарттарына, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларында Директорлар кеңесінің құрамын жасақтау ережелеріне және Кодекске сәйкес келеді.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар, жекелеген акционерлердің, атқарушы органның және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан еркін адам тәуелсіз директор деп танылады. Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болатын мәселелерді (қаржы және қаржы емес есептілігін дайындау, жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу, атқарушы органның құрамына кандидаттар ұсыну, атқарушы органның мүшелеріне сыйақы белгілеу) талқылауға белсенді қатысуға тиіс. Тәуелсіз директор тәуелсіздік мәртебесінің жоғалу ықтималдығын қадағалауға және осындай жағдайлар болғанда Директорлар кеңесінің Төрағасын алдын ала хабардар етуге тиіс. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне әсер ететін мән-жайлар болған жағдайда, Директорлар кеңесінің Төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін осы ақпаратты дереу акционерлердің назарына жеткізеді.

Үздік халықаралық тәжірибені ұстана отырып, Компания өзінің тәуелсіз директорларының жоғары стандарттарға сай болуына ұмтылады және директордың тәуелсіздігіне нұқсан

келтіретін немесе нұқсан келтіргендей болып көрінетін жағдайлардың жоқтығын мәлімдейді.

## Директорлар кеңесіндегі сабақтастықты жоспарлау, лауазымға енгізу және біліктілікті арттыру

Компания Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығын қамтамасыз ету саясаты мен сабақтастық жоспарын әзірлеп, бекітті. 2021 жылы ҚМГ-де жүргізілген корпоративтік басқару сараптамасының шеңберінде «ПрайсрутерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз консультанты ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерінің сабақтастығы мен мерзімдері туралы мәселелер бойынша бірқатар ұсыныс берді, олар 2022 жылы іске асырылды. Консультант ұсынған ҚМГ-нің корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі жоспарда мынадай ұсыныстар атап өтілді:

- акционерлердің өкілдері мен тәуелсіз директорларды Компанияның Директорлар кеңесінде ұзақ уақыт ұстау мақсатында Акционермен бұл тәсілді талқылау мүмкіндігін қарастыру. Өкілдердің өкілеттіктер мерзімін Компанияның таңдалған Стратегиясының кезеңіне сәйкес келтіру туралы мәселені зерделеу қажет, бұл егер Компания халықаралық листингті жоспарласа, Компанияның инвестициялық қоғамдастықтағы корпоративтік жадының сабақтастығын және беделін сақтауды ескере отырып, Компанияның артықшылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;
- кандидаттар тізбесін, олардың құзыреттерін, қызығушылық танытуын, қалаған сыйақысын және қазіргі директорлардың

өкілеттіктер мерзіміне және талап етілетін дағдылар матрицасына негізделетін ықтимал өкілеттіктер мерзімін қоса алғанда, Директорлар кеңесі үшін ресми сабақтастық жоспарын әзірлеу мүмкіндігін қарастыру.

ҚМГ-де Директорлар кеңесі 2017 жылы бекіткен ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) қолданылады. Директорлар кеңесінің 2020 жылғы маусымдағы шешімімен Бағдарлама Компанияның функционалды блоктарының басшыларымен кездесулер, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағаларымен кездесулер өткізу қажеттілігі туралы тармақпен толықтырылды. Корпоративтік хатшы Бағдарламаның орындалуына, яғни Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің онда көзделген барлық іс-шаралардың іс жүзінде өтуіне мониторинг жүргізеді. Бағдарлама шеңберінде құжаттарды жаңарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде. 2022 жылы бағдарламаға сәйкес лауазымға енгізу рәсімінен ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесі Хаирова Ә.Ә. өтті.

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 6 сәуірдегі шешімімен (№6/2022 хаттама, №16 сұрақ) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 8 сәуірдегі шешімімен (№5/2021 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2021-2024 жылдарға арналған сабақтастық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді. Бұл ретте, Директорлар кеңесінің мүшелері өз біліктіліктерін үздіксіз жетілдіріп отырады және өткен тренингтер туралы мәліметтерді ұсынады, олар туралы ақпарат Компанияның веб-сайтында жарияланады.

## Өкілеттік мерзімі

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі – үш жыл. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарау кезінде қатарынан алты жылдан астам мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі (бұл жағдайда тәуелсіз директорлар үшін Компания барлық мүдделі тараптарға ашатын осындай қажеттіліктің егжей-тегжейлі және сенімді негіздемесі дайындалатын болады).

Бұл ретте, 2021 жылы ҚМГ-де жүргізілген корпоративтік басқарудың тәуелсіз сараптамасының нәтижесі бойынша, Компания акционерлердің өкілдері мен тәуелсіз директорларды Компанияның Директорлар кеңесінде анағұрлым ұзақ сақтау мақсатында Акционермен тәсілді талқылау мүмкіндігін қарау туралы ұсыным алды. Сондай-ақ, өкілдердің өкілеттіктер мерзімін Компанияның таңдалған Стратегиясының кезеңіне сәйкес келтіру мәселесін зерделеу қажеттілігі туралы ұсыныс берілді. Тәуелсіз консультанттың пікірі бойынша, көрсетілген артықшылықтар: ұзақтығы бес-алты жылға созылатын жекелеген директорлардың өкілеттік мерзімі және олардың әртүрлі жылдардағы ротациясы Компанияның қызметі және оның корпоративтік басқару процестері туралы білімнің сабақтастығын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінде ұзақ уақыт болу орындалатын жұмыстың сапасын арттыруға және Компанияның стратегиясын іске асыру жолында табысты ілгерілеуі үшін жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Компания Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлар саны Кодекстің талаптарына сай келеді, оған сәйкес тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50%-ын құрайды.

2019 жылы Директорлар кеңесі тоғыз адамнан тұрды және олардың мерзімі 2020 жылдың 28 маусымында аяқталды.

«Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының 2020 жылғы 17 тамыздағы шешімімен (№30/20 хаттама) үш тәуелсіз директорды қоса алғанда, жеті адамнан тұратын Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды.

2021 жылы 26 сәуірде «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен Директорлар кеңесінің мүшелері А.М. Сәтқалиев пен Э.Эспинаның өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, оның орнына осы шешіммен «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері Б.О. Ақшолоақов пен М.Ө. Тәжіғалиев сайланды.

Бұл ретте М.Ө. Тәжіғалиевтің өкілеттігі «Самұрық-Қазына» АҚ-тың 2021 жылғы 30 желтоқсандағы

шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатылды, оның орнына М.Н. Манкеев сайланды.

2022 жыл ішінде Директорлар кеңесінің құрамына келесідей өзгерістер енгізілді:

«Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының 2022 жылғы 18 ақпандағы шешімімен (№12/22 хаттама) «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері-мүдделер өкілі ретінде Болат Оралұлы Ақшолоақов пен Мұхтар Наурызбайұлы Манкеев өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – мүдделер өкілі ретінде Ауғанов Фибрат Қайратұлы және Жанәділ Ернар Бейсенұлы сайланды. Бұл ретте, Б.О. Ақшолоақов «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесін 11.01.2022 жылдан бастап өз еркімен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылғаны туралы жазбаша хабардар етті.

«Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының 2022 жылғы 7 сәуірдегі шешімімен (№21/22 хаттама) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма

Төрағасы Алик Серікұлы Айдарбаевтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

«Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының 2022 жылғы 14 сәуірдегі шешімімен (№22/22 хаттама) Мағзұм Маратұлы Мырзағалиев «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы болып тағайындалды және 2022 жылдың 15 сәуірінен бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының 2022 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (№29/22 хаттама) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор болып Хаирова Әсел Әнуарқызы сайланды.

Осылайша, Директорлар кеңесінің құрамы 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сегіз адамнан тұрады. Директорлар кеңесінің төрағасы – тәуелсіз директор.



**Уолтон Кристофер Джон**

ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор



**Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы**

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚМГ Басқарма Төрағасы



**Холланд Филип Малкольм**

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор



**Миллер Тимоти Глен**

Директорлар кеңесінің мүшесі ҚМГ, тәуелсіз директор



**Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы**

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі




**Ауғанов Фибрат Қайратұлы**

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі



**Жанәділ Ернар Бейсенұлы**

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі



**Хаирова Әсел Әнуарқызы**

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор



## Уолтон Кристофер Джон

ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2014 жылдан бастап кіреді. Туған күні: 1957 жыл 19 маусым.

### Білімі:

- Батыс Аустралия университеті, өнер бакалавры (саясаттану);
- Батыс Аустралия университеті, Іскерлік әкімшіліктендіру магистрі (MBA), қаржы;
- Корольдік авиациялық қоғамның құрметті мүшесі;
- Директорлар институтының құрметті мүшесі.

### Жұмыс тәжірибесі

Кристофер Уолтон Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы, сонымен қатар ол Ұлыбританияның Сұңгуір қайықтарды жеткізу агенттігінің аудит төрағасы және Корольдік Әскери-теңіз флоты үшін стратегиялық кеме жасау кеңесінің атқарушы емес мүшесі (ағыл. The Royal Navy's National Shipbuilding Strategy Client Board) лауазымдарын қоса атқарады. Сондай-ақ ол Лондондағы Қайырымдылық қорының Еркін азаматтар гильдиясының қамқоршысы.

Бұрын Asia Resource Minerals PLC («Азия минералды ресурстары») көмір өндіруші компаниясы, Goldenport Shipmanagement Ltd кеме операторлық холдингі және Lothian муниципалды автобус компаниясы сияқты компанияларда басқарма төрағасы лауазымын атқарған. Сонымен бірге, Rockhopper Exploration Plc мұнай өндіру компаниясының аға тәуелсіз директоры және аудит жөніндегі комитетінің төрағасы, «Қазақстан Темір Жолы» АҚ-тағы аудит жөніндегі комитетінің төрағасы және Ұлыбританияның Мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары және спорт департаментінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің атқарушы

### Білімі:

- О.А. Жәутіков атындағы Республикалық физика-математика мектебі;
- «Тұран» университеті, «экономист» мамандығы;
- Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің дипломатиялық академиясы, «халықаралық қатынастар» мамандығы;
- Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, «мұнай-газ ісі» мамандығы.

### Жұмыс тәжірибесі

ҚМГ компаниялар тобында 6 жылдан астам, ҚМГ-де – 3 жыл, оның ішінде 3 жыл басшы лауазымдарында қызмет етті.

Әр жылдары MI Drilling Fluids International (Schlumberger) компаниясының Теңіз және Батыс Сібір кен орындарында қауіпсіздік және өндіріс менеджері, бұрғылау

емес мүшесі лауазымдарын атқарды. 2002 жылдан бастап 2005 жылға дейін Англия Банкінің (ағыл. SE England & Anglia) өңірлік экономикалық консультативтік кеңесінің мүшесі болды.

EasyJet PLC қаржы директоры лауазымын атқарды, онда компанияның IPO-сын табысты басқарды. Аустралияның ірі авиакомпанияларында жоғары қаржылық және коммерциялық қызметтерде жұмыс істеді: Qantas, Air New Zealand, Australia Post және Australian Airlines. Аустралия қарулы күштерінің резервинде қызмет етті. Директорлар институтының және Корольдік авиациялық қоғамның құрметті мүшесі.

Қоса атқаратын қызметі The Guild of Freeman of the City of London – директор (қайырымдылық басқарма). Guild of Freeman of the City of London's Charity – қамқоршы. Submarine Delivery Agency (a government department) – атқарушы емес директор. National Shipbuilding Strategy Client Board – тәуелсіз мүше.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.

ерітінділері жөніндегі инженер, «ТеңізСервис» ЖШС бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ сервистік жобалар жөніндегі басқарушы директор, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Басқарма Төрағасының инновациялық даму және сервистік жобалар жөніндегі орынбасары, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ вице-министрі, Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі, Қазақстан Республикасының Энергетика министрі, Қазақстан Республикасының Президентінің кеңесшісі.

2022 жылдың сәуірінен бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Басқарма Төрағасы.

ҚМГ-нің немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



## Холланд Филип Малкольм

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2020 жылдан бастап кіреді. Туған күні: 1954 жыл 25 желтоқсан.

### Білімі:

- Лидс университеті (Ұлыбритания), азаматтық құрылыс саласындағы ғылым бакалавры,
- Крэнфилд технологиялық институты (Ұлыбритания), «инженерия/құрылысты басқару» мамандығы бойынша ғылым магистрі.

### Жұмыс тәжірибесі

1976 жылы Лидс университетін бітіріп, 1980 жылы Ұлыбритания мен Сауд Арабиясында жұмыс істегеннен кейін, Әлемнің түрлі елдеріндегі ірі мұнай-газ жобаларын басқара отырып, Bechtel Corporation-ға қосылды. 2004 жылы Shell компаниясында Shell Global Solutions жобалар жөніндегі вице-президент лауазымында жұмыс істей бастады. 2009 жылы Shell жаңадан құрылған жобалар және технологиялық бизнес жөніндегі бөлімшесінде даунстрим

жобалары жөніндегі атқарушы вице-президент болды. 2010 жылы Қазақстандағы екінші сатыдағы Қашаған жобасының директоры болып тағайындалды. Одан әрі «Әл-Қараана» Shell\QP мұнай-химия жобасында жұмысын жалғастырды. 2013 жылдан бастап жобаларды басқару бойынша тәуелсіз кеңесші болып жұмыс істеді. Velocys PLC компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы, сондай-ақ EnQuest PLC компаниясының атқарушы емес директоры және қауіпсіздік, климат және тәуекелдер жөніндегі комитетінің төрағасы болып табылады.

ҚМГ-нің немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



## Миллер Тимоти Глен

Директорлар кеңесінің мүшесі ҚМГ, тәуелсіз директор

2020 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді. Туған күні: 1959 жыл 13 қараша.

### Білімі:

- Техас технологиялық университеті (Лаббок, Техас, АҚШ), машина жасау саласындағы ғылым бакалавры.

### Жұмыс тәжірибесі

2000 жылдан бастап Saudi Arabian Texaco, Inc. Президентінің көмекшісі болып жұмыс істеді (Бейтарап аймақ — Кувейт), Texaco Exploration and Production. 2003 жылдан бастап 2010 жылға дейін Chevron корпорациясының бөлімшелерінде түрлі лауазымдарды атқарды: басқару жөніндегі демеуші (Сан-Рамон, Калифорния, АҚШ), Бразилия бойынша елдік менеджер (Рио-де-Жанейро, Бразилия), Шығыс Калимантан бағыты бойынша аға вице-президент (Баликпапан, Индонезия). 2010 жылы «Теңізшевройл» ЖШС (Атырау, Қазақстан) бас директоры болып тағайындалды және осы лауазымда бес жыл бойы жұмыс істеді. 2015 жылдан бастап Chevron корпорациясына «Еуразия» бизнес-бөлімшесінің басқарушы директоры (Алматы, Қазақстан) лауазымына оралды. 2018 жылы Chevron компаниясындағы жұмысын аяқтағаннан кейін, Chevron корпорациясының «Еуразия» бизнес-бөлімшесі бойынша операциялық компания президентінің кеңесшісі болды (Фриско, Техас, АҚШ). 2019 жылғы мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін — Integrated Global Services атқарушы директоры (Қазақстан Республикасы) және жаһандық операциялар жөніндегі аға кеңесшісі (Ричмонд, Вирджиния, АҚШ).

### Өзге де қызметтері/лауазымдары:

- 2010-2018 жылдары Қазақстандағы Американдық сауда палатасының директорлар кеңесінің құрамына кіреді);
- 2019 жылдан бастап ValvTechnologies, Inc. (Хьюстон, Техас, АҚШ) —, 2020 жылдан бері PSI-Clough бірлескен кәсіпорны (Алматы, Қазақстан) Директорлар кеңесінің құрамына кіреді;
- әр жылдары шақырылған дәрiскер болды: KAZENERGY шеңберінде мұнай-газ саласындағы мансап бойынша мастер-класс, Назарбаев Университетінің Жоғары бизнес мектебі, Халық шаруашылығы университеті, Техас A&M университетінің Mays School of Business, Қазақстан-Британ техникалық университеті.

ҚМГ-нің немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



## Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚМГ Басқарма Төрағасы

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді. Туған күні: 1978 жыл 7 қараша.



## Қарабаллин Ұзақбай Сүлейменұлы

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің  
өкілі

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2016 жылдан бастап кіреді.  
Туған күні: 1947 жыл 14 қыркүйек.

### Білімі:

- И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институты, мамандығы - «тау-кен инженері»;
- И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтының аспирантурасы;
- техника ғылымдарының кандидаты;
- техника ғылымдарының докторы;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясының академигі.

### Жұмыс тәжірибесі

Әр жылдары «Қазмұнайгазбарлау» басқармасының Оңтүстік Ембі мұнай-газ барлау экспедициясында, Қазақ ғылыми-зерттеу геологиялық-барлау мұнай институтында, «Каспий маңы геология» аумақтық басқармасында, В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының Гурьев филиалында. Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің өнеркәсіп бөлімінде жұмыс істеді. Әр жылдары Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігінің Мұнай және газ басқармасының бастығы, Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары

министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің орынбасары, «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» ЖАҚ бірінші вице-президенті және президентінің міндетін атқарушы, «ҚазТрансГаз» ЖАҚ президенті, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ президенті, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры, «Қазақстан мұнай және газ институты» АҚ бас директоры, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. «Қазтрансойл» ЖАҚ, «Мұнай және газ тасымалдау» ҰК ЖАҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК ЖАҚ және «ҚазМұнайГаз «Барлау Өндіру» АҚ директорлар кеңестерінің төрағасы, KAZENERGY қауымдастығы үйлестіру кеңесінің төрағасы, «ҚазРосГаз» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық инвесторлар кеңесінің мүшесі, KAZENERGY қауымдастығы төрағасының орынбасары, «Атырау Мұнай және газ университеті» Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚМГИ» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) қызметтерін атқарған.

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың 9 655 жай акциясына ие.



## Ауғанов Фибрат Қайратұлы

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің  
өкілі

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2022 жылдың ақпанынан кіреді.  
Туған күні: 1988 жыл 6 маусым.

### Білімі:

- Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, «Қаржы және есеп» факультеті, мамандығы «қаржы»;
- М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, мамандығы «мұнай-газ ісі»;
- Гуманитарлық-техникалық академия, мамандығы «экономика және бизнес магистрі».

### Жұмыс тәжірибесі

- «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ «Инженерлік орталық» филиалының еңбекті жоспарлау және нормалау бөлімінің инженері;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбекақы төлеу және нормалау департаментінің жетекші маманы;
- «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университеті» жекеменшік университетінің еңбекті жоспарлау және нормалау департаментінің жетекші маманы;
- «Қазгермұнай» БК» ЖШС адам ресурстарын басқару департаментінің еңбекті нормалау жөніндегі жетекші инженері;

- «Ембімұнайгаз» АҚ персоналды басқару және еңбекақы төлеу департаменті директорының орынбасары;
- «Қаражанбасмұнай» АҚ персоналды басқару және еңбекақы төлеу департаментінің директоры;
- «Самұрық-Қазына» АҚ адам ресурстарын басқару департаментінің директоры;
- «Самұрық-Қазына» АҚ қоғаммен байланыс және өзгерістерді басқару жөніндегі басқарушы директоры.

### Қоса атқаратын қызметі және ДК мүшелігі:

- «Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшесі;

ҚМГ-нің немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



## Жанәділ Ернар Бейсенұлы

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің  
өкілі

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2022 жылдың ақпанынан кіреді.  
Туған күні: 1984 жыл 15 желтоқсан.

### Білімі:

- Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты (ҚМЭБИ), мамандығы «Бухгалтерлік есеп және қаржы», іскерлік әкімшілендіру бакалавры;



## Хаирова Әсел Әнуарқызы

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
тәуелсіз директор

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2022 жылдың мамырынан кіреді.  
Туған күні: 1972 жыл 4 ақпан.

### Білімі:

- Қазақстан Политехникалық Институты, бакалавр;
- КИМЭП, Мемлекеттік әкімшілендіру магистрі (МРА);
- INSEAD Бизнес мектебінің Leadership Programme, Фонтенбло.

- Манчестер бизнес мектебі, Манчестер Университеті (Ұлыбритания), қаржы және есеп магистрі
- Executive MBA-Global, Лондон бизнес мектебі (Ұлыбритания) мен Колумбия бизнес мектебінің (АҚШ) бірлескен бағдарламасы.

### Жұмыс тәжірибесі

- Phillip Morris Kazakhstan, «ЭлитСтрой» ЖШС, PricewaterhouseCoopers халықаралық аудиторлық фирмасында жұмыс істеген. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-да Ішкі аудит қызметін басқарды, Қаржылық бақылаушы лауазымын атқарды. Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор / тең басқарушы директор - Басқарма мүшесі, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (11.2016-04.2021) Инвестициялар, жекешелендіру және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі басқарушы директор - Басқарма мүшесі, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (04.2021-01.2022). Даму және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директор (01.2022 - қазіргі уақытқа дейін).

### Сертификаттау:

- Мэн штатының жарғылық алқабилер аудитору, АҚШ («US CPA»);
- Сертификатталған аудитор және Қазақстан Республикасы аудиторлар палатасының мүшесі.

### Жұмыс тәжірибесі

Century Integration AG және КРМГ жаһандық халықаралық деңгейдегі компанияларда 25 жылдан астам тәжірибесі бар, жекелеген юрисдикцияларда берік бизнес-байланыстары бар. Кәсіби қызмет барысында Қазақстан, Ұлыбритания, Испания, Венгрия, Үндістан, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстанның әртарап тандырылған аумақтарында жұмыс тәжірибесі бар. Халықаралық деңгейде озық тәжірибелер мен жекелеген ел жағдайында бизнесті жүргізудің үздік әдістерінің үйлесімінде арнайы бизнес-рецепттерді іздеуді талап ететін бірегей басқару тәжірибесі бар.

Ірі қазақстандық және шетелдік компанияларға аудит, мәмілелерді сүйемелдеу, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару, экономиканың түрлі секторларындағы компаниялар үшін күрделі шығындар мәселелері бойынша бағалау және кеңес беру бойынша кәсіби қызметтер көрсетуде үлкен тәжірибеге ие.

### Қоса атқаратын қызметі және ДК мүшелігі:

- «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (26.04.2021 бастап);
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (22.06.2021 бастап).

### Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары:

Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі, 2019 жылғы желтоқсан.

### Халықаралық кәсіби сертификаттары:

- СМА сертификаты, Халықаралық басқарушы бухгалтерлер институты, АҚШ;
- IPMA сертификаты, Халықаралық жобаларды басқару қауымдастығы, Швейцария;
- АССА сертификаты, Артықшылықты бухгалтерлер қауымдастығы, Ұлыбритания;
- Аудиторлық лицензия, Қазақстан аудиторлар палатасы, Қазақстан.

ҚМГ-нің немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.

Міндеттеріне ішкі бақылау, сыртқы және ішкі аудит салаларында қадағалауды жүзеге асыру және Директорлар кеңесіне есеп беретін Аудит жөніндегі комитетті басқарады. Қойылған міндеттер шеңберінде Аудит жөніндегі комитет сыртқы аудиторлармен, сондай-ақ қаржы қызметтерімен сыртқы аудит процесін және ішкі бақылау жүйелерін жетілдіру процесін қадағалау, сондай-ақ қаржылық есеп, орнықты даму, корпоративтік есептілік және корпоративтік ашықтық мәселелерінде ұсынымдар мен озық тәжірибелерді талқылау мақсатында өзара іс-қимыл жасайды.


### Қоса атқаратын қызметі және ДК мүшелігі:

- Kazakhmys Holding (Қазақмыс Холдингі) – Директорлар кеңесінің мүшесі, Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы.
- «Тау-Кен Самұрық ҰМК» АҚ - Директорлар кеңесінің мүшесі, Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы.

ҚМГ-нің немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.

**8 адам**

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны



**4 адам**  
тәуелсіз директорлар


**3 адам**  
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері

**1 адам**  
атқарушы директор  
(Басқарма Төрағасы)

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны — 8 адам, оның ішінде:

- ерлер — 7 адам
- әйелдер — 1 адам

**Қазақстан азаматтары**



**5**

**Ұлыбритания азаматтары**



**2**

**АҚШ азаматтары**




**1**

**55 жас**

Директорлар кеңесі мүшелерінің орташа жасы

Директорлар кеңесінің құрылымы жас айырмашылығы бойынша келесідей:



**3 адам**  
34 жастан 49 жасқа дейін

**1 адам**  
50 жастан 59 жасқа дейін

**4 адам**  
60 жастан 75 жасқа дейін

**Ұсыну және іріктеу тәртібі**

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі ҚМГ Жарғысымен және өзге де нормативтік құжаттармен айқындалады, акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің Төрағасымен және Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасымен бірлесіп жүзеге асырады және кандидатураларды іздеуді және жалдауды жүзеге асыру кезінде ашықтық, әділдік және кәсібилік қағидаттарына негізделеді.

Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің және өзге де тұлғалардың өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған адамдар арасынан сайланады. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың лауазымдық функцияларды орындау және Компанияның ұзақ мерзімді құны мен тұрақты дамуының өсуін қамтамасыз ету үшін қажетті білімі, дағдылары және тәжірибесі болуы керек, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделге ие болуға тиіс.


Директорлар кеңесінің төрағасын акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды.

Тәуелсіз директорлар «Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі № 35/16 хаттамадағы шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру жөніндегі қағидаларына сәйкес іріктеледі.

**Директорлар кеңесінің құзырет бойынша құрылымы**

Директорлар кеңесінің мүшесі	Негізгі құзыреттері
1 <b>Уолтон К.Д.</b>	Көлік, мұнай-газ саласы, стратегия, қаржы, корпоративтік басқару, IPO тәжірибесі
2 <b>Мырзағалиев М.М.</b>	Мұнай-газ саласы
3 <b>Холланд Ф.М.</b>	Мұнай-газ саласы, жобаларды бағалау, денсаулық сақтау және қауіпсіздік
4 <b>Миллер Т.Г.</b>	Мұнай-газ саласы, тәуекел-менеджмент, денсаулық сақтау және қауіпсіздік
5 <b>Хаирова Ә.Ә.</b>	Аудит, мәмілелерді сүйемелдеу мәселелері, тәуекел-менеджмент, корпоративтік басқару, экономиканың әртүрлі секторларындағы компаниялар үшін күрделі шығындар мәселелері бойынша бағалау және кеңес беру
6 <b>Қарабалин Ұ.С.</b>	Мұнай-газ саласы, стратегия
7 <b>Ауғанов Ф.Қ.</b>	Адами ресурстарды басқару, мұнай-газ саласы, қаржы
8 <b>Жанәділ Е.Б.</b>	Аудит, қаржы

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ



Директорлар кеңесі

Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті (ҚЕҚОҚОДК)

Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет (ТЖСК)

Аудит жөніндегі комитет (АК)

Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет (СПБК)

1-тоқсан 2-тоқсан 3-тоқсан 4-тоқсан

2022 жылы Директорлар кеңесі «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ-тың IPO-ға шығуы, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, инвестициялық жобаларды басқару және

орнықты даму мәселесіне, корпоративтік басқаруды, ішкі аудитті және тәуекелдерді басқаруды жетілдіру мәселелеріне, менеджмент қызметінің негізгі

көрсеткіштерін әзірлеуге, сондай-ақ қызметкерлердің қауіпсіздігі мен әл-ауқатына ерекше назар аударды.

## 2022 жылы Директорлар кеңесі қараған мәселелер, санаттар бойынша

Есептер	Стратегиялық мәселелер	Корпоративтік басқару мәселелері	Мәмілелер жасасу мәселелері
<ul style="list-style-type: none"> <li>ҚМГ Басқармасы төрағасының ҚМГ қызметіндегі негізгі өзгерістер туралы есебі</li> <li>ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпарат</li> <li>COVID-19 туралы ақпарат</li> <li>ҚМГ қызметіне санкциялардың әсері туралы ақпарат</li> <li>ҚМГ қаржы-шаруашылық қызметінің алдын ала нәтижелері бойынша есеп</li> <li>IPO-ға шығуға дайындық мәртебесі</li> <li>ҚМГ компаниялар тобының инвестициялық жобаларын іске асыру мәртебесі туралы ақпарат</li> <li>ҚМГ Директорлар кеңесі комитеттері төрағаларының есептері</li> <li>Комитеттердің 2021 жылғы қызметі туралы есептер</li> <li>ҚМГ-ні IPO-ға шығуға дайындау мәселесі бойынша ағымдағы мәртебе туралы ақпарат</li> <li>KMG International N.V. және KazMunayGas Trading AG қаржы мәртебесі</li> <li>ҚМГ компаниялар тобын хед-жирлеу мәртебесі</li> <li>Сенім телефонына келіп түскен өтініштер туралы есеп</li> <li>ҚМГ Басқармасы қабылдаған, оларды жасауға қызығушылық танытып жасалған мәмілелер туралы есеп</li> <li>Тәуекелдер және қаржылық тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есеп</li> <li>ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімдерінің/тапсырмаларының орындалуы туралы есеп</li> <li>Мемлекеттік стратегиядағы немесе саясаттағы өзгерістер туралы ақпарат</li> <li>Қазақстан Республикасында болған дизель отыны тапшылығының түпкі себептері туралы ақпарат</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Шетелдік нарықтарға мұнай жеткізудің баламалы бағыттары</li> <li>ҚМГ-нің 2023-2027 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын бекіту</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ-тың 2023-2027 жылдарға арналған шоғырландырылған Бизнес-жоспары туралы жарлық</li> <li>ҚМГ қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту</li> <li>ҚМГ орталық аппаратының құрылымын бекіту</li> <li>ҚМГ Даму стратегиясы туралы жарлық</li> <li>2021 жылға арналған ҚМГ-нің 2028 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру туралы есеп</li> <li>Инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері</li> <li>Басшы қызметкерлер жұмысының мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің карталарын және олардың мақсатты мәндерін бекіту</li> <li>ҚМГ-нің мұнай сатып алу, мұнай өнімдерін сатып алу-сату туралы шарттар жасасуы</li> <li>ҚМГ облигацияларын шығару туралы және шығару шарттарын айқындау туралы</li> <li>«Самұрық-Қазына» АҚ-тан «ҚМГ Қашаған Б. В» акцияларының 50%-ын ак кері сатып алу бойынша Сооperatieve KazMunaiGaz U.A. жүзеге асыру туралы</li> <li>Киберқауіпсіздік мәселелері</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>2021 жылы ҚМГ-де корпоративтік басқару бойынша жүргізілген тәуелсіз сараптаманың нәтижелері туралы</li> <li>ҚМГ корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту және ҚМГ-де корпоративтік басқаруды жетілдірудің кейбір мәселелерін қарау туралы</li> <li>ҚМГ Директорлар кеңесінің 2021 жылдың қорытындысы бойынша өз қызметін бағалау нәтижелері</li> <li>Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмыс жоспарын, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын өткізу кестесін бекіту</li> <li>Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамына өзгерістер енгізу</li> <li>ҚМГ Директорлар кеңесінің құзыретін оңтайландыру туралы жарлық</li> <li>ҚМГ және оның лауазымды тұлғаларының 2021 жылғы әрекеттеріне акционерлердің өтініші және оларды қарау қорытындылары</li> <li>ҚМГ-нің 2021 жылғы жылдық есебін бекіту</li> <li>ҚМГ-нің 2021 жылғы орнықты дамуы туралы есебін бекіту</li> <li>ҚМГ төмен кеміртекті даму бағдарламасын іске асыру мәртебесі туралы жарлық</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Компания тарабынан қызығушылық бар мәмілелерді жасау</li> <li>Ірі мәмілелер жасасу</li> </ul>

Еншілес және тәуелді ұйымдардың мәселелері	Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту	Тағайындаулар және сыйақы	Директорлар кеңесі бөлімшелерінің мәселелері
<ul style="list-style-type: none"> <li>ЕТҰ бақылау кеңестерінің басшыларын, мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін тоқтату</li> <li>ЕТҰ Жарғыларына өзгерістер енгізу</li> <li>ЕТҰ қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштерін келісу</li> <li>Ақтау қ. ҚМГ Өкілдігін ашу және Ақтау қ. ҚМГ өкілдігі туралы ережені бекіту туралы жарлық</li> <li>ЕТҰ-ға қатысу үлестерін сатып алу, иеліктен шығару</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>ҚМГ Жарғысына өзгерістер енгізуді, ҚМГ санкциялық саясатын, ҚМГ нарықтық тәуекелдерін және оның еншілес және тәуелді ұйымдарын хеджирлеу саясатын бекітуді, ҚМГ дивиденд саясатын мақұлдауды қоса алғанда, ҚМГ ішкі құжаттарын бекіту және күшін жою</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>ҚМГ қызметкерлерінің штат санын бекіту</li> <li>ҚМГ Басқарма мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және сайлау, ҚМГ Басқарма мүшелеріне лауазымдық жалақының мөлшерін, еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау</li> <li>ҚМГ Басқарма Төрағасының лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау туралы жарлық</li> <li>СЕО-1 лауазымдары бойынша лауазымдық нұсқаулықтарды бекіту туралы шарт</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>ҚМГ корпоративтік хатшысы қызметінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы жарлық</li> <li>Корпоративтік хатшы қызметінің, комплаенс қызметінің, ішкі аудит қызметінің, омбудсменнің есептері</li> <li>ҚМГ Корпоративтік хатшысының қызметі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту туралы жарлық</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің Жалпы жиналысының қарауына акционерлердің жалпы жиналысы туралы ережені бекіту туралы мәселені шығару туралы жарлық</li> <li>Корпоративтік хатшы қызметінің, Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс қызметінің, омбудсменнің кадрлық мәселелері</li> </ul>

## 2022 жылғы стратегиялық сессиялар

2022 жылы 15 маусымда кесте бойынша жоспарланған отырыс өткізілді, оның шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Даму стратегиясы және сыртқы факторларды талдау және олардың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Даму стратегиясын орындауға әсері мәселелері қаралды.

## Директорлар кеңесінің тұрақты даму мәселелері бойынша отырысы

2022 жылы 7 қыркүйекте тұрақты даму мәселелері бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің жыл сайынғы отырысы өткізілді, оның шеңберінде келесі өзекті мәселелер талқыланды:

- тұрақты даму саласындағы жаһандық трендтер, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың Тұрақты даму саласындағы стратегиясын қалыптастыру тәсілдері

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ESG дамыту нұсқаларын сыни бағалау және терең талқылау,
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Төмен көміртекте даму бағдарламасын іске асыру мәртебесі.

## Компанияның негізгі мәселелерінің іске асырылуын бақылау

ҚМГ-нің стратегиялық бастамаларына бақылауды жүзеге асыру және уақтылы түзету шараларын қабылдау мақсатында Директорлар кеңесі ҚМГ Басқарма Төрағасының қызметінің негізгі өзгерістері жөніндегі есебін, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпаратты, қаржы-шаруашылық қызметтің алдын ала нәтижелері жөніндегі есепті, жасалуына мүдделі, олар бойынша шешімдерді Басқарма қабылдаған жасалған мәмілелер туралы есепті үнемі тыңдайды, стратегияны, ҚТК және инвестициялық жобаларды орындау мәртебесіне шолу, ҚМГ-нің шоғырландырылған даму жоспарын іске асыру туралы есеп,

Директорлар кеңесі комитеттері төрағаларының есептері, Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы есеп, сондай-ақ Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметтердің жұмысы туралы есептерді тыңдайды.

Директорлар кеңесінің стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеті әрбір отырыста ірі мұнай-газ жобаларын (Қашаған, Қарашығанақ, Теңіз кен орындарында) іске асыру, трансформациялау, жеке-шелендіру туралы есептерді қарайды және талқылайды.

## Директорлар кеңесі мүшелерінің 2022 жылы Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарына қатысуы<sup>1</sup>

Директорлар кеңесінің мүшесі	2022 жылғы отырыстар				
	Директорлар кеңесі	Аудит жөніндегі комитет	Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет	Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет	Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті
Уолтон Кристофер Джон	21/21	6/6	10/10	5/5	5/5
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы	21/21		4/4	5/5	5/5
Айдарбаев Алик Серікұлы <sup>2</sup>	5/5				
Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы <sup>3</sup>	15/15				
Холланд Филип Малкольм	21/21	13/13	10/10	5/5	
Миллер Тимоти Глен	21/21	13/13		5/5	5/5
Хаирова Әсел Әнуарқызы <sup>4</sup>	12/13	7/7	4/4		2/2
Ақшолоқов Болат Оралұлы <sup>5</sup>	–				
Манкеев Мұхтар Наурызбайұлы <sup>6</sup>	0/2				
Ауғанов Ғибрат Кайратұлы <sup>7</sup>	16/19		6/7		
Жанәділ Ернар Бейсенұлы <sup>8</sup>	16/19			1/3	

<sup>1</sup> — Бірінші сан Директорлар кеңесінің мүшесі қатысқан отырыстардың санын, екіншісі — Директорлар кеңесінің мүшесі қатысуға мүмкіндігі болған отырыстардың жалпы санын көрсетеді.  
<sup>2</sup> — 2022 жылы 7 сәуірде ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттігін тоқтатты.  
<sup>3</sup> — 2022 жылы 15 сәуірде ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.  
<sup>4</sup> — 2022 жылы 27 мамырда ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды, алғашқы отырысқа бір күн қалғанда сайланғандықтан отырысқа қатысқан жоқ.  
<sup>5</sup> — ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттігін 2022жылы 11 қаңтарда тоқтатты.  
<sup>6</sup> — ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттігін 2022 жылы 18 ақпанда тоқтатты.  
<sup>7</sup> — ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып 2022 жылы 18 ақпанда сайланды.  
<sup>8</sup> — ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып 2022 жылы 18 ақпанда сайланды.



## Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

Кодекске сәйкес, Директорлар кеңесі, комитеттер және Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдық процесс шеңберінде жыл сайынғы негізде бағалануға тиіс. Бұл процесс «Самұрық-Қазына» АҚ әдіснамасына сәйкес келуі керек. Бұл ретте Бағалау кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.

2021 жылы ҚМГ-ні қоса алғанда «Самұрық-Қазына» АҚ-тың 11 портфельдік компаниясында «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС командасының орындауында 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 31 мамырына дейінгі кезеңде корпоративтік басқару бойынша тәуелсіз сараптама жүргізілді. Аталған сараптама шеңберінде келесі бес бағыт бойынша қызмет бағаланды: Директорлар кеңесі және атқарушы органның тиімділігі; тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит; тұрақты даму; акционерлердің құқықтары; ашықтық. Осыған байланысты 2022 жылы Директорлар кеңесінің қызметіне жеке тәуелсіз бағалау жүргізілген жоқ.

Бұл ретте 2022 жылы Кодекс талаптарына сәйкес, 2021 жылдың қорытындысы бойынша сауалнама жүргізу арқылы Директорлар кеңесі мүшелері өзін-өзі бағалады. Өзін-өзі бағалау сауалнамасын тағайындаулар мен сыйақылар комитеті мен Директорлар кеңесінің төрағалары бірлесіп әзірледі. Сауалнама екі бөлімнен — «құрам және процестер», «мінез-құлық және әрекеттер» 30 сұрақтан тұрды. Өзін-өзі бағалау нәтижелері тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетте алдын ала қаралды, оның барысында Директорлар кеңесінің Төрағасына тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасымен бірлесіп,

Директорлар кеңесінің отырысы шеңберінде директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелерін талқылау кезінде 2021 жылдың қорытындылары бойынша мынадай аспектілер ұсынысы берілді:

- ҚМГ Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитетінің төрағасын тағайындау;
- барлық аспектілердегі әртүрлілік;
- сабақтастық жоспары және Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау процесі;
- ҚМГ стратегиясы;
- кәсіптік дамыту және оқыту.

2021 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша есеп (бұдан әрі – Есеп 2021) Директорлар кеңесінің жабық отырысында ұсынылды және талқыланды, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшы қатысты. 2021 жылғы Есепті талқылау шеңберінде директорлар кеңесі мүшелерінің өзін-өзі бағалау нәтижелеріне талдау көрсетілді және төрт балдан (ең жоғары бес балдан) төмен бағаланған дағдылар мен құзырет көрсеткіштері (бұдан әрі – жетілдіруге болатын бағыттар) қаралды. Осыған байланысты Директорлар кеңесінің облыстарға қатысты қызметін жетілдіру мақсатында ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) әзірленді, сондай-ақ алдыңғы Жоспардың орындалу мәртебесі қаралды.

2022 жылғы желтоқсандағы Директорлар кеңесінің отырысында 2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметін бағалауға қатысты мәселе қаралды. Қарау нәтижелері бойынша ҚМГ Директорлар кеңесі назар аударуды талап ететін Директорлар кеңесі қызметінің аспектілерін анықтау, сондай-ақ нәтижелерді бұрын алынғандармен

салыстыру мақсатында Өзін-өзі бағалау жолымен 2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізу туралы шешім қабылдады. Бұл ретте Директорлар кеңесі бұрын таңдалған өзін-өзі бағалауды жүргізудің жоғарыда аталған әдіснамалық негізінен ауытқымау, оның ішінде өзін-өзі бағалау үшін сауалнаманың мазмұнын өзгеріссіз қалдыру туралы шешім қабылдады. Бұл өзін-өзі бағалау нәтижелерінің репрезентативтілігін қамтамасыз ету және олардың динамикасын жылдан жылға бағалау үшін жасалды.

2023 жылдың 1-тоқсанында Директорлар кеңесінің қызметін 2022 жылдың қорытындысы бойынша Өзін-өзі бағалау тәсілімен бағалау жүзеге асырылды. Өзін-өзі бағалаудың әдіснамалық негізі жоғарыда айтылғандар болды. 2021 жылғы өзін-өзі бағалау нәтижелерімен салыстырғанда 2022 жылғы өзін-өзі бағалау нәтижелерін де, сондай-ақ жетілдіру үшін анықталған бағыттарды ескере отырып, ҚМГ ДК қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын да қамтитын 2022 жылғы қорытындылар бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша есепті (бұдан әрі – Есеп-2022) тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет алдын ала қарады. Содан кейін, есеп-2022 Директорлар кеңесі тек Директорлар кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшының қатысуымен қаралды. Осыны ескере отырып, ҚМГ Директорлар кеңесі оның қызметін жақсартуды одан әрі талқылайтын болады.

## Корпоративтік хатшы

Корпоративтік хатшының негізгі міндеті – ҚМГ мен акционер, акционерлер мен Директорлар кеңесі, Ішкі аудит қызметі, Комплаенс қызметі, Омбудсмен, Басқарма және ҚМГ-нің өзге де органдары арасындағы жүйелі коммуникацияларды қолдауды қамтамасыз ету.

Корпоративтік хатшының міндеттері Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметін

толық қамтамасыз етуді, акционерлер тарапынан корпоративтік шешімдердің уақытылы және сапалы қабылдануына жәрдемдесуді, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметінің және Кодекс ережелерін қолданудың барлық мәселелері бойынша кеңесші рөлін орындауды, сондай-ақ Кодекстің іске асырылуына мониторинг жүргізуді қамтиды. Корпоративтік хатшы ҚМГ-дегі

корпоративтік басқару практикасын жетілдіру процесіне жауап береді. Корпоративтік хатшы – өз міндеттерін тәуелсіз негізде жүзеге асыратын және Директорлар кеңесіне есеп беретін компания қызметкері.

### Білімі:

- Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, Халықаралық қатынастар факультеті, мамандығы - халықаралық құқық;
- Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, «Іскерлік әкімшіліктендіру шебері» бағдарламасы (MBA), мамандығы – «менеджмент»;
- сертификатталған корпоративтік хатшы; корпоративтік хатшыларға арналған корпоративтік басқару саласындағы сертификатталған тренер; Samruk Business Academy тренері.

### Жұмыс тәжірибесі

2001 жылдан бастап 2007 жылға дейін Атырау облысындағы Теңіз кен орнында әртүрлі лауазымдарда; 2007 жылдан бастап 2012 жылға дейін — «Қазақстанның Даму банкі» АҚ; 2012 жылдан бастап 2014 жылға дейін — ҚМГ және ҚТГ-да жұмыс істеді. 2015 жылдың 5 қаңтарынан бастап – ҚМГ Корпоративтік хатшысы. 2019 жылдың 1 ақпанынан бастап «Атамекен» Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының Төралқасы жанындағы Корпоративтік басқару жөніндегі ұлттық кеңестің корпоративтік хатшылар комитетінің құрамына сайланды.



### Шәріпов Дамир Валерьевич

ҚМГ Корпоративтік хатшысы

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
Туған күні: 1980 жыл 22 қаңтар.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Директорлар кеңесінің мүшелері Комитеттердің жұмысына қатыса отырып, өзара байланысты функцияларды, мәселелер мен бағыттарды жан-жақты қарауға және талдауға жиналады. Комитеттердің отырыстары шақырылған сарапшылардың, бизнес-көшбасшылардың және өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен өтеді. Комитеттер тиісті шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесіне ұсыныстар береді. Директорлар кеңесінің комитеттері атқарушы емес директорлардан тұрады, олардың көпшілігі – тәуелсіз директорлар, сондай-ақ тәуелсіз директорлар да төрағалары болады.

## Директорлар кеңесі комитеттерінің функциялары мен міндеттері

Комитет	Міндеттер
<b>Стратегия және портфельді басқару комитеті</b>	Комитет Директорлар кеңесіне төмендегі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-әрекет етеді: <ul style="list-style-type: none"> <li>■ Даму стратегиясы және инвестициялық саясат, оның ішінде қызметтің басым бағыттары;</li> <li>■ ҚМГ-нің инвестициялық тартымдылығын арттыру;</li> <li>■ ҚМГ-нің қаржы-шаруашылық қызметін лайықты түрде жоспарлауды қамтамасыз ету;</li> <li>■ ҚМГ-нің трансформациясына мониторинг жүргізу</li> </ul>
<b>Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет</b>	Комитет Директорлар кеңесіне төмендегі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-әрекет етеді: <ul style="list-style-type: none"> <li>■ Директорлар кеңесі мен Басқарманың сабақтастығын жоспарлау;</li> <li>■ Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Корпоративтік хатшының және өзге де қызметкерлердің қызметін тұрақты және объективті түрде бағалауды қамтамасыз ету;</li> <li>■ тиімді кадр саясатын, еңбекақы және сыйақы төлеу жүйесін, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету</li> </ul>
<b>Аудит жөніндегі комитет</b>	Комитет Директорлар кеңесіне төмендегі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-әрекет етеді: <ul style="list-style-type: none"> <li>■ қаржы-шаруашылық қызметті бақылаудың тиімді жүйесін орнату;</li> <li>■ ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау;</li> <li>■ сыртқы және ішкі аудиттің процесін бақылау;</li> <li>■ Компанияның жылдық және тоқсандық қаржы есептілігін тексеру;</li> <li>■ комплаенстың сақталуын бақылау</li> </ul>
<b>Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті</b>	Комитет Директорлар кеңесіне төмендегі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-әрекет етеді: <ul style="list-style-type: none"> <li>■ қауіпсіздікті қамтамасыз ету, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау;</li> <li>■ ҚМГ-нің стратегиялық жоспарлауы мен ҚМГ әлеуметтік-экономикалық дамуына орнықты даму қағидаттарын енгізу;</li> <li>■ жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде ҚМГ-нің әлеуметтік міндеттемелері мен бағдарламалары;</li> <li>■ ҚМГ-нің экологиялық тиімділігіне мониторинг жүргізу.</li> </ul>

# ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

## Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет төрағасының үндеуі



2022 жылы комитеттің қызметі тиімді кадр саясатын, сабақтастықты жоспарлауды, еңбекақы және сыйақы төлеу жүйесін, әлеуметтік қолдауды қамтамасыз етуге және Компанияны бірыңғай корпоративтік мәдениетке келтіруге бағытталды. Комитет ҚМГ компаниялар тобының негізгі ұстанымдарына сабақтастық жоспарын қалыптастыру және жөніндегі жөніндегі мәселелерді, сондай-ақ өзге де кадрлық мәселелерді тұрақты негізде қарады.

қайта ұйымдастыру, еңбекақы мен сыйақыны төлеу, сондай-ақ компанияның беделіне әсер ететін тәуекелдерді азайту мәселелерін талқылау кезінде компания менеджментімен белсенді өзара іс-қимыл жасады. Отырыс барысында өңірлерде әлеуметтік шиеленістің туындау мәселелері және оларды шешу жолдары қозғалды. Сонымен қатар, Комитет адами ресурсты басқару жөніндегі блоктың қызмет бағыттарын, атап айтқанда персоналды тиімді басқару жүйесін, персоналды басқару бағдарламасын, мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл мәселелерін және сабақтастық жоспарын талқылауға қатысты.

ҚМГ-нің 2022-2031 жылдарға арналған жаңа стратегиясына сәйкес, ҚМГ қызметінің құрылымы өзгеруде және қызметі жаңартылатын энергия көздерін дамытуға көбірек көңіл бөледі, бұдан өз кезегінде компания құрылымына ғана емес, сонымен қатар корпоративтік мәдениетке де өзгерістер енгізу қажеттігі туады. Осыған байланысты, өз міндеттерін тиімді атқарып қана қоймай, сыртқы сын-қатерлерге барабар жауап беретін қызметкерлер пулын қалыптастыруға назар аудару керек. Мақсат – ресурстан адами капиталға көшу.

Комитет өз қызметінде комитеттің негізгі мән беретін мәселесі – компанияда әлеуметтік тұрақтылықты сақтау мақсатында дәйекті және салмақты шешімдер қабылдау принципін ұстанады.

## Холланд Филип Малкольм

Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасы, тәуелсіз директор

Сонымен қатар, есепті кезеңде Комитет әлеуметтік мәселелерді, оның ішінде құрылымды

2022 жылы Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің

**10** отырысы өткізілді және онда

**77** мәселе қаралды

Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамына (2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша) кіретіндер:

1. Холланд Филип Малкольм - 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет төрағасы;
2. Уолтон Кристофер Джон - 2017 жылдың тамызынан бастап Комитет мүшесі;
3. Ауғанов Фибрат Қайратұлы – 2022 жылдың сәуірінен бастап Комитет мүшесі;
4. Хаирова Әсел Әнуарқызы – 2022 жылдың маусымнан бастап Комитет мүшесі.

Кадр мәселелері – Компанияның тиімді жұмыс істеуінің маңызды бөлігі. Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін Компания қызметкерлерін тиісті тағайындау мен сыйақылары, сондай-ақ оларды даярлау мен біліктілігін арттыру бойынша ұсынымдарды Директорлар кеңесіне береді. Тағайындау үшін негізгі қағидаттар – кандидат құзыреттерінің лауазымның тиісті міндеттерін орындау үшін қажетті жоғары талаптарға сәйкес келуі, кандидаттың дағдыларының сәйкестігі және Компанияның өз бағытындағы стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру мүмкіндігі.

**Комитет 2022 жылы қараған қызметтің негізгі бағыттары бойынша мәселелер**

<p><b>Сабақтастықты жоспарлау</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Үш пул (А, Б, С) бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының сабақтастық жоспарын қалыптастыру жөніндегі жобаны іске асыру қорытындылары туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2021-2024 жылдарға арналған сабақтастық жоспарына толықтырулар енгізу туралы;</li> <li>ҚМГ Басқарма мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және ҚМГ Басқармасының сандық құрамын айқындау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының мұнай өңдеу және мұнай-химия жөніндегі орынбасарын тағайындау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ маркетинг және өткізу департаментінің директорын тағайындау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырын салу жөніндегі орынбасарын тағайындау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының орынбасарын тағайындау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі (№4/2020 хаттама) шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ CEO-1 лауазымдарына кандидаттарды іздеу және іріктеу қағидаларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі аудит, комплаенс, корпоративтік хатшы және омбудсмен қызметтеріне персоналды іздеу, іріктеу және іріктеу қағидаларын бекіту және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесін толықтыру туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттар үшін дағдылар, білім және тәжірибе бейінін айқындау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ аппарат басшысы лауазымына тағайындау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ CEO-1 лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту туралы;</li> <li>«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Байқау кеңесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және мүшелерін сайлау туралы;</li> <li>«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесі мен төрағасын сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы қызметі қызметкерлерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы;</li> <li>омбудсмен қызметінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ комплаенс қызметінің жетекші маманын лауазымға тағайындау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үздік мамандарымен басқарманың кемінде бір өкілінің қатысуымен кездесу.</li> </ul>
<p><b>Қызметті тұрақты және тиімді бағалауды қамтамасыз ету</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің жыл сайынғы өзін-өзі бағалауына Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің және корпоративтік хатшының үлесін бағалауды енгізу мүмкіндігін қарау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары М.О. Сәулебай қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің картасын және олардың 2022 жылға арналған мақсатты мәндерін бекіту туралы;</li> <li>2021 жылғы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлері қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштері мен мотивациялық басты көрсеткіштерінің қорытынды нәтижесін бекіту туралы;</li> <li>2021 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеу туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің картасын және олардың 2022 жылға арналған мақсатты мәндерін жаңа редакцияда бекіту туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштерін және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлері қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің карталарын және олардың 2022 жылға арналған жаңа редакциялардағы мақсатты мәндерін бекіту туралы, сондай-ақ ірі мұнай-газ жобалары бойынша Басқарма Төрағасының орынбасары қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің картасын және олардың 2022 жылға арналған мақсатты мәндерін бекіту туралы;</li> <li>2021 жылғы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштері картасының қорытынды нәтижелерін бекіту және 2021 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысының сыйақы мөлшерін айқындау туралы;</li> <li>«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Бас директорының (Басқарма төрағасының) 2021 жылғы қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштері – «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштерінің қорытынды нәтижелерін бекіту туралы.</li> <li>«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Бас директорының (Басқарма төрағасының) қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштері – «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштерін және олардың 2023 жылға арналған мақсатты мәндерін бекіту туралы.</li> </ul>

<p><b>Тиімді кадр саясатын, еңбекақы төлеу және сыйақы жүйесін қамтамасыз ету</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі комитетінің тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі құзыретіне жататын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басқаруды жетілдірудің кейбір мәселелерін қарау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы қызметі қызметкерлерінің штаттық кестесін және лауазымдық жалақыларының кестесін бекіту туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Комплаенс қызметі қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының және штат кестесін бекіту туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Омбудсменінің өкілеттік мерзімін, лауазымдық жалақысының мөлшерін, сыйақы шарттарын және әлеуметтік қолдау тағайындау және айқындау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобының барлық компанияларын бірыңғай мәдениетке келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде корпоративтік мәдениет бойынша презентация;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының лауазымдық нұсқаулығын бекіту туралы;</li> <li>ҚМГ Басқарма Төрағасының лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының кестесіне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы және басқарушы қызметкерлердің, ішкі аудит қызметінің басшысы мен Корпоративтік хатшының, Комплаенс қызметінің басшысының, Омбудсмен/омбудсмен – омбудсмен қызметінің басшысының қызметінің тиімділігін бағалау қағидаларына және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылық қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қағидаларына өзгерістерді бекіту туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметтері қызметкерлеріне, Корпоративтік хатшыға, Комплаенс және Омбудсменге еңбекақы төлеу қағидаларына толықтырулар мен өзгерістерді және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылық қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қағидаларына өзгерістерді бекіту туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасына және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының мұнай және мұнай химиясын өңдеу жөніндегі орынбасарына тәртіптік жаза қолдану туралы;</li> <li>«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС бас директорын ҚМГ және (немесе) оның еншілес және тәуелді ұйымдарының негізгі лауазымдарының тізбесінен алып тастаудың орындылығы туралы, олардың жұмысында біліктілік талаптарын белгілеу, тағайындауды келісу, қызметін бағалауды Директорлар кеңесі атқарады (ҚМГ Жарғысының 98-тармағы 53-тармақшасы).</li> </ul>
---	---

**Комитет мүшелерінің 2022 жылғы отырыстарға қатысуы**

Комитет отырысының нөмірі мен күні	Ұзақтығы	Холланд Ф. М.	Уолтон К. Д.	Қарабалин Ұ.С.	Ауғанов Ғ.К.	Хаирова Ә.Ә.	
1/2022	01.02	14:02–15:06 (64 минуты)	+	+	+		
2/2022	05.03	13:56–15:23 (79 минут)	+	+	+		
3/2022	01.04	14:10–15:59 (169 минут)	+	+	+		
4/2022	29.04	13:59–15:15 (64 минуты)	+	+	+	–	
5/2022	20.05	16:00–16:30 (30 минут)	+	+	Құрамнан шығарылды	+	
6/2022	14.06	14:02–15:53 (111 минут)	+	+		+	
7/2022	15.07	14:00–15:00 (60 минут)	+	+		+	+
8/2022	06.09	10:00–11:39 (99 минут)	+	+		+	+
9/2022	01.11	14:02–15:53 (111 минут)	+	+		+	+
10/2022	21.12	15:00–15:47 (47 минут)	+	+		+	+
Қатысу үлесі, %			100	100		86	100

# СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУ КОМИТЕТІ

## Стратегия және портфельді басқару комитеті төрағасының үндеуі



2022 жылы Комитеттің қызметі, басқалармен қатар, ҚМГ даму стратегиясын іске асыруға бағытталды. Комитет инвестициялық қызмет және ҚМГ активтер портфелін басқару мәселелерін белсенді қарады.

Комитетте мұнай-газ химиясы жобалары бойынша мәселелер, сондай-ақ «Каспий Құбыр Консорциумы-К» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және «Каспий Құбыр Консорциумы-К» ақ басқа акционерлері арасындағы мерзімдерді тоқтата тұру туралы келісімнің мәртебесі, Жаңаөзен қаласында газ өңдеу зауытын салу, жобаларды басқару жүйесін (PMS) енгізу мәселелері бірнеше рет талқыланды, сондай-ақ мұндай жобаларды қаржыландыру көздері туралы мәселе де қаралды.

Сондай-ақ, Комитет трансформация және цифрландыру департаментінің есебін және «Самұрық-Қазына» АҚ-мен өзара іс-қимылды жан-жақты талқылау арқылы ҚМГ-дегі цифрлы трансформация бағдарламасының мониторингі бойынша жұмыс жүргізді.

Бұдан басқа, Комитеттің әрбір отырысы шеңберінде Қашаған, Қарашығанақ, Теңіз ірі кен орындары бойынша, мұнай-химия кәсіпорындарын (зауыттарын) салу және пайдалануға беру жөніндегі жобаларды іске асыру мәртебесі бойынша есепті ақпарат, сондай-ақ жекешелендіру және дивестициялар бағдарламасы бойынша есептер тыңдалды. Комитеттің соңғы отырысында ҚМГ-нің жұмыс істеп тұрған кен орындарында инновациялық технологияларды енгізу мәртебесі туралы ақпаратты тыңдау туралы шешім қабылданды.

ҚМГ – ұлттық мұнай-газ компаниясы. Оның барлық әрекеті Қазақстан Республикасы мен «Самұрық-Қазына» АҚ стратегиясына сәйкес болуға тиіс, сол себепті Комитет өз қызметінде ҚМГ даму стратегиясын іске асыруға бағытталған дәйекті және сараланған шешімдер қабылдау қағидатын ұстанады.

### Уолтон Кристофер Джон

Стратегия және портфельді басқару Комитетінің төрағасы, тәуелсіз директор

2022 жылы Стратегия және портфельді басқару комитеті

**5** отырыс өткізді, онда

**77** мәселе қаралды

Стратегия және портфельді басқару комитетінің құрамына (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) келесі мүшелер кіреді:

1. Уолтон Кристофер Джон – 2022 жылдың маусымынан бастап Комитет төрағасы;
2. Холланд Филип Малкольм – 2022 жылдың маусымынан бастап Комитет мүшесі;
3. Қарабадин Ұзақбай Сүлейменұлы – 2017 жылдың тамызынан бастап Комитет мүшесі;
4. Миллер Тимоти Глен – 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет мүшесі;
5. Жанәділ Ернар Бейсенұлы – 2022 жылдың сәуір айынан бастап Комитет мүшесі.

## Комитет 2022 жылы қараған қызметтің негізгі бағыттары бойынша мәселелер

<b>Даму стратегиясы, оның ішінде қызметтің басым бағыттары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2028 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру туралы 2021 жылғы есеп жөнінде;</li> <li>■ ҚМГ-нің 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру жөніндегі есеп туралы;</li> <li>■ ҚМГ-де жобаларды басқару жүйесін (PMS) және инвестицияларды портфельдік басқаруды енгізу;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ стратегиясын басқару үдерісіндегі өзгерістер туралы («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Даму стратегиясын басқару ережесі, Стратегия және қызметтің негізгі көрсеткіштері жөніндегі комитет туралы ереже).</li> </ul>
<b>Инвестициялық тартымдылықты арттыру</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының 2021 жылғы инвестициялық жобаларын іске асыру мәртебесі туралы ақпарат;</li> <li>■ «Тайсойған Солтүстік» (Тайсойған-1) және «Тайсойған Оңтүстік» (Тайсойған-2) инвестициялық жобаларын келісу және көмірсутектерді барлау мен өндіруге келісімшарттар жасасу туралы;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың мәмілеге келуі немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығына келісуі туралы, нәтижесінде 2014 жылғы 18 желтоқсандағы №362-28 Кредиттік желіні беру туралы шартқа №7 қосымша келісім және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «Өріқтау Оперейтинг» ЖШС арасындағы 2014 жылғы 23 сәуірдегі №107-28 Кредиттік желіні беру туралы шартқа №8 қосымша келісім бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың құны 110 млн АҚШ долларына баламалы шекті мәннен асатын мүлік иелігінен шығарылады.</li> <li>■ «Теңізшевройл» ЖШС-нің тиісті кезеңдегі макроэкономикалық көрсеткіштер болжамында (базалық сценарий) айқындалған, ҚМГ үлесіне тиесілі бағам бойынша құны теңгемен 110 млн АҚШ доллары сомасынан асатын мәмілелер жасасуын келісу туралы.</li> </ul>
<b>Қаржы-шаруашылық қызметті лайықты түрде жоспарлауды қамтамасыз ету</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ ҚМГ мүддесі бар мәміле жасасу туралы, - «Каспий Құбыр Консорциумы-К» АҚ, ҚМГ және «Каспий Құбыр Консорциумы-К» АҚ-тың басқа акционерлері арасында мерзімдерді тоқтата тұру туралы келісім;</li> <li>■ ҚМГ компаниялар тобы бойынша жекешелендіру және инвестициялар бағдарламасының орындалу мәртебесі;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2023-2027 жылдарға арналған шоғырландырылған Бизнес-жоспарының жобасы туралы;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және (немесе) оның еншілес және тәуелді ұйымдарының активтерін қайта құрылымдау қағидаларын бекіту туралы;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мүддесі бар мәміле жасасу туралы, - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ арасында мұнай өнімдерін сатып алу-сату шарты;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мүддесі бар мәміле жасасу туралы, - «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтай (корпоративтік) шарты («Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк.») «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «СИБУР Холдинг» ЖАҚ, «Samruk-Kazyna OJSC» ЖШС, «АЛМЭКС ПЛЮС» Фирмасы» ЖШС және «KPI Inc.» ЖСШ арасында «СИБУР Холдинг» ЖАҚ пен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ арасында міндеттемелер туралы келісім жасасу арқылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа кепілдік беру туралы;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мүддесі бар мәміле жасасу туралы, - «Силлено» ЖШС-нің құрылтай (корпоративтік) шарты, «Силлено» ЖШС-нің және «KPI Inc.» ЖШС-нің жарғылық капиталдарына қатысу үлесіне қатысты пут опционының келісімін жасасу туралы, «Силлено» ЖШС және «KPI Inc.» ЖШС жарғылық капиталдарына қатысу үлесіне қатысты колл опционының келісімдері, «Силлено» ЖШС және «KPI Inc.» ЖШС жарғылық капиталдарына қатысу үлесіне қатысты пут опционының дефолт келісімдері, «Силлено» ЖШС және «KPI Inc.» ЖШС жарғылық капиталдарына қатысу үлесіне қатысты колл опционының дефолт келісімдері.</li> </ul>
<b>ҚМГ трансформациясының мониторингі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ цифрлы трансформация бағдарламасының мәртебесі бойынша есеп;</li> <li>■ «KIOGE» халықаралық мұнай және газ көрмесінде көрсетілген «Теңізшевройл» ЖШС-нің күрделі жөндеу бойынша қызметті қадағалау жөніндегі цифрлы шешімі.</li> </ul>

## Комитет мүшелерінің 2022 жылғы отырыстарға қатысуы

Комитет отырысының нөмірі мен күні	Ұзақтығы	Уолтон К. Д.	Холланд Ф. М.	Миллер Т. Г.	Қарабадин Ұ. С.	Жанәділ Е. Б.
1/2022	01.02	12:52–15:39 (167 минут)	+	+	+	+
2/2022	05.04	15:52–18:17 (145 минут)	+	+	+	+
3/2022	14.06	13:30–15:20 (110 минут)	+	+	+	+
4/2022	06.09	12:00–16:40 (280 минут)	+	+	+	–
5/2022	01.11	12:30–15:20 (170 минут)	+	+	+	–
Қатысу үлесі, %		100	100	100	100	33,3

# АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

## Аудит жөніндегі комитет төрағасының үндеуі



2022 жылы Аудит жөніндегі комитет негізгі функционалдық бағыттар бойынша компанияның ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің және қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізуді, сондай-ақ басшылықтың есебі мен негізгі шешімдерін қарауды және қажет болған жағдайда қарсылық білдіруді жалғастырды. Комитеттің қызметі Кодексте, аудит жөніндегі комитет туралы Ережеде және ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімдерінде баяндалған аудит жөніндегі комитеттен күтілетін әрекеттер мен функционалдық міндеттерінің тізбесіне сәйкес келді.

Тоқсан сайын бухгалтерлік есеп саласындағы маңызды мәселелер мен шешімдерді көрсететін басшылық пен сыртқы аудитордың есептері қаралды. Бұл ақпарат ҚМГ қаржылық есептілігінің сенімділік, теңдік және айқындылық дәрежесі туралы тақырып бойынша пікірталас жүргізуге көмектеседі.

Сондай-ақ, 2022 жылы Комитет ішкі бақылаулар мен корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастырды – 2021 жылы жүргізілген корпоративтік басқарудың тәуелсіз сараптамасының

нәтижелері бойынша ҚМГ корпоративтік басқару рейтингі 2018 жылы «BB»-дан 2021 жылы «BBB» деңгейіне дейін өсті. ҚМГ корпоративтік басқару рейтингінің қазіргі деңгейі компанияның корпоративтік басқару жүйесі барлық маңызды аспектілерде белгіленген өлшемдердің көпшілігіне сәйкес келетінін және бұл ретте жүйенің тиімді жұмыс істейтінін растайды. Тәуелсіз кеңесшінің бағалауы бойынша, рейтингтің бұл деңгейі компанияның IPO-ға шығуы үшін оңтайлы. Комитет кибер-қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді, сондай-ақ ҚМГ-нің IPO-ға шығуына дайындық шеңберінде өзге де мәселелерді үздіксіз қарады.

Комитет компания қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

### Хаирова Әсел Әнуарқызы

Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы, тәуелсіз директор

Аудит жөніндегі комитеттің құрамына (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) келесі мүшелер кіреді:

1. Хаирова Әсел Әнуарқызы – 2022 жылдың 15 маусымнан бастап Комитет төрағасы;
2. Миллер Тимоти Глен – 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет мүшесі;
3. Холланд Филип Малкольм – 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет мүшесі.

2022 жылы Аудит жөніндегі комитеттің

**13** отырысы өтті, онда

**108** мәселе қаралды

## Аудит жөніндегі комитет 2022 жылы қараған негізгі мәселелер

<p><b>Ішкі аудит</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің 2021 жылдың 4 тоқсанындағы жұмыс қорытындысы бойынша қызметі туралы есепті қарау жөнінде;</li> <li>■ ішкі аудит қызметінің 2021 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша қызметі туралы жылдық есепті қарау жөнінде;</li> <li>■ ішкі аудит қызметінің қызметі туралы тоқсандық есептерді қарау және алдын ала бекіту;</li> <li>■ ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің 2020 жылғы 1 жартыжылдықтағы қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің қорытынды нәтижелілігінің нақты көрсеткіштерін бекіту туралы;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған бюджетінің орындалуы туралы;</li> <li>■ ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің 2020 жылға арналған сыйақы мөлшерін бекіту туралы;</li> <li>■ 2023 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарды қарау және алдын ала бекіту;</li> <li>■ 2023 жылға арналған ішкі аудит қызметінің бюджетін қарау және алдын ала мақұлдау;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі аудит қызметі басшысының 2023 жылға арналған қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекіту туралы;</li> <li>■ ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлердің құрылымы, персонал саны, тағайындау мерзімі, шарттарды тоқтату бойынша ұсыныстар;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің штат кестесін, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының кестесін бекіту туралы;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының 2022 жылға арналған қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекіту туралы;</li> <li>■ 2019-2021 жылдары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі аудит қызметі жүргізген аудит нәтижелері бойынша берілген ұсыныстардың орындалмауына жол берген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тізімі бойынша іс-шаралардың орындалуы туралы;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі аудит қызметі басшысының өкілеттігін ұзарту және лауазымдық жалақысының мөлшерін айқындау туралы;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін айқындау туралы;</li> <li>■ жүргізілген арнайы аудиттің нәтижелері бойынша түзету іс-әрекеттері;</li> </ul>
<p><b>Есеп және сыртқы аудит</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ аудит мәртебесі туралы есеп;</li> <li>■ сыртқы аудиторлармен аралық аудит нәтижелерін қарау және талқылау;</li> <li>■ сыртқы аудитор ҚМГ-ге көрсететін (көрсетуді жоспарлап отырған) барлық қосымша қызметтердің тізімін сыртқы аудитормен талқылау және осы қызметтердің аудитордың тәуелсіздігімен қаншалықты үйлесімді екендігін бағалау;</li> <li>■ ҚМГ аралық қаржылық есептерін қарау және алдын ала бекіту;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сыртқы аудиторының ұсынымдарын орындау мәртебесі туралы –2022 жылғы 18 қаңтардағы жағдай бойынша «Эрнст энд Янг» ЖШС 2020 жылы жүргізген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ шоғырландырылған және жекелеген қаржылық есептерінің аудит нәтижелері бойынша;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігін алдын ала мақұлдау туралы</li> <li>■ «Эрнст энд Янг» ЖШС және Ernst &amp; Young Global Limited құрамына кіретін басқа компаниялар, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарына 2021 жылы көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер туралы ақпаратты және 2021 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ernst &amp; Young Global Limited және оның еншілес ұйымдарына көрсетуге рұқсат етілген және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің рұқсатынсыз Ernst &amp; Young Global Limited көрсеткен аудиторлық емес қызметтер туралы ақпаратты бекіту туралы;</li> <li>■ ҚМГ-нің 2021 жылғы жеке қаржылық есептілігін алдын ала мақұлдау;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәуелсіз аудитору «Эрнст энд Янг» ЖШС-нің 2021 жылға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ шоғырландырылған және жекелеген қаржылық есептеріне жүргізілген аудит нәтижелері бойынша ұсыныстарды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын келісу туралы;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің мақұлдауы үшін қаржылық есеп жобасын ұсыну кестесі;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2022 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитін жоспарлау жөніндегі есебі;</li> <li>■ ҚМГ компаниялар тобының сыртқы аудитору көрсететін аудиторлық емес қызметтерді мақұлдау;</li> <li>■ ҚМГ сыртқы аудиторуның қарауына енгізілетін мәселелер;</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қаржылық есеп аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды таңдау процесін қайта қарау мүмкіндігі туралы.</li> </ul>

<p><b>Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен оның еншілес ұйымдарында ішкі бақылау жүйесін және қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін енгізу мәртебесі туралы</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының ішкі бақылауларының тиімділігі туралы есепті ұсыну мақсатында бизнес-процестер бойынша материалдылық лимиті туралы;</li> <li>2021 жылғы 9 желтоқсандағы ҚМГ ДК шешімімен бекітілген ҚМГ тәуекелдеріне төзімділік деңгейіне 2022 жылға арналған өзгерістер енгізу туралы (№19/2021 31-тармақ);</li> <li>ҚМГ қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етудің Кешенді жоспарын тестілеу нәтижелері бойынша Есеп және ҚМГ қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етудің Кешенді жоспарын жетілдіру жөніндегі жол картасы туралы;</li> <li>2022 жылғы 1, 2 тоқсандағы ҚМГ тәуекелдері бойынша есеп туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ақпараттық технологияларды кешенді сараптау нәтижелері бойынша есепті қарау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өндірістік тәуекелдерге төзімділік деңгейі туралы;</li> <li>инсайдерлік және сезімтал ақпаратты басқару процестерін тұрақты тексеруді және олардың тиімділігін бағалауды жұмыс жоспарларына енгізуді қарастыру туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та жауапкершілік түрлері бойынша бөлу кепілдіктерінің картасына және тәуекелдер түрлері бойынша бөлу кепілдіктерінің картасына өзгерістер енгізу қажеттілігін қарау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының нарықтық тәуекелдерін хеджирлеу саясаты;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ санкциялық саясатын бекіту туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы ішінде тиісті бақылаулардың болуы, сипаттамалары және жұмыс істеуі туралы презентация;</li> <li>лауазымды тұлғалар мен директорлардың жауапкершілігін (D&amp;O), сондай-ақ бағалы қағаздарды жариялау кезіндегі жауапкершілікті (POSI) сақтандыру;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының ішкі бақылауларының тиімділігі туралы есепті қарау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесін толықтыру және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының нарықтық тәуекелдерді хеджирлеу саясатын бекіту туралы.</li> </ul>
<p><b>Корпоративтік басқару</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басқаруды жетілдірудің кейбір мәселелерін қарау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқару кодексінің 2021 жылғы қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті келісу туралы;</li> <li>2021 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та жүргізілген корпоративтік басқарудың тәуелсіз сараптаманың нәтижелері, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша бірыңғай үйлестірушіні айқындау және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы қызметінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2021 жылғы жылдық есебін алдын ала мақұлдау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 2021 жылғы қызметі туралы есепті бекіту туралы;</li> <li>акционерлердің ҚМГ мен оның лауазымды тұлғаларының 2020 жылғы әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы;</li> <li>ҚМГ корпоративтік сайтының жай-күйін бағалау нәтижелері туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ақпараттық технологияларды кешенді сараптау нәтижелері бойынша есепті қарау туралы;</li> <li>2022 жылғы 1-тоқсандағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарына ұсынылатын материалдардың сапасы туралы жиынтық пікір және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің жұмысын жақсарту бойынша ұсынылатын шаралар;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құзыретін оңтайландыру туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Дербес еншілес ұйымдарына қатысты кибер-шабуылдарды басқару мен оларға ден қоюды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау туралы;</li> <li>«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңестерінің және «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларының байқау кеңестерінің отырыстарын өткізудің құрылымдық және біріздендірілген тәртібін әзірлеуге қатысты «Самұрық-Қазына» АҚ ұсыныстары;</li> <li>«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының 2022 жылы 19 шілдеде «Самұрық-Қазына» АҚ реформалау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын орындау үшін кеңейтілген жол картасын іске асыру мәселелері жөніндегі кеңесте берген тапсырмасын орындау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережені бекіту туралы мәселені шығару туралы;</li> <li>2022 жылдың 2-3 тоқсанында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы бойынша ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында атқарылған жұмыстар туралы есеп;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесін оңтайландыру туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;</li> <li>он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлесі) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа тиесілі және оларға қатысты акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдерді «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі жаңа редакцияда қабылдайтын заңды тұлғалардың тізбесін бекіту туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;</li> </ul>

<p><b>Комплаенс мәселелері</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ комплаенс қызметінің 2021 жылғы қызметі туралы есепті назарға алу туралы;</li> <li>жедел желіге келіп түскен өтініштер туралы есептер;</li> <li>комплаенс қызметі басшысының 2021 жылға арналған қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекіту туралы;</li> <li>комплаенс қызметі басшысының 2022 жылға арналған қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекіту туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ құпия ақпараттандыру саясатына толықтыруларды алдын ала мақұлдау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатқа толықтыруды алдын ала мақұлдау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша саясатты алдын ала мақұлдау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының тармақтарын және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің тапсырмаларын орындау туралы.</li> </ul>
<p><b>Жергілікті билік органдарының (оның ішінде салық бойынша), сыртқы және ішкі аудиторлардың және ҚМГ басшылығының заңнаманы сақтау туралы есептерін зерделеу</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарына және (немесе) олардың қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға және (немесе) қылмыстарға байланысты мемлекеттік органдар тарапынан жүргізілетін тергеулер және (немесе) тексерулер туралы ақпарат</li> </ul>

**Комитет мүшелерінің 2022 жылғы отырыстарға қатысуы**

Комитет отырысының нөмірі мен күні		Ұзақтығы	Уолтон К. Д.	Хаирова Ә. Ә.	Холланд Ф. М.	Миллер Т. Г.
1/2022	31.01	16:00–18:45 (165 минут)	+		+	+
2/2022	03.03	17:00–17:48 (48 минут)	+		+	+
3/2022	25.03	17:00–18:00 (60 минут)	+		+	+
4/2022	04.04	16:00–18:12 (132 минуты)	+		+	+
5/2022	30.05	17:00–18:00 (60 минут)	+		+	+
6/2022	13.06	13:28–15:20 (112 минут)	+		+	+
7/2022	12.08	16:00–17:00 (60 минут)		+	+	+
8/2022	05.09	13:00–17:12 (252 минуты)		+	+	+
9/2022	04.10	17:00–18:00 (60 минут)		+	+	+
10/2022	31.10	13:00–17:22 (262 минуты)	Құрамнан шығарылды	+	+	+
11/2022	10.11	16:00–17:00 (60 минут)		+	+	+
12/2022	17.11	16:00–17:00 (60 минут)		+	+	+
13/2022	12.12	16:00–17:00 (60 минут)		+	+	+
Қатысу үлесі, %				100	100	100

# ҚАУІПСІЗДІК, ЕҢБЕКТІ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ КОМИТЕТІ



## Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті төрағасының үндеуі

және қоршаған ортаны қорғау саласында іске асырылған басқарылмайтын тәуекелдерге қарамастан, ҚМГ-ге тәуекелдің тұрақты орташа деңгейін сақтауға мүмкіндік берді. ҚМГ мен Комитет қызметті декарбонизациялаудың жаһандық трендін көріп отыр. Компания парник газдарының тікелей және жанама шығарындыларын 15%-ға және өндірістің көміртегі сыйымдылығын 2031 жылға дейін (2019 жылғы деңгейден) кемінде 10%-ға төмендету мақсатын қойды. Жоғарыда айтылғандар ҚМГ даму стратегиясына және 2022-2031 жылдарға арналған ҚМГ төмен көміртекті даму бағдарламасына енгізілген. Сонымен қатар, өкінішке қарай, есепті кезеңде ҚМГ компаниялар тобында жазатайым оқиғалар, оның ішінде адам өліммен аяқталған оқиғалар орын алды. Компания мен Комитет бұл фактілерге ерекше назар аударды және болған оқиғаның түпкі себептері толық жойылғанға дейін түзету шаралары іске асырылатын болады.

ҚМГ компаниялар тобының еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты жоғары басшылықтың еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі мәселелеріне маңыз беруге және әрбір қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін дамытуға тартуға бағытталған. Компания мен ЕТҰ басшылығы жазатайым оқиғалар мен апаттарға, алкоголь, есірткі, психотроптық заттарды және олардың аналогтарын пайдалануға және жол-көлік оқиғаларына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты төзімділік көрсетпейді.

Комитет отырыстарда ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ (deep dive questions) бойынша негізгі мәселелерді жан-жақты

қарау тәжірибесін енгізді. 2022 жылы Комитет бес мәселені қарады: ҚМГ компаниялар тобындағы дағдарыс және төтенше жағдайларды басқару туралы, қалдықтарды басқару және бұрыннан қалыптасқан қалдықтарды утилизациялау жөніндегі меморандумды орындау туралы ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы автоматтандыру және цифрландыру жөніндегі жобалар туралы, ҚМГ компаниялар тобындағы өртке қарсы қауіпсіздікті арттыру жөніндегі шаралар туралы, ҚМГ экологиялық жобалары.

Сондай-ақ, Комитет ҚМГ-дегі COVID-19 жағдайы және COVID-19 коронавирус инфекциясының таралуын болдырмау жөніндегі ҚМГ компаниялар тобында қабылданып жатқан шаралар туралы есептерді тұрақты тыңдап отырды. Бұдан басқа, Комитет ҚМГ-де және оның бизнес-бірліктерінде тұрақты даму жүйесін енгізу және тұрақты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге енгізу мәртебесі туралы есептерді тыңдайды.

Комитет жетекшілік ететін қызмет бағыттары бойынша компанияның 2022 жылғы жетістіктері мен негізгі бастамалары:

- 2022 жылғы 8 қыркүйекте ҚМГ бас директорларының еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы «Өндірістік қауіпсіздік саласындағы көш-басшылық. Жаңа қиындықтар мен тәсілдер» тақырыбында VII дәстүрлі форум өтті. Іс-шараға ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері мен басшылығы, ЕТҰ бас директорлары, «Самұрық-Қазына» АҚ, мемлекеттік органдардың және ҚМГ-нің бірқатар шетелдік әріптестерінің өкілдері қатысты. Форумның мақсаты

- ҚМГ компаниялар тобындағы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселесінің қазіргі жай-күйін бағалау, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау саласында тәжірибе алмасу, жазатайым оқиғалардың алдын алу.
- Тұрақты негізде ҚМГ қызметкерлеріне тегін медициналық тексерулер мен вакциналау жүргізіледі.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басым жобалар ретінде тарихи ластануларды жою және қоршаған ортаға шығарындыларды азайту, сондай-ақ «Жол жүруді басқару», «Көлік құралдарын автоматтандырылған мониторинг жүргізу жүйесі», «Экологиялық мониторингтің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі» сияқты жүйелерді енгізу

және экологиялық мәдениет пен мәселеге назарды арттыру сияқты жобаларды қарастыруға болады.

Комитет өз қызметінде қауіпсіз тұрақты даму жолында дәйекті және салмақты шешімдер қабылдау қағидатын ұстанады.

### Миллер Тимоти Глен

Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитетінің төрағасы, тәуелсіз директор

2022 жылы Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитетінің

**5** отырысы өткізіліп, онда

**40** мәселе қаралды

2022 жылы табиғатты қорғау қызметіне назар аударуды арттыруға, қоршаған ортаға әсерді азайтуға, сондай-ақ жаңа экологиялық талаптар мен жаһандық үрдістерге сәйкес шаралар қабылдауға бағытталған бірқатар іс-шара өткізілді. ESG жобаларын бағалау және көміртегі ізін азайту әдістемесі әзірленуде. Компания атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларын азайтты. 2019 жылмен салыстырғанда шығарындылардың 27%-ға төмендегені байқалады. Қалдықтарды, оның ішінде бұрыннан қалыптасқан қалдықтарды утилизациялау және ластанған жерлерді рекультивациялау бойынша іс-шаралар белсенді және табысты орындалуда. ESG деңгейі рейтинг тәуекелі 2022 жылы 28,5 балға жетті, 2021 жылы бұл көрсеткіш 28,4 балл болған. Аталған нәтижелер еңбекті қорғау

Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитетінің құрамына (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) келесі мүшелер кіреді:

- Миллер Тимоти Глен – 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет төрағасы;
- Уолтон Кристофер Джон – 2018 жылдың желтоқсанынан бастап Комитет мүшесі;
- Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы – 2019 жылдың мамырынан бастап Комитет мүшесі.
- Хаирова Әсел Әнуарқызы - 2022 жылдың маусымынан бастап Комитет мүшесі.

### 2022 жылы Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитет қараған негізгі мәселелер

Еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және өндірістік қауіпсіздік	Еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша есептер;
	<ul style="list-style-type: none"> <li>ҚМГ компаниялар тобындағы дағдарыс және төтенше жағдайларды басқару туралы - ҚМГ компаниялар тобындағы өрт қауіпсіздігі туралы;</li> <li>қалдықтарды басқару туралы, бұрыннан қалыптасқан қалдықтарды кәдеге утилизациялау жөніндегі Меморандумның орындалу мәртебесі;</li> <li>ӨБ, ЕҚЖҚОҚ саласындағы Автоматтандыру және цифрландыру жөніндегі жобалар туралы;</li> <li>ҚМГ компаниялар тобында өртке қарсы қауіпсіздікті арттыру жөніндегі шаралар туралы;</li> <li>ҚМГ экологиялық жобалары туралы;</li> <li>ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері үшін «өмірлік маңызды ережелер» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы корпоративтік стандартты бекіту туралы;</li> <li>Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы жөніндегі басқару жүйесі туралы;</li> <li>ҚМГ мердігерлік ұйымдарын басқару туралы;</li> <li>COVID-19 бойынша ҚМГ-дегі жағдай туралы есептер;</li> </ul>
Тұрақты даму және ESG-рейтингі	<ul style="list-style-type: none"> <li>ҚМГ ESG (Environmental, Social, Governance) рейтингі туралы;</li> <li>ҚМГ-де және оның бизнес-бірліктерінде тұрақты даму жүйесін енгізу және орнықты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге енгізу туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ-тың 2021 жылғы тұрақты даму туралы есебін бекіту туралы;</li> <li>Тұрақты даму саласындағы саясатты бекіту туралы;</li> <li>ҚМГ-нің тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі туралы;</li> <li>2022 жылғы тұрақты даму туралы есепте жарияланатын маңызды тақырыптары туралы.</li> </ul>
Әлеуметтік жауапкершілік	<ul style="list-style-type: none"> <li>Адам құқықтары және қоғаммен қарым-қатынас саласындағы саясатты бекіту туралы.</li> </ul>

### Комитет мүшелерінің 2022 жылдағы отырыстарға қатысуы

Комитет отырысының нөмірі мен күні	Ұзақтығы	Миллер Т.Г.	Уолтон К.Д.	Қарабалин Ұ. С.	Хаирова Ә. Ә.
1/2022	01.02	16:00–17:11 (71 минута)	+	+	+
2/2022	01.04	16:06–17:06 (60 минут)	+	+	+
3/2022	13.06	11:00–12:30 (90 минут)	+	+	+
4/2022	05.09	11:00–12:25 (85 минут)	+	+	+
5/2022	31.10	11:00–12:50 (110 минут)	+	+	+
Қатысу үлесі, %		100	100	100	100

# БАСҚАРМА ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Басқарманың қызметі Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңында, ҚМГ Жарғысында және Басқарма туралы ережеде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында

регламенттелген. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және ҚМГ Жарғысымен Компанияның басқа да органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Компания қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер


қабылдауға құқылы. ҚМГ Басқармасын Акционерлердің жалпы жиналысы тағайындайтын (сайлайтын) Басқарманың төрағасы басқарады. Өз кезегінде, Басқарманың қалған мүшелерін тағайындау ҚМГ Директорлар кеңесінің құзыретіне кіреді.

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару, әлеуметтік жағдайдың тұрақтылығын сақтау және (немесе) қалпына келтіру жөніндегі шараларды қабылдау шеңберінде сатып алу құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың жүзеге асыруы үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізбесі және т.б.


Бұдан басқа, **41 шешіммен** ҚМГ-нің жекелеген ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

ЕТҰ акционерлерінің (үлескерлерінің) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын өкілеттіктер шеңберінде Басқарма ҚМГ ұстанымын айқындау және акционерлердің (үлескерлердің) жалпы жиналыстарында ҚМГ уәкілетті өкілдерінің кейіннен дауыс беруі үшін:позиции ҚМГ и последующего голосования уполномоченными представителями ҚМГ на общих собраниях акционеров (участников) было принято:

**Бұдан басқа, басқарма ҚМГ еншілес ұйымдарының барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін жалғыз акционердің/тұлғаның шешімі ретінде 26 шешім қабылдады, оның ішінде**



**Басқарманың 195 шешімі ҚМГ еншілес ұйымдарының барлық қатысу үлестерін иеленетін жалғыз қатысушысы/жалғыз құрылтайшысы/ тұлғаның шешімдері, оның ішінде**



Басқарма құзыретінің аса маңызды мәселелеріне келесілер жатады:

- ҚМГ Даму стратегиясы мен Даму жоспарын іске асыру;
  - бизнес-жоспарды орындауды және инвестициялық жобаларды іске асыруды қоса алғанда, Компанияның ағымдағы қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыру;
  - ҚМГ мен ЕТҰ-ның орнықты дамуы бойынша іс-шараларды іске асыру;
  - мүдделер қақтығысы мен корпоративтік қақтығыстарды реттеуге қатысу және олардың мониторингін жүргізу;
  - осы Жарғымен Компания Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, ҚМГ ЕТҰ қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
  - ҚМГ міндеттемелерін ұлғайту және материалдық шегіне сәйкес мүлікті сатып алу немесе иеліктен шығару.
- ҚМГ Басқармасын Директорлар кеңесі Басқарма Төрағасының ұсыныстары негізінде қалыптастырады.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Басқарманың құрамына ҚМГ-нің негізгі сегіз басшысы кірді. Басқарманың отырыстары бетпе-бет және сырттай өтеді және қажеттілігіне қарай шақырылады.


2022 жыл ішінде қабылданған Басқарманың нақты шешімдерінің жалпы санынан белгіленген тәртіппен **153 мәселе** ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды

2022 жылы

**68** отырыс өткізілді

**654** шешім қаралып, қабылданды

Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер, %



1 — ҚМГ ішкі қызметі бойынша түйінді мәселелер ҚМГ-нің 2021 жылғы шоғырландырылған және жекелеген жылдық қаржылық есебін алдын ала бекітуге және кейіннен ҚМГ-нің 2021 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі туралы мәселені шығаруға, ҚМГ-нің стратегиялық емес активтерін шығару жөніндегі Жол картасын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың санкциялық саясатын бекітуге және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілдігі туралы ережені бекітуге қатысты болды, Ақтау қаласында көмірсутектерді барлауға және өндіруге келісімшарттар жасасу, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2023-2027 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспары және т. б. мәселелерге қатысты болды.


2 — Тәуекелдер бойынша есептер; мүдделі мәмілелер, Басқарма қабылдаған шешімдер; 2028 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру; тұрақты даму және т. б.

2022 жылы Басқарма компания мүддесі бар ҚМГ мәмілелері бойынша 24 шешім қабылдады<sup>3</sup>.


2022 жылы қаңтар-желтоқсан аралығында Басқарма шешімімен келесі құжаттар бекітілді:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сапа саласындағы саясаты
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ энергетикалық саясаты
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы персоналдың денсаулығын басқару бағдарламасы
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі көмір-текті баға белгілеу бағдарламасы
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының кейбір ұйымдарының 2023 жылға арналған Базалық тарифтік ставкасы
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ дағдарыстық жағдайларды басқару жөніндегі регламенті
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы және әкімшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының схемасы
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2022 жылға арналған түзетілген бюджеті
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2023 жылға арналған бюджеті

**Сенімгерлік басқарудың акционері/ құрылтайшысы ретіндегі 21 шешім қабылданды**



**Жарғылық капиталға қатысу үлесінің қатысушысы/ сенімгерлік басқарушысы ретінде ҚМГ позициясын айқындау бойынша 139 шешім**



3 — ҚМГ Жарғысына сәйкес, ДК және Басқарма мәселелерін қарауды бөлу бойынша материалдылық шек көрсетілген.



## БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ



**Мырзағалиев  
Мағзұм Маратұлы**  
Басқарма Төрағасы



**Хасанов  
Дәулетжан Кеңесұлы**  
Басқарма Төрағасының  
орынбасары



**Қайрденов  
Арман Құрметұлы**  
Басқарма Төрағасының  
орынбасары



**Қарабаев  
Дәурен Сапаралыұлы**  
Басқарма Төрағасының  
орынбасары



**Брекешев Серікқали  
Аманғалиұлы**  
Басқарма Төрағасының  
орынбасары



**Закиров  
Болат Қалауияұлы**  
Басқарма Төрағасының  
орынбасары



**Абдулғафаров  
Дастан Елемесұлы**  
Басқарма Төрағасының  
орынбасары



**Лавренов  
Василий Сергеевич**  
Басқарма Төрағасының  
орынбасары



**Құдайбергенов  
Қуаныш Мерекеұлы**  
Басқарма Төрағасының  
орынбасары



### Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
ҚМГ Басқарма Төрағасы.

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.  
Туған күні: 1978 жыл 7 қараша.

#### Білімі:

- О.А. Жәутіков атындағы Республикалық физика-математика мектебі;
- «Тұран» университеті, «экономист» мамандығы;
- Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің дипломатиялық академиясы, «халықаралық қатынастар» мамандығы;
- Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университеті, «мұнай-газ ісі» мамандығы.

#### Жұмыс тәжірибесі

ҚМГ компаниялар тобында 6 жылдан астам, ҚМГ-де – 3 жыл, оның ішінде 3 жыл басшы лауазымдарында қызмет етті.

Әр жылдары MI Drilling Fluids International (Schlumberger) компаниясының Теңіз және Батыс Сібір кен орындарында қауіпсіздік және өндіріс менеджері, бұрғылау

ерітінділері жөніндегі инженер, «ТеңізСервис» ЖШС бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сервистік жобалар жөніндегі басқарушы директор, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының инновациялық даму және сервистік жобалар жөніндегі орынбасары, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ вице-министрі, Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі, Қазақстан Республикасының Энергетика министрі, Қазақстан Республикасының Президентінің кеңесшісі.

2022 жылдың сәуірінен бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы.

ҚМГ-нің немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



### Құдайбергенов Қуаныш Мерекеұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары

2023 жылғы 8 ақпаннан бастап Басқарманың құрамына кіреді.  
Туған күні: 1984 жылы 24 шілдеде дүниеге келген.

#### Білімі:

И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетін «Мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген. 2012 жылы Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтында «Халықаралық мұнай-газ бизнесі» MBA дәрежесін алды.

#### Жұмыс тәжірибесі

Кәсіби мансабын 2006 жылы «Интегра» ЖАҚ-та (Ресей Федерациясы) диспетчер, бұрғылаушының көмекшісі, бұрғылау инженері (ұңғымада) лауазымдарынан бастады.

2007-2008 жылдары – «ҚазМұнайТеңіз» ҰК АҚ өндіріс департаментінің техникалық маманы.

2008-2011 жылдары – «Каспий Меруерті Оперейтинг Компани Б.В.» өндірістік департаментінде бұрғылау инженері болып жұмыс істеді.

2011-2012 жылдары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та ірі мұнай-газ жобаларын барлау және дамыту жобаларын басқару департаменттерінің 1-санатты менеджері лауазымында қызмет етті.

2012-2015 жылдары – «Ромпетрол С.А.» (Румыния) барлау және өндіру департаментінің директоры, барлау және өндіру жөніндегі бас директордың орынбасары.

2015-2016 жылдары – «ҚМГ-Кансу Оперейтинг» ЖШС Бас директорының геология және өндіріс жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

2016-2017 жылдары – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының кеңесшісі.

2017-2021 жылдары – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай өнеркәсібін дамыту департаментін басқарды.

2021 – 2023 жылдары – «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» бас директорының орынбасары болып жұмыс істеді.

2023 жылдың ақпан айынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

ҚМГ-нің немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



### Хасанов Дәулетжан Кеңесұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары

2023 жылдан бастап Басқарманың құрамына кіреді.  
Туған күні: 1971 жыл 21 қазан

#### Білімі:

- Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институты, мамандығы – «экономист»;
- Атырау мұнай және газ институты, мамандығы – «тау-кен инженері»;
- Епі корпоративтік университеті (Милан, Италия), Executive MBA.

#### Жұмыс тәжірибесі

Әртүрлі жылдары «Теңіз» АҚ бас бухгалтерінің орынбасары, «Құрманғазы РУТ», «Қазақтелеком» ААҚ бас есепшісі, «Өзенмұнайгаз» ААҚ, «Ембімұнайгаз» ААҚ бас есепшісінің орынбасары, «Каспий мұнай – ТМЕ» АҚ, «EuroAsia Group» ЖШС бас есепшісі, «Ембімұнайгаз» ӨФ және «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, қаржы департаментінің директоры, бас бухгалтерінің орынбасары қызметтерін атқарды.

Сондай-ақ «Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директорының экономика және қаржы жөніндегі

орынбасары, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акцияларын басқару жөніндегі басқарушы директор, бір мезгілде «ҰТТ және ОС» ЖШС директоры, «Қаражанбасмұнай» АҚ президенті, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры, басқарма төрағасы, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директорының орынбасары, басқарма мүшесі, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ барлау және өндіру активтерін басқару жөніндегі басқарушы директоры, «Тау-кен Самұрық» ҰТК» АҚ экономика және қаржы жөніндегі бас директоры, басқарма мүшесі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ адам ресурстарын басқару департаментінің директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай және газ өндіру департаментінің директоры, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.

ҚМГ-нің немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



### Брекешев Серікқали Аманғалиұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары

2023 жылғы 8 ақпаннан бастап Басқарманың құрамына кіреді.  
Туған күні: 1972 жыл 14 қазан.

#### Білімі:

Ақтау политехникалық институтын «Мұнай және газ кен орындарын игеру, тау-кен инженері» мамандығы бойынша бітірген.

#### Жұмыс тәжірибесі

Еңбек жолын «Қазақстан-Ресей сауда үйі» БК-да бастады.

1997 жылы Ақтау қаласы бойынша салық бөлімінің инспекторы болып жұмыс істеді.

1997-1998 жылдары – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Мұнай-гермес» өнімді материалдық-техникалық қамтамасыз ету және өткізу басқармасы филиалының арнайы техника мен қосалқы бөлшектер көлігі бөлімінің және құбырлар мен металл бұйымдары бөлімінің инженері.

1998-2006 жылдары – «Қарақұдықмұнай» ЖАҚ-та пайдалану инженері, кен орнында мұнай өндіру шебері, балық аулау менеджері болып жұмыс істеді.

2007-2010 жылдары – мұнай өнеркәсібі департаменті мұнай жобаларының мониторингі және нормативтік-техникалық саясат басқармасының бастығы, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Газ өнеркәсібін дамыту департаменті директорының орынбасары.

2023 жылдың ақпан айынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2010-2014 жылдары – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Газ өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры қызметін атқарды.

2014-2015 жылдары – «BNG LTD» ЖШС Бас директорының орынбасары.

2015-2020 жылдары – «ҚазТрансГаз» АҚ техникалық саясат департаментінің директоры, МТҚ басқару жөніндегі басқарушы директор, ресурстық базаны дамыту және техникалық саясат жөніндегі бас директорының орынбасары.

2020-2023 жылдары – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі, министрі.

2023 жылдың ақпан айынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

ҚМГ-нің немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



## Закиров Болат Қалауияұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары

Басқарманың құрамына 2022 жылдың мамырынан бастап кіреді.  
Туған күні: 1976 жыл 16 шілде

### Білімі:

Б. Закиров Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Халықаралық валюта-қаржы қатынастары» мамандығы бойынша және Данди қ. университетін (Шотландия) «Мұнай және газ экономикасы» мамандығы бойынша бітірген.

### Жұмыс тәжірибесі

1999 жылдан 2009 жылға дейін «ҚазТрансОйл» АҚ-та стратегиялық жоспарлау департаментінің маманы, жобаларды басқару департаментінің менеджері, бас менеджер, директордың орынбасары, кейін көліктік логистика департаментінің директоры, перспективалық даму департаментінің директоры, Бас директордың даму жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.

2009-2011 жылдары – «ҚМГ-Транскаспий» ЖШС Бас директорының орынбасары, бас директоры.

2012-2016 жылдары – «Қазтрансойл» АҚ Бас директорының кеңесшісі, өндіріс жөніндегі басқарушы директоры, Бас директордың даму жөніндегі орынбасары және активтер жөніндегі басқарушы директоры қызметтерін атқарды.

2016-2018 жылдары – «KMG Systems & Services» ЖШС Бас директорының кеңесшісі.

2018 жылдан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай тасымалдау департаментінің директоры, мұнай тасымалдау басқармасының бастығы.

2022 жылдың мамыр айынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырын салу жөніндегі орынбасары.

ҚМГ-нің 100 акциясына иелік етеді.



## Қарабаев Дәурен Сапаралыұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары

Басқарма құрамына 2016 жылдан бастап кіреді.  
Туған күні: 1978 жыл 11 маусым.

### Білімі:

- Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, «халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы;
- Texas A&M университеті, қаржы ғылымдарының магистрі;
- CFA халықаралық кәсіби сертификатының иегері.

### Жұмыс тәжірибесі

Еңбек жолын 2001 жылы «АБН АМРО Банк Қазақстан» АҚ-та кредиттік сараптамашы болып бастады. 2003 жылы банктің кредиттік басқарамасының басшысы болып тағайындалды. 2004 жылдан бастап «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-та атқарушы директор болды. 2007 жылдан бастап 2016 жылдың маусымға дейін «Қазақстан Халық банкі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары лауазымын атқарды. 2016 жылы McKinsey & Company Inc

компаниясында жоба кураторы болып жұмыс істеді. 2017 жылдан бастап Лондон қор биржасында листингтен өткен «ҚазМұнайГаз «Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

ҚМГ-нің немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанаматүрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



## Қайрденев Арман Құрметұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары

Басқарма құрамына 2022 жылдың 15 маусымынан бастап кіреді.  
Туған күні: 1971 жыл 12 сәуір.

### Білімі:

- Қазақ химия-технологиялық институтын «көміртекті материалдардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша бітірген.
- 2003 жылы Ресей Федерациясы Үкіметі жанындағы Халық шаруашылығы академиясын «Мұнай және газ бизнесі» мамандығы бойынша аяқтады.

### Жұмыс тәжірибесі

Еңбек жолын 1993 жылы тамызда Атырау мұнай өңдеу зауытында технологиялық қондырғы операторы болып бастады. 2006 жылдың наурыз айынан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай-химия департаментінің бас менеджері болды. 2017 жылдың ақпан айынан бастап KMG Rompetrol SRL өкілдік басшысының кеңесшісі, 2019 жылдың наурыз айынан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ техникалық даму департаментінің директоры, 2021 жылдың шілдесінен бастап «АМӨЗ» ЖШС

Бас директоры (Басқарма төрағасы) ретінде қызмет етті. Қазіргі уақытта 2022 жылдың 20 мамырынан бастап Басқарма төрағасының мұнай және мұнай химиясын өңдеу жөніндегі орынбасары қызметін атқарады, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма мүшесі.

ҚМГ-нің немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанаматүрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



## Абдулғафаров Дастан Елемесұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары

Басқарманың құрамына 2020 жылдың ақпанынан бастап кіреді.  
Туған күні: 1974 жыл 16 желтоқсан.

### Білімі:

- О. Жаутіков атындағы Республикалық физика-математика мектебі;
- Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институты, «халықаралық құқық, заңгер» мамандығы;
- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық академиясы, «халықаралық экономика және құқық» мамандығы;
- ENI Корпоративтік университеті, Милан қ., мұнай бизнесі магистрі;
- Мәскеулік «СКОЛКОВО» басқару мектебі, «қаржы және инвестициялар» мамандығы, Executive MBA.

### Жұмыс тәжірибесі

ҚМГ компанияларының тобындағы жұмыс тәжірибесі 18 жылдан астам, оның ішінде, 14 жыл – басшы лауазымдарда.

Әр жылдарда халықаралық келісім-шарттар департаментінің заңгері, жаңа жобаларды дамыту департаментінің бас менеджері, жаңа жобаларды дамыту департаментінің директоры, жаңа теңіз жобаларын дамыту департаменті директорының орынбасары, одан кейін директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» АҚ-та жобаларды басқару тобының жетекшісі, бас директордың кеңесшісі, бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директор, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлау және өндіру бизнесін сүйемелдеу жөніндегі басқарушы директоры, аппарат басшысы – дамыту жөніндегі басқарушы директоры болып жұмыс істеді.

ҚМГ-нің немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанаматүрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



**Лавренов Василий Сергеевич**

Басқарма Төрағасының орынбасары

Басқарма құрамына 2022 жылдың мамырынан бастап кіреді.  
Туған күні: 1979 жыл 17 қараша.

**Білімі:**

- Қазақ мемлекеттік заң академиясы, «құқықтану, заңгер» мамандығы;
- Дюк университетінің Құқық мектебі мен Киюшу университеті, «халықаралық құқық» мамандығы (АҚШ-Жапония).

**Жұмыс тәжірибесі**

Әр жылдары «Титул» заң агенттігі ЖШС (Алматы қ.) заңгердің көмекшісі, «Grata Заң фирмасы» ЖШС (Алматы қ.) заңгер, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ заң кеңесшісі, «Grata Заң фирмасы» ЖШС-нің серіктес және Ақтөбе, Бішкек қалаларында филиал үйлестірушісі, «Bateman Kazakhstan Oil and Gas Company B.V.» компаниясының Қазақстан Республикасындағы (Алматы қ.) филиалында заң қызметінің

басшысы, «Интегра Менеджмент» ЖАҚ Қазақстан Республикасы бойынша заң қызметінің директоры (Алматы қ.), «Eastcomtrans» (Алматы қ. және Ақтау қ.) компаниялар тобында заң қызметінің директоры/ құқық бойынша бас кеңесші, «Greenline Services Ltd.» (Мажарстан) компаниясының аға серіктесі \консультант қызметтерін атқарды.

2022 жылы 20 мамырда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

ҚМГ-нің немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанаматүрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.

# СЫЙЛЫҚАҚЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

«Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының 2016 жылдың 26 қыркүйектегі шешімімен, өзге мәселемен қоса Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы белгілеу тәртібі көзделген «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру жөніндегі қағидалар бекітілді. Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері, Компания қызметінің ауқымы, ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер назарға алынады. Сыйақы тәуелсіз директорларға төленеді. Ұйымдардың директорлар кеңесінің құрамындағы «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдеріне сыйақы «Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының шешімі негізінде белгіленеді.

**Директорлар кеңесі мүшелерінің 2020-2022 жылдар кезеңіндегі жиынтық сыйақысы**

Директорлар кеңесінің мүшелері	2020	2021	2022
Директорлар кеңесі мүшелеріне АҚШ долларымен төленген сыйақының жиынтық мөлшері	819 020	381 944	350 000
Директорлар кеңесі мүшелеріне теңгемен төленген сыйақының жиынтық мөлшері	15 799 427	18 200 000	29 538 710

**Басқарма құрамы, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша**

Мырзағалиев М.М.	Басқарма Төрағасы
Исказиев Қ.О.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Мұнбаев М.К.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Закиров Б.Қ.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Қайрденев А.Қ.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Қарабаев Д.Е.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Абдулғафаров Д.Е.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Лавренов В.С.	Басқарма Төрағасының орынбасары

**2022 жылдық есеп бекітілген сәттегі Басқарма құрамы (2023 жылғы 5 сәуір)**

Мырзағалиев М.М.	Басқарма Төрағасы
Хасанов Д.К.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Құдайбергенов Қ.М.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Брекешев С.А.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Закиров Б.Қ.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Қайрденев А.Қ.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Қарабаев Д.С.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Абдулғафаров Д.Е.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Лавренов В.С.	Басқарма Төрағасының орынбасары

## БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

ҚМГ Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының 2017 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының Адам ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандартына сәйкес ҚМГ Басқармасының мүшелері қызметінің тиімділігін бағалау тәртібі мен сыйақы саясатын айқындайды.

Есепті кезеңдегі (жылдағы) жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы Басқарма мүшелеріне өлшенетін, өзара байланысты, қисынды құрылған және теңдестірілген мотивациялық ПӘК карталарында көрсетілген стратегиялық және басым мақсаттарға қол жеткізуге ынталандыру мақсатында қызмет тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша төленеді.

Мотивациялық ПӘК картасы корпоративтік және функционалдық ПӘК-тен тұрады.

Сыйақының тиімді және анық жүйесін қалыптастыруға байланысты мәселелерді алдын ала қарау үшін, Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеті құрылды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша, ҚМГ Басқармасының мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері 344 627 124,98 теңгені құрады, бұл Басқарма мүшелеріне (басшы қызметкерлерге) еңбекақы төлеу қағидаларына және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит, Корпоративтік хатшы, комплаенс және Омбудсмен қызметтерінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қағидаларына сәйкес Басқарма мүшелеріне 2021 жылы Басқарманың құрамында болған кезеңде ҚМГ төлеген салықтар мен зейнетақы аударымдары ескерілген ақшалай нысандағы жалақылардың және көтермелеудің барлық түрлерінің жиынтық мөлшерін қамтиды.

Басқарма мүшелері	2020	2021 <sup>1</sup>	2022
Басқарма мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері, теңге	317 527 424,77	575 440 805,94	344 627 124,98

<sup>1</sup> — ҚМГ Басқарма мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері 2021 жылы 227 908 251,96 теңге, сондай-ақ 2021 жылдың 1 тоқсанында 2019 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ ҰК Басқарма мүшелеріне 347 532 554,00 теңге мөлшерінде сыйақы төленді.

# ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Директорлар кеңесі мен Басқарма Кодекске сәйкес Компанияның жылдық есебі мен қаржы есептілігінің дұрыстығына жауап береді.

Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі Жылдық есеп пен есептілікті дайындау және келісу кезінде өз жауапкершілігін түсінетінін мәлімдейді және Жылдық есеп пен есептілікті тұтастай алғанда, әділ, теңдестірілген және түсінікті деп есептейді, сондай-ақ акционерлерге Компанияның жағдайын, қызмет нәтижелерін, бизнес-моделін және стратегиясын бағалау үшін қажетті ақпаратты қамтиды.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі өзінде бар ақпаратты негізге ала отырып, мыналарды растайды:

- Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған қаржы есептілігі Компанияның активтері, міндеттемелері, қаржылық жағдайы, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері, Компанияның еншілес кәсіпорындарымен біріктірілген балансы туралы шынайы және сенімді ақпарат береді;

- Басқарманың есебі Компания мен оның еншілес кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметінің дамуы және көрсеткіштері мен қаржылық жай-күйі туралы сенімді деректерді, сондай-ақ олар тап болатын аса маңызды тәуекелдер мен белгісіздіктерді сипаттайды.

Директорлар кеңесі Кодекске сәйкес директорлардың тәуелсіз екенін белгіледі және Уолтон Кристофер Джон, Холланд Филип Малкольм және Миллер Тимоти Глен және Хаирова Әсел Әнуарқызы мінез-құлқы бойынша және шешім қабылдауда тәуелсіз деп есептейді. Директорлар кеңесі аталған директорлардың тәуелсіз шешімдеріне айтарлықтай әсер ететін немесе әсер ете алатын қандай да бір болмасын байланыстың немесе мән-жайдың жоқ екенін анықтады.

# КОРПОРАТИВТІК БАҚЫЛАУ

Корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда қатысушылар Компания мен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғау үшін, мәселені келіссөздер арқылы шешу жолдарын іздейді.

Корпоративтік жанжалдардың алдын алу және реттеу жөніндегі жұмыстың тиімділігі, ең алдымен, осындай жанжалдарды

барынша толық және жедел анықтауды және Компанияның барлық органдарының іс-қимылдарын нақты үйлестіруді көздейді.

Корпоративтік қақтығыстарды Корпоративтік хатшының көмегімен Директорлар кеңесінің Төрағасы қарайды. Егер корпоративтік қақтығысқа Директорлар кеңесінің

Төрағасы тартылса, мұндай жағдайларды Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет қарайды.

## ІШКІ АУДИТ

Ішкі аудитті ҚМГ Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) жүзеге асырады. ІАҚ ҚМГ Директорлар кеңесіне бағынып, соған есеп береді және оған ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жетекшілік етеді.

ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚМГ Жарғысын, ҚМГ органдарының шешімдерін, ІАҚ жұмысын регламенттейтін ішкі құжаттарды, ҚМГ Ішкі аудит қызметі туралы ережені және ҚМГ ішкі аудитін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты және ҚМГ-нің өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады. Сондай-ақ ІАҚ өз қызметін Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген Ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарының базалық қағидаттарына, Ішкі аудиттің кәсіптік практикасының негізгі қағидаттарына, Этика кодексіне және Ішкі аудиттің кәсіптік практикасына қойылатын негізгі талаптарды белгілейтін ішкі аудитті айқындауға, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің тиімділігін бағалау негізінде жатқан қағидаттарға негізделі отырып жүзеге асырады. ІАҚ-тың негізгі мақсаты – Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге жүйелі тәсілді енгізу арқылы ҚМГ мен оның ЕТҰ-ларын тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпарат беру.

Ішкі аудиттің жылдық жоспары ҚМГ-нің негізгі тәуекелдерін, аудит процесінің барлық кезеңдерін және басшылықтың сұрауларын ескере отырып әзірленеді және Аудит жөніндегі комитеттің, Директорлар кеңесінің және ҚМГ басшылығының арнайы сұраулары негізінде түзетіледі.

ІАҚ қызметін жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асыра отырып, келесі міндеттерді орындайды:

- қолданылатын ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдерінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;
- ҚМГ мен ЕТҰ-дағы бухгалтерлік есеп жүйесінің дұрыстығын, толықтығын, объективтілігін бағалау және оның негізінде қаржы есептілігін жасау;
- ҚМГ мен ЕТҰ ресурстарын пайдаланудың ұтымдылығын және активтердің сақталуын қамтамасыз етудің қолданылатын әдістерін бағалау;
- Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының, корпоративтік нормалар мен операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет қағидаларының сақталуын бақылау.

ІАҚ аудиттердің қорытындысы бойынша Компанияның қызметін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар береді, ұсыныстарды орындау жөніндегі шаралардың әзірленуі мен іске асырылуына мониторинг жасап, бақылауды жүйелі негізде қамтамасыз етеді.

Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарында ішкі аудиттің келесі мәселелері қаралады:

- ІАҚ жылдық есебі;
- ІАҚ тоқсандық есептері, оның ішінде жүргізілген аудиттердің нәтижелері бойынша елеулі тұжырымдар, сондай-ақ ішкі аудиторлар ұсыныстарының орындалуына мониторинг жүргізу;
- жылдық аудиторлық жоспар мен оған толықтырулар;
- ІАҚ пен басшының ПӘК картасының нақты мәндері;
- ІАҚ стратегиялық жоспары;
- ІАҚ бюджеті;
- ІАҚ кадр мәселелері.

Аудит жөніндегі комитет ІАҚ қызметінің нәтижелеріне мониторинг жүргізіп қана қоймай, кәсібилікті дамытуға және оның қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін ашуға назар аударады. Осы мәселелер

ІАҚ есептеріне енгізіледі және Аудит жөніндегі комитет оларды тоқсан сайын қарайды.

ІАҚ қызметкерлерінің кәсібилігі ҚМГ-нің ішкі аудит функциясы тиімділігінің кепілі болғандықтан, оқыту және біліктілікті арттыру процесінің маңызы жоғары.

### Ішкі аудит жүргізу процесінің тиімділігін бағалау

ІАҚ жұмысының сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасының талаптарына сәйкес, әрбір аудиторлық тапсырмадан кейін, аудиттелетін тарап ІАҚ жұмысын бағалай отырып, сауалнаманы толтырады. Осы бағалаулардың нәтижелері шоғырландырылады және ІАҚ-тың тоқсандық және жылдық есептеріне енгізіледі, оны ҚМГ-нің Аудит жөніндегі комитеті мен Директорлар кеңесі қарайды және мақұлдайды.

Халықаралық ішкі аудиттің кәсіптік стандарттарына сәйкес, бес жылда бір рет Ішкі аудит қызметіне тәуелсіз сыртқы бағалау жүргізіледі. ІАҚ қызметінің Халықаралық ішкі аудиттің кәсіби стандарттарына, үздік халықаралық тәжірибелерге, ҚМГ ішкі аудит қызметі туралы ережеге, ҚМГ іскерлік этика кодексіне және ішкі аудит функцияларын реттейтін басқа да қолданылатын сыртқы және ішкі нормативтік актілерге сәйкес келу мәніне 2020 жылы жүргізілген тәуелсіз сыртқы бағалау нәтижелері бойынша, ІАҚ-тың стандарттар талаптарына сәйкестігі 100%-ды құрады.

Осылайша, компанияның ІАҚ жұмысы Халықаралық ішкі аудиттің кәсіби стандарттарының талаптарына толық сәйкес келеді деп танылды.

# КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІ

ҚМГ бизнесті жүргізудегі ізгілік, адалдық және ашықтық қағидаттарын ұстанады және әріптестері бен серіктестерінің осы қағидаларды сақтауына ерекше назар аударады. Компанияда Іскерлік этика кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, Құпия ақпараттандыру саясаты, Мүдделер қақтығысын реттеу саласындағы саясат, Контрагенттердің сенімділігін тексеру саясаты және Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату және инсайдерлердің ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігін болдырмау үшін ішкі бақылау қағидалары бекітілді. Ішкі құжаттарды әзірлеуден басқа, ҚМГ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың жаңа директивалары мен нормативтік актілерін сақтау бойынша уақытылы шараларды енгізеді және жүргізеді. 2022 жылы комплаенс-рәсімдер трендтерін түсіну және осы мәдениетті арттыру ҚМГ қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі болды.

Әдепті мінез-құлық және бизнесті адал жүргізу стандарттарына сәйкес болу мақсатында ҚМГ-де комплаенс мәселелері бойынша қолданыстағы ішкі құжаттарды жаңарту және жаңа ішкі құжаттарды әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілді. 2022 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына және Құпия ақпараттандыру саясатына түзетулер енгізілді. Өзгерістер олардың тікелей бағынысты қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Басқарма Төрағасы мен Төраға орынбасарларының жеке жауапкершілігі бөлігінде және келіп түскен қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық

белгілері бар өтініштер бойынша тексеру материалдарын уәкілетті құқық қорғау органдарына жіберу бөлігінде қатысты болды.

Корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесіне сүйене отырып, компания тұрақты негізде қолданыстағы корпоративтік стандарттарды жақсартуға ұмтылады. Мәселен, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу бойынша саясаты бекітілді.

## Ақпарат құралдары

Қызметкерлердің құқығын сақтау мақсатында қызметкерлер, үшінші тұлғалар тарапынан құқыққа қайшы әрекеттердің барлық фактілері туралы нақты уақыт режимінде құпия және қолжетімді хабар беру жолдары ұйымдастырылды. Барлық хабарламаны, оның ішінде анонимді хабарламаларды операторлар қабылдап, өңдейді, бұдан әрі оларды кәсіби және құпия қарастыратын ҚМГ комплаенс қызметіне береді. 2022 жылы жедел желіге 109 өтініш түсті, оның ішінде 68 өтініш - парақорлық, сыбайлас жемқорлық немесе қаражатты тиімсіз пайдалану мәселелері бойынша, сатып алу және жабдықтау саласын қоса алғанда, ұрлау немесе жымқыру, қызметкердің сыйлықтарды немесе өзгесін заңсыз алуы; 41 өтініш – еңбек пен жұмысқа алуда теңсіздік мәселелері бойынша, оның ішінде заңсыз жұмысқа алу, қызметте көтеру, жұмыстан шығару, еңбек жанжалдары, этикалық емес мінез-құлық. Келіп түскен өтініштердің 22-сі немесе 21%-ы расталды. Комплаенс қызметі тоқсан сайын келіп түскен

өтініштерді қарау нәтижелері, анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қабылданған шаралар, сондай-ақ аудит жөніндегі комитетке және ҚМГ Директорлар кеңесіне бұзушылықтарды болдырмау жөніндегі менеджмент қабылдаған шаралар туралы ақпаратты жеткізіп отырады. Компания 2021 жылмен салыстырғанда шағымдар санының 43,4%-ға өскенін байқады. «Сенім телефонына» келіп түскен хабарламалардың өсе түсуі мүдделі тараптар тарапынан осы құралға деген сенімнің артып келе жатқанын көрсетеді. Компания қызметкерлер мен өзге де тұлғалардың жедел желі мүмкіндіктерін пайдалануына ықпал ететін жедел алдын алу шараларын тұрақты негізде жүргізеді.

## Комплаенс саласында оқыту және біліктілікті арттыру

Бизнесті жүргізудің жоғары этикалық стандарттарын ілгерілету, оның кез келген көрінісінде сыбайлас жемқорлықты жою шеңберінде және уәкілетті органмен (Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі) өзара іс-қимыл шеңберінде «Қазақстанның бизнес-секторында іскерлік парасатты арттыру» конференциясына және шет елдер өкілдерінің қатысуымен «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың халықаралық стандарттары мен шаралар» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысты. Осындай іс-шаралар өңірлерде де өткізілді. Шілде және қазан айларында Қазақстан Республикасының

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті мен Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің алдын алу қызметі «Қазақтүрікмұнай» ЖШС ұжымымен кездесу өткізді. Қараша айында «ПМХЗ» ЖШС қызметкерлері үшін Павлодар облысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департаменті превенция және парасаттылық басқармасының басшысымен кездесу ұйымдастырылды. Қазан айында КРІ және АМӨЗ Атырау облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі ұйымдастырған мемлекеттік құрылымдар мен ірі компаниялардың іскерлік беделін қорғаудағы комплаенс-қызметтердің рөліне арналған форумға қатысты, форумды аяқтау үшін АМӨЗ, С.Өтебаев атындағы АТМГУ және Атырау облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің басшылары Атырау облысында комплаенс-қызметтерді жетілдіру бойынша өзара іс-қимыл туралы ұшжақты келісімге қол қойды.

ҚМГ комплаенс қызметі мен оның ЕТҰ қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ компанияның бақылауын және сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимылды күшейту мақсатында 2022 жылы Комплаенс және іскерлік этика қауымдастығының қолдауымен ҚМГ компаниялар тобының комплаенс мамандары үшін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс» «Санкциялық комплаенс» тақырыбы бойынша вебинарлар, Compliance and Security Forum өткізілді.

Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату және инсайдерлердің мұндай ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу мақсатында ҚМГ қызметкерлері үшін «Инсайдерлік ақпарат: құқықтық реттеу және қоғамның, оның инсайдер-қызметкерлерінің жауапкершілігі мәселелері» тақырыбы бойынша семинар өткізілді.

Мүдделер қақтығысын басқарудың тиімді жүйесін құру, сондай-ақ қызметкерлердің мінез-құлқына қойылатын талаптарды айқындау шеңберінде, оларды сақтау жеке мүдделер мен байланыстардың ықпалымен шешімдер қабылдау тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік береді, 2020 жылдан бастап компанияда ҚМГ компаниялар тобының барлық қызметкерлері бойынша мүдделер қақтығысын жалпыға бірдей декларациялау жүргізілуде.

Комплаенс қызметі ҚМГ компаниялар тобы мамандарының кәсіби құзыреттілігін дамытуды және біліктілігін арттыруды қолдайды. Бүгінгі таңда комплаенс командаларында Association of Certified Fraud Examiners және International Compliance Association секілді мамандандырылған беделді халықаралық сертификаттары бар мамандар бар және олардың саны өсіп келеді.

Сонымен қатар, ҚМГ комплаенс қызметінің командасы 2022 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ комплаенс қызметінің басшысынан арнайы марапатқа ие болғанын атап өтуге болады.

Компанияның осы бағыттағы қызметін қорытындылай келе, компания менеджменті 2022 жылы шешім қабылдау жылдамдығы, өзгерістер мен инновацияларды енгізу жылдамдығы қазіргі уақыттағы компанияның табысы мен дамуының басты факторы екенін түсінді деп сеніммен айтуға болады. Бұған халықаралық Sustainalytics агенттігі экология, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару саласындағы компанияның ESG рейтингін бағалау кезінде парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан саясаттың жоғары деңгейін атап өтіп, ҚМГ-нің Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару бағытына барынша (100 мүмкіндіктің ішінен) баға беру арқылы растады.

Осылайша, комплаенс саласында жүргізіліп жатқан жұмыстар, сондай-ақ беделді Sustainalytics агенттігінен жоғары баға алу компания қызметінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы қойған талаптарға сәйкестігін және комплаенс тәуекелдерді бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асырудағы жеделдігін растайды.

## ОМБУДСМЕН ҚЫЗМЕТІ

Омбудсмен қызметінің (бұдан әрі — омбудсмен) негізгі функцияларының бірі – компанияның барлық қызметкерлерінің әділдігі мен мүдделерінің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету: даулар мен жанжалдарды ерте ескерту және реттеу; жүйелі сипаттағы және шешуді талап ететін проблемалық мәселелерді тиісті органдар мен лауазымды адамдардың қарауына шығару; жанжалды жағдайларды тұрақтандыру жөнінде ұсыныстар беру. ҚМГ іскерлік этика кодексінде ҚМГ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының нәсілдік, діни, ұлттық, жыныстық, саяси немесе өзге де ерекшелігіне, әлеуметтік шығу тегі, мүлкі мен лауазымдық жағдайы, қарым-қатынас тілі мен басқа да мән-жайлар негізінде кемсітушілікке жол бермеу, сондай-ақ осы белгілерге қарай жекелеген қызметкерлерге қандай да бір артықшылықтар берілуіне жол бермеуге қатысты қағидаттар туралы нақты жазылған. Өз қызметін іске асыру кезінде ҚМГ омбудсмені Қазақстан Республикасының заңнамасын және ҚМГ ішкі құжаттарын басшылыққа алады. Директорлар кеңесі үшін омбудсмен қызметі туралы жыл сайынғы есепті дайындау кезінде ҚМГ Омбудсмен қызметі жүйелі мәселелерді шешу бойынша

ұсыныстар/ұсынымдар түрінде ұсыныстар береді. Омбудсмен жұмысына келесі міндеттер кіреді:

- жергілікті жерлердегі әлеуметтік жағдай туралы мәліметтерді жинау және талдау, әлеуметтік шиеленіс ошақтарының пайда болуына жол бермеу бойынша жүйелі алдын алу және жедел шаралар әзірлеу;
- ҚМГ қызметін жүргізетін өңірлердегі жедел жағдайдың дамуын бағалау және оның негізінде проблемалық мәселелер бойынша нақты шешімдер мен ұсынымдар әзірлеу.

2022 жылы шілдеде ҚМГ омбудсмені тағайындалғаннан кейін іскерлік этика кодексін талаптарымен, омбудсмен функциялары мен міндеттерімен танысу мақсатында ҚМГ ЕТҰ басшылығымен, құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен және «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС кәсіподақ өкілдерімен кездесулер өткізді.

ҚМГ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 19 қыркүйектегі шешімімен бекітілген Омбудсмен қызметі туралы ережеге сәйкес, Омбудсмен қызметі өтініштерді қарау, есепке алу, оның ішінде жедел желі бойынша жұмысты ұйымдастырды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша Омбудсмен бес өтінішті қарады.

Ауызша өтініштер бойынша (телефон байланысы, жеке қабылдаулар арқылы) омбудсмен/Омбудсмен қызметі консультациялар өткізді, ұсынымдар берді. Барлық келіп түскен өтініштерді қызмет ұсынымдық сипаттағы, оның ішінде бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдай отырып, туындаған проблемалық мәселелерді ерте кезеңде реттеу жөнінде барынша ықтимал шаралар қабылдай отырып қарады. Бұдан басқа, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ҚМГ-Құмкөл» ЖШС ұжымдарындағы толқулар мен әлеуметтік шиеленістердің алдын алды.

Омбудсмен қызметіне жүгінудің негізгі себептері:

- ҚМГ Іскерлік әдеп кодексін нормаларының бұзылуы;
- басшылық құрамның бағынышты қызметкерлерге қатысты кемсітушілік әрекеттері мен дәрекі көзқарасы.

2022 жылы «Нысана» колл-орталығының «Жедел желісіне» ҚМГ атына 226 өтініш келіп түсті. ҚМГ Омбудсмен қызметі оларды тиісті құрылымдық бөлімшелердің уақтылы қарауына бақылау жүргізеді.

## СЫРТҚЫ АУДИТ

ҚМГ тобының бухгалтерлік (қаржылық) есептілігінің дұрыстығын тәуелсіз бағалау мақсатында жыл сайын ХҚЕС бойынша дайындалған есепке аудит жүргізу үшін сыртқы аудиторды тартады. Сыртқы аудиторды ҚМГ Директорлар кеңесі мақұлдағаннан кейін акционерлердің жалпы жиналысы бекітеді.

### Аудитордың тағайындалуы және оның тәуелсіздігі

Аудиторды таңдау рәсімі «Самұрық-Қазына» АҚ үшін және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-қа меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Аудиторды таңдау келесі принциптерге негізделеді:

1. сапалы қаржылық есеп аудиті мен ілеспе қызметтерді сатып алу;
2. шешімдерді таңдау, бақылау және жауапкершілік процесінің ашықтығы;
3. мүдделер қақтығысының болмауы және тәуелсіздікті сақтау.

Сыртқы аудиторды таңдауды іске асыру мақсатында Бірыңғай комиссия құрылады, оның құрамына Қордың аудит жөніндегі комитеттерінің мүшелері және Қордың және ҚМГ аудит жөніндегі комитетінің мүшелері кіреді. Бірыңғай комиссия Сыртқы аудиторды таңдау стратегиясын айқындайды және оның елеулі компаниялары мен қорын қоса алғанда, ҚМГ үшін сыртқы аудиторды таңдау рәсімдерін жүзеге асырады. Аудит жөніндегі Комитет сыртқы аудитордың тәуелсіздігін тұрақты негізде бағалайды; аудиторлық компанияны әр бес жыл сайын ротациялау қарастырылған. ҚМГ аудитіне қатысы бар серіктестер мен басшы қызметкерлерді компанияға жалдауға болмайды.

### Сыртқы аудитордың аудиторлық емес қызметтерді көрсетуі

Сыртқы аудитор аудиторлық емес консалтингтік қызметтер көрсеткен кезде аталған қызметтерді көрсету үшін Аудит жөніндегі комитеттің рұқсатын алуға міндетті. ҚМГ жыл сайын аудит жөніндегі комитетке аудиторлық емес қызметтер көрсетуге рұқсат етілген сыртқы аудиторға және сыртқы аудитор есепті жылда көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер

туралы ақпаратты бекіту үшін ұсынады. Аудиторлық емес ұйымдарды тарту саясатына сәйкес аудиторлық емес қызметтер үшін төлемдердің үлесі сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық қызметтердің жалпы сомасының 50%-ынан аспауға тиіс. Сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық емес қызметтер 2022 жылы аудиторлық қызметтердің жалпы құнының 2,1% -ын құрады.

Акционерлердің, «Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының 2022 жылы 20 қаңтардағы шешіміне сәйкес, ҚМГ-нің 2022-2024 жылдарға арналған қаржылық есебінің сыртқы аудитору болып «Эрнст энд Янг» ЖШС тәуелсіз аудиторлық компаниясы танылды.

# ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

## Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің қағидаттары (КТБЖ)

Компаниядағы тәуекелдерді басқару стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер ететін қауіпті оқиғалардың алдын алуға және олардың пайда болу әсерін шектеуге мүмкіндік береді. Тәуекелдерді басқару – компанияның стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару және қаржылық тұрақтылықты сақтау процесінің ажырамас бөлігі.

ҚМГ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (КТБЖ) бизнесті жүргізудің және компанияны басқарудың негізгі процестеріне біріктірді. КТБЖ компания құнының өсуі, оның рентабельділігі мен тәуекелдері арасындағы оңтайлы теңгерімге қол жеткізуге бағытталған. КТБЖ – барлық елеулі тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіру, бағалау және мониторинг жүргізу, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы және тиісті шаралар қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі. ҚМГ КТБЖ және оның ЕТҰ бойынша саясаты Компания қызметінің барлық түрлеріне қолданылады.

Компанияның тәуекелдерді басқару саясаты келесі негізгі мақсаттар мен міндеттерді қарастырады:

КТБЖ мақсаттары:

- компания құнының өсуі, оның табыстылығы мен тәуекелдері арасындағы оңтайлы теңгерімге қол жеткізу;
- компания өндірістік/өндірістік емес тәуекелдерді басқару үшін пайдаланатын негізгі құралдарды, рәсімдерді айқындау;
- өндірістік/өндірістік емес тәуекелдерді басқару саласындағы мақсаттар иелерінің, тәуекел иелерінің және тәуекел факторларының иелерінің жауапкершілік аймақтарын айқындау;
- тәуекелдерді басқару процесін қамтамасыз ететін ішкі құжаттарды айқындау.

КТБЖ міндеттері:

- даму стратегиясына сәйкес компанияның тәуекел-тәбет деңгейін айқындау;
- туындайтын тәуекелдерге/тәуекел факторларына ден қою бойынша шешімдер қабылдау процесін жетілдіру;
- капиталды ұтымды пайдалану;
- стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге қауіп төндіретін қауіпті оқиғалардың туындауының алдын алу;

- тәуекелдерді басқару процесін бизнесті жүргізу мен компанияны басқарудың негізгі процестеріне интеграциялау;
- тәуекелдерді басқарудың вертикалды процесін құру және басқарудың барлық деңгейлерінде, жоғарғы деңгейден (ҚМГ) бастап сызықтық деңгейге (ПСР) дейін тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуі. Бұл тәуекелдерді басқару процесіне жақындаудың маңызды принципін көрсетеді — **тәуекелдерді басқару жергілікті жерлерде жақсы жүзеге асырылады және жауапкершіліктің бұлыңғырлануын болдырмайды;**
- мақсаттардың иелері, тәуекел иелері, тәуекел факторларының иелері тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалауды дербес жүргізетін, тәуекелдерді басқару жөніндегі стандартты әдістерді қолданатын және олардың негізінде тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды (бақылау рәсімдерін) әзірлейтін тәуекелдермен жұмыс істеді осындай жүйесін құру;
- мүдделі тараптарға компанияның тәуекелдерді тиімді басқаратыны туралы ақылға қонымды кепілдік беру.



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесі жөніндегі саясаты компанияның сайтында жарияланған.

## Тәуекелдерді басқару процесі

КТБЖ ҚМГ қызметіне байланысты тәуекелдерді басқару үшін дәйекті және нақты құрылым ретінде қызмет етуге арналған. Компанияда тәуекелдерді басқарудың барлық деңгейлерінде

тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуінің вертикалды процесі құрылған. Әрбір лауазымды тұлға шешім қабылдау кезінде тәуекелдерді тиісті түрде қарайды. Тәуекелдер тәуекелдің

пайда болу ықтималдығын және оның әсерін ескеретін сапалық және сандық құралдардың көмегімен бағаланады.

### КТБЖ жұмысы өзара байланысты жеті процесті қамтамасыз етеді:

мақсат қою	тәуекелдерді басқару
тәуекелдерді/тәуекел факторларын сәйкестендіру;	мониторинг және есеп беру;
тәуекелдерді/тәуекел факторларын бағалау және талдау;	ақпараттандыру және коммуникация;
ішкі ортаны қалыптастыру	

Тәуекелдерді басқару процесінің жоғарыда баяндалған компоненттерін іске асыру тиісті «жоғары деңгейдегі тонды» белгілеуге, тәуекелдер туралы жоғары деңгейде хабардар болу мен ақпараттану, тәуекел/тәуекел факторлары иелерінің жауапкершілігіне, тәуекелдерді белсенді басқаруға және уақтылы есептілікке негізделген ҚМГ компаниялар тобында тәуекел мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

## Тәуекел-тәбет

Компанияның тәуекел-тәбеті компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізе алатын тәуекелді ұстап қалудың өзіндік

деңгейін сипаттайды, сондай-ақ Компания қабылдауға дайын сыни тәуекелдер/тәуекел факторлары деңгейінің жоғарғы шегін анықтайды.

### Компанияның тәуекел тәбеті туралы мәлімдемеден үзінділер

Қаржы қызметі	Операциялық қызмет	Инвестициялық қызмет
<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Борыштық аспаптарда орнатылған ковенанттарды ұстану.</li> <li>■ Компанияның кредиттік рейтингтерінің нашарлауына жол бермеу.</li> <li>■ Өтімді ақша қаражатының жеткілікті көлемін және оң шоғырландырылған еркін ақша ағынын қолдау.</li> <li>■ ЕТҰ-дан Компанияның пайдасына жоспарланған дивидендтік ағымның төмендеуіне жол бермеу.</li> <li>■ Салық тәуекелдерін барынша азайту</li> <li>■ Бухгалтерлік және салық есебінде және қаржы есептілігінде шаруашылық операциялардың дұрыс көрсетілмеуіне жол бермеу.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Беделге, сондай-ақ өндірістік қауіпсіздікке, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауға байланысты негативті оқиғаларға жол берілмейді.</li> <li>■ Қызмет жүргізетін өңірлерде әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету. Қызметкерлердің құқықтарын сақтау, кемсітушілікке және еңбек және жұмысқа алуда теңсіздікке жол бермеу.</li> <li>■ Санкциялық заңдарды бұзуға әкеп соғатын транзакцияларға тыйым салу.</li> <li>■ Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдеріне/кибер тәуекелдерге қатысты Компания сервистердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді, ақпараттық ресурстардың, бағдарламалық жасақтаманың, жабдықтың тұтастығын бұзуға және құпия ақпаратты рұқсатсыз ашуға жол бермейді.</li> <li>■ Сыбайлас жемқорлықтың, алаяқтықтың және іскерлік этиканың бұзылуының кез келген көріністеріне жол берілмейді.</li> <li>■ Қоршаған ортаның ластануына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын ұстану.</li> <li>■ Көміртек ізін азайту бойынша мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізуді қамтамасыз ету.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ «Самұрық-Қазына» АҚ инвестициялық саясатының талаптарын сақтау.</li> <li>■ Инвестициялық жобаларды қаржыландыруды негізінен жеке қаражат есебінен жүзеге асыру, қарыз қаражатын тарту кезінде ҚМГ компаниялар тобының қаржы орнықтылығының нашарлауына жол бермеу.</li> <li>■ Ірі инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде тәуекелдерді бөлу мақсатында стратегиялық әріптестерді тарту.</li> <li>■ Стратегиялық әріптестермен бірлесіп, негізінен кэрри-қаржыландыру шарттарында жер қойнауын пайдалану жөніндегі жобаларды іске асыру.</li> <li>■ Жаңа инвестициялық жобаларды қарау меншік иесі үшін кірістілік индексі көрсеткішінің талап етілетін деңгейіне сәйкестігін ескере отырып, сондай-ақ олардың ықпалы ескере отырып қамтамасыз етілсін: <ul style="list-style-type: none"> <li>– компанияның акционерлік құнына үлесі;</li> <li>– өнімнің көміртегі ізі мен көміртегі сыйымдылығын төмендету.</li> </ul> </li> </ul>



## Тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту

### КТБЖ дамыту және жетілдіру жөніндегі іс-шаралар

Компания КТБЖ-ны үнемі жетілдіреді және тәуекелдерді басқарудың нормативтік-әдістемелік базасын үнемі жетілдіріп отырады. КТБЖ-ны үздіксіз дамытып және жетілдіріп отыруды көздейтінін растай отырып, Компания 2022 жылы бірқатар шаралар мен іс-шараларды іске асырды:

- Компанияның Директорлар кеңесі ҚМГ және оның ЕТҰ нарықтық тәуекелдерін хеджирлеу жөніндегі саясатты әзірлеп, бекітті.
- Шетелдік банктерге және Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктеріне кредиттік лимиттер жаңартылды.
- Тәуекелдерді басқару саласындағы құжаттар және Компанияның тәуекелдері/қаржылық тәуекелдері бойынша тәуекелдерді байланыстыра отырып және 2022 жылға түзетілген тиімділікпен, сондай-ақ сандық тәуекел-тәбеттің өзекті мөлшерімен есептер бекітілді.
- Мұнай өндіруші ұйымдардың өндірістік бағдарламаларының (ҚОҚ) тәуекелдер тізілімінің форматы жаңартылды және болжамды 2023 жылға арналған ҚОҚ өндірістік бағдарламаларының тәуекелдері бойынша бөлімдер пысықталды.

- Санкциялардың компания қызметіне әсерін талдау бойынша жұмыс тобы құрылды. Санкциялық тәуекелдерге күнделікті, әрі қарай апта сайын мониторинг жүргізіледі. Санкциялардың әсері туралы шоғырландырылған ақпарат мерзімді негізде компанияның Директорлар кеңесіне, Қорға, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне және компанияның мүдделі бөлімшелеріне беріледі;
- Компания Басқармасы мен Директорлар кеңесін негізгі тәуекелдер бойынша уақтылы хабардар ету, тәуекелдер тізімін, тәуекелдер картасын, тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді қарау және тәуекел-тәбетті қайта қарау қамтамасыз етілді. Жыл ішінде тәуекелдер жөніндегі комитеттің 8 отырысы өткізілді онда 23 мәселе қаралды.
- Инвестициялық жобалардың тәуекелдерін бағалауды жақсарту мақсатында тұрақты даму және климаттық тәуекелдер саласында халықаралық сертификаттау алынды.
- «ҚМГ-Security» басшылары мен қызметкерлері үшін (барлық өңірлік филиалдарды

қоса алғанда) тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша тренингтер өткізілді.

### Тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту жоспарлары


- КТБЖ дамыту (КТБЖ саясатын және тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын жаңарту, нормативтік-әдіснамалық құжаттарды жаңарту).
- Корпоративтік басқаруға жүргізілген тәуелсіз сараптаманың нәтижелері бойынша ҚТБЖ, ІБЖ және ҚҮБЖ бөлігінде корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру.
- ЕТҰ-да тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінің жаңартылған нұсқасын іске қосу және енгізу: ҚМГ тәуекел-үйлестірушілері мен ЕТҰ тәуекел-менеджерлері үшін осы жүйенің жаңартылған нұсқасын пайдалану бойынша оқыту жүргізу және техникалық қолдау көрсету.
- Тәуекел мәдениетін дамыту.

### КТБЖ қатысушыларының функциялары мен жауапкершілігі

<b>Директорлар кеңесі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Тәуекелдерді басқару саласындағы саясатты бекітеді.</li> <li>■ тәуекелдер туралы есептерді қарастырады;</li> <li>■ тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі туралы есептерді қарастырады.</li> </ul>
<b>Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін бақылау бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдарын әзірлейді;</li> <li>■ компанияның тәуекелдер тізімі мен картасын және тәуекелдерді басқару іс-шаралар жоспарын бекітеді;</li> <li>■ жалпы тәуекел-тәбетті бекітеді, компанияның әрбір негізгі тәуекеліне төзімділік деңгейлері және қабылданған тәуекелдерді шектеу үшін лимиттер белгілейді;</li> <li>■ тәуекелдер туралы есептерді бекітеді;</li> <li>■ қызметтің үздіксіз жүруі бойынша жоспарды бекітеді;</li> <li>■ сыртқы және ішкі аудиторлардың ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелері туралы есептерін талдайды;</li> <li>■ ішкі қаржылық бақылауды қоса алғанда, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіндегі сенімділік деңгейін, сондай-ақ олардың тиімді істеуі туралы Директорлар кеңесінің оң қорытындысы үшін олардың жеткіліктілігін бағалайды;</li> <li>■ ішкі бақылау құралдары мен тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігін талдайды;</li> <li>■ мониторинг жүргізеді және негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі құжаттаманы уақтылы ұсыну бойынша жауапты бөлімшеге тиісті тап-сырмалар береді;</li> <li>■ тәуекелдер туралы есептер бойынша кері байланыс беру, елеулі тәуекелдер мен бақылау мәселелерін және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудағы компанияның тиісті жоспарларын қарау үшін компания басшылығымен тұрақты кездесулер өткізеді.</li> </ul>
<b>Басқарма</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ КТБЖ ұйымдастыру және тиімді жұмыс істеуіне, Қор, Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитетке тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді уақтылы ұсынуға жауапты;</li> <li>■ КТБЖ саясатын іске асыруды және Компания мен ЕТҰ тәуекелдерін басқару саласындағы ішкі құжаттарды жетілдіруді қамтамасыз етеді;</li> <li>■ тәуекелдер иелерінің, тәуекел-факторлар иелерінің тіркелуін және ҚМГ тәуекел-үйлестірушілерін бекітеді;</li> <li>■ тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді қарайды және тиісті шараларды қабылдайды.</li> </ul>
<b>Тәуекелдер жөніндегі комитет</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ тәуекел-тәбет, тәуекелдер тіркелімі, тәуекелдер картасы, тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспары, тәуекелдерге төзімділіктің негізгі тәуекел көрсеткіштері деңгейлері, Аудит жөнінде комитеттің бекітуіне шығару үшін тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді келіседі;</li> <li>■ Компания тәуекелдерін және оларды басқару шараларының тиімділігін, тәуекелдерді басқару жөніндегі әдіснамалық құжаттарды, саясаттарды, рәсімдерді және тәуекелдерді басқару құрылымын дамыту жөніндегі ұсыныстарды, тәуекелдерді басқарудың жаңа тәсілдерін, КТБЖ жетілдіру жөніндегі жұмыс жоспарларын қарастырады.</li> </ul>
<b>Ішкі аудит қызметі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Тәуекелдерді басқару процесінің тиімділігін бағалайды, КТБЖ-дағы елеулі кемшіліктер туралы Аудит жөніндегі комитетті хабардар етеді, тәуекелдерді басқару процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді;</li> <li>■ тәуекел/тәуекел-факторға алдын ала әсер ету іс-шараларының (бақылау рәсімдерінің) тиімділігін бағалайды және анықталған кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныстар дайындайды;</li> <li>■ аудиторлық тексеру процесінде анықталған, алайда тіркелмеген жаңа тәуекел-факторлар туралы жауапты бөлімшеге хабарлайды.</li> </ul>
<b>Жауапты бөлімше</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ КТБЖ-нің жұмыс істеуін, КТБЖ бойынша әдіснамалық құжаттарды әзірлеп, жаңартып отырады;</li> <li>■ КТБЖ-нің жұмыс істеу мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелерге консультациялық қолдау көрсетеді, оқыту іс-шараларын жүргізеді;</li> <li>■ контекстті (ішкі және сыртқы жағдайларды) талдайды, Компанияның тәуекелдеріне айтарлықтай әсер ете алатын ішкі/сыртқы факторларды бақылайды;</li> <li>■ тәуекелдер тіркелімдерін қарайды, оған келісімін береді, ҚМГ компаниялары тобы бойынша тәуекелдерді шоғырландырып, ақпаратты талдайды, тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдер картасын, Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын уақтылы дайындауға, сондай-ақ Басқарма, Аудит жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесі үшін Компанияның тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есептілікті дайындауға жауапты болады.</li> <li>■ тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды, тәуекелдерге төзімділік деңгейлерінің сақталуына, негізгі тәуекел көрсеткіштеріне уақтылы мониторинг жүргізеді;</li> <li>■ өз қызметінің шеңберінде ІАҚ-пен, ҚМГ-нің құрылымдық бөлімшелерімен, сыртқы консультанттармен және басқа да мүдделі тараптармен тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;</li> <li>■ ҚМГ тәуекелдер мен тәуекелдер факторларының иелерімен сұхбат жүргізу процесін ұйымдастыруды және Компанияның тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалаудың сараптамалық әдістерін қолдану кезінде әдіснамалық қолдауды қамтамасыз етеді</li> </ul>

## КТБЖ қатысушылары

### КТБЖ-ның ұйымдық құрылымы:



<b>Мақсат иелері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Белгіленген ҚТК-ға (мақсаттарға) қол жеткізуге әсер ететін сандық/сапалық түрде тәуекелдердің мәндерін және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын келісу үшін жауапты болады;</li> <li>бекітілген тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарының уақытылы іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады.</li> </ul>
<b>Тәуекел/тәуекел-факторларының иелері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тәуекелдердің иесі жетекшілік ететін процестерді жүзеге асырумен байланысты тәуекелдерді лайықты түрде басқаруға және бақылауға, тәуекелдердің жай-күйі және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы уақытылы және толық ақпарат беруге жауапты болады;</li> <li>үздіксіз қызмет жоспарларын әзірлейді және енгізеді;</li> <li>тәуекел деңгейін төмендетуге бағытталған тәуекелдердің жекелеген түрлерін басқару тетіктерін әзірлеуді, тәуекелдердің/тәуекел-факторлардың (корпоративтік стандарттар, регламенттер, тәуекелдердің жекелеген түрлерін басқару жөніндегі саясаттар) иесі жетекшілік ететін процестерді жүзеге асырумен ұштасатын бақылау рәсімдерін қамтамасыз етеді.</li> </ul>
<b>ЕТҰ</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>КТБЖ Әдіснамалық құжаттарына сәйкес тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау процесін уақтылы ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;</li> <li>ЕТҰ процестерін жүзеге асырумен байланысты тәуекелдерді лайықты түрде басқаруға және бақылауға, тәуекелдер бойынша есептілікті уақтылы ұсынуға, сондай-ақ өндірістік/өндірістік емес тәуекелдердің жай-күйі және оларды басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы толық ақпаратты, іске асырылған тәуекелді оқиғалар бойынша есептілікті ұсынуға жауапты болады;</li> <li>ЕТҰ қызметінің үздіксіз жоспарларын әзірлейді және енгізеді.</li> </ul>
<b>ҚМГ/ЕТҰ әрбір қызметкері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес тәуекелдерді басқару саласындағы лауазымдық міндеттердің орындалуына жауапты;</li> <li>ҚМГ/ЕТҰ-ның жауапты бөлімшесін, өзінің тікелей басшысын шығындарға әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соға алатын кез келген жасалған немесе ықтимал қателер, кемшіліктер туралы, әлеуетті және іске асырылған тәуекелі бар оқиғалар туралы КТБЖ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде уақтылы хабардар етеді;</li> <li>бекітілген оқыту бағдарламасына сәйкес тәуекелдерді басқару саласында оқудан өтеді.</li> </ul>

## Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) – КТБЖ-ның ажырамас бөлігі. ІБЖ COSO моделін қолданады және өзара байланысты бес компоненттен тұрады: бақылау ортасы, тәуекелдерді бағалау, бақылау рәсімдері, ақпарат және коммуникациялар, мониторинг. ІБЖ ҚМГ-нің төменде көрсетілген үш негізгі саладағы мақсаттарына қол жеткізуде ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған:

- операциялық қызметтің тиімділігін арттыру;
- толық және сенімді қаржы есептілігін дайындау;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының және ҚМГ ішкі құжаттарының талаптарын сақтау.

ІБЖ бизнес-процестерді талдауға, ҚМГ қызметіне тән процестік деңгейдегі тәуекелдерді уақытылы анықтауға және талдауға, сондай-ақ осы тәуекелдерді басқару бойынша бақылау рәсімдерін айқындауға және талдауға бағытталған.

ІБЖ ҚМГ-нің негізгі және қосалқы бизнес-процестеріне интеграцияланады және қабылданған

немесе қабылдануға тиіс түзету іс-шараларының жан-жақты бірге бақылаудың кез келген елеулі кемшіліктері мен әлсіз тұстары туралы тиісті басқару деңгейінің басшылығын дереу хабардар етуге арналған рәсімдерді қамтиды.

ІБЖ Ішкі бақылау жүйесінің саясатына сәйкес ұйымдастырылған, онда ІБЖ-нің мақсаттары, жұмыс істеу қағидаттары мен компоненттері және өкілеттіктері мен жауапкершілігі, жұмыс істеу тәртібі, ішкі бақылау құрылымы, нәтижелілік өлшемдері мен жазбалар нысандары айқындалған ішкі бақылау жүйесінің регламенті белгіленген.

ҚМГ-де жыл сайын бизнес-процестердің сыни, сыртқы және ішкі аудиторлардың ұсынымдары негізінде ІБЖ бойынша жұмыстардың күнтізбелік жоспар-кестесі бекітіледі. Онда бизнес-процестерді нысандандыру/жаңарту және бақылау рәсімдерінің дизайнын тестілеу (талдау) мерзімдері көрсетіледі. Нысандандыру

бизнес-процестер бойынша тәуекелдер мен бақылаудың қолданыстағы блок-схемалары мен матрицаларын әзірлеуден және жаңартудан тұрады. Бақылау рәсімдерінің дизайнын тестілеу (талдау) негізінде оларды жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірленеді. Осыған ұқсас жұмысты ЕТҰ жүргізеді. ІБЖ бойынша жұмыстардың нәтижелері мерзімді негізде бизнес-процестердің иелеріне, ІАҚ, сыртқы аудиторға, Басқармаға, Директорлар кеңесіне жеткізіледі.

Жыл сайын ҚМГ және ЕТҰ қызметкерлері үшін ІБЖ бөлігінде кездесулер мен оқу бағдарламалары ұйымдастырылады, қатысушылар тренингтерден өтеді, тәжірибемен бөліседі, проблемалар мен оларды шешу жолдарын талқылайды.

2022 жылы ҚМГ-дегі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі ішкі бақылауды одан әрі енгізуге және жетілдіруге бағытталған жұмыстарды жалғастырды. 11 бизнес-процесс бойынша ішкі бақылауды рәсімдеу бойынша бизнес-процестердің

иелерімен бірлесіп жұмыс жүргізілді. Жақсартатын бағыттар анықталды, бақылау рәсімдерін жақсарту бойынша ұсыныстар дайындалды. ЕҰ-да ІБЖ және ҚҰБЖ-ні жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Еншілес ұйымдарға ІБЖ бойынша құжаттарды әзірлеу бөлігінде үйлестіру және әдіснамалық көмек беріледі (бизнес-процестердің Классификаторын әзірлеу, ІБЖ бойынша жұмыстардың күнтізбелік жоспары үшін бизнес-процестерді айқындау, әзірленген блок-схемалар мен тәуекелдер мен бақылаулардың матрицалары бойынша ескертулерді/ұсынымдарды талдау және жолдау). ҚМГ еншілес ұйымдарында ІБЖ-ні жетілу деңгейін (200-ден астам критерий) ІБЖ-нің келесі компоненттері бойынша өзін-өзі бағалау жүргізілді:

- бақылау ортасы;
- тәуекелдерді бағалау;
- бақылау рәсімдері;
- ақпарат және коммуникация;
- мониторинг рәсімі.

Көлденең салық мониторингі үшін қажетті ішкі бақылау жөніндегі жұмыстарға, оның ішінде ЕҰ-ға алдын ала талдау жүргізілді. Еншілес ұйымдарда тәуекелдерді басқару бойынша жауаптылар үшін ІБЖ бойынша онлайн форматта оқыту жүргізілді. ІБЖ жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілді, соның нәтижесінде Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесімен бірлесіп ҚМГ ішкі бақылау жүйесін жетілдірудің бірлескен жоспары әзірленді, ол ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарында ІБЖ-ні жақсартуды көздейді.

2023 жылы ҚМГ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі ІБЖ-ні жетілдіруді жалғастырады. Бақылау рәсімдері дизайнының тиімділігін рәсімдеуді және талдауды жалғастыру, бақылау рәсімдері бойынша ұсынымдар беру, SAP S/4/HANA жобасына сәйкес ішкі бақылау бойынша жұмыстарды орындау, ҚМГ еншілес ұйымдарының құрылымдық бөлімшелерінің бірінші басшылары мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары үшін оқыту жүргізу және тәуекел-мәдениетті

жақсарту, аудиттелетін процестер бойынша ЕТҰ-да әзірленген тәуекел матрицалары және бизнес-процестер бойынша бақылаулар болған жағдайда ЕТҰ бойынша ІАҚ және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі бірлескен аудиттерін (келісім бойынша) жүргізу жоспарлануда. Сондай-ақ ішкі бақылаудың өзін-өзі бағалауын верификациялау мақсатында ЕТҰ-ның қаржы-шаруашылық қызметі бойынша аудит жүргізу кезінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мамандарын тарту (келісім бойынша).

Сондай-ақ, ҚМГ қаржылық есептілікті дайындау және қарау процесіне қатысты ішкі бақылау жүйесінің маңыздылығын түсінетінін атап өткен жөн. Бұл процесс қаржылық есептілік деректерінің дұрыстығына және оның қолданыстағы бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкестігіне нақты сенімділік береді. Осы мақсатта ҚМГ тобының компаниялары операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілікті дайындау тәсілін айқындайтын әдіснамалық сипаттағы құжаттардан басқа, тәуекелдер матрицасын және қаржылық есептілікті дайындауды бақылауды қамтитын ішкі бақылау процесін рәсімдеді және енгізді. ҚМГ тобы компанияларының қаржылық есептілікке ішкі бақылауының тиімділігін тәуелсіз аудиторлық компаниялар үнемі тексеріп отырады. Бұдан басқа, қаржылық есептілікті дайындау кезінде ықтимал тәуекелдерге қатысты алдын алу әсерінің қазіргі шаралары келесідей:

- ҚМГ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау күнтізбесін жыл сайын бекіту;
- тоқсан сайын ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарына қаржылық есептілікті жабу және дайындау кестесін әзірлеу және жеткізу;
- ҚМГ тобының компаниялары ұсынған стандартты емес жағдайлар бойынша сауалнамаларды тоқсан сайын талдау;
- ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бас бухгалтерлерін тоқсан сайын бағалау (қаржылық есептілікті уақтылы және дұрыс ұсыну бөлігінде).

## Қызметтің үздіксіз жүруін басқару жүйесі (ҚҰБЖ)

Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі (ҚҰБЖ) – ықтимал қатерлерді/тәуекелдерді сәйкестендіруге және олардың ҚМГ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметіне тигізетін әсерін бағалауға бағытталған процестер мен рәсімдердің жиынтығы, ол Компанияның қызметін қалпына келтіруге және мүдделі тараптардың мүдделерін, Компанияның іскерлік беделін, брендин және құндылығын қосатын қызметті қорғауды қамтамасыз етуге қабілетті тиімді жауап беру шараларын іске асыру арқылы Компанияның инциденттерге төзімділігін арттыру үшін негіз болады.

Компания ҚҰБЖ-нің маңызын түсінеді және қызметке қауіп төндіретін тәуекелдер контекстінде қызметтің үздіксіз жүруін қамтамасыз ететін шаралар мен құралдарды дамыту, жетілдіру үшін қажетті жағдайлар мен ресурстарды айқындай отырып, қызметтің үздіксіз жүруін басқарады.

ҚҰБЖ ҚМГ Қызметтің үздіксіз жүруін басқару жүйесі жөніндегі саясатқа және Қызметтің үздіксіз жүруін басқару процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес ұйымдастырылған. Қызметтің үздіксіз жүруін басқару жүйесі жөніндегі саясат қызметтің үздіксіз жүруін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық стандарттың ұсынымдарын ескере отырып, ҚҰБЖ-нің қолданылу аясын, мақсаттарын, негізгі қағидаттары мен жұмыс істеу моделін айқындайды. Қызметтің үздіксіз жүруін басқару процесін ұйымдастыру қағидалары ҚҰБЖ-нің қолдану аясын айқындау тәртібін, бизнеске тигізетін әсеріне талдау жүргізу тәртібін, Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарын әзірлеу және бекіту тәртібін, оны тестілеуді жүргізу тәртібін, ҚҰБЖ мониторингі мен жетілдіруді, қызметкерлерді оқыту және олардың хабардар болуын арттыруды белгілейді.

2022 жылы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі ҚМГ ҰК-да бизнеске әсер етуді талдау және сыни бизнес-процестерді жаңартты. Сыни бизнес-процестердің қызметін жүзеге асыруды тоқтатудың/ тоқтата тұрудың ықтимал сценарийлерін, оның ішінде сыртқы факторлар бойынша сипаттау бойынша жұмыс жүргізілді (мынадай 6 бағыт бойынша ықтимал сценарийлер сипатталған: 1) персоналдың қолжетімсіздігі; 2) үй-жайлардың қолжетімсіздігі; 3) АТ жүйелерінің қолжетімсіздігі; 4) құжаттардың қолжетімсіздігі; 5) негізгі өнім берушілердің қолжетімсіздігі; 6) нақты жабдықтың қолжетімсіздігі). Сондай-ақ, оқиғаларды басқаруға бағытталған алдын алу және түзету шаралары сипатталған. Бизнес-процестің қызметін қалпына келтіруге жауапты қызметкерлердің тізімін, қажетті жабдықтардың тізімдерін, ат-қосымшалар мен жүйелерді, жеткізушілер мен мүдделі тараптардың тізімдерін анықтау және нақтылау бойынша жұмыс жүргізілді.

2023 жылы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі КҮБЖ-ні жетілдіруді жалғастырады. Қызметтің үздіксіз жүруін қамтамасыз етудің Кешенді жоспары жаңартылады, осыған ұқсас жұмыс еншілес ұйымдарда жүргізілетін болады. Сондай-ақ, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі КҮБЖ-ні еншілес ұйымдарға енгізуді үйлестіруді, енгізу кезінде әдіснамалық көмек көрсетуді, жауапты қызметкерлер мен басшылық үшін оқыту жүргізуді жалғастырады.

## Корпоративтік сақтандыру

ҚМГ компанияларының тобындағы сақтандыру - тәуекелдерді бақылау мен қаржыны басқаруды қамтамасыз етудің маңызды құралы. Сақтандыру ҚМГ мен акционерлердің мүлктік мүдделерін өндірістік қызметте, оның ішінде сыртқы факторлардың салдарынан туындайтын күтпеген шығындардан қорғайды.

Сақтандырып қорғауды ұйымдастырудың бірыңғай корпоративтік стандартын сақтау мақсатында, сақтандыру функциясы орталықтандырылған. Бұл үздіксіз сақтандыру өтелімін басқарудағы кешенді тәсілдемеге кепілдік береді. Сондай-ақ барлық ҚМГ компаниялар тобы бойынша тәуелсіз тәуекел-инженерлер жүргізетін тәуекел-сюрвейтер шеңберінде алмастыру/ қалпына келтіру құнын (RCN) тәуелсіз бағалауды және тәуекелдерді бағалауды жүргізу бойынша жұмыс үйлестіріледі.

ҚМГ-нің корпоративтік сақтандыру бағдарламасы сақтандырудың мынадай негізгі түрлерін қамтиды:

- Компанияның негізгі өндірістік активтерін сақтандыру;
- үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілікті сақтандыру;
- энергетикалық тәуекелдерді сақтандыру.

Қайта сақтандыруға S&P шкаласы бойынша кредиттік рейтингі «А-» төмен емес қайта сақтандыру компаниялары қабылданады, Мұнай-газ саласының үздік

тәжірибелері ескеріледі, бұл компания үшін сақтандыру және сақтандырылатын тәуекелдерді басқару үшін ең жақсы шарттарға қол жеткізуге ықпал етеді.

## Негізгі тәуекелдер

ҚМГ өз қызметін үнемі өзгеріп отыратын ортада жүргізеді. Кейбір тәуекелдер уақыт өте келе дамуы мүмкін және ішкі және сыртқы факторларға жауап ретінде ықтимал әсер мен болжам өзгеруі мүмкін. ҚМГ стратегияны іске асыруға әсер етуі мүмкін негізгі тәуекелдер мен белгісіздіктерді басқарады, оларды қадағалайды және олар туралы хабарлайды.

Есепті кезеңде кейбір тәуекелдер орындалды, бірақ тәуекелдерді митигациялау бойынша қабылданған шаралардың арқасында олардың теріс әсері басқарылып, барынша азайтылды.

### Компанияның негізгі тәуекелдері

- ✓ Тәуекел төмендеді
- ▲ Тәуекел жоғарлады
- Тәуекел өзгерген жоқ

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
▲	<p><b>Өндіріс көлемінің төмендеу қаупі</b> Тәуекелді іске асырудың негізгі сыртқы тәуекел факторларына авариялық сәну, сыртқы электрмен жабдықтаудағы іркілістер (атап айтқанда, КЕСОС, МАЭК және МӨЭК тарапынан ажырату), ауа райының қолайсыздығы жатады. Өшу мен шектеулерді енгізудің негізгі себептері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ «МАЭК» ЖШС ЖЭС энергия блоктарының авариялық тоқтауы;</li> <li>■ Маңғыстау және Атырау облыстарында электр қуатының тапшылығы.</li> </ul> <p>Наурыз айында КНП өндірісінің төмендеуіне әсер еткен қосымша тәуекел факторларына КҚК жүйесі бойынша мұнайды тиеп жөнелтудің қысқаруы (тасымалдауды шектеу / авария — экспортқа тасымалдау көлемінің төмендеу тәуекелін төменде қараңыз) жатады. Негізгі операциялық тәуекелге ескі кен орындарында өндіру көлемінің төмендеуі кіреді.</p> <p><b>Толығырақ ақпарат – «Өндіру» бөлімінде</b></p>	<p>Компания объектілерін электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары іске асырылуда, ол авариялық сәндірулерді азайту және өндіруші ұңғымалардың тоқтап қалу қаупін азайту жөніндегі шараларды, сондай-ақ энергия өндіруші ұйымдардың және электр энергиясын беру жөніндегі КЕСОС жүйелік операторының қатысуымен Орта мерзімді және ұзақ мерзімді іс-шаралардан тұрады. Кен орындарында өндіру деңгейін ұстап тұру мақсатында:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ ескірген жабдықты жаңғырту бағдарламаларын іске асыру;</li> <li>■ ескі кен орындарында өндіруді қолдау үшін жаңа технологияларды енгізу;</li> <li>■ өндірістік қызметтің тиімділігін арттыру (су басуды басқару, жерүсті инфрақұрылымы бойынша шектеулерді алып тастау, мұнай алу коэффициентін ұлғайту, өндіруші активтерде алдын ала барлау объектілерін пайдалануға беру);</li> <li>■ автоматтандыруды енгізу.</li> </ul> <p>Сонымен қатар, кен орындарын оңалту бойынша жобаларды әзірлеу және оларды одан әрі іске асыру үшін Жол картасын бекіту жүзеге асырылуда. Тұжырымдама белгілі бір кезеңге ПҚӨС-тен босатуды, оңалту шараларын орындауды және босатылған қаражат есебінен өндіру деңгейін арттыруды көздейді.</p>
▲	<p><b>Мұнайды экспортқа тасымалдау және өткізу көлемін төмендету тәуекелі</b> Негізгі қауіп факторлары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. КҚК-ға айтарлықтай тәуелділік (ТШО, Қашаған және КПО барлық көлемді КҚК жүйесі арқылы тасымалдайды).</li> <li>2. Мұнайды тасымалдау және жөнелту мәселелері: <ul style="list-style-type: none"> <li>– КҚК-дағы авария, техникалық ақаулық (тоқтаған жағдайда шикізатты өндіруді қысқарту және өткізу ағындарын қайта бағыттау қажеттілігі туындайды);</li> <li>– «Транснефть» мұнай құбыры жүйесінің жабылуы (Ресей мұнайын сатудың күрделілігіне байланысты);</li> <li>– КҚК жүйесі бойынша тасымалдауды шектеу (Санкциялар артқан, Ресей Федерациясы қарсы санкциялар қолданған және өзге де геосаяси қақтығыстар болған жағдайда).</li> </ul> </li> <li>3. Диверсиялар, терроризм немесе диверсия актілері, активтерді ұлттандыру.</li> </ol> <p><b>Әсері</b> Мұнай тасымалдауды шектеу, ТШО, Қашаған, Қарашығанақ кен орындарында өндірістік қызметті және компанияның операциялық активтерін төмендету не тоқтату, резервуарлық паркте кептеліс тудыру</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мұнайды экспортқа тасымалдаудың әртүрлі балама нұсқалары/ маршруттары қарастырылады, сондай-ақ пысықталады.</li> <li>2. Т.ж. паркін толықтыру бойынша жеткізушілермен мәселелерді пысықтау және тасымалдаудың баламалы нұсқаларын пысықтау.</li> <li>3. Теңіз терминалының жұмысын ішінара және (немесе) толық шектеу жағдайында КҚК-мен келіссөздер жүргізу.</li> <li>4. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен өзара іс-қимыл және консультациялар.</li> <li>5. Экспорттық шарттарда КЕВСО (Kazakhstan Export Blend Crude Oil) қазақстандық мұнай сортын енгізу және ресми пайдалану қамтамасыз етілді (анықтама: қазақстандық мұнайды кез келген өткізу нарықтарына жіберуге мүмкіндік береді, тасымалдаудың баламалы маршруттарын дамытуға және рұқсат алуға, сондай-ақ әлемдік ақпараттық платформалармен және негізгі тараптармен ребрендингті жариялауға ықпал етеді)</li> </ol>

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар	Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
▲	<p><b>Өндірісте жарақат алу қаупі</b> Қызметкерлердің еңбекті қорғау саласында белгіленген ережелерді сақтамауы, өндірістік тәртіпті бұзу қызметкерлердің өміріне қауіп төндіретін және денсаулығына зиян келтіретін басты себептер.</p> <p><b>Әсері</b> Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін бұзу денсаулыққа зиян келтіруге, сондай-ақ өндірістің бұзылуына, қаржылық шығындарға және компанияның іскерлік беделіне нұқсан келтіруі әкелуі мүмкін. 2022 жылы еңбекке жарамсыз еткен 35 жазатайым оқиға тіркелді, 36 адам зардап шекті, оның ішінде бір адам қайтыс болды.</p>	<p>Өндірістегі жазатайым оқиғаларды болдырмау мақсатында Компания келесідей ұйымдастыру-техникалық іс-шараларын жүргізеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>жұмыстарды қауіпсіз жүргізу, өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың алдын алу;</li> <li>оқытуды және білімді тексеруді уақтылы жүргізу;</li> <li>еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі бақылау;</li> <li>еңбекті механикаландырудың жаңа технологиялары мен құралдарын енгізу;</li> <li>өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейін арттыру.</li> </ul> <p>«Қорғау»<sup>1</sup> картасын және жұмыс пен жүргізуді мінез-құлықты бақылау карталарын пайдалану арқылы Near Miss Салдарсыз оқиғалар бойынша есеп беру бағдарламасын іске асыру жалғасуда.</p> <p>ЕТҰ-да Жұмыс қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықты бақылау бағдарламасын және Жүргізу қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықты бақылау бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс жалғасуда.</p> <p>Компанияда кодекстер, саясаттар, ережелер және корпоративтік стандарттар бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Жер үсті құралдарын қауіпсіз пайдалану саясаты;</li> <li>«өмірлік маңызды ережелер» корпоративтік стандарты;</li> <li>Корпоративтік сауықтыру бағдарламасы;</li> <li>ҚМГ компаниялар тобында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі корпоративтік стандарттар;</li> <li>ҚМГ компаниялар тобында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреттерді қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарттар;</li> <li>ҚМГ компаниялар тобындағы Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы бойынша корпоративтік стандарттар;</li> <li>Аса қауіпті жұмыс кезінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қауіптер мен тәуекелдерді анықтау қағидалары;</li> <li>Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған орта туралы хабардарлықты арттыру бағдарламасы;</li> <li>Жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану РЕГЛАМЕНТІ;</li> <li>IOGP-дің барлық мүшелері үшін бірыңғай «Өмірлік маңызды ережелер» ЕТҰ-ға әрі қарай тарату үшін бекітіліп, жіберілді.</li> </ul>	■	<p><b>Экологияға зиян келтіру қаупі</b> Компания қоршаған ортаға қолайсыз экологиялық әсер ету қаупіне және экологиялық заңнама талаптарын сақтамағаны үшін міндеттемелерді қатаңдату қаупіне ұшырайды.</p> <p><b>Әсері</b> Экологиялық тәуекелді іске асыру айыппұлдар, нормативтен тыс төлемдер, қоршаған ортаны қалпына келтіру шығындары түріндегі қаржылық шығындарға, сондай-ақ заңды жауапкершілікке және әлеуметтік-экологиялық шиеленісті арттыруы мүмкін.</p>	<p>Қоршаған ортаны қорғау саласында компания үшін басым бағыттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>атмосфералық ауаға бөлінетін шығарындыларды басқару және шикі газды алау етіп жағуды азайту;</li> <li>су ресурстарын басқару;</li> <li>өндіріс қалдықтарын басқару;</li> <li>жерді қалпына келтіру;</li> <li>энергия тиімділігін арттыру.</li> </ul> <p>Қоршаған ортаға қолайсыз экологиялық әсер ету қаупін азайту үшін Компания:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>экологиялық көрсеткіштерді жақсарту үшін жобаларды басқаруға және тәуекелге бағытталған тәсілге негізделген маңызды экологиялық аспектілерді профилактикалық басқару;</li> <li>IOGP халықаралық есептілігі шеңберінде өндіруші сектордағы ТМД жану қарқындылығын тоқсан сайын есептеу және талдау;</li> <li>экологиялық мәселелер бойынша мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл;</li> <li>ЕТҰ қалдықтарын утилизациялау және қайта өңдеу мақсатында уәкілетті органмен қол қойылған қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумды іске асыру;</li> <li>корпоративтік экологиялық бағытты толыққанды дамыту, сондай-ақ компанияның Жасыл экономика қағидадарын ұстануға бейімдігін қамтамасыз ету;</li> <li>ластаушы заттардың шығарындыларына/ төгінділеріне тоқсан сайын мониторинг жүргізу үшін ЕТҰ-ға Автоматтандырылған экологиялық мониторинг ақпараттық жүйесі (АЭМАЖ) енгізу;</li> <li>ЕТҰ-ға консультациялық қолдау көрсету және 2023 жылға әсер етуге бірыңғай экологиялық рұқсат алуға жәрдемдесу (мердігерлік ұйымдардың деректерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының жаңа экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес).</li> </ul> <p>Компания Экологиялық кодекске заңға тәуелді актілерді әзірлеу жөніндегі уәкілетті органдармен жұмыс топтарына, сондай-ақ ең үздік қолжетімді техникалар бойынша анықтамалықтарды әзірлеу жөніндегі техникалық жұмыс топтарының отырыстарына белсенді қатысуды жалғастыруда. ЕТҰ-ға АЭМАЖ-ды уақтылы енгізуді қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде</p>
■	<p><b>Өндірістік объектілердегі авариялық жағдайлардың, техногендік апаттардың қаупі</b> Компанияның өндірістік қызметі қауіпті болуы мүмкін. Авариялық және штаттан тыс жағдайлар, өндірістік объектілердегі техногендік апаттар нәтижесінде мүлікке, үшінші тұлғаларға және қоршаған ортаға зиян келтіру қаупі бар. Есепті кезеңде ірі авариялық жағдайлар тіркелмеген</p>	<p>Өндірістік тәуекелдерді азайту мақсатында Компания келесі әрекеттерді орындайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>жабдықты (техникалық құрылғыларды) қауіпсіз пайдалану бойынша нұсқама жүргізу;</li> <li>персоналға біліктілік куәліктерін (рұқсаттарды) бере отырып, қауіпсіз пайдалану техникалық регламентінің талаптарын оқыту және білімдерін тексеру;</li> <li>нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жабдыққа техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді уақтылы жүргізуді қамтамасыз ету;</li> <li>қызмет мерзімі өткен жабдықтардың өнеркәсіптік қауіпсіздігіне сараптама жүргізу жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылау;</li> <li>жабдықты ауыстыру мен жаңғыртуды уақтылы жүргізу;</li> <li>ықтимал қауіпті факторларды уақтылы диагностикалау және анықтау, сондай-ақ өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздігіне сараптама жүргізу;</li> <li>операциялық персоналдың техникалық деңгейін және біліктілігін арттыру.</li> </ul> <p>Компания заманауи инженерлік-техникалық қорғаныс, күзет және физикалық қауіпсіздік құралдарын кезең-кезеңімен енгізуде. Жыл сайын сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде мүлікті залалдан (кездейсоқ жойылу, жоғалту немесе бүліну қаупінен) ерікті сақтандыру шарттары жасалады</p>			


1 — «Қорғау» картасын қолдану қауіпті жағдайды, қауіпті мінез-құлықты, қауіпті әрекетті, қауіпті оқиғаны, қауіпті факторды, сондай-ақ жақсы тәжірибе мен ұсыныстарды (бастамаларды) анықтауға және хабарлауға арналған.



2 — The International Association of Oil & Gas Producers.



Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	<p><b>Климаттық қауіптер және төмен көміртекті даму</b> Компания өз қызметінде энергияның ауысуы мен климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге тап болады, олар келесі қауіп факторларынан қамтиды.</p> <p>1. Энергияның ауысуына байланысты тәуекелдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>— көміртегі бірліктерін сатудағы квазимемлекеттік секторды шектеу;</li> <li>— іс-шараларды іске асыру бойынша үлкен күрделі шығындар;</li> <li>— көміртегі бағасының төмендігіне байланысты көптеген төмен көміртекті жобалардың төмен рентабельділігі;</li> <li>— қолданыстағы ескірген технологиялар жағдайындағы шектеулер;</li> <li>— төмен көміртекті жобаларды іске асыру кезінде заңнамалық және рұқсат беру нормативтерінің болмауы;</li> <li>— электр энергиясына тарифті көтеру;</li> <li>— сұраныс пен тұтынушылардың қалауының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелдер;</li> <li>— экономиканың төмен көміртекті даму жолына өтуіне байланысты парник газдары шығарындыларын реттеуді қатаңдатумен байланысты саяси-құқықтық және реттеуші тәуекелдер;</li> <li>— климаттың өзгеруіне әсер ету мәселелерінде компанияның мүдделі тараптарын қабылдаумен байланысты беделді тәуекелдер.</li> </ul> <p>2. Компанияға климаттың физикалық әсері (өзгеруі):</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>— ауа-райының төтенше жағдайларына байланысты қысқа мерзімді тәуекелдер (су тасқыны, көшкін, сел, құрғақшылық, өрт, дауыл);</li> <li>— Климаттық модельдердегі ұзақ мерзімді өзгерістерден туындаған жүйелі (созылмалы) қауіптер (ауаның қалыптан тыс жоғары температурасының ұзақ сақталуы, теңіз деңгейінің көтерілуі және жағалау ұңғымаларын су басу және т.б.);</li> <li>— теңіз деңгейінің төмендеуі.</li> </ul> <p><b>Әсері</b> Бұл тәуекелдер компанияның қазба отындарының ірі өндірушісі және парник газдарының эмитенті ретіндегі қызметіне шығындардың өсуі, кірістіліктің төмендеуі және одан әрі даму мүмкіндіктерін шектеу түрінде теріс әсер етуі мүмкін.</p> <p>Жекелеген контрагент елдерде жаңартылатын көздерден энергия өндіру көлемінің өсуін күтуге болады, бұл компания жеткізетін өнімді тұтынудың төмендеуіне әкелуі мүмкін.</p>	<p>Климаттың өзгеруіне және оның салдарына байланысты тәуекелді азайту шеңберінде ҚМГ компаниялар тобында келесідей шараларды жүзеге асырылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>2022-2031 жылдарға арналған ТҚДБ қабылданды және іске асырылуда.</li> <li>«Шеврон» және ЕҚДБ-мен CCUS (Carbon capture, utilization and storage), табиғи шешімдерге негізделген жобаларды іске асыру, төмен көміртекті сутекті өндіру, корпоративтік көміртегі бағасын әзірлеу, энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалды.</li> <li>Төмен көміртекті даму бағыттары бойынша тәжірибе алмасу және көміртегі ізін азайту бойынша бірлескен практикалық жобаларды қалыптастыру үшін «Шеврон» мамандарымен жұмыс топтары құрылды.</li> <li>Маңғыстау облысында ENI-мен бірлесіп гибридті станция жобасын іске асыру жалғасуда.</li> <li>Орман-климаттық офсет жобасы үшін техникалық тапсырма әзірленді.</li> <li>Көміртекті реттеу, төмен көміртекті экономиканы дамыту, сондай-ақ шығарындылары төмен энергетика мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, бизнес-қауымдастықтармен өзара іс-қимыл жасау.</li> <li>Компания мен ЕҚДБ арасында ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды (ЕҚДБ әртүрлі климаттық сценарийлерде (RCP2.6, RCP4.5 және RCP8.5) ҚМГ үшін стресс-тестілеу моделін, сондай-ақ IRO, CDP есептеріне, орнықты даму жөніндегі есепке қосу, ESG рейтингтерін арттыру үшін TCFD есептілігін қалыптастыру жөніндегі ұсынымдарды әзірлейді).</li> <li>ҚМГ тобының энергия үнемдеуі әлеуеті бойынша энергия аудитінің қорытындылары бойынша және ТҚДБ бойынша ақпарат дайындалды.</li> <li>Ішкі көміртегі бағасының тұжырымдамасын әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде;</li> <li>ҚМГ ПГ шығарындылары бойынша мониторинг және есептілік бойынша әдістеме дайындау бойынша жұмыс жүргізілуде;</li> <li>Қордың 2022-2027 жылдарға арналған энергия тиімділігі бағдарламасын әзірлеу шеңберінде энергоанализ орындалды.</li> <li>Төмен көміртекті даму бағыты бойынша тәжірибе алмасу және көміртегі ізін азайту бойынша бірлескен практикалық жобаларды қалыптастыру үшін Шеврон компаниясының мамандарымен жұмыс топтары құрылды;</li> <li>I-REC (International Renewable Energy Certificate) халықаралық жаңартылатын энергия сертификаттары арқылы 2022 жылы ҚМГ орталық аппараты тұтынған электр энергиясын 8,5 млн кВт-сағ өтеу.</li> <li>Жыл ішінде әзірленіп, қабылданды: <ul style="list-style-type: none"> <li>— ҚМГ энергетикалық саясаты, ЕТҰ-да бекітілген ҚМГ саясатына сәйкес саясаттар мен ішкі құжаттарды өзектендіру бойынша жұмыс жүргізілді;</li> <li>— энергия тиімділігін басқару және оны арттыру жөніндегі регламент және жұмыс нұсқаулығы;</li> <li>— негізгі төсілдерді айқындайтын және ҚМГ ЕТҰ парник газдарының шығарындыларын есептеу үшін бірыңғай әдіснамалық негізді қамтамасыз ететін парник газдары шығарындылары бойынша мониторинг және есептілік жөніндегі корпоративтік әдістеме;</li> <li>— Көміртекті реттеуді қатаңдатумен компанияның қаржылық тәуекелдерін бағалау және азайту, сондай-ақ көміртекті көп қажет ететін жобалардан төмен көміртекті жобаларға инвестициялардың бір бөлігін қайта бөлу үшін ішкі көміртекті баға бағдарламасы.</li> </ul> </li> <li>Меншікті энергия тұтыну бойынша мақсаттар есептелді.</li> <li>Жалпы қуаты шамамен 1 ГВт болатын жел станциясын салу туралы Меморандумға қол қойылды, оны кезең-кезеңімен пайдалануға беру және қуаты шамамен 300-600 МВт/сағ энергияны сақтау жүйесін пайдалану арқылы;</li> <li>ҚМГ компаниялар тобының объектілерінде CCUS пилоттық жобасының (көмірқышқыл газы шығарындыларын тұту, сақтау және утилизациялау технологиясы) әлеуетін анықтау үшін скринингтік зерттеу жүргізіледі, CCUS (Shell) бойынша оқыту семинарлары өткізілді.</li> <li>Nature First қорымен, China Energy-мен ЖЭК саласындағы әлеуетті ынтымақтастық бойынша NDA жасалды.</li> <li>EMГ, AMӨЗ, KLPE үшін жеке ЖЭК дамыту жөнінде бизнес-кейстерді әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде.</li> <li>2022 жылы 24-25 қарашада KPMG Caspian алаңында ЕТҰ және КО қызметкерлері үшін «Кәсіпорында парник газдарының шығарындыларын есепке алу» мұнай-газ компанияларындағы өндірістік процестерді декарбонизациялау, көміртекті офсеттерді есепке алу саласында Компанияның орта буын мамандарының практикалық дағдыларын ақпараттандыру және дамыту бойынша «Кәсіпорында ЭНЕРГОАЛМАСУ және парник газдарының шығарындыларын басқару» тақырыбы бойынша оқыту семинары өткізілді.</li> <li>2022 жылы 18-20 қазан аралығында «Шеврон» мамандары мен ҚМГ қызметкерлерінің қатысуымен «Көміртекті тұту және сақтау» (CCUS) тақырыбы бойынша семинар өткізілді.</li> <li>Жұмыс көлемін анықтай отырып алдын ала дайындалған техникалық ерекшелік бойынша TCFD жұмысын орындау үшін консультантты қаржыландыру мәселесін шешу бойынша жұмыс жүргізілді.</li> </ol>

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
<p>—</p> <p>▲</p>	<p><b>Геологиялық тәуекел</b> Жаңа барлау жобаларын іске асыру әрдайым геологиялық құрылымның белгісіздігінен туындаған геологиялық тәуекелдермен байланысты (көмірсутек кен орындарын анықтамау, алынатын мұнай/ газ қорларын растамау немесе төмен бағалау).</p> <p><b>Әсері</b> Компанияның қызметінде жаңа жобаларды іске асыру және іздеу-іздеу кезінде коммерциялық тұрғыдан өнімді мұнай және газ қорлары табылмау және (немесе) табылған қорлар бастапқыда жоспарланған деңгейден төмен болу қаупі бар.</p> <p><b>Қызметін жүргізетін аймақтардағы әлеуметтік жағдай</b> Компания үшін рұқсат етілмеген ереуілдер қаупі бар.</p> <p><b>Әсері</b> Компанияның беделіне теріс әсер ету, өндірістік қызметтің бұзылуына және операциялық шығындардың өсуіне, сондай-ақ күрделі шығындар мен жобалар кестесіне әсер ету. Шикізат тауарларына бағаның өсуі, ел ішіндегі инфляцияның неғұрлым жоғары деңгейі немесе теңгенің әлсіреуі еңбекақы мөлшерінің өзгеруіне қатысты келіссөздерге әсер етуі мүмкін.</p> <p>Есепті кезеңнің басында мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері мен ЕТҰ-ның кейбір қызметкерлері арасында рұқсат етілмеген ереуілдер толқыны өтті. Қаңтар айындағы оқиғалар аясында жағдай ұшықты (негізгі талаптар — жалақыны көтеру және штатқа қабылдау). Кәсіподақ комитеттерінің жетекшілерімен келіссөздер және еңбек ұжымдарымен кездесулер, сондай-ақ компания қызметкерлері мен мердігерлер арасындағы жалақы алшақтығын азайту шаралары жүргізілді. Жағдай тұрақталды.</p>	<p>Компания жүзеге асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ жұмыс ауданы және жақын маңдағы ұқсас кен орындары бойынша геологиялық-геофизикалық деректерді жинау және талдау;</li> <li>■ көмірсутектерді іздеу мен барлаудың геофизикалық әдістерін жоспарлау, деректерді зерттеудің, өңдеудің және түсіндірудің тиімді әдістерін қолдану;</li> <li>■ аймақтардағы алаптарды зерттеу;</li> <li>■ геологиялық тәуекелдерді азайту және толыққанды геологиялық және техникалық-экономикалық талдау үшін жаңа деректер алу үшін жер қойнауын геологиялық зерттеу шеңберінде озық сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу;</li> <li>■ бірлескен барлау және жаңа кен орындарын игеру үшін стратегиялық серіктестерді тарту, оның ішінде геологиялық тәуекелдердің қаржылық әсерін азайту үшін кэрри-қаржыландыру шарттарын қолдану;</li> <li>■ мамандардың кәсіби деңгейін арттыру (оқыту, шетелдік компаниялармен тәжірибе алмасу)</li> </ul> <p>Әлеуметтік тәуекелдерді азайту үшін компанияда келесі іс-шаралар жүзеге асырылады.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Маңғыстау облысы бойынша әлеуметтік-еңбек жанжалдарын уақтылы реттеу үшін ҚМГ 2022 жылы 23 маусымда Ақтау қаласында өкілдігін ашты. Кеңестің міндеттері: <ul style="list-style-type: none"> <li>— жергілікті атқарушы және орталық мемлекеттік органдармен, ҚМГ еншілес және мердігерлік ұйымдарының кәсіподақтарымен өзара іс-қимыл жасау;</li> <li>— халықты жұмыспен қамту жобаларын іске асыру бойынша жұмыстарды үйлестіру;</li> <li>— ҚМГ еншілес ұйымдарының қызметі мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және т.б.;</li> <li>— өндірістік міндеттер мен инфрақұрылымдық жобаларды шешу.</li> </ul> </li> <li>ҚМГ Маңғыстау облысында жұмыссыздықты төмендетуге белсенді жердемдеседі. 2022 жылы ҚМГ ЕТҰ-да, сондай-ақ олардың мердігерлік ұйымдарында 1 679 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланған, оның ішінде мердігерлік ұйымдармен бірлесіп, «Өзенмұнайгаз» АҚ-қа – 1242 адам, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-қа – 401 адам, «Қаражанбасмұнай» АҚ-қа – 36 адам. Биыл 10 қазандағы жағдай бойынша 1 239 адам нақты жұмысқа орналастырылды.</li> <li>ҚМГ жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында Маңғыстау облысының әкімдігімен бірлесіп облыстың жұмыссыз тұрғындарын жұмысқа орналастыру мәселелерін пысықтауда. Татарстан Республикасындағы «Татнефть» ЖАҚ жобаларына кейіннен жұмысқа орналасу үшін Маңғыстау облысының тұрғындары арасынан кандидаттарды іріктеу бойынша жұмыстар жүргізілуде.</li> <li>Жаңаөзен қаласы жастарының білім деңгейін арттыру үшін еліміздің үздік мамандандырылған мектеп-интернаттары мен колледждерінде оқушыларды оқытуды қаржыландыру бағдарламасы іске қосылды.</li> <li>ҚМГ Жаңаөзен қаласының проблемалық мәселелерін шешу бойынша ведомствоаралық штабтың жұмысына қатысады. ҚМГ қабылдаған барлық шешімдер штабпен келісіледі.</li> <li>ЕТҰ жұмысшыларының еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту бойынша бес жылға арналған жол карталарын әзірледі, 85-тен астам әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылым объектілерін (асханалар, әкімшілік-өндірістік корпусстар, тұрғын қалашықтар және т.б.) салу, әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне 41 ағымдағы және 11 күрделі жөндеу жүргізу жоспарлануда.</li> <li>Еңбек ұжымдарын шоғырландыру, командалық рухты және салауатты психологиялық атмосфераны қалыптастыру мақсатында 2022 жылы 8-12 тамыз аралығында Атырау қаласында ҚМГ барлық ЕТҰ қатысуымен ҚМГ спартакиадасы өткізілді. 2022 жылы 3-7 қазан аралығында «Қазгермұнай» БК ЖШС базасында «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауы өткізілді.</li> <li>Жұмыстың маңызды бағыттарының бірі — әлеуметтік тұрақтылық индексын өлшеу нәтижелеріне негізделген әлеуметтік тұрақтылықты қолдау жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және орындау. Жоспарлардың іс-шаралары еңбек ұжымының қанағаттану деңгейін арттыру, басшылықтың іс-қимылдарына сенім арту, кері байланыс жүйесін жолға қою, еңбек жағдайларын жақсарту, тұруды, тамақтануды ұйымдастыру және т.б. жөніндегі шараларды қамтиды. Қызметкерлердің жалақы деңгейіне қанағаттануының біршама төмендегені байқалды, бұл азық-түлік пен тауар бағасының күрт өсуімен тікелей байланысты. Зерттеу нәтижелері жоспарларға қажетті өзгерістер енгізілген барлық ЕТҰ-ға жеткізілді.</li> </ol>


Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
—	<p><b>Өтімділік және қаржылық тұрақтылыққа қатысты тәуекелдер</b></p> <p>Компания үшін негізгі тәуекелдер өтімділікке, қаржылық тұрақтылыққа және несиелік ұпайлардың төмендеуіне байланысты тәуекелдер.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>Ағымдағы қарыздар мен еурооблигацияларды дереу өтеу қажеттілігі. Компанияның ағымдағы және инвестициялық қызметін қаржыландыру үшін жеткілікті көлемде қаражат тарта алмау.</p> <p>2022 жылы Компания өтімділіктің тиісті деңгейін сақтап қаржылық тұрақтылықтың жеткілікті деңгейін көрсетті</p>	<p>Осы тәуекелдерді еңсеру үшін борыштық жүктемені басқару және өтімділік тапшылығын болдырмау жөніндегі іс-шаралармен қатар, Компания операциялық қызметтің тиімділігін арттыруға, күрделі шығындарға нақты басымдық беруге, қаржылық тәртіпті ұстануға, компанияның активтері мен жобалары портфельдерін ұтымды етуге, жобаларды портфельдік басқаруға көшуге назар аударды.</p> <p>Компания тәуекелдің алдын алу бойынша мынадай шараларды іске асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ борыш деңгейін бақылау, қаржылық тұрақтылықты сақтау үшін оның өсуіне жол бермеу, борышты өтеуге бос ақша қаражатын жіберу;</li> <li>■ қарыз капиталы мен ішкі қаржыландыру көздері арасындағы оңтайлы теңгерімге қол жеткізу;</li> <li>■ шығыстарды қысқарту және бюджеттерді бақылау жөніндегі іс-шараларды іске асыру;</li> <li>■ ЕТҰ-ның ағымдағы қарыздарын және қаржылық көмегін қайтаруды қамтамасыз ету;</li> <li>■ капиталдың борыштық нарықтарына қолжетімділікті сақтау және қарыз алу құнының қымбаттауы үшін компанияның кредит қабілетінің нашарлауына жол бермеу;</li> <li>■ мерзімінен бұрын өтеу арқылы қарызды азайту</li> </ul>
—	<p><b>Комплаенс тәуекелдері</b></p> <p>Жеке пайда мен мүлтік мүдделерді, оның ішінде үшінші тұлғалар үшін алуға бағытталған сыбайлас жемқорлық сипатындағы қасақана әрекеттер. Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің кез келген фактілері қаржылық залалдың мөлшеріне қарамастан, компания қызметінде мүлдем жол берілмейді.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>2022 жылы бұл тәуекел бойынша фактілер болған жоқ</p>	<p>Компания ішкі бақылау жүйелерін енгізу және күшейту, үшінші тұлғалар да, компания қызметкерлері де тарапынан заңсыз және арға қайшы келетін әрекеттердің алдын алудың бірыңғай саясатын белгілеу, қызметкерлер тарапынан құқыққа және арға қайшы әрекеттер жасау фактілері бойынша ішкі тергеулер жүргізу тәртібін белгілеу жөнінде дәйекті жұмыс жүргізеді. Компанияда жетекші әлемдік тәжірибелерді, сондай-ақ міндеттемелерді ескере отырып, келесі саясаттар мен стандарттарды қолданады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ ішкі және комплаенс-бақылау жүйелерін жетілдіру және күшейту бойынша есепті кезеңде: <ul style="list-style-type: none"> <li>— Басқарма Төрағасы мен оның орынбасарларының бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілігі бөлігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатқа толықтырулар енгізілді;</li> <li>— Уәкілетті құқық қорғау органдарына қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар келіп түскен өтініштер бойынша тексеру материалдарын жіберу бөлігінде ҚМГ-ні құпия ақпараттандыру саясатына;</li> <li>— ҚМГ-де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу қағидаларына ішкі кіріске сәйкес бір көзден алу тәсілімен сатып алу үшін негіздемелерді қолданудың негізділігі бөлігінде «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу және шарт жобасы бойынша 59-баптың 1-тармағының 6, 11, 14-тармақшаларына ҚМГ бекітілген үлгісіне сәйкес келетін жағдайларды қоспағанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы талаптарды шарт жобасында белгілеу/сәйкестік бөлігінде ҚМГ контрагенттерін тексеру жөніндегі саясатқа сәйкес әлеуетті өнім берушінің сенімділігін тексеру нәтижелері бойынша қорытынды беру тәртібі;</li> </ul> </li> <li>■ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу;</li> <li>■ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу;</li> <li>■ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, қызметкерлер арасында ықтимал бұзушылықтар мен шаралар туралы профилактикалық іс-шаралар мен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;</li> <li>■ шешім қабылдау рәсімдерінің есептілігі мен ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;</li> <li>■ комплаенс-тексерулер жүргізу (есепті кезеңде бір көзден ұзақ мерзімді келісімшарттар мен сатып алуларға, сондай-ақ экономикалық маңызды объектілерді сыбайлас жемқорлық құрамдас бөлігі тұрғысынан жекешелендіруге ревизиялар жүргізілді);</li> <li>■ іскерлік этика нормаларын қабылдау және сақтау;</li> <li>■ сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру;</li> <li>■ сыбайлас жемқорлық факторларын анықтауға арналған ішкі құжаттардың жобаларын сараптау;</li> <li>■ мүдделер қақтығысын болдырмау (есепті кезеңде 40 ЕТҰ декларациялау процесінің периметрінде);</li> <li>■ контрагенттердің сенімділігі бойынша тексерулер жүргізу;</li> <li>■ инсайдерлер тізімін жасау және инсайдерлерге шектеулер, міндеттемелер және жауапкершілік туралы хабарламалар жіберу;</li> <li>■ аудит жөніндегі комитетке және Директорлар кеңесіне есеп бере отырып, жедел желіге келіп түскен өтініштерді өңдеу (жыл ішінде 100-ге жуық өтініш қаралды, оның ішінде бес ЕТҰ-ға көшпелі тексерулер жүргізілді)</li> </ul>

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
✓	<p><b>Мұнай бағасының аса құбылмалы болуы</b></p> <p>Компания үшін энергия бағасының құбылмалы болу қаупі бар.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>Мұнай бағасының құбылмалылығы Компания қызметінің, кірістің және ақша ағымының айтарлықтай өзгеруіне әкелуі мүмкін. 2022 жылы мұнай бағасының құбылуы компанияның кірісі мен ақша ағымына теріс әсер еткен жоқ</p> <p></p> <p><b>Толығырақ ақпарат «Макроэкономика және жаһандық трендтер» бөлімінде берілген</b></p>	<p>Мұнай бағасының аса құбылмалылығы, әлемдік нарықтардағы қолайсыз жағдайға байланысты сұраныстың төмендеуі жағдайында компания қаржылық тұрақтылықты тұрақтандыру бойынша шаралар қабылдайды (бірақ онымен шектелмейді):</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ дағдарысқа қарсы шараларды уақтылы енгізу және іске асыру;</li> <li>■ компанияның даму жоспарын түзету, шығындарды азайту;</li> <li>■ күрделі шығындар мен инвестициялық жобаларға басымдық беру және оңтайландыру;</li> <li>■ қосымша теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдерді нивелирлеу бойынша арнайы нақты шараларды әзірлеу (мысалы, кредиторлардан waiver алу, көлемдерді неғұрлым қолайлы нарықтарға қайта бағдарлау).</li> </ul> <p>Компания тұрақты негізде баға динамикасына, мұнай мен мұнай өнімдеріне сұранысқа мониторинг жүргізуді және талдауды жүзеге асырады, сондай-ақ мұнай бағасының айтарлықтай төмендеуінен қорғау үшін қаржы құралдарын сатып алу мүмкіндігін жоққа шығармайды (мысалы, талдау және хеджирлеу пайдасын жүргізу).</p> <p>Компания ОПЕК+ келісімі, ішкі нарықты тұрақтандыру және мұнай өнімдерінің экспортын ынталандыру жөніндегі шараларды іске асыру мәселелері бойынша уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасайды, сондай-ақ өз міндеттемелерін орындау үшін ішкі резервтерге ие болады</p>
▲	<p><b>Ел бойынша тәуекел және санкциялар қаупі</b></p> <p>Компания шет мемлекеттерде операцияларды жүзеге асырады. Қабылдаушы елдегі кез келген экономикалық және саяси елеулі теріс өзгерістер Компанияның қызметіне әсер етуі мүмкін. Кейбір елдерге, соның ішінде секторлық санкцияларға қатысты санкциялар Компанияның қызметіне және перспективалы бірлескен жобаларға әсер етуі мүмкін.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>Санкциялық заңнаманы қатаңдату компанияның операциялық, қаржылық және инвестициялық қызметіне, оның ішінде компанияға қайталама санкциялар салуға теріс әсер етуі мүмкін</p>	<p>Тәуекелдерді басқару бойынша компанияның алдын алу әсері бар келесі іс-шаралар қолға алынды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ Санкциялардың компания мен ЕТҰ қызметіне әсерін талдау бойынша жұмыс тобы құрылды. Компанияның операциялық қаржылық және инвестициялық қызметіне ықтимал теріс салдарларды азайту мақсатында санкциялық тәуекелдерге апта сайын мониторинг жүргізіледі.</li> <li>■ Өзара іс-қимылдың бірыңғай тетігін және санкциялық тәуекелдерді төмендету жөніндегі ден қою шараларын көздейтін санкциялық саясат бекітілді.</li> <li>■ Санкциялардың компанияға әсері туралы ақпарат мерзімді негізде Директорлар кеңесіне, Қорға, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне және компанияның мүдделі бөлімшелеріне беріледі.</li> </ul> <p>Компания реципиент-елдің (экономикалық, саяси, стратегиялық әлеуметтік және өзге де тараптардан) талдауы негізінде елдер бойынша лимиттерді белгілеу арқылы елдер бойынша тәуекелдер деңгейін шектейді</p>
▲	<p><b>Кибер-тәуекелдер</b></p> <p>Ақпараттық-коммуникациялық жүйеге оның тұтастығын, қолжетімділігін және құпиялылығын бұзу мақсатында қасақана әсер ету.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>2022 жылдың 1 тоқсанында компанияның шетелдік активтерінің серверлік инфрақұрылымына шабуыл сигналдары тіркелді. Техникалық жедел топ киберқауіпсіздік органдарын тарта отырып, шабуылға жол бермеу бойынша шаралар қабылдады. Компания кибершабуылдар тәуекелдерінен қорғау объектілері ретінде өзіне тиесілі ақпаратты және оны өңдеу құралдарын ғана емес, сондай-ақ оған мемлекеттік органдар, акционерлер, іскер әріптестер және дербес деректер субъектілері берген ақпаратты да қарайды.</p>	<p>Компания келесі шараларды жүзеге асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ жүйенің сыртқы шабуылдарға осалдығын тестілеуді, Ақпараттық технологиялар инфрақұрылымының қауіпсіздігін талдауды, желілік компоненттердің аудитін және операциялық жүйелердің қауіпсіздігін уақтылы бақылауды тұрақты негізде жүргізу, бұзушыларды анықтау және бұғаттау;</li> <li>■ компанияның деректерді берудің бірыңғай желісіне қосылу бойынша ЕТҰ қамтуды кеңейту бойынша жұмыстар жалғасуда;</li> <li>■ дағдарыстың әсерін және салдарын азайтуға бағытталған кибершабуылдарға шұғыл ден қою жоспарларын дайындау;</li> <li>■ қолданыстағы халықаралық стандарттарға сәйкес компанияның ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесін қолдау;</li> <li>■ компанияның ақпараттық қауіпсіздік бөлімшелерінде ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесіне жауаптыларды оқыту;</li> <li>■ кибергигиена принциптерін сақтау;</li> <li>■ ақпараттық жүйелердің қолжетімділігін және қажетті ақпараттық-есептеу ресурстарының жеткіліктілігін күнделікті мониторингтеу;</li> <li>■ ақпараттық қауіпсіздік инциденттеріне тергеу жүргізу;</li> <li>■ есептеу қуатын қамтамасыз ететін қызмет көрсетушімен штаттан тыс жағдайлар туындаған жағдайда өзара іс-қимыл регламенттері әзірленді</li> </ul>

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	<p><b>Беделге қатысты тәуекел</b> Компания үшін іскерлік беделге және инвесторлармен, контрагенттермен, серіктестермен және басқа да мүдделі тараптармен қарым-қатынасқа әсер ететін беделіне қатысты тәуекелдер бар.</p> <p><b>Әсері</b> Компания 2022 жылы беделге теріс әсер ету қаупін жүзеге асырудың себептері бола алатын әртүрлі факторларға тап болды. Мысал ретінде әлеуметтік желілерде компания атынан инвестициялау үшін азаматтардың қаражатын тартатын алаяқтардың жарнамасының тарауын келтіруге болады. Таратылған жарнама шындыққа сай емес және алаяқтық сипатта болды. Тәуекелді митигациялау мақсатында ҚМГ және ЕТҰ баспасөз қызметтері негізгі республикалық және өңірлік БАҚ-та уақтылы пресс-релиздер, ақпараттық хабарламалар мен жарияланымдар дайындады, сондай-ақ әлеуметтік желілерде (Facebook, Instagram, YouTube) алаяқтардың әрекеттері туралы мақсатты жарнама іске қосылды, алаяқтар туралы посттар үнемі жарияланып отырды. Сондай ақ алаяқтардың әрекеттері туралы шағымдар Google және YouTube жүйелеріне жіберілді.</p>	<p>Компания осы тәуекелді басқару бойынша шаралар кешенін, оның ішінде БАҚ-та жарияланымдарды, брифингтерді, баспасөз конференцияларын, компания қызметінің әртүрлі аспектілерін жариялау және мүдделі тараптардың хабардарлығын арттыру мақсатында басшылықтың сөз сөйлеуін ұйымдастырады. Күн сайын компанияның қызметі туралы жарияланымдарға мониторинг жүргізіледі және БАҚ пен әлеуметтік желілерде таралған жалған ақпаратқа (қауесеттерге) жедел назар аударылады. 2022 жылы компанияның IPO-сын ілгерілету үшін ауқымды PR-науқан басталды, соның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ ҚМГ ресми сайтындағы IPO беті;</li> <li>■ БАҚ-та инвестициялауды қалай бастау, акцияларды сатып алу, алаяқтардың құрбаны болмау және т.б. туралы ақпараттық-түсіндіру жарияланымдары;</li> <li>■ әлеуметтік желілердегі мақсатты жарнама;</li> <li>■ Google және «Яндекс» іздеу қызметтеріндегі контекстік жарнама;</li> <li>■ сенім телефоны;</li> <li>■ журналистерге арналған білім беру тренингтері ұйымдастырылды.</li> </ul>
	<p><b>Валютаға қатысты тәуекел</b> Валютаға қатысты тәуекел – бұл валюта бағамдарының өзгеруіне байланысты компанияның қаржылық көрсеткіштерінің ықтимал жағымсыз өзгерісі.</p> <p><b>Әсері</b> Қазақстан теңгесі қатысты шетел валюталарын нығайту жергілікті валютада көрсетілген операциялық шығындардың жоғарылауына, маржаның төмендеуіне және компанияның қаржылық нәтижелері мен көрсеткіштеріне теріс әсер етуі мүмкін. 2022 жылдың қорытындысы бойынша шетелдік валюталарға қатысты қазақстан теңгесі бағамының ауытқуы компанияның қаржылық нәтижелері мен көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер еткен жоқ.</p>	<p>Кірістер мен міндеттемелердің валюталық құрылымын ескере отырып, Компания өз қызметінде де валюталық тәуекелге ұшырайды. Осы тәуекелді басқару стратегиясы табиғи (экономикалық) хеджирлеуді қолдану мүмкіндігін ескеретін кешенді тәсілді қолдануды көздейді. Шетел валютасында номиналданған активтер мен міндеттемелердің арақатынасы қамтамасыз етіледі, түсім валюталық тәуекелдің әсерін ескере отырып есептеледі.</p>

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	<p><b>Салыққа қатысты тәуекел</b> Салық заңнамасын өзгерту және оны екіұшты түсіндіру тәуекелдері, сондай-ақ салық ауыртпалығын ұлғайту және салық жеңілдіктерін қолдану құқығын жоғалту тәуекелдері сақталады.</p> <p><b>Әсері</b> Қазақстанның салық заңнамасы жиі өзгерістерге ұшырайды және әртүрлі түсіндірмеге мүмкіндік береді. Әдетте, салық органдары заңнаманы түсіндіру және салықтық тексерулер жүргізу кезінде консервативті көзқарасты ұстанады. Нәтижесінде компания менеджментінің компанияның операциялары мен қызметіне қолданылатын салық заңнамасының нормаларын түсіндіруіне тиісті салық органдары дау айтуы мүмкін. Компания бірнеше юрисдикцияларда қызмет етеді, сондықтан ол белгісіздік пен субъективтілікпен байланысты болуы мүмкін трансферттік баға белгілеудің күрделі ережелерін сақтауы керек. 2022 жылы салықтар бойынша шығындардың ұлғаюына, оның ішінде Brent-пен салыстырғанда Urals сортындағы мұнайға жеңілдік (Spread) нәтижесінде салық жүктемесінің өсуіне әкеп соқтырған осы тәуекелді іске асыру фактілері тіркелді.</p>	<p>Компания салық заңнамасының өзгерістеріне тұрақты мониторинг жүргізеді, олардың компания қызметіне ықтимал әсер ету дәрежесін бағалайды және болжайды, құқық қолдану практикасының үрдістерін бақылайды, өз қызметіндегі заңнаманың өзгерістерін ескереді. Компания мамандары салық заңнамасы саласында заң жобаларын әзірлеу бойынша түрлі жұмыс топтарына қатысады. Салыққа қатысты тәуекелдерді азайту мақсатында Компания салықтық әкімшілендіру процестерін жақсартады, салық бойынша аудиттер жүргізеді.</p>
	<p><b>Екінші деңгейдегі банктердің пайыздық мөлшерлемелері мен өтімділігінің өзгеруіне қатысты тәуекел</b> Әлемдік пайыздық мөлшерлемелердің өсуі және банк секторының қаржылық тұрақтылығының әлсіреуі қарыз алу құнына және уақытша бос ақшаны орналастыруға теріс әсер етуі мүмкін.</p> <p><b>Әсері</b> Компанияның контрагенттерінің дефолтқа ұшыраған оқиғалары олардың шоттарындағы қаражаттың толық немесе ішінара қайтарылмауына әкелуі мүмкін, бұл Компанияның қаржылық нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін және компанияның міндеттемелерін орындау үшін қосымша қаржы жинауын қажет етуі мүмкін. 2022 жылы Екінші деңгейдегі банктердің өз қаржылық міндеттемелерін орындамауы, уақтылы немесе толық орындамауы тіркелмеді.</p>	<p>Аталған тәуекелдерді азайту үшін Компания қазынашылық портфелінің берілген параметрлерінде қаржы құралдарына орналастыруды әртараптан-дыруды және ҚМГ компаниялар тобы бойынша ақша қаражатын орналастырудың тұрақты мониторингін жүзеге асырады. ҚМГ табысының негізгі бөлігі АҚШ долларымен өндіріледі, ал қарыз алудың негізгі көзі халықаралық кредиттеу нарығында. Осы себептерге байланысты ҚМГ борыштық портфелінің басым бөлігі АҚШ долларымен номинацияланды. Осы несиелердің бір бөлігіне қызмет көрсету бойынша пайыздық мөлшерлеме банкаралық несие ставкаларына негізделген, ставкалардың өсуі компанияның қарызына қызмет көрсетудің қымбаттауына әкелуі мүмкін.</p>

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
—	<p><b>Инвестицияға (жобалар) қатысты тәуекелдер</b></p> <p>Компания көмірсутектерді барлау, өндіру, тасымалдау және өңдеу саласындағы бірқатар жобаларды жүзеге асырады, олар сыртқы және ішкі факторларға байланысты елеулі тәуекелдерге ұшырауы мүмкін. Мұндай тәуекелдерді іске асыру жобаларды іске асырудың табыстылығына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>Инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде Компания шығындардың өсу, өндірістік объектілерді уақтылы пайдалануға бермеу және жобалық параметрлерге қол жеткізбеу тәуекелдеріне тап болады.</p>	<p>Компания қажет болған жағдайда жобаларды іске асыру жөніндегі жоспарларға уақтылы өзгерістер енгізе отырып, жүзеге асыратын өңірлерде жобалардың іске асырылу мәртебесіне тұрақты мониторинг жүргізеді. Жобалардың мерзімдеріне, бюджетіне және сапасына әсер етуі мүмкін тәуекелдер туындаған жағдайда іс-шаралар мүдделі Тараптармен келіссөздер жүргізуді, операциялық шығындарды қысқартуды, инвестициялық бағдарламаны оңтайландыруды, инвестициялық портфельден рентабельді емес жобаларды алып тастауды қамтуы мүмкін.</p> <p>Халықаралық компаниялардың (Stage Gate Process) стандарттарына ұқсас жобалық басқару және инвестициялық шешімдер қабылдау жүйесі енгізілді.</p>
—	<p><b>Қолданыстағы заңнаманы өзгерту қаупі, сондай-ақ сот ісін жүргізу және төрелік іс жүргізу тәуекелдері</b></p> <p>Компания қызметінің нәтижелеріне жер қойнауын пайдалану саласындағы нормалауды, салықтық, валюталық кедендік реттеуді және т.б. қосалғанда, қолданыстағы заңнамадағы өзгерістер, сондай-ақ Компания тартылған сот және төрелік даулар бойынша соттардың теріс шешімдер қабылдау тәуекелі әсер етуі мүмкін.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>2022 жылы 1 млн АҚШ долларынан астам сомаға 6 сот процесі бастады, төрелік талқылаулар болған жоқ. Процедуралар аяқталғанға дейін бұл оқиғалардың компания қызметіне әсерін толық бағалау мүмкін емес</p>	<p>Компания заңнамадағы өзгерістерге тұрақты мониторинг жүргізеді, олардың ҚМГ ұйымдарының қызметіне әсер ету дәрежесін бағалап, болжайды. Компания заңнаманың әртүрлі салаларында заң жобаларын әзірлеу және талқылау бойынша жұмыс топтарына қатысады. Компания сот және құқық қолдану практикасының мониторингін тұрақты негізде жүзеге асырады, қызметті жүзеге асыру процесінде туындайтын құқықтық мәселелер мен дауларды шешу кезінде үздік тәжірибені белсенді қолданады.</p>

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
—	<p><b>Пандемия (COVID-19) қаупі</b></p> <p>Қазақстан Республикасында КВЭ-мен сырқаттанушылары бойынша эпидемиологиялық жағдай салыстырмалы түрде қолайлы, сырқаттардың төмендеуі байқалады. Алайда, тұмаудың және жедел респираторлық вирустық инфекциялардың жаңа эпидемиологиялық маусымының басталуына байланысты біріктірілген вирустық аурулардың жеткілікті ауыр түрлеріне КВИ қабаттасуы жоққа шығарылмайды.</p> <p>Сондай-ақ, вакцинация қарқыны төмендеді, осыған байланысты ұжымдық иммунитет әлсірейді және төмендейді, тиісінше, вирусты жұқтыру қаупі қалады.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>2022 жылдың ақпан айында ҚМГ компаниялар тобында пневмониядан бір өлім тіркелді.</p> <p></p> <p><b>Толығырақ ақпарат «Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау» бөлімінде берілген.</b></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>ҚМГ компаниялар тобында эпидемиологиялық ахуалға тұрақты мониторинг жалғасып келеді, ЕТҰ апта сайын ҚМГ ҚБО-ға КВИ ахуалы туралы есептерді ұсынады.</li> <li>Ағымдағы эпидемиологиялық жағдайға және нақты өңірдегі эпидемиологиялық тәуекел аймағына байланысты КО және ЕТҰ-да бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлердің қолданыстағы қаулыларының талаптары мен ұсынымдары орындалады.</li> <li>Вирус нұсқасына қарамастан, КВИ-мен күресу шаралары өзгеріссіз қалады: <ul style="list-style-type: none"> <li>КВИ таратпау бойынша барлық алдын алу шараларын сақтау;</li> <li>ревакцинация жөніндегі жоспарға сәйкес халықты, оның ішінде ҚМГ тобының қызметкерлерін ревакцинациялау;</li> <li>науқастар мен байланыста болғандарды оқшаулау;</li> <li>ҚМГ қызметін жүргізетін өңірлерде қабылданған және енгізілуі мүмкін шектеулерге сәйкес карантин шараларын сақтау.</li> </ul> </li> </ol> <p>2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша: ҚМГ компаниялар тобының 53,8 мыңнан астам қызметкері (82%) вакцинацияның бірінші компонентін алды. Оның ішінде 52,9 мыңнан астам қызметкер (81%) вакцинацияның толық курсы (екі компоненті) алды. ҚМГ тобы бойынша 18,9 мың қызметкер немесе (29%) қайта вакцина алды.</p>
—	<p><b>Терроризм қаупі</b></p> <p>Компания қызметкерлеріне, мердігерлеріне және активтеріне қарсы бағытталған террористік және өзге де зорлық-зомбылық акциялары.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>Компания компания активтеріне қатысты террористік актілер мен басқа да қылмыстық әрекет жасау ықтималдығы бар бірқатар елде қызмет атқарады.</p> <p>2022 жылы ҚМГ компаниялар тобында бұл тәуекел бойынша факті анықталған жоқ</p>	<p>Компанияда алдын алу шараларының кешені іске асырылады, оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>техникалық қауіпсіздік құралдарының, құлақтандыру жүйелерінің жай-күйін, эвакуация схемаларының өзектілігін, шығу жолдары мен эвакуация жолдарының қазіргі жай-күйін тексеру;</li> <li>төтенше жағдай туындаған кезде объектілерді терроризмге қарсы қорғау және жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша күзет және сервистік қызмет қызметкерлерін оқыту;</li> <li>ЕТҰ объектілерінің физикалық қауіпсіздігі және терроризмге қарсы қорғалуы тұрғысынан тексерулер;</li> <li>объектілердің физикалық қауіпсіздігін және терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша құқық қорғау және арнайы органдармен өзара іс-қимыл жасау;</li> <li>компания объектілеріне жұмысқа жіберілген мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне қатысты тексеру іс-шараларын жүзеге асыру;</li> <li>объектілерде штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде күзет персоналының, сервистік және техникалық бөлімшелердің іс-әрекеттері бойынша оқу-жаттығу сабақтарын өткізу;</li> <li>бейнебақылау жүйелеріне, интеграцияланған қауіпсіздік жүйесіне, кіруді бақылау және басқару жүйесіне және шлагбаумдарға қызмет көрсетудің регламенттік жұмыстарына қызмет көрсету бойынша бақылауды қамтамасыз ету;</li> <li>әр түрлі ТЖ туындау жағдайындағы іс-әрекеттер бойынша күзет қызметкерлерінің білімін тексеру;</li> <li>өткізу және объектішілік режимді ұйымдастыру бойынша әзірленген регламенттерді өзекті күйде ұстау;</li> <li>терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес террористік тұрғыдан осал объектілерге паспорттау жүргізу</li> </ul>



# МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

## Мүдделі тараптардың негізгі топтары



### Акционерлер

#### Берілетін ақпарат түрі

Бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Компания қызметі, корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат

#### Коммуникация әдістері

- Ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету
- ҚМГ Директорлар кеңесінде акционерлердің мүдделерін білдіру
- Корпоративтік сайтта жариялау
- Қазақстандық қор биржасының сайтында жариялау
- Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашу



### Инвестициялық қоғамдастық

#### Берілетін ақпарат түрі

Инвесторлардың және жалпы инвестициялық қоғамдастықтың мүдделерін қозғайтын Компанияның қызметі, корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат



Толық ақпарат «Инвесторлармен өзара іс-қимыл» бөлімінде берілген

#### Коммуникация әдістері

- Ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету
- Корпоративтік сайтта, оның ішінде «Инвесторлар» бөлімінде жариялау ([www.kmg.kz](http://www.kmg.kz))
- Қазақстандық қор биржасының сайтында жариялау
- Инвесторлар үшін және басқа да көпшілік іс-шаралар шеңберінде көшпелі тұсаукесерлер (роуд-шоу) ұйымдастыру
- Кездесулер, конференц-қоңыраулар өткізу
- Электронды пошта арқылы келіп түскен сауалдармен жұмыс істеуді қамтамасыз ету ([ig@kmg.kz](mailto:ig@kmg.kz)), телефон консультациялары
- Баспасөз хабарламаларын орналастыру
- Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында жариялау



### Қауымдастықтар, жергілікті қауымдастықтар, қоғамдық ұйымдар

#### Берілетін ақпарат түрі

Қаржы институттарының мүдделерін, компанияның қаржылық тұрақтылығы мәселелерін қозғайтын қаржылық сипаттағы ақпарат

#### Коммуникация әдістері

- Ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету
- Корпоративтік сайтта жариялау
- БАҚ-та жариялау



### Бұқаралық ақпарат құралдары

#### Берілетін ақпарат түрі

Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚМГ-нің ішкі құжаттарына сәйкес құпия болып табылатын ақпараттан басқа кез келген ақпарат

#### Коммуникация әдістері

- Баспасөз хабарламаларын, ақпараттық хабарламаларды, мақалаларды Компанияның сайтында және БАҚ-та жариялау
- Баспасөз хабарламаларын тарату
- БАҚ сауалдарына жауап беру
- Баспасөз-конференцияларды, брифингтерді, баспасөз-турларды, форумдарды, ақпараттық сессиялар мен басқа да медиа іс-шараларды өткізу
- Келіп түскен сауалдармен жұмыс істеу



### Үкімет, жергілікті мемлекеттік органдар

#### Берілетін ақпарат түрі

Компания қызметі туралы ақпарат

#### Коммуникация әдістері

- Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету
- Тапсырмаларды орындау



### ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдары

#### Берілетін ақпарат түрі

Компания қызметі туралы ақпарат

#### Коммуникация әдістері

- Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету
- Тапсырмалар беру
- Ақпараттық хаттар



### Клиенттер, жеткізушілер, серіктестер, басқа ұйымдар

#### Берілетін ақпарат түрі

Тапсырыстарды, шарттар мен келісімдерді орындау үшін қажетті ақпарат

#### Коммуникация әдістері

- Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету
- Баспасөз хабарламаларын тарату



### Кәсіподақтар, ҚМГ қызметкерлері

#### Берілетін ақпарат түрі

Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес құпия және инсайдерлік болып табылатыннан басқа кез келген ақпарат

#### Коммуникация әдістері

- Кездесулер, конференц-қоңыраулар өткізу
- Баспасөз хабарламаларын тарату
- Сауалнамалар, жалпы жиналыстар өткізу
- Еңбек өнімділігін басқару жүйелері
- Корпоративтік сайтта жариялау
- Компанияның ақпараттық ресурсы арқылы оқиғаларды жариялау
- Консультативтік және сараптама-лық комитеттер, жұмыс топтары



## АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Акция иесінің атауы	Жай акциялар, дана	Жай акциялар, үлесі %-пен	Артықшылықты акциялар, дана	Акциялардың барлығы, дана	Акциялардың барлығы, үлесі %-бен
«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	533 395 161	87,42	–	533 395 161	87,42
«Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ	58 420 748	9,58	–	58 420 748	9,58
Миноритар акционерлер	18 303 584	3,00	–	18 303 584	3,00

### Бағалы қағаздар шығарылымы<sup>1</sup>, дана

Акция түрі	Жарияланған акция саны	Орналасырылған акция саны	Сатылатын акциялар саны	Орналасырылмаған акциялар саны
Жай	849 559 596	610 119 493	18 303 584	239 440 103

Есепті кезеңде акционерлердің құрылымында өзгерістер болған жоқ.

Заңнамаға және Компания Жарғысына сәйкес функцияларын Қор басқармасы орындайтын акционерлердің жылдық жалпы жиналысында келесі құжаттар бекітіледі деп күтілуде:

- ҚМГ-нің 2022 жылғы жылдық қаржылық есебі (шоғырландырылған және жеке);
- ҚМГ-нің 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі;
- ҚМГ-нің бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері

<sup>1</sup> — 2022 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша.

## ҚМГ IPO-СЫ

ҚМГ IPO-сы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарын іске асыру шеңберінде өткізілді.

IPO өткізілгенге дейін меншік құрылымы келесідей болды:

- «Самұрық-Қазына» АҚ қоры – 90,42%.
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі – 9,58%.

IPO өткізілгеннен кейін еркін айналымдағы акциялардың үлесі (free float) 3%-ды құрады. Қорға ҚМГ акцияларының жалпы санының 87,42%-ы тиесілі (қатысудың бақылау үлесі). Ұлттық банктің үлесі өзгерген жоқ (9,58%).

ҚМГ ағымдағы IPO нәтижесінде акцияларды сатудан ақшалай қаражат алған жоқ. Бұл ҚМГ акцияларының Қорға тиесілі көлемінің сатылуына байланысты.

### IPO-ның негізгі параметрлері

Бір акцияның орналастыру бағасы – 8 406 теңге, бұл ҚМГ-ні шамамен 5,1 трлн теңге немесе 11 млрд АҚШ доллар көлемінде капиталдандыруды болжайды.

Акциялар қазақстандық қор биржаларында ұсынылды: Astana International Exchange (AIX) және Қазақстандық қор биржасы (KASE).

Инвесторлардың өтінімдерін қабылдау 2022 жылы 9 қарашада сағат 12:00-де (Астана қ. уақыты бойынша) басталып, 2022 жылы 2 желтоқсанда сағат 15:00-де (Астана қ. уақыты бойынша) аяқталды.

Мәміленің бірлескен букранерлері Freedom Broker, Halyk Finance, SkyBridge Invest және BCC Invest болды.

IPO нәтижелері бойынша қорытынды параметрлер келесідей болды:

- сұраныс көлемі – 181,5 млрд теңге;
- орналастыру көлемі – 153,9 млрд теңге;
- қанағаттандырылған өтінімдер саны – 129 948 өтінім;
- сатылатын ҚМГ акцияларының саны – 18 303 584 дана;
- Free Float – 3,0%;
- жеке тұлғалардың үлесі – 52,1%;
- өтінім бергендер арасында жеке тұлғалардың үлесі – 99,9%;

### Қабылданған өтінімдердің көлемі

Инвесторлардың өтінімдерін қабылдау қорытындысы бойынша жиналған өтінімдер көлемі 181,5 млрд теңгені (129 949 өтінім) немесе ҚМГ жай акцияларының жалпы санының 3,5%-ын құрады, оның ішінде инвесторлар түріне қарай:

- Қазақстан Республикасының жеке тұлғалары – шамамен 74 млрд теңге немесе 41% (128,7 мың өтінім);
- Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары – шамамен 76 млрд теңге немесе 42% (90 өтінім);
- резидент емес жеке тұлғалар – шамамен 5 млрд теңге немесе 3% (1 110 өтінім);
- резидент емес заңды тұлғалар – шамамен 24 млрд теңге немесе 13% (8 өтінім).

### Қанағаттандырылған өтінімдер көлемі

Өтінімдерді бөлу барысында Қазақстан Республикасының азаматтарынан келіп түскен өтінімдерге басымдық берілді, олар толық көлемде қанағаттандырылды. Одан кейін өтініш берген басқа адамдардың өтінімдерін қанағаттандыру туралы шешім қабылданды.

Жекелеген ірі инвесторларда акциялардың елеулі пакеттерінің шоғырлануына жол бермеу мақсатында келіп түскен бірқатар өтінімдерді қанағаттандыру толық көлемде жүргізілмеді.

Бөлу қорытындысы бойынша жалпы сомасы 153,9 млрд теңгеден асатын өтінімдер қанағаттандырылды, бұл – ҚМГ жай акцияларының жалпы санының 3%-ы. Инвесторлар типі бойынша келесідей бөлінді:

- Қазақстан Республикасының жеке тұлғалары – 74,6 млрд теңге (48,5%);
- Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары – 72,7 млрд теңге (47,2%);
- шетелдік жеке және заңды тұлғалар – 6,6 млрд теңге (4,3%).

### Нәтижелер

1. ҚМГ IPO-сы – Қазақстан қор нарығы тарихындағы ең ірі IPO.

IPO	Халықаралық			Жергілікті	
	ҚазАтомПром	Kcell	KEGOC	КТО	ҚМГ
Компания	ҚазАтомПром	Kcell	KEGOC	КТО	ҚМГ
Орналасыру көлемі, млрд теңге	168,2	78,9	13,1	27,9	153,9
Зейнетақы қорларының үлесі/ БЖЗҚ, %	33,2	18,9	26,3	20,4	0,087
Өтінімдер саны, мың дана.	2,8	34,7	42	34	129,9

- ҚМГ IPO-сы – келіп түскен өтінімдер саны (129,9 мың), орналастыру көлемі (153,9 млрд теңге) және орналастыру көлеміне жеке тұлғалардың қатысуы (52,1%) тұрғысынан Қазақстан қор нарығы тарихындағы ең ірі IPO.
- ҚМГ IPO-сы ұлттық компаниялар арасында айтарлықтай көлемде зейнетақы активтерінің үлесінсіз өткен алғашқы IPO (0,1%).
- ҚМГ IPO-сы – тұңғыш «цифрлы IPO».

Өтінімдерді қабылдау нарық қатысушылары (банктер, брокерлік компаниялар) ұсынған түрлі цифрлы платформаларды (қосымшаларды) қолдану арқылы өтті. Өтінімдердің шамамен 99%-ы цифрлы платформалар арқылы берілді.

4. ҚМГ-нің IPO-ға шығуы биржадағы сауда-саттық көлемінің ұлғаюы мен өтімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Сауда-саттықтың бірінші күні 2022 жылы 8 желтоқсанда ҚМГ акцияларының бағасы 8 406 теңгеден 8 890 теңгеге дейін өсті. Сол күні AIX және KASE биржаларында сауда-саттықтың ең үлкен көлемі тіркелді – шамамен 4 млрд теңге.

## Дивиденд

«Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының 2022 жылғы 27 қазандағы шешімімен (№59/22 хаттама) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың дивиденд бойынша жаңа саясаты бекітілді.

Дивиденд саясаты акционерлердің, несие берушілердің және Компанияның мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ өз акционерлеріне дивидендтер төлеу мөлшерін анықтауда ашық болуға бағытталған.

- Төлем туралы шешім ҚМГ акционерлерінің Жалпы жиналысында қабылданады.
- Мұнайдың бағасы, ҚМГ борышының құрылымы, күрделі шығындар және өзге де елеулі жағдайлар ескеріледі.

**Еркін ақша ағымы** — қоғамның операциялық қызметтен шоғырландырылған ақша ағымы (бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан

компаниялардан алынған дивидендтерді қоса алғанда, бірақ мұнайды жеткізгені үшін алынған аванстар бөлігінде айналым капиталындағы таза өзгерісті қоспағанда), есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері бойынша негізгі құралдарды сатып алуды шегергенде (оның ішінде негізгі құралдар үшін аванстар) минус материалдық емес активтерді сатып алу минус кен орнын игеру бойынша активтерді сатып алу минус бағалау және барлау активтерін сатып алу минус еншілес ұйымда/ бірлескен кәсіпорында үлесті сатып алу плюс еншілес ұйымда/ бірлескен қауымдасқан кәсіпорында қатысу үлестерін сатудан алынған қаражат (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 және 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулыларымен бекітілген тізім бойынша қоғамның активтерін бәсекелестік ортаға беруден түскен қаражатты қоспағанда);

**Таза қарыз** — қолма-қол ақшаны және олардың баламаларын алып тастағанда, банктік салымдарды (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) алып тастағанда жалпы қарыз.

**ЕБИТДА** — бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер, сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құнын (тозу мен амортизацияны қоспағанда), өндірістік шығыстарды, жалпы және әкімшілік шығыстарды (тозу мен амортизацияны қоспағанда), тасымалдау және өткізу бойынша шығыстарды (тозу мен амортизацияны қоспағанда), табыс салығынан басқасын алып тастағандағы кіріс.

ҚМГ-нің дивиденд саясаты бос ақша ағымының 30%-дан 50%-ына дейінгі дивидендтердің ең төменгі мөлшерін айқындаудың белгіленген тәртібін көздейді.

ҚМГ дивидендтердің келесі мөлшерін төлеу үшін бар күшін салады:

- егер таза қарыздың ЕБИТДА-ға көрсеткіші 1,0-ден аз немесе оған тең болса, бос ақша ағымының кемінде 50%;


- егер таза қарыздың ЕБИТДА-ға көрсеткіші 1,0-ден жоғары, бірақ 1,5-тен аз немесе оған тең болса, бос ақша ағымының кемінде 40%;
- егер таза қарыздың ЕБИТДА-ға көрсеткіші 1,5-тен жоғары, бірақ 2,0-ден аз немесе оған тең болса, бос ақша ағымының кемінде 30%;
- егер таза қарыздың ЕБИТДА-ға көрсеткіші 2,0-ден астам болса, төлем пайызын Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен анықталады.

Дивиденд төлеу үшін негізгі шарттар:


- жеткілікті жеке капитал;
- есепті кезең үшін шоғырландырылған таза табыстың не есепті кезеңнің соңына бөлінбеген пайданың болуы;
- жеткілікті бос ақша ағымының болуы.

Brent маркалы мұнайдың орташа жылдық бағасы барреліне кемінде 70 АҚШ долл. болған жағдайда, IPO-дан кейін үш жыл ішінде кемінде 200-250 млрд теңге көлеміндегі жыл сайынғы дивиденд төленеді.

**Бір акцияға шаққандағы дивиденд, теңге**



**Барлық төленген дивиденд, млн теңге**



# КРЕДИТТІК РЕЙТИНГТЕР

Халықаралық рейтинг агенттіктерінің кредиттік рейтингтері – ҚМГ компаниялар тобының кредит қабілеттілігіне берілген сенімді және тәуелсіз баға. Компания негізгі қаржылық көрсеткіштерді инвестициялық деңгейге жақын және одан жоғары ұзақ мерзімді несиелік рейтингті қамтамасыз ету үшін жеткілікті деңгейде ұстауды көздейді. ҚМГ рейтинг агенттіктеріне ҚМГ компаниялар тобының кредит қабілеттілігін жан-жақты және шынайы бағалау үшін қажетті барлық ақпаратты ұсынады. ҚМГ Басқармасы мен рейтингтік агенттіктер арасында мерзімді шолу кездесулері өткізіледі және ҚМГ олармен тұрақты байланысты жалғастырады.

Компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштері мен нарық динамикасынан басқа, ҚМГ кредиттік рейтингтері Қазақстанның егеменді кредиттік рейтингтерімен байланысты. Мәселен, егеменді кредиттік рейтингтің өзгеруі қазақстандық эмитенттердің, соның ішінде ҚМГ-нің кредиттік рейтингтеріне әсер етуі мүмкін.

2022 жылы ірі сыртқы экономикалық тәуекелдерге қарамастан, Fitch компанияның бұрын белгіленген рейтингін растады, S&P ҚМГ рейтингін «BB»-ден «BB+» деңгейіне бір сатыға көтерді, болжам «негативті». Қазіргі уақытта ҚМГ Moody's және Fitch-тен инвестициялық деңгейдегі кредиттік рейтингке ие, ал S&P бойынша – егеменді рейтингтен бір сатыға төмен.

- 2021 жылы 28 қаңтарда мұнай мен газды барлау, өндіру және өңдеу секторының тәуекелдерін бағалауды қайта қарағаннан кейін S&P рейтинг агенттігі ҚМГ-нің кредиттік рейтингтерін «BB» деңгейінде «негативті» болжаммен растады.
- 2021 жылы 30 сәуірде S&P халықаралық рейтинг агенттігі ҚМГ кредиттік рейтингін «BB» деңгейінде «негативті» болжаммен растады.
- 2021 жылы 12 тамызда Moody's халықаралық рейтинг агенттігі Қазақстанның егеменді

**ҚМГ кредиттік рейтингтері**


Рейтинг агенттігі	Күні	Рейтинг деңгейі	Болжамы
Moody's Investors Service	23.12.2021	Baa2	Стабильный
S&P	09.03.2023	BB+	Стабильный
Fitch Ratings	19.09.2022	BBB-	Стабильный

**Қазақстанның кредиттік рейтингтері**

Рейтинг агенттігі	Күні	Рейтинг деңгейі	Болжамы
Moody's Investors Service	11.08.2021	Baa2	Стабильный
S&P	03.03.2023	BBB-	Стабильный
Fitch Ratings	02.12.2022	BBB	Стабильный

## ҚМГ рейтингтерінің динамикасы

**ҚМГ кредиттік рейтингтерінің динамикасы**



рейтингінің жоғарылауына байланысты ҚМГ кредиттік рейтингін «Baa3»-тен «Baa2»-ге дейін көтерді. Рейтинг бойынша болжам «позитивтен» «тұрақтыға» өзгертілді.

- 2021 жылы 20 қыркүйекте Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі ҚМГ дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін «BBB-» деңгейінде (тәуелсіз рейтингтен бір тармақ төмен) растады, болжам «тұрақты».
- 2021 жылы 26 қарашада S&P рейтинг агенттігі ҚМГ рейтингін «ҚазТрансГаз» АҚ-ты тікелей «Самұрық-Қазына» АҚ-қа бергеннен кейін «BB» деңгейінде растады, болжамы «негативті».
- 2021 жылы 23 желтоқсанда Moody's рейтинг агенттігі ҚМГ рейтингін Baa2 деңгейінде растады, болжам «тұрақты».

- 2022 жылы 19 қыркүйекте Fitch Ratings рейтинг агенттігі ҚМГ дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін «BBB-» деңгейінде растады, болжам «тұрақты».
- 2022 жылы 27 қыркүйекте S&P халықаралық рейтинг агенттігі ҚМГ рейтингін «BB»-ден «BB+»-ке дейін көтерді, болжам «негативті».
- 2023 жылы 9 наурызда S&P рейтинг агенттігі компанияның рейтингін «BB+» деңгейінде растады, болжамды «негативті-ден» «тұрақтыға» өзгертті, бұл агенттіктің Қазақстанға қатысты рейтинг деңгейінің әсерін көрсетеді (рейтинг «BBB-» деңгейінде расталды, болжам «негативті-ден» «тұрақтыға» қайта қаралды).

# ОБЛИГАЦИЯ БОЙЫНША ҚАРЫЗДАР

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚМГ-нің АҚШ долларымен қайта есептелген шоғырландырылған борышы 8 956 млн АҚШ долларын құрады, бұл 6 250 млн АҚШ доллары көлемінде ҚМГ еурооблигациялары мен «Самұрық-Қазына» АҚ үшін Қашағандағы үлесті сатып алуға арналған 1 625 млн АҚШ долларын (752 млрд теңге) қоса алғанда.

ҚМГ компаниялар тобы жобаларының едәуір бөлігі өздерінің таза ақша ағымының есебінен қаржыландырылады. Бұл ретте, ҚМГ мен ЕТҰ жекелеген стратегиялық жобаларды қаржыландыру үшін немесе Компанияның қаржы стратегиясын іске асыру шеңберінде қаржылық орнықтылықты қолдау үшін қолайлы нарықтық жағдайларда облигациялар нарығына шыға алады.

ҚМГ ішкі және халықаралық капитал нарықтарында өзінің борышты басқарудың ыңғайлы және теңдестірілген саясатына сәйкес қарыз алады. Компанияның борыштық бағалы қағаздары – Қазақстан эмитенттерінің арасындағы анағұрлым өтімді құралдардың бірі. ҚМГ-нің шетел валютасындағы облигациялары тарихи түрде инвесторлардың кең ауқымын тартты. Инвесторлар базасы негізінен АҚШ, Еуропа және Азиядан мыңдаған институционалдық және бөлшек инвесторлардан тұрады. Еурооблигациялар Лондон қор биржасында, Қазақстан қор биржасында және АIX биржасында айналымда.



Толық ақпарат «Қаржылық шолу» бөлімінде берілген.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, жалпы сомасы номиналы бойынша 6,25 млрд АҚШ доллары болатын Корпоративтік орталық деңгейінде еурооблигациялардың алты шығарылымы айналымда.

## ҚМГ-нің айналымдағы еурооблигациялары<sup>1</sup>

Айналымның басталу күні/ өтеу күні	Шығарылым көлемі, млн АҚШ долл.	Айналымдағы облигациялар, млн АҚШ долл.	Купон бойынша мөлшерлеме, жылдық %	ISIN: RegS / 144A
19.04.2017/19.04.2027	1 000	1 000	4,75	XS1595713782/US48667QAN51
19.04.2017/19.04.2047	1 250	1 250	5,75	XS1595714087/US48667QAP00
24.04.2018/24.04.2025	500	500	4,75	XS1807299174/US48667QAR65
24.04.2018/24.04.2030	1 250	1 250	5 375	XS1807300105/US48667QAQ82
24.04.2018/24.04.2048	1 500	1 500	6 375	XS1807299331/US48667QAS49
14.10.2020/14.04.2033	750	750	3,50	XS2242422397/US48126PAA03

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жалпы сомасы 751 631,4 млн теңге номиналы бойынша корпоративтік орталық деңгейінде ішкі облигациялардың бір шығарылымы айналымда болды.

## Қашағандағы үлесті сатып алуға «Самұрық-Қазына» АҚ үшін ҚМГ облигациялары

<b>Валюта</b>	Қазақстан теңгесі
<b>Айналымның басталу күні/ өтеу күні</b>	16.09.2022/ 16.10.2035
<b>Шығарылым көлемі</b>	751 631,4 млн теңге
<b>Айналымдағы облигациялар</b>	751 631,4 млн теңге
<b>Купон бойынша мөлшерлеме, жылдық %</b>	3,0
<b>ISIN:</b>	KZ2C00008969

<sup>1</sup> — 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша корпоративтік орталық деңгейінде басым, қамтамасыз етілмеген.

# ИНВЕСТОРЛАРМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫС

ҚМГ қаржыландыру көздеріне тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету және Компанияны қаржыландыру құнын төмендету мақсатында инвестициялық қоғамдастықпен өзара іс-қимылдың тиімді бағдарламасын іске асыруды жалғастырып келеді. Инвесторлармен өзара іс-қимыл процесіне Директорлар кеңесінің төрағасы, Басқарма Төрағасы, Басқарманың мүшелері мен ҚМГ-нің стратегиялық құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, еңбек және қоршаған ортаны қорғау департаменті, сондай-ақ инвесторлармен жұмыс басқармасы тартылған.

ҚМГ әр тоқсан сайын инвесторлар үшін Басқарма мүшелерінің және департамент директорларының қатысуымен қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері бойынша конференц-қоңыраулар өткізеді. Бұдан басқа Компания инвесторлармен және рейтинг агенттіктерімен арнайы жеке конференц-қоңыраулар ұйымдастырды, сондай-ақ тұрақты дамудың жаһандық трендтері мен дамушы елдердегі нарықтық жағдай бойынша онлайн конференцияларға қатысты.

Компания инвестициялық қоғамдастық үшін ақпаратты жария ету кезінде уақтылық, толықтық және қолжетімділік қағидаттарын ұстанады. ҚМГ тоқсан сайын тоқсандық нәтижелер бойынша презентацияны, қаржылық нәтижелер бойынша баспасөз хабарламасын, өндірістік нәтижелер бойынша баспасөз хабарламасын, ХҚЕС-ке сәйкес қаржы есептілігін, сондай-ақ деректері бар талдамалық анықтамалықтарды жариялайды. 2021 жылы Компания инвесторлар мен талдаушылардың ҚМГ-нің қаржылық және операциялық қызметі туралы сұратымдары бойынша ақпаратты жедел ұсыну практикасын жалғастырды.

Тұрақты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Компания 2021 жылы ESG бойынша ақпаратты

жариялауда ашықтығын айтарлықтай жақсартты. 2022 жылы ҚМГ 2021 жылға арналған тұрақты даму туралы ауқымды есеп жариялады. 2022 жылдың желтоқсанында Sustainalytics ҚМГ ESG-тәуекел-рейтингінің деңгейін 28,4 балға дейін жаңартты. Салыстырмалы рейтингте ҚМГ тұрақты деңгейін сақтай отырып, Sustainalytics агенттігі бағалаған 270 әлемдік мұнай-газ компаниялары арасында топ-20-ға кірді.

Материалдар мен жарияланымдар, сондай-ақ Инвесторлармен жұмыс жөніндегі басқарма қызметкерлерімен байланысу үшін байланыс ақпараты компанияның сайтында «Инвесторларға» бөлімінде жарияланған.

ҚМГ екі жақты диалогтың тиімділігін одан әрі жақсартудың маңызын түсінеді және инвестициялық қоғамдастықтың компанияны қабылдауына үнемі талдау жүргізеді, ол Директорлар кеңесі деңгейінде қаралады.

## 2022 жылы инвесторлармен өзара іс-қимыл күнтізбесі

1-тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> <li>2021 жылғы қаржылық және операциялық нәтижелердің қорытындысы бойынша конференц-қоңырау.</li> <li>2021 жылғы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация.</li> <li>2021 жылғы қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша пресс-релиздер.</li> <li>ХҚЕС-ке сәйкес 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есеп.</li> <li>2021 жылғы өндірістік нәтижелер.</li> <li>2021 жылғы қаржылық нәтижелер.</li> </ul>
2-тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> <li>2022 жылдың 1-тоқсанындағы қаржылық және операциялық нәтижелердің қорытындысы бойынша конференц-қоңырау.</li> <li>2022 жылдың 1-тоқсанындағы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация.</li> <li>2022 жылдың 1-тоқсанындағы қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары.</li> <li>2022 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп (аудиттелмеген).</li> <li>2021 жылғы жылдық есепті жариялау.</li> <li>2022 жылдың 1-тоқсанындағы өндірістік нәтижелер</li> <li>2022 жылдың 1-тоқсанындағы қаржылық нәтижелер</li> </ul>
3-тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> <li>2022 жылдың 2-тоқсанындағы қаржылық және операциялық нәтижелердің қорытындысы бойынша конференц-қоңырау.</li> <li>2022 жылдың 2-тоқсанындағы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация.</li> <li>2022 жылдың 2-тоқсанындағы қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары.</li> <li>2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп (аудиттелмеген).</li> <li>2021 жылғы Тұрақты даму туралы есепті жариялау.</li> <li>2022 жылдың бірінші жартыжылдығындағы өндірістік нәтижелер</li> <li>2022 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қаржылық нәтижелер</li> </ul>
4-тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> <li>2022 жылдың 3-тоқсанындағы қаржылық және операциялық нәтижелердің қорытындысы бойынша конференц-қоңырау.</li> <li>2022 жылдың 3-тоқсанындағы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация.</li> <li>2022 жылғы 3-тоқсандағы қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша пресс-релиздер.</li> <li>2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп (аудиттелмеген).</li> <li>2022 жылдың тоғыз айындағы қаржылық нәтижелер</li> <li>Білім беру роуд-шоуы (non-deal road show), оған сәйкес 2022 жылдың қыркүйек және қазан айларында Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасарының қатысуымен Қазақстан өңірлерінде халықпен бірқатар кездесу өтті.</li> <li>IPO шеңберіндегі роуд-шоу (deal road show), Қазақстан өңірлерінде Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасарының қатысуымен болашақ жеке инвесторлармен бірқатар кездесу өтті.</li> </ul>

2022 ЖЫЛЫ ҚМГ-НІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ  
КӨРСЕТКІШТЕРІ СЕНІМДІ ӨСКЕНІ  
БАЙҚАЛДЫ

1

2

3

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



ШЕКАРАЛАРДЫ  
КЕҢЕЙТУ



# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК 2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІМЕН ҚОСА

## Мазмұны

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі	
Шоғырландырылған қаржылық есептілік	
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	1–2
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	3–4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	5–7
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	8–9
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	10–99

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

2023 жылғы 6 наурыз



«Эрнст энд Янг» ЖШС  
Әл-Фараби д-лы, 77/7  
«Есентай Тауэр» ғимараты  
Алматы қ., 050060  
Қазақстан Республикасы  
Тел.: +7 727 258 59 60  
Факс: +7 727 258 59 61  
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»  
пр. Аль-Фараби, д. 77/7  
здание «Есентай Тауэр»  
г. Алматы, 050060  
Республика Казахстан  
Тел.: +7 727 258 59 60  
Факс: +7 727 258 59 61  
www.ey.com

Ernst & Young LLP  
Al-Farabi ave., 77/7  
Esentai Tower  
Almaty, 050060  
Republic of Kazakhstan  
Tel.: +7 727 258 59 60  
Fax: +7 727 258 59 61  
www.ey.com

### Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамның Акционерлеріне, Директорлар кеңесі мен Басшылығына

#### Пікір

Біз «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

#### Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

#### Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

**Аудиттің шешуші мәселесі** **Тиісті шешуші мәселе ретінде аудитіміздің барысында қарастырылды**

**Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы**

Біз бұл мәселе, шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты өндіру, барлау мен бағалау, қайта өңдеу активтерін, сондай-ақ мұнай мен газды тасымалдау активтерін қоса алғанда, ұзақ мерзімді активтер қалдықтарының елеулілігіне, құнсыздану талдауының негізінде жатқан жорамалдар субъективтілігінің жоғары деңгейіне, сондай-ақ басшылық қабылдаған елеулі пайымдаулар мен бағалауларға орай аудитіміз үшін барынша маңызды мәселелердің бірі болып табылады деп есептейміз.

Жорамалдар дисконттау мөлшерлемелерін, мұнай мен мұнай өнімдеріне болжамды бағаларды және инфляцияның болжамды мөлшерлемелері мен валюталарды айырбастау бағамдарын қамтыды. Елеулі бағалауға өндіру жоспары, келешек күрделі шығындар және барлау мен өндіруге қолжетімді мұнай және газ қорлары кіреді.

Ұзақ мерзімді активтер мен құнсыздануға орындалған тесттер туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 4 және 15-ескертпелерінде келтірілген.

Біз ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану белгілерінің бар-жоғына қатысты басшылықтың бағалауын қарастырдық және онда құнсыздану белгілері анықталды, біз құнсыздану талдауын тестілеу және басшылық дайындаған өтелетін құнды есептеу үшін біздің бағалау мәселелері жөніндегі мамандарымызды тарттық.

Біз басшылық жасаған болжамның негізінде жатқан жорамалдарды сараладық. Біз өтелетін құн есебінде пайдаланылған мұнай мен мұнай өнімдерінің ағасын қолжетімді нарықтық болжамдармен салыстырдық.

Біз дисконттау мөлшерлемелерін және ұзақ мерзімді өсім мөлшерлемелерін нарықтық жалпы көрсеткіштерімен және басқа да қолжетімді мәліметтермен салыстырып, дисконттау мөлшерлемесін есептеу барысында орындалған түзетулерді бағаладық.

Біз құнсыздану модельдерінің математикалық дәлдігін және жорамалдардың өзгеруіне құнсыздану тесті нәтижелерінің сезімталдылығына жасалған талдауды бағаладық.

Біз Топ мұнай мен газ қорларын бағалау үшін, сондай-ақ қолданылуына қарай құнсыздану модельдерін дайындау үшін тартқан сыртқы сарапшылардың құзырлығын, мүмкіндіктері мен объективтілігін бағалау процедураларын орындадық.

Бизнесті біріктіру және бірлескен кәсіпорындарды сатып алу жөніндегі мәмілелерді есепке алу

2022 жылы Топ бірқатар ұйымдарды бақылауға және бірлесіп бақылауға алды.

Біз бұл мәселе шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін сатып алынған ұйымдар мен инвестициялардың маңыздылығына және осы операциялардың күрделілігіне байланысты біздің аудитіміз үшін ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады деп санаймыз. Сонымен қатар, басшылық осы сатып алуларды көрсету үшін қолданылатын есеп саясатын анықтауда пайымдауларды қолданды.

Бизнестерді біріктіру мен сатып алулар туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептілікке 6 және 7-ескертпелерге енгізілген.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте құнсыздану тесті туралы ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық.

Біз осы мәмілелерге қатысты сатып алу-сату шарттарын және басқа құжаттарды зерттеп, мәмілелердің негізгі шарттары, сипаты мен құрылымы туралы түсінік алдық.

Біз операциялардың сипаты туралы түсінік алу үшін корпоративтік мақұлдауларды, корпоративтік және акционерлік келісімдерді және басқа да заңды құжаттарды зерттедік және жалпы бақылаудағы мәмілелерге қатысты «Бизнесті біріктіру» 3 ХҚЕС (IFRS) талаптарынан босатуды қолдануға қатысты басшылықтың шешімін бағаладық.

Біз бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды сатып алуға қатысты Топтың қолданған есеп саясатын бағаладық.

Алдыңғы қаржылық есептіліктен алынған қаржылық ақпаратты пайдаланған жалпы бақылаудағы сатып алулар үшін біз шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген ақпаратты, оның ішінде салыстырмалы ақпаратты қайта есептеуді алдыңғы меншік иелерінің есептілігіне енгізілген қол жетімді қаржылық ақпаратпен салыстырдық.

Біз Топ төлеген өтемақы сомасын тиісті растайтын төлем құжаттарымен және келісімшарттық міндеттемелермен салыстырдық.

Жалпы бақылауда жүрмеген бірлескен кәсіпорынды сатып алу үшін біз басшылықтың сатып алынған активтер мен міндеттемелердегі үлестің әділ құнына қатысты бағалауын зерттедік.

Біз ақпараттың шоғырландырылған қаржылық есептілікте тиісінше ашылып көрсетілуін сараладық

### Резервтер мен шартты міндеттемелер

Топ резервтерді таниды және мемлекеттік органдардың тексеру нәтижелеріне, активтерді жою жөніндегі міндеттемелерге және жалпы сипаттағы сот талқылауларына, сондай-ақ өзге де мән-жайларға қатысты шартты міндеттемелерді ашып көрсетеді.

2022 жылы Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Топқа кіретін кейбір ұйымдарға қатысты тексеру жүргізді. Сонымен қатар, Топ активтерді жою міндеттемелеріне қатысты бағалаулардағы бірқатар өзгерістерді көрсетті.

Міндеттемені мойындау керек пе және сомаларды сенімді түрде бағалауға болатынын бағалау амалы бағалау мен пайымдауды қажет етеді. Мәселенің нәтижесін болжау және қолайсыз нәтиже болған жағдайда ықтимал әсерді бағалау күрделі процесс болып табылады және шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықтимал әсер айтарлықтай болуы мүмкін.

Активтерді жою бойынша міндеттемелерді есептеу болашақ шығындарды бағалаудағы өзіндік күрделілігіне және осы міндеттемелердің маңыздылығына байланысты айтарлықтай пайымдауды қажет етеді. Мұндай жағдайлардың көпшілігі, күтілгендей, ұзақ мерзімді перспективада реттеледі. Топ активтерді жою бойынша міндеттемелерді бағалау үшін мамандарды тартты. Есептеуде пайдаланылатын басшылықтың болжамдары инфляция қарқынының өзгеру салдарымен қатар жоюдың күтілетін тәсілін және дисконттау мөлшерлемесін қамтиды.

Заңды міндеттемелерді, сол сияқты шарттық келісімдер мен тиісті жергілікті заңнама негізінде әрбір активті жоюға қатысты практикамен негізделген міндеттемелерді зерделеу басшылықтың пайымдауын қажет етеді және объективті өзгерістерге ұшырайды.

Біз Топ басшылығынан және заң бөлімінен заңнама мен нормативтік актілерді сақтамау жағдайлары, сондай-ақ кез келген аяқталмаған және ағымдағы сот істерінің, талаптардың және істердің мәртебесі туралы ақпарат сұрадық. Біз ішкі заң қызметтерінен заңды хаттар алдық.

Біз тиісті хат-хабарларды, Топ басшылығы мен Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларын зерделедік.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 35-ескертпесінде сипатталған мемлекеттік органдардың тексеру нәтижелерін саралап, оларды тоқтың Заң департаментімен талқыладық.

Активтерді жою жөніндегі міндеттемелерге қатысты біздің рәсімдеріміз шарттық келісімдер мен тиісті жергілікті заңнама негізінде әрбір активті жоюға қатысты заңды міндеттемелер мен практикамен негізделген міндеттемелерді зерделеуді қамтыды.

Біз активтерді жою бойынша міндеттемелерді қалыптастыратын шығыстарды бағалауды дайындаған Топ тартқан мамандардың құзыреттілігі мен объективтілігін қарастырдық. Біз қолданыстағы дисконттау мөлшерлемесі мен инфляция деңгейін қол жетімді сыртқы деректермен салыстырдық. Біз есептеулердің математикалық дәлдігін тексердік.

Сондай-ақ, біз болашақтағы күтілетін жою шығындарындағы өзгерістерді және Топтың тиісті заңнамадағы соңғы өзгерістерді қалай есепке алғанын бағаладық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте резерв ретінде танылған сомалардың негізінде жатқан Топ басшылығының бағалауларын талдадық және шоғырландырылған қаржылық есептілікте шартты міндеттемелерді орындаудың әлеуетті нәтижелерінің ықтималдығына қатысты пайымдауларды бағаладық.

Біз резервтер мен шартты міндеттемелерді бағалауды осы резервтердің әлеуетті маңыздылығына және шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін шартты міндеттемелерге, пайымдаудың тән деңгейіне және 2022 жылы болған оқиғаларға байланысты аудит үшін ең маңызды мәселелердің бірі деп санаймыз.

Резервтер, шартты және шарттық міндеттемелер туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 29 және 35-ескертпелерінде ашылып көрсетілген.

### Топтың 2022 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Топтың 2022 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2022 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп шығарылғаннан кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

### Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте тиісті ашылып көрсетілулерді сараладық.



Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Топтың қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

#### **Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;

- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән тұғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты Партнер - Кайрат Медетбаев.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС

Кайрат Медетбаев  
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 8 ақпандағы №МФ0000137 біліктілік куәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,  
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2023 жылғы 6 наурыз

Рустамжан Саттаров  
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің  
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2 №0000003 болатын Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия

## Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп

Миллион теңгемен

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін

	Ескерт.	2022 жылғы	2021 жылғы (қайта есептелген) <sup>1</sup>
<b>Жалғасатын қызмет</b>			
<b>Түсім және басқа да кірістер</b>			
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	8	8.686.384	6.459.335
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	9	991.310	680.292
Қаржылық кіріс	16	120.587	85.226
Бірлескен кәсіпорындардың шығуынан түскен кіріс		-	19.835
Басқа да операциялық кіріс		22.283	30.779
<b>Түсім және басқа да кірістер жиыны</b>		<b>9.820.564</b>	<b>7.275.467</b>
<b>Шығыстар мен шығындар</b>			
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	10	(4.954.384)	(3.607.202)
Өндірістік шығыстар	11	(1.142.388)	(721.057)
Табыс салығынан басқа салықтар	12	(677.805)	(461.244)
Тозу, тауысылу және амортизация	36	(506.585)	(523.044)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	13	(205.340)	(183.439)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	14	(160.168)	(151.392)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтер мен сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы	15	(708)	(20.724)
Барлау шығыстары	15	(12.113)	(79.083)
Қаржылық шығындар	16	(306.846)	(262.823)
Оң бағамдық айырма, нетто		40.925	17.565
Басқа да шығыстар	29	(84.586)	(27.714)
<b>Шығыстар мен шығындар жиыны</b>		<b>(8.009.998)</b>	<b>(6.020.157)</b>
<b>Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда</b>		<b>1.810.566</b>	<b>1.255.310</b>
Пайда салығы бойынша шығыстар	32	(493.247)	(321.248)
<b>Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда</b>		<b>1.317.319</b>	<b>934.062</b>
<b>Тоқтатылған қызмет</b>			
Тоқтатылған қызметтен салық салынғаннан кейін түсетін пайда	5	-	352.478
<b>Бір жылғы таза пайда</b>		<b>1.317.319</b>	<b>1.286.540</b>

<sup>1</sup> — Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат бескертпеде келтірілген.

Миллион теңгемен

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін

	Ескерт.	2022 жылғы	2021 жылғы (қайта есептелген) <sup>1</sup>
<b>Басқа да жиынтық (зиян)/ кіріс</b>			
<b>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық (зиян)/кіріс</b>			
Хеджирлеу әсері	30	(11.872)	10.055
Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырма		508.202	170.921
Салық әсері		(36.525)	(11.818)
<b>Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жататын таза басқа да жиынтық кіріс</b>		<b>459.805</b>	<b>169.158</b>
<b>Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс/(зиян)</b>			
Табыс салығын шегере отырып, Топтың белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған пайда		9.075	5.959
Табыс салығын шегере отырып, бірлескен кәсіпорындардың белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған зиян		(19)	(169)
Салық әсері		(116)	(48)
<b>Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жатпайтын таза басқа да жиынтық кіріс</b>		<b>8.940</b>	<b>5.742</b>
<b>Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы таза басқа да жиынтық кіріс</b>		<b>468.745</b>	<b>174.900</b>
<b>Табыс салығы шегерілген бір жылғы өзге жиынтық кіріс</b>		<b>1.786.064</b>	<b>1.461.440</b>
<b>Мыналарға келетін бір жылғы таза пайда/(зиян):</b>			
Бас компанияның акционерлеріне		1.289.118	1.304.761
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		28.201	(18.221)
		<b>1.317.319</b>	<b>1.286.540</b>
<b>Мыналарға келетін бір жылғы жиынтық кіріс/(зиян) жиыны:</b>			
Бас компанияның акционерлеріне		1.756.410	1.477.856
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		29.654	(16.416)
		<b>1.786.064</b>	<b>1.461.440</b>
<b>Акцияға пайда<sup>1</sup> - мың теңгемен</b>			
Базалық және бөлінген	26	2,159	2,109
Базалық және бөлінген, жалғасып отырған қызметтен		2,159	1,531
Базалық және бөлінген, тоқтатылған қызметтен		-	0,578

Басқарма Төрағасының орынбасары

**Д. С. Қарабаев**

Бас бухгалтер

**А. С. Есбергенова**

10-111 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

## Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

Миллион теңгемен

31 желтоқсанға

	Ескерт.	2022 жылғы	2021 жылғы (қайта есептелген) <sup>1</sup>
<b>Активтер</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Барлау және бағалау бойынша активтер	18	251.280	235.004
Негізгі құралдар	17	6.989.837	6.725.910
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		17.304	19.711
Материалдық емес активтер	19	918.253	889.491
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		76.567	68.145
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	21	4.947.403	4.145.646
Өтелуге жататын ҚҚС		16.760	11.972
Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар		52.982	40.845
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес активтер		3.713	7.913
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек	24	129.857	142.394
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері		10.672	13.248
Ұзақ мерзімді банк салымдары	20	59.229	56.058
Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер	32	41.598	34.035
		<b>13.515.455</b>	<b>12.390.372</b>
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>			
Тауар-материалдық қорлар	22	309.425	300.592
Сауда дебиторлық берешек	23	519.537	501.394
Өтелуге жататын ҚҚС		42.697	31.379
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	32	36.167	25.165
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер	23	109.137	85.673
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек	24	119.874	485.765
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	23	57.057	329.772
Қысқа мерзімді банк салымдары	20	1.178.138	562.352
Ақша қаражаты мен оның баламалары	25	762.817	1.144.193
		<b>3.134.849</b>	<b>3.466.285</b>
Сатуға арналған деп жіктелген активтер		459	795
		<b>3.135.308</b>	<b>3.467.080</b>
<b>Активтердің жиыны</b>		<b>16.650.763</b>	<b>15.857.452</b>

<sup>2</sup> — Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат бескертпеледе келтірілген.

Миллион теңгемен

31 желтоқсанға

	Ескерт.	2022 жылғы	2021 жылғы (қайта есептелген) <sup>1</sup>
<b>Капитал және міндеттемелер</b>			
<b>Капитал</b>			
Жарғылық капитал	26	916.541	916.541
Қосымша төленген капитал		1.142	1.142
Басқа да капитал		(1.759)	10.113
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		4.209.612	3.738.581
Бөлінбеген пайда		4.809.455	5.439.811
<b>Бас компанияның акционерлеріне жататын</b>		<b>9.934.991</b>	<b>10.106.188</b>
Бақыланбайтын қатысу үлесі	26	(61.541)	(89.282)
<b>Капитал жиыны</b>		<b>9.873.450</b>	<b>10.016.906</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар	27	3.775.891	3.261.347
Жалдау бойынша міндеттемелер	28	65.872	56.412
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	30	15.080	15.915
Резервтер	29	276.818	330.659
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	30	41.548	39.448
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер	32	999.010	703.200
		<b>5.174.219</b>	<b>4.406.981</b>
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Сауда кредиторлық берешек	30	564.906	558.266
Қарыздар	27	367.443	484.980
Жалдау бойынша міндеттемелер	28	15.682	18.009
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	30	283.717	69.418
Резервтер	29	63.076	24.511
Төленуге жататын табыс салығы	32	66.648	6.882
Төленуге жататын басқа да салықтар	31	148.477	137.055
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	30	93.145	134.444
		<b>1.603.094</b>	<b>1.433.565</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>6.777.313</b>	<b>5.840.546</b>
<b>Капитал мен міндеттемелер жиыны</b>		<b>16.650.763</b>	<b>15.857.452</b>
<b>Бір акцияның баланстық құны<sup>1</sup> - мың теңгемен</b>	<b>26</b>	<b>14,678</b>	<b>14,960</b>

Басқарма Төрағасының орынбасары

**Д. С. Қарабаев**

Бас бухгалтер

**А. С. Есбергенова**

10-111 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

## Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

Миллион теңгемен

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін

	Ескерт.	2022 жылғы	2021 жылғы (қайта есептелген) <sup>1</sup>
<b>Операциялық қызметтен болған ақша ағындары</b>			
Жалғасып отырған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда		1.810.566	1.255.310
Тоқтатылған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда		-	407.993
<b>Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда</b>		<b>1.810.566</b>	<b>1.663.303</b>
<b>Түзетулер</b>			
Тозу, тауысылу және амортизация	36	506.585	523.044
Тоқтатылған қызметтен болған тозу, тауысылу және амортизация	5	-	63.502
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтер мен сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы	15	708	20.724
Барлау шығыстары	15	12.113	79.083
Бірлескен кәсіпорын мен қауымдасқан компанияға инвестициялардың құнсыздануы	21	-	64
Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан іске асырылған зиян	11	121.539	14.954
Қаржылық кіріс	16	(120.587)	(85.226)
Тоқтатылған қызметтен түскен қаржылық кіріс	5	-	(19.750)
Қаржылық шығындар	16	306.846	262.823
Тоқтатылған қызметтен болған қаржылық шығындар	5	-	36.330
Бірлескен кәсіпорындардың шығуынан түскен кіріс		-	(19.835)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысын-дағы үлес, нетто	9	(991.310)	(680.292)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың тоқтатылған қызмет пайдасындағы үлес, нетто	5	-	(275.100)
Резервтердегі өзгеріс		78.603	(140.318)
Оң бағамдық айырма, нетто		(34.290)	(6.565)
Тауар-материалдық қорларды таза өткізу құнына дейін есептен шығару		4.236	4.906
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған деп жіктелген активтердің есептен шығарылуынан болған зиян/(кіріс), нетто		2.623	(2.259)
Өтелуге жататын ҚҚС-тың қалпына келтірілуі	14	(1.942)	(5.144)
Қаржылық кепілдіктерде өзгерістер		122	3.527
Есепке алынбаған ҚҚС	14	2.582	2.599
Сауда дебиторлық берешек пен басқа да активтер бойынша күтілетін несиелік зиян резервтері	14	2.758	3.453
Басқа да түзетулер		-	427

<sup>2</sup> — Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат бескертпеледе келтірілген.

Миллион теңгемен	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін		
	Ескерт.	2022 жылғы	2021 жылғы (қайта есептелген) <sup>1</sup>
<b>Айналым капиталын түзетуге дейінгі операциялық пайда</b>		<b>1.701.152</b>	<b>1.444.250</b>
Өтеуге ҚҚС-тағы өзгерістер		(14.118)	81.409
Тауар-материалдық қорлардағы өзгерістер		(116.439)	(96.521)
Сауда дебиторлық берешектегі және басқа да қысқа мерзімді активтердегі өзгерістер		32.933	(206.440)
Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелердегі өзгерістер		(112.525)	(52.217)
Төленуге жататын басқа да салықтардағы өзгерістер		(58.183)	(52.580)
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары</b>		<b>1.432.820</b>	<b>1.117.901</b>
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	21	462.309	415.359
Табыс салығын төлеу		(144.013)	(111.396)
Алынған пайыздар		49.471	39.977
Төленген пайыздар	27, 28	(233.280)	(252.366)
<b>Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары</b>		<b>1.567.307</b>	<b>1.209.475</b>
<b>Инвестициялық қызметтен ақша ағындары</b>			
Банк салымдарын орналастыру		(1.698.647)	(966.217)
Банк салымдарын қайтару		1.138.293	681.538
Еншілес ұйымды сатып алу	6	(1.198.317)	-
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу		(451.474)	(453.799)
Негізгі құралдарды, барлау мен бағалау активтерін және сатуға арналған деп жіктелген активтерді сатудан болған түсімдер		2.219	71.084
Есептен шығарылған еншілес ұйымдардың ақша қаражаты, нетто		(4.137)	(375.910)
Иелік ету үлесін өзгертпестен бірлескен кәсіпорындардың капиталына қосымша салымдар	21	(15.398)	(1.926)
Бірлескен кәсіпорындардың шығуынан ақша қаражатының түсуі		-	17.169
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	33	(42.018)	(73.274)
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеуден түскен түсімдер	33	38.190	24.438
Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу		-	(14.741)
Борыштық бағалы қағаздарды сатудан түскен түсім		118	10.528
ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын өтеу	24	17.000	-
ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын сатып алу	24	(87.000)	-
Басқалары		(1.138)	(2.918)
<b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары</b>		<b>(2.302.309)</b>	<b>(1.084.028)</b>
<b>Қаржылық қызметтен ақша ағындары</b>			
Қарыздардың түсуі	27	980.634	451.096
Қарыздарды өтеу	27	(216.243)	(339.552)
Қарыздарды өтеу үшін ақша қаражатын резервтеу**		-	(292.258)
Самұрық-Қазына мен ҚР Ұлттық Банкіне төленген дивидендтер	26	(199.997)	(49.999)
Бақыланбайтын үлес акционерлеріне төленген дивидендтер	26	(1.975)	(5.756)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу	26	(266.069)	(534)

Миллион теңгемен	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін		
	Ескерт.	2022 жылғы	2021 жылғы (қайта есептелген) <sup>1</sup>
Байланысты тараптан болған салымдар	26	3.742	16.396
Жалдау міндеттемесі бойынша негізгі борышты өтеу	28	(19.709)	(53.382)
Сақтандыру сыйлықақысын қайтару	27	7.370	-
<b>Қаржылық қызметтен түскен / (пайдаланылған) таза ақша ағындары</b>		<b>287.753</b>	<b>(273.989)</b>
Айырбастау бағамдарындағы өзгерістердің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		65.759	26.482
Күтілетін несиелік зиян резервіндегі өзгеріс		114	(136)
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс</b>		<b>(381.376)</b>	<b>(122.196)</b>
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		1.144.193	1.266.389
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары</b>		<b>762.817</b>	<b>1.144.193</b>



Басқарма Төрағасының орынбасары

**Д. С. Қарабаев**



Бас бухгалтер

**А. С. Есбергенова**

10-111 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

# Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

Миллион теңгемен

Бас компанияның акционерлеріне келеді

	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақылан-байтын қатысу үлесі	Жиыны
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелген)<sup>1</sup></b>	<b>916.541</b>	<b>8.981</b>	<b>58</b>	<b>3.579.835</b>	<b>5.911.286</b>	<b>10.416.701</b>	<b>(71.641)</b>	<b>10.345.060</b>
Бір жылғы таза пайда/(зиян) (қайта есептелген) <sup>1</sup>	-	-	-	-	1.304.761	1.304.761	(18.221)	1.286.540
Басқа да жиынтық кіріс (қайта есептелген) <sup>1</sup>	-	-	10.055	158.746	4.294	173.095	1.805	174.900
<b>Жиынтық кіріс/(зиян) жиыны (қайта есептелген)<sup>1</sup></b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>10.055</b>	<b>158.746</b>	<b>1.309.055</b>	<b>1.477.856</b>	<b>(16.416)</b>	<b>1.461.440</b>
Дивидендтер (26-ескертпе)	-	-	-	-	(49.999)	(49.999)	(6.192)	(56.191)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу (26-ескертпе)	-	-	-	-	(85)	(85)	-	(85)
Самұрық-Қазынамен операциялар (26-ескертпе)	-	-	-	-	(5.222)	(5.222)	-	(5.222)
«ҚазТрансГаз» АҚ-ын Самұрық Қазынаға беру (5-ескертпе)	-	(7.839)	-	-	(1.741.620)	(1.749.459)	-	(1.749.459)
Байланысты тараптан болған салымдар (26-ескертпе)	-	-	-	-	16.396	16.396	-	16.396
Еншілес компанияның капиталына жарна	-	-	-	-	-	-	4.967	4.967
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелген)<sup>1</sup></b>	<b>916.541</b>	<b>1.142</b>	<b>10.113</b>	<b>3.738.581</b>	<b>5.439.811</b>	<b>10.106.188</b>	<b>(89.282)</b>	<b>10.016.906</b>
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелген)<sup>1</sup></b>	<b>916.541</b>	<b>1.142</b>	<b>10.113</b>	<b>3.738.581</b>	<b>5.439.811</b>	<b>10.106.188</b>	<b>(89.282)</b>	<b>10.016.906</b>
Бір жылғы таза пайда	-	-	-	-	1.289.118	1.289.118	28.201	1.317.319
Басқа да жиынтық (зиян)/ кіріс	-	-	(11.872)	471.031	8.133	467.292	1.453	468.745
<b>Жиынтық кіріс/ (зиян) жиыны</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>(11.872)</b>	<b>471.031</b>	<b>1.297.251</b>	<b>1.756.410</b>	<b>29.654</b>	<b>1.786.064</b>
Дивидендтер (26-ескертпе)	-	-	-	-	(199.997)	(199.997)	(2.296)	(202.293)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу (26-ескертпе)	-	-	-	-	(273.870)	(273.870)	-	(273.870)
Бірлескен кәсіпорындарды сатып алу (6 және 7-ескертпе)	-	-	-	-	(63.634)	(63.634)	-	(63.634)
Жалпы бақылаудағы KMG Kashagan B.V. сатып алу (6-ескертпе)	-	-	-	-	(1.777.076)	(1.777.076)	-	(1.777.076)
Самұрық-Қазынамен операциялар (26-ескертпе)	-	-	-	-	385.997	385.997	-	385.997
Байланысты тараптан болған салымдар (26-ескертпе)	-	-	-	-	3.742	3.742	-	3.742
Еншілес компанияның капиталына жарна	-	-	-	-	-	-	383	383
Өзге бөлулер	-	-	-	-	(2.769)	(2.769)	-	(2.769)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>916.541</b>	<b>1.142</b>	<b>(1.759)</b>	<b>4.209.612</b>	<b>4.809.455</b>	<b>9.934.991</b>	<b>(61.541)</b>	<b>9.873.450</b>



Басқарма Төрағасының орынбасары

**Д. С. Қарабаев**



Бас бухгалтер

**А. С. Есбергенова**

<sup>1</sup> — Осы жолдарда келтірілген кейбір сомалар 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат бескертпеде келтірілген.

10-111 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

# Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

## 1. Жалпы ақпарат

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі - Компания, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ немесе Бас компания) 2002 жылғы 27 ақпанда ҚР Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және ҚР Үкіметінің (бұдан әрі - Үкімет) 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» мен «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдардың бірігуі нәтижесінде құрылды. Бірігудің нәтижесінде бұл компаниялардың барлық активтері мен міндеттемелері, оның ішінде олардың барлық кәсіпорындарға қатысу үлестерін қоса алғанда, Компанияға берілді. 2004 жылдың наурызында ҚР-дың заңнамасына сәйкес Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

2006 жылғы 8 маусымнан бастап Компанияның жалғыз акционері «Самұрық» Мемлекеттік активтері басқару бойынша қазақстандық холдинг» акционерлік қоғамы болып табылды, әрі ол 2008 жылдың қазанында «Қазына» Тұрақты Даму Қоры» акционерлік қоғамымен бірігіп, осылайша «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Самұрық-Қазына) құрды. Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады. 2015 жылғы 7 тамызда ҚР Ұлттық Банкі (бұдан әрі - ҰР ҰБ) Самұрық-Қазынадан Компания үлесінің 9,58%-ын және бір акциясын сатып алды. 2022 жылғы 8 желтоқсаннан бастап Компания акцияларының 3,00%-ы Astana International Exchange (бұдан әрі – AIX) және Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі - KASE) қор биржаларында еркін айналымда болады.

2022 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның 59 операциялық компанияда (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 60) қатысу үлесі болды (бірлесіп «Топ»).

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: ҚР, Астана қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8-үй.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына өзгесінен басқа мыналар кіреді:

- Мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- Келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мүдделерді білдіру; және
- Көмірсутектерді барлау, әзірлеу, өндіру, мұнай операцияларын жүргізу қызметтері, қайта өңдеу, мұнай химия, тасымалдау және өткізу, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ өндіру инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг жасау.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі кіреді (3-ескертпе).

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін Басқарма төрағасының орынбасары мен Бас бухгалтері 2023 жылғы 6 наурызда шығаруға бекітті.

## 2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетілген операцияларды қоспағанда, бастапқы құн бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленді. Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталған жағдайларды қоспағанда, миллиондарға дейін дөңгелектенген.

### Сәйкестілік туралы мәлімдеме

Топтың бұл шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір маңызды есептік бағалауды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан Топтың есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі үшін елеулі болып табылатын салалар 4-ескертпеде ашылған.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ басшылығы бірқатар белгісіздіктерді, оның ішінде Украинадағы соғыстың салдарынан болған белгісіздіктерді ескере отырып, әлемдегі ағымдағы экономикалық және геосаяси ахуалды назарға алды (37-ескертпе). Шоғырландырылған қаржылық есептілік қызметтің үздіксіздігі қағидатына сәйкес дайындалды.

### Шетел валютасын қайта есептеу

#### Функционалдық валюта және білдіру валютасы

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі - функционалдық валюта). Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның функционалдық валютасы мен оны білдіру валютасы болып табылатын Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі - теңге) білдірілген.

#### Операциялар және шоттар сальдосы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Мұндай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде туындаған бағамдық айырмашылықтардан және есепті күнгі бағамдар бойынша шетел валютасында берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түскен кірістер мен шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын айырмалар, Топтың шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларын хеджирлеудің бір бөлігі ретінде айқындалған монетарлық баптарды қоспағанда, пайда немесе зиян құрамында танылады. Бұл баптар инвестициялардың пайда немесе зиян құрамынан шығуы сәтіне жинақталған соманы қайта жіктей отырып таза инвестициялар шығарылғанға дейін басқа жиынтық кірістің құрамында танылады. Бұл монетарлық баптар бойынша бағамдық айырмаларға тән салық төлемдері мен несиелер басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

#### Топқа кіретін компаниялар

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістер мен зиян және қаржылық позициясы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- Қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнге жабу бағамдары бойынша қайта есептеледі;
- Жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- Барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

#### Валюталарды айырбастау бағамдары

KASE-де белгіленген орташа есептелген валютаны айырбастау бағамы ҚР ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады. KASE-нің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 462,65 теңгені құрады. Бұл бағам 2022 жылғы 31 желтоқсанға АҚШ долларында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 1 АҚШ доллары үшін 431,80 теңге). ҚҰБ-ның 2023 жылғы 6 наурыздағы айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 432,83 теңгені құрады. 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шетелдік валюталардың теңгеге қатысты бағамының тұрақсыздығына байланысты Топта 40.925 миллион теңге мөлшерінде нетто, оң бағамдық айырма қалыптасты.

### IBOR реформасы контексіндегі қарыз шарттарын қайта қарау

IBOR реформасын жүзеге асыру шеңберінде кейбір қаржы құралдары IBOR-дан тәуекелсіз пайыздық мөлшер-лемеге ауысу шамасына қарай өзгертілген немесе өзгертілетін болады. Қаржы құралының пайыздық мөлшерле-месінің өзгеруінен басқа, мұндай ауысу кезінде қаржы құралының шарттарына қосымша өзгерістер енгізілуі мүмкін. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары жағдайында Топ бастапқыда практикалық сипат-тағы мынадай жеңілдетулерді қолданады:

- Практикалық сипаттағы жеңілдетуді, соған сай реформамен тікелей талап етілетін шарттың өзгеруі немесе ақша ағындарының өзгеруі нарықтық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне баламалы болатын құбылмалы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі ретінде қарастырылуы тиіс;
- Хеджирлеу ара қатынастарының анықтамасына және хеджирлеу ара қатынастарын тоқтатпастан хеджирлеу жөнін-дегі құжаттамаға IBOR реформасымен талап етілетін өзгерістерді енгізуге жол беріледі;
- Ұйымдарға тәуекелсіз мөлшерлемесі бар құрал ұйымның қарауына қарай хеджирлеу ара қатынастары шеңберінде тәуекелі бар құрамдас ретінде айқындалған жағдайларда бөлек сәйкестендірілетін құрамдастарға қатысты талап-тарды сақтау қажеттілігінен уақытша босату беріледі.

Содан кейін практикалық сипаттағы жеңілдету қолданылмайтын кез-келген өзгерістерге қатысты Топ бұл өзгері-стердің маңызды екенін бағалау үшін пайымдауды қолданады. Егер бұл өзгерістер елеулі болса, қаржы құралын тану тоқтатылады және жаңа қаржы құралы танылады. Егер өзгерістер елеулі болмаса, Топ қайта қаралған тиімді пайы-здық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған практикалық сипаттағы жеңілдету қолданылмайтын өзгері-стердің келтірілген құнына қаржы құралының жалпы баланстық құнын түзетеді.

## 3. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу

### Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер

#### Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2022 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2021 жылғы

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қол-данылған қағидаттарға сәйкес келеді.

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімі-нен бұрын қолданған жоқ.

Кейбір түзетулер мен түсіндірмелер алғаш рет 2022 жылы қолданыла, бірақ олар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Топ тек Топ үшін жарамды және қолданылатын стандарттардың тізімін ұсынды.

#### «Ауыртпалық түсіретін шарттар: шартты орындау шығындары» 37 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Түзетулерде шарттың ауыртпалықты немесе залалды болып табылатындығын бағалау кезінде ұйым қосымша шығын-дарды да, шартты орындауға тікелей байланысты бөлінген шығындарды да қамтитын тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шартқа тікелей байланысты шығындарды ескеруге тиіс екендігі түсіндіріледі. Шартпен тікелей байланысты емес жалпы және әкімшілік шығындар оларды шарт бойынша контрагент ашық түрде өтеуге тиіс болған жағдайлардан басқа, ескерілмейді. Бұл түзетулер ауыртпалықты шарттардың жоқ болуына орай Топтың шоғы-рландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

#### 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер - «Концептуалдық негіздерге сілтемелер»

Түзетулер «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер мен шартты активтер» 37 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жататын міндеттемелер мен шартты міндеттемелер үшін «2 күннің» әлеуетті табысының немесе шығындарының пайда болуын болдырмас үшін «Бизнесстерді біріктіру» 3 ХҚЕС-те (IFRS) мойындау қағидатынан ерекшелікті немесе егер олар жеке операциялардың шеңберінде туындаған болса, «Міндетті төлемдер» 21 КРМФО (IFRIC) Түсіндірмелерін қосты. Осы ерекшелікке сәйкес «Концептуалдық негіздердің» ережелерін қолданудың орнына ұйымдар сатып алу күніне міндеттеменің бар-жоғын анықтау үшін

37 ХҚЕС (IAS) критерийлерін немесе 21 ХҚЕС (IFRIC) түсіндірмелерін қолдануы тиіс. Осы түзетулер Топтың шоғырлан-дырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, өйткені қаралып отырған кезең ішінде осы түзетулердің қолданылу аясына жататын шартты активтер, міндеттемелер және шартты міндеттемелер туындамады.

16 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Негізгі құралдар: мақсатына лайық пайдаланғанға дейінгі түсімдер»

Бұл түзетулерге сай ұйымдарға негізгі құрал объектісінің бастапқы құнынан бұл объектіні орналасқан жеріне дейін жеткізу және оны басшылықтың ниетіне сәйкес пайдалану үшін талап етілетін жай-күйге келтіру процесінде жасалған бұйымдарды сатудан түскен қандай да бір түсімдерді есептен шығаруға тыйым салынған. Осының орнына ұйым мұн-дай бұйымдарды сатудан түсетін түсімдерді, сондай-ақ бұл бұйымдарды шығару құнын пайданың немесе зиянның құрамында мойындайды. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, өйткені қаржылық есептілікте ұсынылған кезеңнің ең ерте кезеңінің басталу күніне (немесе одан кейін) пайдалануға қол-жетімді болатын негізгі құралдардың осындай объектілері өндірген бұйымдарды сату болмаған.

#### «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату үшін «10% тестісін» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы

Түзетуде ұйым жаңа немесе түрлендірілген қаржылық міндеттеменің талаптары бастапқы қаржылық міндетте-менің талаптарынан айтарлықтай ерекшеленетіндігін бағалау кезінде ескеретін комиссиялық сыйақы сомалары түсіндіріледі. Мұндай сомаларға тек, кредитор немесе қарыз алушы басқа тараптың атынан төлеген немесе алған комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, белгілі бір кредитор мен қарыз алушының арасында төленген немесе алынған комиссиялық сыйақылар ғана жатады. «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39 ХҚЕС (IAS) үшін ұқсас түзету көздел-меген. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, өйткені қаралып отырған кезең ішінде Топтың қаржы құралдарының түрлендірілуі болған жоқ.

#### Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша стандарттарға жаңа түзетулер жарияланды:

- 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Бухгалтерлік бағалауды айқындау»;
- 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер және «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсету» 2 ХҚЕС жөніндегі іс жүзіндегі ұсынымдар;
- 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Бір операцияның нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге қатысты кейінге қалдырылған салық»;
- 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «Сату және кері жалдау кезінде жалдау міндеттемесі»;
- 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Міндеттемелерді ағымдағы немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»;
- 10 ХҚЕС-ке (IFRS) және 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Инвестор мен оның қауымдасқан компаниясы немесе бірле-скен кәсіпорны арасында активтерді сату немесе беру».

### Шоғырландыру негізі

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның еншілес ұйымдарының 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілігін қамтиды. Бақылау, егер Топтың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа құқығы бола немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшыраса және инвести-циялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктері салдарынан осы қайтарымға ықпал ете алған жағдайда жүзеге асыры-лады. Атап айтқанда, егер Топтың: инвестициялау объектісіне қатысты өкілеттіктері (яғни, инвестициялау объектісінің едәуір қызметін басқаруға ағымдағы мүмкіндікті қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар); инвестицияларға өз қаты-суынан ауыспалы кірісті алуға ұшырағыштығы немесе құқықтары, сондай-ақ; инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін кірістердің көлеміне ықпал ету мақсатында пайдалану мүмкіндігі болған жағдайда, Топ инвестиция-лау объектісін бақылайды.

Әдетте, дауыс беру құқықтарының көп болуы бақылаудың болуын білдіреді деп болжанады. Мұндай жорамалды растау үшін және Топтың инвестициялау объектісіне қатысты көпшілік дауыс беру құқығынан кемі немесе дәл сон-дай құқықтары болғанда, Топ, инвестициялау объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісімдерді қоса алғанда, бұл инвестициялау объектісіне қатысты өкілеттіктердің бар-жоғын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен жағдайларды, басқа келісімдермен негізделген құқықтарды; дауыс беру құқықтарын және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтарын ескереді.

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш элементі бірінің немесе одан көбісінің өзгеруін растаса, Топ инве-стициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес ұйымға бақылауды алған кезде еншілес ұйымның шоғырлануы басталады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі есеп саясатын бірізді қолданудың негізінде бас компанияның есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін әзірленді. Пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кірістің әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының Акционерлеріне және тіпті егер бұл бақыланбайтын қатысу үлесінде теріс қалдықтарға әкеліп соқтырған жағдайда да, бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады. Қажет болғанда еншілес ұйымдардың



қаржылық есептілігі олардың есеп саясаттарын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Барлық топ ішіндегі қалдықтар, операциялар, топ ішінде операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын өткізілмеген пайда мен зиян шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталды. Бақылаудан айырылмастан инвестициялау нысанда-рындағы қатысу үлестерінің өзгерісі капиталмен жасалған операция ретінде ескеріледі.

Егер Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылып қалса, ол тиісті активтерді (гудвилді қоса), міндеттемелерді, бақыланбайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың басқа да құрамдастарын тануды тоқтатады және жиынтық кірісті немесе зиянды пайда немесе зиян құрамында мойындайды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

### Еншілес ұйымдар

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келесі елеулі тікелей еншілес ұйымдар осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылды:

Маңызды ұйымдар	Негізгі қызметі	Тіркелген елі	Иелік ету үлесі	
			2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі - ҚМГ БӨ)	Барлау және өндіру	Қазақстан	<b>99,72 %</b>	99,72 %
«ҚазМұнайТеңіз» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	<b>100 %</b>	100 %
«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	<b>100 %</b>	100 %
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	<b>100 %</b>	100 %
KMG Кашаган B.V. (6-ескертеп)	Барлау және өндіру	Нидерландтар	<b>100 %</b>	100 %
«ҚазТрансОйл» АҚ	Мұнайды тасымалдау	Қазақстан	<b>90 %</b>	90 %
«ҚазақТеңізКөлікФлоты» ЖШС	Мұнайды тасымалдау және құрылыс	Қазақстан	<b>100 %</b>	100 %
Cooperative KazMunayGas PKI U.A.	Мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Нидерландтар	<b>100 %</b>	100 %
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС	Қайта өңдеу	Қазақстан	<b>99,53 %</b>	99,53 %
«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС	Қайта өңдеу	Қазақстан	<b>100 %</b>	100 %
KMG International N.V. (бұдан әрі - КМГИ)	Мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Румыния	<b>100 %</b>	100 %
«KMG Drilling&Services» ЖШС	Бұрғылау қызметтері	Қазақстан	<b>100 %</b>	100 %

### Бизнесті біріктіру және гудвил

Бизнесті біріктіру сатып алу әдісін пайдалана отырып есептеледі. Сатып алу құны сатып алу күніндегі әділ құн бойынша бағаланған берілген сыйақы сомасы және сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесінің құны ретінде бағаланады. Бизнесті біріктіру жөніндегі әрбір мәміле үшін сатып алатын тарап сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесі әділ құн бойынша, не сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі теңбе-тең үлес бойынша бағалайды. Сатып алуға байланысты шегілген шығындар әкімшілік шығыстардың құрамына енгізіледі.

Топ бизнесті сатып алғанда, ол сатып алынған қаржы активтері мен қабылданған міндеттемелерді тиісті түрде шартты талаптарына, экономикалық жағдайға және сатып алу күніндегі тиісті жағдайларға байланысты жіктейді. Бұған компания сатып алатын негізгі шарттарға қосылған туынды құралдарды бөлу жатады.

Сатып алатын тарап беруге тиіс шартты сыйақы сатып алу күніндегі әділ құн бойынша танылуға тиіс. Қаржы құралы болып табылатын және 9 ХҚЕС-тің (IFRS) «Қаржы құралдары» қолданылу аясына түсетін актив немесе міндеттеме ретінде жіктелетін шартты өтемақы әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес пайда немесе зиян құрамында танылады. Егер шартты сыйақы 9 ХҚЕС-тің (IFRS) қолданылу аясына түспесе, ол пайда немесе зиян құрамында әділ құны бойынша бағаланады. Меншікті капитал ретінде жіктелуге жататын шартты өтеу кейіннен қайта бағаланады және оның кейіннен өтелуі меншікті капитал құрамында көрсетіледі.

Гудвил бастапқыда берілген сыйақы және танылған бақыланбайтын қатысу үлесі сомасының және сатып алушыға бұрын тиесілі болған үлестердің сатып алынатын таза сәйкестендірілетін активтердің және ол қабылдаған міндеттемелердің сомасынан асып түсуі ретінде айқындалатын бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтемақы сомасынан асатын болса, Топ барлық сатып алынған активтердің және барлық қабылданған міндеттемелердің анықталу дұрыстығын, сондай-ақ сатып алу күніне танылуы тиіс болған сомаларды бағалау кезінде пайдаланылған процедураларды қайталап талдайды. Егер қайталап жасалған талдаудан кейін берілген өтемақы сатып алынған таза активтердің әділ құнынан кем болып қалса, табыс пайда немесе зиян құрамында танылады.

Кейіннен гудвил құнсызданудан болған жинақталған шығындар шегеріліп, бастапқы құн бойынша бағаланады. Құнсыздану тестісін өткізу мақсатында бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвил сатып алынған күннен бастап Топтың ақша ағындарын жасайтын бөлімшелерінің әрқайсысына бөлінеді, олар болжанып отырғандай компания сатып алатын басқа активтер мен міндеттемелер аталған бөлімшелерге жататынына немесе жатпайтынына тәуелсіз бизнесті біріктіруден пайда табады.

Егер гудвил ақша ағындарын жасайтын бірліктің бір бөлігі болса және осы бірліктің шеңберінде қызметтің бір бөлігі шығып кетсе, шығып кететін қызметке қатысты гудвил қызметтің шығуынан пайданы немесе зиянды айқындау кезінде осы қызметтің ағымдағы құнына кіреді. Мұндай жағдайда шығып қалған гудвил шығып қалған қызметтің құны мен ақша ағындарын жасайтын бірліктің қалған бөлігі құнының негізінде бағаланады.

### Кезең-кезеңмен болатын бизнесті біріктіру

Сатып алушыға сатып алу күніне бұрын тиесілі болған сатып алынатын компаниядағы қатысу үлесінің әділ құны пайда немесе зиян арқылы сатып алу күніне әділ құны бойынша қайта бағаланады.

Бизнесті кезең-кезеңмен біріктіру кезінде сатып алушы сатып алу күніне төменде көрсетілгендей (а)-ның (б)-дан артуы ретінде бағаланатын гудвилді мойындайды:

Жиынтығы: (i) берілген сыйақы, ол әдетте, «Бизнесті біріктіру» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес сатып алу күніне әділ құны бойынша бағаланады; (ii) осы стандартқа сәйкес бағаланған сатып алынатын ұйымдағы бақыланбайтын қатысу үлесінің құны; (iii) сатып алу күніне бұрын сатып алушы тарапқа сатып алынатын ұйымдағы қатысу үлесін сатып алу күніне әділ құны;

Сатып алынған активтерді және қабылданған міндеттемелерді сатып алу күніне таза әділ құны.

### Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдарды сатып алу

Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Жалпы бақылауға берілетін еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелері шоғырландырылған қаржылық есептілікте беру күніне беретін ұйымның («Бастамашы») ағымдағы құны бойынша ескеріледі. Бастамашы бастапқыда сатып алған кезде объективті түрде ескеретін тиісті гудвил шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Бастамашының гудвилін қоса алғанда, таза активтердің жалпы ағымдағы құны мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Салыстырмалы деректерді қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік еншілес ұйымды Топ Бастамашы бастапқыда сатып алған күнге сатып алғандығы туралы жорамалға сүйене отырып ұсынылады.

### Жалпы бақылаудағы тараптардан бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды сатып алу

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Топтың жалпы бақылауға берілетін бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың активтері мен міндеттемелеріндегі үлесі шоғырландырылған қаржылық есептілікте беру күніне беретін ұйымның («Бастамашы») ағымдағы құны бойынша ескеріледі. Таза активтердің жалпы ағымдағы құнындағы Топтың үлесі мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Бірлескен операциялар

### Бірлесіп-бақыланатын операциялар

Бірлескен операция - бұл қызметке бірлескен бақылауға ие болатын тараптың қызметпен байланысты міндеттеме-лер бойынша активтер мен жауапкершілікке құқықтарының болуын болжайтын бірлескен кәсіпкерлік типі. Топ бір-лескен операциялардағы өзінің мүдделеріне қатысты мыналарды: Бірлескен активтердегі өз үлесін қоса алғанда, активтерді; Бірлескен міндеттемелердегі өз үлесін қоса алғанда, міндеттемелерді; Бірлескен операциялардың нәти-жесінде өндірілген өнімдегі үлесті сатудан түскен түсімді; Бірлескен операциялардан болған өнімді сатудан түскен түсімнің үлесін; бірлесіп шеккен шығыстардағы үлесті қоса алғанда, Шығыстарды мойындайды.

### Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар

Қауымдасқан компания - соған қатысты Топтың айтарлықтай ықпалы бар компания. Айтарлықтай ықпал – инвести-циялар объектісінің қаржылық және операциялық саясатына қатысты шешімдерді қабылдауға қатысу өкілеттіктері, бірақ мұндай саясатқа қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау жатпайды.

Бірлескен кәсіпорындар

Бірлескен кәсіпорын – бұл бірлескен қызмет түрі, әрі соған сай келісімге қатысты бірлескен бақылауы бар тараптар-дың бірлескен кәсіпорынның таза активтеріне құқықтары бар. Бірлескен бақылау – бұл шартпен негізделген қызметке бақылауды бірлесіп жүзеге асыру, әрі ол тек маңызды қызметке қатысты шешімдердің қабылдануы бірлескен бақыла-уды жүзеге асыратын тараптардың бірауызды келісімін қажет еткен жағдайларда ғана орын алады. Бірлескен бақы-лауды көздейтін шарт талаптары бойынша Топ бірлескен кәсіпорындарда қатысу үлесінің 50% кеміне иелік ете алады.

Бірлескен кәсіпорындар

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес ұйымдарға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас келеді. Топтың қауымдасқан ком-панияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялары үлестік қатысу әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Бірлескен кәсіпорындар

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан компанияға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестиция алдымен баста-пқы құны бойынша танылады. Сатып алғаннан кейін инвестициялардың баланстық құны бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның таза активтеріндегі өзгерістердегі Топтың үлесі танылуы салдарынан не өседі немесе төмендейді. Бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға жататын гудвил инвестицияның балан-стық құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Бірлескен кәсіпорындар

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп бірлескен кәсіпорын немесе қауымдасқан компания қызметінің нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Мұндай инвестициялау объектілерінің басқа да жиынтық кірісіндегі өзгері-стер Топтың басқа да жиынтық кірісінің құрамында ұсынылады. Сонымен бірге, егер бірлескен кәсіпорын немесе қауымдасқан компания капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылса, осы фактіні ашады. Топтың және бірлескен кәсіпорындардың немесе қауымдасқан компаниялардың арасындағы мәмілелер бойынша туындайтын өткізілмеген кірістер мен залал бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан компаниядағы қатысу үлесінің мөл-шерінде алынып тасталады.

Бірлескен кәсіпорындар

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес жиынтық кіріс туралы шоғырланды-рылған есепте тікелей көрсетіледі және салық салынғаннан кейінгі пайданы немесе зиянды және бірлескен кәсіпо-рынның немесе қауымдасқан компанияның еншілес компанияларындағы бақыланбайтын қатысу үлесін білдіреді. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі сияқты есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда қаржылық есептілік есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетіледі.

Бірлескен кәсіпорындар

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға өз инвести-циялары бойынша құнсызданудан болған қосымша залалды тану қажеттілігін айқындайды. Топ әрбір есепті күнге бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға инвестициялар құнсыздануының объективті дәлелдерінің болуын анықтайды. Мұндай дәлелдер болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның өтелетін құны мен олардың баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және залалды «Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялардың құнсыздануы» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындайды.

Бірлескен кәсіпорындар

Бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан компаниядағы елеулі ықпалын жоғалтқан жағдайда Топ қалған инве-стицияларды әділ құн бойынша бағалайды және мойындайды. Айтарлықтай ықпалдан немесе бірлескен бақылаудан айырылу сәтіне бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға салынған инвестициялардың баланстық құны мен қалған инвестицияның әділ құны және сатудан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында танылады.

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ

### Активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебінде активтер мен міндеттемелерді олардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив қысқа мерзімді болып табылады, егер: оны өткізу болжанса немесе ол сатуға және әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде тұтынуға арналса; ол негізінен сауда мақсатында арналса; оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өткізу болжанса; немесе ол, есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде оны айырбастауға немесе міндеттемелерді өтеу үшін пай-далануға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ақша қаражатын немесе оның баламаларын білдірсе. Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер: оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса; ол негізінен сауда мақсатында ұсталса; ол есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде өтелетін болса; немесе компанияның міндеттеменің өтелу мерзімін есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде ұзартуға шартсыз құқығы болмағанда. Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Міндеттеме ұзақ мерзімді болып табылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Міндеттеме ұзақ мерзімді болып табылады.

#### Кен орындарын барлауға, бағалауға және әзірлеуге байланысты шығыстар

**Жер қойнауын пайдалану құқықтарын (лицензияларды) иемденгенге дейін болған шығындар**

Лицензияларды сатып алғанға дейін болған шығындар, ҚР Үкіметімен тиісті келісімге қол қойылғаннан кейін болған шығындарды қоспағанда, олар орын алған кезеңдегі шығыстарға жатады. Мұндай жағдайларда болған шығындар барлау және бағалау активтерінің құрамында капиталдандырылады.

Міндеттеме ұзақ мерзімді болып табылады.

**Жер қойнауын пайдалану құқықтарын және мүлікті сатып алу шығындары**

Жер қойнауын барлау әрі өндіру құқықтары және мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындар барлау әрі бағалау активтерінің құрамында капиталдандырылады және материалдық емес ретінде жіктеледі. Барлау бойынша әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын және активтің құнсызданбағанын растау мәніне қара-стырылады. Егер келешек жұмыстар жоспарланбаса, барлауға арналған лицензияларды және мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындардың ағымдағы құны есептен шығарылады. Экономикалық негізделген шығарылатын қор-лар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») анықталған кезде және әзірлеуді ішкі бекіту кезінде барлауға арналған лицензияларды және кен орындардың бөлігінде ескерілетін мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындардың ағымдағы құны, барлау және бағалау бойынша активтермен бірігіп, мұнай-газ мүлкіне немесе мұнай-газ активтеріне ауыстырылады.

Міндеттеме ұзақ мерзімді болып табылады.

**Барлаумен және бағалаумен байланысты шығындар**

Барлауға арналған заңды құқық сатып алынғаннан кейін, сәтсіз пайдаланылатын немесе жиектелетін ұңғымаларды қоса алғанда, геологиялық әрі геофизикалық зерттеу шығындары мен барлау және бағалау ұңғымаларымен тіке-лей байланысты шығындар ұңғыманы бұрғылау жұмыстары аяқталғанға дейін және нәтижелер бағаланғанға дейін шығындардың сипатына сәйкес барлау және бағалау материалдық емес немесе материалдық активтер ретінде капи-талдандырылады. Мұндай шығындарға қызметкерлерге төлемақы, пайдаланылған материалдар мен жанар май, бұрғылау мұнарасының құны және мердігерлерге арналған төлемдер кіреді. Егер күтілетін қорлар табылмаса, бар-лау және бағалау бойынша актив құнсыздануға тестіленеді; егер шығарылатын көмірсутектер табылып, қызметті одан кейінгі бағалауға жататын болса, әрі оған коммерциялық әзірленуі ықтимал болатын басқа ұңғымаларда бұрғылау кіруі мүмкін болса, онда шығындар көмірсутектерді коммерциялық шығаруды бағалауда негізделген/үздіксіз про-греске қол жеткізілмейінше, актив ретінде ескерілуін жалғастырады.

Міндеттеме ұзақ мерзімді болып табылады.

Осы сияқты барлық шығындар техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге, сол сияқты әзірлеуді жалға-стыру ниетін немесе табудан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілін растау үшін жылына кем дегенде бір рет құн-сыздану мәніне тексеруге жатады.

Міндеттеме ұзақ мерзімді болып табылады.

Көмірсутектердің дәлелденген қорлары анықталғанда және әзірлеу туралы шешім қабылданғанда, барлаумен және бағалаумен байланысты тиісті шығындар, тиісті шығыстар құнсыздану тестісінен кейін және құнсыздану залалы, егер ондай болса, танылағаннан кейін мұнай-газ активтеріне ауыстырылады.

Міндеттеме ұзақ мерзімді болып табылады.

Мұндай ниет болмағанда, және келісімшарттық аумақты Үкіметке қайтарып беру шешімі қабылданғанда және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды бұзу ниеті болғанда активтер шығыстарға есептен шығарылады.

**Әзірлеу шығындары**

Платформалар, мұнай құбырлары және әзірлеу ұңғымаларын бұрғылау сияқты инфрақұрылым объектілерін салу, орнату және аяқтау шығындары мұнай-газ мүлкінің құрамында капиталданады.

### Мұнай-газ мүлкі және басқа да негізгі құралдар

Мұнай-газ мүлкі мен басқа да негізгі құралдар жинақталған амортизацияны, тозу мен құнсыздануды шегере отырып, бастапқы құны бойынша ескеріледі.

Мұнай-газ құрылысы

Активтердің бастапқы құны сатып алу немесе салу бағасынан, ұзақ мерзімді құрылыс және әзірлеу жобалары бойынша пайыздар шығындарынан, мойындау критерийлерін сақтау шартымен, активті жұмыс күйіне келтіруге тікелей байланысты шығындардан және қажет болғанда активті жою шығындарының бастапқы бағалауынан тұрады. Сатып алу немесе бағалау бағасы жиынтық төленген құн және активті сатып алу үшін берілген сыйақының кез келген түрінің әділ құны болып табылады.

Мұнай-газ құрылысы

Мұнай-газ мүлкі өндірістік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады, ал материалдық емес активтер дәлелденген әзірленген қорлар бойынша, ал материалдық емес активтер дәлелденген қорлар бойынша амортизацияланады. Пайдалы қызмет ету мерзімі кен орындары қызметінің қалдық мерзімінен аз болатын кейбір мұнай-газ мүлкі пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады.

Мұнай-газ құрылысы

Мұнай-газ активтері мен жерден басқа негізгі құралдарға, негізінен пайдалы қызмет етудің орта мерзімдерінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланатын жер, ғимараттар, машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары мен басқалары былайша кіреді:

МӨЗ активтері	4-100 жыл
Құбырлар	2-30 жыл
Ғимарат мен құрылысжайлар	2-100 жыл
Машиналар мен жабдық	2-30 жыл
Көлік құралдары	3-35 жыл
Басқасы	2-20 жыл
Жер	Амортизацияланбайды

Мұнай-газ құрылысы

Негізгі құралдардың болжамды пайдалы қызмет етуінің мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қарастырылып отырады және қажет болғанда мерзімдегі өзгерістер кейінгі кезеңдерде ескеріліп отырады.

Мұнай-газ құрылысы

Негізгі құралдардың ағымдағы құны ол өтелетін болып табылмайтындығына көрсететін қандай да бір оқиғалар немесе жағдайлардағы өзгерістер болған жағдайларда құнсыздану мәніне қайта қарастырылып отырады.

Мұнай-газ құрылысы

Көмірсутектердің коммерциялық көлемдерін өндіруді тоқтатқан және жойылуға арналған өндіру ұңғымаларын қоса алғанда, негізгі құралдар нысанының мойындалуын доғару есептен шығарылған кезде немесе егер келешекте мұндай активті пайдаланудан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын кірістер немесе шығыстар (активтің шығуынан және ағымдағы құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған кезең үшін пайдаға және зиянға кіргізіледі.

### Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып, құны бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтерге табиғи газды барлауға, әзірлеуге және өндіруге арналған лицензияларды, компьютерлік бағдарламалар мен гудвилді сатып алу шығындары кіреді. Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құны - бұл жиынтық төленген сома және активті сатып алу үшін берілген кез келген басқа сыйақының әділ құны.

Мұнай-газ құрылысы

Гудвилді және жер қойнауын пайдалану құқықтарын қоспағанда, материалдық емес активтер, пайдалы қызмет етудің күтілетін қалған мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады. Активтердің күтілетін пайдалы қызмет ету мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қаралады және пайдалы қызмет ету мерзімдерін өзгерту қажет болғанда келесі кезеңдерде ескеріледі. Компьютерлік бағдарламалық жасақтаманың пайдалы қызмет ету мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейін құрайды.

Мұнай-газ құрылысы

Мұнай-газ құрылысы

Материалдық емес активтердің ағымдағы құны оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің ағымдағы құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздануға талданады. Гудвил жыл сайын (31 желтоқсандағы жағдай бойынша), сондай-ақ оқиғалар оның ағымдағы құны құнсыздануы мүмкін екендігін көрсеткен жағдайларда, құнсыздануға тестіленеді.

Мұнай-газ құрылысы

Гудвилдің құнсыздануы гудвил қарайтын ақша ағынын туындататын бөлімшелер (немесе ақша ағынын туындататын бөлімшелер тобы) құнының өтелетін құнын бағалау арқылы анықталады. Егер ақша ағынын туындататын бөлімшелердің өтелетін құны олардың ағымдағы құнынан аз болса, құнсызданудан болған зиян танылады. Гудвилдің құнсызданудан болған залалды болашақ кезеңдерде қалпына келтіру мүмкін емес.

Мұнай-газ құрылысы

#### Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер осындай белгілер орын алса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеру талап етілсе, Топ активтің өтелетін құнына бағалау жүргізеді. Активтің өтелетін құны – бұл келесі көлемдердің ең үлкені: сату шығындарын немесе активті пайдалану құндылығын шегере отырып, активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің (ААЖБ) әділ құны. Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасаған жағдайда ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің ағымдағы құны немесе ААЖБ өтелетін сомадан асып кетсе, онда актив құнсызданған ретінде қаралады және оның құны өтелетін сомаға дейін кемітіледі. Пайдаланудан болатын құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары келтірілген құнға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша активке тән ақша мен тәуекелдердің уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейін дисконтталады.

Мұнай-газ құрылысы

Сату шығындарын шегере отырып әділ құнды айқындау кезінде тиісті бағалау үлгісі қолданылады. Бұл есептер бағалау коэффициенттерімен, еншілес ұйымдар акцияларының нарығында еркін айналыстағы бағаларды белгілеумен немесе әділ құнның өзге де қол жетімді көрсеткіштерімен расталады. Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте құнсызданған актив функциясына сәйкес келетін шығыстар санатында көрсетіледі.

Мұнай-газ құрылысы

Топ құнсыздану сомасын Топтың жеке активтер жатқызылатын әр ААЖБ үшін жеке дайындалатын жан-жақты жоспарлары және болжамды есеп айырысуларын басшылыққа ала отырып айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдетте 5 (бес) жылға жасалады. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бес жылдан кейін келешек болжанатын ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсу қарқындары есептеледі.

Мұнай-газ құрылысы

Гудвилді қоспағанда, активтер үшін әрбір есепті күнге құнсызданудан болған бұрын танылған залал бұдан былай жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілеріне бағаланады. Егер мұндай белгі бар болса, Топ активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсызданудан болатын шығынды соңғы рет таныған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған жол берілімде өзгеріс орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтірілген жағдайда активтің ағымдағы құны активтің өтелетін құнынан, сондай-ақ егер бұрынғы жылдары актив бойынша құнсызданудан болатын шығын танылмаған жағдайда ол бойынша осы актив танылса ағымдағы құннан (амортизацияны шегергенде) аспайды. Мұндай қалпына келтіру жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Мұнай-газ құрылысы

#### Барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы

Барлау және бағалау бойынша активтер құнсыздану мәніне тексеріледі, әрі мұндай активтер әзірлеу бойынша материалдық және материалдық емес активтердің құрамына немесе активтердің құнсыздануына нұсқайтын фактілер мен жағдайлар болғанда аударылады.

Мұнай-газ құрылысы

Бір немесе одан да көп төмендегі фактілердің және жағдайлардың болуы Топ барлау әрі бағалау жөніндегі өз активтерін құнсыздану мәніне тексеруге міндетті екендігіне нұсқайды (тізбесі толық болып табылмайды):

- Соның ішінде Топ ұйымы белгілі бір учаскені барлауға құқылы болған кезең өтіп кеткенде немесе таяу арада өтеді және оның ұзартылуы күтілмейді;
- Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды одан әрі барлауға және бағалауға едәуір шығыстар бюджетке қосылмаған және жоспарланбайды;
- Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды барлау және бағалау минералды ресурстардың коммерциялық тиімді көлемдерін анықтауға әкеліп соқтырмады және Топ ұйымы белгілі бір учаскеде мұндай қызметті тоқтату шешімін қабылдады;
- Жеткілікті деректер белгілі бір учаскені әзірлеу ықтималдылығына қарамастан барлау және бағалау жөніндегі активтің ағымдағы құны нәтижелі әзірлеудің немесе өткізудің нәтижесінде толық шамада өтелмейтіндігін көрсетеді.

#### Сату үшін ұсталатын активтер және тоқтатылған қызмет

Сату үшін ұсталатын деп жіктелген ұзақ мерзімді активтер мен шығу топтары сатуға арналған шығындар шегеріліп, ағымдағы құн мен әділ құнның ең азы бойынша бағаланады. Ұзақ мерзімдер активтер және шығу топтары, егер олардың ағымдағы құны өтеуге жататын болса негізінен қолданудың жалғасуы нәтижесінде емес, сату жолымен сату үшін ұсталатын ретінде жіктейді. Бұл шарт егер сату мүмкіндігі жоғары, ал актив немесе шығу тобы өзінің ағымдағы жағдайында жедел сатылуы мүмкін болса, сақталған болып саналады.

Басшылықтың оған қатысты жіктелген күннен бастап бір жыл ішінде аяқталған сату мәмілесі ретінде тану өлшемдеріне сәйкес күтілуге тиіс сатып алуды жасауға бекем ниеті бар.

Есепті кезең үшін, сондай-ақ өткен жылдың салыстырмалы кезеңі үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тоқтатылған қызметтен болған кірістер мен шығыстар, тіпті егер сатылғаннан кейін Топ еншілес ұйымдағы бақыланбайтын қатысу үлесін сақтап қалса да, салық салынғаннан кейін пайда деңгейіне дейін төмендей отырып жалғасып отырған қызметтен кірістер мен шығыстарды бөлек есепке алынады. Нәтиже беретін пайда немесе зиян (салықтар шегерілгеннен кейін) жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте бөлек ұсынылады.

Сатуға арналған ретінде жіктелгеннен кейін негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизациялауға жатпайды.

#### Активтің шығуы бойынша міндеттеме (пайдаланудан шығару)

Пайдаланудан шығаруға арналған резервтер Топтың объектіні немесе негізгі құралды қайта монтаждау мен көшіру бойынша және объекті тұрған учаскені қалпына келтіру бойынша міндеттемесі болған кезде, сондай-ақ мұндай резервті пайымды бағалауды жүзеге асыру мүмкін болған кезде, дисконтталған ақша ағындарының негізінде толық көлемде танылады. Танылған сома жергілікті шарттар мен талаптарға сәйкес анықталған бағаланған болашақ шығыстардың ағымдағы құнын білдіреді. Сондай-ақ тиісті негізгі құрал танылған резервтің мөлшеріне баламалы сомада танылады. Соның салдарынан, бұл актив тиісті амортизациялау әдісі негізінде өндіріске және тасымалдауға капиталдандырылған шығындардың бір бөлігі ретінде амортизацияланады.

Міндеттемелерді өтеу үшін қажетті экономикалық пайда негізінде жататын есепті мерзімдегі немесе ресурстардың қайту сомасындағы өзгерістердің нәтижесі болып табылған пайдаланудан шығару жөніндегі қазіргі резервті бағалаудағы өзгерістер, немесе дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгеріс мынадай түрде ескеріледі, соның салдарынан:

(а) Резервтегі өзгерістер ағымдағы кезеңдегі тиісті активтің құнына қосылады немесе есептен шығарылады;

(б) Активтің құнынан шығарылған сома оның ағымдағы құнынан аспауы тиіс. Егер резервтегі төмендеу активтің ағымдағы құнынан асып түссе, асып түсу дереу жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады; және

(в) Егер түзету актив құнының ұлғаюына әкеліп соқтырған жағдайда, Топ бұл активтің жаңа ағымдағы құны толығымен өтеле алмайтындығының көрсеткіші болып табылатындығын қарастырады. Егер бұл мұндай көрсеткіш болып табылса, Топ активтің өтелетін құнын бағалау арқылы оны құнсыздануға тестілейді және З6 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес құнсыздану бойынша кез келген залалды ескереді.

#### Қаржы активтері

##### Бастапқы тану және бағалау

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі келісімшартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Борыштық қаржы активі амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктелуі және бағалануы үшін ол өтелмеген негізгі сомаға «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың (SPPI) есебінен төлемдер ғана» білдіретін ақша ағындарының пайда болуына әкеп соқтыруы тиіс. Мұндай бағалау SPPI-тест

деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады. Топ қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Топ өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды. Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда жасалатын сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Топ активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

##### Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері екі санатқа жіктеледі:

- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Топтың басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтері болмады.

##### Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)

Бұл санат Топ үшін барынша орынды болып табылады. Топ қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- Қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады; және
- Қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зиян активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зиянның құрамында танылады. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ сауда және басқа да дебиторлық берешекті, байланысты тараптарға берілген қарыздар мен банк салымдарын жатқызады.

##### Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ байланысты тараптарға берген және туынды қаржы құралдарын қамтитын кейбір қарыздар жатады. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табылмайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады. Борыштық құралдарды басқа да жиынтық кіріс арқылы амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша жоғарыда сипатталғандай жіктеуге арналған критерийлерге қарамастан, борыштық құралдар бастапқыда танылған кезінде, егер осы сияқты жіктеу есептегі сәйкессіздікті жойса немесе айтарлықтай азайтса, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілетін ретінде жіктелуі мүмкін.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгеруі пайда немесе зиян құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

##### Тануды тоқтату

Қаржы активі (қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады) мойындалуын тоқтатады, егер:

- Активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; не болмаса
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, Топ берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын тоқтатады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады. Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғасатын қатысу келесі өлшемдердің: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Топ талап етуі мүмкін өтемақының ең көп соманың ең азы бойынша бағаланады.

Қаржылық есептілік — бұл қаржы субъектісінің қаржы қозғалыстарын есептеу және бағалауға арналған құрал.

**Қаржы активтерінің құнсыздануы**

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржы активтеріне қатысты күтілетін несиелік зиянның (КНЗ) бағалау резервін мойындайды. КНЗ шартқа сәйкес Топқа тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бұл актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең болатын мөлшерле-мені пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

КНЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап несие тәуекелі айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құрал-дары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық КНЗ) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несиелік зиянға қатысты зиянды бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін КНЗ) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несиелік зиянға қатысты залалға баға-лау резерві құрылады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Топ КНЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ несиелік тәуекелдің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін КНЗ тең сомада залалға бағалау резервін мойындайды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несиелік зиянның пайда болуының өткен тәжіри-бесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Топ қаржы активі бойынша дефолт болды деп есеп-тейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ ұстап қалатын несие сапасын арт-тыру тетіктерін ескерместен, Топтың шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер Топтың шартта көзделген ақша ағында-рының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

Тауар-материалдық қорлар

**Тауар-материалдық қорлар**

Тауар-материалдық қорлар өзіндік құн және ФИФО әдісі бойынша өткізудің таза құны екі өлшемнің ең азы бойынша ескеріледі. Оның құнына қорларды тиісті жерге жеткізумен және оларды ағымдағы күйге келтірумен байланысты әдеттегі қызмет барысында болған барлық шығындар жатады. Шикі мұнайдың және мұнай өнімдерінің құны, орташа өндіріс көлемінің негізінде тозу, таусылу және амортизация шығыстарының және үстеме шығыстардың тиісті бөлігін қоса алғанда, оларды өндірудің өзіндік құны болып табылады. Мұнай мен мұнай өнімдерін өткізудің таза құны, мұн-дай өткізумен байланысты шығыстарды шегере отырып, өткізудің болжамды бағасына негізделеді.

Қосылған құн салығы (ҚҚС)

**Қосылған құн салығы (ҚҚС)**

Салық органдары нетто негізде сату мен сатып алу бойынша ҚҚС өтеуді жүргізуге мүмкіндік береді. Өтелуге жата-тын ҚҚС, ішкі нарықтағы сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, ішкі нарықтағы сатып алулар бойынша ҚҚС-ты біл-діреді. Экспортқа сатудың нөлдік мөлшерлемесі бар.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

**Ақша қаражаты мен оның баламалары**

Ақша қаражаты мен оның баламаларына банк пен кассадағы ақша қаражаты, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Қаржылық міндеттемелер

**Қаржылық міндеттемелер**

**Бастапқы тану және бағалау**

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде пайда немесе зиян, несиелер, қарыздар мен берешек немесе туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда несиелер мен қарыздар болған жағдайда тікелей солармен байланысты мәміле бойынша шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша мойындалады.

Қаржылық міндеттемелер

Топтың қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек, несиелер мен қарыз алулар, сон-дай-ақ туынды қаржы құралдары кіреді.

Кейінгі бағалау

**Кейінгі бағалау**

Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелерге саудаға арналған қаржылық міндеттемелер мен пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындау кезінді айқындалған қаржылық міндеттемелер кіреді.

Егер олар таяу арада сату мақсатында сатып алынған болса, қаржылық міндеттемелер саудалауға арналған деп жік-теледі.

Егер олар таяу арада сату мақсатында сатып алынған болса, қаржылық міндеттемелер саудалауға арналған деп жік-теледі. Бұл санатқа Топ шарт бойынша бір жақ болып табылатын, олар 9 ХҚЕС-те (IFRS) айқындалғандай хеджирлеу операциясында хеджирлеу құралдары ретінде айқындалмаған туынды қаржы құралдары жатады. Белінген ендіріл-ген туынды құралдар тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі.

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар пайда мен зиянда танылады.

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар пайда мен зиянда танылады.

Топтың пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындалған кезде ол айқындаған қаржы міндеттемелері жоқ.

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Сауда кредиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшер-леме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Несиелер мен қарыздар

Бастапқыда танылғаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана оты-рып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығы-стар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерле-менің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерле-менің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайы-здық мөлшерлеме амортизациясы қаржылық шығындар құрамына енгізіледі.

Егер Топ төлемді есепті күннен кейін кем дегенде 12 айға кейінге қалдыруға сөзсіз құқылы болмаса, қарыздар ағымдағы міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Егер Топ төлемді есепті күннен кейін кем дегенде 12 айға кейінге қалдыруға сөзсіз құқылы болмаса, қарыздар ағымдағы міндеттемелер ретінде жіктеледі. Жіктелетін активті сатып алуға, оның құрылысына немесе өндірісіне тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар осындай актив құнының бір бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша басқа шығындар пайда болу сәтіне кезең шығыстары ретінде танылады.

Қаржылық кепілдік шарттары

Топ шығарған қаржылық кепілдік шарттары ұстаушы шеккен залалды өтеу үшін төлем жасауды талап ететін шарт-тарды білдіреді, өйткені аталған борышкер борыштық құралдың талаптарына сәйкес төлемді мерзімінде жасамады. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдіктің шығуымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құны бойынша міндеттеме ретінде танылады. Кейіннен міндеттеме келесі себептердің ең үлкені бойынша бағаланады: 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес есептелген күтілетін несиелік зиянның бағалау резерві және егер ондай болса, жинақталған амортизацияны шегере отырып танылған сома.

**Тануды тоқтату**

Қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің танылуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені танудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың ағымдағы құнындағы айырмасы пайда мен зиянда танылады.

Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

**Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы**

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниетіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқық болғанда ғана қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылуы тиіс.

Қаржылық есептілік және бухгалтерлік есептілік арасындағы айырмашылықтар

### Қаржы құралдарының әділ құны

Әрбір есепті күнге белсенді нарықтарда саудалануы жүзеге асырылып отырған қаржы құралдарының әділ құны мәміле бойынша шығасылар шегерілмей нарықтық баға белгілеулерге немесе дилерлердің баға белгілеулеріне сүйене отырып (ұзақ позицияларды сатып алуға арналған баға белгілеу және қысқа позицияларды сатуға арналған баға белгілеу) анықталады.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Олармен сауда белсенді нарықта жүзеге асырылмайтын қаржы құралдары үшін әділ құн тиісті бағалау әдістемелерін қолдану жолымен анықталады. Мұндай әдістемелерге таяу арада коммерциялық негізде жасалған мәмілелердің бағаларын пайдалану, сол сияқты құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалану; дисконтталған ақша ағындарын талдау не болмаса басқа да бағалау модельдері кіруі мүмкін.

### Резервтер

Резервтер, егер Топтың өткен оқиғалардың нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі (заңды немесе ерікті түрде қабылданған) болса және міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайданың кетуі қажет болады, ал мұндай міндеттеменің сомасы сенімді түрде айқындалуы мүмкін екендігінің едәуір ықтималдығы болса, танылады. Егер Топ резервтердің өтемақысын алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жекелеген актив ретінде тек өтемақының алынуы күмән келтірмеген жағдайда ғана танылады.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болса, резервтер келешекте күтілетін ақша ағындарын дисконттау арқылы ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және бұл қолданылғанда, нақты міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша айқындалады. Егер дисконттау қолданылса, резервтің ұлғаюу уақыт өтісімен қаржылық шығындар ретінде мойындалады.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

### Жұмыскерлерге төлемдер

#### Зейнетақы жоспары

Алдын ала айқындалған зейнетақы жарналары бар зейнетақы бағдарламасы бойынша төлемдер олардың төленуіне қарай шығыстарға жатады. Зейнетақымен қамсыздандырудың мемлекеттік жүйесі бойынша төлемдер Топтың мұндай жоспар бойынша міндеттемелері алдын ала айқындалған зейнетақы жарналары бар зейнетақы бағдарламасы бойынша туындайтын міндеттемелерге тең болғанда, белгіленген жарналары бар зейнетақы жоспарлары ретінде қарастырылады.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Біржолғы жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталуы бойынша белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Жыл ішінде туындаған актуарлық пайда мен зиян басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Осы мақсат үшін актуарлық пайда мен зиян актуарлық болжамдарға өзгерістердің әсерін де, актуарлық болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмаларға байланысты бұрынғы тәжірибенің әсерін де қамтиды. Басқа өзгерістер ағымдағы қызметтер құнын, бұрынғы қызметтер құнын және кадрлар қысқаруын немесе жасалған есеп айырысуларды қоса алғанда ағымдағы кезеңде танылады.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Біржолғы жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталуы бойынша белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Жыл ішінде туындаған актуарлық пайда мен зиян басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Осы мақсат үшін актуарлық пайда мен зиян актуарлық болжамдарға өзгерістердің әсерін де, актуарлық болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмаларға байланысты бұрынғы тәжірибенің әсерін де қамтиды. Басқа өзгерістер ағымдағы қызметтер құнын, бұрынғы қызметтер құнын және кадрлар қысқаруын немесе жасалған есеп айырысуларды қоса алғанда ағымдағы кезеңде танылады.

Зейнетақы міндеттемелерін есепке алғанда қолданылған аса елеулі болжамдар – бұл шегерім мөлшерлемесі мен қайтыс болуды болжау. Дисконт мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жылы осындай міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығындар ретінде көрсетіледі. Қайтыс болуды болжау сыйақы төлеудің болашақ ағынын болжамдау үшін қолданылады, ол сонан соң міндеттемелердің таза келтірілген құнын алу үшін шегеріледі.

Қаржылық есептілік және бухгалтерлік есептілік арасындағы айырмашылықтар

Біржолғы демалыс жәрдемақылардан басқа, қызметкерлерге сыйақылар қызметкерлерге басқа ұзақ мерзімді сыйақылар ретінде қарастырылады. Осы сыйақылар бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіспен жүзеге асырылады. Қызметкерлерге арналған басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша актуарлық пайда мен зиян пайда немесе зиян құрамында танылады. Мұндай міндеттемелерді жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлер бағалайды.

## Түсімді тану

Топ уәде етілген тауарды немесе қызметті (яғни активті) сатып алушыға бере отырып, атқару бойынша міндеттемені орындаған кезде (немесе қалайша) түсім мойындалады. Сатып алушы бұл активке бақылауды алғанда (немесе қалай) актив беріледі, бұл әдетте келісімшарттың бағасы белгіленген немесе айқындалатын болып табылуы, ал дебиторлық берешекті алу мүмкіндігі негізделген түрде қамтамасыз етілген деген талаппен меншік құқығын беру кезінде орын алады. Атап айтқанда, шикі мұнай мен газды, сондай-ақ мұнай өнімдері мен басқа да тауарларды ішкі нарықта сатудан түскен кірістер, әдетте, оларға меншік құқығы өткен кезде танылады. Экспортқа сату үшін меншік құқығы, әдетте, ҚР шекарасында өтеді. Түсім кез келген сауда жеңілдіктерінің сомаларын, көлемі үшін жеңілдіктер мен өтелетін салықтарды ескере отырып, алынған немесе алынуға жататын сыйақының әділ құны бойынша бағаланады.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Қосалқы қызметтерді сату қызметтің бағасы айқындалуы мүмкін және кірістердің алынуына қатысты елеулі белгісіздіктің жоқ екендігі талабымен қызметтердің көрсетілу шамасына қарай танылады.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

### Пайыздық кіріс пен шығыс

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс пен пайыздық шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша көрсетіледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме - осы мөлшерлеме бойынша дисконттау кезінде күтілетін болашақтағы ақшалай төлемдер немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішіндегі немесе өте қысқа уақыт кезеңі ішіндегі түсімдер, олар қолданылатын жерде бұл қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәлме-дәл келтіріледі. Пайыздық кіріс қаржылық кірістің құрамына қосылады және пайыздық шығыс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығыс құрамында көрсетіледі.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

### Сауда дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек Топтың шартсыз болып табылатын өтемақы сомасына құқығын білдіреді (яғни ақы төлеу мерзімінің орын алуы үшін тек уақыт қана қажет).

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

**Шарттық міндеттемелер**
Шарттық міндеттеме – Топ сатып алушыдан өтемақыны (немесе өтемақы сомасы күтіледі) алған тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға беру міндеттемесі. Сатып алушы өтемақыны Топ тауарды немесе қызметті сатып алушыға беру сәтіне дейін төлеген жағдайда, Топ шарттық міндеттемені төлемді жүзеге асыру сәтіне немесе төлем төленуге жататын болған сәтте (қайсысының бұрын орын алатындығына қарай) мойындайды. Топ шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағанда шарттық міндеттемелер түсіммен мойындалады.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Шығыстар пайда болу сәтіне ескеріледі және олар есептеу әдісінің негізінде жатқызылған кезеңде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Бұл мәтін біраз уақытқа ауыстырылды.

Қаржылық есептілік және бухгалтерлік есептілік арасындағы айырмашылықтар

қатынасы 1,25:1 құрайды. ҮПС мөлшерлемелері әрбір келісімшартқа қатысты аударымдардың 25% артық жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты салықтық таза кірістің (КТС пен рұқсат етілген баға белгілеулер есептен шығарылғаннан кейін салық салынатын кіріс) бір бөлігі қолданылады.

Мерзімі ұзартылған салық КТС, сол сияқты ҮПС үшін есептеледі. ҮПС мерзімі ұзартылған салық келісімшарт бойынша төленуге жататын ҮПС-тің күтілетін мөлшерлемесі бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға жатқызылған активтер үшін уақыт айырмалары бойынша есептеледі.

Мерзімі кейінге қалдырылған салық есепті күнге активтердің салық базасы мен міндеттемелер және олардың қаржылық есептілігі үшін ағымдағы құны арасындағы уақыт айырмасын анықтау арқылы міндеттемелер әдісімен айқындалады.

Мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- Мерзімі ұзартылған салықтық міндеттеме гудвилді не болмаса бизнесті біріктіру болып табылмайтын және оның жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе шығынға әсер етпейтін операция бойынша активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындаудың нәтижесінде туындайды; және
- Еншілес компанияларға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлестерімен инвестицияларға байланысты салық салынатын уақыт айырмаларына қатысты, егер уақыт айырмаларын қалпына келтіру уақытын бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

Мерзімі ұзартылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша танылады:

- Есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты мерзімі ұзартылған салық активтері бизнесті біріктіру болып табылмайтын және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе шығынға әсер етпейтін мәміле бойынша активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындаудың нәтижесінде туындағанда; және
- Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлесімен инвестицияларға байланысты шегерілетін уақыт айырмаларына қатысты мерзімі ұзартылған салық активтері таяу болашақта уақыт айырмашылықтары пайдаланылуы және соған қарсы уақыт айырмаларын пайдалануға болатындай жеткілікті салық салынатын пайда болуы мүмкін екендігі елеулі бар дәреже ғана танылады.

Мерзімі ұзартылған салық активтерінің ағымдағы құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және егер кейінгі қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беруі елеулі мүмкіндігі пайда болатын дәрежеде танылады. Мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге қолданысқа енгізілген немесе есепті күнгі жағдай бойынша күшіне енген немесе нақты күшіне енген салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде міндеттемелер өтеліп, актив өткізілгенде есепті жылда қолданады деп болжанып отырған салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты мерзімі ұзартылған салық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капиталдың құрамында танылады. Мерзімі ұзартылған салық активтері және мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері егер ағымдағы салық активтері ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алудың заңда бекітілген құқығы бар болса және кейінге қалдырылған салықтар сол бір салық салынатын компанияға және салық органына жататын болса, бір-біріне қарама-қарсы есепке алынады. Мерзімі ұзартылған салық активтері бойынша активтер салық салынатын уақытша айырмалар мен осындай шығыстардың коммерциялық сипатының негізделетіндігі мүмкіндігі бар дәрежеде барлық резервтер мен ауыстырылған салық шығындары бойынша танылады. Басшылықтың елеулі пайымдаулары жоспарланатын деңгей мен кірістілік уақытының негізінде, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясының табысты қолданылуының негізінде танылуы мүмкін кейінге қалдырылған салық жөніндегі активтерді бағалау үшін талап етіледі.

## Капитал

### Бақыланбайтын қатысу үлесі

Бақыланбайтын қатысу үлестері Компанияның акционерлеріне жататын капиталдан бөлек меншікті капиталдың құрамында қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген. Еншілес ұйымның шығындары тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да Топ акционерлеріне және бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады.

### Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін жарияланса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

### Акционерлерге бөлу

Топ ҚР Президентінің Тапсырмасы бойынша Үкіметтің Қаулыларына немесе Самұрық-Қазынаның шешімдеріне немесе нұсқаулықтарына сәйкес шеккен шығындар капитал арқылы бөлулер ретінде ескеріледі. Мұндай шығындарға Топтың профильді емес қызметіне (әлеуметтік нысандарды салу және Самұрық-Қазынаға беруге арналған) байланысты шығыстар кіреді

#### Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Есепті жыл аяқталғаннан кейін орын алған және қаржылық жағдай туралы есепті дайындау күніне болған шарттардың дәлелдерін білдіретін оқиғалар (түзетуші оқиғалар) шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Есепті жыл аяқталғанда болған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар мәнді болса, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерде ашылады.

## 4. Маңызды есептік бағалаулар мен пайымдаулар

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есептілікте көрсетілетін түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ есепті күнге шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте осындай болжаулар мен бағалау қолданылатын активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құнын елеулі түзетуді талап етуі мүмкін.

#### Құнсыздану тестін жүргізу кезінде қабылданған жорамалдар

Топ ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану белгілерінің болуын бағалады және құнсыздану белгілері анықталған жерде Топ құнсыздануға тест өткізді.

Топтың Brent маркалы мұнайға болжамды бағаларға, теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы мен инфляцияның көрсеткіштеріне қатысты ұзақ мерзімді жорамалдары қайта қаралды және сыртқы дерек көздерінен алынған болжамдарға және ұзақ мерзімді нарықтық үміттерді болжайтын тәуелсіз зерттеу ұйымдарының бағалауларына негізделген. Өндіріс көлемдерінің есептеулері еншілес ұйымның дәлелденген әзірленген және әзірленбеген қорларына, сондай-ақ елеулі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар үшін дәлелденген және ықтимал қорларына негізделген. Өндіру кезеңі жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімінің аяқталу күнімен не болмаса Топтың лицензияның қолданылу мерзімін ұзартуға ниеті болғанда, лицензияның қолданылу мерзімін

ұзарту кезеңімен айқындалады. Өндірістің бағаланған көлемі Топтың өндірістік жоспарларына негізделген, олар, негізінен, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімін ұзартуға арналған өтінімдерді беру үшін пайдаланылады.

Дисконттау мөлшерлемелері ақша ағындарын жасайтын бөлек бірлік капиталының орташа алынған құнының негізінде есептелді және функционалдық валютаға, өндіріс кезеңіне, тәуекел үшін сыйлықақыға, бета коэффициентке және ақша ағындарын жасайтын тиісті бірліктің меншікті және қарызға алынған қаражатының ара қатынасына қарай 10,86%-дан бастап 14,96%-ға дейін құбылып отырды.

Ұзақ мерзімді баға жорамалдары Bloomberg consensus, сондай-ақ қысқа мерзімді жорамалдың негізінде қабылданды, әрі солар бойынша бағалар 2022 жылға нақты көрсеткіштерде төменде көрсетілген:

	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл
Brent маркалы мұнай (ICE Brent \$/баррель)	93,94	88,00	85,00	80,05	81,65

«Мұнай мен газды барлау және өндіру» сегментінде құнсыздану шығыстары 2022 жылы 12.113 миллион теңге болды. Құнсыздану бойынша шығыстар негізінен «Оңтүстік Өріқтау» жобасы бойынша 8.895 миллион теңге мөлшерінде және «Исатай» жобасы бойынша 3.172 миллион теңге мөлшерінде барлау және бағалау жөніндегі активтерге жатады.

Көптеген мұнай және мұнайды қайта өңдейтін активтердің өтелетін құнының баланстық құнынан асуы бағалардың өзгеруіне немесе басқа да жорамалдарға сезімтал келеді. Келесі қаржы кезеңдерінің ішінде болған өзгерістер бұл активтердің өтелетін құны олардың ағымдағы баланстық құнынан асып түсуіне немесе төмен болып қалуына әкеп соқтыра алады және тиісінше, сол кезеңде құнсызданудың қалпына келу немесе есептелу тәуекелі бар.

### Мұнай және газ қорлары

Мұнай мен газдың қорларын бағалау тозу, ескіру және амортизация бойынша Топтың есеп айырысуында маңызды фактор болып табылады. Топ Қоғамның мұнай-газ инженерлерінің әдістемесіне сәйкес өзінің мұнай мен газ қорларын бағалайды. Мұнай-газ инженерлері қоғамының әдістемесі бойынша қорларды бағалау кезінде Топ ұзақ мерзімді жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды пайдалану жыл соңына спот бағаларды пайдалануға тән тұрақсыздықтың ықпалын жояды. Басшылық ұзақ мерзімді жоспарлы бағалар бойынша жорамалдар өндіру қызметінің ұзақ мерзімді сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай мен газдың қорларын бағалау үшін барынша лайықты негізді білдіреді деп есептейді.

Қорлардың барлық бағалаулары кейбір белгісіздік дәрежесін білдіреді. Белгісіздік негізінен мұндай деректерді бағалау және түсіндіру сәтіне қолжетімді болатын геологиялық және инженерлік деректердің көлеміне тәуелді болады.

Салыстырмалы түрдегі белгісіздік деңгейі қорларды екі негізгі санаттың біріне: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорларға жатқызу арқылы көрсетілуі мүмкін. Дәлелденген қорларды өндіруде дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда үлкен айқындылық бар және дәлелденген қорлар оларды өндіру мүмкіндігіне қатысты белгісіздіктің прогрессивті өсуін белгілеу үшін әзірленген және әзірленбеген қорларға бөлінуі мүмкін.

Жыл сайын бағалаулар талданып, түзетіліп отырады. Түзетулер қолдағы геологиялық деректерді, өндіру туралы өнеркәсіптік параметрлерді немесе деректерді бағалау немесе қайта бағалау; жаңа деректердің; немесе бағалар бойынша жорамалдардағы өзгерістердің салдарынан туындайды. Қорларды бағалау сондай-ақ кері әрекетті арттыру үшін жобалардың қолданылуы, пласт өнімділігіндегі өзгерістердің немесе әзірлеу стратегиясындағы өзгерістердің салдарынан қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлар тозуды, тауысылуды және амортизацияны есептеу үшін орындалған жұмыс көлеміне тепе-тең етіп амортизация мөлшерлемелерін есептеу үшін пайдаланылады. Топ бастапқы лицензиялық кезең ішінде өндірілетін болады деп күтілетін ретінде осындай көлемді ғана дәлелденген қорларға қосты. Бұл ұзарту бойынша рәсім нәтижесіне жатқызылатын айқындылықтың болмауынан пайда болды, өйткені лицензияларды ұзарту ең соңында Үкіметтің қарауы бойынша жүзеге асырылады. Топтың лицензиялық кезеңдерін ұзарту және қорлардың көрсетілген қорларын тиісінше ұлғайту, әдетте, тозу бойынша неғұрлым төменгі шығысқа әкеледі және кірістерге біршама әсер етуі мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлардың кемуі тозуға, тауысылуға және амортизацияға арналған ақша аударымдарының ұлғаюына (тұрақты өндіру деңгейінде), кірістің азаюына әкеліп соқтырады және сондай-ақ мүліктің ағымдағы құнының тікелей азаюына әкеліп соқтыра алады. Салыстырмалы түрде пайдаланылатын кен орындарының саны болған кезде өткен жылмен салыстырғанда қорларды бағалауға кез келген өзгерістер тозуға, ескіруге және амортизацияға аударымдарға біршама әсер етуі мүмкіндігі болады.

Құнсыздану тестісінің жыл сайынғы нәтижелері туралы толық ақпарат 15-ескертпеде ашып көрсетілген.

Дисконттау мөлшерлемелері ақша ағындарын жасайтын бөлек бірлік капиталының орташа алынған құнының негізінде есептелді және функционалдық валютаға, өндіріс кезеңіне, тәуекел үшін сыйлықақыға, бета коэффициентке және ақша ағындарын жасайтын тиісті бірліктің меншікті және қарызға алынған қаражатының ара қатынасына қарай 10,86%-дан бастап 14,96%-ға дейін құбылып отырды.

Топ активтерді немесе ақша қаражатын жасайтын активтер тобын («жасайтын бірлік») оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер олардың құны өтелмейтіндігін куәландырған жағдайларда индикаторлардың болуын айқындау үшін бағалайды. Егер мұндай индикатор бар болып шықса, өткізу шығыстарын және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан барынша жоғары мән ретінде қарастырылатын өтелетін құнның лайықты бағалануы жүргізіледі. Бұл есептемелер мұнайдың ұзақ мерзімді бағасы, дисконт мөлшерлемелері, болашақтағы капитал қажеттілігі, тәуекел мен белгісіздікке ұшыраған операциялық қызмет (бұл өндіру және сату көлемдерін қамтиды) сияқты бағалаулар мен жол берулерді пайдалануды қамтиды. Егер активтің немесе активтер тобының баланстық құны олардың өтелетін құнынан асатын болса, актив немесе активтер тобы құнсызданған болып есептеледі, олардың баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды. Өтелетін құнды бағалау кезінде келешекте күтілетін ақша ағындары активтер тобына тән болатын тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауын және активке тән тәуекелдерді көрсететін дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнға дейін дисконтталады. Әділ құн активті және/немесе әкелуші бірлікті нарықтық талаптарда мәлім және мұндай мәмілені жасауға дайын тараптардың арасында сатудан түсуі мүмкін сома ретінде айқындалады және компанияға тән болуы мүмкін және жалпы қолданылмайтын факторлардың әсерін ескермейді.

#### Гудвилді қоса алғанда, КМГИ АҚГБ

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ гудвилдің және КМГИ бөлімшелерінің құнсыздануына, оның ішінде мұнай өнімдерін өткізу, қайта өңдеу және құнсыздану индикаторларының болуына орай басқа активтер бойынша тест өткізді. Құнсыздануды талдау нәтижесінде КМГИ бөлімшелерінің өтелетін құны олардың баланстық құнынан асты (15-ескертпе).

#### Гудвилді қоса алғанда, ПМХЗ

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС-ті (бұдан әрі - «ПМХЗ») сатып алуымен байланысты 88.553 миллион теңге мөлшерінде гудвилі бар (19-ескертпе). 2022 және 2021 жылдардың желтоқсанында Топ қазіргі уақытта қолданылатын толлинг нобайын пайдалана отырып, ПМХЗ гудвиліне жыл сайынғы тестілеуді өткізді. Құнсыздану индикаторларын талдау кезінде Топ шикі мұнайды қайта өңдеу көлемдерінің болжамын, мұнайды қайта өңдеу тарифтерін, күрделі шығындарды және басқа да факторларды ескерді. ПМХЗ өтелетін құнды дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып есептеді. 2022 жылы 12,86% (2021: 12,06%) дисконттау мөлшерлемесі салықтарға дейін капиталдың орташа алынған құнының негізінде есептелді. Ажырамайтын тәуекел жеке бета-факторды қолдану арқылы қосылды. Бета-фактор ортақ қолжетімді нарықтық деректердің негізінде бағаланды. 2031 жылға дейінгі болжамды ақша ағындары басшылықтың ықтимал операциялық және күрделі шығындар бойынша ағымдағы бағалауын болжайтын, ПМӨЗ-дың 2023-2027 жылдарға (2021: 2022-2026 жылдар) бес жылдық бизнес-жоспарына негізделген. 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайдалану құндылығының негізінде есептелген ПМХЗ гудвилінің өтелетін құны оның баланстық құнынан көп болды, тиісінше, құнсыздану танылмады.

#### Болжамдардағы өзгерістерге сезімталдық

ПМХЗ гудвилінің өтелетін құнын бағалау нәтижелері негізгі жорамалдарды, атап айтқанда, дисконттау мөлшерлемесін өзгертумен, сондай-ақ терминалдық кезеңде жоспарланған EBITDA мәндерін өзгертумен байланысты жол берулерді өзгертуге сезімтал болып табылады. Дисконттау мөлшерлемесінің 1,0%-дан 13,86%-ға дейін артуы (2021: 13,06%) және EBITDA жоспарланған мәнінің терминалды кезеңде 1%-ға төмендеуі ПМХЗ жасайтын бірліктің өтелетін құнының оның баланстық құнына дейін азаюына әкеп соқтырмайды.

#### Басқа да АҚГБ

Топтың шикізат тауарларына бағаларды қайта қарау және басқа да жорамалдар «Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу» АҚГБ басқа сегменттерінде құнсыздану шығыстарының пайда болуына әкеп соқтырмады.

### Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер

#### Мұнай-газ активтері

Белгілі бір келісім-шарттардың талаптары бойынша заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Топтың негізгі құралдарды қайта монтаждау және жою және кез келген кен орындарындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері болады. Атап айтқанда, Топтың міндеттемелеріне барлық өндірістік емес ұңғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды қайта монтаждау және келісімшарттық аумақты рекултивациялау сияқты қызметті түпкілікті тоқтату, сондай-ақ әрбір өндірістік учаскеде қоршаған ортаны ластау бойынша пайдаланудан шығару әрекеттері жатады. Лицензияның қолданылу мерзімі Топтың қарауы бойынша ұзартылмайтындықтан, түпкілікті жабу бойынша кен орнындағы міндеттемелерді өтеудің есеп мерзімі әрбір лицензиялық кезең



аяқталған күн болып табылады. Ұңғымаларды жоюды қаржыландыру бойынша Топтың міндеттемелерінің және түпкілікті жабу бойынша шығыстардың көлемі тиісті келісім-шарттардың және қолданыстағы заңнаманың талаптарына байланысты.

Міндеттемелер лицензиялық кезең соңында түпкілікті жою және түпкілікті жабу бойынша мұндай шығыстарды қаржыландыру бойынша келісімшарт та, заңнама да белгілі бір міндеттемені түсіндірмеген сол жағдайларда танылмайды. Мұндай шешімді қабылдау кейбір айқындылықтың болмауымен және біршама байымдаулармен түсіндіріледі. Басшылықтың мұндай міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты бағасы Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибеге өзгерістермен бірге өзгеруі мүмкін.

Топ активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісім-шарт бойынша бөлек есептейді. Міндеттемелердің сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және қазақстандық нарыққа төн тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикамен елдің мемлекеттік борышы бойынша орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін күтілетін, талап етілетін ретіндегі бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады.

Активтердің істен шығуы бойынша міндеттеме әрбір есепті күнге қайта қаралады және «Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер» 1 КИМСФО түсіндірмеге сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Активтерді жабуға және есептен шығаруға болашақтағы шығындарды бағалау кезінде мәнді бағалар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздіктен басқа, Топтың бағасына активтерді жою технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Топ ағымдағы жылдың бағасын және ұзақ мерзімді инфляция деңгейінің орташа мәнін пайдалана отырып, ұңғымаларды болашақ жою құнын бағалайды.

Ұзақ мерзімді инфляция және Топ кәсіпорындары бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп бойынша міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемелері 2022 жылғы 31 желтоқсанда 2,09%-дан 15,05%-ға дейін және тиісінше 6,42%-дан 12,38%-ға дейінгі аралықта болды (2021 жылғы 31 желтоқсан: 2,23%-дан 8,10%-ға дейін және 3,80%-дан 10,25%-ға дейін). 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың мұнай-газ активтерін жою міндеттемесіне резервтің баланстық құны 88.163 миллион теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 174.913 миллион теңге) (29-ескертпе).

### Магистральдық мұнай құбырлары мен газ құбырлары

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген «Магистральдық құбыр туралы» ҚР Заңына сәйкес, «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - ҚТО) пайдаланып болғаннан кейін магистральдық құбырды жою және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, соның ішінде жерді қайта өңдеу бойынша шаралар жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Мұнай құбырларын жою және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттеменің резерві Топ есептеген қайта монтаждау және топырақ құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарының құны негізінде бағаланады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құбырларды жою және топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру бойынша міндеттемеге резервтің теңгерімдік құнын 40.665 миллион теңге құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 34.547 миллион теңге) (29-ескертпе).

### Экологиялық оңалту

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама даму үдерісінде, сондықтан да тұрақты өзгерістерге ұшырады. 2021 жылғы 1 шілдеден бастап заңды күшіне енген ҚР Экологиялық кодексіне түзетулерге сәйкес Басшылық Топтың қаржылық жағдайына және қызметінің нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ықтимал міндеттемелер бар деп санайды.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығару күніне Топ өзгерістерді талдайды және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілгендерді қоспағанда, активтерді шығарумен және жерді рекультивациялаумен байланысты қосымша әлеуетті міндеттемелердің сомасын дұрыс бағалай алмайды.

Топ жағдайды қадағалап отыруды жалғастырады және жаңа фактілер мен мән-жайларды, сондай-ақ ҚР Экологиялық кодексін қолдануға қатысты мемлекеттік орган ұсынған кез келген түсініктемелерді ескеретін болады.

Топ бағалау да жасайды және экологиялық тазарту жұмыстары мен оңалтуға міндеттемелер бойынша резервтер қалыптастыру бойынша пайымдау шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға шығындар капиталдандырылады немесе олардың болашақ экономикалық пайдасына қарай шығыстарға жатқызылады. Өткен қызметте пайда болған қазіргі жағдайға жатқызылатын және болашақ экономикалық пайдасы жоқ шығындар шығыстарға жатқызылады.

Міндеттемелер шығындар туралы ағымдағы ақпараттың және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша күтілетін жоспарлардың негізінде айқындалып, дисконтталған негізде ескеріледі. Топтың экологиялық оңалту резерві Топ қолданыстағы қазақстандық және еуропалық нормативтік базалардың талаптарын сақтауға қажетті күтілетін шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың үздік бағасын білдіреді. Топ бұл міндеттемені, 2023 жылдың жылдық бюджетін қосылған шығындар бөлігін қоспағанда, ұзақ мерзімді ретінде жіктеді. Экологиялық оңалту жөніндегі резервтерге қатысты іс жүзіндегі шығындар заңнамадағы және нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістер салдарынан бағалардан, қоғамдық күтулерден, тазарту технологияларындағы аумақтық жағдайлар мен өзгерістерді анықтау мен талдаудан ерекшеленуі мүмкін. Экологиялық оңалтудағы міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер 29-ескертпеде ашылып көрсетілген.

### Қызметкерлерге сыйақылар

Зейнеткерлікке шыққанға дейін және одан кейін қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің құны және келтірілген міндеттемелер құны актуарлық әдіс қолданылып белгіленеді. Актуарлық әдіс келешекте нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды қолдануды білдіреді. Актуарлық әдіс шегеру мөлшерлемелері, келешекте жалақының өсімі, өлім-жітім деңгейі және келешекте қызметкерлерге сыйақылар өсімі туралы болжамдарды қамтиды.

Негізгі болжамдарды бағалаудың күрделілігіне және жұмыскерлердің еңбек қызметін аяқтауы бойынша олардың сыйақылары бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына орай мұндай міндеттемелер осындай болжамдардың өзгерістеріне аса сезімтал келеді. Барлық болжамдар әрбір есепті күнге қайта қаралады.

## Салық салу

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде, басшылық Топ даулай алмайтын немесе есептей алмайтын салық заңнамасын сақтамауды мүмкін болатын саласы ретінде қарайды, ол егер қосымша салықтар салық органдарында есептелінетін болса табысты түрде шағымдана алады. Мұндай анықтау мәнді пайымдауларды шығаруды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, жер қойнауын пайдалануға Топтың келісім-шарттарында салық салу талабына түзету, салық талқылауларынан өзі күтетін шешімдер бойынша күтілетін нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын нәтиженің негізінде анықтау нәтижесінде өзгеруі мүмкін. Табыс салығынан басқа, басқа да салықтар бойынша резервтер 29-ескертпеде ашылып көрсетілген салықтар бойынша резервтердің құрамына кіреді. Табыс салығынан басқа, басқа да салықтар бойынша шартты міндеттемелер 35-ескертпеде ашылып көрсетіледі. Табыс салығы бойынша резервтер мен шартты міндеттемелер құрамына кіреді және табыс салығы бойынша міндеттемелер немесе шартты міндеттемелер ретінде ашылып көрсетіледі (32 және 35-ескертпелер).

## Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі

Топ әрбір қаржы жылының соңында жылына кем дегенде бір рет негізгі құралдардың қалған пайдалы қызмет ету мерзімін бағалайды, егер күту өткен бағалаудан ерекшеленген жағдайда, өзгерістер «Есеп саясаты, есеп бағаларындағы өзгерістер және қателер» 8 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес есеп бағалауларындағы өзгерістер ретінде перспективті ескеріледі.

## Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдарының және қаржылық міндеттемелердің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пайымдаулар өтімділік тәуекелі, несиелік тәуекел және өзгермелілік сияқты осындай бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына ықпал етуі мүмкін. Егжей-тегжейі 34-ескертпеде ашылған.

## 5. 5. Бақылаудан айырылу

### «PSA» ЖШС (бұдан әрі - PSA)

2022 жылғы 20 желтоқсанда Компания «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қорының пайдасына PSA-ға қатысу үлесінің 100%-ын 1 теңгеге берді. Нәтижесінде Топ PSA бақылауын жоғалтты.

2022 жылғы 20 желтоқсанда аяқталған кезеңдегі PSA нәтижелері былайша болды:

Миллион теңгемен	2022 жылғы 1 қаңтар -2022 жылғы 20 желтоқсан
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(8.950)
Қаржылық шығындар	(58)
Теріс бағамдық айырма, нетто	(39)
<b>Кезеңдегі зиян</b>	<b>(9.047)</b>

2022 жылғы 20 желтоқсанда аяқталған кезең үшін PSA-ның таза ақша ағындары былайша болды:

Миллион теңгемен	2022 жылғы 1 қаңтар -2022 жылғы 20 желтоқсан
Операциялық	(7.702)
Инвестициялық	(28)
Қаржылық	11.871
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі</b>	<b>4.108</b>

Бақылаудан айырылу күніне PSA-ның таза активтері былайша болды:

Миллион теңгемен	Бақылаудан айырылу күніне таза активтер
<b>Активтер</b>	
Негізгі құралдар	36
Материалдық емес активтер	64
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	255
Өтелуге жататын ҚҚС	12
Басқа да қысқа мерзімді активтер	109
Ақша қаражаты мен оның баламалары	4.137
<b>Активтердің жиыны</b>	<b>4.613</b>
<b>Міндеттемелер</b>	
Жалдау бойынша міндеттемелер	286
Сауда кредиторлық берешек	1.736
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	709
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>2.731</b>
<b>Шығу тобымен тікелей байланысты таза активтер</b>	<b>1.882</b>

PSA-ның берілуі Самұрық-Қазына тапсырмасын орындау мақсатында жүзеге асырылды. Тиісінше, бақылауды жоғалту күніндегі PSA таза активтерін сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырма Самұрық-Қазынамен операциялар ретінде ескерілді және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте «Өзге де үлестірулер» жолы бойынша ұсынылды.

### «ҚазТрансГаз» АҚ (бұдан әрі - ҚТГ)

2021 жылғы 11 наурызда Компания мен Самұрық-Қазына «ҚазТрансГаз» АҚ-ның (бұдан әрі - ҚТГ) жай акцияларының 100% қатысты сенімгерлік басқару шартына қол қойды. 2021 жылғы 9 қарашада Компания Самұрық-Қазынаға ҚТГ акцияларының 100%-ын 1 теңгеге берді және сенімгерлік басқару шартының қолданылуы тоқтатылды.

Мәміле алдында бірқатар заңгерлік және қаржылық талаптар орындалды, оның ішінде мемлекеттік органдар мен ҚМГ кредиторларының келісімдері алынды. Соңғы талап 2021 жылғы 8 қарашада орындалды. 2021 жылғы 8 қарашада ҚТГ тоқтатылған қызмет ретінде жіктелді.

Компанияның ҚТГ бірлескен кәсіпорны «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС синдикатталған қарызының шеңберінде Компания мен ҚТГ қаржылық кепілдігі бойынша міндеттемесі ҚТГ-ға берілді (30-ескертпе).

2021 жылғы 8 қарашаға дейін ҚТГ қызметіне «Мұнайды өткізу және тасымалдау» операциялық сегментке кірді. ҚТГ берілгеннен кейін «Мұнайды өткізу және тасымалдау» сегменті сегменттер туралы ескертпеде көрсетілмейді.

2021 жылғы 8 қарашада аяқталған кезеңдегі ҚТГ нәтижелері былайша болды:

Миллион теңгемен	2021 жылғы 1 қаңтар -2021 жылғы 8 қараша
Түсім	708.110
Бірлескен кәсіпорындар пайдасындағы үлес, нетто	275.100
Қаржылық кіріс	19.750
Басқа да операциялық кіріс	18.288
<b>Түсім жиыны және тоқтатылған қызметтен болған басқа да кірістер</b>	<b>1.021.248</b>
Сатып алынған газдың және басқа да материалдардың өзіндік құны	(158.438)
Өндірістік шығыстар	(66.266)

Миллион теңгемен	2021 жылғы 1 қаңтар -2021 жылғы 8 қараша
Табыс салығынан басқа салықтар	(12.645)
Тозу, тауысылу және амортизация	(63.502)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(248.832)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(18.420)
Қаржылық шығындар	(36.330)
Теріс бағамдық айырма, нетто	(4.423)
Басқа да шығыстар	(4.399)
<b>Тоқтатылған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда</b>	<b>407.993</b>
Пайда салығы бойынша шығыстар	(55.515)
<b>Тоқтатылған қызметтен кезеңдегі пайда</b>	<b>352.478</b>

2021 жылғы 8 қарашада аяқталған кезең үшін ҚТГ-ның таза ақша ағындары былайша болды:

Миллион теңгемен	2021 жылғы 1 қаңтар -2021 жылғы 8 қараша
Операциялық	184.675
Инвестициялық	(8.689)
Қаржылық	(44.270)
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі</b>	<b>47.432</b>

Бақылаудан айырылу күніне ҚТГ-ның таза активтері былайша болды:

Миллион теңгемен	2021 жылғы 8 қарашадағы жағдай бойынша
<b>Активтер</b>	
Негізгі құралдар	968.467
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	662.208
Байланысты тараптардан алынған қарыздар	176.019
Өтелуге жататын ҚҚС	94.439
Тауар-материалдық қорлар	41.834
Сауда дебиторлық берешек	127.567
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	95.088
Басқа да қысқа мерзімді активтер	77.582
Ақша қаражаты мен оның баламалары	380.438
<b>Сатуға арналған деп жіктелген активтер</b>	<b>2.623.642</b>
<b>Міндеттемелер</b>	
Қарыздар	490.813
Резервтер	119.902
Сауда кредиторлық берешек	132.708
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	25.157
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	32.694
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер	72.909
<b>Сатуға арналған деп жіктелген активтермен тікелей байланысты міндеттемелер</b>	<b>874.183</b>
<b>Шығу тобымен тікелей байланысты таза активтер</b>	<b>1.749.459</b>

Бақылаудан айырылу күніне ҚТГ-ның басқа да қысқа мерзімді міндеттемелері Компанияның 6.445 миллион теңге сомаға қаржылық кепілдігі бойынша міндеттемелеріне түзетілді.

ҚТГ акцияларының берілуі ҚР мемлекет басшысының тапсырмасын және Самұрық-Қазынаның шешімін орындау мақсатында жүзеге асырылды. Тиісінше, бақылаудан айырылу күніне ҚТГ таза активтерін сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырма Самұрық-Қазынамен операциялар ретінде ескерілді.

## 6. 6. Жалпы бақылаумен сатып алу

### Жалпы бақылаудағы бірлескен кәсіпорынды сатып алу

#### «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (бұдан әрі – КПИ)

2022 жылғы 13 маусымда Самұрық-Қазына Компанияға КПИ-дегі қатысу үлесінің 49,50%-ын берді. Сатып алу құны 91.175 миллион теңгені құрады және Компаниядан алынған қаржылық көмек бойынша Самұрық-Қазына берешегінің бір бөлігін өтеу есебіне есептелді (24-ескертпе). КПИ «Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешенін салу» инвестициялық жобаның іске асырылуымен айналысады.

КПИ-дегі қатысу үлесінің 49,50%-ы жалпы бақылаудағы тараптардан бірлескен кәсіпорынды сатып алу ретінде көрсетілді және бірлескен кәсіпорынның баланстық құны негізінде үлестерді біріктіру әдісі бойынша ескерілді.

«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС (бұдан әрі - СҚӨ), Самұрық-Қазынаның еншілес ұйымы, және Компания бірлесіп КПИ-ді бақылайды және КПИ қызметі туралы шешімдер бірауыздан қабылданады.

Сатып алу құны мен сатып алу күніндегі КПИ-дің 74.743 миллион теңге мөлшерінде сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны арасындағы айырма Самұрық-Қазына пайдасына бөлу ретінде танылады және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте «Бірлескен кәсіпорындарды сатып алу» жолы бойынша ұсынылған.

Төменде сатып алу күніне КПИ активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны туралы ақпарат берілген (Бастамашының бухгалтерлік кітаптарының негізінде):

Миллион теңгемен	
Ұзақ мерзімді активтер	898.524
Қысқа мерзімді активтер	81.276
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(868.850)
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(77.754)
<b>Таза активтер</b>	<b>33.196</b>
Иелік ету үлесі	49,5 %
<b>Топтың таза активтердегі үлесі</b>	<b>16.432</b>
Сатып алу құны	91.175
<b>Капитал құрамында көрсетілген сатып алу құны мен бірлескен кәсіпорынға инвестицияның баланстық құны арасындағы айырма</b>	<b>74.743</b>

## Жалпы бақылаудағы еншілес ұйымдарды сатып алу

### KMG Kashagan B.V. (бұдан әрі - Қашаған)

2015 жылғы 16 қазанда Cooperatieve KazMunaiGaz U.A. (бұдан әрі - Кооператив), Компанияның еншілес ұйымы, Қашағандағы өз акцияларының 50%-ын 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде акциялардың барлық немесе ішінара пакетін сатып алу опционымен (бұдан әрі – Опцион) Самұрық-Қазынаның пайдасына сатты. Кейінірек Опционды орындау кезеңі 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

2017 жылы Амстердам соты Самұрық-Қазынаға тиесілі Қашаған акцияларының 50%-на белгілі бір шектеулер (бұдан әрі - Шектеулер) қойды. Шектеулердің қолданылу кезеңінде Қашаған акциялары сатыла, беріле немесе кепілге қойыла алмады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Шектеулер күшінде қалды.

2022 жылғы 14 маусымда Амстердам соты Шектеулерді алып тастады.

2022 жылғы 14 қыркүйекте Кооператив пен Самұрық-Қазына Опциондық келісімді өзгерту және опционды орындау туралы келісімге (бұдан әрі – өзгерістермен Келісім) қол қойды, оған сәйкес Опционды орындағаны үшін өтемақы сомасы 3.781,7 миллион АҚШ долларын құрады (капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған 1.777.076 миллион теңгеге баламалы).

Компания, Самұрық-Қазына және Кооператив арасында 2022 жылғы 14 қыркүйектегі өзгерістермен Келісімде және Борышты ауыстыру және өзара есеп айырысу туралы келісімде өтемақыны төлеудің мынадай тәртібі айқындалды:

- 2.476,3 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі сома Компаниядан алынған қаржылық көмек бойынша Самұрық-Қазына берешегін өтеу есебінен 424.587 миллион теңге мөлшеріндегі соманың бір бөлігін кейіннен есепке алу және Компания тарапынан Компанияның облигацияларын сату қаражатынан 751.631 миллион теңге мөлшерінде қалған соманы төлеу үшін келісілген айырбастау бағамы бойынша 1 АҚШ доллары үшін 475,00 теңге мөлшерінде айырбасталуға жатады (27 және 33-ескертпелер);
- 566,7 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі сома мәміле аяқталған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде төленуге тиіс (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төленген; төлем күніне бағам бойынша баламасы 271.032 миллион теңге);
- 375,1 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі сома 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін төленуге тиіс (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төленді; төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 175.654 миллион теңге) және 363,6 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі сома 2023 жылғы 30 маусымға дейін төленуге тиіс (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 168.239 миллион теңге) (30 және 33-ескертпелер).

2022 жылғы 15 қыркүйекте Топ мәмілені аяқтайтын өзгерістермен Келісімнің бірқатар заңды шарттарын орындады, Опционды орындады және Қашаған акцияларының 50%-ы Кооператив пайдасына қайта тіркелді.

Осылайша, Опционды орындау нәтижесінде Топ Қашағанды бақылауға алып, оны еншілес ұйым ретінде таныды. Сатып алу еншілес ұйымды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу ретінде көрсетілді және алдыңғы кітаптарда көрсетілген Қашаған активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны бойынша үлестерді біріктіру әдісі бойынша ескерілді. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы салыстырмалы шоғырландырылған есеп, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке тиісті ескертпелер, сатып алу ең ерте ұсынылған кезеңнің басында болған сияқты қайта есептелді.

Берілген өтемақы мен Қашағанның таза активтері арасындағы айырма капитал құрамында көрсетілді.

Қашағанның сатып алынуын ескере отырып, салыстырмалы деректерге әсері төменде келтіріледі:

Миллион теңгемен	2021 жылғы 31 желтоқсанға
<b>Қаржылық жағдайға әсері:</b>	
<b>Активтердің өсуі</b>	
<b>Ұзақ мерзімді активтердің өсуі</b>	
Барлау және бағалау бойынша активтердің өсуі	191.463
Негізгі құралдардың өсуі	3.301.832
Материалдық емес активтердің өсуі	707.161

Миллион теңгемен	2021 жылғы 31 желтоқсанға
Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің өсуі	27.594
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялардың азаюы	(2.404.820)
	<b>1.823.230</b>
<b>Қысқа мерзімді активтердің өсуі</b>	
Тауар-материалдық қорлардың өсуі	41.095
Сауда дебиторлық берешектің өсуі	83.139
Өтелуге жататын ҚҚС өсуі	6.534
Табыс салығы бойынша алдын ала төлемнің ұлғаюы	223
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің өсуі	8.997
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтерінің өсуі	269
Қысқа мерзімді банк салымдарының өсуі	51.839
Ақша қаражаты мен оның баламаларының ұлғаюы	164.701
	<b>356.797</b>
<b>Активтер жиынының өсуі</b>	<b>2.180.027</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелердің өсуі</b>	
Жалдау бойынша міндеттемелердің өсуі	20.306
Резервтердің өсуі	107.723
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес міндеттемелердің өсуі	219
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелердің өсуі	157.437
	<b>285.685</b>
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелердің өсуі</b>	
Сауда кредиторлық берешектің өсуі	36.924
Жалдау бойынша міндеттемелердің өсуі	9.021
Резервтердің өсуі	2.202
Төленуге жататын басқа да салықтардың өсуі	10.276
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелердің өсуі	175
	<b>58.598</b>
<b>Міндеттемелер жиынының өсуі</b>	<b>344.283</b>
<b>Капиталдың өсуі</b>	
Есептілік валютасын қайта есептеу резервінің өсуі	1.478.048
Бөлінбеген пайданың өсуі	357.696
<b>Бас компанияның акционерлеріне жататын капиталдың өсуі</b>	<b>1.835.744</b>
<b>Капитал жиынының өсуі</b>	<b>1.835.744</b>

Миллион теңгемен	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
<b>Қызмет нәтижелеріне әсері:</b>	
<b>Түсім және басқа да кірістер</b>	
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	620.542
Бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы үлес	(88.423)
Қаржылық кіріс	484
<b>Түсім және басқа да кірістер жиыны</b>	<b>532.603</b>
<b>Шығыстар мен шығындар</b>	
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	(10.711)
Өндірістік шығыстар	(28.026)

Миллион теңгемен	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
Табыс салығынан басқа салықтар	(32.557)
Тозу, тауысылу және амортизация	(200.922)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(51.527)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(2.021)
Қаржылық шығындар	(13.558)
Теріс бағамдық айырма, нетто	(174)
Басқа да шығыстар	(3.118)
<b>Шығыстар мен шығындар жиыны</b>	<b>(342.614)</b>
<b>Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда</b>	<b>189.989</b>
Пайда салығы бойынша шығыстар	(99.855)
<b>Бір жылғы пайда</b>	<b>90.134</b>
<b>Басқа да жиынтық кіріс</b>	
<b>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс</b>	
<b>Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырма</b>	<b>44.248</b>
<b>Табыс салығы шегерілген таза басқа да жиынтық кіріс</b>	<b>44.248</b>
<b>Табыс салығы шегерілген жиынтық кіріс жиыны</b>	<b>134.382</b>
<b>Мыналарға келетін бір жылғы таза пайда:</b>	
Бас компанияның акционерлеріне	90.134
	<b>90.134</b>
<b>Мыналарға келетін жиынтық кіріс жиыны:</b>	
Бас компанияның акционерлеріне	134.382
	<b>134.382</b>

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы таза ақша ағындарына әсері былайша болды:

Миллион теңгемен	2021 жыл
Операциялық	132.780
Инвестициялық	(81.122)
Қаржылық	(7.852)
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өсуі</b>	<b>47.432</b>

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қашағанды сатып алуға байланысты Бас компанияның акционерлеріне қатысты капиталдың өсуі 1.701.362 миллион теңгені құрады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте Қашағанның қызметі «Мұнай мен газды барлау және өндіру» сегментінде көрсетілген.

#### «KLPE» ЖШС (бұдан әрі – KLPE)

2022 жылғы 1 желтоқсанда Компания «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС (бұдан әрі - СҚӨ) және «Полимер Продакшн» ЖШС, Самұрық-Қазына еншілес ұйымдарынан KLPE жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100%-ын 2 теңгеге сатып алды. KLPE Қазақстанда алғашқы интеграцияланған газ-химия кешенін салумен айналысады.

Сатып алу нәтижесінде Top KLPE-ні бақылауға алып, оны еншілес ұйым ретінде таныды. Сатып алу еншілес ұйымды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу ретінде көрсетілді және алдыңғы кітаптарда көрсетілген KLPE активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны бойынша үлестерді біріктіру әдісі бойынша ескерілді. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы салыстырмалы шоғырландырылған есеп, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке тиісті ескертпелер, сатып алу ең ерте ұсынылған кезеңнің басында болған сияқты қайта есептелді.

Берілген өтемақы мен KLPE-нің таза активтері арасындағы айырма капитал құрамында көрсетілді.

KLPE-нің сатып алынуын ескере отырып, салыстырмалы деректерге әсері төменде келтіріледі:

Миллион теңгемен	2021 жылғы 31 желтоқсанға
<b>Қаржылық жағдайға әсері:</b>	
<b>Активтердің өсуі</b>	
<b>Ұзақ мерзімді активтердің өсуі</b>	
Негізгі құралдардың өсуі	18.098
Материалдық емес активтердің өсуі	108
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялардың өсуі	82
Басқа да қаржылық емес активтердің өсуі	3.129
	<b>21.417</b>
<b>Қысқа мерзімді активтердің өсуі</b>	
Табыс салығы бойынша алдын ала төлемнің ұлғаюы	42
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің өсуі	62
Ақша қаражаты мен оның баламаларының ұлғаюы	3.643
	<b>3.747</b>
<b>Активтер жиынының өсуі</b>	<b>25.164</b>
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелердің өсуі</b>	
Сауда кредиторлық берешектің өсуі	2.141
Төленуге жататын басқа да салықтардың өсуі	355
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелердің өсуі	187
	<b>2.683</b>
<b>Міндеттемелер жиынының өсуі</b>	<b>2.683</b>
<b>Капиталдың өсуі</b>	
Бөлінбеген пайданың өсуі	22.481
<b>Бас компанияның акционерлеріне жататын капиталдың өсуі</b>	<b>22.481</b>
<b>Капитал жиынының өсуі</b>	<b>22.481</b>

Миллион теңгемен	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
<b>Қызмет нәтижелеріне әсері:</b>	
<b>Түсім және басқа да кірістер</b>	
Бірлескен кәсіпорынның зиянындағы үлес	(18)
Қаржылық кіріс	143
<b>Түсім және басқа да кірістер жиыны</b>	<b>125</b>
<b>Шығыстар мен шығындар</b>	
Табыс салығынан басқа салықтар	(48)
Тозу, тауысылу және амортизация	(54)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(893)
Теріс бағамдық айырма, нетто	(42)
Басқа да шығыстар	(22)
<b>Шығыстар мен шығындар жиыны</b>	<b>(1.065)</b>
<b>Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі залал</b>	<b>(934)</b>
<b>Бір жылғы залал</b>	<b>(934)</b>
<b>Мыналарға келетін бір жылғы таза зиян:</b>	
Бас компанияның акционерлеріне	(934)
	<b>(934)</b>

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы таза ақша ағындарына әсері былайша болды:

Миллион теңгемен	2021 жыл
Операциялық	(1.802)
Инвестициялық	(14.212)
Қаржылық	16.396
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өсуі</b>	<b>387</b>

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша KLPE-ні сатып алуға байланысты Бас компанияның акционерлеріне қатысты капиталдың ұлғаюы 7.019 миллион теңгені құрады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте KLPE қызметі «Басқалары» сегментінде ұсынылған.

## 7. Бірлескен кәсіпорынды сатып алу

### «PETROSUN» ЖШС (бұдан әрі – Petrosun)

2022 жылғы 1 шілдеде ҚР Премьер-Министрінің төрағалығымен Экономиканы, атап айтқанда жанар-жағармай материалдары нарығын монополиясыздандыру жөніндегі комиссия отырысының хаттамасына сәйкес Компания Petrosun жарғылық капиталына қатысу үлесінің 49%-ын сатып алды, оның негізгі қызметі сұйытылған көмірсутек газы мен мұнай өнімдерін сату болып табылады. Сатып алу құны 1 теңге болды. Сатып алу құны мен Petrosun сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің 10.989 миллион теңге мөлшеріндегі әділ құны арасындағы айырмашылық жоғарыда көрсетілген хаттамадағы нұсқаулықтың негізінде Самұрық-Қазынаның салымы ретінде танылды және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте «Бірлескен кәсіпорындарды сатып алу» жолы бойынша білдірілді (26-ескертпе).

Petrosun-дағы қатысу үлесінің 49%-ы «Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» 28 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес үлестік қатысу әдісін қолдана отырып, бірлескен кәсіпорынды сатып алу ретінде көрсетілді. «ҚАЗАҚСТАҢДАҒЫ КННК ИНТЕРНАЦИОНАЛ» ЖШС (Petrosun екінші қатысушысы) және Компания Petrosun-ды бірлесіп бақылайды және Petrosun қызметі туралы шешімдерді бірауыздан қабылдайды.

Сатып алынған күннен бастап өткен алты айдағы Petrosun пайдасындағы 23.184 миллион теңге мөлшеріндегі үлес осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген (9-ескертпе).

Төменде сатып алу күніне Petrosun сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің әділ құны туралы ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	
Ұзақ мерзімді активтер	35
Қысқа мерзімді активтер, қоса	103.762
<b>Тауар-материалдық қорлар</b>	<b>33.770</b>
<b>Берілген аванстар</b>	<b>54.930</b>
Қысқа мерзімді міндеттемелер, қоса	(81.371)
<b>Шарт бойынша міндеттемелер</b>	<b>(34.237)</b>
<b>Қарыздар</b>	<b>(38.198)</b>
<b>Әділ құны бойынша сәйкестендірілетін таза активтердің жиыны</b>	<b>22.426</b>
Иелік ету үлесі	49 %
<b>Топтың әділ құны бойынша таза активтердегі үлесі</b>	<b>10.989</b>
Сатып алу құны	-
<b>Капитал құрамында көрсетілген сатып алу құны мен бірлескен кәсіпорынға инвестицияның әділ құны арасындағы айырма</b>	<b>10.989</b>

## 8. Выручка по договорам с покупателями

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
<b>Өнім және қызмет типі</b>		
Шикі мұнай мен газды сату	4.593.971	3.711.540
Мұнай өнімдерін сату	3.369.860	2.095.837
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	204.390	203.425
Мұнайды тасымалдау қызметтері	187.533	170.734
<b>Басқа да кірістер</b>	<b>330.630</b>	<b>277.799</b>
	<b>8.686.384</b>	<b>6.459.335</b>
<b>Географиялық өңірлер</b>		
Қазақстан	1.215.470	978.344
<b>Басқа елдер</b>	<b>7.470.914</b>	<b>5.480.991</b>
	<b>8.686.384</b>	<b>6.459.335</b>
<b>Түсімді тану уақыты</b>		
Белгілі бір уақыт сәтінде	8.503.597	6.277.200
<b>Кезең ішінде</b>	<b>182.787</b>	<b>182.135</b>
	<b>8.686.384</b>	<b>6.459.335</b>

## 9. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
<b>Бірлескен кәсіпорындар</b>		
«Теңізшевройл» ЖШС	742.660	441.665
Маңғыстау Инвестмент Б.В. Тобы (ММГ)	48.486	80.154
Petrosun (7-ескертпе)	23.184	-
Valsera Holdings B.V. Group (PKOP)	21.009	11.868
«ҚазГерМұнай» ЖШС	20.530	6.108
«Қазақстан-Қытай мұнай құбыры» ЖШС	16.783	13.464
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС	12.648	13.379
«КазРосГаз» ЖШС	554	20.952
«Теңіз Сервис» ЖШС	(6.497)	(3.089)
Ural Group Limited	(11.470)	(11.060)
KPI (6-ескертпе)	(18.227)	-
Басқалары	4.234	2.143
<b>Қауымдасқан компаниялар</b>		
«Каспий Құбыр өткізу Консорциумы»	117.763	90.904
«ПетроКазахстан Инк.»	6.502	8.042
Басқалары	13.151	5.762
	<b>991.310</b>	<b>680.292</b>

## 10. Сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай	3.620.699	2.626.857
Қайта өңдеуге арналған мұнайдың құны	765.164	558.603
Материалдар мен қорлар	415.809	256.761
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай өнімдері	87.644	97.964
Қайта сату үшін сатып алынатын газ	65.068	67.017
	<b>4.954.384</b>	<b>3.607.202</b>

## 11. Өндірістік шығыстар

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
Жалақы бойынша шығыстар	433.672	319.264
Жөндеу және қызмет көрсету қызметтері	190.577	126.172
Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан іске асырылған зиян (30-ескертпе)	121.539	14.954
Электр қуаты	119.205	98.258
Қысқа мерзімді жалдау бойынша шығыстар	78.568	28.213
Көлік шығыстары	30.953	52.187
Қоршаған ортаны қорғау	21.461	6.929
Тауар-материалдық қорларды таза өткізу құнына дейін есептен шығару	19.473	5.631
Басқалары	126.940	69.449
	<b>1.142.388</b>	<b>721.057</b>

## 12. Табыс салығынан басқа салықтар

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
Шикі мұнай экспортына кіріс салығы	215.765	129.056
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	163.334	123.010
Экспорттық кеден бажы	131.732	107.074
Акциз	90.012	35.227
Мүлікке салынатын салық	29.222	27.642
Басқа салықтар	47.740	39.235
	<b>677.805</b>	<b>461.244</b>

## 13. Тасымалдау және өткізу шығыстары

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
Тасымалдау	153.403	139.016
Жалақы бойынша шығыстар	16.591	11.899
Басқалары	35.346	32.524
	<b>205.340</b>	<b>183.439</b>

## 14. Жалпы және әкімшілік шығыстар

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
Жалақы бойынша шығыстар	77.671	65.792
Кеңес беру қызметтері	20.668	15.925
Қызмет көрсету шығыстары	6.148	5.620
Әлеуметтік төлемдер	5.829	4.594
Сауда дебиторлық берешек пен басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резервін есептеу (23-ескертпе)	2.756	3.268
Есепке алынбаған ҚҚС	2.582	2.599
Байланыс қызметтері	1.861	4.081
Айыппұлдар, салықтар мен өсімпұлдар бойынша резервті есептеу	605	2.114
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер бойынша құнсыздану резервін есептеу (23-ескертпе)	2	101
Өтелуге жататын ҚҚС-ты қалпына келтіру	(1.942)	(5.144)
Басқару шығыстары	-	21.478
Басқалары	43.988	30.964
	<b>160.168</b>	<b>151.392</b>

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жалақы бойынша шығыстар 527.934 миллион теңге болды (2021: 396.955 миллион теңге) және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте өндірістік шығыстардың, тасымалдау және өткізу шығыстарының және жалпы әрі әкімшілік шығыстардың құрамында көрсетілді.

## 15. Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы және барлау бойынша шығыстар

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
<b>Құнсызданудан болған шығыстар және құнсыздануды қалпына келтіру</b>		
Негізгі құралдар (17-ескертпе)	562	17.013
Материалдық емес активтер (19-ескертпе)	139	(59)
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	7	-
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	-	3.770
	<b>708</b>	<b>20.724</b>
<b>Барлау шығыстары (құнсыздану және есептен шығару) (18-ескертпе)</b>		
«Оңтүстік Өріктау» жобасы	8.895	-
«Исатай» жобасы	3.172	-
«Жамбыл» жобасы	-	59.283
ҚМГ БӨ-дегі браунфилдер	-	19.800
Басқалары	46	-
	<b>12.113</b>	<b>79.083</b>
	<b>12.821</b>	<b>99.807</b>

Келесі АҚГБ бойынша құнсыздану залалы танылды:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
«Барыс», «Бүркіт», «Бекет Ата» және «Түркістан» теңіз кемелері	1.801	4.453
КМГИ АҚГБ	-	8.298
Басқалары	(1.093)	7.973
	<b>708</b>	<b>20.724</b>

### Теңіз кемелері

«ҚазақТеңізКөлікФлоты» ЖШС теңіз кемелерінің өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды. Пайдалану құндылығы келешек ақша ағындарының келтірілген құны ретінде бағаланды, олар, қолданыстағы және ықтимал келісімшарттардың қолданылу мерзімінің соңына дейін кемелерден алынады, пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесі 14,00% (2021 жыл: 10,70%) болды. 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы тесттің нәтижесінде Топ 1.801 миллион теңге мөлшерінде (2021 жыл: «Барыс» және «Бүркіт» кемелері бойынша 4.453 миллион теңге) «Барыс», «Түркістан» және «Бекет Ата» кемелерінің құнсыздануынан болған залалды мойындады.

### КМГИ АҚГБ

2021 жылғы 2 шілдеде КМГИ еншілес ұйымы Petromidia мұнай өңдеу зауытында (бұдан әрі - «Petromidia») өрт шығуына және салдарынан, зиян шеккен объектілер қалпына келтірілгенге дейін өндірістің уақытша тоқтап қалуына әкеп соқтырған оқиға болды. КМГИ оқиғаның салдарын бағалап, 1.615 миллион теңге мөлшерінде Petromidia-ның негізгі құралдарының құнсыздануынан болған залалды таныды.

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін, негізгі құралдарды инспекциялау нәтижелері бойынша, КМГИ 6.683 миллион теңге сомаға негізгі құралдардың құнсыздануынан болған залалды таныды.

2022 жылы құнсыздануға жасалған талдаудың негізінде КМГИ АҚГБ құнсыздануы анықталмады.

## Барлау шығыстары

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ «Оңтүстік Өріктау» жобасы бойынша барлау және бағалау активтері бойынша 8.895 миллион теңге мөлшерінде құнсызданудан болған залалды мойындады, ол бойынша Топ келісімшарттық аумақты Үкіметке қайтару жөнінде шешім қабылдады.

Сондай-ақ, Топ Компания және жоба бойынша екінші әріптес Isatay Operating Company LLP жобадан шығу және келісімшарттық аумақты Үкіметке қайтару туралы шешім қабылдаған «Исатай» жобасы бойынша 3.172 миллион теңге мөлшерінде барлау және бағалау активтері бойынша құнсызданудан болған шығынды мойындады.

2021 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ «Жамбыл» жобасы бойынша 59.283 миллион теңге мөлшерінде барлау мен бағалау активтерін есептен шығарды, сол бойынша жер қойнауын пайдалану келісімшартты бұзылып, келісімшарттық аумақ Үкіметке қайтарылды. Сондай-ақ, Топ «Тайсойған» учаскесінде келісімшарттық аумақты ішінара азайтты және, тиісінше, 19.800 миллион теңге сомаға барлау және бағалау бойынша шығыстарды есептен шығарды.

## 16. Қаржылық кіріс / қаржылық шығындар

### Қаржылық кіріс

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
Банк салымдары, қаржы активтері, қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық кіріс	115.476	65.282
Шығарылған қаржылық кепілдіктердің амортизациясы	-	1.704
<b>Пайыздық кірістің барлығы</b>	<b>115.476</b>	<b>66.986</b>
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтерін қайта бағалау	895	12.022
Басқалары	4.216	6.218
	<b>120.587</b>	<b>85.226</b>

### Қаржылық шығындар

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
Қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық шығыс	258.135	226.691
Қарыздың мерзімінен бұрын өтелуі үшін комиссия (27-ескертпе)	4.498	-
Жалдау шарттары бойынша пайыздық шығыс (28-ескертпе)	4.188	5.151
Опционды орындағаны үшін Самұрық-Қазына алдындағы берешек дисконтының амортизациясы (30-ескертпе)	3.929	-
<b>Пайыздық шығыстың барлығы</b>	<b>270.750</b>	<b>231.842</b>
Активтердің, экологиялық міндеттемелер мен басқа да резервтердің есептен шығарылуы бойынша міндеттемелер дисконтының амортизациясы (29-ескертпе)	17.947	12.871
Ақтуарлық міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы (29-ескертпе)	4.723	4.412
Басқалары	13.426	13.698
	<b>306.846</b>	<b>262.823</b>



## 17. Негізгі құралдар

Миллион теңгемен	Мұнай-газ активтері	Мұнай құбырлары	Қайта өңдеу активтері	Ғимараттар мен құрылысжайлар	Машиналар мен құралжабдықтар	Көлік құралдары	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
<b>2020 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны (қайта есептелген)</b>	<b>4.407.460</b>	<b>808.757</b>	<b>1.171.110</b>	<b>289.702</b>	<b>453.821</b>	<b>84.661</b>	<b>112.138</b>	<b>370.587</b>	<b>7.698.236</b>
Есептілік валютасын қайта есептеу	97.868	1.075	7.241	908	1.288	894	1.822	4.720	115.816
Есепті бағалаудағы өзгерістер	11.107	(382)	-	(3)	-	-	-	-	10.722
Түсімдер	54.131	3.163	2.063	6.716	42.099	6.857	3.471	338.360	456.860
Шығулар	(27.370)	(9.103)	(39.685)	(5.401)	(7.141)	(5.033)	(4.933)	(685)	(99.351)
Еншілес компанияны бақылаудан айырылу	-	-	-	(631)	(557)	(248)	(222)	(38)	(1.696)
Тозу бойынша шығыстар	(277.033)	(27.370)	(114.521)	(19.786)	(36.632)	(9.925)	(11.091)	-	(496.358)
Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану	23.602	8.586	11.649	4.525	5.935	4.102	4.710	373	63.482
(Құнсыздану) /құнсыздануды қалпына келтіру (15-ескертпе)	(3.939)	(3)	(8.276)	2	13	(4.451)	22	(381)	(17.013)
Тоқтатылған қызмет (5-ескертпе)	(32.655)	(549.852)	-	(73.865)	(261.707)	(4.196)	(4.547)	(41.645)	(968.467)
Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударымдар	-	-	(24)	(11.452)	(33.477)	(48)	(450)	-	(45.451)
Барлау және бағалау бойынша активтерден аударымдар (18-ескертпе)	16.674	-	-	-	-	-	-	-	16.674
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен аударымдар	-	-	-	2.296	-	-	7	-	2.303
Басқа да өзгерістер	(5.077)	1.387	125	1	82	1	1.408	(7.774)	(9.847)
Аударымдар	163.579	26.459	91.738	18.811	75.467	2.611	6.833	(385.498)	-
<b>2021 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны (қайта есептелген)</b>	<b>4.428.347</b>	<b>262.717</b>	<b>1.121.420</b>	<b>211.823</b>	<b>239.191</b>	<b>75.225</b>	<b>109.168</b>	<b>278.019</b>	<b>6.725.910</b>
Бастапқы құн	6.436.571	394.496	2.624.793	507.485	588.037	214.572	243.865	327.734	11.337.553
Жинақталған тозу және құнсыздану	(2.008.224)	(131.779)	(1.503.373)	(295.662)	(348.846)	(139.347)	(134.697)	(49.715)	(4.611.643)
<b>2021 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны (қайта есептелген)</b>	<b>4.428.347</b>	<b>262.717</b>	<b>1.121.420</b>	<b>211.823</b>	<b>239.191</b>	<b>75.225</b>	<b>109.168</b>	<b>278.019</b>	<b>6.725.910</b>
<b>2021 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны (қайта есептелген)</b>	<b>4.428.347</b>	<b>262.717</b>	<b>1.121.420</b>	<b>211.823</b>	<b>239.191</b>	<b>75.225</b>	<b>109.168</b>	<b>278.019</b>	<b>6.725.910</b>
Есептілік валютасын қайта есептеу	275.403	1.760	21.162	6.698	3.925	2.490	5.491	9.300	326.229
Есепті бағалаудағы өзгерістер	(105.568)	(7.609)	-	(3.405)	-	-	-	-	(116.582)
Түсімдер	84.069	638	938	18.920	9.953	5.743	873	384.227	505.361
Шығулар	(46.201)	(1.761)	(3.295)	(948)	(5.125)	(4.810)	(4.179)	(863)	(67.182)
Еншілес компанияға бақылаудан айырылу (5-ескертпе)	-	-	-	-	-	-	(36)	-	(36)
Тозу бойынша шығыстар	(262.374)	(13.821)	(110.749)	(17.008)	(26.885)	(9.395)	(10.486)	-	(450.718)
Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану	44.364	1.651	2.901	820	4.704	4.073	3.677	625	62.815
Құнсыздануды қалпына келтіру/(құнсыздану) (15-ескертпе)	909	643	(3.009)	(1.449)	(1.017)	(140)	4.499	(998)	(562)
Сатуға арналған деп жіктелген активтерден аударымдар	-	-	-	324	5	11	68	-	408
Барлау және бағалау бойынша активтерден аударымдар (18-ескертпе)	3.253	-	-	-	-	-	-	-	3.253
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен аударымдар	-	-	-	2.073	-	-	-	-	2.073
Басқа да өзгерістер	(635)	(65)	11	-	(784)	-	279	62	(1.132)
Аударымдар	176.668	22.413	46.006	15.779	41.763	1.343	5.732	(309.704)	-
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны</b>	<b>4.598.235</b>	<b>266.566</b>	<b>1.075.385</b>	<b>233.627</b>	<b>265.730</b>	<b>74.540</b>	<b>115.086</b>	<b>360.668</b>	<b>6.989.837</b>
Бастапқы құн	6.915.401	412.952	2.765.873	560.414	646.407	222.283	258.267	411.846	12.193.443
Жинақталған тозу және құнсыздану	(2.317.166)	(146.386)	(1.690.488)	(326.787)	(380.677)	(147.743)	(143.181)	(51.178)	(5.203.606)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны</b>	<b>4.598.235</b>	<b>266.566</b>	<b>1.075.385</b>	<b>233.627</b>	<b>265.730</b>	<b>74.540</b>	<b>115.086</b>	<b>360.668</b>	<b>6.989.837</b>

## Түсімдер

2022 жылғы түсімдер, негізінен, «Өзенмұнайгаз» АҚ-да, «Эмбамұнайгаз» АҚ-да, ҚМГ БӨ еншілес ұйымдарында, «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС мен Қашағанда 280.470 миллион теңге жалпы сомаға ұңғымаларды бұрғылау, 75.792 миллион теңге сомаға ҚМГИ еншілес ұйымы Rompetrol Rafinare өндірістік кешенін жөндеу, «ҚазТрансОйл» АҚ-да 39.538 миллион теңге жалпы сомаға «Өзен-Атырау-Самара» және «Астрахань-Маңғышлақ» мұнай құбыры учаскесін ауыстыру шығыстарынан тұрады.

## Басқалары

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ жаңа активтердің құрылысына қатысты 1.304 миллион теңге сомаға 4,40% орташа пайыздық мөлшерлеме бойынша (2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 32 миллион теңге, орташа пайыздық мөлшерлеме 2,10%) қарыздар бойынша шығындарды негізгі құралдардың баланстық құнына капиталдандырды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толығымен амортизацияланған, бірақ әлі де пайдаланылатын негізгі құралдардың құны 384.815 миллион теңге (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 329.355 миллион теңге) болды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық құны 778.757 миллион теңге болатын негізгі құралдардың кейбір нысандары Топтың банк қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылды (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 837.744 миллион теңге).

Күрделі міндеттемелер 35-ескертпеде ашылып көрсетілген.

## 18. Барлау және бағалау бойынша активтер

Миллион теңгемен	Материалдық	Материалдық емес	Жиыны
<b>2020 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны (қайта есептелген)</b>	<b>320.219</b>	<b>24.228</b>	<b>344.447</b>
Түсімдер	9.342	831	10.173
Шетел валютасын қайта есептеу	4.822	-	4.822
Есепті бағалаудағы өзгерістер	77	-	77
Есептен шығару (15-ескертпе)	(76.869)	(2.214)	(79.083)
Тоқтатылған қызмет (5-ескертпе)	(19.250)	(14)	(19.264)
Еншілес компанияны бақылаудан айырылу	-	(427)	(427)
Материалдық емес активтерге аудару (19-ескертпе)	-	(8.768)	(8.768)
Негізгі құралдарға аударымдар (17-ескертпе)	(16.674)	-	(16.674)
Басқа да өзгерістер	(299)	-	(299)
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны (қайта есептелген)</b>	<b>221.368</b>	<b>13.636</b>	<b>235.004</b>
Түсімдер	17.417	510	17.927
Шетел валютасын қайта есептеу	13.682	-	13.682
Есепті бағалаудағы өзгерістер	33	-	33
Негізгі құралдарға аударымдар (17-ескертпе)	(3.253)	-	(3.253)
Құнсыздану (15-ескертпе)	(10.418)	(1.695)	(12.113)
Басқа да өзгерістер	173	(173)	-
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны</b>	<b>239.002</b>	<b>12.278</b>	<b>251.280</b>

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына барлау және әзірлеу бойынша активтер келесі жобалармен көрсетілген:

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
Солтүстік Каспий жобасы	206.007	191.463
Жеңіс	18.310	4.692
«Эмбамұнайгаз» АҚ	14.084	16.357
Өріктау	4.889	13.726
Басқалары	7.990	8.766
	<b>251.280</b>	<b>235.004</b>

## 19. Материалдық емес активтер

Миллион теңгемен	Лицензиялар	Жер қойнауын пайдалану құқықтары (өндіру сатысында)	Гудвил	Маркетинг бойынша материалдық емес активтер	Бағдарла-малық жасақтама	Басқалары	Жиыны
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны (қайта есептелген)</b>	<b>519.388</b>	<b>207.377</b>	<b>99.564</b>	<b>24.824</b>	<b>20.123</b>	<b>19.686</b>	<b>890.962</b>
Есептілік валютасын қайта есептеу	13.110	5.219	285	643	111	683	20.051
Түсімдер	957	451	-	-	1.619	1.759	4.786
Шығулар	(55)	-	-	-	(1.930)	(71)	(2.056)
Амортизация бойынша шығыстар	(24.693)	(10.266)	-	-	(7.280)	(1.540)	(43.779)
Жинақталған амортизация және шығулар бойынша құнсыздану	37	-	-	-	1.775	70	1.882
Құнсыздануды қалпына келтіру (15-ескертпе)	-	-	-	-	54	5	59
Еншілес компанияны бақылаудан айырылу	(1)	-	-	-	(2)	(1)	(4)
Сатуға арналған деп жіктелген активтерден аударымдар	-	-	-	-	42	-	42
Барлау және бағалау бойынша активтерден аударымдар (18-ескертпе)	-	-	-	-	-	8.768	8.768
Тоқтатылған қызмет (5-ескертпе)	(152)	-	-	-	(5.246)	(599)	(5.997)
Басқа да өзгерістер	234	(1.056)	-	-	3.924	11.675	14.777
Ауыстырулар	1.315	-	-	-	4.211	(5.526)	-
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны (қайта есептелген)</b>	<b>510.140</b>	<b>201.725</b>	<b>99.849</b>	<b>25.467</b>	<b>17.401</b>	<b>34.909</b>	<b>889.491</b>
Есептілік валютасын қайта есептеу	36.280	14.389	807	1.819	351	1.916	55.562
Түсімдер	765	637	-	-	2.414	7.811	11.627
Шығулар	(2.546)	-	-	-	(3.605)	(516)	(6.667)
Амортизация бойынша шығыстар	(23.284)	(7.990)	-	-	(6.370)	(1.245)	(38.889)
Жинақталған амортизация және шығулар бойынша құнсыздану	2.271	-	-	-	3.326	362	5.959
Бақылаудан айырылу (5-ескертпе)	-	-	-	-	-	(64)	(64)

**Миллион теңгемен**

	Лицензиялар	Жер қойнауын пайдалану құқықтары (өндіру сатысында)	Гудвилл	Маркетинг бойынша материалдық емес активтер	Бағдарла-малық жасақтама	Басқалары	ЖИНЫ
Құнсыздану (15-ескертпе)	-	-	-	-	-	(139)	(139)
Басқа да өзгерістер	274	669	-	-	425	5	1.373
Ауыстырулар	801	2.790	-	-	4.304	(7.895)	-
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны</b>	<b>524.701</b>	<b>212.220</b>	<b>100.656</b>	<b>27.286</b>	<b>18.246</b>	<b>35.144</b>	<b>918.253</b>
Бастапқы құн	698.951	268.892	209.401	70.041	78.576	100.138	1.425.999
Жинақталған амортизация және құнсыздану	(174.250)	(56.672)	(108.745)	(42.755)	(60.330)	(64.994)	(507.746)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны</b>	<b>524.701</b>	<b>212.220</b>	<b>100.656</b>	<b>27.286</b>	<b>18.246</b>	<b>35.144</b>	<b>918.253</b>
Бастапқы құн	654.056	246.092	208.594	65.371	72.271	95.689	1.342.073
Жинақталған амортизация және құнсыздану	(143.916)	(44.367)	(108.745)	(39.904)	(54.870)	(60.780)	(452.582)
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны (қайта есептелген)</b>	<b>510.140</b>	<b>201.725</b>	<b>99.849</b>	<b>25.467</b>	<b>17.401</b>	<b>34.909</b>	<b>889.491</b>

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша маркетинг бойынша материалдық емес активтер КМГИ тауар белгілерімен білдірілді.

Ақша ағындарын тудыратын әрбір бірлікке жататын гудвиллдің ағымдағы құны:

Ақша ағындарын тудыратын бірліктер	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
ПМХЗ ақша ағындарын генерациялайтын бірлік	88.553	88.553
КМГИ ақша ағындарын генерациялайтын бірліктер	12.103	11.296
<b>Гудвилл жиыны</b>	<b>100.656</b>	<b>99.849</b>

Құнсыздануға жасалған талдаудың негізінде 2022 және 2021 жылдары ПМХЗ немесе КМГИ гудвиллінің құнсыздануы анықталмады. ПМХЗ гудвиллінің құнсыздануына жасалған талдау туралы барынша егжей-тегжейлі ақпарат 4-ескертпеде баяндалған.

**20. Банк салымдары**

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
АҚШ долларында көрсетілген	1.230.928	611.060
Теңгемен көрсетілген	6.616	7.549
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(177)	(199)
	<b>1.237.367</b>	<b>618.410</b>

2022 жылғы 31 желтоқсанға ұзақ мерзімді банк салымдарының орташа алынған мөлшерлемесі АҚШ долларында 0,94% және теңгемен тиісінше 0,74% болды (2021 жылғы 31 желтоқсан: АҚШ долларында 1,04% және теңгемен 0,94%).

2022 жылғы 31 желтоқсанға қысқа мерзімді банк салымдарының орташа алынған пайыздық мөлшерлемесі АҚШ долларында 2,64% және теңгемен тиісінше 1,24% болды (2021 жылғы 31 желтоқсан: АҚШ долларында 0,26%, теңгемен 5,48%).

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
Өтеу мерзімі 1 жылға дейін	1.178.138	562.352
1 жылдан 2 жылға дейін өтеу мерзімі	94	140
2 жылдан артық өтеу мерзімі	59.135	55.918
	<b>1.237.367</b>	<b>618.410</b>

2022 жылғы 31 желтоқсанға банк депозиттеріне 59.229 миллион теңге мөлшерінде (2021 жылғы 31 желтоқсан: 56.058 миллион теңге) қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылған ақша қаражаты кіреді, әрі олар негізінен жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының талаптарына сай тарату қоры ретінде пайдалануда шектелген шоттарда орналастырылған 55.517 миллион теңге сомасынан (2021 жылғы 31 желтоқсан: 51.163 миллион теңге) тұрады.

**21. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар**

Миллион теңгемен	Негізгі қызметі	Қызметті жүзеге асыру орны	2022 жылғы 31 желтоқсан		2021 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)	
			Ағымдағы құны	Иелік ету үлесі	Ағымдағы құны	Иелік ету үлесі
<b>Бірлескен кәсіпорындар</b>						
«Теңізшевройл» ЖШС (ТШО)	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	3.825.053	20,00 %	3.105.942	20,00 %
Mangistau Investment B.V. Group (MMG)	Көмірсутектерді әзірлеу және өндіру	Қазақстан	164.716	50,00 %	207.410	50,00 %
«КазРосГаз» ЖШС (КРГ)	Табиғи газды және қайта өңдеу өнімдерін қайта өңдеу және сату	Қазақстан	58.812	50,00 %	54.317	50,00 %
«Қазақстан – Қытай құбыры» ЖШС (ҚҚҚ)	Мұнайды тасымалдау	Қазақстан	37.138	50,00 %	25.355	50,00 %
«ҚазГерМұнай» ЖШС (ҚГМ)	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	32.070	50,00 %	32.289	50,00 %
Ural Group Limited (УГЛ)	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	31.490	50,00 %	41.453	50,00 %
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС (ҚОА)	Шикі мұнайды өндіру және өткізу	Қазақстан	26.911	50,00 %	25.262	50,00 %
Valsera Holdings B.V. Group (PKOP)	Шикі мұнайды қайта өңдеу	Қазақстан	26.351	50,00 %	9.590	50,00 %
«PETROSUN» ЖШС (Petrosun) (7-ескертпе)	Сұйытылған көмірсутек газы мен мұнай өнімдерін сату	Қазақстан	24.373	49,00 %	-	-
«Тениз Сервис» ЖШС (Тениз Сервис)	Инфрақұрылымдық объектілерді жобалау, салу және пайдалану, теңіз мұнай операцияларын қолдау	Қазақстан	10.396	48,996 %	16.894	48,996 %
Басқалары			42.014		30.607	

Миллион теңгемен	Негізгі қызметі	Қызметті жүзеге асыру орны	2022 жылғы 31 желтоқсан		2021 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)	
			Ағымдағы құны	Иелік ету үлесі	Ағымдағы құны	Иелік ету үлесі
<b>Қауымдасқан компаниялар</b>						
Каспий Мұнай құбыры Консорциумы (КМК)	Сұйық көмірсутектерді тасымалдау	Қазақстан/Ресей	521.882	20,75 %	473.880	20,75 %
ПетроҚазақстан Инк. (ПКИ)	Көмірсутектерді барлау, өндіру және қайта өңдеу	Қазақстан	94.635	33,00 %	84.905	33,00 %
Басқалары			51.562		37.742	
			<b>4.947.403</b>		<b>4.145.646</b>	

2022 жылғы 31 желтоқсанда бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың танылмаған жинақталған шығындардағы Топтың үлесі 19.950 миллион теңгені (2021 жылғы 31 желтоқсан: 1.811 миллион теңге) құрады.

Төмендегі кестеде 2022 және 2021 жылдардағы инвестицияларда болған қозғалыс көрсетілген:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
<b>1 қаңтарға сальдо (қайта есептелген)</b>	<b>4.145.646</b>	<b>4.214.205</b>
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто (5 және 9-ескертпелер)	991.310	955.392
Жалпы бақылаумен сатып алу (6 және 33-ескертпе)	17.368	-
Сатып алу (7-ескертпе)	10.989	-
Алынған дивидендтер	(462.309)	(415.359)
Алынуға жататын дивидендтердегі өзгеріс	(41.682)	(48.511)
Инвестициялардың құнсыздануы	-	(64)
Бірлескен кәсіпорындар капиталындағы басқа да өзгерістер	(637)	9.391
Иелік ету үлесін өзгертпестен капиталға қосымша салымдар	15.398	1.926
Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударымдар	(76)	-
Элиминациялар мен түзетулер <sup>1</sup>	(1.944)	(6.308)
Тоқтатылған қызмет (5-ескертпе)	-	(662.208)
Есептілік валютасын қайта есептеу	273.340	97.182
<b>31 желтоқсанға сальдо</b>	<b>4.947.403</b>	<b>4.145.646</b>

Төменде мұндай кәсіпорындардың 2022 жылғы қаржылық есептіліктеріне негізделген елеулі бірлескен кәсіпорындар туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	ТШО	ММГ	КРГ	ҚҚҚ	КГМ
Ұзақ мерзімді активтер	25.713.747	464.868	40.100	137.004	71.787
Қысқа мерзімді активтер, қоса	3.046.293	111.126	99.637	42.103	53.303
<b>Ақша қаражаты мен оның баламалары</b>	<b>1.905.924</b>	<b>28.622</b>	<b>59.000</b>	<b>17.871</b>	<b>46.729</b>

<sup>1</sup> — Элиминациялар және түзетулер бірлескен кәсіпорындарға Компания мен еншілес ұйымдар берген қарыздар бойынша капиталдандырылған сыйақыларды білдіреді.

Миллион теңгемен	ТШО	ММГ	КРГ	ҚҚҚ	КГМ
Ұзақ мерзімді міндеттемелер, қоса	(7.808.607)	(144.698)	(269)	(58.417)	(21.559)
<b>Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер</b>	<b>(4.163.850)</b>	-	-	<b>(32.197)</b>	-
Қысқа мерзімді міндеттемелер, қоса	(1.826.167)	(99.344)	(21.844)	(46.415)	(39.392)
<b>Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер</b>	-	-	-	<b>(33.900)</b>	-
<b>Капитал</b>	<b>19.125.266</b>	<b>331.952</b>	<b>117.624</b>	<b>74.275</b>	<b>64.139</b>
Иелік ету үлесі	20 %	50 %	50 %	50 %	50 %
Үлестік қатысу әдісімен есепке алуды түзетулер	-	(1.260)	-	-	-
<b>2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны</b>	<b>3.825.053</b>	<b>164.716</b>	<b>58.812</b>	<b>37.138</b>	<b>32.070</b>
Түсім	10.949.194	910.069	192.427	86.319	150.039
<b>Тозу және амортизация</b>	<b>(1.129.895)</b>	<b>(26.647)</b>	<b>(323)</b>	<b>(10.269)</b>	<b>(22.550)</b>
Қаржылық кіріс	36.076	594	2.765	357	791
Қаржылық шығындар	(99.857)	(9.404)	-	(4.593)	(994)
Пайда салығы бойынша шығыстар	(1.591.414)	(38.267)	(4.040)	(8.703)	(39.783)
<b>Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда</b>	<b>3.713.299</b>	<b>96.971</b>	<b>1.107</b>	<b>33.566</b>	<b>41.061</b>
Басқа да жиынтық кіріс	1.114.004	1.784	7.884	-	4.115
<b>Жалпы жиынтық кіріс</b>	<b>4.827.303</b>	<b>98.755</b>	<b>8.991</b>	<b>33.566</b>	<b>45.176</b>
Алынған дивидендтер	207.892	92.071	-	5.000	22.826

Төменде мұндай кәсіпорындардың 2022 жылғы қаржылық есептіліктеріне негізделген елеулі бірлескен кәсіпорындар туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	УГЛ	КОА	РКОР	Petrosun	Теңіз Сервис
Ұзақ мерзімді активтер	275.714	51.963	454.653	28	14.283
Қысқа мерзімді активтер, қоса	1.851	17.357	120.412	123.612	16.745
<b>Ақша қаражаты мен оның баламалары</b>	<b>1.704</b>	<b>1.186</b>	<b>79.079</b>	<b>14.662</b>	<b>2.570</b>
Ұзақ мерзімді міндеттемелер, қоса	(171.042)	(4.101)	(377.788)	-	(573)
<b>Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер</b>	<b>(133.544)</b>	-	<b>(340.106)</b>	-	-
Қысқа мерзімді міндеттемелер, қоса	(3.543)	(11.397)	(97.393)	(73.899)	(9.236)
<b>Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер</b>	-	-	<b>(82.347)</b>	-	-
<b>Капитал</b>	<b>102.980</b>	<b>53.822</b>	<b>99.884</b>	<b>49.741</b>	<b>21.219</b>
Иелік ету үлесі	50 %	50 %	50 %	49 %	48,996 %
Инвестицияның құнсыздануы	(20.000)	-	-	-	-
Жинақталған жұмсалмаған залал	-	-	(23.591)	-	-
<b>2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны</b>	<b>31.490</b>	<b>26.911</b>	<b>26.351</b>	<b>24.373</b>	<b>10.396</b>
Түсім	223	90.330	219.429	676.932	3.182
<b>Тозу және амортизация</b>	<b>(26)</b>	<b>(111)</b>	<b>(38.552)</b>	<b>(22)</b>	<b>(645)</b>
Қаржылық кіріс	-	933	244	870	27
Қаржылық шығындар	(8.387)	(261)	(31.616)	(812)	(49)
Пайда салығы бойынша шығыстар	(3.005)	(10.266)	(10.260)	(12.722)	(58)
<b>Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы (зиян)/пайда</b>	<b>(22.939)</b>	<b>25.296</b>	<b>42.018</b>	<b>47.315</b>	<b>(13.261)</b>
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)	2.746	-	(228)	-	-

Миллион теңгемен	УГЛ	КОА	РКОР	Petrosun	Теңіз Сервис
<b>Жалпы жиынтық (зиян)/кіріс</b>	<b>(20.193)</b>	<b>25.296</b>	<b>41.790</b>	<b>47.315</b>	<b>(13.261)</b>
Алынған дивидендтер	-	14.000	2.189	9.800	-

Төменде мұндай кәсіпорындардың 2021 жылғы қаржылық есептіліктеріне негізделген елеулі бірлескен кәсіпорындар туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	ТШО	ММГ	КРГ	ҚҚҚ	КГМ	УГЛ
Ұзақ мерзімді активтер	21.900.722	480.741	45.961	149.828	65.184	254.152
Қысқа мерзімді активтер, қоса	1.454.491	160.802	80.906	80.675	54.869	911
<b>Ақша қаражаты мен оның баламалары</b>	<b>331.602</b>	<b>101.431</b>	<b>31.428</b>	<b>58.398</b>	<b>49.531</b>	<b>830</b>
Ұзақ мерзімді міндеттемелер, қоса	(6.307.907)	(138.617)	(225)	(122.857)	(18.405)	(129.822)
<b>Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер</b>	<b>(3.886.200)</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>(94.393)</b>	<b>-</b>	<b>(95.775)</b>
Қысқа мерзімді міндеттемелер, қоса	(1.517.597)	(86.154)	(18.009)	(56.937)	(37.070)	(2.335)
<b>Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер</b>	<b>(60.529)</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>(44.617)</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
<b>Капитал</b>	<b>15.529.709</b>	<b>416.772</b>	<b>108.633</b>	<b>50.709</b>	<b>64.578</b>	<b>122.906</b>
Иелік ету үлесі	20 %	50 %	50 %	50 %	50 %	50 %
Инвестицияның құнсыздануы	-	-	-	-	-	(20.000)
Үлестік қатысу әдісімен есепке алуды түзетулер	-	(976)	-	-	-	-
<b>2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны</b>	<b>3.105.942</b>	<b>207.410</b>	<b>54.317</b>	<b>25.355</b>	<b>32.289</b>	<b>41.453</b>
Түсім	6.793.158	763.148	196.978	74.019	118.071	-
<b>Тозу және амортизация</b>	<b>(894.739)</b>	<b>(66.434)</b>	<b>(221)</b>	<b>(10.119)</b>	<b>(59.318)</b>	<b>(61)</b>
Қаржылық кіріс	2.341	181	2.908	226	743	-
Қаржылық шығындар	(62.409)	(9.296)	-	(4.750)	(1.752)	(3.918)
Пайда салығы бойынша шығыстар	(946.429)	(55.667)	(12.467)	(6.889)	(27.785)	(171)
<b>Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(зиян)</b>	<b>2.208.327</b>	<b>160.308</b>	<b>41.903</b>	<b>26.927</b>	<b>12.216</b>	<b>(22.120)</b>
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)	393.933	18	4.394	(1)	1.596	3.995
<b>Жалпы жиынтық кіріс/(зиян)</b>	<b>2.602.260</b>	<b>160.326</b>	<b>46.297</b>	<b>26.926</b>	<b>13.812</b>	<b>(18.125)</b>
Алынған дивидендтер	177.260	15.338	45.532	1.800	7.441	-

Төменде мұндай кәсіпорындардың 2021 жылғы қаржылық есептіліктеріне негізделген елеулі бірлескен кәсіпорындар туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	КОА	РКОР	Теңіз Сервис	АГҚ (5 ескертпе)	БШГ (5 ескертпе)
Ұзақ мерзімді активтер	50.961	487.137	13.544	-	-
Қысқа мерзімді активтер, қоса	18.936	119.241	34.290	-	-
<b>Ақша қаражаты мен оның баламалары</b>	<b>11.652</b>	<b>66.868</b>	<b>8.728</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
Ұзақ мерзімді міндеттемелер, қоса	(2.671)	(443.302)	(357)	-	-
<b>Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер</b>	<b>-</b>	<b>(412.600)</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>

Миллион теңгемен	КОА	РКОР	Теңіз Сервис	АГҚ (5 ескертпе)	БШГ (5 ескертпе)
Қысқа мерзімді міндеттемелер, қоса	(16.701)	(100.603)	(12.997)	-	-
<b>Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер</b>	<b>-</b>	<b>(74.181)</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
<b>Капитал</b>	<b>50.525</b>	<b>62.473</b>	<b>34.480</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
Иелік ету үлесі	50 %	50 %	48,996 %	-	-
Жинақталған жұмсалмаған залал	-	(21.647)	-	-	-
<b>2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны</b>	<b>25.262</b>	<b>9.590</b>	<b>16.894</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
Түсім	65.050	181.777	106.302	732.768	167.239
Тозу және амортизация	(3.492)	(38.773)	(106.478)	(69.439)	(16.839)
Қаржылық кіріс	347	19	14	1.006	-
Қаржылық шығындар	(588)	(24.063)	(2.383)	(31.528)	(10.840)
Пайда салығы бойынша шығыстар	(6.905)	(13.179)	245	(112.025)	-
<b>Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(зиян)</b>	<b>26.758</b>	<b>23.737</b>	<b>(6.305)</b>	<b>436.821</b>	<b>113.246</b>
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)	-	(353)	-	412	-
<b>Жалпы жиынтық кіріс/(зиян)</b>	<b>26.758</b>	<b>23.384</b>	<b>(6.305)</b>	<b>437.233</b>	<b>113.246</b>
Алынған дивидендтер	6.003	-	490	40.216	18.000

Төменде 2022 жылғы қаржылық есептіліктеріне негізделген елеулі қауымдасқан компаниялар туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	
	КМК	ПКИ
Ұзақ мерзімді активтер	2.240.723	224.559
Қысқа мерзімді активтер	292.198	116.827
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(35.730)	(18.489)
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(196.152)	(15.586)
<b>Капитал</b>	<b>2.301.039</b>	<b>307.311</b>
Иелік ету үлесі	20,75 %	33 %
Гудвил	44.416	-
Инвестицияның құнсыздануы	-	(6.778)
<b>Инвестициялардың ағымдағы құны</b>	<b>521.882</b>	<b>94.635</b>
Түсім	976.076	140.901
Тозу, тауысылу және амортизация	(216.491)	(24.217)
Қаржылық кіріс	8.119	439
Қаржылық шығындар	-	(1.503)
Пайда салығы бойынша шығыстар	(122.394)	(17.548)
<b>Бір жылғы пайда</b>	<b>567.533</b>	<b>19.702</b>
Басқа да жиынтық кіріс	185.893	9.782
<b>Жалпы жиынтық кіріс</b>	<b>753.426</b>	<b>29.484</b>
Алынған дивидендтер	98.854	2.890

Төменде 2021 жылғы қаржылық есептіліктеріне негізделген елеулі қауымдасқан компаниялар туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	2021 жылғы 31 желтоқсан	
	КМК	ПКИ
Ұзақ мерзімді активтер	2.050.452	255.912
Қысқа мерзімді активтер	229.939	88.537
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(32.699)	(20.905)
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(163.712)	(45.717)
<b>Капитал</b>	<b>2.083.980</b>	<b>277.827</b>
Иелік ету үлесі	20,75 %	33 %
Гудвил	41.454	-
Инвестицияның құнсыздануы	-	(6.778)
<b>31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны</b>	<b>473.880</b>	<b>84.905</b>
Түсім	925.320	113.185
Тозу, тауысылу және амортизация	(174.032)	(17.008)
Қаржылық кіріс	775	249
Қаржылық шығындар	(1.685)	(1.675)
Пайда салығы бойынша шығыстар	(128.913)	(1.112)
<b>Бір жылғы пайда</b>	<b>438.091</b>	<b>24.369</b>
Басқа да жиынтық кіріс	60.033	3.149
<b>Жалпы жиынтық кіріс</b>	<b>498.124</b>	<b>27.518</b>
Алынған дивидендтер	96.489	2.676

Төменде дербес елеулі емес бірлескен кәсіпорындар туралы жалпылама қаржы ақпараты көрсетілген (Топ үлесі):

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
<b>Топтың мыналардағы үлесі:</b>		
Ұзақ мерзімді активтердегі	39.088	30.611
Қысқа мерзімді активтердегі	18.950	16.171
Ұзақ мерзімді міндеттемелердегі	(13.922)	(6.563)
Қысқа мерзімді міндеттемелердегі	(8.800)	(10.720)
Гудвил	172	172
Залалда жинақталған танылмаған үлес	1.706	936
Басқа да айырмалар	4.820	
<b>31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны</b>	<b>42.014</b>	<b>30.607</b>
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда	4.013	4.302
Басқа да жиынтық (зиян)/ кіріс	(1.148)	22
<b>Жалпы жиынтық кіріс</b>	<b>2.865</b>	<b>4.324</b>
Зиянда танылмаған үлес	-	(273)

Төменде дербес елеулі емес қауымдасқан компаниялар туралы қаржы ақпараты көрсетілген (Топ үлесі):

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
<b>Топтың мыналардағы үлесі:</b>		
Ұзақ мерзімді активтердегі	53.699	47.781
Қысқа мерзімді активтердегі	87.702	93.419
Ұзақ мерзімді міндеттемелердегі	(15.673)	(13.860)
Қысқа мерзімді міндеттемелердегі	(75.041)	(90.409)
Құнсыздану	-	(64)
Залалда жинақталған танылмаған үлес	875	875
<b>31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны</b>	<b>51.562</b>	<b>37.742</b>
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда	31.339	16.338
Басқа да жиынтық кіріс	3.675	425
<b>Жалпы жиынтық кіріс</b>	<b>35.014</b>	<b>16.763</b>

## 22. Тауар-материалдық қорлар

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
Материалдар мен қорлар (өзіндік құны бойынша)	179.296	148.484
Шикі мұнай (өзіндік құны бойынша)	69.332	62.326
Мұнай өнімдері (өзіндік құнның ең азы және өткізудің таза құны бойынша)	60.670	89.725
Газды қайта өңдеу өнімдері (өзіндік құны бойынша)	127	57
	<b>309.425</b>	<b>300.592</b>

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 126.345 миллион теңге мөлшеріндегі баланстық құнымен тауар-материалдық қорлар кепілмен қамсыздандыру ретінде болды (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 121.772 миллион теңге).

### 23. Сауда дебиторлық берешек және басқа да қысқа мерзімді қаржы және қаржылық емес активтер

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
<b>Сауда дебиторлық берешек</b>		
Сауда дебиторлық берешек	549.163	528.639
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(29.626)	(27.245)
	<b>519.537</b>	<b>501.394</b>
<b>Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері</b>		
Басқа да дебиторлық берешек	98.485	102.968
Алынатын дивидендтер	320	6.375
Қарыздарды өтеу үшін ақша қаражатын резервтеу (27-ескертпе)	-	259.459
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(41.748)	(39.030)
	<b>57.057</b>	<b>329.772</b>
<b>Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер</b>		
Алдын ала төлем және болашақ кезеңдердің шығыстары	60.198	46.139
ҚҚС-тан басқа, өтелуге жататын салықтар	43.030	33.158
Басқалары	6.040	6.479
Минусы: құнсыздану резерві	(131)	(103)
	<b>109.137</b>	<b>85.673</b>
<b>Басқа да қысқа мерзімді активтер жиыны</b>	<b>166.194</b>	<b>415.445</b>

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл активтер бойынша пайыздар есептелмеді. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 167.255 миллион теңге мөлшеріндегі баланстық құнымен сауда дебиторлық берешек Топтың міндеттемелері бойынша кепілмен қамсыздандыру ретінде кепілге қойылған (2021 жылғы 31 желтоқсан: 131.000 миллион теңге).

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 259.459 миллион теңге сомадағы ақша қаражаты, есептелген сыйақыны қоса, The Export-Import Bank of China (бұдан әрі - Eximbank) қарызын төлеу мақсаттары үшін резервтелді. Резервтелген ақша қаражаты 2022 жылғы қаңтарда Eximbank қарызы бойынша негізгі борыш пен сыйақыны мерзімінен бұрын өтеу үшін пайдаланылды (27-ескертпе).

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сауда дебиторлық берешек келесі валюталарда берілді:

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
АҚШ доллары	325.296	328.207
Теңге	114.303	104.660
Румын леясы	73.508	60.616
Еуро	3.871	3.615
Басқа валюталар	2.559	4.296
	<b>519.537</b>	<b>501.394</b>

Күтілетін несиелік зиян резервіндегі өзгерістер мен құнсыздану былайша берілген:

Миллион теңгемен	Дербес негізде құнсызданған	
	Сауда дебиторлық берешек және басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелген)</b>	<b>69.246</b>	<b>3.546</b>
Бір жылда есептелгені, нетто (5 және 14-ескертпелер)	3.819	100
Есептен шығарылғаны	(3.915)	(1.410)
Аударымдар және қайта жіктеулер	2.121	(2.121)
Тоқтатылған қызмет (5-ескертпе)	(4.932)	(12)
Шетел валютасын қайта есептеу	(64)	-
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелген)</b>	<b>66.275</b>	<b>103</b>
Бір жылда есептелгені, нетто (14-ескертпе)	2.756	2
Есептен шығарылғаны	(748)	(1)
Тоқтатылған қызмет (5-ескертпе)	-	(2)
Шетел валютасын қайта есептеу	3.091	29
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>71.374</b>	<b>131</b>

Төменде резервтер матрицасын пайдалана отырып сауда дебиторлық берешек бойынша несиелік тәуекел туралы ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	Ағымдағы	Төлем мерзімін ұзарту				Жиыны
		<30 күн	30-60 күн	61-90 күн	>91 күн	
<b>2022 жылғы 31 желтоқсан</b>						
Күтілетін несиелік зиян пайызы	0,23 %	3,80 %	9,83 %	41,72 %	95,84 %	
Сауда дебиторлық берешек	484.411	32.690	3.489	857	27.716	549.163
<b>Күтілетін несиелік зиян</b>	<b>(1.120)</b>	<b>(1.242)</b>	<b>(343)</b>	<b>(358)</b>	<b>(26.563)</b>	<b>(29.626)</b>
<b>2021 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)</b>						
Күтілетін несиелік зиян пайызы	0,32 %	3,17 %	18,42 %	8,28 %	94,05 %	
Сауда дебиторлық берешек	488.607	11.088	617	1.661	26.666	528.639
<b>Күтілетін несиелік зиян</b>	<b>(1.561)</b>	<b>(352)</b>	<b>(114)</b>	<b>(138)</b>	<b>(25.080)</b>	<b>(27.245)</b>

## 24. Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
<b>Амортизацияланған құны бойынша</b>		
ҚР ҰБ ноттары (33-ескертпе)	70.192	-
Байланысты тараптарға берілген қарыздар (33-ескертпе)	31.062	478.064
Самұрық-Қазынадан алынатын облигациялар (33-ескертпе)	19.665	18.433
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(1.878)	(3.249)
	<b>119.041</b>	<b>493.248</b>
<b>Пайда және зиян арқылы әділ құны бойынша</b>		
Байланысты тараптарға берілген қарыздар (33-ескертпе)	117.511	123.161
Бірлескен кәсіпорынның қатысушысынан алуға жататын кепілдік берілген төлемдер	13.179	11.750
	<b>130.690</b>	<b>134.911</b>
<b>Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек жиыны</b>	<b>249.731</b>	<b>628.159</b>

Төменде байланысты тараптардан келесі валюталарда білдірілген қарыздар мен дебиторлық берешек жөнінде ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ доллары	146.435	156.374
Теңге	103.296	470.677
Басқа валюталар	-	1.108
	<b>249.731</b>	<b>628.159</b>

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Қысқа мерзімді бөлік	119.874	485.765
Ұзақ мерзімді бөлік	129.857	142.394
	<b>249.731</b>	<b>628.159</b>

2022 жылы Компания ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноттарын жалпы сомасы 87.000 миллион теңгеге сатып алды, оның ішінде 17.000 миллион теңге сомаға ноттарды эмитент кері сатып алды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Самұрық-Қазына көрсеткен қаржылай көмек 91.175 миллион теңге мөлшеріндегі КРІ-дегі қатысу үлесінің 49,50% сатып алғаны үшін берешекпен, 816 миллион теңге мөлшерінде Силленодағы қатысу үлесінің 49,9% сатып алғаны үшін берешекпен және 424.587 миллион теңге мөлшерінде Опционды орындағаны үшін (Қашағанды сатып алу) берешектің бір бөлігімен өзара есеп айырысу арқылы толығымен өтелді (6 және 33-ескертпелер).

Байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек бойынша күтілетін несиелік зиян резервіндегі өзгерістер былайша берілген:

Миллион теңгемен	
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>3.947</b>
Есептелгені, нетто	188
Есептілік валютасын қайта есептеу	52
Тоқтатылған қызмет (5-ескертпе)	(938)
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>3.249</b>
Есептелгені, нетто	71
Есептілік валютасын қайта есептеу	5
Тоқтатылған қызмет (5-ескертпе)	(1.447)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>1.878</b>

## 25. Ақша қаражаты мен оның баламалары

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
Банктердегі мерзімді салымдар - АҚШ доллары	228.818	654.591
Банктердегі мерзімді салымдар - теңге	231.543	238.430
Банктердегі мерзімді салымдар - басқа валюталар	17.550	32.343
Банктердегі ағымдағы шоттар - АҚШ доллары	200.478	198.500
Банктердегі ағымдағы шоттар - теңге	20.877	7.509
Банктердегі ағымдағы шоттар - басқа валюталар	15.699	10.097
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем болатын кері репо мәмілелері	27.499	-
Жолдағы ақша	17.449	1.557
Кассадағы қолма-қол ақша және чектер	2.961	1.337
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(57)	(171)
	<b>762.817</b>	<b>1.144.193</b>

Мерзімді салымдар әртүрлі мерзімдерге ақша қаражатында Топтың мұқтаждығына қарай бір күннен үш айға дейінгі мерзімге орналастырылған.

2022 жылғы 31 желтоқсанға банктердегі мерзімді салымдар бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме АҚШ долларында 1,12%, теңгемен 13,01% және басқа валюталарда 4,84% (2021 жылғы 31 желтоқсанға: АҚШ долларында 0,15%, теңгемен 8,56% және басқа валюталарда 5,00%) болды.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына ақша қаражаты қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылмаған.



## 26. Капитал

### Жарғылық капитал

Айналыстағы, шығарылған және төленген акциялардың жалпы санына мыналар кіреді:

	2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына
<b>Шығарылған және төленген акциялардың саны, қоса:</b>	<b>610.119.493</b>
Номиналды құны 27.726,63 теңге	137.900
Номиналды құны 10.000 теңге	20.719.604
Номиналды құны 5.000 теңге	59.707.029
Номиналды құны 2.500 теңге	71.104.187
Номиналды құны 2.451 теңге	1
Номиналды құны 1.000 теңге	1
Номиналды құны 921 теңге	1
Номиналды құны 858 теңге	1
Номиналды құны 838 теңге	1
Номиналды құны 704 теңге	1
Номиналды құны 592 теңге	1
Номиналды құны 500 теңге	458.450.766
<b>Жарғылық капитал (мың теңге)</b>	<b>916.540.545</b>

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына Компанияның шығарылған акциялардың бір классы бар. 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 239.440.103 жай акция жарияланып, бірақ шығарылмады. 2022 жылы жай акциялар шығарылмады.

### Дивидендтер

2022 жылы Самұрық-Қазына мен ҚР ҰБ шешіміне сәйкес Компания 199.997 миллион теңге жалпы сомаға бір акцияға 327,80 теңге мөлшерінде 2021 жыл үшін дивидендтерді есептеп, төледі (2021 жыл: 49.999 миллион теңге жалпы сомаға бір акцияға 81,95 теңге мөлшерінде 2020 жыл үшін дивидендтер есептеліп, төленді).

2022 жылы Топ ҚТО, КМГИ және ҚМГ БӨ 2.296 миллион теңге және тиісінше 1.975 миллион теңге (2021 жыл: 6.192 миллион теңге және тиісінше 5.756 миллион теңге) мөлшерінде бақыланбайтын қатысу үлесін ұстаушыларға дивидендтер есептеп, төледі.

### Самұрық-Қазынамен операциялар

2022 жылы Компания Самұрық-Қазынаға 2022 жылы ағымдағы өтеу мерзімімен 2015 жылғы 25 желтоқсанда қол қойылған қаржылай көмек жөніндегі ұзақ мерзімді шартқа сәйкес 23.605 миллион теңге (2021 жыл: 43.151 миллион теңге) жалпы сомада пайызсыз қаржылай көмек ретінде қосымша төлемдер жасады (33-ескертпе). 2022 жылы қосымша төлемнің 1.906 миллион теңге мөлшеріндегі (2021 жыл: 5.222 миллион теңге) әділ құны мен номиналды құны арасындағы айырма капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Самұрық-Қазынамен болған операциялар ретінде көрсетілді.

2022 жылғы қыркүйекте Компания жылдық 3,00% купон мөлшерлемесімен және 2035 жылы өтеу мерзімімен 751.631 миллион теңге сомасына облигацияларды орналастырды. Облигациялардың купондық мөлшерлемесі нарықтық мөлшерлемеден төмен. Самұрық-Қазына бұл облигацияларды сатып алды. Облигациялардың әділ құны мен номиналды құны арасындағы 380.477 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Самұрық-Қазынамен Операциялар ретінде танылды (27 және 33-ескертпелер).

2022 жылғы қыркүйекте Опционды орындау шеңберінде Топтың Самұрық-Қазына алдында 738,8 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (берешек пайда болған күнгі бағам бойынша баламасы 350.321 миллион теңге) берешегі пайда болды. Бастапқы тану кезінде бұл берешек әділ құны бойынша танылды. Берешектің әділ құны мен номиналды құны арасындағы 7.426 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Самұрық-Қазынамен Операциялар ретінде танылды (6 және 33-ескертпелер).

### Самұрық-Қазынаның бөлуі

2022 жылы Топ, Үкіметтің Жаңаөзен қаласында медициналық орталықты салу және Жаңаөзен қаласының тұрғындарын тұрғын-үймен қамтамасыз ету жөніндегі қаулысына сәйкес 10.199 миллион теңге және тиісінше 2.398 миллион теңге сомада міндеттемелерді есептеп, төледі (2021 жыл: 393 миллион теңге және тиісінше 842 миллион теңге).

2021 жылы, Компания Самұрық-Қазынаға 308 миллион теңге сомада бұрын танылған бөлуді қайтарып берді және Түркістан қаласында әлеуметтік нысандардың құрылысына өткен кезеңдерде көрсетілген қалыптасқан экономикаға байланысты мердігерден 308 миллион теңге сомадағы ақша қаражатының қайтарылуын алды.

2022 жылғы шілдеде Самұрық-Қазына мен Кооперативтің шешіміне сәйкес Қашаған акционерлерге жалпы сомасы 1.133,4 миллион АҚШ долларына (баламасы 529.789 миллион теңге) дивидендтер есептеп, төледі. Жалпы бақылаудағы Қашағанды сатып алу мәмілесін танумен байланысты Топ Қашағанның алдыңғы акционерге бөлген дивидендтерін Самұрық-Қазына 566,7 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (баламасы 263.671 миллион теңге) бөлу деп таныды (6-ескертпе).

### Байланысты тараптан болған салымдар

2022 жылы KLPE алдыңғы акционері СКО 3.742 миллион теңге мөлшерінде KLPE жарғылық капиталына салым салды (2021 жыл: 16.396 миллион теңге). Жалпы бақылаудағы KLPE-ді сатып алумен байланысты (6-ескертпе), Топ бұл салымды капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте байланысты тараптың салымдары ретінде мойындады.

### Бірлескен кәсіпорындарды сатып алу

СКО-дағы Силленоға қатысу үлесінің 49,9%-ын 816 миллион теңге мөлшерінде сатып алу құны мен Силленоға 120 миллион теңге мөлшерінде салынған инвестициялардың баланстық құны арасындағы айырмашылық Самұрық-Қазынаның салымы ретінде танылды және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте «Бірлескен кәсіпорындарды сатып алу» жолы бойынша көрсетілді.

Petrosun жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 49%-ын 1 теңгеге сатып алу құны мен сатып алу күніне Petrosun сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің 10.989 миллион теңге мөлшеріндегі әділ құны арасындағы айырмашылық Самұрық-Қазынаның салымы ретінде танылды және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте «Бірлескен кәсіпорындарды сатып алу» жолы бойынша білдірілді (7-ескертпе).

### Акцияның баланстық құны

KASE -нің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілікте KASE бекіткен ережелерге сәйкес есептелген, есепті күнге бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректер болуы тиіс.

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
Активтердің жиыны	16.650.763	15.857.452
Минусы: материалдық емес активтер	918.253	889.491
Минусы: міндеттемелер жиыны	6.777.313	5.840.546
<b>Таза активтер</b>	<b>8.955.197</b>	<b>9.127.415</b>
Жай акциялар саны	610.119.493	610.119.493
<b>Бір акцияның баланстық құны (мың теңгемен)</b>	<b>14,678</b>	<b>14,960</b>

**Акцияға пайда**

Мың теңгемен	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
Акцияға базалық және бөлінген пайда үшін жай акциялардың орташа өлшенген саны	610.119.493	610.119.493
Акцияға арналған базалық және бөлінген пайда	2,159	2,109
Жалғасып отырған қызметтен акцияға арналған базалық және бөлінген пайда	2,159	1,531
<b>Тоқтатылған қызметтен акцияға арналған базалық және бөлінген пайда</b>	<b>-</b>	<b>0,578</b>

**Бақыланбайтын қатысу үлесі**

Төменде Топтың елеулі бақыланбайтын қатысу үлестері бар еншілес компаниялар туралы ақпарат көрсетілген.

	Тіркеу және қызметті жүзеге асыру елі	2022 жылғы 31 желтоқсан		2021 жылғы 31 желтоқсан	
		Бақыламайтын қатысу үлесі	Ағымдағы құны	Бақыламайтын қатысу үлесі	Ағымдағы құны
Rompetrol Downstream S.R.L.	Румыния	45,37 %	66.468	45,37 %	56.869
ҚТО	Қазақстан	10,00 %	53.642	10,00 %	49.100
Rompetrol Petrochemicals S.R.L.	Румыния	45,37 %	17.464	45,37 %	15.935
ҚМГ БӨ	Қазақстан	0,28 %	8.119	0,28 %	6.115
Rompetrol Vega	Румыния	45,37 %	(23.768)	45,37 %	(15.113)
Rompetrol Rafinare S.A.	Румыния	45,37 %	(212.487)	45,37 %	(219.641)
Басқалары			29.021		17.453
			<b>(61.541)</b>		<b>(89.282)</b>

Төменде 2022 жылғы 31 желтоқсанға және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін Топтың елеулі бақыланбайтын қатысу үлестері болған еншілес ұйымдар туралы жалпылама қаржылық ақпарат дербес негізде келтірілген:

Миллион теңгемен	Rompetrol Downstream S.R.L.	ҚТО	Rompetrol Petrochemicals S.R.L.	ҚМГ БӨ	Rompetrol Vega	Rompetrol Rafinare S.A.
<b>Қаржылық жағдай туралы жалпылама есеп</b>						
Ұзақ мерзімді активтер	93.101	652.668	3.210	1.047.369	31.254	119.520
Қысқа мерзімді активтер	166.214	119.379	36.121	1.600.377	15.215	48.757
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(16.185)	(149.990)	(664)	(83.988)	(43.795)	(85.885)
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(96.635)	(91.602)	(176)	(202.509)	(55.058)	(550.715)
<b>Капитал жиыны</b>	<b>146.495</b>	<b>530.455</b>	<b>38.491</b>	<b>2.361.249</b>	<b>(52.384)</b>	<b>(468.323)</b>
<b>Мыналарға келетіндер:</b>						
Бас компанияның акционеріне	80.027	476.813	21.027	2.353.130	(28.616)	(255.836)
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	66.468	53.642	17.464	8.119	(23.768)	(212.487)

Миллион теңгемен	Rompetrol Downstream S.R.L.	ҚТО	Rompetrol Petrochemicals S.R.L.	ҚМГ БӨ	Rompetrol Vega	Rompetrol Rafinare S.A.
<b>Жиынтық кіріс туралы жалпылама есеп</b>						
Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен түсім	1.178.244	255.627	-	1.294.096	122.133	2.233.851
<b>Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/ (зиян)</b>	<b>13.557</b>	<b>45.582</b>	<b>858</b>	<b>708.225</b>	<b>(16.794)</b>	<b>50.548</b>
<b>Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің/(залалдың) жиыны</b>	<b>21.156</b>	<b>55.416</b>	<b>3.370</b>	<b>721.462</b>	<b>(19.076)</b>	<b>15.768</b>
<b>Мыналарға келетіндер:</b>						
Бас компанияның акционеріне	11.557	49.874	1.841	719.442	(10.421)	8.614
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	9.599	5.542	1.529	2.020	(8.655)	7.154
Бақыланбайтын қатысу үлестерінің пайдасына жарияланған дивидендтер	-	(1.000)	-	(16)	-	-
<b>Ақша ағындары туралы жалпылама ақпарат</b>						
Операциялық қызмет	36.791	73.513	(3.149)	218.119	4.570	67.361
Инвестициялық қызмет	14.540	(47.288)	3.150	(222.714)	(1.012)	(16.045)
Қаржылық қызмет	(44.507)	17.011	-	(2.390)	(3.490)	(50.443)
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының құрамындағы таза көбеюі/(азаяуы)</b>	<b>6.824</b>	<b>44.659</b>	<b>1</b>	<b>2.189</b>	<b>68</b>	<b>873</b>

Төменде 2021 жылғы 31 желтоқсанға және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін Топтың елеулі бақыланбайтын қатысу үлестері болған еншілес ұйымдар туралы жалпылама қаржылық ақпарат дербес негізде келтірілген:

Миллион теңгемен	Rompetrol Downstream S.R.L.	ҚТО	Rompetrol Petrochemicals S.R.L.	ҚМГ БӨ	Rompetrol Vega	Rompetrol Rafinare S.A.
<b>Қаржылық жағдай туралы жалпылама есеп</b>						
Ұзақ мерзімді активтер	94.973	595.294	3.078	1.515.936	30.700	142.738
Қысқа мерзімді активтер	195.726	80.960	32.700	369.789	11.550	65.598
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(57.646)	(112.607)	(632)	(81.740)	(29.969)	(66.933)
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(107.713)	(78.607)	(24)	(141.796)	(45.589)	(625.494)
<b>Капитал жиыны</b>	<b>125.340</b>	<b>485.040</b>	<b>35.122</b>	<b>1.662.189</b>	<b>(33.308)</b>	<b>(484.091)</b>
<b>Мыналарға келетіндер:</b>						
Бас компанияның акционеріне	68.471	435.940	19.187	1.656.074	(18.195)	(264.450)
<b>Бақыланбайтын қатысу үлесіне</b>	<b>56.869</b>	<b>49.100</b>	<b>15.935</b>	<b>6.115</b>	<b>(15.113)</b>	<b>(219.641)</b>
<b>Жиынтық кіріс туралы жалпылама есеп</b>						
Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен түсім	81.210	238.176	-	1.026.022	81.210	1.225.765
<b>Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/ (зиян)</b>	<b>6.326</b>	<b>64.872</b>	<b>(1.503)</b>	<b>240.606</b>	<b>2.637</b>	<b>(64.132)</b>

Миллион теңгемен	Rompetro Downstream S.R.L.	ҚТО	Rompetro Petrochemicals S.R.L.	ҚМГ БӨ	Rompetro Vega	Rompetro Rafinare S.A.
<b>Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің/(зиянның) жиыны</b>	<b>8.383</b>	<b>68.620</b>	<b>1.317</b>	<b>244.322</b>	<b>1.568</b>	<b>(75.719)</b>
<b>Мыналарға келетіндер:</b>						
Бас компанияның акционеріне	4.579	61.758	719	243.638	857	(41.364)
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	3.804	6.862	598	684	711	(34.355)
Бақыланбайтын қатысу үлестерінің пайдасына жарияланған дивидендтер	-	(5.076)	-	(16)	-	-
<b>Ақша ағындары туралы жалпылама ақпарат</b>						
Операциялық қызмет	12.442	89.776	(8)	291.813	3.547	36.361
Инвестициялық қызмет	3.235	(48.768)	-	(237.951)	(1.660)	(16.996)
Қаржылық қызмет	(6.378)	(52.802)	-	(17)	(1.884)	(49.899)
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының құрамындағы таза көбеюі/(азаяуы)</b>	<b>9.299</b>	<b>(11.516)</b>	<b>(8)</b>	<b>57.459</b>	<b>3</b>	<b>(30.534)</b>

## 27. Қарыздар

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар қарыздар	3.584.422	3.041.001
Сыйақының орташа өлшенген мөлшерлемелері	6,43 %	5,72 %
Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі бар қарыздар	558.912	705.326
Сыйақының орташа алынған мөлшерлемелері (34-ескертпе)	8,61 %	5,78 %
	<b>4.143.334</b>	<b>3.746.327</b>

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қарыздар келесі валюталарда берілді:

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ доллары	3.152.169	3.213.820
Теңге	704.752	294.581
Ресей рублі	245.349	221.207
Еуро	23.069	8.424
Басқа валюталар	17.995	8.295
	<b>4.143.334</b>	<b>3.746.327</b>

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Ағымдағы бөлік	367.443	484.980
Ұзақ мерзімді бөлік	3.775.891	3.261.347
	<b>4.143.334</b>	<b>3.746.327</b>

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша облигациялар мыналарды құрады:

Миллион теңгемен	Шығару сомасы	Өтеу күні	Сыйақы мөлшерлемесі	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
<b>Облигациялар</b>					
КАСЕ 2022	751,6 миллиард теңге	2035 жыл	3,00%	379.306	-
(14,5% тиімді мөлшерлеме)	750 млн долларов США	2033 год	3,50 %	349.059	325.735
ЛҚБ 2020 жылғы облигациялары	750 миллион АҚШ доллары	2033 жыл	3,50%	34.385	33.123
AIX 2019	56 миллиард теңге	2024 жыл	5,00%	685.181	639.046
ЛҚБ 2018 жылғы облигациялары	1,5 миллиард АҚШ доллары	2048 жыл	6,375%	579.391	540.156
ЛҚБ 2018 жылғы облигациялары	1,25 миллиард АҚШ доллары	2030 жыл	5,375%	232.586	216.760
ЛҚБ 2018 жылғы облигациялары	0,5 миллиард АҚШ доллары	2025 жыл	4,75%	561.160	522.827
ЛҚБ 2017 жылғы облигациялары	1,25 миллиард АҚШ доллары	2047 жыл	5,75%	460.655	428.552
<b>ЛҚБ 2017 жылғы облигациялары</b>	<b>1 миллиард АҚШ доллары</b>	<b>2027 жыл</b>	<b>4,75%</b>	<b>3.281.723</b>	<b>2.706.199</b>
<b>Жиыны</b>					

2022 жылғы қыркүйекте Компания жылдық 3,00% купон мөлшерлемесімен және 2035 жылы өтеу мерзімімен 751.631 миллион теңге сомасына облигацияларды орналастырды. Самұрық-Қазына бұл облигацияларды сатып алды. Облигациялар бойынша купондық мөлшерлеме нарықтық мөлшерлемеден төмен. Облигациялардың әділ құны мен номиналды құны арасындағы 380.477 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Самұрық-Қазынамен Операциялар ретінде танылды (26 және 33 ескертпелер).

Облигациялардың баланстық құнының 2022 жылы өсуі Лондонның қор биржасында (бұдан әрі - ЛҚБ) орналастырылған және 190.916 миллион теңге мөлшерінде АҚШ долларында деноминацияланған облигацияларға шетел валюталарының айырбастау бағамының ықпалымен байланысты болды.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қарыздар мыналарды құрады:

Миллион теңгемен	Шығару сомасы	Өтеу күні	Сыйақы мөлшерлемесі	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
<b>Қарыздар</b>					
ВТБ Банк (ПАО)	38 миллиард рубль	2027 жыл	Ресей Федерациясының Орталық Банкінің негізгі мөлшерлемесі + 2,25%	245.349	221.207
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ (Халық Банкі)	151 миллиард теңге	2024-2025 жылдар	11,00%	135.062	138.119

Миллион теңгемен	Шығару сомасы	Өтеу күні	Сыйақы мөлшерлемесі	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
«Қазақстанның даму банкі» АҚ (ҚДБ) (33-ескертпе)	157 миллиард теңге	2023-2026 жылдар	7,00%-9,00%	100.694	119.243
Cargill	150 миллион АҚШ доллары	2023-2024 жылдар	3M SOFR + 2,61%	70.165	43.343
Халық Банкі	100 миллион АҚШ доллары <sup>1</sup>	3M LIBOR + 2,50%	5,00 % (USD), 16,00 %-19,00 % (Тенге)	46.460	43.302
ING Bank NV	250 миллион АҚШ доллары	2024 жыл	COF <sup>2</sup> (4,80 %) + 2,00 %	31.871	24.034
Credit Agricole	250 миллион АҚШ доллары	2023 жыл	5,00% (USD),	30.934	21.533
Халық Банкі	30 миллиард теңге	2032 жыл	ҚР ҰБ негізгі мөлшерлемесі + 2,5%	29.761	-
Синдикатталған қарыз (Unicredit Tiriac Bank, ING Bank, BCR, Raiffeisen Bank)	405 - 435 миллион АҚШ доллары <sup>3</sup>	2023 жыл	1M LIBOR + 2,75 % 1M LIBOR + 2,50 % 1W EURIBOR + 2,50 %	26.270	84.096
Синдикатталған қарыз (BCR, Raiffeisen Bank, OTP, Alpha, Garanti)	83 миллион еуро	2029 жыл	6M EURIBOR + 3,00 %	21.411	-
ҚДБ (33-ескертпе)	843,6 миллион АҚШ доллары	2023 жыл	10,99 %	20.483	34.138
NATIXIS	250 миллион АҚШ доллары	2023 жыл	COF (4,65 %) + 2,00 %	18.165	-
Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ, Ltd (Лондондық филиал)	150 миллион АҚШ доллары	2023 жыл	COF (4,32 %) + 1,70 %	17.415	22.385
Banca Transilvania	57,96 миллион еуро	2023 жыл	1M ROBOR + 2,00 %. 1M LIBOR + 2,50 %	16.739	18.296
«OTP Bank» АҚ	25,17 миллион АҚШ доллары	2030 жыл	3M ROBOR + 1,10 %	11.801	-
Eximbank	1,13 миллиард АҚШ доллары	2026 жыл	6M LIBOR + 4,10 %	-	242.555
Басқалары	-	-	-	39.031	27.877
<b>Жиыны</b>				<b>861.611</b>	<b>1.040.128</b>

2022 жылғы қаңтарда «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (бұдан әрі - АМӨЗ), сыйақыны қоса, Eximbank-тен 604 миллион АҚШ доллары сомасына (баламасы 259.459 миллион теңге) алған қарызды толық мерзімінен бұрын өтеді. Өтеу үшін 2021 жылғы қарашада резервтелген ақша қаражаты пайдаланылды (23-ескертпе).

2012 жылы МӨЗ Eximbank-пен қарыз шарты шеңберінде China Export & credit Insurance Corporation атына 85 миллион АҚШ доллары (12.820 миллион теңгеге баламалы) сомасында сақтандыру сыйлықақысын төледі. 2022 жылғы желтоқсанда қарызды мерзімінен бұрын өтеуіне байланысты China Export & Credit Insurance Corporation Компанияға 16 миллион АҚШ доллары (баламасы 7.370 миллион теңге) сомасындағы сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарып берді.

2022 жылы КТО Халық банкінен ҚР ҰБ + 2,50% негізгі мөлшерлеме деңгейіндегі сыйақы мөлшерлемесімен және «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын қайта құру және кеңейту» жобасының бірінші кезегін қаржыландыру үшін төрт жыл мерзімге 29.593 миллион теңге жалпы сомаға ұзақ мерзімді қарыз алды.

2022 жылы КМГИ 191,47 миллион АҚШ доллары сомасына (баламасы 88.258 миллион теңге) Синдикатталған қарызды (Unicredit Tiriac Bank, ING Bank, BCR, Raiffeisen Bank) ішінара өтеді.

2022 жылы КМГИ жылдық 6m Euribor + 3,00% сыйақы мөлшерлемесімен және когенерациялық электр станциясының құрылысын қаржыландыру мақсатында жеті жыл мерзімге жалпы сомасы 42 миллион еуроға (баламасы 20.196 миллион теңге) ұзақ мерзімді Синдикатталған қарыз алды (BCR, Raiffeisen Bank, OTP, Alpha, Garanti).

2022 жылы КМГИ NATIXIS-тен COF (4,65%) + 2,00% жылдық сыйақы мөлшерлемесі бойынша және айналым капиталын қаржыландыру мақсатында 2023 жылы өтеу мерзімімен жалпы сомасы 39 миллион АҚШ долларына (баламасы 18.097 миллион теңге) қарыз алды.

2022 жылы КМГИ Robor 3M + жылдық 1,10% сыйақы мөлшерлемесімен және айналым капиталын қаржыландыру мақсаттары үшін сегіз жыл мерзімге жалпы сомасы 25 миллион АҚШ долларын (баламасы 11.404 миллион теңге) құрайтын автожанармай құю станцияларын кеңейту мен дамытуды қаржыландыру үшін «OTP Bank» АҚ-дан қарыз алды.

2022 жылы КМГИ айналым капиталын қаржыландыру мақсаттары үшін өтеу мерзімі 2024 жылға дейінгі мерзімге SOFR 3M + жылдық 2,98% мөлшерлемесі бойынша Cargill-ден 25 миллион АҚШ доллары (баламасы 23.047 миллион теңге) сомасына ұзақ мерзімді қарыз алды.

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі айдың ішінде Ресей рублімен деноминацияланған ВТБ Банк (ЖАҚ) қарызының баланстық құнының ұлғаюы 26.206 миллион теңге сомасындағы айырбас бағамының ықпалына байланысты.

2022 жылы АМӨЗ, есептелген пайыздарды қоса, ҚДБ-ден 60 миллион АҚШ долларына (баламасы 27.550 миллион теңге) алған қарызды ішінара өтеді.

2022 жылы КМГИ айналым капиталын қаржыландыру мақсаттары үшін өтеу мерзімі 2023 жылға дейінгі жылдық COF (4,60%) + 2,00% мөлшерлемесі бойынша Credit Agricole-дан 17 миллион АҚШ доллары (баламасы 7.833 миллион теңге) сомасына қарыз алды.

2021 жылы АМӨЗ ВТБ Банктен (ПАО) Ресей Федерациясының Орталық Банкінің негізгі сыйақы мөлшерлемесімен + жылдық 2,25%-бен 38.169 миллион ресей рублі (баламасы 229.015 миллион теңге) жалпы сомаға және алты жыл мерзімге 2022 жылы Eximbank-тен қарызды толық ұзақ мерзімді өтеу үшін ұзақ мерзімді қарыз алды.

2021 жылы АМӨЗ, сыйақыны қоса алғанда, Халық Банкінен 105 миллион АҚШ доллары сомасына (баламасы 44.734 миллион теңге) алынған қарызды ішінара өтеді және 2022 жылы Eximbank-тен алынған қарызды ұзақ мерзімді өтеу үшін және айналым капиталын қаржыландыру үшін 5% сыйақы мөлшерлемесімен 100 миллион АҚШ доллары жалпы сомаға (баламасы 42.813 миллион теңге) жаңартылатын несие желісінің шеңберінде қысқа мерзімді қарыз алды.

2021 жылы АМӨЗ Халық банкінен JBIC мен ҚДБ-ден алынған қарыздарды қайта қаржыландыру үшін 11% сыйақы мөлшерлемесімен және төрт жыл мерзімге 109.855 миллион теңге жалпы сомаға ұзақ мерзімді қарыз алды. Халық банкінен алынған қарыз, сыйақыны қоса алғанда, 22.827 миллион теңге сомаға ішінара өтелді.

2021 жылы АМӨЗ, сыйақыны қоса, JBIC-тен 155 миллион АҚШ доллары сомасына (баламасы 67.392 миллион теңге) алған қарызды толық мерзімінен бұрын өтеді.

2021 жылы АМӨЗ, сыйақыны қоса, ҚДБ-ден 142 миллион АҚШ доллары сомасына (баламасы 59.507 миллион теңге) және 29.409 миллион теңге сомасына алған қарызды толық және ішінара өтеді.

2021 жылы КМГИ айналым капиталын қаржыландыру мақсатында Cargill-ден 3M LIBOR + 2,60% және тиісінше 3M LIBOR + 2,50% сыйақы мөлшерлемесімен 50 миллион АҚШ доллары сомасына (баламасы 20.997 миллион теңге) қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қарыздар алды.

2021 жылы КМГИ, сыйақыны қоса, ING Bank NV-ден 29 миллион АҚШ доллары сомасына (баламасы 12.632 миллион теңге) алған қысқа мерзімді қарызды ішінара өтеді.

2021 жылы КМГИ, сыйақыны қоса алғанда, 97 миллион АҚШ доллары сомасына (баламасы 41.447 миллион теңге) Синдикатталған қарызды (Unicredit Tiriac Bank, ING Bank, BCR, Raiffeisen Bank) ішінара өтеді.

1 — Жаңартылатын несие желісі  
2 — Cost of funding (қаржыландыру құны)  
3 — 75 миллион АҚШ доллары жаңартылатын несие желісі

Қаржылық қызметтің нәтижесінде туындайтын міндеттемелердегі өзгерістер:

Миллион теңгемен	2022 жыл				2021 жыл				
	Қысқа мерзімді қарыздар	Ұзақ мерзімді қарыздар	Облигациялар	Жиыны	Қысқа мерзімді қарыздар	Ұзақ мерзімді қарыздар	Облигациялар	Жиыны	
<b>1 қаңтарға арналған сальдо</b>	<b>162.772</b>	<b>877.356</b>	<b>2.706.199</b>	<b>3.746.327</b>		<b>184.370</b>	<b>916.265</b>	<b>2.977.813</b>	<b>4.078.448</b>
Ақша қаражатымен алынды	87.401	141.601	751.632	980.634		82.753	368.343	-	451.096
Сақтандыру сыйлықақысын ақша қаражатымен қайтару	-	7.370	-	7.370		-	-	-	-
Негізгі борышты ақша қаражатымен төлеу	(86.481)	(128.671)	(1.091)	(216.243)		(108.134)	(218.733)	(12.685)	(339.552)
Резервтелген ақша қаражатының есебінен негізгі борыш пен сый-ақыларды төлеу (23-ескертпе)	-	(259.459)	-	(259.459)		-	(32.799)	-	(32.799)
Есептелген сыйақы	9.861	79.635	168.536	258.032		9.573	72.248	159.810	241.631
Қарыздың мерзімінен бұрын өтелуі үшін комиссия (16-ескертпе)	-	4.498	-	4.498		-	-	-	-
Төленген сыйақы <sup>1</sup>	(9.779)	(65.735)	(156.377)	(231.891)		(9.427)	(52.876)	(185.140)	(247.443)
Дисконт (26-ескертпе)	-	-	(380.477)	(380.477)		-	-	-	-
Есептілік валютасын қайта есептеу	8.233	7.673	187.441	203.347		3.227	2.684	66.967	72.878
Бағамдық айырма бойынша залал	1.046	26.980	5.862	33.888		410	4.844	7.679	12.933
Тоқтатылған қызмет (5-ескертпе)	-	-	-	-			(182.568)	(308.245)	(490.813)
Басқалары	-	(2.689)	(3)	(2.692)		-	(52)	-	(52)
<b>31 желтоқсанға сальдо</b>	<b>173.053</b>	<b>688.559</b>	<b>3.281.722</b>	<b>4.143.334</b>		<b>162.772</b>	<b>877.356</b>	<b>2.706.199</b>	<b>3.746.327</b>
Ағымдағы бөлік	173.053	145.309	49.081	367.443		162.772	292.708	29.500	484.980
Ұзақ мерзімді бөлік	-	543.250	3.232.641	3.775.891		-	584.648	2.676.699	3.261.347

## Ковенанттар

Топ несие келісімдерінің талаптары бойынша қаржы және қаржылық емес көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай Топ барлық қаржы және қаржылық емес көрсеткіштерді орындайды.

## Шетелдік функционалдық валютамен таза инвестицияларды хеджирлеу

2022 жылғы 31 желтоқсанда шетел валютасында көрсетілген кейбір қарыздар Топтың валюталық тәуекелге ұшырағыштығын хеджирлеу үшін шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларды хеджирлеу құралдары ретінде айқындалды. 2022 жылы 187.441 миллион теңге мөлшеріндегі бағамдық айырмадан болған залал (2021 жыл: 66.967 миллион теңге мөлшерінде бағамдық айырмадан болған залал) басқа да жиынтық кірістің құрамына қайта жіктеліп, шетелдік бөлімшелерді қайта есептеуден болған кіріске немесе залалға қарсы есепке алынды.

Хеджирлеу объектісі мен хеджирлеу құралы арасында экономикалық өзара байланыс бар, өйткені таза инвестиция валюталық тәуекелді тудырады, әрі ол АҚШ долларындағы несие бойынша валюталық тәуекелге сайма-сай келеді. Топ 1:1 хеджирлеу коэффициентін белгіледі, өйткені хеджирлеу құралының базалық тәуекелі хеджирленетін тәуекелдің құрамдасына ұқсас келеді. Хеджирлеудің тиімсіздігі шетелдік еншілес компанияға салынған инвестициялардың сомасы тиянақталған мөлшерлемесі бар алынған қарыздардың сомасына қарағанда аз болғанда туындайды. 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына хедждің тиімсіз бөлігі болмады.

<sup>1</sup> — Төленген сыйақы операциялық қызметтен түскен ақша ағындары ретінде ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген.

## 28. Жалдау бойынша міндеттемелер

Қаржылық жалдау төлемдерінің ағымдағы таза құнымен бірге болашақтағы ең төменгі жалдау төлемдері былайша көрсетілген:

Миллион теңгемен	Ең төменгі жалдау төлемдері		Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны	
	2022 жылғы 31 желтоқсанға	2021 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелген)	2022 жылғы 31 желтоқсанға	2021 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелген)
Бір жыл ішінде	16.629	19.541	15.682	18.009
2 жылдан 5 жылды қоса алғанда	23.368	20.483	16.770	13.001
Бес жылдан жоғары	61.176	62.842	49.102	43.411
	<b>101.173</b>	<b>102.866</b>	<b>81.554</b>	<b>74.421</b>
Минусы: қаржы төлемдерін білдіретін сомалар	(19.619)	(28.490)	-	-
<b>Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны</b>	<b>81.554</b>	<b>74.376</b>	<b>81.554</b>	<b>74.421</b>
Минусы: 12 айдың ішінде өтелуге жататын сома	(16.629)	(19.541)	(15.682)	(18.009)
<b>12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар</b>	<b>84.544</b>	<b>83.325</b>	<b>65.872</b>	<b>56.412</b>

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыз сомасының есебі 2,95%-дан 19,00%-ға дейінгі (2021 жылғы 31 желтоқсан: 2,95%-дан 19,00%-ға дейін) тиімді сыйақы мөлшерлемелеріне негізделеді.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылғы жалдау міндеттемелеріндегі өзгерістер былайша білдірілген:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
<b>1 қаңтарға арналған сальдо</b>	<b>74.421</b>	<b>106.109</b>
Жалдау бойынша түсімдер	14.219	40.782
Есептелген сыйақы (4 және 16-ескертпе)	4.188	7.334
Негізгі борышты төлеу	(19.709)	(53.382)
Төленген сыйақы	(1.389)	(4.923)
Бағамдық айырма бойынша залал	(1.629)	(2.087)
Есептілік валютасын қайта есептеу	3.089	2.107
Түрлендіру	11.120	(428)
Мерзімінен бұрын бұзу	(4.404)	(11.466)
Басқасы	1.648	(9.625)
<b>31 желтоқсанға сальдо</b>	<b>81.554</b>	<b>74.421</b>

## 29. Резервтер

Миллион теңгемен

	Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер	Экологиялық міндеттеме	Салықтар бойынша резерв	Газды тасымал-дау резерв	Жұмыскерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелер	Басқалары	Жиыны
<b>2020 жылғы 31 желтоқсандағы резерв (қайта есептелген)</b>	<b>270.229</b>	<b>65.001</b>	<b>10.435</b>	<b>30.766</b>	<b>69.918</b>	<b>13.528</b>	<b>459.877</b>
Есептілік валютасын қайта есептеу	3.082	1.087	118	453	266	144	5.150
Бағалаудағы өзгеріс	10.793	(2.514)	-	-	503	151	8.933
Дисконт сомасына ұлғайту (5 және 16-ескертпе)	14.007	3.759	-	-	4.515	152	22.433
Бір жылғы резерв	963	2.628	2.392	-	(2.905)	4.434	7.512
Қалпына келтіру	(1.329)	-	(748)	-	-	(1.207)	(3.284)
Резервті пайдалану	(332)	(6.775)	(1.834)	-	(4.615)	(10.373)	(23.929)
Тоқтатылған қызмет (5-ескертпе)	(87.953)	-	(1)	(31.219)	(2.256)	(93)	(121.522)
<b>2021 жылғы 31 желтоқсандағы резерв (қайта есептелген)</b>	<b>209.460</b>	<b>63.186</b>	<b>10.362</b>	<b>-</b>	<b>65.426</b>	<b>6.736</b>	<b>355.170</b>
<b>2022 жылғы 1 қаңтардағы резерв (қайта есептелген)</b>	<b>209.460</b>	<b>63.186</b>	<b>10.362</b>	<b>-</b>	<b>65.426</b>	<b>6.736</b>	<b>355.170</b>
Есептілік валютасын қайта есептеу	9.164	3.286	238	-	619	325	13.632
Бағалаудағы өзгеріс	(117.668)	4.755	-	-	-	(408)	(113.321)
Дисконт сомасына ұлғайту (16-ескертпе)	12.087	5.722	-	-	4.723	138	22.670
Бір жылғы резерв	15.943	9.998	1.785	-	4.554	42.548	74.828
Қалпына келтіру	(61)	-	(1.070)	-	-	(608)	(1.739)
Резервті пайдалану	(97)	(5.594)	(392)	-	(4.257)	(1.006)	(11.346)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға резерв</b>	<b>128.828</b>	<b>81.353</b>	<b>10.923</b>	<b>-</b>	<b>71.065</b>	<b>47.725</b>	<b>339.894</b>

Елеулі бағалаулар мен пайдаланылған пікірлерді қоса алғанда, едәуір резервтердің толық сипаттамасы 4-ескертпеге қосылған.

Ағымдағы және ұзақ мерзімді бөліктер былайша бөлінген:

Миллион теңгемен

	Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер	Экологиялық міндеттеме	Салықтар бойынша резерв	Газды тасымал-дау резерв	Жұмыскерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелер	Басқалары	Жиыны
Ағымдағы бөлік	1.739	6.082	10.923	-	4.969	39.363	63.076
Ұзақ мерзімді бөлік	127.089	75.271	-	-	66.096	8.362	276.818
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға резерв</b>	<b>128.828</b>	<b>81.353</b>	<b>10.923</b>	<b>-</b>	<b>71.065</b>	<b>47.725</b>	<b>339.894</b>
Ағымдағы бөлік	1.196	4.627	10.362	-	3.809	4.517	24.511
Ұзақ мерзімді бөлік	208.264	58.559	-	-	61.617	2.219	330.659
<b>2021 жылғы 31 желтоқсандағы резерв (қайта есептелген)</b>	<b>209.460</b>	<b>63.186</b>	<b>10.362</b>	<b>-</b>	<b>65.426</b>	<b>6.736</b>	<b>355.170</b>

**Басқа резервтер**

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін есептелген басқа резервтер негізінен 35-ескертпеде ашылған заңгерлік даулар бойынша резервтерді қамтиды.

**30. Сауда кредиторлық берешек және басқа да қаржылық әрі қаржылық емес міндеттемелер**

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
<b>Сауда кредиторлық берешек</b>	<b>564.906</b>	<b>558.266</b>
<b>Басқа да қаржылық міндеттемелер</b>		
Опционды орындау үшін Самұрық-Қазына алдындағы берешек (6 және 33-ескертпе)	164.937	-
Қызметкерлердің алдындағы берешек	67.073	44.587
Басқа да кредиторлық берешек	32.048	16.446
Туынды қаржы құралдары	1.598	2.127
Басқалары	33.141	22.173
	<b>298.797</b>	<b>85.333</b>
Қысқа мерзімді бөлік	283.717	69.418
Ұзақ мерзімді бөлік	15.080	15.915
	<b>298.797</b>	<b>85.333</b>
<b>Басқа да қаржылық емес міндеттемелер</b>		
Шарттық міндеттемелер	117.817	154.696
Басқалары	16.876	19.196
	<b>134.693</b>	<b>173.892</b>
Қысқа мерзімді бөлік	93.145	134.444
Ұзақ мерзімді бөлік	41.548	39.448
	<b>134.693</b>	<b>173.892</b>

Сауда кредиторлық берешек 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келесі валюталарда білдірілді:

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
АҚШ доллары	322.797	389.622
Теңге	127.663	84.521
Румын леясы	72.676	71.932
Еуро	34.638	3.387
Басқа валюталар	7.132	8.804
<b>Жиыны</b>	<b>564.906</b>	<b>558.266</b>

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек пен басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздар есептелген жоқ.

**Туынды қаржы құралдары**

Топ шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сату кезінде баға тәуекелдерін басқару мақсатында әртүрлі тауарлық туынды құралдарды пайдаланады.

Қаржылық жағдай туралы есеп:

	2022 жылғы 31 желтоқсанға	2021 жылғы 31 желтоқсанға
Туынды қаржы активтері (басқа да қаржы активтерінде)	681	10.965
Туынды қаржылық міндеттемелер (басқа қаржылық міндеттемелерде)	(1.598)	(2.127)
<b>Туынды қаржы (міндеттемелері) активтер, нетто</b>	<b>(917)</b>	<b>8.838</b>

Жиынтық кіріс туралы есеп:

	2022 жыл	2021 жыл
Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан жұмсалған шығындар – өндірістік шығыстарда (11-ескертпе)	121.539	14.954

Төменде туынды қаржы активтерінің/(міндеттемелердің) қозғалысы келтірілген:

	2022 жыл	2021 жыл
<b>1 қаңтарға арналған сальдо</b>	<b>8.838</b>	<b>(128)</b>
Хеджирлеу резерві	(11.872)	10.055
Қорлар	1.524	(1.335)
Жұмсалмаған шығындарды қалпына келтіру	-	130
Есептілік валютасын қайта есептеу	593	116
<b>31 желтоқсанға сальдо</b>	<b>(917)</b>	<b>8.838</b>

Бастапқыда туынды қаржы құралдары шарттық жасалу күніне әділ құн бойынша бағаланады және кейінгі есепті күндерге әділ құны бойынша қайта бағаланады. Туынды қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруі пайда немесе зиян құрамында олардың пайда болуына қарай танылады.

Топта әділ құнды хеджирлеу критерийлерін қанағаттандыратын келесі хеджирлеу операциялары бар:

Операция	Хеджирленетін нысан	Хеджирленетін тәуекел	Хеджирлеу құралы
Тауарды белгіленген бағамен сатып алу/сату	Негізгі операциялық қор (НОҚ) - шикі мұнайды, шикізатты, дизель жағар майың, бензинді және реактивті қозғалтқыштарға арналған жағар майды білдіреді. Операциялық қордың бағасы НОҚ-тан (негізгі операциялық қор) жоғары немесе төмен	Тауарлық баға тәуекелі	Своп, фьючерстер, опционды сатып алу/колл
Ақша бабымен байланысты валюталық тәуекел	Топтың функционалдық валютасында көрсетілмеген ақшалай бап	Шетел валютасы бағамының өзгеруі	Своп, валюта форвард
Қатты міндеттемемен байланысты валюталық тәуекел	Топтың функционалдық валютасында көрсетілмеген қатты міндеттеме	Шетел валютасы бағамының өзгеруі	Своп, валюта форвард
Белгіленген пайыздық мөлшерлемелермен байланысты әділ құн тәуекелі	Дебиторлық берешек немесе белгіленген пайыздық мөлшерлеме бойынша міндеттеме	Әділ құнның пайыздық тәуекелі	Своп

Топта ақша ағындарын хеджирлеу критерийлеріне сәйкес келетін келесі хеджирлеу операциялары бар:

Операция	Хеджирленетін нысан	Хеджирленетін тәуекел	Хеджирлеу құралы
Тауарды болжамды сатып алу / сату	МӨЗ болжамды маржа себеті және Dated Brent болжамды дифференциалы	Тауарлық баға тәуекелі	Своп, Фьючерс, Сатып алынған пут/колл
EUA сертификаттары	EUA сертификаттарын болжамды сатып алу	EUA сертификаттарының баға тәуекелі	Фьючерс

### 31. Төленуге жататын басқа да салықтар

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
ҚҚС	49.969	49.002
Шикі мұнай экспортына кіріс салығы	38.445	23.702
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	35.277	36.329
Дербес табыс салығы	7.991	6.868
Әлеуметтік салық	7.085	5.351
Акциздер	2.175	1.719
Резидент емес үшін төлем көзінен ұсталатын салық	1.875	2.357
Экспорттық кеден бажы	-	5.842
Басқалары	5.660	5.885
	<b>148.477</b>	<b>137.055</b>

### 32. Табыс салығы бойынша шығыстар

2022 жылғы 31 желтоқсанға 36.167 миллион теңге сомадағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем (2021 жылы: 25.165 миллион теңге) негізінен корпоративтік табыс салығын білдіреді. 2022 жылғы 31 желтоқсанға 66.648 миллион теңге сомадағы табыс салығы бойынша міндеттемелер (2021 жылы: 6.882 миллион теңге) негізінен корпоративтік табыс салығын білдіреді.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін табыс салығы бойынша шығыстарға мыналар кіреді:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
<b>Ағымдағы табыс салығы:</b>		
Корпоративтік табыс салығы	204.156	116.562
Дивидендтер мен сыйақылардың кірістері бойынша төлем көзінен ұсталатын салық	49.120	42.887
Үстеме пайда салығы	1.673	1.237
<b>Мерзімі ұзартылған табыс салығы:</b>		
Корпоративтік табыс салығы	124.728	125.606
Дивидендтердің кірістері бойынша төлем көзінен ұсталатын салық	113.331	34.990
Үстеме пайда салығы	239	(34)
<b>Пайда салығы бойынша шығыстар</b>	<b>493.247</b>	<b>321.248</b>

2022 жылғы 28 желтоқсанда шыққан № 186 төтенше қаулымен қазба отын секторындағы пайдаға ортақ жарна енгізілді. Ортақ жарнаны шикі мұнай, табиғи газ, көмір және мұнай өңдеу секторларында жұмыс істейтін компаниялар 2022 және 2023 жылдардағы салық салынатын пайдадан алдыңғы төрт жылдағы, 2018 жылдан 2021 жылға дейінгі, 60% мөлшерлеменен орташа салық салынатын пайданың 120%-ын төлейді. Егер 2018-2021 жылдарға жататын салық салынатын орташа пайда теріс болса, ортақ жарнаны есептеу мақсатында салық салынатын орташа пайда нөлге тең деп есептеледі. 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін КМГИ 124,9 миллион АҚШ доллары мөлшерінде КТС-ті есептеді (баламасы 57.584 миллион теңге).

Табыс салығы бойынша шығыстарға табыс салығының нормативтік мөлшерлемесі бойынша (2022 және 2021 жылдары 20%) салық салғанға дейінгі бухгалтерлік пайдадан есептелген табыс салығы бойынша шығыстарды салыстырып тексеру 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде мынадай үлгіде берілген:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
Жалғасып отырған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда	1.810.566	1.255.310
Тоқтатылған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда	-	407.993
Табыс салығының мөлшерлемесі	20 %	20 %
<b>Бухгалтерлік пайда бойынша табыс салығының шығыстары</b>	<b>362.113</b>	<b>321.558</b>
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес	(87.797)	(69.812)
Есептен шығарылмайтын басқа да салық салынбайтын кірістер мен шығыстар	112.047	85.867
Корпоративтік табыс салығының түрлі мөлшерлемелерінің әсері	91.215	47.729
Үстеме пайда салығы	1.912	1.203
Мерзімі ұзартылған салық бойынша мойындалмаған активтердегі өзгеріс	13.757	(20.885)
<b>Пайда салығы бойынша шығыстар</b>	<b>493.247</b>	<b>376.763</b>
Жалғасып отырған қызметке жатқызылған табыс салығы бойынша шығыстар	493.247	321.248
Тоқтатылған қызметке жатқызылған табыс салығы бойынша шығыстар	-	55.515
	<b>493.247</b>	<b>376.763</b>



Есепті күндерге шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген активтерді және міндеттемелер мен сомаларды есептеу үшін негіздеме аралығындағы уақытша айырмаларға қолданылатын заңмен белгіленген салық мөлшерлемесін қолдану арқылы есептелген мерзімі ұзартылған салық сальдосы 31 желтоқсанға келесіні қамтиды:

Миллион теңгемен	2022 жыл					2021 жыл (қайта есептелген)				
	Корпоративтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны	2022 жыл үшін пайда немесе зиян құрамында көрсетілді	Корпоратив-тік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны	2021 жыл үшін пайда немесе зиян құрамында көрсетілді
<b>Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер</b>										
Негізгі құралдар	23.559	-	-	23.559	796	22.763	-	-	22.763	(12.831)
Ауыстырылған салықтық шығындар	685.476	-	-	685.476	3.017	682.459	-	-	682.459	(43.555)
Қызметкерлерге қатысты есептелген міндеттемелер	6.624	-	-	6.624	1.648	4.976	-	-	4.976	(133)
Қаржы активтерінің құнсыздануы	1	-	-	1	-	1	-	-	1	(12)
Қоршаған ортаны ластағаны үшін міндеттеме	3.728	-	-	3.728	639	3.089	-	-	3.089	3.200
Басқалары	85.114	-	-	85.114	(2.231)	100.653	-	-	100.653	6.057
Минусы: мерзімі ұзартылған салық бойынша танылмаған активтер	(574.955)	-	-	(574.955)	(13.579)	(561.376)	-	-	(561.376)	21.063
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелерімен бірге есептелген кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	(187.949)	-	-	(187.949)	30.581	(218.530)	-	-	(218.530)	(5.809)
<b>Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер</b>	<b>41.598</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>41.598</b>	<b>20.871</b>	<b>34.035</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>34.035</b>	<b>(32.020)</b>
<b>Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер</b>										
Негізгі құралдар	567.641	597	-	568.238	115.840	452.040	358	-	452.398	102.464
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың бөлінбеген пайдасы	-	-	615.747	615.747	113.331	-	-	465.891	465.891	34.990
Басқасы	2.974	-	-	2.974	(583)	3.441	-	-	3.441	10.723
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелерімен бірге есептелген кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	(187.949)	-	-	(187.949)	30.581	(218.530)	-	-	(218.530)	(5.809)
<b>Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер</b>	<b>382.666</b>	<b>597</b>	<b>615.747</b>	<b>999.010</b>	<b>259.169</b>	<b>236.951</b>	<b>358</b>	<b>465.891</b>	<b>703.200</b>	<b>142.368</b>
<b>Мерзімі ұзартылған салық бойынша таза міндеттемелер</b>	<b>341.068</b>	<b>597</b>	<b>615.747</b>	<b>957.412</b>	<b>-</b>	<b>202.916</b>	<b>358</b>	<b>465.891</b>	<b>669.165</b>	
<b>Мерзімі ұзартылған салық бойынша шығыстар</b>					<b>238.298</b>					<b>174.388</b>

Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы мен үстеме пайдаға салынатын салық жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты айқындалады. Мерзімі ұзартылған табыс салығы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың көлеміне кірмейтін қызмет түрлері үшін айқындалады. Болашақта салық салу табыстың болу мүмкіндігі бар дәрежеде ғана және оған қарасты қолданылатын мерзімі ұзартылған салық активі құпталады. Мерзімі ұзартылған салық активтерінің азаюы мүмкін, егер олармен байланысты салық жеңілдіктері жүзеге асырылса. 2022 жылдың 31 желтоқсанына танылмаған мерзімі ұзартылған салық активтері негізінен 574.955 миллион теңге (2021 жылы: 561.376 миллион теңге) сомасындағы ауыстырылған салық залалына жатады.

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚР ауыстырылған салық залалы салық салу мақсаттары үшін туындаған сәттен бастап он жылдың ішінде өтеді.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелердегі / (активтердегі) өзгерістер былайша берілген:

Миллион теңгемен	2022 жыл				2021 жыл (қайта есептелген)				
	Корпоративтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны	Корпоративтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны	
<b>1 қаңтарға кейінге қалдырылған міндеттеме сальдосы, нетто</b>	<b>202.916</b>	<b>358</b>	<b>465.891</b>	<b>669.165</b>					
Есептілік валютасын қайта есептеу	13.308	-	36.525	49.833					
Бір жылғы пайда немесе зиян құрамында көрсетілген салық залалы/(кіріс)	124.728	239	113.331	238.298					
Басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетілген жылғы салық кірісі	116	-	-	116					
Тоқтатылған қызмет (5-ескертпе)	-	-	-	-					
<b>Мерзімі ұзартылған міндеттеме сальдосы 31 желтоқсанға, нетто</b>	<b>341.068</b>	<b>597</b>	<b>615.747</b>	<b>957.412</b>	<b>132.643</b>	<b>392</b>	<b>419.083</b>	<b>552.118</b>	
					3.064	-	11.818	14.882	
					139.432	(34)	34.990	174.388	
					48	-	-	48	
					(72.271)	-	-	(72.271)	

### 33. Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету

#### Байланысты тараптармен операциялардың талаптары

Байланысты тараптармен мәмілелер тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелерге міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды. Кезең соңына өтелмеген қалдықтар негізінен қамтамасыз етілмеген және пайызсыз болып табылады, солар бойынша есеп айырысулар қолма-қол ақшамен жасалады. Топ байланысты тараптардан берешек бойынша КНЗ резервтерін үшінші тараптардың алдындағы берешек бойынша КНЗ айқындау үшін қолданылатын КНЗ қағидаттары мен саясатына сәйкес мойындайды.

#### Есеп айырысулар бойынша қалдықтар

Мына кесте байланысты тараптармен 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жасалған мәмілелердің жалпы сомасын көрсетеді:

Миллион теңгемен	31 желтоқсан	Байланысты тараптардың берешегі	Байланысты тараптарға берешек	Байланысты тараптардың ақшасы мен шоттарындағы депозиттер	Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша берешек
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	<b>2022 жылғы</b>	<b>38.476</b>		<b>168.368</b>	<b>413.691</b>
	2021 жылғы	497.242		1.074	33.123
Қауымдасқан компаниялар	<b>2022 жылғы</b>	<b>16.348</b>		<b>3.431</b>	<b>-</b>
	2021 жылғы	12.249		3.009	-
Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар	<b>2022 жылғы</b>	<b>72.003</b>		<b>666</b>	<b>121.177</b>
	2021 жылғы	2.349		638	153.381
Бірлескен кәсіпорындар	<b>2022 жылғы</b>	<b>167.284</b>		<b>187.172</b>	<b>-</b>
	2021 жылғы	166.721		170.911	-

## Байланысты тараптардың/тараптарға берешегі

### Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Самұрық-Қазына көрсеткен қаржылай көмек 91.175 миллион теңге мөлшеріндегі КРІ-дегі қатысу үлесінің 49,50% сатып алғаны үшін берешекпен (6 ескертпе), 816 миллион теңге мөлшерінде Силленодағы қатысу үлесінің 49,9% сатып алғаны үшін берешекпен және 424.587 миллион теңге мөлшерінде Опционды орындағаны үшін берешектің бір бөлігімен өзара есеп айырысу арқылы толығымен өтелді (6-ескертпе).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Самұрық-Қазына алдындағы берешек, негізінен, 164.937 миллион теңге сомаға Опционды орындағаны үшін берешекпен білдірілген (6 және 30-ескертпелер).

### Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар

2022 жыл ішінде Компания ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноттарын жалпы сомасы 87.000 миллион теңгеге сатып алды, оның ішінде 17.000 миллион теңге сомаға ноттар кері сатып алынды.

### Бірлескен кәсіпорындар

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірлескен кәсіпорындардың берешегі негізінен 53.889 миллион теңге мөлшерінде (2021 жылғы 31 желтоқсан: 74.612 миллион теңге) ПКОП және 63.622 миллион теңге (2021 жылғы 31 желтоқсан: 48.549 миллион теңге) мөлшерінде УГЛ берген қарыздармен көрсетілген (24-ескертпе).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, бірлескен кәсіпорындар алдындағы берешек, негізінен, ТШО-ға 153.610 миллион теңге (2021 жылғы 31 желтоқсан: 130.786 миллион теңге) сомаға шикі мұнайды жеткізгені үшін кредиторлық берешекпен білдірілген.

## Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша берешек

### Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар

2022 жылғы қыркүйекте Самұрық-Қазына Компания орналастырған облигацияларды 751.631 миллион теңгеге сатып алды. Облигациялардың әділ құны мен номиналды құны арасындағы 380.477 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Самұрық-Қазынамен Операциялар ретінде танылды (26 және 27-ескертпелер).

### Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптарға төленуге жататын қарыздар АМӨЗ бен ПМХЗ ҚДБ-дан 121.177 миллион теңге жалпы сомаға алған қарыздармен білдірілген (2021 жылғы 31 желтоқсан: 153.381 миллион теңге) (27-ескертпе).

## Мәмілелер бойынша айналымдар

Мына кестеде байланысты тараптармен 2021 және 2022 жылдардың ішінде жасалған мәмілелердің жалпы сомасы келтіріледі:

Миллион теңгемен		Байланысты тараптарға сату	Байланысты тараптардан сатып алу	Байланысты тараптардан түскен сыйақы	Байланысты тараптарға берілген сыйақы
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	<b>2022 жыл</b>	<b>50.371</b>	<b>11.768</b>	<b>44.760</b>	<b>15.618</b>
	2021 жыл	17.589	11.500	36.805	6.448
Қауымдасқан компаниялар	<b>2022 жыл</b>	<b>18.705</b>	<b>67.615</b>	<b>235</b>	<b>–</b>
	2021 жыл	53.754	33.549	–	–
Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар	<b>2022 жыл</b>	<b>9.631</b>	<b>18.228</b>	<b>577</b>	<b>15.501</b>
	2021 жыл	32.810	16.788	315	21.529
Бірлескен кәсіпорындар	<b>2022 жыл</b>	<b>305.922</b>	<b>2.119.070</b>	<b>12.469</b>	<b>4</b>
	2021 жыл	267.824	1.689.050	30.626	1.109

## Байланысты тараптарға сату / байланысты тараптардан сатып алу

### Бірлескен кәсіпорындар

2022 жылы бірлескен кәсіпорындарға сату, негізінен, ТШО-ға 20.204 миллион теңге (2021 жыл: 16.698 миллион теңге) сомада көлік-жүк қызмет көрсетумен, ММГ-ге 58.141 миллион теңге және тиісінше 116.223 миллион теңге сомаға (2021 жыл: 53.892 миллион теңге және тиісінше 85.094 миллион теңге) сомаға көрсетілген мұнайды тасымалдау және қызмет көрсету қызметтерімен білдірілген.

2021 жылы бірлескен кәсіпорындардан сатып алулар, негізінен, ТШО-дан 1.976.760 миллион теңге сомаға (2021 жыл: 1.234.019 миллион теңге) шикі мұнайды сатып алумен байланысты болды.

## Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылғы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған негізгі басқарушы персоналға (Директорлар кеңесі мен Топ Басқармасының мүшелері) тиесілі жалпы сыйақы сомасы тиісінше 7.351 миллион теңгені және 7.953 миллион теңгені құрайды. Негізгі басқарушы персоналға тиесілі сыйақы келісімшарттарда белгіленген жалақы бойынша шығыстардан және қызметтің нәтижелері бойынша сыйлықақылардан тұрады.

## 34. Қаржы тәуекелдерін басқарудың мақсаттары мен саясаты

Топтың негізгі қаржы құралдарына алынған және берілген қарыздар, қаржылық кепілдіктер, ақша қаражаты мен оның баламалары, банк салымдары, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешек жатады. Топтың қаржы құралдары бойынша туындайтын негізі тәуекелдер пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі, валюталық тәуекел және несиелік тәуекел болып табылады. Сондай-ақ Топ оның барлық қаржы құралдары бойынша туындайтын нарықтық тәуекелді және өтімділік тәуекелін қадағалап отырады.

## Нарықтық тәуекел

Топ пайыздық мөлшерлемелер, валюталар мен бағалы қағаздар бойынша ашық позицияларға байланысты туындайтын нарық конъюнктурасы тәуекелдерінің ықпалына ұшырағыш, әрі олар өз кезегінде, нарықтың жалпы және айрықша құбылуларына ұшырағыш келеді. Топ конъюнктураның қолайсыз өзгеруінің нәтижесінде туындауы мүмкін елеуетті залалды мерзімді бағалау арқылы, сондай-ақ рентабельділікке және кепілмен қамсыздандыруға тиісті талаптарды орнату жолымен нарық конъюнктурасының тәуекелдерін басқарады. Келесі бөлімдердегі сезімталдылық талдауы 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келтірілген.

### Валюталық тәуекел

АҚШ долларында көрсетілген қарыздардың едәуір сомалары мен кредиторлық берешектің нәтижесінде Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебіне АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбас бағамдарындағы өзгерістер айтарлықтай ықпалын тигізе алады. Топ сондай-ақ шетел валютасындағы мәмілелер бойынша тәуекелге ұшырағыш. Мұндай тәуекел АҚШ долларындағы кірістер бойынша туындайды. Топта АҚШ долларында білдірілген қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді салыстырумен байланысты АҚШ долларында валюталық тәуекелді басқару саясаты бар. Мына кестеде Топ пайдасының салық салынғанға дейінгі АҚШ долларының айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістерге (активтер мен міндеттемелердің ақша ағындарындағы өзгерістердің салдарынан), барлық қалған өлшемдер тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген. Басқа валюта бағамдарының құбылуы Топ қызметінің шоғырландырылған нәтижелері үшін олардың маңызды еместігіне орай қаралмайды.

Миллион теңгемен	АҚШ долларының айырбас бағамының ұлғаюы/(азаюы)	Салық салынғанға дейін кіріске әсері
<b>2022 жыл</b>	<b>+21 %</b>	<b>(404.338)</b>
	<b>(21 %)</b>	<b>404.338</b>
<b>2021 жыл</b>		
	+13 %	(252.147)
	(11 %)	193.960

Миллион теңгемен	Рубльді айырбастау бағамындағы ұлғаю/(кему)	Салық салынғанға дейін кіріске әсері	2022 жылғы
<b>2022 жыл</b>	<b>+22 %</b>	<b>(54.044)</b>	
	<b>(22 %)</b>	<b>54.044</b>	
<b>2021 жыл</b>			
	+13 %	(28.757)	
	(13 %)	28.757	

### Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруімен байланысты тәуекел нарықтағы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының ауытқу тәуекелін білдіреді. Топтың нарықтық пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекеліне ұшырағыштығы негізінен Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар ұзақ мерзімді қарыздарына жатады. Топ саясатында қарыздар бойынша тіркелген және ауыспалы пайыздық мөлшерлемелерді пайдалану арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін басқару көзделген.

Келесі кестеде Топтың салық салынғанға дейінгі пайдасының (құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздардың болуы салдарынан) пайыздық мөлшерлемедегі ықтимал өзгерістерге деген сезімталдығының талдауы келтірілген, бұл ретте барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Топтың капиталына айтарлықтай әсер ету жоқ.

Миллион теңгемен	Базистік тармақтардағы ұлғаю/азаю	Салық салынғанға дейін кіріске әсері
<b>2022 жыл</b>		
LIBOR	+2,45	(12.989)
	-2,45	12.989
<b>2021 жыл</b>		
LIBOR	+1,25	(8.817)
	-0,25	1.763

### Несиелік тәуекел

Топ мәмілелерді тек белгілі және несиені өтеуге қабілетті тараптармен жасайды. Топ саясатына сәйкес, коммерциялық несие шартына қарай саудалық операцияларын жасауды қалайтын барлық клиенттер, несиелік тексеру рәсімінен өтуге жатады. Сондай-ақ, Топқа берешекті қайтармау тәуекелін төмендетуде сенімділікті қамтамасыз ету үшін осындай сатып алушының дебиторлық берешегі үздіксіз мониторингке жатады. Тәуекелдің ең көп мөлшері 16-ескертпеде ашылып көрсетілгендей ағымдағы құн болып табылады. Топтың несиелік тәуекелдің елеулі шоғырлануы жоқ.

Ақша қаражаты мен оның баламалары, банк салымдары, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек және басқа да қаржы активтері кіретін Топтың басқа да қаржы активтерімен байланысты несиелік тәуекелге қатысты Топ тәуекелі контрагенттің дефолт болуы мүмкіндігімен байланысты, бұл ретте ең жоғары тәуекел осы құралдардың ағымдағы құнына тең болады.

Келесі кестеде Топтың «Fitch» несиелік рейтингтердің белгілерін пайдалана отырып, не олар болмағанда, «S&P» және «Moody's» рейтингтердегі баламаларын пайдалана отырып 2022 және 2021 жылдардың

31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктердегі ақша қаражаты, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттері бойынша профиль тәуекелі көрсетілген.

	31 желтоқсанға	2021 жыл
«АА-»-дан «А+»-ке дейін	15 %	8 %
«А»-дан «А-»-ке дейін	41 %	34 %
«BBB+»-тен «BBB-»-ке дейін	41 %	54 %
«BB+»-тен «BB-»-ке дейін	2 %	1 %
«B+»-тен «B-»-ке дейін	1 %	3 %

### Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі Топ өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін қаражат тартқан кезде қиындықтарға кездесуі мүмкіндігіне байланысты. Өтімділік тәуекелі қаржы активін оның әділ құнына жақын құн бойынша жедел сатудың мүмкін еместігі нәтижесінде туындауы мүмкін.

Өтімділікке қойылатын талаптар ұдайы бақыланады және басшылық міндеттемелерді олардың туындауына қарай орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қадағалайды.

Келесі кестеде 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша осы міндеттемелерді өтеу мерзімі бөлігінде шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы ақпарат берілген.

Миллион теңгемен	1 айдан артық емес	1 айдан артық, бірақ 3 айдан артық емес	3 айдан артық, бірақ 1 жылдан артық емес	1 жылдан астам, бірақ 5 жылдан артық емес	5 жылдан астам <sup>1</sup>	Жиыны
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>						
Қарыздар <sup>1</sup>	45.216	2.028	506.344	1.868.569	4.977.920	7.400.077
Сауда кредиторлық берешек	105.697	297.109	162.100	-	-	564.906
Жалдау бойынша берешек	2.890	1.720	12.410	39.080	26.216	82.316
Басқа да қаржылық міндеттемелер	56.278	19.598	366.088	18.544	-	460.508
	<b>210.081</b>	<b>320.455</b>	<b>1.046.942</b>	<b>1.926.193</b>	<b>5.004.136</b>	<b>8.507.807</b>
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелген)</b>						
Қарыздар <sup>1</sup>	268.383	92	379.336	1.432.280	4.283.944	6.364.035
Сауда кредиторлық берешек	250.553	262.982	7.778	-	-	521.313
Қаржылық кепілдіктер <sup>2</sup>	-	4	312	1.252	-	1.568
Жалдау бойынша берешек	1.896	1.229	6.595	12.763	22.879	45.362
Басқа да қаржылық міндеттемелер	38.906	17.673	15.932	16.979	-	89.490
	<b>559.738</b>	<b>281.980</b>	<b>409.953</b>	<b>1.463.274</b>	<b>4.306.823</b>	<b>7.021.768</b>

<sup>1</sup> — Топ дисконтталмаған төлемдерден өтеу мерзімдерінің белгісіздігіне орай, бірлескен қаржыландыру туралы келісімдерге сәйкес жобалар бойынша серіктестерге өтелуі тиіс қарыздар бойынша берешекті алып тастайды. 2022 жылғы 31 желтоқсанға серіктестердің алдындағы қарыздар бойынша берешек 23.768 миллион теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан: 12.355 миллион теңге).

<sup>2</sup> — Топ қаржылық кепілдіктерді өтімділік кестесіне қосады, алайда, қаржылық кепілдіктер бойынша ақшаның кетуі белгілі бір оқиғаларға байланысты болады. Қаржылық кепілдік – бұл шарт, соған сай эмитент құралды ұстаушыға белгілі бір борышкердің төлемді борыштық құралдың бастапқы немесе қайта қаралған талаптарына сәйкес жасауға қабілетті болмай қалуына орай шеккен шығынды өтеу мақсатында белгілі бір төлемдерді жасауға міндетті. 2022 және 2021 жылдары елеулі қаржылық кепілдіктерді пайдалану жағдайлары болған жоқ.

## Капиталды басқару

Топтың капиталды басқаруға қатысты негізгі мақсаты акционерлік құнды барынша көбейту болып табылады. Берешек пен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша ұлғайта отырып үздіксіз қызмет қағидатын қолдау үшін Топ өз капиталын басқарады.

Компания күрделі инвестициялар жоспарын жасау үшін капитал құрылымын жасауға және инвестициялық деңгейдің несиелік рейтингісін бүкіл цикл бойына қолдап отыруға ұмтылады. Қаржылық икемділікті қолдау индустрияның циклді болуына қарсы тұру үшін және органикалық әрі бейорганикалық инвестициялық шешімдерді жүзеге асыру үшін стратегиялық маңызды болып табылады. Компанияның күрделі шығындарды, жаңа жобаларды және қарыз алуларды келісудің кеңейтілген ішкі процесі бар.

Топ капиталының құрылымы берешектен тұрады, оған қарыздар (27-ескертпе), минус ақша қаражаты мен оның баламалары (25-ескертпе), қысқа мерзімді банк депозиттері (20-ескертпе) мен шығарылған капитал кіретін капитал, қосымша төленген капитал, басқа да резервтер мен бөлінбеген пайда жатады (26-ескертпе).

Топ басшылығы капитал құрылымын үнемі талдап отырады. Бұл талдаудың бір бөлігі ретінде басшылық капиталдың құнын және капиталдың әр класымен байланысты тәуекелдерді қарастырады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін капиталды басқару, өзгесінен басқа, капиталдың құрылымына қатысты талаптарды айқындайтын пайыздық несиелер мен қарыздар бойынша барлық шарттық талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайыздық несиелер мен қарыздар бойынша шарттық талаптар бұзылған жоқ (27-ескертпе).

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
Қарыздар	4.143.334	3.746.327
Минусы: ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді банк депозиттері	2.000.184	1.762.603
<b>Таза берешек</b>	<b>2.143.150</b>	<b>1.983.724</b>
Капитал	9.873.450	10.016.906
<b>Капитал және таза берешек</b>	<b>12.016.600</b>	<b>12.000.630</b>

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдер ішінде капиталды басқару стратегиясы, мақсаты, саясаты мен процедуралары өзгермеді.

## Қаржы құралдарының әділ құны

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржы құралдарының баланстық құнын, төменде ашылып көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, шамамен олардың әділ құнына тең болады:

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан					2021 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)				
	Ағымдағы құны	Әділ құны	Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны			Ағымдағы құны	Әділ құны	Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны		
			1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей			2-деңгей	3-деңгей	
Самұрық-Қазынадан алынатын облигациялар	19.595	20.138	-	20.138	-	18.373	16.925	-	16.925	-
ҚР ҰБ ноттары	70.192	70.192	-	70.192	-	-	-	-	-	-
Байланысты тараптарға амортизацияланған құны бойынша берілген қарыздар және бірлескен кәсіпорындардан алынуға жататын жалдау бойынша берешек	29.254	29.242	-	-	29.242	474.875	472.528	-	448.658	23.870
Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар қарыздар	3.584.422	3.156.446	2.476.894	679.552	-	3.041.001	3.556.705	3.210.632	346.073	-
Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі бар қарыздар	558.912	558.912	-	558.912	-	705.326	755.347	-	755.347	-

Самұрық-Қазынадан алынуға жататын облигациялардың әділ құны және басқа да борыштық құралдар нарықтық пайыздық мөлшерлемелер бойынша күтілетін келешек ақша ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

Соларға қатысты әділ құны танылатын немесе ашылып көрсетілетін барлық қаржы құралдары жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі деректердің негізінде әділ құн иерархиясында былайша жіктеледі:

- 1-деңгей - ұқсас келетін активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда бағасы белгіленетін (түзетілмеген) нарықтық бағалар;
- 2-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер тікелей немесе жанама байқалатын бағалау әдістері;
- 3-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер байқалмайтын бағалау әдістері.

Есепті кезең ішінде 1-деңгей мен 2-деңгей арасында ешқандай аударымдар болған жоқ, сондай-ақ 3-деңгейге немесе одан ауысулар жасалған жоқ.

Әділ құны бойынша тұрақты негізде танылатын активтер мен міндеттемелер үшін, Топ оларды әрбір есепті кезеңнің соңына санаттар бойынша қайта бағалау арқылы (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі кіріс деректерінің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару болғанын айқындайды. Жыл ішінде Топты бағалау процестерінде, бағалау әдістері мен әділ құнды бағалау кезінде қолданылатын бастапқы деректердің типтерінде ешқандай өзгерістер болған жоқ.

Төменде әділ құн иерархиясының 3-ші деңгейіне жатқызылған әділ құнды бағалау үшін пайдаланылатын елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер көрсетілген:

	Үлестік бағалау әдісі	Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер	31 желтоқсанға диапазон	
			2022 жыл	2021 жыл
Байланысты тараптарға амортизацияланған құны бойынша берілген қарыздар, БК-дан алынуға жататын жалдау бойынша берешек	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме	6,4–18,9 %	4,1–11,5 %
<b>Шығарылған қаржылық кепілдіктер</b>			<b>-</b>	<b>4,5 %</b>

## 35. Шарттық және шартты міндеттемелер

### Операциялық орта

Қазақстанда экономикалық реформа және құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылым жалғасуда, ол нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін еді. Болашақтағы Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясатының саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

### Тауарларға арналған бағалардың өзгеру тәуекелі

Топ кірістерінің үлкен бөлігі тауарларды, негізінен, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан жинақталады. Ертеден осы өнімдерге баға тұрақты болмаған және сұраныс пен ұсыныстағы өзгерістерге, нарықтық тұрлаусыздыққа, әлемдік және өңірлік экономика қызметіне және индустриялардағы циклдікке қатысты біршама өзгерді. Баға тарифтер және импорттық баждар салу, биржалық алыпсатарлық, мүмкіндікті арттыруды немесе Топтың өнімдерін негізгі нарықтарға артық жабдықтауды қоса алғанда, Үкімет әрекетінің әсеріне де бейімделген. Осындай сыртқы факторлар мен нарықтардағы өзгерістер келешек бағалардың бағалануын айтарлықтай қиындатады. Тауарларға бағалардың біршама немесе созылмалы төмендеуі Топтың қызметіне, қаржылық нәтижелерге және операциялардан болған ақша ағындарына елеулі түрде және теріс әсер етуі мүмкін. Топ, негізінен, тауарларға бағалардың өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығын хеджирлемейді.

### Салық салу

Қазақстандық салық заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілері үздіксіз өзгерістер мен түрлі түсіндірмелердің нысаны болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған қоса ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікте кірістерді, шығыстарды және басқа да баптарды мойындау тәсілдеріндегі алшақтықтар. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылатын заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Қазақстандық салық салу жүйесінің екіұштылығына орай салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың нақты сомасы, егер олар болса, қазіргі уақытқа дейін шығыстарға жатқызылған және 2022 жылғы 31 желтоқсанға есептелген сомадан асып кетуі мүмкін. Басшылық 2022 жылғы 31 желтоқсанда қолданылатын заңнаманы түсіндіру сәйкес болады және резервтер осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте есептелген немесе ашылып көрсетілген жағдайлардан басқа, Топтың салықтар жөніндегі ұстанымы расталатын ықтималдық бар деп санайды.

### Трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау

Қазақстанда трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау кең спектрге ие және байланысты мәмілелер тарапы болып табыла ма немесе жоқ па екеніне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. «Трансферттік баға белгілеу туралы заң» (бұдан әрі - Заң) операцияларға қолданылатын барлық салықтар үшін талап етіледі, қол ұшын беру қағидаты бойынша белгіленген нарықтық бағалар негізінде есептелінеді. Қазақстанда бұл Заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Заң анық белгіленген болып табылмайды және оның кейбір ережелері аз қолданылу тәжірибесіне ие. Сонымен қатар, Заң оны операциялардың алуан түрлеріне қолдану бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулықтарды бермейді, соның нәтижесінде салық органдарының позициясы Топ позициясынан ерекшеленуі мүмкін екендігінің тәуекелі бар, бұл қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар сомаларына әкеп соқтыра алады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басшылық трансферттік баға белгілеу бойынша қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Топтың трансферттік баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды.

### Топтың мұнай өңдеу зауыттарында кешенді салықтық тексерулер

Топтың барлық үш ірі мұнай өңдеу зауыты, АМӨЗ, ПМХЗ және ПКОП 2020-2022 жылдары бірнеше жыл ішінде (2020 жылға дейін) кешенді салықтық тексеруден өтті. Тексеру нәтижелері бойынша ҚҚС бойынша қосымша есептеулердің жалпы сомасы 37.728 миллион теңгені, КТС бойынша 17.830 миллион теңгені, өзге салықтар бойынша 476 миллион теңгені, барлық қосымша есептеулер бойынша өсімпұлдарды қоса алғанда 8.959 миллион теңгені, сондай-ақ өтетін шығындарды азайту сомасы 119.871 миллион теңгені құрады. АМӨЗ, ПМХЗ және ПКОП тексеру нәтижелерімен келіспеді және оларға ҚР Қаржы министрлігіне шағымданды. ҚР Қаржы министрлігінің апелляциялық шағымдарды қарауы мән-жайлар анықталғанға дейін тоқтатыла тұрады. Топ салықтарды қосымша есептеу тәуекелі төмен болып табылады деп есептейді және, тиісінше, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервті мойындамады.

### Заңды іс жүргізу және шағымдар

#### КМГИ-де азаматтық қараушылық

Faber Invest & Trade Inc. (бұдан әрі – Faber), КМГИ еншілес компанияларында бақыланбайтын қатысу үлестерінің иесі, 2020 жылы бірнеше алдыңғы азаматтық істер бойынша істердің қаралуын жаңғыртты, солардың бірі КМГИ еншілес компаниясы Rompetrol Rafinare Constanta-ның жарғылық капиталының 2003-2005 жылдары ұлғаюын даулады. Істің тыңдалуы мерзімді негізді болды, бірақ түпкі шешім шығарылмады. 2021 жылғы 13 шілдеде сот Faber-дің шағымын қараудан бас тартты. Алайда, Faber бұл шешімге шағымданды. 2021 жылғы желтоқсанда өткен тыңдаудың нәтижелері бойынша сот шағымды қанағаттандырып, істі қайта қарауға қайтарып берді.

Faber талаптарының көпшілігін Жоғарғы Сот 2022 жылдың мамыры мен қыркүйегінде қабылдамады, соның ішінде Faber корпоративті құжаттарына қарсы Faber корпоративті құжаттарына шағымданып, облигациялар шығаруды және ескіру мерзімінен кейін берілген тарихи бюджеттік қарыздарды өтеуді мақұлдады, сондықтан Rompetrol Rafinare Constanta пайдасына алғашқы сот шешімі түпкілікті болды. Faber дәл осындай шағым-талапты үшінші рет берді, бірақ қазір Констанца сотына. 2023 жылғы қаңтарда Faber берген шағымдар бойынша тыңдаулар өтті. Екі іс бойынша Faber өзінің талаптарын қайтарып алды, үшіншісі бойынша сот шешім қабылдауды кейінге қалдырды. Faber ісі бойынша келесі тыңдау 2023 жылдың наурызына жоспарланған.

Топ оның Faber жаңа өтінішіне қатысты позициясы Топ пайдасына шешілген басқа да ұқсас сот істері сияқты шешіледі деп есептейді. Сәйкесінше, Топ 2022 жылғы 31 желтоқсанға бұл іс бойынша резервті мойындамады.

#### Ұлттық минералды ресурстар агенттігінің (NAMR) және Focsani кен орны бойынша КМГИ еншілес ұйымы Oilfield Exploration Business Solutions S. A (OEBS) азаматтық құқықтық дауы

2019 жылғы 17 желтоқсанда NAMR OEBS-ке Focsani кен орнына қатысты OEBS-тің Концессиялық келісімді болжамды бұзуына байланысты ICQ Paris-ке төрелік сұрау туралы хабарлады. Осы сәттен бастап OEBS NAMR-мен дауласады. 2022 жылғы 29 шілдеде сот OEBS-ке NAMR-дің 20 миллион АҚШ доллары көлеміндегі жалпы шағымынан 10,1 миллион АҚШ долларын төлеуге міндеттеу туралы шешім қабылдады. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 10,1 миллион АҚШ доллары (баламасы 4.673 миллион теңге) резервті таныды (29-ескертпе).

#### Молдовадағы бәсекелестікті тергеу

2021 жылдың басынан бастап Молдовадағы КМГИ еншілес ұйымы Rompetrol Moldova (бұдан әрі - RPM) Молдова бәсекелестік кеңесі (бұдан әрі - МБК) бастамашылық еткен тергеуге және соған байланысты сот ісін жүргізуге тартылды. МБК RPM басқа сала мүшелерімен мұнай өнімдерінің бөлшек сауда бағасы туралы келіссөздер жүргізді деп санайды. RPM қолданыстағы ережелерге сәйкес бекіту үшін негіз болып табылатын МБК тергеу бөлімі дайындаған бәсекелестік туралы есепті даулайды. Аталған есепті қабылдаудың бірнеше әрекеті сәтсіз аяқталды және есепті қабылдамау туралы RPM өтінішін қабылдамау туралы соңғы шешімді жергілікті сот 2022 жылдың 26 мамырында шығарды. RPM апелляциялық шағым берді. Істің алғашқы тыңдалуы 2023 жылғы 21 наурызға тағайындалды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 12 миллион АҚШ доллары (баламасы 5.552 миллион теңге) мөлшерінде резервті таныды (29-ескертпе).

#### «КазРосГаз» ЖШС, Компанияның бірлескен кәсіпорны, (бұдан әрі - КРГ) мен Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б. В. (бұдан әрі - КПО) арасындағы төрелік талқылау

2022 жылғы 23 тамызда Париждегі Халықаралық сауда палатасының Хатшылығы КРГ атына КПО тарапынан төрелік талқылаудың басталғаны туралы хабарлама ұсынды. КПО қолданыстағы қарашығанақ газын сатып алу-сату шарты бойынша газ сату бағасын ұлғайтуға ниетті. Егер газдың бағасы 2022 жылғы 1 қазаннан кешірек келісілсе, КРГ және КПО газ бағасын 2022 жылғы 1 қазаннан бастап бағаны келісу күніне дейінгі кезеңге қайта есептеуді жүргізеді. 2022 жылдың қазан айында ҚР энергетика бірінші вице-министрінің төрағалығымен КРГ мен КПО арасындағы төрелік процесс бойынша дауды бейбіт жолмен реттеу бойынша қазақстандық тараптың келіссөздік ұстанымын әзірлеу бойынша жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобының құрамына ҚР Энергетика министрлігінің, «QazaqGaz» ҰК» АҚ, ҚМГ және КРГ өкілдері кірді. ҚР ішкі нарығын газбен тұрақты қамтамасыз ету мақсатында ҚРГ және ҚР Энергетика министрлігі КПО мердігер компанияларына төрелік талқылауды 2024-2025 жылдарға дейін тоқтата тұру туралы ұсыныс хат жолдады. 2022 жылғы желтоқсанда КПО бағаларды қайта қарау процесін әлеуетті реттеуге қол жеткізу үшін одан әрі талқылаулар жүргізуге дайын екендігі туралы хабардар етті. 2023 жылғы қаңтарда КРГ КПО-ға төрелік талқылауды 3 ай мерзімге тоқтата тұру туралы келісім жасасу туралы ұсыныс жіберді, оның барысында тараптар дауды шешу үшін 2 айға созылатын «келіссөздер кезеңін» тағайындайды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және есептілікті шығару күніне тараптар дауды өзара тиімді шарттармен шешу жөнінде келіссөздер жүргізеді. Топ 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы істе жеңіліп қалу қаупі екіталай деп санайды.

#### ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі - ҚРБҚДА) Павлодар облысы бойынша департаменті қозғаған ПМХЗ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс

2022 жылдың ақпан-шілде айларында Павлодар облысының прокуратурасы ҚРБҚДА-мен бірлесіп ПМХЗ қызметіне 2020-2021 жылдардағы мұнай және мұнай өнімдері айналымы, еңбек, салық және монополияға қарсы заңнама сала-сындағы ҚР заңнамасының сақталуына тексеру жүргізді. 2022 жылғы 16 наурызда ҚРБҚДА ПМХЗ мұнай өңдеу қыз-меттеріне монополиялық жоғары тариф белгілеу туралы қорытынды ұсынды. 2022 жылғы 25 шілдеде Павлодар облысы бойынша ҚРБҚДА ПМХЗ-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғады және Павлодар қала-сының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотына 2021 жылы мұнай өңдеу жөніндегі қыз-меттерге ПМХЗ монополиялық жоғары тариф белгілеу, 21.961 миллион теңге мөлшерінде кірісті тәркілеу және 6.226 миллион теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салу туралы хаттама жолдады теңге. 2022 жылдың тамыз-қыркүйек айларында ПМХЗ хаттама мен қорытындыға бірнеше рет шағымданды. Алайда, ПМХЗ-ның барлық әкімшілік талап-тары мен шағымдары қабылданбады. ПМХЗ жоғары тұрған инстанцияларда шағымдануды жалғастыруды жоспарлап отыр. 2022 жылдың қыркүйегінде алғашқы апелляциялар қабылданбағаннан кейін Топ 28.187 миллион теңге мөл-шерінде резервті таныды (29-ескертпе).

#### Атырау облысының прокуратурасын АМӨЗ-ге ҚРБҚДА тарта отырып тексеру

2022 жылдың ақпан-қыркүйек айларында Атырау облысының прокуратурасы ҚРБҚДА-ны тарта отырып, АМӨЗ қыз-метіне тексеру жүргізді. 2022 жылғы 22 қыркүйекте Атырау облысының прокуратурасы 2020-2021 жылдары мұнай өңдеу қызметтеріне монополиялық жоғары тарифті АМӨЗ белгілеу туралы анықтама берді. АМӨЗ 2020 - 2021 жылдары мұнай өңдеу жөніндегі қызметтерге бекітілген тарифті негіздей отырып, ресми хат жолдады. Топ табысты тәркілеу және айыппұлды салу тәуекелі төмен болып табылады деп есептейді және, тиісінше, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервтерді мойындамады.

#### Өтелетін шығындарды тексеру

Өнімді бөлу туралы келісімінің (бұдан әрі - «ӨБК») негізгі қағидаттарына сәйкес мемлекет жер қойнауын пайдалану ауданында қызметті өткізуге эксклюзивтік құқықтарды мердігерлерге берді, бірақ жеке меншікке де, жалға да осы жер қойнауын пайдалану ауданына құқықты бермеді. Мұның салдарынан, шығарылған және қайта өңделген көмір-сутектердің барлық көлемдері (яғни дайын өнім) мемлекеттің меншігі болып табылады. Жұмыстар өтемақы негізінде жүзеге асырылды. Бұл ретте, Үкімет мердігерлерге төлемдерді ақшалай емес түрде, дайын өнімнің бір бөлігі түрінде жасайды, осылайша мердігерлерге өз шығындарын өтеуге және пайда табуға мүмкіндік береді.

ӨБК-ге сәйкес мердігерлер көтерген шығындардың барлығы өтеле бермейді. Өтеуге арналған белгілі бір шығын-дарды Уәкілетті орган бекітуі қажет. Уәкілетті органдар өтелетін шығындарды тексеруде. 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүргізілген өтелетін шығындарды тексеру нәтижесінде белгілі бір шығындар өтелмейтін ретінде жіктелген. ӨБК тараптары бұл шығындарды өтеуге қатысты келіссөздер жүргізуде.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың дауланатын шығындардағы үлесі 2.595 миллион АҚШ долла-рын құрады (баламасы 1.200.386 миллион теңге) (2021 жыл: 2.269 миллион АҚШ доллары, баламасы 979.556 миллион теңге). Топ және оның ӨБК бойынша серіктестері Үкіметпен бұл шығындарды өтеуге қатысты келіссөздер жүргізуде.

#### Ішкі нарыққа жеткізу міндеттемелері

Үкімет ҚР-да шикі мұнайды өндірумен және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын компаниялардан жыл сайынғы негізде ішкі нарықтың энергетикалық қажеттілікті қанағаттандыру үшін, негізінен, ішкі нарықта мұнай өнімдерін жет-кізу теңгерімін қолдау үшін, көктемгі және күзгі егіс науқаны барысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау үшін өнімнің бір бөлігін жеткізуді талап етеді.

Ішкі нарықтағы мұнайдың бағасы экспорттық бағалардан, тіпті тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелерде белгіле-нетін ішкі нарықтағы қарапайым бағадан да айтарлықтай төмен. Егер Үкімет қазіргі уақытта Топ жеткізетін көлемнен асатын шикі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуге міндеттеген жағдайда, мұндай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдерден басым болады және шикі мұнайды сатудан түсетін түсімнен әлде қайда аз түсімді өндіретін болады, бұл өз кезегінде Топ қызметіне, перспективасына, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі және теріс әсерін тигізуі мүмкін.

2022 жылы, өз міндеттемелеріне сәйкес, Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың ішкі нарыққа жеткізудегі үлесін қоса алғанда, Топ 7.951 тонна (2021 жылы: 7.114 тонна) шикі мұнайды жеткізді.

#### Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар мен келісімшарттар бойынша міндеттемелер

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияның міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың лицензиялардың, өнімді бөлу туралы келісімдер мен Үкіметпен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес ең аз жұмыс бағдарламала-рын орындауға қатысты келесі міндеттемелері (ҚҚС сомасын ескерместен) болды:

<b>Миллион теңгемен</b>	<b>Күрделі шығыстар</b>	<b>Операциялық шығыстар</b>
<b>Жыл</b>		
2023	314.158	80.598
2024	223.085	14.328
2025	306.900	14.803
2026	339.652	14.927
2027.-2049	230.333	31.573
<b>Жиыны</b>	<b>1.414.128</b>	<b>156.229</b>

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ең аз жұмыс бағдарламаларын орындауға қатысты келесі мін-деттемелері (ҚҚС сомасын ескерместен) болды:

<b>Миллион теңгемен</b>	<b>Күрделі шығыстар</b>	<b>Операциялық шығыстар</b>
<b>Жыл</b>		
2022	284.247	57.135
2023	122.340	4.373
2024	119.282	4.383
2025	180.402	4.314
2026-2048	146.972	21.372
<b>Жиыны</b>	<b>853.243</b>	<b>91.577</b>

#### Шикі мұнайды жеткізу міндеттемелері

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мұнайды жеткізу шарттары бойынша Қашаған міндеттемелері 6,6 мил-лион тонна болды (шамамен 262.325 миллион теңге) (2021 жылғы 31 желтоқсан: 8,6 миллион тонна (шамамен 281.550 миллион теңге)).

#### Басқа да келісімшарттық міндеттемелер

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бірлескен кәсіпорындардың міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың жалпы сомасы ҚҚС сомасын ескерместен 240.794 миллион теңге (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: ҚҚС сомасын ескерместен 149.833 миллион теңге) болатын ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және салу бойынша басқа да шарттық міндеттемелері болды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ҚР Энергетика министрлігі мен ҚР Ұлттық экономика мини-стрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті бекіткен және өндірістік объ-ектілерді кеңейтуге бағытталған инвестициялық бағдарламалардың шеңберінде 152.824 миллион теңге (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 184.455 миллион теңге) жалпы сомада міндеттемелері болды.

#### Қаржылық емес кепілдіктер

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың үшінші тараптардың пайдасына шығарылған міндеттемелерді орындаудың ашық кепілдіктері болды, солар бойынша Топ табиғи газды сатып алу-сату, тасымалдау шарттары және басқа да шарттар бойынша оның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан тараптардың тарапынан міндеттеме-лер орындалмаған жағдайда кепілдік беруші ретінде болады.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына Топ басшылығы тараптардың шарттық міндеттемелерді орындамау жағдайлары болмады және тиісінше, қаржылық емес шартты міндеттемелер бойынша міндеттемелер мойындалмады деп есептейді.

### 36. Сегменттік есептілік

Топтың операциялық сегменттері өндірілетін өнім мен көрсетілетін қызметтердің түрлеріне сәйкес келетін бөлек құрылымдар мен басқаруды қамтиды. Барлық сегменттер түрлі нарықтарда өнім мен қызметтердің әр түрлерін ұсынатын бизнестің стратегиялық бағыттарын білдіреді. Функциялар а) содан кірістер мен шығыстар болатын қызметті жүзеге асыратын; б) операциялық нәтижелерін ресурстардың бөлінуіне қатысты операциялық шешімдер қабылдайтын Топ басшылығы саралап отыратын операциялық сегменттер ретінде айқындалады.

Топ қызметі негізгі төрт операциялық сегментті қамтиды: мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнайды тасымалдау және шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу. Топ Компанияның қызметін «Корпоративтік орталық» операциялық сегментке бөліп көрсетуде, өйткені Компания тек бас компанияның функцияларын ғана орындап қана қоймай, сондай-ақ операциялық қызметті де жүзеге асырады. Қалған операциялық сегменттер біріктіріліп, олардың елеусіз болуына орай басқалары ретінде көрсетілген.

Тауарлар мен қызметтер түрлері бойынша түсімді бөлу амалы осы қаржылық есептіліктің 8-ескертпеде көрсетілген.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына түсім негізінен келесі операциялық сегменттер жүзеге асыратын үшінші тараптарға сату мен қызметтерді білдіреді:

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан					
	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Бас-қалары	Жиыны
Шикі мұнай мен газды сату	668.270	-	3.925.701	-	-	4.593.971
Мұнай өнімдерін сату	4.334	-	2.577.156	775.804	12.566	3.369.860
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	-	-	204.390	-	-	204.390
Мұнайды тасымалдау қызметтері	-	184.042	1.493	1.810	188	187.533
Басқа да кірістер	25.318	46.324	115.787	1.451	141.750	330.630
<b>Жиыны</b>	<b>697.922</b>	<b>230.366</b>	<b>6.824.527</b>	<b>779.065</b>	<b>154.504</b>	<b>8.686.384</b>

Миллион теңгемен	2021 жылғы 31 желтоқсан					
	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Бас-қалары	Жиыны
Шикі мұнай мен газды сату	611.876	-	3.099.664	-	-	3.711.540
Мұнай өнімдерін сату	(3.184)	-	1.527.802	559.515	11.704	2.095.837
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	-	-	203.425	-	-	203.425
Мұнайды тасымалдау қызметтері	(630)	169.095	2.035	13	221	170.734
Басқа да кірістер	20.622	34.293	111.400	1.367	110.117	277.799
<b>Жиыны</b>	<b>628.684</b>	<b>203.388</b>	<b>4.944.326</b>	<b>560.895</b>	<b>122.042</b>	<b>6.459.335</b>

Сегмент қызметінің нәтижелері түсімнің, таза пайда мен EBITDA көрсеткішінің негізінде бағаланады, олар шоғырландырылған қаржылық есептіліктегідей дәл сондай негізде өлшенеді.

EBITDA көрсеткіші басшылық сегменттердің тиімділігін бағалау үшін пайдаланатын, ХҚЕС-пен реттелмейтін қосымша қаржылық көрсеткіш болып табылады және тозуды, таусылуды және амортизацияны, негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау әрі бағалау бойынша активтердің, сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануын, барлау шығыстарын, бірлескен кәсіпорын мен қауымдасқан компанияға инвестициялардың құнсыздануын, қаржылық кірістер мен шығыстарды және табыс салығы бойынша шығыстарды есептен шығарғанға дейінгі пайда ретінде айқындалады.

EBITDA жалпы EBITDA-ға қатысты белгілі бір сегменттің EBITDA-сы ретінде айқындалады.

Түзетулер мен элиминирлеу топшілік айналымдарды алып тастауды білдіреді. Сегментаралық операциялар сегменттер арасында келісілген талаптарда жасалды, әрі олар, байланысты және үшінші тараптарға қолжетімді болатын белгілі бір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша міндетті түрде сәйкес келе бермейді.

### Географиялық ақпарат

Топтың негізгі құралдары (17-ескертпе) келесі елдерде орналасқан:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
Қазақстан	6.316.404	6.102.411
Басқа елдер	673.433	623.499
	<b>6.989.837</b>	<b>6.725.910</b>



Төмендегі кестеде 2022 жылғы пайда немесе зиян туралы ақпарат, сондай-ақ Топтың операциялық сегменттері бойынша 2022 жылғы 31 желтоқсанға активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Басқалары	Түзетулер және элиминациялар	Жиыны
Сыртқы клиенттерге сатудан түсім	697.922	230.366	6.824.527	779.065	154.504	-	8.686.384
Басқа сегменттерге сатудан түсім	1.569.854	151.266	154.147	82.486	125.585	(2.083.338)	-
<b>Түсім жиыны</b>	<b>2.267.776</b>	<b>381.632</b>	<b>6.978.674</b>	<b>861.551</b>	<b>280.089</b>	<b>(2.083.338)</b>	<b>8.686.384</b>
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	(39.249)	(18.645)	(6.001.281)	(471.008)	(38.972)	1.614.771	(4.954.384)
Өндірістік шығыстар	(470.203)	(211.538)	(431.781)	(189.323)	(218.212)	378.669	(1.142.388)
Табыс салығынан басқа салықтар	(534.565)	(17.376)	(15.242)	(100.782)	(9.840)	-	(677.805)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(166.841)	(15.212)	(78.543)	(9.415)	-	64.671	(205.340)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(32.854)	(17.123)	(51.220)	(30.453)	(30.682)	2.164	(160.168)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес, нетто	819.011	136.499	57.587	-	(21.787)	-	991.310
<b>ЕБИТДА</b>	<b>1.843.075</b>	<b>238.237</b>	<b>458.194</b>	<b>60.570</b>	<b>(39.404)</b>	<b>(23.063)</b>	<b>2.537.609</b>
<b>ЕБИТДА, %</b>	<b>73 %</b>	<b>9 %</b>	<b>18 %</b>	<b>3 %</b>	<b>(2 %)</b>	<b>(1 %)</b>	
Тозу, тауысылу және амортизация	(308.695)	(44.760)	(141.047)	(2.820)	(9.263)	-	(506.585)
Қаржылық кіріс	556.187	4.212	19.731	137.177	16.776	(613.496)	120.587
Қаржылық шығындар	(28.673)	(6.908)	(126.660)	(717.341)	(5.972)	578.708	(306.846)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтер мен сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы	460	472	(2.586)	-	946	-	(708)
Барлау шығыстары	(12.113)	-	-	-	-	-	(12.113)
Пайда салығы бойынша шығыстар	(307.826)	(53.133)	(81.562)	(49.215)	(1.511)	-	(493.247)
<b>Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда / (зиян)</b>	<b>1.474.001</b>	<b>42.027</b>	<b>41.236</b>	<b>(168.543)</b>	<b>(39.315)</b>	<b>(32.087)</b>	<b>1.317.319</b>
Басқа да сегментті ақпарат	4.179.880	582.862	102.569	-	82.092	-	4.947.403
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	321.014	68.276	111.664	17.678	16.283	-	534.915
Күрделі шығындар	(6.197)	(10.966)	(47.786)	(28.912)	(9.066)	-	(102.927)
<b>Өтпейтін ТМҚ, сауда дебиторлық берешек, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резервтері және басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің құнсыздану резерві</b>	<b>11.637.703</b>	<b>1.373.621</b>	<b>2.998.805</b>	<b>1.445.989</b>	<b>386.151</b>	<b>(1.191.506)</b>	<b>16.650.763</b>
<b>Сегмент активтері</b>	<b>1.427.150</b>	<b>311.632</b>	<b>1.976.159</b>	<b>4.584.712</b>	<b>120.799</b>	<b>(1.643.139)</b>	<b>6.777.313</b>
<b>Сегмент міндеттемелері</b>							

Төмендегі кестеде 2021 жылғы пайда немесе зиян туралы ақпарат, сондай-ақ Топтың операциялық сегменттері бойынша 2021 жылғы 31 желтоқсанға активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Басқалары	Түзетулер және элиминациялар	Жиыны
Сыртқы клиенттерге сатудан түсім <sup>1</sup>	628.684	203.388	4.944.326	560.895	122.042	-	6.459.335
Басқа сегменттерге сатудан түсім <sup>1</sup>	1.223.371	78.579	157.380	46.222	86.598	(1.592.150)	-
<b>Түсімдердің жиыны<sup>1</sup></b>	<b>1.852.055</b>	<b>281.967</b>	<b>5.101.706</b>	<b>607.117</b>	<b>208.640</b>	<b>(1.592.150)</b>	<b>6.459.335</b>
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны <sup>1</sup>	(40.862)	(14.477)	(4.508.909)	(265.594)	(33.494)	1.256.134	(3.607.202)
Өндірістік шығыстар <sup>1</sup>	(337.184)	(124.163)	(203.059)	(167.570)	(149.841)	260.760	(721.057)
Табыс салығынан басқа салықтар <sup>1</sup>	(378.861)	(14.105)	(14.998)	(45.855)	(7.425)	-	(461.244)
Тасымалдау және өткізу шығыстары <sup>1</sup>	(154.960)	(5.444)	(66.646)	(10.353)	-	53.964	(183.439)
Жалпы және әкімшілік шығыстар <sup>1</sup>	(28.244)	(18.312)	(36.366)	(46.296)	(25.044)	2.870	(151.392)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес, нетто <sup>1</sup>	537.144	105.890	17.694	-	19.564	-	680.292
<b>ЕБИТДА<sup>1</sup></b>	<b>1.449.088</b>	<b>211.356</b>	<b>289.422</b>	<b>71.449</b>	<b>12.400</b>	<b>(18.422)</b>	<b>2.015.293</b>
<b>ЕБИТДА, %<sup>1</sup></b>	<b>73 %</b>	<b>10 %</b>	<b>14 %</b>	<b>3 %</b>	<b>1 %</b>	<b>(1 %)</b>	
	(327.355)	(41.694)	(140.870)	(3.034)	(10.091)	-	(523.044)
Тозу, тауысылу және амортизация <sup>1</sup>	72.269	3.980	2.563	161.385	20.938	(175.909)	85.226
Қаржылық кіріс <sup>1</sup>	(33.124)	(6.426)	(93.290)	(212.693)	(4.919)	87.629	(262.823)
Қаржылық шығындар <sup>1</sup>	(3.987)	(4.796)	(8.217)	(324)	(3.400)	-	(20.724)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтер мен сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы <sup>1</sup>	(79.083)	-	-	-	-	-	(79.083)
Барлау шығыстары	(236.639)	(14.441)	(38.159)	(30.899)	(1.110)	-	(321.248)
<b>Пайда салығы бойынша шығыстар<sup>1</sup></b>	<b>683.666</b>	<b>48.688</b>	<b>36.922</b>	<b>300.334</b>	<b>(33.986)</b>	<b>(101.562)</b>	<b>934.062</b>
<b>Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда / (зиян)<sup>1</sup></b>							
	3.499.747	523.747	47.395	-	74.757	-	4.145.646
Басқа да сегменттік ақпарат	212.037	92.061	83.020	6.013	26.290	52.398	471.819
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	(4.854)	(9.686)	(40.898)	(28.518)	(9.023)	-	(92.979)
<b>Күрделі шығындар</b>	<b>10.811.248</b>	<b>1.213.613</b>	<b>3.000.106</b>	<b>1.580.623</b>	<b>322.008</b>	<b>(1.070.146)</b>	<b>15.857.452</b>
<b>Өтпейтін ТМҚ, сауда дебиторлық берешек, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резервтері және басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің құнсыздану резерві</b>	<b>1.219.175</b>	<b>216.809</b>	<b>1.994.289</b>	<b>3.378.313</b>	<b>100.458</b>	<b>(1.068.498)</b>	<b>5.840.546</b>
<b>Сегмент активтері</b>							
<b>Сегмент міндеттемелері</b>							

<sup>1</sup> — Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат бескертпеде келтірілген.

## 37. Украинадағы соғыстың салдары

2022 жылғы ақпаннан бастап Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы шиеленістің салдарынан батыс елдерінің көпшілігі Ресей Федерациясына қарсы көптеген санкцияларды жариялады. Бұл санкциялар Ресей Федерациясына теріс экономикалық әсер етуге бағытталған.

2022 жылғы ақпаннан бастап геосаяси шиеленістің өсуіне орай бағалы қағаздар мен валюта нарықтары құбылмалылықтың едәуір өсімі, сондай-ақ АҚШ доллары мен еуроға қатысты теңге бағамының айтарлықтай төмендеуі байқалады. Сондай-ақ, жыл ішінде ҚР ҰБ негізгі мөлшерлемесі 9,75%-дан 16,75%-ға дейін айтарлықтай өсті.

Топ санкциялар мен пайыздық мөлшерлемелердің Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін бағалады және осы жоғары тәуекел аяларын маңызды өзгерістер мәніне бақылауды жалғастыруда.

### Қарыздар

Топтың 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк ВТБ (Ресей Банкі) ЖАҚ-та 2027 жылы өтеу мерзімі бар 37,5 млрд рубль (баламасы 225 млрд теңге) және «Ресей Федерациясының Орталық банкінің негізгі мөлшерлемесі (негізгі мөлшерлеме) + 2,25%» пайыздық мөлшерлемесімен қарызы бар. Жыл ішінде негізгі мөлшерлеменің 8,00%-дан 20,00%-ға дейін, содан кейін 7,50%-ға дейін айтарлықтай ауытқулар байқалды. Осы қарыз бойынша пайыздар мен негізгі соманы жоспарлы тоқсан сайынғы төлемдері 2022 жылы ресей рублінде эмиссиясыз жасалды.

### Маңызды әсерді бағалау

«Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» 28 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес Топ Ресей мен Украинаның құқықтық және операциялық ортасындағы өзгерістер Ресейдегі ҚМГ қауымдасқан компаниясы КТК-ға айтарлықтай әсер ету мүмкіндігіне әсер етпегенін бағалады және растады.

### ҚМГ қауымдасқан кәсіпорнының КМК операциялық ортасы

2022 жылғы 23 наурызда КМК қара теңіз терминалында мұнайды жөнелтуді тоқтатты, бұл дауылдың салдарынан үш бір нүктелі айлақтың (ВПУ) екеуінің зақымдалуына байланысты болды. 2022 жылғы 24 сәуірде Новороссийск қаласындағы КМК желісіндегі ВОП үш жүйесінің екіншісіне мұнай жөнелту қайта басталды.

2022 жылғы 27 сәуірде Ресей Федерациясының соты (Краснодар өлкесінің Төрелік соты) КМК теңіз терминалында (2021 жылдың тамызында болған) мұнайдың төгілуінен КМК -дан 5,2 миллиард Ресей рублі мөлшерінде (баламасы 30 миллиард теңге) шығынды өндіріп алу туралы Росприроднадзордың талабын толығымен қанағаттандырды. КМК барлық сомаға резервті таныды. Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде резерв қауымдасқан компанияның 2022 жылғы пайдасындағы үлесінің құрамында көрсетілді.

2022 жылғы 6 шілдеде Ресей соты (Приморск аудандық соты) КМК қызметін 30 күнге тоқтата тұруға міндеттеді. Кейінірек бір айлық дисквалификация 200.000 рубль айыппұлмен ауыстырылды (баламасы 3.300 доллар). КМК бұл айыппұлды 2022 жылғы шілдеде бухгалтерлік есепте көрсетті. КМК қызметі көрсетілген кезеңде тоқтаған жоқ.

2022 жылғы 22 тамызда ВПУ-1 және ВПУ-2-де жоспарланған жұмыстарды орындау кезінде сүңгуірлер су асты шлангтарының қалқымалы бактарға бекітпелерінде жарықтар тапты. 2022 жылғы 12 және 29 қарашада Новороссийскідегі КМК ВПУ-1 және ВПУ-2 желілері жұмысын қайта бастады.

2022 жыл ішінде болған барлық мәселелер бір жыл ішінде шешіледі, одан әрі даму жоқ.

### Санкциялардың әсері

2022 жылғы 4 наурызда Еуропа Одағы 7 ресейлік банкті SWIFT-тен ажыратты. Топтың ресейлік компаниялармен мұнай тасымалдауға келісімшарттары бар. Есептеулер бойынша тәуекелдерді болдырмау үшін Топ контрагент-банктерді санкциялар салынбаған банктерге ауыстырды. Сонымен қатар, кейбір келісімшарттардың валютасы АҚШ долларынан Ресей рубліне өзгертілді. Валюталық есептеулер 2022 жылы эмиссиясыз жүргізілді.

2023 жылғы 5 ақпаннан бастап Еуропа Одағы ресейлік дизель отынын, авиакеросинді және теңіз арқылы тасымалданатын басқа да мұнай өнімдерін импорттауға тыйым салды. Бұл шара Топтың Қазақстандағы немесе халықаралық деңгейдегі қызметіне қолданылмайды.

## 38. Есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар

### Қысқа мерзімді ноттарды сатып алу

2023 жылғы қаңтарда Компания ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноттарын 38.019 миллион теңге жалпы сомаға сатып алды, сондай-ақ 2022 Компания 70.000 миллион теңге сомаға сатып алған ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноттарды эмитент кері сатып алды.

### Көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарт

2023 жылғы 27 ақпанда Компания ҚР Энергетика министрлігімен Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан Қаламқас-теңіз, Хазар және Әуезов жер қойнауы учаскелерінде көмірсутектерді өндіруге келісімшарт жасасты.

### Заңнамадағы өзгерістер

2023 жылы «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 20 шілдедегі № 463-IV Заңына түзетулер күшіне енді. Осы түзетулерге сай, мұнай өңдеу зауыттары мұнай өнімдерін сатуға құқылы. Мұнай өңдеу зауыттарының мұнай өнімдерін өткізуі жұмыстың маркетингтік схемасына толық немесе ішінара көшкеннен кейін өз бетімен жүзеге асырылатын болады, бұл мұнайды өз бетінше сатып алуды және осы мұнайдан өндірілген мұнай өнімдерін өткізуді білдіреді. Топ заңнамадағы мұндай өзгерістердің өзінің операциялық қызметіне елеулі әсерін күтпейді.

# ҚОСЫМШАЛАР

## «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ/САҚТАМАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП<sup>1</sup>

Бұл есеп ҚМГ кодексінің 6-тармағын орындау үшін дайындалды және ҚМГ-нің ҚМГ кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталғаны/сақталмағаны туралы ақпаратты қамтиды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ келесі аспектілерді ескере отырып, ҚМГ кодексінің ережелері мен қағидаттарына тұтастай сәйкес келді:

**1. ҚМГ кодексінің 2-бөлімі 1-тармағының 2-тармағына** сәйкес «Қор ұйымдары үшін активтердің оңтайлы құрылымын қамтамасыз ету ұсынылады. Холдингтік компанияда негізгі компания акционерлік қоғам нысанында құрылуы мүмкін. Қалған ұйымдарды жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер нысанында құру ұсынылады. Акционерлік қоғам нысанында құрылып қойған ұйымдарды экономикалық, құқықтық және өзге де аспектілерді және Қор тобы мүдделерінің қамтамасыз етілуін ескере отырып, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер нысанына қайта ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

Жаңа ұйымдарды құру кезінде ең қолайлы ұйымдық-құқықтық нысан жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады. Жаңа ұйымдарды акционерлік қоғам нысанында құруға ұйымның акцияларын кейіннен қор нарығында сатудың жоспарланатыны сияқты ерекше жағдайларда жол беріледі.

ҚМГ-де Кодекстің осы талабы есепте кезеңде толығымен сақталды. ҚМГ активтер құрылымын оңтайландыру жөнінде жоспарлы жұмыс жүргізуде. Жаңа заңды тұлғаларды құру кезінде ҚМГ оларды ҚМГ кодексінде ұсынылғандай, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құруға артықшылық береді. 2022 жылы акционерлік қоғам нысанындағы заңды тұлғалар құрылмады, акционерлік қоғам нысанындағы бұрыннан бар заңды тұлғаларды жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанындағы заңды тұлғалар етіп қайта ұйымдастыру жүргізілген жоқ. Сонымен бірге, ҚМГ тобы активтерінің құрылымын оңтайландыру жөніндегі жұмыс бекітілген жоспарларға / бағдарламаларға\* сәйкес жалғастырылатын болады.

2022 жылғы 11 қарашада Директорлар кеңесінің шешімімен ҚМГ стратегиялық емес активтерінің тізбесі (бұдан әрі – СЕА тізбесі) бекітілді. Осы шешіммен Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 4 қарашадағы шешімімен бекітілген, 2021 жылғы 9 желтоқсандағы енгізілген өзгерістерімен СЕА тізбесінің күші жойылды.

«Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №44 қаулысымен (бұдан әрі – ҚРҰҚ) №44 ҚРҰҚ бекітілген Негізгі өлшемшарттарды (қағидаттарды) ескеріле отырып, 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 ҚРҰҚ бекітілген Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Нәтижесінде ҚМГ компаниялары тобының бірқатар активтері №908 ҚРҰҚ-ға кірді.

**2. ҚМГ кодексі 2-бөлімінің 1-тармағының 14-тармағына** сәйкес «Қор мен ұйымдардың Директорлар кеңестері іскерлік этика стандарттарын енгізуді және олардың сақталуын қамтамасыз етеді. Қордың және ұйымдардың барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері іскерлік этика кодексімен танысу туралы өтінішке қол қоюға және Кодекс туралы өз білімін тұрақты түрде растап отыруға тиіс.»

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ кодексінің осы талаптары тұтастай сақталды. ҚМГ бизнесті жүргізудің адалдығы, әділдігі мен ашықтығы қағидаттары ұстанады және әріптестеріміз бен серіктестеріміздің осы қағидаттарды сақтауына ерекше назар аударады. Осы міндет шеңберінде ҚМГ-де Іскерлік этика кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, Мүдделер қақтығысын реттеу саласындағы саясат, Контрагенттердің сенімділігін тексеру саясаты бекітілді.

Компания жаңадан қабылданған, сондай-ақ жұмыс істеп жүрген қызметкерлерге компания қызметкерлерінен күтілетін этикалық стандарттар мен міндеттемелер мен мінез-құлықтарды сақтау тұрғысынан оқытуды жыл сайын өткізіп тұрады. Бұдан басқа, қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы іскерлік этика кодексі және саясатты сақтау бойынша міндеттемелерді жазбаша түрде қабылдайды. Бұл ретте ҚМГ компаниялар тобының барлық қызметкерлерімен іскерлік этика кодексімен танысу туралы өтініштерге қол қою бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатыр.

**3. ҚМГ кодексінің 2-бөлімі 3-тармағының 5-тармағына** сәйкес «Орнықты даму мыналарға:

- басқару жүйесіне;
- даму стратегиясына;
- тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды (ұзақ мерзімді стратегия), орта мерзімді (5 жылдық даму жоспары) және қысқа мерзімді (жылдық

бюджет) кезеңдер), есептілікті, тәуекелдерді басқаруды, адам ресурстарын басқаруды, инвестицияларды, операциялық қызметті және басқаларды қоса алғанда, негізгі процестерге, сондай-ақ органдардан (акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер), Директорлар кеңесі, атқарушы орган) бастап қатардағы қызметкерлерге дейінгі барлық деңгейлерде шешімдер қабылдау процестеріне интеграциялануға тиіс.»

ҚМГ-де Кодекстің осы талабы есепте кезеңде толығымен сақталды. ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен 2020 жылы мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл процесін ұйымдастыруды, орнықты даму қағидаттарын негізгі процестер мен мониторингке біріктіруді, орнықты даму жөніндегі жыл сайынғы есептілікті дайындауды, орнықты даму, орнықты даму бойынша мәдениетті дамыту және қолдау, тәуекелдерді анықтау және бағалау, құжаттаманы басқару, орнықты даму саласындағы нәтижелілікті өлшеу саласындағы басым бағыттарды (бастамаларды) іске асыруды қамтитын орнықты даму саласындағы басқару жүйесі бойынша нұсқаулық бекітілді. Сонымен бірге, орнықты дамуды негізгі процестерге біріктіру бойынша жұмыс жалғасуда.

**4. Кодекстің 2-бөлімі 5-тармағының 6-тармағына** сәйкес «акциялардың 100%-і Қорға тиесілі компанияларда Директорлар кеңесінің мүшесін іздеу және сайлаудың мынадай процесі бар:

- 1) Қор компанияның Директорлар кеңесінің төрағасымен, компанияның Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитетінің төрағасымен бірлесіп - дайындық пен жоспарлауды өткізеді: компаниялардың міндеттерін ескере отырып, Директорлар кеңесіндегі қажетті құзыреттер мен дағды жиынын талдау және айқындау;

- дербес немесе рекрутингтік ұйымды тарта отырып, үміткерлерді іздеу арнасын айқындайды;
- үміткерлерді іздеуді жүзеге асырады;
- үміткерлерді іріктеуді жүргізеді: үміткерлер бойынша бағалау, сұхбат және ұсыныстар дайындау (компаниялардың Директорлар кеңесінің мүшесіне үміткерлер Қордың Директорлар кеңесінің Тағайындау мен сыйақы комитетінің кемінде бір мүшесімен талқыланады);
- жалғыз акционердің шешім қабылдауы;
- компанияның ғаламтор-ресурсында ақпарат жариялау, баспасөз релизі.

Холдингтік компаниялар өз тобында ұқсас процесті пайдаланады.»

ҚМГ-де Кодекстің осы талабы есепте кезеңде толығымен сақталды. ҚМГ тобының компанияларына қатысты ҚМГ Директорлар кеңесінің тағайындау және сыйақы комитетін тартуды қоспағанда, ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдарында Директорлар кеңесінің мүшелерін ұқсас түрде іздеу және іріктеу процесін регламенттейтін құжат бар. Бұл 2021 жылы ҚМГ-нің 2022-2031 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясы қабылданғандығымен түсіндіріледі, оған сәйкес активтерді басқарудың аз орталықтандырылған моделіне көшу көзделген.

**5. Кодекстің 2-бөлімі 5-тармағының 7-тармағына** сәйкес «7. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесіне жаңадан сайланған мүшелер үшін лауазымға кіріспе бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекітеді.»

ҚМГ-де Кодекстің осы талабы есепте кезеңде толығымен сақталды. ДК-нің жаңа мүшелері үшін лауазымға енгізудің бекітілген бағдарламасы бар. ДК мүшелерінің кәсіби даму бағдарламаларын бекіту қажеттілігіне қарай жүзеге асырылатын болады.

<sup>1</sup> — «ҚазмұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Кодекс) «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) Кодексіне ұқсас және Қордың 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (№22/15 хаттама) бекітілді.  
<sup>2</sup> — ҚМГ тобындағы заңды тұлғаларды қысқарту жекешелендіру және дивестициялар бағдарламалары шеңберінде жүргізіледі. 2020 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №908 қаулысымен Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді, оған ҚМГ тобының 51 компаниясы, оның ішінде ҚМГ IPO периметріне кірген 22 компания енгізілді.

**6. Кодекстің 2-бөлімі 5-тарауының 10-тармағына** сәйкес «Ұйымның Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақы белгілеу Қор әзірлейтін әдіснамаға сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте осы тұлғаның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан ұйымның үшін күтілетін жағымды әсер назарға алынуға тиіс.».

ҚМГ-де Кодекстің осы талабы есепті кезеңде тұтастай сақталды, ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақыны Қорда қабылданған әдіснамаға сәйкес Қор айқындады.

**7. Кодекстің 2-бөлімі 5-тарауының 12-тармағына** сәйкес «Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің ұсынылған кезеңділігі жылына 8-12 отырысты құрайды.».

ҚМГ-де Кодекстің осы талабы есепті кезеңде тұтастай сақталды - 2022 жылы 12 жоспарлы отырыс жоспарланып, өткізілді. Сонымен бірге, 9 кезектен тыс отырыс та өткізілді.

**8. Кодекстің 2-бөлімі 5-тарауының 15-тармағына** сәйкес «Корпоративтік хатшыға қатысты

ұйымда лауазымға кіріспе және сабақтастықты жоспарлау бағдарламасы әзірленеді.».

ҚМГ-де Кодекстің осы талабы есепте кезеңде толығымен сақталды. Сабақтастықты жоспарлаудың өзекті мәселелерін корпоративтік хатшы ДК төрағасымен үнемі талқылап отырады. Корпоративтік хатшының қызметіне кірісу және сабақтастығын жоспарлау бағдарламалары 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында бекітілетін болады.

**9. Кодекстің 2-бөлімі 6-тарауының 3-тармағына** сәйкес «Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функциясына жетекшілік ететін басшы тәуекел иесі болып табылмауы ұсынылады, ол оның тәуелсіздігін және объективтілігін қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі функцияларды экономикалық жоспарлауға, корпоративтік қаржыландыруға, қазынашылыққа, инвестициялық шешімдер қабылдауға

байланысты функциялармен бірге қоса атқаруға тыйым салынады. Егер елеулі мүдделер қақтығысы туындамаған жағдайда, басқа функциялармен бірге қоса атқаруға болады.».

ҚМГ-де Кодекстің осы талабы есепте кезеңде толығымен сақталды. ҚМГ-нің қолданыстағы ұйымдық құрылымына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі (бұдан әрі – ТБЖІБҚ) Басқарма төрағасының стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту жөніндегі орынбасарына тікелей бағынады (31.12.2022 ж.жағдай бойынша лауазымның атауы). ТБЖІБҚ басшысы ешқандай тәуекелдің иесі болып табылмайды, тиісінше мүдделер қақтығысы жоқ. Бұдан басқа, ТБЖІБҚ басшысының атқарушы орган жанындағы комитеттерге тәуекелдерді басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшенің өкілі ретінде толыққанды дауыс беру құқығымен дербес және тәуелсіз қатысуы қамтамасыз етілді.

# ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

## Ірі мәмілелер

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі және (немесе) акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес ірі деп танылатын мәмілелер бойынша шешім қабылданған жоқ<sup>1</sup>.

## Қызығушылық бар мәмілелер

2022 жылы 15 қыркүйекте Компания «Самұрық-Қазына» АҚ-тан «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК-ның 50% акциясын 3,8 млрд АҚШ долларына қайта сатып алды. Бұл оқиға компания мүддесі бар мәміле ретінде танылды және бір мезгілде құны ҚМГ активтерінің жалпы баланстық құнының мөлшерінен 10% және одан көп болатын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға сай келеді. Компания 2015 жылы жасалған колл-опцион келісімі шеңберінде өз құқығын пайдаланды және «Самұрық-Қазына» АҚ-тан Солтүстік Каспий жобасы («Қашаған» жобасы) бойынша өнімді бөлу туралы келісімде 16,88%-ына иелік ететін «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК компаниясындағы 50% үлесін сатып алды.

<sup>1</sup> — Ірі мәміле деп Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы танылады, оның нәтижесінде қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 25% және одан астамын құрайтын мүлікті сатып алады немесе иеліктен шығарады (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін)

# ГЛОССАРИЙ

**ААҚ** — Ашық акционерлік қоғам

**АГ** — Амангелді Газ

**АГҚ** — Азия Газ құбыры

**АМӨЗ** — Атырау мұнай өңдеу зауыты

**АК** — Аудит жөніндегі комитет

**АҚ** — Акционерлік қоғам

**АҚМБАЖҰКЖБ** — Атырау қабаттардың мұнай беруін арттыру және ұңғымаларды күрделі жөндеу басқармасы

**АҚҚ** — Ақша қаражатының қозғалысы

**АТ** — Ақпараттық технологиялар

**АХҚО** — «Астана» халықаралық қаржы орталығы

**ӘТИ** — Әлеуметтік тұрақтылық индексі

**ББҮ** — Бірлесіп бақыланатын ұйымдар

**БГӨ—ТБА** — Бұқара газ өңірі—Ташкент—Бішкек—Алматы

**БК** — Бірлескен кәсіпорын

**БКЖ** — Болашақ кеңейту жобасы

**БӨ** — Барлау Өндіру

**БТЕ** — Квадрлн

**БҰҰ** — Біріккен Ұлттар Ұйымы

**БШГ** — Бейнеу—Шымкент газ құбыры

**ГДж** — Гигаджоуль

**ГЖҚ** — Газдың жерасты қоймасы

**Гкал** — Гигакалория

**ГКДҚ** — Газды кешенді дайындау қондырғысы

**ГМО** — Газ-моторлы отын

**ДС, ӨҚ және ҚОҚ** — Денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау

**ЕКБ** — Екінші буын зауыты

**ЕҚОҚ** — Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

**ЕҚЕҚТҚТДК** — Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитет

**ЕОБ** — Еуропалық орталық банк

**ЕТҰ** — Еншілес және тәуелді ұйымдар

**ЖАҚ** — Жабық акционерлік қоғам

**ЖАҚ** — Жария акционерлік қоғамы

**ЖКО** — Жол-көлік оқиғалары (ағылш п/а)

**ЖҚС** — Жанар-май құю станциясы

**ЖСҚ** — Жобалық-сметалық құжаттама

**ЖІӨ** — Жалпы ішкі өнім

**ЖШС** — Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

**ЗТБ** — Заңды тұлғалар бірлестігі

**ИОА** — Интергаз Орталық Азия

**КБК** — ҚМГ Корпоративтік басқару кодексі

**КБЖЕЖ** — Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөнін-дегі егжей-тегжейлі жоспар

**кВт** — Киловатт-сағ

**КТГ** — Компримирленген табиғи газ

**КҚСБ** — Корпоративтік қайта сақтандыру бағдарламасы

**КҚК** — Каспий құбыр консорциумы

**КСШ** — Көмірсутек шикізаты

**КТЖ** — Кешенді технологиялық желілер

**ҚТО** — ҚазТрансОйл

**ҚҮБЖ** — қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі

**ҚК** — Қаржы жөніндегі комитет

**ҚТК** — қызметтің түйінді көрсеткіштері

**ҚӨК** — Қарашығанақ өңдеу кешені

**ҚГМ** — «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС

**ҚҚҚ** — Қазақстан—Қытай құбыры

**ҚҚС** — қосылған құн салығы

**ҚМГ** — «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционер-лік қоғамы

**ҚТКФ** — Қазақтеңізкөлікфлоты

**ҚДБ** — Қазақстанның Даму банкі

**ҚХР** — Қытай Халық Республикасы

**ҚТГ** — ҚазТрансГаз

**ҚТГА** — ҚазТрансГаз Аймақ

**ҚТГӨ** — ҚазТрансГаз Өнімдері

**ҚРҰБ** — Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

**ҚР** — Қазақстан Республикасы

**ҚМГ БӨ** — «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ

**МАҚ** — Мемлекеттік акционерлік қоғам

**МГҚ** — Магистралды газ құбыры

**МЖП** — Минималды өміршең өнім

**Млн** — Миллион

**Млн тонна** — Миллион тонна

**МТ** — Мұнай Тас

**МГҚДҚ** — «Болашақ» мұнай мен газды кешенді дайын-дау қондырғысы

**М.э. млн тоннасы** — Мұнай эквивалентінің миллион тоннасы

**Мэб млн** — Мұнай эквивалентінің миллион баррелі

**МЖ** — Менеджмент жүйесі

**Млрд** — Миллиард

**Млрд текше ф** — Миллиард текше фут

**Млрд м³** — Миллиард текше метр

**МГӨБ** — Мұнай-газ өндіру басқармасы

**МТҰК** — Мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компания

**МӨЗ** — Мұнай өңдеу зауыты

**ЖМ** — Жекеменшік мекемесі

**НТК** — Негізгі тәуекел көрсеткіші

**НКОК** — «Норт Каспиан Оперейтинг Компани»

**ОГӨЗ** — Орынбор газ өңдеу зауыты

**ОПЕК** — Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы

**ОИТҚ** — Орталық инженерлік-технологиялық қызмет

**ӨБ** — Өндірістік бірлестіктер

**ӨҚҚ** — өте жоғары қысымдағы құбыр

**ӨБК** — өнімді бөлу туралы келісім

**ПҚОП** — «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС

**ПМХЗ** — Павлодар мұнай—химия зауыты

**«Самұрық-Қазына» АҚ, Қор** — «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ

**СБТК** — Солтүстік—Батыс тасымалдау компаниясы

**СТГ** — Сұйытылған табиғи газ

**СҚБК** — Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитет

**СҚБЖ** — Сағалық қысымды басқару жобасы

**СКӨБК** — Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісім

**СКГ** — Сұйытылған көмірсутекті газдар

**ТБКЖ** — Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі

**ТБЖІБЖ** — Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі

**ТҚжЖ** — Техникалық қызмет көрсету және жөндеу

**ТДЕ** — Тұрақты даму туралы есеп

**ТНК** — Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

**ТПАБ** — Технологиялық процестерді автоматтанды-рылған басқару

**ТЖСК** — Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет

**ТМК** — Теңіз мұнай компаниясы

**ТКжҰҚБ** — Технологиялық көлік және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы

**ТДМ** — Тұрақты даму мақсаттары

**ТШИ** — Тікелей шетелдік инвестициялар

**ТШО** — «Теңізшевройл» ЖШС

**ҰТК** — Ұлттық тау-кен компаниясы

**ҰК** — Ұлттық компания

**ҰТҚҚК** — Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы

**ҰМК** — Ұлттық мұнай-газ компаниясы

**ҰҚТ** — үздік қолжетімді техника

**ХВҚ** — Халықаралық валюта қоры

**ХҚЕС** — Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттары

**ХМҚБИ** — Халықаралық мемлекеттік қызмет және басқару институты

**ХКД** — Халықаралық көлік дәлізі

**ЦТБ** — Цифрлық трансформация бағдарламасы

**ШГА** — Шикі газ айдау

**ШДОБ** — Шынайы деректерді оңтайландыру бағдарламасы

**ШК** — Шағын кәсіпорындар

**ИАК** — Ішкі аудит қызметі

**ІБЖ** — Ішкі бақылау жүйесі

**ІМГ** — Ілеспе мұнай газ

**ЭДР** — Эмитент дефолтының рейтингісі

**ЭЫДҰ** — Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

**BP** — “Бритиш петролеум” компаниясы

**CDP** — Көміртек шығарындылары туралы ақпаратты ашу жобасы

**GRI** — Газ есептілігі жөніндегі ғаламдық бастама

**IPO** — Көпшілікке бастапқы ұсыныс

**KGDBN** — Газ бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау

**MBA** — Іскерлік әкімшілеу магистрі

**MIT** — Массачусетс технологиялық институты

**plc** — Жауапкершілігі шектеулі жария компания

**WEC** — Дүниежүзілік энергетикалық кеңес

**1P қорлар** — Дәлелденген қорлар

**2P қорлар** — Дәлелденген және ықтимал қорлар

**3P қорлар** — Дәлелденген және ықтимал және қисынды қорлар

**4ICP** — ГҚДҚ-ға газды кері айдаудың 4-ші компрессоры құрылғысы

**5TL** — 5-ші айдау құбыры

# БАЙЛАНЫС

## «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Орталық аппараты

- Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есильский район, Д. Қонаев к-сі, 8, «Зүбаржат орамы» әкімшілік ғимараты, «Б» блогы
- Телефоны: + 7 (7172) 78 61 01 (қабылдау бөлмесі)
- Веб-сайт: [www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)

## Кадр мәселелері бойынша

- Бос жұмыс орындары туралы ақпарат: <http://work.kmg.kz/>
- Телефоны: +7 (7172) 78 95 18
- E-mail: [HRteam@kmg.kz](mailto:HRteam@kmg.kz)

## Омбудсмен

- Телефоны: +7 (7172) 78 65 61
- E-mail:
- Қабылдау уақыты: сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері, сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін
- Мекенжайы: Астана қ., Есильский район, Д. Қонаев к-сі, 8, «Зүбаржат орамы» әкімшілік ғимараты, «Б» блогы

## БАҚ-пен өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша

- Телефоны: +7 (7172) 78 91 49
- E-mail: [press@kmg.kz](mailto:press@kmg.kz)

## Қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша

- Телефоны: +7 (7172) 78 61 92
- E-mail: [hse@kmg.kz](mailto:hse@kmg.kz)

## Орнықты даму мәселелері бойынша

- E-mail: [sustainability@kmg.kz](mailto:sustainability@kmg.kz)

## Кеңсе

- Телефоны: +7 (7172) 78 64 24  
+7 (7172) 78 92 76  
+7 (7172) 95 98 09
- e-mail: [Astana@kmg.kz](mailto:Astana@kmg.kz)

## Корпоративтік қауіпсіздік мәселелері бойынша

- Телефоны: +7 (7172) 78 65 65
- E-mail: [979110@kmg.kz](mailto:979110@kmg.kz)

## Инвесторлармен өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша

- Телефоны: +7 7172 78 64 34
- E-mail: [ir@kmg.kz](mailto:ir@kmg.kz)

## Қайырымдылық көмек көрсету мәселелері бойынша

- Телефоны: +7 (7172) 57-68-98
- E-mail: [info@sk-trust.kz](mailto:info@sk-trust.kz)

## Сатып алу мәселелері бойынша

- Телефоны: +7 (7172) 78 61 80
- Компаниядағы барлық тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алулар «Самұрық-Қазына» ӨАҚ» АҚ сатып алуды жүзеге асыру тәртібі шеңберінде [сайтта](#) электрондық форматта жүргізіледі.
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай өнімдерін сатумен айналыспайды.
- Сондай – ақ, 2019 жылғы 1 сәуірден бастап автожарнамай құю станцияларын пайдалануды жаңа меншік иесі – «Petro-retail» ЖШС жүзеге асыратынын ескертеміз.